

Шерияздан
Елеукенов

ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ
ҰЛТ
ТАҒДЫРЫ

Шерияздан
Елеукенов

ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ
ҰЛТ
ТАҒДЫРЫ



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН» ЖШС
1997

ББК 83 (5Қаз)
Е 45

Елеуқенов Ш.

Е 45 Әдебиет және ұлт тағдыры. — Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 1997. — 368 бет.

ISBN 5-610-01387-1

Қазақ әдебиетінің өткен жетпіс жыл бойы қаншама ықыластанып ұмтылса да, көтеріп кете алмаған жүгі — ұлт тағдыры туралы тақырып еді.

Жаңа заманда, еліміздің тәуелсіздікке қолы жеткенде кісеннен ағытылған қызыл тіл бұрын тыйым салынып келген ұлттық тақырыпты еркін игере бастады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Р. Елеуқеновтың бұл эссе, әдеби сын мақалалары көркем қазынамыздың әр саласын тербете негізінен ұлт мәселесін көбірек толғайды. Оған бүгінгі белес биігінен көз жібереді.

Кітап әдебиет сүйер қауым, зерттеуші мамандар, жоғары оқу орны студенттері назарына ұсынылады.

Е 470225010 014
408 (05) 97

ББК 83 (5Қаз)

ISBN 5 - 610 - 01387 - 1

Суреттелетін Елеуқенов, 1997

ТУЫНДЫГЕРДЕН

Қаламды уақыт жетелейді. Соңғы жылдары жарияланған жазу-сызуларымды қарастырып отырсам, өңгіме төркіні әдебиетіміздегі ұлт тағдыры мәселесіне көбірек ойысады екен.

Әдебиет және ұлт тағдыры...

Бұл тақырыптың нағыз атасы, шын мәнісінде, — бұрын болжауға да батыл бармас жаңа тірлік — Қазақстан тәуелсіздігі.

Бүгінгі уақыт Абайдың: «Жаңа жылдың басшысы — ол, Мен ескіннің арты едім», — деген өлеңін еске түсіреді. Белгілі бір дәуірдің соңына нүкте қойылды. Қазіргі қазақ ұрпағы — жаңа жылдың басшысы. Мына жаңа жағдайда біз оны қандай өреден көруге тиістіміз? Кешегі басыбайлы совет адамының, оның үстіне нешеме ғасыр бодан елдің бұқпантай мінезінен айыға алмаса, ол өзінің тарихи рөлін қалайша атқармақ?

Сұрақ көп. Жауабы қандай? Ежелгі дәстүр бойынша жұрт назары әдебиетке ауады.

Бұл салада, шүкіршілік, істеліп жатқан дүние аз емес. Әсіресе әдебиеттану соны серпілісте. Жаңа уақыт кеңшілігін пайдаланып, әдебиетіміздің ақтандақ беттерінің орнын толтыруда, тіпті бұрынғы уақытта тыйым салынбаса да, сыңаржақ бағаланып келген әдеби мұраға жаңаша көзқарас қалыптастыруда біршама ілгерілегендік бар екенін мойындауға тиістіміз.

Жаңа уақыттың бізге артып отырған тағы да бір салмақты жүгі қазақ әдебиетінің бұрынғы Кеңес Одағы көлемінде ғана емес, әлем әдебиетіндегі орнын лайық-

тауға ат салысу болса, бұл жолда да ізденістер баршылық.

Пікір алысатын, ойласатын мәселе жетерлік. Оның шет жағасын осы жинақтағы мақалалардың тақырыптарынан-ақ аңғаруға болады. Бір ескерте кететін жәйт — автор өр жылдары жазылған еңбектерін қайта қарап ұштап-жонған жоқ. Жаңа уақыттың өз белестері бар. Одан қалай өткенімізді ол материал айқын көрсетсе керек.

Әлбетте, кітап мұқабасында көрсетілген тақырып толық қамтылды деп айта алмаймын. Жинақтағы кей мақала негізгі тақырып арнасынан ауытқып кеткендей де көрінуі мүмкін. Айталық, социалистік реализм туралы жалпы теориялық мәселелер қозғалғанда, біз мұның да өдеби мұраны жаңаша бағалауда, көркемсөз өрнектерін зерттеу әдістерін бүгінгі талапқа сай жетілдіруде септігі тиер ме деген адал ниетте болдық. Осынау биік мақсаттардың жүзеге асуына қалай үн қосқанымызға әділ қазы, сөз жоқ, оқырманның өзі.

ІЛЕСІП ҰЛЫ АБАЙҒА ІЛГЕРІЛЕП

ХАКІМ МЕН АҚЫН

Әр өдебиеттің айырықша жұлдызы жанатын кезеңі болады. Орыс өдебиетінде Пушкин мен Лермонтов туғызатын алтын ғасыр іспетті. Қазақ өдебиетінің сондай алтын ғасыры Абай мен Мағжаннан бас алады.

Абай мен Мағжан... Бұл екі есім де Пушкин мен Лермонтов секілді бір өрімде, іркес-тіркес аталуға тиісті. Абайдан соң алдына жан салмайтын ақынымыз Мағжан деп отызыншы жылдардың бас шеніне дейін айтылып келгені мәлім. Мағжанның ең қатал сыншыларының бірі Сәбит Мұқановтың өзі де: «Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ», деп мойындауға мәжбүр болған. (Мұқанұлы Сәбит. XX ғасырдағы қазақ өдебиеті. «Қазақстан». 1932, 283-бет.) Мағжан көп жылдарды адақтап, ортамызға оралғанда жаңағы дәстүр қайта жаңғырып отыр.

Жаңғыруы орынды. Абай мен Мағжан біздің бетке ұстарымыз, өлем өдебиетінің аламан бөйгесіне күдіксіз мақтана қосар сандал керіміз. Абай мен Мағжан:

— Өдебиетімізді бұрын көтеріле алмаған биікке көтерді, ауыз өдебиетін жазба өдебиетке айналдырып, сөз өнерінің жоғары көркемдік үлгілерін жасады.

— Шығыс өдебиетімен жалғастыратын, енді болмаса семіп, солып бара жатқан тамырларға қан жүгіртіп жандандырды.

— Батыс өлемінің таң-тамаша рухани сарайына енгізді.

— Шығыс пен Батыс өдебиеттерін синтездеу, тоғыс-

тыру процесіне ат салысып, қазақ өдебиетін жаңа реалистік арнаға бұрды.

Абай мен Мағжанның ерекше сападағы ақындығы өлі жете таныла қоймағандығы ақиқат. Осы екі қазақ ақынының өлеңдерін оқыған кезде бір қайран қалатын жөйт бар. Туған жерлері Шығыс аймағы. Ал өлеңдерінен тек сол жақтың исі ғана аңқымайды. Олардың шығармаларына үңілгенде, оқып отырғаныңнан не таза Шығыс ақынын, не таза Батыс ақынын айырып алу қиын, өйткені Абай, Мағжан творчествосынан жер шарының екі бетінің де дәстүрі бой көрсетеді.

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.

Жаратылысындағыдан да жарасты көрінетін жазғы түн бізді қақаған қыс ортасында да өндете қалсақ, рахатқа бөлейді. Бұл туралы жаза қалсақ, Абай, Лермонтов, Гете жүректері үндестік тауып, өлем ырғағына қосылып бірге соғатынын сүйсіне, тебірене айтамыз. Мағжан поэзиясынан да өлем поэзиясының қан тамырының соғуы естіліп тұрады.

Сондағы ойлайтының: ау қазаққа да жасаған ие ризық қалдырған екен. Қос алып жарық дүниеге қандай бір сәтті кезде келген деп қуанасың. Өйткені Абай мен Мағжан өдебиет табалдырығын аттаған кез — Гетенің «Батыс-шығыс диванындағы» секілді екі жарты шар өдебиеттерінің бір арнада тоғысып, тұтас өлемдік өдебиет боп қалыптасқан кезде аттады. Демек, Абай мен Мағжан ұлттық нәм өлем ақындары.

Жалпы Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің ауыс-күйісі ертеден басталған. Еуропацентризм көп ғасыр бойы тек антикалық дүниенің өркениеттілік рөлін бадырайта көрсете келіп, Еуропаға, басқа континенттерге Шығыс мәдениетінің жасаған өсерін бүгіп қалуға тырысты. XIX ғасырға таман бұл тарихи өділетсіздік қатаң сынға ұшырады. Ұлы Абайдың сүйікті авторы — американ ғалымы Джон В. Дрэпер «Еуропа ой-зердесінің дамуы тарихы» атты еңбегінде (1856) адамзат өркениеті Дунай мен Миссисипи жағалауында емес, Ніл дария бойында басталғанын дәлелдеген. Шынында да арабтар ғылым мен өдебиетті төбелеріне қойды десек, артық емес.

«Ғалым сыясы шаһид қанына бара-бар»

«Жұмақ есігі қалам ұстағанға да, соғыста шейіт кеткенге де бірдей ашық».

Бұл сөздер ғылым-білім ұлылығын, ағыл-тегіл пайдасын тексермейтін тантық аузына ешқашан түспес еді. Бағдат халифі өл-Манзор сарайында математика, астрономия, медицина ғұламалары, өдебиет зерттеушілер жыртылып айырылады екен. Оның мұрагері өл-Рашид қасына кем дегенде жүз ғалым ертпей сапарға шықпайтын болған. Мектепсіз мешіт салуға үзілді-кесілді тиым жасаған да сол.

Ғылымда испан арабтары өркениеті дейтін арнайы тарау тегіннен-тегін жасалмаған. Испаниядағы өл-Гакем халифі ұстаған кітапхана каталогінің өзі қырық томнан тұрған. Тұрғыны миллионнан асып жығылатын Кордова қаласында қараңғы түскен соң көлемі он мильдей төңіректі самаладай жарық қылатын фонарь шам жағылатын. Салыстырып көріңіз: бұдан жеті жүз жыл кейін Лондонның көшесінде бір ғана қоғамдық фонарь ілуге ғана шамасы келген. Кордова көшелері тас кесекпен шегенделді. Париж көшелері бұдан көп ғасыр кейін барып батпақтан тазарды.

Азия, Африка, Батыс жарты шары мәдени үлгілері күні бүгінге дейін таңдай қақтырады. Еуропа мен өзге континенттердің мәдениетін бір-біріне қарсы қоюға болмайды екен. Осы пікір бірте-бірте үстемдік ала бастады. Ұлы Гете сол қозғалыстың алдыңғы сапына шығып, жоғарыда ескертілгендей, «Батыс-шығыс диванын» жазды (1819). Абай заманында батыс-шығыс мәдени аралас-құраластығы нағыз дер шағында еді. Абайдың:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім,—

деуінде үлкен мән жатыр. Абай мен Мағжан сол қос қайнардан сусындағанда «бірі жамау, бірі құрау» өлең туғызуды мақсат еткен жоқ. Батыстың озық идеялары Шығыс шындығында жаңадан ұрықтанды. Батыс-шығыс синтезі қазақ поэзиясының өлі ашылмаған көздерін аршуға, көркемдік қуатын еселеп арттыруға мүмкіндік берді. Дүниеге мүлде жаңа сапалы поэзия келді. Қазақ елінің сол кездегі мәдени-рухани байланыстары дәл бүгінгідей болса, Абай мен Мағжан поэзиясын күллі адамзат — Батысың да, Шығысың да, «Абай жолы» роман-эпопеясы сықылды, еш жатыр-қамай, өрі таңырқай, өрі тамсана қарсы алары сөзсіз еді.

Абай мен Мағжан Шығыс ақындарының өсіре қызылшыл, ақырғы деміндей үздігіп, таусылып айтқыштығына, шымқай жарқылдақ өрнек, теңеу, метафораларына еліктеген жоқ. («Мұнда жоқ, «алтын иек, сары ала қыз»). Оның есесіне жаңа талаптарға сай дәстүрлерін барынша дамытуға тырысты. Солардың бірі — Шығыс поэзиясында айырықша дәріптелетін Сөз культі. «Әсерлі, қасиетті сөзге» табынудың түп төркіні сонау Авестадан. Адамзат рухының тағы бір үлгісі — Інжіл: «Дүние бастауы — сөз» деген. Шығыс ақындары сөздің сиқырлы күшін күрес қаруы ете білген. Сол қарудың күшімен талай алпауыттың мойнын астынан келтірген мысал қазақ өлеңі тарихында жетерлік. Абай бұл дәстүрді байытқанда, оны терең түсініп, сындарлы жүйеге келтіріп байытқан дер едік. Қазақ философиясының іргетасын қалаған «Ғақлия» тақырыптары рет санымен аталған Сөз екені тегін емес. «Пушкин — орыстың ұлттық ақыны» десек, біз өзіміздің ойымызды сол тақырыптың аясында іркіп айтамыз. Ал «Пушкин туралы сөз» айтқан кісі ақын туралы барын сарқып айтуға тиіс. Бұл дәуір биігінен тереңнен тартып айтылатын сөз. Абай сөздерінің кең құлаштылығы және нақтылығы сондай, мұны кезінде бар ғылым тарамданған философия демесіңе амалың жоқ.

Өлді деуге сия ма , ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.

Қоладан құйылған ескерткіштен адамзат жүрегінде өлмейтұғын сөзден тұрғызылған ескерткіш әлдеқайда биік Абайда арттағыға сөз бен іс қалдырудан артық арман болмаған.

Абай адамды бағалаудың өзінше бір критерийін жасайды. Сөздің бағасын білген кісі ғана нағыз адам боп өспек. Абайдың: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деп тұжырып, сенімді айтатыны сондықтан.

Сөз ұғымына Абай идеологияны сыйғызып: «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» дейді. Идеологияң қисық болса, сен қисық өсесің деген сөз.

Мағжан «Педагогика» кітабында «...жан көріністерінің ең қымбаттысы — ой. Ой тілі — сөз» деп қорытады.

Абай төңірегіндегілерді сөзге шақырып, бір жағы сынап дегендей, оларға тұтқиылдан сұрақ қойып,

жұртын сөз ұстартуға баулып отырғаны мәлім. Керей Шақантайдың Төлтай, Ошыбай дегендермен осындай бір сөз сынасуын Мұхтар Әуезов былайша баяндайды. Абай өлгілерден: «Қаттыда не қатты, төттіде не төтті?» деп сұрайды. Соған Ошыбай: «Құрттың ақ малтасына қосып жеген қанттан төтті бар дейсіз бе» деп бастағанда, Төлтай құрдасы: «Әй, ит, оттама! Қатты деген жоқшылық, төтті деген жан емес пе?» депті. Абай күліп: «Жарайсың, Төлеуім! Құдай ақымақты да, ақылдыны да Шақантайға берген екен»,— дейді.

Бұл Мұхаң жазып алған белгілі өңгіме. Ал мен, осы жолдардың авторы, бала кезімде естіген бір өңгімені еске түсіріп отырмын. Абай кейде тіпті өзіне пайдалы сөз естімейтінін біле тұра, шешендерді сөйлету өдетін тастамаған.

Абай бір сапарға аттанып бара жатқанда, жолшыбай Құрманғалы деген болыс құралпасының ауылының үстін басып өтуі керек екен. Жаз. Күн еңкейе бастаған шақ. Құрманғалы болыс Абайлар өтетін күре жолдың астыңғы жағынан боз үй тіктіріп, өзі соның алдына көгалға сырмақ жайдырып, бір топ ауыл ақсақалдарымен өңгіме-дүкен құрып отырады. Осы кезде үстіне орыс үлгісінде тігілген пенжек киген Абай тобы көрінеді. Құрманғалылар өңгімелерін доғарып, енді соларға көз тігеді. Құрманғалының орақ ауызды, от тілді екенін білетін Абай, мадқапыда бұл қайтер екен деп, оң жақ қолын бүйіріне тақап, отырған Құрманғалымен амандаспай, бұларға бақырайып тесірейе қарап өте береді. Сонда арт жақтан ілезде Құрманғалының зор қатқыл даусы Абай құлағына жетеді.

— Әй, мынауың кім өзі, орыс боп «здрөстіи», қазақ боп «ассалаумағаликімі» жоқ!»— депті Құрманғалы.

Абай атының басын кілт бұрып, қайырылып күліп оралып, аттан түсіп, кешірім сұрайды, ат-шапан айыбым мойнымда дейді. Құрманғалы да осал емес. Абай құралпасының қалжыңын түсініп, орнынан тұрып, құшақ жаяды. Абайды жібермей қондырып, қонақ етеді.

Абайдың сөз қадірін түсірушілікке, дауқұмарлық, бос сөзділікке жаны қас болғандығын жөне білеміз. Ол жайында да мысалдар жеткілікті. Сөз сыйлаған Абайдың сол дәстүрінің қазір аяқ астына жөншіліп бара жатқанын көріп те ренжисің. «Сөзіміз жығылмасын!»— деп бір қойдың дауына бірнеше жылқысын сатып шығынданған бір қазақты Сабыр Шөріпов «Алтыбасар»

повесінде күлкіге шығарады, мазақ етеді. Таза тұрмыстық тұрғыдан қарағанда, жазушының жаңағы қазақты шенеуі дұрыс. Дегенмен, «малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» дейтін де қазакең ғой. Сөзден есе жіберу — намыскер қазақтың сүйегіне таңба. Ал сүйегіне таңба түсірмеймін деп қазакең күрт кетуі де.

Мінеки, қазақ рухани өлемінде Шығыс ойынан қалған сарқыт. Бұл еліктеуге жатпайды. Өз топырағында өсірген мәуелі ағаштың дұрыс бойлауына жәрдем етеді. Абай мен Мағжан шығармаларының тамырлары — қазақ халық әдебиеті, шығыс пен батыс әдебиетінің өрнек-үлгілері десек, мұны өткеннің аузынан шыққанды сағызша шөйнау деп түсінбеуге керек. Абай мен Мағжан осы үшеуінің басын қосқанда, бәрін өз өмірі елегінен өткізеді, өз көрігінде қорытады, нәтижеде жаңа сапалы құйма алады.

Мысалы, поэзияның мәңгілік тақырыбы — махаббатты алайық. Жаңағы үш үлгінің ізі Абай мен Мағжан поэзиясында сайрап жатыр. Соның өзінде, бұлар жаңа дүние, анық қазақ өлеңі болып туады.

Араб ақыны Омардан қалды дейтін бір дәстүр махаббатты — тек қана ләззат, құмар қандыру өлкесі деп түсінеді. Тағы бірі — Азра дәстүрі бойынша жазылған өлеңдерде махаббат — өртеп жіберетін өрт, ғашықтар сол отта жанып өледі. Және бір көз — Абай жас шөкірт шағында сыйынып медет сұрайтын парсы ақыны Хафиз. Он төртінші ғасырдың жарық жұлдызы Хафиз ғезалдары сұлу жанды махаббат иесін төңірі дәрежесіне дейін көтерген. Осы жәйларды Абай «Бұл өмірдің қызығы махаббатпен» деп түйсе, Мағжан тұтас интимдік лирика аймағына айналдырады.

Хафиз:

Мен Шираздың пәк сұлуын төңіріме теңер ем,
Бір меңіне Самарқанд пен Бұқараны берер ем,—

десе:

Мағжан:

Сүй, жан сөулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, төтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,
Патша тағы, бүкіл дүние малына,—

деп, лирикалық кейіпкерге қан-сөл бітіреді.

Қазақ ақынының ғашығын дүниедегі не асыл жиһазға теңгермейтіндігі Хафиз поэтикалық дәстүрін жалғастырғандық сияқты көрінуі. Іс жүзіне Мағжан дәстүр мен жаңашылдықтың қоян-қолтық байланысы негізінде поэзияны биігірек орбитаға шығару үлгісін көрсетсе керек. Мағжан өлеңі негізінде реалистік принцип жатыр. Ол өз теңеуінің шындығына, өділдігіне, орындылығына бұлжымас дәлел іздеп тапқандай. Және бұл дәлелі адамның ішкі өлеміндегі буырқанған толқындардың жан идіретін өсерінен туындайды. Хафиз өлеңі ғашығынан ештеңені аямайтын жүрек жомарттығын паш етеді. Мағжан жомарттығы да осал емес, бірақ қазақ ақыны арудың сипатына асыратын теңеу іздеумен бірге, соның табиғилығына бой ұрады. Хафиз сұлудың сұлулығын бет әлпетінен іздейді. Бір меңіне Самарқанд пен Бұхараны беруге өзір. Мағжан сұлудың сұлулығын жан өлемінен, ару ерінінен алар бал ләззәттен іздейді. Басқа сөзбен айтқанда, ақын психологиялық талдау жолымен ішкі жан өлемінің рахат еліне көшкен көріністерін өрнектейді. Сол рахатты патша тағы, бүкіл дүние малына бермейтіндігіне сені иландырады.

Махаббат сезімінің баға жетпес қасиеттілігін айтқанда, Абай Шығыс, Батыс поэзиясы тоғысатын өзгеше арна тапты. Абай сұлудың сұлулығын қызықтаудан («Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы») сүйген жүректің өзін сөйлетуге көшті. («Айттым сөлем, қаламқас»). Осы екі өлеңнің жазылу мерзімі арасына өрі кетсе жеті жылдай ғана уақыт сияды. Ал сол азынаулақ жылдар ішінде Абай ақындығы қандай адымдап ілгерілеп кеткен, қалай өскен! Нағыз алыптың қадамы сондай болса керек-ті. Бірінші өлең мен екіншісін салыстырып көріңіз. Арасы жер мен көктей. Бірінші өлең («Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы») өз құлағымызға жағымды естілгенімен, тым ұзаққа шаба алмаса керек. Өйткені бұл өлең — ауыз өдебиеті өріміндегі шығарма. Бұл өлең жолдарынан тіпті бұрыннан көз таныс, сағыздай шайналған тіркестер де ұшырасып қалады («Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды», «Нәзік бел тал шыбыктай бұрандайды»). Ақын көбінекей арудың сырт келбетін тамашалайды, сезімнің сыртқа тепкен реңін суреттеуден аспайды.

Екінші өлеңге «Айттым сөлем, қаламқас» келсек, мұның жөні мүлде басқа. Бұл өлең ғашық жігіттің ішін

ашу арқылы ешкімге пара-пар келмейтін, ес тандыратын сұлудың бейнесін жасайды. Бізге сұлудың сырт пішінінен белгілісі қалам қасы, қырғауыл жез қанат екендігі. Ішіп-жеп қоятын келбетін көрмесек те, жүректен от алған сезім жолдары қызға деген махаббатыңды лап еткізеді.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар — артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Мінеки, тұнып тұрған реализм деп осыны айтады. Әшекейсіз, мөнерлеусіз қарапайым сөздерден қандай асыл өлең туған. Қарапайым кірпіштен қаланған ғажайып ғимараттай. Сұлу атаулыдан сенен артық жаралған маған ешқайсысы көрінбейді. Сол жетіп жатыр. Ғашығыңның бет-аузын түгендеп жату бұ жерде қажетсіз. Мүсіндеу — өзге өнер иесінің — скульптордың ісі. Нағыз поэзия жүрек сырын шертеді. Ой тұнығынан ішеді. Сығымдай-сығымдай келе аз сөзге қалың қыртысты роман мағынасын сиғызады. Қалам-қасқа ақтарыла, үздіге айтылған нәзік сырдан лүпілдемес жүрек, жадырамас жан, арылмас арман болмасқа керек.

Абай махаббаттың қазақ өлеңінде бұрын-соңды кездеспеген, ұшыраспаған сырларына үңілді. Махаббат сезімі адам бойындағы ең ізгі сезімдермен ұштасып жатады. Содан байи түседі. Мысалға ар-инабаттылық (нравственность) ұғымын алайық. Мағжан сөзімен айтқанда, адам өзінің әрбір ойына, әрбір ісіне баға беріп отырады. Ойдың яки істің ізгі, яки жауыз болуына қарап, сол ойға, яки іске баға бергенде болатын жағымды яки жағымсыз сезімдер құлық сезімдері деп аталады. Адам білімі, ақылы тереңдеген сайын оның құлық сезімдері де жоғарылай, тереңдей, кеңейе береді. Адам өз басының ғана пайдасын іздемейді. Өзімен бірге тұратын басқа адамдарға да пайда келіп, зиян тимеуін тілесе, бұл құлықтылығының да тереңдегенін көрсетеді. («Педагогика», 135-бет).

Абай «Дүниеде сенен артық маған жар жоқ, Саған жар менен артық табылса да» деп жырлайды. Құлықтылықтың бергі, үстірттеу ұғымы, сүйген жарың күндердің күнінде басқа біреуге ғашық болса, бұл мінезін опасыздық деп табады. Ал Абай дәріптеген

махаббат сезімі олай демейді. Ізгі жүректің тілегі — ғашығының бақыты. Менен артық жар тапсаң, жолың болсын. Сонда да мен үшін сенен артық жар табылмайды дейді. Пек сезімнің жолында өзін құрбандыққа шалуға даяр. Бұны пушкиндермен қалам жарыстыру, құлықтылық биігінен көріну, ерікті адам идеясын туғызған батыс поэзиясының айдынында еркін жүзгендік деп түсіну керек.

Бостандық, еріктілік сияқты батыс поэзиясы көркем концепциясын Мағжан Жұмабаев және бір сөтінде ұлт-азаттық тақырыбына арналған өлеңдерінің өзегі етті.

Сөз жоқ, Абай мен Мағжанның гуманизмінде адамды адам дәрежесіне көтеріп қастерлеген Ренессанс яки Жаңғыру дәуірінің жарқын рухы сақталған. Батыс жақ (Италия, XIV—XV ғасырлар) көне антика өркениетін қайта тірілтті. Әлем кіндігі — адам, — деп жар салды. Шығысқа көз жіберсек, бұл жақта «адамды сүю керек» деген сөз одан да бұрын, Қытайда VIII ғасырда, Таяу Шығыс пен Орта Азияда IX—XII ғасырларда айтыла бастаған. Шығыс Батыстың жетістіктеріне теріс айналған жоқ. Жерлесіміз өл-Фараби (870—950) антика «файлясуфтарының» ілімін жүйелеп, мұсылмандық, рационализм іргетасын қаласып, әлемнің екінші ұстазы атанды.

Абай Шығыс поэзиясынан «түпнұсқа арқылы (ішін-ара шағатай тіліндегі аудармасы арқылы) араб-иранның бүкіл батырлық діни эпосын, Шығыстың Фирдоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Фзули сияқты классиктерін білді... Таяу Шығыс мәдениетін тарихи зерттей жүріп, Абай Табари, Рабгузи, Рашид Әддин, Бабур, Абулғазы Баһадур хан және басқаларының еңбектерімен танысты» (Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он сегізінші том. Алматы, «Жазушы», 51-бет)

Бұл тізімнен Хожа Ахмет Иассауидің есімін кезіктірмейміз. Мұхаң елуінші жылдардағы саяси ахуалды ескерген болуға тиісті. Әйтпесе Түркістан өулиесі ауызға алынбай қалмауы тиіс еді. Иассауидің «Дивани-Хикметі» қазақ тілінде алғаш рет 1896 жылы жарық көрді. Абай өмірден кетерден үш жыл бұрын тағы бір рет қайта басылып шықты. Бұдан ертерек Иассауидің шөкірті Сүлеймен Бақырғанидың еңбектері («Ақыр заман», «Хахим ата», «Бақырған», «Тағы ғажап») алдымен 1846 жылы шағатай тілінде, 1897 жылы қазақ

тілінде жарық көргенін еске алсақ, Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік өлкелерінде көмекші оқу құралы ретінде пайдаланылған Бақырғани шығармаларымен Абайдың, Мағжанның таныс болмауы мүмкін емес.

Осынау дәстүрді түрік ғалымдары берік ұстанды. Белгілі фарабитанушы ғалым Ақжан Машанидің мына бір пікірі көңілге қонады: Фараби мен Абай арасында жетіспей тұрған бір буын бар, ол — Шахабаддин өл-Маржани, (1818—1889). Маржанидің Абайға ықпалы аз болмағанын Мұхтар Әуезов те құлаққағыс еткен. Маржани рационалды Ислам жолына түсіп, өл-Фараби, ибн Сина ілімдерін жаңғыртуға күш салды, мұсылмандық схоластикаға, догматизмге қарсы күрес жүргізді. Оның сөзі мен ісі бір жерден шығып отырды. Маржани Қазан шаһарында жаңа тұрпатты мектеп ашып, онда діни пәндермен қатар, жаратылыстану ғылымдарын үйрететін пәндер енгізді, орыс-татар мектептерін ашты.

Абай Батыс пен Шығыс мұрасын игергенде, оның табыстарын қазақ сахарасына лайықтады. «Алланың сөз де рас, өзі де рас» дей отыра, ислам қағидаларының бәр-бәрін көз жұмып қылғыта берген жоқ. Христиан һәм мұсылман фанатиктерінің басқа діндегілерді кемсітушілігіне ол қосыла алмады. Жалпы адамзаттық идеяны көкседі. Абай Ғақлиясының отыз сегізінші сөзінде ол: «...мұсылман болдың һәм толық инсаниятың бар болды» дейді. Инсаният деген сөз адамгершілік, адамзат деген ұғымдарды білдіретінін ескерсек, Абайдың адамзатты бөле-жармай жақсы көруге күллі мұсылман баласын шақырғанына көз жеткіземіз. «Адамның баласы — бауырың» дейтін де Абай ғой.

Мағжан дәл сол арнада ой толғайды. «Адам,— деп жазады ол «Педагогика» еңбегінде,— өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адамды адам сүймек. Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез»¹ Шіркін, өстіген адамды да бір кезде ұлтшылсың деп кінәлады-ау.

Көп жылдар бойы суфизм десе аза бойымыз қаза тұратын. Ал Абай мен Мағжан суфизмнің үстемдік құрушы системаға, ресми діндер доктриналарға қарсы

¹ Педагогика «Ана тілі» баспасы. Алматы, 1992. 137-бет.

күресін барынша қолдаған. Бір кездері Науаи, Хафиз, Жәми, Румилер суфизмнің халықтық сөлінен нәр тартса, Абай мен Мағжан да сөйткен. Сонымен бірге олар тақуа, дәруіштерден іргесін аулақ салған. Абай; «Құранды молда теріс оқыр, Дағарадай боп сәлдесі» десе, Мағжан:

Ақылға, жан-жүрекке кісен салды,
Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды,
Үйретіп, дін деп құлдық, қорқытады,
Қандай құл бізге молда бола қалды?!—

деп ашынады. («Дін үйреткенге»).

Абай мен Мағжан суфизм мистикасының бұл дүние қызығынан бас тартуды деріштегеніне ешқашан қосылмаған. Әл-Фараби: «...софист тыңдаушы санасында болмыстан тыс, оған қайшы қайдағы бір иллюзия туғызады; сондықтан ол бар нәрсе жоқ, жоқ нәрсе бар деп ойлайды»¹ дейді. Қандай дүрбімен қарасаң да қазақ ақындарының өлеңдерінен мұндай иллюзияны, құрдалбасаны кездестірмейсіз.

Абай мен Мағжан Батыс пен Шығысқа бірдей төл ақын. екендері Шығыс демесең, өлеңдерін жер шарының екі бетіндегі ел атаулы өгейсінбеуге, жатсынбауға керек. Бір кездерде қазақ өлеңі құлаққа арналған, ал нағыз өлең суреттен жаралуға тиіс деп жүрді. Абай мен Мағжан поэзиясы құлаққа қандай жағымды болса, сурет тілейтін көзге де сондай сүйкімді. Сонысымен қай ел адамының болса да жүрегіне жол табуы тиіс.

Абай мен Мағжан арқасында көркем санамыз азаматтық биік өреге көтерілді. Өттең, соны өз сапасында былайғы жұртқа жеткізе алатын аударма дүниеге келсе. Пушкин мен Лермонтовты — Абай, Фет пен Горькийді — Мағжан қазақшалап, орыс тіліндегі тума қалпынан түсірмей қалай сөйлете алса, сол қазақ ақындарын да басқа тілдерде түпнұсқасындағы күйіндей сөйлете аларлық поэтикалық қуат табылса...

¹ Ә. Дербісәлиев. Әл-Фарабидің эстетикасы. Алматы, 1980, 59-бет.

Әдебиетке келген өр қаламгер өзіне дейінгі ақын-жазушылардың мұрасына сүйенері хақ. Біреуіне сын көзбен қараса, екіншісімен — жоқ олай емес, былай өрнектеген дұрыс деп, — өнер сайысына түседі, тағы біріне піріндей табынады. Бірақ ол осы үшеуінен де тағылым алмақ, үшеуінің де шиырын баспай, өзінше соны соқпақ тартып, поэзияның көк қайнар бұлағы көзін өз жүрегінен тауып ағытпақ. Мағжан бұл заңдылықтан тыс тұрмаған. Тек өзге көп жұрттан өнерге қояр талабы қатаңырақ болуға керек. Ақынның әдебиет туралы еңбектерінде көп қолпаптау, мадақтау, қызыл сөзге үйірлік, жө болмаса немқұрайды, бейғам айтыла салғандық атымен жоқ. Мағжан сөзі дөріханашының безбеніне ұқсайды. Өр мысқалына дейін өлшеулі.

Халық ақындарынан Мағжанның аса қадір тұтқандары — Мұрат, Махамбет, Базар жырау, Шортанбай, Ақан сері. Олардың ақындығы үстіне ел-жұртының қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтажына ортақтаса білгендігін жоғары бағалаған. Жазба әдебиеттен бөліп айтатыны — Шөңгерей Бөкеев. Шөңгерейді «қазақтың сыршыл ақыны» деп білген. Зор азаматтық тұлғасын мақтанып етіп, ілтифатпен атайтын ақындарының бірі — Міржақып Дулатов. Кеңес дәуіріндегі ақындардан Бейімбет Майлинді бөлек көрген. Мағжанның «Сауатты бол!» кітабына, айталық, Сөкен өлеңдері енгізілмеген. Оның есесіне Би ағанның еңбек тақырыбына жазылған өлеңдерін кіргізген.

Піріндей табынатыны, өрине, Абай — әдебиетіміздің бас тұлғасы. Мағжанның Мағжан Жұмабаев сынды ақын болып қалыптасуы алдында Абайдай алыптың тұрғандығы.

Абайдан қалған бір сөз бар: «Жаттың бір төуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбарынып қалып, мақтай қалып, өз елінде содан артық адам болса да, танымайтыны қалай?» — деген. Қаршадайынан ұлы ақын поэзиясының мөлдір бұлағынан сусындаған Мағжан, өрі ұстаздары, өрі өріптестері Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, өз құралпастары Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов секілді ол Абай даныпшандығын бірден жазбай тани білді. Ахаң

«Абай сөздері дүнияда қалғаны — қазаққа зор бақ»¹ десе, Әлекең Абайды «асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы»² атаған. Міржақып Дулатовтың бағасы тіптен керім. Ол қазақ ұлты мен Абайды бір синонимдік қатарға қояды. «...Абайдың жоғалуы... қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей»,³— дейді.

Мағжан Абай ақынды құлай сүйген және оны исі қазақ ұстазы данышпан деп білген. Сондықтан Абайды «хакім» атайды. «Алтын хакім Абайға» атты арнайы өлең жазады («Шолпан» жинағы, 1912 жыл).

«Хакім» (хаким) — араб сөзі. Білімді, оқымысты, дана, ғалым деген ұғымдарды береді. Хакім өрбір істің себебін іздейді. Яки ол — ғалым. Хакімі жоқ ел — ел емес, дейді Абай. Бұл пікірін ол былайша дәлелдейді: «Адаспай тура іздеген хакимдар болмаса, дүние ойран болар еді.»⁴

Міне, осы хакім төжін Мағжан қазақ тарихында тұңғыш рет Абайға кигізіп отыр.

«Тұңғыш рет» деген сөздің астын сызып айтуға керек. Сан ғасырларға созылған бодандық халіміз миымызды ашытып жіберді ме, өйтеуір өзімізді-өзіміз төменшік ұстауды өдетке айналдырдық. Бұрынғы ресми идеологияның, империялық насихаттың жетегінде жүріп, надан едік, қараңғы едік деп зарлауымыз бір басқа. Тарихымызда қайрат көрсеткен бір тұлға көрінсе, сонымен алысып-жұлысып бақтық. «Көсем», «хакім» атаулы тек басқа жұрттың үлесі сияқтанатын. Өз қатарымыздан елін ел ететін көсем шығуы мүмкін деген ой көперімізге кіріп шықпайтын. Біз бұрын хакім десек, Лұхман хакімді еске алатынбыз. Көсем десек, Ленин мен Сталиннен өзге ешкім көзімізге ілінбейтін. Мағжанның алғырлығы сол, дуалы ауыз көсемді қазақтың өз ішінен көріп тани білді.

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.

¹ Ахмет Байтұрсынов. «Ақ жол» жинағы. Алматы, 1991, 218-бет.

² Әлихан Бөкейханов. Абай. «Жұлдыз» журналы. 1911, №9, 111-бет.

³ Міржақып Дулатов. Шығармалары. Алматы, 1991, 250-бет.

⁴ Абай. Екі томдық жинағы. Алматы, 1991, 1-том, 111-бет.

Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Қазақта хан Кенеге ер жетпейді.

деп, енді ғана Мағжанға қосылып өндете бастадық. Және осының бәрі күр қызыл сөз үшін айтылмаған, негізі бар нәрсе. Ендігі өрі Абайды хакім деп тануды ойламасаң, бұдан өз түйсіксіздігің аңғарылуы мүмкін.

Хакім Абай қандай Абай? Бұрын ішіміз сезсе де, кесірімізді тигізіп аламыз ба деп айта алмай келген Абай. Жаңа заманымыздың басы, болашағымыздың жол сілтеушісі.

Біз бұған дейін Абайды отаршылдыққа қарсылық ойлаған күрескер ретінде зерттемедік. Мағжанның сипаттауында («Алқа» үйірмесіне байланысты бағдарламада) далаға лап қойған отаршылдықтан зар шегіп, өмірінің аяғын қайғыда, құлазуда өткізген, ақыры қан жұтып өлген жан. Шынында да, Абай өлеңдерінде бөтен ел табанындағы халықтың жадау тұрмысы («қай жерінде кедейдің тұрсын күйі»), қазақ ішінің берекесіздікке ұшырауы («болды да партия, ел іші жарылды»), ел басқарушы шіренгендердің өздерінің сайқымазақ жайы, бодандық санасы («Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға. Шелтірейіп отырсың, Шенді шекпен жапқанға.») тағы да басқа көзден жас ағызып, омырауынды бояйтын жөйлар аздық еткен бе?

Мағжан өсіресе ақындық ілкі қадамдарында Абайға еліктеп көп өлең туғызды. Қазақтың жер-суынан айрылуы, қайыршылануы далаға уайым, үрей, шарасыздық әкелгенін отаршылдықтан бір көрсе, сол көргендерін Абайдың шерлі, зарлы өлеңдерінен тағы өсерленіп, аһ ұрды. «Қазағым, қалың елім, қайран жұртым» деп жүрегі қарс айырыла күрсіне, жас шөкірт ақынның жүрегі торға түскен жолбарыстай бұлқынды.

«Туған жерім — Сасықкөл» өлеңінде Мағжан қазақ елінің отаршылдық тұзағына түсуін басынан бақыт құсы ұшқанға балайды. Мұнда біз Абай өлеңдері сарынынан пәлендей ауытқуды аңғармаймыз. Өлең мазмұнындағы сабақтастық шындық өмірдің сабақтастығынан туындайды.

Абай — ұстаз, Мағжан — шөкірт. Шөкірт ұстазына ұқсайды да, ұқсамайды да. Мағжан бақыты — ол өзінің поэзиядағы уыз сүтін Абай өлеңдерінен қана ішті. Абайдың тұңғыш жинағы шыққан 1909 жылы ол он алтыда. Абай өлең есігін Шығыс ақындарынан пәрмен сұрап ашса, Мағжан қазақ данышпаны Абайға сыйың-

ды. Оның өлеңдерін түйсініп һәм түсініп оқыды. Абайға бас иді, әр сөзіне мұқият құлақ қойды. Өз сезіміне есеп беруге үйренді. Сырт қарағанда жадау көрінетін дала поэзияға толы екен. Содан таңырқай рухтанды. Әдебиет замана айнасына қалай айналуы керектігін оқып үйренді. Және бір түйгені — поэзияда қалам десең өз соқпағыңды тауып ал.

Қазақ әдебиеті Мағжан тұсында жаңа белеске көтерілді. Мұны, әрине, дұрыс түсіну керек. «Көтерілді», ілгеріледі дегенде, ең әуелі жаңа кезеңнің өзгешеліктеріне байланысты жәйттерді ескеріп отырмыз. Ол айырмашылық, өзгешеліктер атап айтқанда төмендегідей:

1. Дәуір өзгешеліктері. Абай мен Мағжан, бірі — дүниенің астын үстіне келтірген революция дауылдары қарсаңында, екіншісі — сол дауылдық өртке тигендей құтырынып аласұрған шағында өмір сүріп, ақындық құрды.

2. Әдеби байланыстағы өзгерістер. Абай реалистік орыс әдебиетінің алтын ғасырына етене жақын тұрса, Мағжан осы әдебиеттің күміс ғасырымен, символизм (романтизм) ағымымен т. б. мидай араласты. Абай антика, Шығыс сарындарына құлақ түрсе, Мағжан түрікшіл, Шығыскер атанып жүрді.

3. Әдеби ортаның пайда болуы. ХХ ғасырдың басында қазақ зиялыларының айтарлықтай шоғыры құралды. Тарихшы В. Григорьев деректері бойынша: «Жоғары және аяқталмаған жоғары білімді 100-ге жуық (Ж. Досмұхамбетов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқаев, Б. Қаратаев, М. Тынышбаев т. б.), мектептер, училищелер мен мұғалімдер семинарияларын тамамдаған 700-ге жуық (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ә. Жантөрин, А. Асылбеков, К. Төгісов т. б.) азаматтар болды...»¹

Сол мыңға тарта зиялылардың ел қамын бірігіп ойласуына мүмкіндік туа бастады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында «Түркістан уалаяты» (1870—1882), «Дала уалаяты» (1888—1902) сияқты газеттер қоғамдық ой-пікірдің өрістеуіне кереметтей ықпал етті. Абайдың бізге белгілі екі өлеңі авторы көрсетілмей «Дала уалаяты» газетінде жарық көрсе, Мағжан Орда мен Оралда басылатын «Қазақстан» (1911—1913), Орын-

¹ Григорьев В. К. Фрагменты времени. О чем не говорили. Фрагменты времени. Документы, рассказы и очерки. Алматы, 1990, с.с. 47—48.

борда шыға бастаған «Қазақ»(1913—1918) газеттерінің, Троицкідегі «Айқап»(1911—1915) журналының оқушысы, өрі авторы болды. Бұған Мағжанның көзі түспеді, оқымады деуге келмейтін Томскінің «Ешiм дала-сы» (1913), Семейдің «Сарыарқа» (1917—1918), Төшкенттің «Алаш» (1916—1917), «Бірлік туы» (1918) газеттерін, Семейдегі «Абай» журналын (1918) қосыңыз.

Осы өзгерістердің нәтижесінде пікір алмасатын, оқыған-тоқығанды талқылайтын, ой шындайтын өдеби орта құрала бастады. Қазақ өдебиеті тақырыбын кеңейтіп, өмір проблемаларына қызу араласып, жанры жағынан бай түсті. Ағартушылық шығармалар ұлтжандылық идеяларымен суарылған туындылармен толықты. Лирика түрлері молығып, роман жанры дүниеге келді.

Мағжанның төл туындыларындағы жаңалықтар оны Абайдан алыстатты да, жақындатты да. «Алыстатты» деген сөзді бейнелеудің жаңа тәсілдерін, стильдерін игеру мағнасында айтып отырмыз.

«Жақындай түсті» деген сөздерге байланысты В. Белинскийдің бір айтқаны еске түседі. Пушкин мен Лермонтов арасын салыстыра келіп, ұлы сыншы:

«Печорин Лермонтова... Это Онегин нашего времени, герой нашего времени, Несходство их между собою гораздо меньше расстояния между Онегою и Печорою.»¹— деген.

Сол сияқты, Абай мен Мағжан арасы Есіл мен Ертістің аралығынан өлдеқайда жақын. Мағжан Абайдан еш көз жазбаған.

Мағжанның студент кезіндегі фотосуретінен оның мінезін аздап нобайлауға болар деймін. Еуропаша киінген, өппақ шаңқандай көйлегінің тік жағасы ұшы жағынан қайырылған, ой ұялаған дөңгелек жүзінен жігерлі де мұңды қой көзі ұшқындап, өлдебір сыр шертеді. Қалың қою бұйра шашы Есілден ескен желге сәл толқынданып, қозғалып тұрғандай. Жас ақынның зерделі келбетін, парасатты көз қарасын, болар болмас күлімсіреген өңінде жүгірген нәзік сәулені Абайдан түскен өрнек пе дерсің. Абай — рухани атасы, оған тартпауы мүмкін емес деген ой билеп, жас жігіт келбетіне қайта бір үңілгенде одан өзіне-өзі сенімді майыспас характер тебіндеп тұрғанын байқайсың. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде қып-қызыл

¹ В. Белинский. Полн. собр. соч., т. IV, с. 265.

белсенділер ұлы ақынды қара тақтаға жазып, ұяттан кешіп жүргенде айыз қандырар мінез көрсеткен нақ осы көркем жігіт еді-ау. «Қазақтың данышпаны Абай» деген сөз дәп сол тұста Мағжаннан басқа ешкімнің аузына түсе қойған жоқ-ты. Қандай дүрбелеңде де Мағжанның ұстазынан айнымауындағы негізгі себеп — екеуінің ақындық кредосы мен дүниетаным жарастығынан екендігі әбден түсінікті. Бұған кезінде ақынның атақты замандастары да қол қойып кеткен.

Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтың «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында («Абай» журналы, 1918, №5), қазақ ақындарын стиліне қарай үш топқа бөледі. Бұл жіктеу түрлі себептермен өдебиеттану ғылымында жөнді ескерілмей келеді. «Ақ таңдақ» деп іш тартуымыз бір басқа да, олардың әр қайсысының өдебиетте алатын орнын тағайындау екі басқа екендігі жөнді ескерілмейді. Бұл да өзінше теңгермешілік сарқыты ма дерсің.

Жүсекең мен Мұхаң жаңағы мақаласында мынадай ғылыми тұжырым жасаған: «Сезімге әсер берерлік суретші өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт немесе Ахмет Мөметовтікі... Бұлар сыршыл (лирик) ақындар.

Екінші жіктің ақындары: Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шөкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңдері сырты төгілген сұлу, тілі кестелі, анық халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, төтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие әсері аз, ақылға азығы бар, бұлар халықтық (народный) ақындар...

Осы күнде сөні кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны, ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, жеке жортақтап, құба жонданып кететін Ғұмар Қарашев».

Абай мен Мағжан өдебиетке тұтас бір ататекті жанр (род) — лириканы енгізді. Қазақ поэзиясын сыршылдыққа бұрды. Адамның ішкі жан әсерлерін қызықтады. Жан өлеміндегі сиқырлы көріністерді, өзгерістерді, мың сан құбылыстарды суреттеу үшін жүрекке жетер оралымды, бейнелі тіл таба білді.

Абай мен Мағжан туған елінің қамын ойлаған ойлардың ұшығына жетіп болмайды. Солардың ең бір құнарлысы — халыққа рухани тәрбие беру мәселесі.

Біз Абайдың тәрбие мәселесін зормен бергенін білеміз. Ғақлияның отыз жетінші сөзінде: Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзетіп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» дегені жадымызда. Адам қайтсе адам деген атаққа лайықты болмақ? Осы бағыттағы ойларын жүйелей келіп, ол «жауан-мөрттілік» (жақсы адам), «толық адам» жөйлі тұтас бір ілімнің негізін қалайды. Адам қайтсе бақытты болады? Толық адам болғанда,— деп жауап береді Абай.

Толық адам — бақытты адам. Мұны қалай түсінуге керек?

Осы сұраққа жауап іздегенде Абаймен қатар біз Мағжан шығармаларына үңілеміз. Мағжан ұстазының толық адам хақындағы ілімін насихаттауға көп күш салған. Мысалы, оның «Айқап» журналында (1912, май) жариаланған «Қала, дала» деген мақаласы Абайдың жаңағы толық адам туралы ойлары арнасында жазылған. Мақала бір шумақ өлеңнен басталды:

Қырда ерік, жібек кілем, тау мен су бар.
Шулаған, көңілге хош қаз бен қу бар.
Қалада жан азығы, шам шырағы
Белгісі адамдықтың білім табар.

Әрі қарайғы қара сөз осы жуанмөрттілік идеяны кең түсіндіреді. Мақала (жанры жағынан очеркке ұқсас) құрылымының өзі қызық. Өлеңмен басталатын көтеріңкі өуен қазақ даласының көктем шыға құлпыруын, қызылды-жасылды киінген қыз-келіншек көздің жауын алуын, бозбалалардың елдің жайлауы, биенің байлауы, жұрттың жиын болатын мезгілі жетіп қалды-ау деп іштей қуануын суреттеумен ұласады. Сонсоң оқыстан «Жалғыз-ақ, сол сүйкімді даланың орасан бір кемшілігі бар. Оның баласы білімсіз. Ойсыз. Ішіп жеу, ойнап күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері. Ол — жарты адам.»,— деп қаланы суреттеуге кірісер алдында манағы жарқыраған көңіліңді су сепкендей басады. Биіктеп тұрған жеріңнен тастап кеп жібергендей, керағар сезімге құрылған композиция автор идеясына қосымша күш бітіріп, жадында өбден шегенделіп қалғандай әсер етеді.

Қаланың артықшылығы — өнер, білім, рухани өмір ордасы. Кемістігі — тыныс тарылтып, өкпені қабындыратын ауасы. «Дала баласына қала көңілсіз.»

Шығарма қорытындысы айқын: дала мен қаланың артықшылықтарын ұштастыр — бақыттың толық бүтін адам боласың.

«Қала, дала» туындысы жарияланғанда оның авторы он тоғызда. Балғын жігіт медресе Ғалияның оқуын бітіруге жақындап, енді Омбы Мұғалімдер семинариясына түспекке даярланып жүр. Сырты солай, іші алай-түлей: қазақ қайткенде «жартыдан» толық бақытқа жетпек? Осы ізденістерін ол тоқтатқан жоқ. Ойы, білімі әбден піскен шақта іштей түйгендерін қағаз бетіне түсірді. Соның бір жемісі «Педагогика» кітабы (1922, 1923). Осы аталымға тақырыпша берсе, ол былай тұжырымдалар ма еді, қайтер еді: дене және жан тәрбиесі туралы өлем ғылымы және Абай тағылымы.

Педагогика ғылымы адамның рухани өлемін негізгі үш салаға жіктейді, бұлар: ақыл, көңіл (ішкі сезім) һәм қайрат. Енді бұл турасында Абай не дейді, соған келейік. «Қазақтың данышпаны Абай,— деп жазады Мағжан,— бұл үш тапты ақыл, жүрек, қайрат деп атайды. Біз бір заттың яки көріністің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл — ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл — ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсұтқа жетпекші боламыз. Бұл — қайрат ісі»¹

Осы жерде Абайдың толық адам туралы ілімі сандығының кілті ашылады. Толық адам болу үшін ақыл, жүрек (ішкі сезім) һәм қайрат арасында берік байлам бар екендігін есте ұстауға керек. Тәрбиешінің міндеті — адамның әрбір ісіне осы үш таптың үшеуі бірдей қатынасатынын білу. Ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие етпесе, толық адам шықпайды. Ондай адам бақытты болмақ емес. Бұл туралы,— деп жалғайды пікірін Мағжан,— данышпан Абайдың төмендегі сөзі шын дұрыс сөз. Бұдан өрі Абайдың белгілі өлеңі тұтастай келтірілген. Біз де сөйтелік.

Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек,
Жылыпқан тұла бойды асыл жүрек.

¹ Мағжан Жұмабаев. Педагогика. (Баланы тәрбие қылу жолдары). Ташкент. 1923, 35-бет.

Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады өлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Осы ойлар Ғақлияда (Он жетінші сөз) философиялық айтыс есебінде қайталанады. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін салыстырып, таласып келіп, ғылымға жүгінеді. Ғылымның байламы жоғарыдағы өлең ғибраттарына саяды. «Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол» дейді.

«Табанының топырағы көз сүртерлік» толық адамды өмірден кезіктірмесең, сыртынан тон пішу қиын. Абай үшін ол нақтылы кім еді? Абайтанушылар бұл сұраққа жауап іздегенде Әбдірахман бейнесіне тоқталады. Шынында да, жоқтау жанры сияқты көрінгенімен, Әбдірахман туралы өлеңдер шағыры біз кейіндер «Замандас бейнесі» деп ап кеткен талап тұрғысынан қарайтын реалистік шығарма. Жоқтау жанрына тән миф өуенін мұнда кезіктірмейсіз. Әсірелеу атымен жоқ. Жоқтауларда әдетте айтылатын «асқар тауым құлады», «бөйтерегім жығылды» деген сияқты өсіре мадақтау метафоралары да пайдаланылмаған. Біздің көз алдымызға алдымен ауыр қайғы жөншіп, көзіне қамшы тигендей, омырауына жасы сорғалап отырған, сорлап қалған қарт ақын бейнесі елестейді. Арнайы солай етейін демесе де, дана ой сүрлеуінен шықпайды. Толық адам туралы толғанысын тіпті күшейтіп жіберген тәрізді өсер аласың. Өйткені ол жүрек пен мидың терең тұңғиығынан қайнап шыққан табиғи ойлар еді. Әбдірахман туралы циклді бажайлап қорытсаң, ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұстаған жан Абайдың бел баласы екендігіне көз жеткізесің, иланасың.

Мағжан идеалы — оқыған қазақ. Асыл сөз несін айырықша сыйлайды. Оның толық адамы — Абай, «бір сөзі мың жыл жүрсе, дәмі кетпес» адам.

Парасатты жанның бірі — Әбдірахман. Жиырманы енді қаусырып келе жатқан жігіттен жұрт ақыл сұрайды.

Жасы — жас, «ойға — көрі». Көргені, тоқығаны көп. Өрімдей жап-жас адам Петербор, Сібірлерден бастап, Кавказ, Қырым, Түркістандарды аралап үлгірген. Аузынан шыққан сөз дәлелді, салмақты. Абай Әбдірахман туралы: көргені мен білгені жүзге келген шалдан көп, бөрінен тәуірім кетті десе, бұл өлең шағырында өбден дәлелденген қорытынды.

Толық адамның екінші қасиеті— ізгі жүрек десек, Әбдірахман оған толық сай. Ішкі сезімі нәзік, жүрегі таза, мінезге бай бейне. Бауырмал, жалғанға баспайды, төкаппарлығы жоқ, өлім тақау тұрғанын білсе де, сырға тұйық, туған-туысқандарын қалжыңмен алдарқатады. Біреудің көңілін аулағыш, жастық буына елтпей, арамға жоламай, тура сөзді жақтаған баласын Абай ерекше мақтаныш тұтқан.

Абай мен Мағжан поэзиясында қазақ жүрегінің нелер тылсым сырлары ақтарылған. Жақсы жағынан — ашықтығы, ізеттілігі, ізгілігі.

Әл-Фараби «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» адам баласы өзінің адам атағын ақтай алуы үшін жауыздықты ізгілікке жеткізуі тиіс деген. Абай жауыздықтан, жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады, дейді.

«Педагогика» еңбегінде Мағжан ізгілік пен жауыздық адамдар арасындағы қатынастардан қалай өрбитінін қадағалайды. Біреудің басы ауырып, балтыры сыздаса, не қайғы шегіп, қара жамылса, көңіл айту, қазаның соңын күтісу қазақ қауымының мақтаныш етерлік өдеті. Бірақ қазақта (Мағжан пікірін өз тарапымыздан нақтыласак) бұған қарама-қарсы, ағайынның, я жора-жолдасыңның нұрын тасытқан әлдебір табысына ортақтасу, қуаныш бөлісу жағы кем соғады. Кей ағайын қызғаныш, күншілдік, іштарлық салдарынан көрген күнінің жарығын кемітетінін, «адамдықтың гүлін, нұрын» (Абай) бұзатынын түсініп жетпейді. Мағжан бір оқымыстының дана сөзін еске алады. Сол оқымысты айтқан екен: аяушылық үшін адамгершілігің жетіп жатыр. Ал біреудің қуанышына ортақтасу үшін періште болуың керек.

Енді адамның толық бақытты болуына өсер ететін елеулі қасиет — қайрат жақында бірер сөз.

Әбдірахман ойға көрі, жаны нәзік, жүрегі жылы адам. Оның осы тамаша мінезі құрыш қайратпен ұшғасып жатады («Тәуекелге нар» жігіт, «Бойы құрыш» адам). Мақсатына жетпей тынбайтын характер. Мұның

өзі, Мағжан сөздерімен айтқанда, бір нәрсені істеуге жетектейтін қажыр-қайрат белгісі. Жанның бір іс істеуге саналы ұмтылуы.

— Егер бір адамның қайраты күшті болса,— деп жазады Мағжан Жұмабаев,— сөзінен ісі айырылмайтын, екеуі екі бөлек жан болмайтын болса, ондай адамның мінезі қайратты мінез, берік мінез.

Тұрмыс мәселесін шешуге келгенде қайрат әр адамның бойынан табылады. Мағжанға қымбаттысы — қайраттың қоғамдық мәні. Нағыз қайрат иесі деуге тұрарлық адам — ел-жұртының мұңын мұндаған, күйін күйттеген адам. Ақынның сүйікті қаһармандары тарихтан — Кенесары, замандасынан — Міржақып, яғни ел қамын жеген едігелер болып келетіні кездейсоқ нәрсе емес, оның ақындық кредосынан туатын заңдылық.

Жалғыз-ақ Кенекем ғой қайрат қылған,
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен,—

дейді Мағжан «Оқжетпестің қиясында» атты балладасында. Кенесарының сөзі мен ісінде айырма жоқ. Хан Кене қазақтың қайғысына уланған. Жүрегі жара. Бірақ қайғының қара бұлтына еніп, аһылап-уһілейтін әлдекім емес. Ол — өрекеттің адамы. Атқа қонып, ойына алғанын іске асырып жүр.

Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Орысқа аш бөрідей ойран салды.

Замандасы Міржақып ұдайы іс басында. Жұртына «Оян, қазақ!» деп жар салып, патша зынданына түседі. Міржақыпқа арнаған өлеңдерінде Мағжан тұтқынның аянышты халін суреттей келе, кейіпкерін мойымауға шақырады.

Қайғы көрсе, ер жігіт қайраты аспақ,
Қамшы тисе, шын жүйрік үдей шапшақ,—

деп қайрайды. Уағаз сияқты көрінгенімен, денеге тиген ащы таяқтан туған ашыныс. Ерлікке шақыруға да кісісі керек. Кім көрінгенге елдің азаттығына жету мақсатын «жаңа күшпен», «өткір қимылмен» жүзеге асыруға шақыра алмайсың. Міржақыптай еңіреп туған ерлерге айтылар, өзінді де қамшылар шындық.

Көркем өдебиет құбылыстан, оқиғалардан яки талант иелерінен бас құрайды. Солардың біреуі ауызға алынбай қалса, орны үңірейіп тұрады. Ал бізде бір емес, талай тарландар ақтаңдақ аталды. Ақтаңдақ дейтін кесел фольклор екеш фольклорға дейін жайылады. Нәтижеде қазақ өдебиеті тарихының ит жыртқан терідей ту-талақайы шықты. Тіпті қыза-қыза келе, Абай төңірегін тып-типыл етіп жалаңаштап тастадық. Мұның Абайтану ғылымына зардабы аз тиген жоқ.

Не нәрсенің биік-аласалығы, терең-саяздығы салыстыру арқылы анықталатыны белгілі. Абай ақындығын, төңірегін, шөкірттерін бір-бірімен салыстыратын Шөкөрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан секілді жұлдыздар өдебиет көгінен ғайып болғанда, қазақ өдебиеті жөніндегі түсінігіміз теріс, жұтаң халге ұшырап қана қойған жоқ. Абайдың өз түсірер жарығы әжептәуір көмескіленді. Соның салдарынан Абай поэзиясы туралы дуалы ауыздардың өздерінен үстірт, сыңаржақ пікір айтылып қалып жүрді. Мәселенки, Абай Шығыстан жарытып ештеңе тартқан жоқ, не болмаса, Абай ескіні сынауға келгенде басшы, ал, «не істеу керек?» дегенде басшы бола алмай қалды, деп те ойкастадық.

Ендігі жерде, бұл кінәраттардан арылуға толық мүмкіндік бар. Қазақ өдебиетін ілгерілетудегі Абай мен Абайдан соңғы ақындардың тарихи рөлі терең тамырлы байланыста, дүние жүзілік көркем контексте жүйелі түрде зерттелуге тиіс. Бұл — өдебиет тарихын бұрынғыдай жартыкеш емес, нағыз ғылыми дәрежеге көтерілген рухани, мәдени тарихымыздың шұрайлы бөлегіне айналдырудың маңызды шарттарының бірі екені сөзсіз. Оқушы назарына ұсынылып отырған еңбегіміз осы шартты жүзеге асыру жолындағы талпыныс деп қана қабылдануын өтінер едік.

28 қазан 1994 жыл.

ІЛЕСІП ҰЛЫ АБАЙҒА ІЛГЕРІЛЕП...

(«Ғақлияның» жанрлық сипаты хақында)

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары оған мекен.

Мектеп жасындағы бала кезімізде «білмегенде ше?» дегендей, Абайдың ишаратына жауабымыз даяр тұрғандығына өжептөуір өркештеніп қалушы едік.

Кейін ғой, «білем» деген сөздің өзі білмегендікпен пара-пар екендігіне түсініп жеткеніміз.

«Өмірге келуіме әкем Филиппке борыштар болсам, өмірде лайықты өмір сүруге Аристотельге борыштымын» дейтін Ескендірді жұрт біле ме екен дегеннен шығады. Ескендірдің көп жұртқа бейтаныс қыры — ғылымға, кітап оқуға ынтызар болғандығы. Плутарх мағлұматы бойынша, парсы патшасы Дарийдің қазынасын қолға түсіргенде, не ғаламат жиһаздардың ішінен бір ғажап шкатулка, қорапша айрықша көз тартса керек. Нөкерлер бұл тек патшаның ұстауына лайық деп Ескендірге апарып көрсетеді. Ескендір Зұлқарнайын нөкерлеріне: мынау көз жауын алатын қорапшаның ішінде одан да өткен асыл зат сақталуы керек қой. Не сақтайсың сонда?— деп күмөнданады. Әркім өзінше ақыл қосады. Біреу алай дейді, біреу былай дейді. Біреуінің де кеңесі патша көкейіне қонбайды. Сонда Ескендір ойлана келіп: бұл қорапшада Гомердің «Илиадасы» сақталсын деп ұйғарады. Ескендір «Илиаданы» жаңағы қорапшада сақталған күйі жанынан тастамаған. Ұйықтарда қанжарымен бірге жастығының астына тығып жатады екен. «Илиаданы» зерттеу өскери ерлікке жетудің күшті бір тәсілі»,— деп отырады екен ол, Гомер поэмасын парақтаған сайын айызы қанып.

Бұл күндері «менталитет» деген сөзді жиі айтамыз. Оның жөні бар. Тәуелсіз мемлекетте қалай тұруымыз керек? Шешілуі оңайға түспейтін мәселе. «Адамға адам қасқырдай тиетін заңға бағынамыз ба, жоқ өлде «адамдық атыңды жойма!» деген Абай сөзіне құлақ түреміз бе? Әрқайсымыз өз жұтқыншағымыздың қамында жүрсек, «Қазағым, қалың елім, қайран жұртым» қай төбенің басында қалады? Сол көкейтесті сауалдардың сүбелі бөлегі шешімін Абайдан іздеп тапсақ ше? Ойлы бас, ояу көкірек үшін Абайдан қалған сөз

жоқ. Адам дүниеге жылап келіп, кейіп кетсе, соның бөріне Абай парасаты сөуле түсіреді. Соның бар саты, кезеңінде сен атыңды адам деп қойғанын ұмытпағын, дейді.

Ендеше, құдайға шүкір, қазақтың да жастанып жататын, жүрегінде жатталатын өз қадірлі кітабы бар. Ол — Абай кітабы. Абай хакім ұлағаты. Абайдан біз бір ғасыр ілгеріледік. Сонда ол біздің алдымызда. Әрқайсымыз Абайға ілесіп адымдаймыз. Біз үшін Абайсыз ілгерілеу жоқ. Мұны алдымен түсінген біздің бейбақ ағаларымыз: Мағжан, Ахмет, Міржақып... Абайға бұлар бірден бас иді. Өлеңдері баспа жүзін көре бастасымен-ақ, қазақтың бас ақыны атады. Содан бері қай дәуір өтпесін ол — қазақтың маңдайалды шайыры. Оза шауып, көз ұшында көсіледі де отырады. Солай көрінуінің бір сыры — ел көңіліндегі үлкен Абайдың әр ұрпақ жүрегіне ерекше жол табарлық қасиетінде деп білуге керек. Бұл, әрине, басқа қазақ ақындарын кемсіткендік емес. Өзге қазақ ойшылдары, өнер иелері білім, парасат жағынан Абайдан төмен түр дей алмайсың. Мағжан, Қасым не бүгінгі Тұманбай сөз өнерінде қай ақынмен де ат салысуға жарайтынын дәлелдеу керек пе? Абайға ешкімді тең көрмейтініміз, меніңше, «өлең — сөздің патшасы» болса, Абай сол өлеңнің нақ өзімен туысқан. Оның бер жағында, сол Мағжан, Қасым, Тұманбайлардың өздері қандай ақындық Алатауына арқа тірейтінін ұмытпауымыз керек.

Абай дара һәм дана туған ақын. Мағжан Абайды хакім атаған. Өйткені Абай шығармалары — ғылым, білімнің, рухани азықтың бітелмес көзі.

Абай халықпен бірге жасайды. Сондықтан оған бар заман есігі ашық. Бұл ақиқатты «Абайға айтарым» өлеңінде Қасым былайша өрнектейді:

Бұл күнге лайық ақынсың!
Ол күнге қалай сыйғансың!
Бір өзің бүкіл халықсың,
Қалдырмай бөрің жигансың.

Абай мен үшін бар өміріміздің тұтқасы. Қазаққа керектің бөрің құлағына құйып кеткен. Абай — біздің философиямыз, дініміз, тіліміз. Абай — сарқылмас, таусылмас қазына. Бір кезде көне грек тарихшысы Плутарх ұлы Гомер шығармаларының өзге бір ерекшелігін — қанша оқысаң да еш жалықтырмай-

тындығында, оқыған сайын күтпеген қырынан ашылып, тосын ой-сезімге бастайтындығында деп біледі екен. Абай да «алтынды жерден қаз, шыға берсе белден қаздың» нақ өзі. Абайдан бүгінгі күнді де, ертеңгі күнді де табасың, өйткені, Мағжан айтқандай, әр сөзі мың жыл жүрсе ескірмейді, тіпті әрбір жаңа дәуір өз міндеттерін тұжыруға тіл іздегенде Абайға үңіліп, нәр алып отыратындығы сөзсіз. Уақыт шекарасы дегенді білмейтін Абай, енді міне, азат елінің төрінде отыр. Ақын кенішінің маслихаты қазір біз үшін қымбат екендігі өз алдына, бұл — мүлтіксіз орындалуға тиісті өмірлік заңда.

* * *

Абай ортаймайтын қазынамыз десек, Абайтану — зерттелуі ғасырларға созылатын ғылым. Жанр, өрнегі өзгеше сомдалған «Ғақлияны» алып көріңізші. Қайсыбіреулердің «Ғақлияны» Тауратқа (Библияға) ұқсатуы (Г. Гачев)¹ тіпті де тегін емес. Бұл «Абайдың қара сөздері» дейтін дөңекіс, қарабайыр түсініктен өлде-қайда терең. Г. Гачев «Ғақлияға» байланысты Иудеяның патшасы Давид псаломдарын (өлеңдерін), Өннің Өні аталатын, Давидұлы Сүлейменнің қаламынан туды дейтін уағаздарды, бірінші орыс патриархы Иов есімін, Иудея сәуегейлері Исая, Иеремия қағидаларын еске алады. Өйтпеген негізгі екі себеп түрткі болған сияқты. Біріншісі — қазақ ой-пікірінің қайнар көзі есепті рөл атқаратындығы, рухани ұстаз қызметін атқаратындығы. Екіншісі — стильдік жағынан Таурат, Інжіл, Құранға «Ғақлия» стилінің үндестігі және солар секілді сөз атасындай, рухани мәдениет қайнарындай қабылданатындығы.

Рухани ізденіс, толғаныс өзі жүрегінде нақтылы өмір құбылыстары әсерінен туындай тұра, сол құбылыстардан белгілі қашықтықта, жырақ, өз беті өрістейді. Яғни адам нағыз ойға берілгенде фөниден биіктеп, бақи тұғырына қонады. Жалпы адамгершілік, мәңгі категориялардан шығады, ой мұхитында жүзетін кемеге сол бекеттен отырады. Сондай бекеттен аттанған Абай «Ғақлияны» туғызды.

Белгілі жәйт: әр автор шығарма жазуға кірісерде

¹ «Казахстанская правда» газеті. 6 тамыз 1994.

туындысының мән-мақсатына қарай жанрын да анықтап алуға тырысады. Осы дәстүр бойынша Абай «Ғақлияның» «Бірінші сөз» аталатын бөлімінде өзінің былайғы өмірінің бағыт-бағдары жайындағы ойларымен бөлісе отырып, шығармасының тақырыбы, стилі мен жанрын да анықтайтындай. Күнбе-күнгі тіршілікке, тұрлаусыз, «баянсыз», «байлаусыз» істерге сырт бердім дегенде Абай, сөз жоқ, өз еңбегінің қандай сыпатта жазылмағын ескертіп отыр. Осы мәселенің басын ашып алмайынша, «Ғақлияның» табиғатын түсіну қиынға соғады. Бұған мән бермеушіліктің қандай қисынға өкеліп соғатынын жорамалдау үшін оншама тер төгудің қажеті жоқ.

Абай шығармалары хақында әжептәуір соны сөз айтқан Г. Гачев «Ғақлияға» түпқұжат («перводокумент») деп, адамзат тарихының ежелгі ескерткіштерімен салыстырып, биік баға берумен бірге, сол айтқандарына қайшы оқыс тұжырым жасайтыны да бар. Ол. мәселен, «Ғақлияда» ұрлық істеме, оқы, сатқындыққа салынба деген уақыт атаулының бөріне ортақ уағаз бар да, реалистік картина жоқ, дейді де, Абайдың тобығынан келмейтін бір беллетристиканы қайнаған өмірді жазды деп мадақтап, «Ғақлияға» қарсы қояды. Зерттеуші қателігі, біздіңше, шығармаға жанрына қарай талап қою керек екендігін естен шығарғандығында. Әдеби жанрдың бұ қалайы болушы ма еді? Шындықты қай жанр дұрысырақ көрсетеді? Міне, бұл сұраққа жауап іздедің — қып-қызыл дауға қалдың. Қай жанрдан пындық көбірек туындайды, қайсысы өтірікті қоздатады? Мәселені бұлайша қойсаң, өдебиет заңына томпақ келгенің. Жазушы өмір жайында түйгендерін бейнелеу үшін жамбасына оңтайлы жанр іздейді, оның қайсысы ақиқатқа жақын, қайсысы салмақты деп безбенге салып, таразылап жатпайды.

Абай поэзиясы қазақ өмірінің болмыс-бітімін айнадағыдай көрсетсе, «Ғақлия» сол ізденіс-толғаныстардың түйіні, қорытындысы. «Ғақлияның» адамзат қауымында қазақ елі қалай тұруы керектігі хақындағы ұлағатты ойларын, Абайдың хакім ретіндегі қызметін философтар, тарихшылар, саясатшылар өлі аша жатар. Туындының өдебиет дамуындағы рөлі тіптен ерекше. Оны күні бүгінге дейін толық мөнісінде түсініп жеткен жоқпыз. Абай шығармасы қазақ проза жанрының бағын ашып, өрісін, тынысын кеңейтті. Абай Сөзі түптен тартып, күллі адамзат биігінен сыр шертеді. «Ғақлия-

ның» өмірмен байланысы біздің қазіргі уақытқа дейін ұстанып келген түсінігімізден көш ілгері. Өзі Абай болса, оның «ойына келген нәрселер», өрине, күйкі тірлік маңайындағы көр-жер емес-ті. Абай фәниді бақидан шолады. Ақынның бір өлеңінде бұл шолу былайша басталады.

Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

«**Ғақлия**» — сол терең ойдың телміріп соңына түсудің үлгісі. Ой өмір фактілерінен семіреді, бірақ жиған-тергеннің аясында қалып қоймайды. Нақтылы талдаудан зор ғылыми қорытындылар туады. Өртүрлі ой өмір құбылыстарымен салғастырылады. Терісі жоққа шығарылып, ел, ұлт тағдыры, замана тынысы хақында үлкен тақырыптарға барады. Бүгінгі істелетін істеріңе нұрлы идеялар сәулесін түсіреді.

Ежелгі адамзат тарихының рухани ескерткіштеріне ұқсас, үндес дегенде «**Ғақлияның**» міне біз осы ерекшеліктеріне меңзеген едік. Абай Сөзінің түп атасы Майқы би өз алдына, одан да өрірек Таурат, Інжіл, Құрандардан басталатындай әсер аласың. Мысалы, бетін аша қалсаң қадала қалатын себебің, бұл құдіретті кітапта өркениетті адамның тіліндегі ең шұрайлы нақылдардан, жүрек сезімінің не бір дірілін айнытпай жеткізетін бейнелі сөздерден, мөтелге айналып кеткен небір бейнелі сөз тіркестерінен көз тұнады. Таураттың Зәурөт (Псалтирь) аталатын тарауының он жетінші псаломында (өлеңінде) «Жан азабы отына түстім, етек алған заңсыздық зөремді ұшырды» (5 тармақ) делінген. Абай «**Ғақлиясынан**» дәл мұндай сөздерді ұшыратпасақта, ой-сезім төркініндегі драмалық өуен, жүрек жарды уағаз Таурат табиғатына үндес, сабақтас.

Давидұлы (Дәуітұлы) Сүлеймен патша адамдарды ақыл-парасатына, ар-инабатына қарай жіктеуді бастаған. «**Ақымақ бар ашуын лақ еткізсе, ақылды ашуына құрық салды**» (29 тарау, II тармақ). Немесе «**Сүлеймен айтқан өннің өні бөлімін алыңыз. Бұл бөлім махаббат лирикасы жанрын еске түсіреді. «Сенің қос емшегіңнің үрпегі, лала арасында жайылған еліктің егізіндей»**— дейді. Ғашық жанның сұлулығын жер-көктің асыл тасына теңеу дәстүрін де сол құжаттан табамыз.

Иерусалим патшасы Дәуіттің тағы бір мұрагері Екклесиаст «Әбігерден әбігер — бәрі бос әбігершілдік» (Суета сует — все суета) деп жариялаған. Осы қағиданың әсерінен десек артық кеткендік болмас, Абай «Бірінші сөзде»: «қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік» деп жазады. «Отыз сегізінші сөзде» Абай: «Алла тағала — өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі». Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды». — дейді. Екклесиасты оқысаңыз, ол: «Құдай ісін біліп болмайды» деген.

Қайсыбіреулер (Ғ. Есімов. «Казахстанская правда», 15 қараша, 1994 жыл) «Ғақлияны» «Нақлия» деп атағысы бар. «Слово Абая нақлия, потому что в ней нет новых истин», яки Абай еңбегінде жаңа ақиқат жоқ дейді. Міне, бұған дау айтуға тура келеді.

Біріншіден, Абай «Ғақлиясын» оның өлеңдерінен бөліп қарамауға керек. Екі шығарманың арасындағы сабақтастық еш күмән тудырмайды. Ойлары, пікірлері бір-бірін толықтырып, іштей жалғасып жатады. Абай шығармалары жөніндегі ендігі концепция, менің ойымша, мынадай болуға тиісті. Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалап, бүкіл рухани өмірімізді жаңа сатыға көтеруі үстіне, дүние жүзі мәдениетіне зор үлес қосты. Атап айтқанда, Абай алдыңғылардың бірі боп, Батыс пен Шығыс поэзиясын бір арнада тоғыстырған, солардың негізінде жаңа поэзия туғызған ақын. Осы себепті де Абай ұлттық ақынымыз болумен қатар, дүние жүзі әдебиетінің белді тұлғасы да. Осындай синтездің жөне бір үлгісін біз «Ғақлиядан» байқаймыз. Абай сөзін мұсылман дініндегілер ғана емес, бұндағы қағидалардың басым бөлегін Христиан, Иудей, Будда дініндегілер де бойтұмар етіп тағып жүруіне өбден мүмкін. Өйткені бұл еңбекте жоғарыда аталған тұңғыш құжаттардай, жалпы адамзаттық өреде талдап шешілген асыл ақиқаттар, қарымды қағидалар жетерлік.

Ұлы Абайдың «толық бақытты адам» туралы ілімінің қыр-сыры, қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі маңызы өлі жете тексерілмеген сала, шешілмеген тең. Біздің бұл салада атқарылмақ ісіміздің бағыт-бағдарын алғаш рет Мағжан Жұмабаев сілтеп көрсеткен еді. Мағжан «Педагогика» еңбегінде «толық адам» туралы Абай ілімін адам жанын тәрбиелеуге арналған дүние жүзі ғылымының құрамды да құнарлы саласы ретінде қарастырып тексереді.

Екіншіден, «Ғақлия» және «Нақлия» сөздерін бір-біріне қарама-қарсы қоюдың жөні жоқ екендігін айтуымыз керек. Өйткені бұл екі сөз бір синонимдік қатарға жатады. Айырмалары тіптен шамалы. Сол себепті Мұхтар Әуезов «Ғақлия» сөзінің қазақшалағанда нақыл деген сөзге саятынын түсіндіреді. Абайдың «Ғақлия» (нақыл) сөздері» деп бір ұғым қатарында қосақтап жазады. (Қараңыз: шығармалар, 18 том, 159-бет). «Ғақлия» — араб сөзі. Ақыл, өсиет, ғибрат, үлгілі сөз деген мағына білдіреді. Нақыл деген сөз де сол мағынаны білдіреді. Нақыл да — өсиет сөз.

Жанр жағынан келгенде, Абай «Ғақлиясы» қазақ әдебиетіне өз жаңалығымен қосылған шығарма. Өмірден туған ойлы сөз бола тұра, бір ерекшелігі — кілең силлогизмнен тұрмайды. Көсемсөз (публицистика) көп тұстарда лирикалық проза, көркем психологизм элементтерімен тонның ішкі бауындай ұштасып жатады.

Бұл айтылғандар Абай сөздерінің Құран Көрім аяттарын түсіндіруге арналған бөлімдеріне де тікелей қатысты.

Ал «пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уассаламның» хадисі ретінде тікелей келтірілген Мұхаммед өсиеттерінің Абай «меніне» өсерін түгелдеп талдау үшін «Ғақлияны» қайта көшіруге тура келер еді. «Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ» деген қағиданың бір өзі ғана Абай дүниетанымына және сөз саптау мәнеріне қаншалықты ықпал еткені түсінікті болуға керек.

«Ғақлия» мен көне заман ескерткіштерінің арасындағы мазмұн мен стиль сабақтастығы, ағайындастығы адамзат рухының тұрақтылығына тағы бір мысал. Адам ойы арқасында айнала дүние танымастай өзгергенімен, адам бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттер тым өзгере қоймаған. Уақыттан күшті еш нәрсе жоқ дейді. Ал сол жеңілмес, алған бетінен қайтпас, доңғалағы кері айналмас уақыт адам бойындағы ізгілік пен жауыздық табиғатын қаншалықты өзгертті? Абай «Ғақлиясында» міне осындай «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» мәңгі тақырыптарға барған. Сондықтан Абай сөзі бізге социализм тұсында да рухани азық болды, қазір қайта айналып соққан капитализм тұсында да алдымызға жарық түсіріп отыр.

Абай шығармаларындағы «мен» — бақи адамы. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деп басталатын өлеңінде Абай «Мені» мен «менікі»-нің айрылғанын

«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» дейтіні осы себепті. Мұндағы бақи адамы жол ұзартатын қысыр өңгіме иесіне, жө болмаса дау-шарда төрелік айтушы биге, не мінбеден жалындап тұрған шешенге ұқсамайды. Абай «мені» — өзіне дейінгі адамзат ойының қуатына сүйене отырып, замана сауалдарына жауап табатын хақим. Өзі жиырма жетінші сөзінде беделіне сүйенетін Сократ хақим тұрпатты адам. Абай өлемі — ой-сезім мұхитының өлемі. Ол — Абай «мені», сонымен бірге оның иесінен жырақ, бөлініп кеткен, одан тәуелсіз адам. Ол біздің де есігін ашып кіруімізге рұқсат өлем, біздің рухани игілігіміз, мынау фенидің қоқыр-соқырынан бір уақ көтеріп өкетіп, ішкі сарайымызды нұрландыратын ғажайып өлке.

Абай «менінің» тағы бір ерекшелігі — сыршылдығы, жүрегін жалаңаш ұстайтындығы. Біз ол өлкеге баса-көктеп кіріп кетеміз дегендік емес. Біздің ішкі монологқа, психологиялық талдауға еркін баратын ақын ойы мен сезімінің пәктігі, ізгілігі сүйсіндіреді, еліттіреді.

«Мен өзім тірі болсам да анық тірі емеспін... Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де өлдекімдікі.» — деп бар ішін жайып салады Абай (Тоғызыншы сөз). Бұл сырды қатқыл, жалаң силлогизмге жатқыза алмайсың. Лирикалық проза десен сыйып жатыр. Психологиялық талдаудың да талдауы бар. Өзіңе белгілі сезімдерді самарқау тізбелеп, ана жай, мына жайды кірбең баяндайтын өрістетілген ішкі монолог дейтініміз күр сөзуарлыққа салынғандық, поэтикалық, көркемдік өлемнен шеттегендік. Тургенев ақын Некрасовтың өлеңдерін сынай келіп, «поэзия там и не ночевала» деген екен. Дәл Некрасов поэзиясы жөнінде өділетсіз пікір десек те, мата даңқымен бөз өтеді дегендей, шын көркемдік дәрежеге көтеріле алмаған күшеншек дүниелерге бұл мірдің оғындай тиетін сын. Абай психологизмі адам жүрегінің небір нәзік құпиясын ашады. «Ашулансам, ызылана алмаймын» деген сөзді, сөзді емес-ау жан сарайында жарқ еткен сезім ұшқынын сол сөтінде оймен қас қағымда қағып алып таңбалау, өрнектеу — бұл ғалымдығына поэтикалық даналығы сай келетін адамның ғана қолынан келетін сиқырлы іс. Яки Абай ішкі сезім диалектикасын дөп басады. Мұның мәнісі сол, — Абай

жан өлеміндегі құбылыстардың бетке ойнап шығатын, денеге өсер беретін белгілерін суреттеумен тынбайды.

Абай өз іпін ашады. Сол өлемдегі толқындарды суреттейді, кестелейді. «Сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бөрі де өлдекімдікі» дейді Абай. Мұндай жан күйін беті қуқыл тартты, я қызарып кетті деген сөздермен жеткізе алмайсың. Бұған психологиялық талдаудың басқа бір тәсілі, атап айтқанда ішкі монолог керек. Бұл — бір. Екіншіден, жан толқуларын біз көбінесе жаттанды сөздермен жеткізуге өдеттенгенміз. «Өзіме өзім келе алмай тұрмын» десек, сезімдегі дәйектіліктің бұзылғанын шамалап жеткізе алуымыз мүмкін. Бірақ шамалап қана. «Ашулансам, ызалана алмаймын» деген психологиялық тың тіркес, түзіліс, бет-жүзіңнен оқылуы қиын бір құбылыстардан хабар береді. Осындайда Абайдың: «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла» дегені еске түседі. Әшейінде «ашу», «ыза» деген сөздерді біз бір дестеде қолданамыз. Абай бұлардың мағынасын бөлектейді. «Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс, Ыза қылды қолыма бір жеткізбей» дейді. Бұл тұста «ыза» орнына «ашуды» синоним есебінде ауыстыра алмайсыз. Өйткені мұндағы ызада ашу шамалы. Есесіне ызаланып қайратқа мінгісі келетін талап бар. Ал «Ашулансам, ызалана алмаймын» дегені сол қайраттың кемігені. «Қайратсыз ашу — түл» деген Абай афоризмі де бұл жан құбылысын сипаттауға кілт пе деген ойға қаласың.

Осы айтылғандардан туатын қорытындының бір ұшығы «Ғақлияның» жанрына байланысты. «Ғақлия» — әдеби-философиялық жанр. Осы жағынан ол Монтеньнің атақты «Тәжірибелеріне» (1580) ұқсайды. Абай творчествосы Батыс пен Шығыс әдебиеттері қауышқан, тоғысқан арнадан шыққан десек, біз, өрине, мұндай салыстыруларды мольнан жүргізуіміз керек.

Қайсыбір зерттеушілер «Ғақлия» түбіріне үңілгенде «Қабуснаманы» (1082—1083) көбірек атайды. Парсы ғалымы Кайқаустың бұл еңбегі татар тіліне 1882 жылы аударылғанын негізге алып, Абай Кайқаус шығармасын білген деген жорамал айтуымызға өбден болады. Кайқаус: «Өзім білетін өрбір ілімді, өнерді, өдет-ғұрыпты, қырық төрт тарауда баяндадым» деп жазады. («Қабуснама». Алматы. «Балауса». 1992, 156-бет).

Кайқаус та, екі жаққа, Батыс пен Шығысқа бірдей үңілген адам. Ол антикалық ғұламалардың (Сократ,

Аристотель) еңбектерімен, Шығыс жұлдыздарының ілімдерімен кең таныс екендігінің ізі «Қабуснамада» сайрап жатыр.

«Қабуснамада» болашақ білікті адамның, мемлекет қайраткерінің білуге тиісті салаларының бәрі бар дерлік. Алла тағаланы танудан бастап, астрономия, медицина, соғыс өнері, сауда-саттық, адамгершілік, мораль, құлықтылық мәселелері, не түрлі спорт ойындары, махаббат, жыныс қатынасына дейін қамтылмаған сала жоқ. Әр мәселе жеке тарауда талданады. «Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы», «Шарап ішудің шарттары туралы», «Үйлену туралы», «Моншаға бару туралы» деген тәрізді іспетте. Әр мәселені дербес толғау принципі жағынан «Қабуснама» тарауларына Абай сөздері сырттай ұқсас келетіні рас. Тіпті кейбір сөздерде үндестік те кезігеді. Қайқауыс өз еңбегінің «Ақындық өнер туралы» отыз бесінші тарауында: «Ей, перзентім, егер ақын болғың келсе, ақылды бол. Сөзің тілге жеңіл, көңілге қонымды болсын. Түсінуге қиын қисынсыз сөздерді қолданудан сақтан, өзіңе түсінікті болғанмен, өзгелерге түсініксіз ауыр сөздерді пайдаланба.» дейді (117-бет).

Абай өлеңі бұл дидактикадан көш ілгері. Дегенмен, «тілге жеңіл, жүрекке майда тиіп» деген жолдың төркіні «Қабуснама» болар ма?— деген ойға тірелетінің даусыз.

Абай өзінің көп өлендерінде «ұстаздық етуден жалықпайды». Бірақ Абай дидактикасы «Қабуснамадағыдай» силлогизмге құрылған жалаң дидактика емес. Төкен Әлімқұлов тауып айтқандай, «сазды дидактика». Поэтикалық дидактика. Мұнда ой мен сезім, публицистика мен бейне тонның ішкі бауындай қабысқан. Сол тұтастық Абай прозасын көркем проза дәрежесіне көтереді.

Мұхтар Әуезов білгірдің сөзіне құлақ салсақ: «Жалпы алғанда, Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.» (Шығармалары. 20-том, 218-219 беттер).

«Ғақлия» мәселе, проблематика жағынан «Қабуснамамен» туыстас десек те, стильдік жағынан Абайдың өзі

тапқан бөлек көркем сөз дүниесі екені рас. «Қабуснама» педагогикалық еңбек. Оны сол тұрғыдан түсінуіміз керек.

«Қабуснаманың» тұла бойы ережелден тұрады. Абай ақыл соқпайды, оқушысымен мәжіліс үстінде ақиқат іздейтін қалыпта отырады. Даяр ой жоқ. Оны қазып табуға керек. Сондықтан оннан, мұннан жұлмаланған өзір тіркестер де жоқтың қасы. Осының бәрі оқушысын қызықтырып, өлде бір әсем дүниеге бастап ап әкетеді.

Сырт сипатына қарап «Ғақлияны» Лев Толстойдың «Круг чтения» деген еңбегіне ұқсатасың, — деп жазады Мұхтар Әуезов. Бұл — Толстойдың төл туындысы емес. Ұлы жазушы өзіне дейінгі ойшылдардың терең пікірлерін жиып топтап, бірнеше кітап құраған. Бірақ онда Толстойдың өз авторлық ойлары жоқ.

«Ғақлия» бір есептен Абай өлеңдерінің прозада жаңа сөзбен тараған түрі сияқты әсер береді. Оқушысына сұрақ қойып, өңгімеге еліктіріп отырғанда Абай «Қабуснамадағы» сияқты «Іс жүргізу, хатшылық жұмыс» деген тәрізді практикалық күнделік істерге бармайды. «Абай «Ғақлиясы» толық бақытты адам туралы ілім бола тұра, соның ой мен сезімге бірдей әсер ететін түріне жатады. Осы себепті де біз «Ғақлияны» Монтеньнің «Тәжірибелеріне» орайлас дүниеге балаймыз. Монтень өз кітабын бала-шағама арнадым дейді. Аталарының қандай кісі болғандығын біліп жүруі үшін ішегімнің қыр-сырына дейін бүкпей айтып бердім дейді. Әрине, мұнысы — өдеби төсіл, адам жанының небір құпия қоймасын ашу амалы. Абай сөзін ұрпағына арнайды. «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім!» деп үндегенін қазақ қауымы өзіне айтылған ата сөзі екенін түсінеді. Солай бола тұрса да, қазақ авторы үшін ашу жағынан Монтеньнен кем түспейді. Ол да «бүтін» сыртын дәріптемейді, көбірек «түтін» ішін ақтарады.

«Ғақлияны» сұрау салар тағылым кітабы ма дерсің. Бірақ хадис шариф стилінде жазылғанымен, бұл шығарманың мақсаты өзгеше: өмірден жалпы адамгершілік ұлы мағына іздеу. «Ғақлия» қазақ қауымының талай ғасыр басын ауыртқан күллі проблематикасын алға тартқанда, философиялық бақи категорияларға иек сүйейді. Жалпы адами тұрғыдан ой толғауда Абай Монтеньмен орайлас, арналас. Монтень көркем бейне көсемсөзден құйылған құйманы «эссе» деп атаған алғашқы өнер иесі. «Эссе» деп атаған сол жандардың бағы ашылуына мықты үлес қосқан жан. «Тәжіри-

белер» кітабында адам өмірінің сан алуан қырларынан сыр тартасың. Адам мінезі, қасиеттері, өдет-ғұрпы, жақсы-жаман машығы барынша сараланады. Мәселен, бір алуан тақырыптары былай болып келеді: «Қайғы туралы», «Үрей туралы», «Достық туралы», «Маскүнемдік туралы», «Ата-ана махаббаты туралы», «Ождан бостандығы туралы» т. б. секілді. Тіпті «Өлім аузында адамның өзін-өзі ұстауына қалай баға беру керектігі жайында да арнайы тарау бар.

Осы тақырыптарды талдау үстінде Монтень өзінің ішін тарқатуға ден қоятын роман кейіпкеріне ұқсап кететін жайлары болады. Әсіресе сол кейіпкердің «іші» қандай десеңізші. Бір өзі жатқан ғаламат дүние. Оған өлемдегі не қызықтың бөрі — адамзат тарихы, рухани қазынасы түгел сыйып кеткендей.

Міне, осы сияқты еңбектермен Абай қазынасын салыстырып көрсе қайтер еді? Сұрақтың туатын себебі, жеткен жерінді білгің келгендіктен. Абай қазақ ой деңгейін жаңа биікке көтерді дейміз. Сол биіктің деңгейін мөлшерлеу үшін өзге жүйріктермен жарыста салыстыру керек екендігі түсінікті болуға керек.

Мысалы, «Өлім аузында адамның өзін-өзі ұстауын қалай бағалау керектігі туралы» тарауды алайық. Темір өзек жан жоқ. Өйтеуір күндердің күнінде аманатын беруге тиіс болатын пенде өлім туралы ойламай қоймайды. Абай да сөйткен. Абай ойларын Монтень пікірімен салыстырып көрсең, небір тосын жайлардың үстінен шығасың. Абай өзін «жұмбақ адаммын» десе, ақынның ақырғы сапарының да біз үшін тұстары аз кезікпейді. Бұл бір. Екіншіден, бұл тақырыпта да Абайдың өзіндік беті жаңа бір қырынан ашыла түсетіндей.

Абай мен Монтеньнің түйісетін тұсы — төбе-құйқаны шымырлататын тақырыпты көдімгі құлықтылық талаптарының төңірегінде ұйытуда.

Монтень адамның өзімшілдігі, өркөкірексіздігі ажал сағаты соғарда да мен мұңдалап тұрады дейді. Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұрғанның өзінде адам байғұс дәл бүгіндер өле қоятындығына түбегейлі сене қоймайды. «Бағзы біреулер менен де ауыр жатқанда секіріп тұрып кеткен. Ауырдың — аунап тұрдың. Құдай сәтін салса, өлі-ақ айығып кетермін» деп дәмеленеді. Адамдардың тағы бір парасы бар, — олар өлсе аспан айналып жерге түсетіндей көрінеді. Юлий Цезарь қаза тапқанда күн

тұтылды, қара жамылды-мыс деген лақап тегін тарамаған.

Сондағы Монтеньнің айтайын дегені не? Ғалым бір дана қарттың аузына мынадай сөз салады: өмір сүру пәлендей ерлікке жатпайды. Қыл-аяғы күрт-құмырсқа да тірлік етеді. Адамға өлім — ең қатал сын. Өлерінде бәрін ақылға жеңдір, қадіріңді түсірмей тас-түйін бекініп ал, — мінеки, нағыз ерлік деген сол.

Осы тұста Монтень тағы бір ойлардың жетегіне беріледі. Ажал әр түрлі сұста келеді. Бір ажал алдыартыңа қаратпай, жасын түскендей жайратады. Цезарь өзіне қас-қағымда тұтқиылдан жұлып өкететін өлім тілеген екен. Монтень де кенеттен ғайып болуды армандаған.

Құдай тілеген тілегіңнің бәрін бере бермейтіні белгілі. Төсек тартып ғаріптілікке ұшырасаң қайтесің? Оған да Монтень жауабы даяр. Тулли Марцеллин деген Рим жігіті алмай тынбайтын ауруға ұшырайды. Осыны сезген ол өмірден қашуды емес, кетуді ойластырған. Ажалға ет жүректі үйретпекті ұйғарып, тамақтан бас тартады. Ашыққан үшінші күні өзін жылы сумен жуындыруды өтінеді. Сөйтіп бірте-бірте сөне береді. Өзін қалың ұйқыға шомып бара жатқандай сезініп, жаны қиналмай дүниеден көшеді.

Монтень өзі қырық жасында ағзасына тас байланып, алпысына жетер-жетпесте жығылады. Жас шағында өлермін деген ойдан зөре-құты қалмайтын ол, мына белесінде өзге күй кешеді, ажалына сабырмен жолығады.

Монтень ұлы философ Сократтың қалай қайтыс болғанын екі-үш әңгімесінде зор ілтифатпен жазады. Сократты, жалпы көне Греция, Рим ойшылдарының еңбектерін қазақ данышпаны Абайдың терең зерттегені белгілі. Абай жиырма жетінші сөзін «Сократ хақимнің сөзі» деп атауы соның айқын айғақтарының бірі.

Сократ жастарды бұздың деген жалған айыппен өлім жазасына кесіледі. Үкім бойынша ол у ішіп өлуге тиіс. Монтень пікірінше, Сократтың кереметтігі — үкім орындалғанға дейінгі отыз күн бойы бұрынғы қажыр-қайратынан адасып қалмауында. Ол ажалмен бетпе-бет кездескен күй кешсе де, үрейге жеңдірмей, уайымға берілмей, кеудесін тік ұстаған.

Сонда Сократ қатал тағдырына шын мойын сұңғаны ма? Монтень бұл сұраққа да жауап іздейді. Келген қорытындысы — көріліктің табалдырығын аттамай

тұрғанда ол шыбын жаны үшін күресіп бағар еді. Халқына берерін беріп кетуді армандар еді. Бірақ бұ жолы Сократ о дүниеге аттануға іштей көндіккен тәрізді. Түрмеде жатқан Сократқа жақын-жақпайлары, достары, шәкірттері әділетсіз үкімді бұзу керек, тиісті орындарға шағынайық,— деп келеді. Сократ бас тартады. Ендеше қашып шық, ретін табамыз дейді. Сократ көнбейді. Осы жайларды баяндай келе, Монтень мынадай байлам шығарады: ол тағдырға мойын сұнды, өлім жазасына кескен үкімге іштей қол қойды, өйткені бұл кезде жетпіске жеткен Сократтың бұрынғы Сократ емес екені түсінікті. Ол қуатты ойының әлсіреп, қиядан шалатын талантының кеміп бара жатқанын сезді, ар жағы түсінікті болуға керек дейді. (Мишель Монтень. Опыты. Бірінші және екінші кітап. «Наука». Москва, 1979. с.с. 535—540. Үшінші кітап. с. 31).

Ұлы кісілердің шыққан биігінен төмендегісі жоқ. Олар үшін ойдан тозудан артық қорлық болмасқа керек. Ол қорлыққа пенде болған соң бірі төзуі, бірі төзбеуі. Сократ төзбеуге ұйғарған. Сондай мінезді біз қазақ данышпаны Абайдан да аңғарамыз. Мына бір пікірге құлақ түріп көрелікші.

«Қайратты күнімде,— деп жазады Абай тоғызыншы сөздің аяғында,— қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан өбден біліп, үмітімді үзген кезде өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «өттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.»

Абайдың Сократты бір кісідей білетіні жоғарыда айтылды. Абайдың Сократпен үндестігі — қуыс кеуделікке, тозушылыққа қарсылық. Жұмсайтын қайратың болса, дер кезінде жұдырықтай жұмыл. Ал қартаю дегенге келсек, бұл білдіртпей тонайтын қарақшы. Қалай құлайтынын ешкім де білмейді. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп аталатын өлеңін жазғанда Абай небәрі қырық жаста екен. Осы жаста қартайдық деп жүргені бүгінгінің кезінде ақындық өсірелегендік сияқты көрінуі. Бірақ Абай ақиқатын айтып отыр. XIX ғасырдың аяғы, жиырмасыншы жылдың басы кезеңінде адамдардың орта жасы шынында да қырық жастан аса қоймаған-ды. Абай сол

кездегі орта жас деңгейінен аттай жиырма жас асып түсті. Мұның өзі көріліктің кесапат күшіне қарсы Абайдың білек сыбанып күресе білгендігіне мықты дәлел. Осы күресін Сократ секілді саналы тоқтатпағанда, сұм тағдыр соған мәжбүр еткізбегенде, Алланың ақ өлімін игтиқатты сабырмен тілей жүріп, өлі қанша жасар еді, кім біледі. Орнымды басады деп төңірге сыйынып дәмеленіп жүрген Әбдірахманынан айырылып қалған соң, көзінің қарашығындай тағы бір перзенті Мағауияның өлімі Абайды қаусатып кеткені сөзсіз.

«Бұл өлім,— деп жазады Мұхтар Әуезов,— Абайдың қарт қиялын мүлдем күйретеді. Мағауия өлгеннен кейін еш пендемен тілдеспей, өз ойымен өзі болып, барлық қайғысын ішке жинайды. Арада қырық-ақ күн өткеннен кейін улы ой, ащы қасірет бойын жеңген ұлы ақын, алпыс жасында, өзінің туып-өскен жерінде бұл дүниеден мәңгілікке сапар шегеді. (М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18 том. «Жазушы», 1985, 159-бет).

«Сократқа у ішкізген кім?— деген сұрақты Абай жәйдөн-жөй қоймаған. Сократқа ұқсап цикута уын ішпесе де, Абай өзі мойындағандай, «өткен күннің уларын» қарбытып-ақ ішті. Сократ о дүниеге аттануға отыз күн жиналып даярланса, бас абайтанушы Мұхтар Әуезовтың суреттеуінде Абай қырық күн бойы еш пендемен тілдеспей «ұғымсыз» бір дертке түсті», «доктор алғызамыз» деген жанашыр тілекке «суық қана түйіліп, бас шайқаған». Жазушы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын «Өмірден Абай кетті» деп аяқтаса, мұнда үлкен шындық бар.

Мағауия өлгенде Абай: «Қырық күннен қалмай артыңнан барамын, қарағым!»— деген. Мұны біз Төкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» аталатын кітабынан келтіріп отырмыз. Сол кітапта Абай ауданы, «Бірлік» колхозының тұрғыны Мақып Қорамжанкелінінің естелігі бар. Кезінде Қорамжан деген ұрыны ұрлығын қойғызамын деп Абай қасына көшіріп алады. Арада бірір жылдар өтеді. Қорамжан үй-ішімен Абай үйіне қызмет істеп жүреді. Бірақ Мағауияның өлімінен кейін жағдай өзгереді. Баласының жетісін бергеннен кейін,— дейді Мақып,— Абай атамыз бізді шақырып алып кеңес берді:

— Сендерді енді өз ауылдарыңа көшірейін деп отырмын. Мен де енді қанша өмір сүрер дейсің.

Көзімнің тірісінде көпіндер. Артта қалған балалардың бірде болмаса бірде тілі тиіп жүрер.

Абай негізінен ешкіммен тілдеспей отырса да, өзіне бөлеген уақыт ішінде кейбір фәни мәселелерін естен шығармай, сергек отыр. Қорамжанға екі бие, екі түйе, бір сиыр береді, киіндіреді. Жігітек руының Сарыкөл деген жеріне көшіртеді.

Абай қайғыдан шөгіп кетті. Оған ендігі жарық дүниенің қызығы қалмағандай. Абай көкірегінде өмір сүрудің белгілі шарттары қалыптасты. Олай дейтініміз, сүйікті інісі Оспан 1891 жылы қырық жасында дүние салғанда жазған «Оспанға» деген өлеңінде Абай, қазақ түгіл, өңге адамзаттың ұғымында жоқ, Мұхтарша айтқанда, оқыс бір пікірге ойысады.

Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің япырмай!

О заманда, бұ заман өлімнің жақсысы болушы ма еді? Біздіңше, бұл арада Абай өзінің толық бақытты адам туралы ілімін еске алған ба дерсің. Абай інісінің характеріне бас иеді. Өмірге қандай нағыз адам, дүниені белшесінен басқан пәндө болып келді, дәл сол күйінде бұ жалғанмен қоштасып отыр. Тозбаған, шаршап-шалдықпаған. Өйткені өзені суалған жоқ. Жайлауы қуарған жоқ. Адамзатқа түңілмеген. «Жайнаған туы жығылмай» деген символдық бейнелі сөздің өзі неге тұрады. Қарапайым жайдақы тілде мұның мәнісі — қартаймай, көрілікке жеңдірмей өлген деген сөз. «Оспанға» өлеңін жазғанда Сократ есіне түсті ме ақынның, кім білсін.

«Ақыл мен жан — мен өзім, төн менікі, Менікі өлсе, өлсін, оған бекі», — депті Абай тағы бір өлеңінде. Сол қырық күн бойы өмірмен қоштасуда «өлмейтұғын артына сөз қалдырған» «менінің» тағдырын ойламай қойған жоқ. Ол «менінің» сыр-сипаты өзгеше. Өйткені бұл «мен» — Абайдай алыптың ақылы мен жаны. Абай «мені» енді жұлдыздайын жарқырап, қазақ атты ұлтының бүгіндер шексіз мақтаныш тұтатын «меніне» айналып отыр.

Қазақ әдебиетінде бұрын-сонды кезікпеген жанр — әдеби-философиялық эссенің бағын сол Абай «мені», Абай қаламы ашып тұр.

28-қараша, 1994 жыл.

ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ДАҢҒЫЛЫ ЖАМБЫЛ АТА

Қазақстан жер шарының бес Францияға жетерлік бөлігін алып жатса да, жаһан жұртшылығы көп уақыт бойы қазақ деген қауымның дүниеде бар-жоғын білмей келді. Өйткені бодан ел — жадау ел. Жадаулыққа кім көз тікпек? Соғыстан кейінгі жылдарда жол түсіп, Жапония, Ирак не бұрынғы социалистік елдерде бола қалғанда, жөн сұрасқан бетте «мен қазақпын, Қазақстаннанмын» десең, аңырып оның қай түс екенін білмейтіндердің талайын кезіктірдік. «Оған кінәлі өзіміз ғой, адамзат кім екенімізден бейхабар болса, елдігімізді танытарлық не қайрат көрсетіппіз?» деп көңілің бір түрлі құлазитын. Сонда да үміт үзбей: «Ау, Жамбылды естігеніңіз бар ма?» — қырсықтана сұрақ қоятынсың. Сөй деп сұрақ қоюың мұң, жаңағы шетелдік: «О, Жамбыл, енді қалай, жүз жасаған ақын, өрине, білеміз!» — деп жоғын тапқандай қуанып қалатын.

Мен де қуанатынымын. Бір жағы осындай жер шарына даңқы кеткен атамыз болғаны үшін мақтаныш сезімі көңілімізді едәуір серпілтіп тастайтын.

Жамбыл атағы өсіресе Ұлы Отан соғысы жылдары жер жарды. Бұл жылдары, атап айтқанда соғыстың бастапқы кезінде Сталин культі күңгірт тартты. Москва мен Ленинградқа анталап келіп қалған жаудың бетін бір қайтарса, халық тегеуіріні қайтаратын еді. Міне, осы жылдары Жамбыл шабыты көктем суындай тасқындады. Табиғатында халқын, халқы сүйген ерлерін жырлауға төселген ақын өзінің бұрынғы үйреншікті даңғыл жолына түскен еді. Жамбыл сөзі, Жамбыл жыры майдан шебіне шықты. Орыс, қазағы демей, шептегі бар ұлт солдаттарына іштен туған баласындай еміренді, күллі совет халқының жігеріне жігер қосты.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.

деп басталатын өлең соғыс уақыты тұрсын, тіпті бүгін де жүрегіңді толқытпай, тебіrentпей қоймайды. Өйткені бұл қуатты жолдарға көп мағына сыйып кеткен. Қазақ ауыз өдебиетінің, эпосының алыбы шырқау биіктен көрінді. Құшағына ұлан-ғайыр Россияны сыйдырып жіберуімен таңдай қақтырды. Мұндай бауырмал адал махаббатқа бүгінгі азат Россия да ризалық сезіммен қарайтындығына мен өз басым берік сенімдемін.

Немесе мына фактіні алыңыз. Жауды өкшелеп келіп, Украин жеріне аяқ басқан бір топ қазақ жауынгері тізерлей отыра қалып Украина топырағын сүйеді. Соны естіген бойда Жамбыл домбырасын қағып жіберіп, өлеңін нөсерлете жөнелді.

Украина топырағын
Көкірегіндеі ананың
Жауған оқтан жасқанбай,
Сүйіпті менің ұлдарым.
Жасыратын сыр ма бұл,
Естіп соны қарт Жамбыл,
Көкірегі күңіреніп
Жас ірікті бұл да бір.

Бұл сөздерді бүгінгі тәуелсіз Украина ризалықпен еске алады.

Рас, ақынның қазіргі құлаққа тосаң естілетін сарындары да жетерлік. Қазағының болашағынан дөметіп, Сталинді алғады. Жамбыл сол бір дәуірдің үні ғана емес, символы да болды. Сондықтан ба екен, айдаудан жаңа оралған Мағжан Жұмабаев сталиндік тордан өлі пықпағанын түршіге сезініп, Жамбылдан ойша жәрдем сұрайды.

...Жан аға! Шықтым өлімнен,
Халімді менің көрсейші.
Жаның нұрға көмілген,
Нұрыңнан үшқын берсейші!..

Бұл жан айқайы көрі ақын құлағына жеткен-жетпегені белгісіз. Сірә, жетпеген. Жамбылдың осы лаң тұсында жарияланған «Жоғалт көзін!» деген памфлет өлеңін оқып, Мағжан жағасын да ұстаған болар. Кім біліпті...

Бұл өлеңдері үшін Жамбылды жазғыруға бола ма? Мұндай трагедиялық ахуал тоталитарлық жүйе тұсында саналы өмір сүрген үлкенді-кішілі бөріміздің басымыздан кешкен кесапат. Тарихқа не шараң бар? Өткен іске өкіндің не, өкінбедің не. Тарих соқпағының көшеден ерекшелігі, бұрын басқан ізінді қайта айналып шиырлай алмайсың. Сталинге теңеу таппаған бір ғана Жамбыл емес-ті. Кулыт қоңырауын қаңғыратпаған қаламгер кемде-кем. Оның бөріні ақтандаққа айналдырамы десен, тұтас бір дәуірдің өдебиетін жауып қояр едің. Қазіргі кезде өйтем деп өуреленудің өзі өбестік.

Жамбыл не көрсе де халқымен бірге көрді. Ащыны да, төттіні де елімен бірге татты. «Жамбыл — менің жөй атым», Халық — менің шын атым» дегенде, Жөкең шындықты айтқан. Ол өмір бойы халықтың ну ортасында жүрді. Халықтың жоғын жоқтаса, бұл өзінің жоғы еді. Бұның қуанғаны халқының қуанғаны еді. Соғыс кезінде ол Мемлекет сыйлығының лауреаты атанды. Шаттыққа бөленді. Ел жеңістеріне халқымен бірге шаттанды. Соғыс тақсіретін де елімен бірге тартты. Жүздің жүзін еркін көрем деп жүрген Жамбылдың морт сынғаны сүйікті ұлы Алғадайдың қан майданда ерлікпен қаза табуын естірткеннен кейін екенін кім білмейді.

Алатауды айналсам,
Алғадайды табам ба?
Сарыарқаны сандалсам,
Саңылағымды табам ба?
Өлім деген у екен,
Мендей көріп адамға...

деп исі қазақты жылатқан Жамбыл атамыз емей, кім еді? Ұлы ақынға халқы белі қайысып көңіл айтты. Соғыста айырылған өке, іні, қарындас, туыс-бауырларын жоқтап, бірге жыласты.

Жоқ, Жамбылды туған елінен, жұртынан жырып, бөліп өкете алмайсың. Жамбыл беделін түсірмекке деген арам ниет өрқашанда құм қабатыны сөзсіз.

Жамбылды «алай еді, былай еді», ол өз дәуірінде қалып қойды, өлеңі Сталин заманымен бірге келмеске кетті дейтіндерге қосылмайтынымыз: ұлы ақын ұстанған тұрғының өлеуметтік аясы культпен шектелмейді, одан өлдеқайда кең.

Жамбыл өлеңдерінің бүгінгі һәм келер ұрпақтар жүрегіне, сезіміне әсері, қоғамға тигізер құлықтылық (моральный), ар-инабаттылық (нравственный) ықпалы күшеймесе азаймақ емес. Мысалы Жамбылдың көп-көп өлеңдерінде қайталанатын мына бір сарынға құлақ салыңызшы:

Қорқытып өкім ақырса,
Пара алып, молда шатылса,
Алакөз байлар мал үшін,
Көргенін айтпай жасырса,
Алыпсатар саудагер,

Қулығын алдап асырса,
Дұрыстық қайдан табылар?

Тамақ үшін сатылған,
Ұлықта ар қалмаса.
Айтқанменен жалынып,
Арызыңды алмаса.
Алатұғын қақынан,
Асырып пара қармаса.
Ауға түскен балықтай,
Шыға алмайсың бұлқынып,
Әділеттік болмаса.
«Көрұғлы» поэмасынан.

Кешегінің ғана емес, бүгінгінің де шындығы. Жамбыл сөзі — қайраулы қылыш. Соңғы жылдары көлденеңнен келген жұтты да аяусыз өшкерелейді. Жамбыл беделі ғасырлардан асатындығын кезінде біздің «алыптар тобы» атанған дуалы ауыз ағаларымыз да ескерткен.

Бұрын Жамбыл өлеңін қағазға түсіруге қатысқан, қазір қазақ халқының абызы есепті үлкен ақынымыз Әбділда Тәжібаев естеліктерінде «сақалыңнан сүйдім» деп, Жамбылға деген бөлекше ілтипатын білдіріп отырады. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов сияқты даналардың бас июінде Жамбылдың ақындығы да, кісілігі де бірдей рөл атқарған. «Алып ақын атамыз» атты жоқтау мақаласында Ғабит Мүсрепов былай деп тегін жазбаған:

«Жөкең қазақ халқынан шыққан жаңа заманның Гомері дейміз. Жөкең шығармалары ғасырдан ғасырға кетеді. Халық ақындарынан шыққан мұндай алып ақын болған емес. Ешуақытта, ешбір тарихта жүз жасаған ақынның соңғы сағатына дейін ақындық қуатының сарқылмағанын ешкім білген емес. Үздік дарын, сол үздік қалпынан танбастан жүзге шыға елімен қоштасты.» (Ғ. Мүсрепов. Суреткер парызы. «Жазушы». 1970. 195-бет).

Ұлы адамдар егіз қозыдай боп бір-біріне тартып тумайды. Бірінің атына бірін телігендегі мақсат басқаша. Даналардың кей ұқсастықтарын бадырайта көрсетуді көздейді, сол арқылы соңғысының бұрынғылардан кем түспейтін ұлылығын дәлелдегісі жөне бар. Горький жазушылардың I-съезінде Сүлеймен Стальскийді «XX ғасырдың Гомері» деп атады. Лезгин ашугі мен қазақ ақынын Горький, Мүсреповтардың

Гомерге теңеуінде қисын жоқ дей алмайсың. Меніңше, олар жаңағы ақындардың эпостық туыстығын, талай ғасырдан асыл сөзін жадында ұстап жырлаған эпик ақындығын ескерткісі келгендей. Біздің заманымыздан бұрын VIII ғасырда өмір сүрген Гомер, Гомер боп бірден туа қалған жоқ. Ол — ондаған мың өлең жолдарын жадына сіңіріп айтып жүретін импровизатор яки суырып салма ақын — аэдтердің тікелей мұрагері. Ал, Жамбыл жадында миллионнан аса өлең жолдарының жатталуы бұл ақынды халық поэзиясының антологиясына айналдырды. Ол өзіне дейінгі және өзі қатысқан сан айтысты, сол сияқты «Алпамыс», Қыз Жібек» т. б. поэмаларды көкірегіне тоқып, ел арасында үнемі орындап жүрген. «Көрұғлын» қатарынан бес күн жырлайтын болған. Қырғыздың алып «Манасын» қазақ ортасына әкеліп таратушылардың бірі де осы Жамбыл. Бұл — бір.

Гомерге ұқсастық мұнымен тынбайды. Көне грек ақыны секілді Жамбыл да жаңашыл. Әңгіме қазақ ақынының өз жүрегінен жыр селдеткенінде ғана емес, оны қалайша тасқындатқандығында да. Белинский: «Илиадада» өмір өте мадақталады. Гомер өмір жырын шарықтатып аспанға көтереді.»— деген. (Соб. соч. в 3-х т., М., 1948. С. 615). Бұл өуен Жамбылда асып-төгіліп жатады. Рас, одалық сыпатымен қатар, Жамбыл өлеңінің келемеж, сықағы, додалық сыпаты да жетерлік. Жетерлік десек те, сөз саптаудағы өршілдік, өміршенділік қазақ ақыны поэзиясында басым.

Үшінші. «Илиада» мен «Одиссея» фольклор мен өдебиет шекарасында туған маргинал, дүбара жанр. Жамбыл өлеңдерінде мұндай қасиет бар ма? Бұған берілер жауап біреу: Жамбыл поэзиясында да фольклор мен өдебиет үлгілері өдемі өріліп астасып отырады. Мұның өзі оның саяси лирикасына қайталанбас, айырықша шырай беріп отырады. Кезінде бүкіл Одақты, қала берді жер жүзін қайран қалдырған Жамбылдың жалынды, отты өлеңдері қалай туды?

Жасыратыны жоқ: хат танымайтын ақынға жазба өдебиетінің ықпалы зор болды. Оның өдеби хатшылары Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов сияқты жұлдыздар болуы үстіне, оның қайсыбір даңқы жер жарған өлеңдерінің тақырыптарын белгілеуде, өлең оқиғасының мазмұнын сол кездегі талап тұрғысынан тәптіштеп түсіндіруде әр тұста Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов секілді алыптар

барын сала ақ пейілдерімен ақтарыла көмектесті. Жамбылдың ел атынан сөйлейтін жауапкершілігін бірге сезіністі. Әрине, бұдан Жамбыл өлеңін солар жазып берді деген, біреулер өлі де бықсытатын қаңқу сөз тумауға керек. Әдебиет тарихында тақырып, идея жөнінен ақыл қосу — еш сөкеттігі жоқ, көдуілгі үйреншікті іс. Айталық, Гогольге «Ревизор» комедиясын жаз деп, тақырып, идеясына дейін сыйлаған Пушкин. Бірақ ол комедияның авторы саналмайды ғой. Жамбылдың кереметтей ақындық алғырлығы — құйма құлақтығына қоса, естіген-білгенін, көрген-танығанын творчестволық қиялында нажағай отындай көз ілеспес шапшандықпен қорытып, қазақ әдебиетінде бұрын ұшыраспаған соны бейнелерге бастайтындығында. «Күнсіздерге күн болған» деген сияқты бұрын еш жанның аузына түспеген тіркестерді, стилистикалық фигураларды табуында. Ол өзі «Мынау тұрған Абайдың суреті ме? Өлең-сөздің ұқсаған күдіретіне.» деп жырласа, сол Абайдайын өлеңмен өлмейтін нұсқа салып кеткен де көркемдік дара контекстің айтулы иесі еді. Тапсырған тақырыптың соншалық жан бітіп, көз жетпес қиядан шарықтағанына алдымен сүйсінген, қайран қалып қол соққан және сол Мұхтарлардың өздері болатын.

Жамбыл қазақ ауызекі поэзиясын жаңа биікке көтерді, тақырыптық-идеялық құлашын кеңейтіп, оған өлеуметтік сарын енгізді, қалың ел, бұқара мұңын мұндауға, ойын толғауға бағыттады.

Осы бір ғасыр қапшығын арқасынан түсірмей көтеріп жүрсе де еңкейіп-бүгілмеген, бүйрек бет, күміс сақалды, шүңіректеу көзді шүйкедей қазақ шалы соншалық қуатты қайдан алған? Анау өзі қысын қыстап, жазын жайлағын айбарлы ақ бас Алатаудан ба? Өр кеуделі тұлғасы, асқақ ақындығы, кеудесінен атқылап көзі еш бітелмеген жыр бұлағы — бөрі Алатауға мінездес, соған тартқан. Жөкең туралы ел аузындағы әңгімелер оның жеке басының сол ерекшеліктерін бедерлей түсіп, оның кісілік қалпын жандандырып, бізге бір шама жақындата түседі.

Бұрын айта алмаған, енді айтуға болатын және бір кісілік қасиеті — Жамбылдың дәстүрге, дінге беріктігі еді. Өз есімімен бүкіл бір облыс, оның орталығы Әулиеата қаласы аталғанын Жамбыл Кавказ сапарынан оралып қайтқан жолда естиді. Сонда діндар қарт қатты шошиды.

Атыңнан айналайын, Әулисата,
Атыңды тартып алд деп болма қапа!—

деп еліне жете-жеткенше күбірлеп, дұға қыла берген.

Кавказ демекші, Кавказға Шота Руставелидің мерейтойына байланысты аттанып бара жатқанда Жамбыл тоқсанды еңсеріп тастаған болатын. Денсаулығы да мөз емес. Осыны уайымдаған Қазақстанның сол тұстағы басшысы Леон Мирзоян қарт ақынды ұзақ сапарға жібергеніне өкініп тынышсызданады. Бұл кезде Жамбыл Москва қаласына жетіп үлгерген еді. Жамбылдың осы сапарында атқосшы болып жүрген Мұхамеджан Қаратаевты жатқан қонақ үйінен тауып алып:

— Менің атымнан Жамбылмен кеңес. Мынау ұзақ жол қарияға ауыр соқпас па екен? Ден саулығынан күдіктенсе, мүмкін елге қайтар,— депті.

Мұхаң Жамбылдың бөлмесіне барып, Мирзоянның айтқанын жеткізеді. Ақын мінезінің ірілігі сол бір тұста тағы да байқалып қалады. Жамбыл жауабы қысқа болады:

— Мырзажанға айт (ол кезде қазақтар Мирзоянды солай атап кеткен), мен орта жолдан қайтатын қатын емеспін!

Жамбылдың айтқыштығы өз алдына бір хикая. Мен бұрын кітаптарға жазылып жүргенді емес, өз құлағыммен естіген, қалың жұртшылық біле бермейтін бір-екі өңгіме айтайын.

Соғыстан кейінгі уақыт. Студент кезіміз. Ол кезде жастар театрға барғышпыз. Әйтеуір жаңалық атаулыны қағас қалдырмаймыз. Бір күні Абай атындағы опера және балет театрында «Дайси» операсы қойылады, онда бас партияларды Күләш Байсейітова және Грузиннің атақты екі артисі ойнайды деп есіттік. Дереву билет алып, белгіленген күні театрға бардық. Үзіліс кезінде фойэге шықсақ, екінші қабатқа апаратын кең басқыш маңында Сәбит Мұқанов пен Ахмет Жұбановтың өңгімелесіп тұрғанын байқадық. Көлденендей-көлденендей соларға жанастық. Сонсоң тамам студент қоршап алыстық. Сонда Ахаң тұрып:

— Сәбе, сенде қапшық-қапшық өңгіме жүреді ғой. Мына жастарға қызғылықты маслихат айтып бер,— демесі бар ма.

Сәбең бөгелген жоқ. Тарғыл даусын қаттырақ шығарып, бір хикая шертті.

— Мен Жамбылды «төте» дейтінмін. Сол кісі өнеу бір

жылы Кавказдан ұзақ сапардан аман-есен елге оралғанда сөлем беруге колхоздағы үйіне бардық. Дастарқан жайылып, шай ішіп отырмыз. Құлағымыз Жөкеңде. Бірдеме айтпас па деп дөметеміз. Бірақ қарт үнсіз. Мұндайда мен шыдай алушы ма едім. Соңғы жылдары құлағы тым ауырлап кеткен Жөкеңе бар даусымды салып назымды айттым.

— Уа, төте! Қол сағындық дегендей, мәжілісіңізді сағындық. Алыстан жолаушылап, шүкір, арамызда отырсыз. Мынау жұрт сізден өңгіме естуге құмар, көргеніңіз көп шығар, біз де хабарланып отырмаймыз ба?— дедім.

Жөкең асықпай шөй құйған кесесін толық ішіп болып, еңсесін көтеріңкіреп, мен жаққа бұрылды да:

— Әй, Балуан Шолақ, сен не көрдің, көргеніңді айта отыр,— дедің бе осы?

— Ия.

— Не көрдің?— дейсің, ө. Көргенім таңсық болса, айтайын. Мен МҰРЫН көрдім!

«Мұрын» деген сөзді қулана, басыңқырап, созыңқырап айтты.

Өйтпесе Жөкең бола ма! Қыран күлкі болдық. Онсыз да кавказдықтардың мұрынды келетінін білеміз. Сонда да білетініңді өзіңе бір жаңалықтай жеткізу айтқыштардың ғана қолынан келеді. Бұл жерде мұрынның өзін геройға айналдырып тұрған жоқ па? Жөкең жарықтық айтқыш еді ғой!—деп сөзін тамамдады.

Сөбең төтесін аузынан тастамайтын. Орайын келтіріп, есіне жиі алатын. Тағы бір кездескенімде ол, өзіне тез тартқызып бауыр бастырып алатын жайдары, қарлығыңқы жылы үнімен:

— Әй, Шерияздан, осы сен біраздан көзіме түспедің, қайда жүрсің?— деді.

— Сөбе, Ыстықкөлде демалдық. Суына шомылып, Пржевальскіден бастап Рыбачьеге дейін жағалауын жағаладық.

Сенімен аман-саулық сұрасуға үлгіріп болмай, шұғыл түрде өңгіме айта жөнелетін әдетіне басқан Сөбең, өлеңдете жөнелді.

Ыр-р-башыға барсам-ау,
Ың-ң-ыранып өн салсам-ау,
Жағасында жатсам-ау,
Сазанынан сорсам-ау!

Рыбачьені Ырбашыға айналдырған қай қазақ екен?— деген сұрақ көкейімде жалт етуі мұң, табанда жауабын естідім. Сөбең:

— Төтем жарықтық бертінге дейін қырғыздарда көп қонақтаған ғой. Сонысын сағына ма, өстіп ыңылдап отырушы еді,— деп әңгімесін күрсінгендей қалыппен аяқтады.

Жамбыл жайында халық арасында көп-көп қызғылықты, тағлымы мол әңгімелер тараған. Мына мереке тұсында, одан кейін де соларды барынша жинап алуға керек. Сондай бір әңгімені осы жуықта Талдықорғанда жүрген бір кезімде есіттім.

Атақ-даңқы күллі одаққа жайылар алдынан сөл бұрын, Жамбыл жалғыз ешкісін сойып, шағын ауылын дөмге шақырады. Жиналған жұрт түгел асылған ешкі етін жөукемдеп, шай ішіліп, дастарқан жиылған соң, Жөкеңнен бұл шақырыстың сылтауын сұрайды.

Бұған Жөкең жауабы даяр екен.

— Осы өткен түнде,— дейді ол,— бір түс көрдім. Өңім деп айтайын. Анау тұрған күнді өкеп мына үйдің керегесіне іліп қойыппын. Соны жақсылыққа ырымдадым...

— Пәлі, «түс — түлкінің боғы» деген емес пе,— дейді қуақылау бір жігіт.

Бұған Жамбыл:

— Сен сойған түлкідей ыржима. Есінде жүрсін, түсін оңалмай, ісің оңалмайды,— дейді.

Қандай ғибрат аларлық сөз. Өзін танымаған жұртты да жарытып танымайды...

Ақ басты Алатаудың Жамбылымын,
Өлеңнің ұлы сүре даңғылымын,—

дейтін Жөкеңнің, Жамбыл Жабаевтың ұлы бейнесін көз алдымызға аздап болса да өкеле алсақ, мынау алдағы керемет мерейтойдың зор міндеті абыроймен атқарылар еді.

8 қыркүйек, 1995 жыл.

МАҒЖАН МЕН МҰХТАР: ҰЛТТЫҚ ТАҚЫРЫПТЫ ДАМЫТУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

Биылғы, 1997 жыл өзінің тарихта қалатын орнын басталмай жатып-ақ тағайындап алғандай.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша 1997 жыл жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып өтуде.

Жаңа жылдың жөне бір жарқын беттері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 100 жылдығына арналды. Президенттің Жарлығында атап көрсетілгендей, бұл мерейтой Қазақстанның рухани жөне қоғамдық-саяси өміріндегі ірі оқиға ретінде, дәуіріміздің ұлы суреткеріне бүкілхалықтық ілтипат-құрмет көрсету рухында өткізілмек.

Екі оқиғаның екеуі де осы мақаланың тақырыбына тікелей қатысты.

Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Әуезов — ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресте ерекше қайрат көрсеткен арыстарымыз. Мағжан ақын сол күрестің құрбаны болды. Атылып қалмады демесең, өзге теперіштің бәрін басынан өткізген аяулыларымыз да бар. Солардың жуан ортасында жазушы, академик Мұхтар Әуезов жүрді.

Енді бақсақ, бұл қос шынарымыздың өмірі ғана емес, қаламдары да тағдырлас екен. Ақ қағаз бетіне түскен тырнақалды жазу-сызулары өу бастан-ақ бір арнада тоғысыпты. Ол арнаның өлеуметтік аты — ұлттық тақырып. Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақ деген елдің елдігіне байланысты ішқұста, жүрекке шер боп байланған мәселелерінің көркемдік шешімі.

Адам өзінің мүмкіндігі ең көп, ми, жүрегі сыңғырап не қиын қамалды алмай қоймайтын жастық шағын көбінесе рәсуә етіп алады. Ал болайын дегендердің жастық шағы бөлекше басталады. Мағжан мен Мұхтардың дәуренін қалай өткізгеніне бір сөт көз жіберелік. Көруге көз керек көркем жігіттер еуропаша сәнді киініп шыға келгенде, сол кездегі жайлауда тігілген ақ шағала үйлердің қалай жаңа өр бітіп, ажарлана қалатынын елестету қиын емес. Сол жігіттер толқынды бұйра шаштарын сілкіп тастап, от шашқан ойлы көздерін қадаса, қай ару «киіктің лағындай» қалтырамас еді. Бозбалашылық дәуреннің төтті өуеніне елтіп, кеуделеріне төңірдің өзі құйған шабыттарын

өлең етіп жұмсап, махаббат күйін шертсе, аһ ұрған күйдім-жандым жырына берілсе, кім сөгер еді оларды? Бір кереметі — жастықтың жалын отына орана жүре, Мағжан мен Мұхтар жазу-сызуында өуел бастан жасамыс адамның мінезіне салады, соларша уағаз айтады.

«Жатыр» атты өлеңін Мағжан 17—18 жасында жазған. 1912 жылы жарық көрген «Шолпан» жинағын осы өлеңімен бастайды. Қазақтың XX ғасырдың бас кезіндегі кейпін асқар биіктерге өрлеп кеткен өркеніетті елдермен салыстыра отырып, таң қалатынын, қорланатынын, ызаланатынын жасырмайды. «Сезінбей өз өлгенін, өзінікін Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр!» деп, бар жауапкершілікті қазақтың көзі ашық азаматтарына жүктейді.

Араға төрт-бес жыл салып, қазақ өдебиеті табалдырығын және бір маңғаз жас аттады. Ортақ тақырыпты ол өзінше саралады. 1917 жылы бұрқасын, жауын-шашын дауыл кезінде «Адамның негізі — өйел» деген жас үн естілді. Бұл жас үннің иесі, өйел азаттығын ел жаңғыруының шарты еткен ойтолғау мақаланың авторы, болашағынан бірден деметтірген Мұхтар Әуезов еді.

«Ақыл — жастан...» дегендей, Мұхтар ілгерішіл ағартушы-демократ аға буынға үн қоса отырып, нақтылы ұсынысқа көшеді. «Өйел басындағы тұман айықпай,— деп жазады ол аталған ойтолғауында,— халыққа адамшылдықтың бақытты күні келіп қарамайды. Ал қазақ мешел болып қалам демесең, бесігіңді түзе! Оны түзейін десең, өйелдің халін түзе!» — деп тебіренеді.

«Бесігіңді түзе!»

Бұл құлағында мәңгі қалып қоятын бейнелі сөз Абайдан соң сарыны күшейе түскен айбынды ұрандардың ел назарын бұрарлық жалғасындай естіледі. Міржақып Дулатов «Оян, қазақ!» деп дабыл ұрса, Ахмет Байтұрсынов сүйекке сіңіп кеткен марғаулықты «Маса» болып шағып алуға ұмтылды. Мағжан «Мен жастарға сенемін» деп жырымен жар салып, ұлт мүдделері үшін айқаста кімнің алдыңғы саптан көрінуге тиісті екендігін мезгеді.

Айналып келгенде үлкенді-кішілі марқасқаларымыз түйіндеген түйін біреу — «қазақ ұранды халық» қамы еді.

Әдебиет — өмір айнасы. Өмір өзгерсе, сөз өнері де өзгермек. Әсіресе бір қоғамдық құрылыс екінші қоғамдық құрылысты ауыстырғанда. Біздің өдебиетіміз

басынан міне, сондай күй кепті. Кеңес орнасымен өдебиетіміз екі дай болып бөлінді. Негізгі ерегіс, талас өдебиеттің қандай бағытта даму мәселесіне байланысты жүрді. Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды ақын, жазушылар қазақ ұранды халықты бөле-жармай тұтас ұлт мұңын мұндады. Бұлар өлдебір үйірме, ұйым, топ боп ұйымдаспағанымен (оған мұршаларын келтірмеді), жиыrmасыншы жылдардың аяғы, отызыншы жылдардың басына дейін, яғни өздері ұсталып, бірі атылып, бірі айдауға кетіп, енді бірі бірсыпыра уақыт абақтыға қамалғанға дейін дүниетанымдары, өдеби-эстетикалық көзқарастары жағынан пікірлес, бағыттас болды.

Қарсы топ (Сөкен Сейфуллин, Сөбит Мұқанов т.б.) өздерін Кеңес өкіметінің оң көзі санап, «байшыл-ұлтшыл» дейтіндермен аяусыз, бітіспес күрес жүргізді. Бұл күрестің мән-жөйі жөнінде бұрын да, қазір де аз жазылған жоқ. Сан кітаптар жарық көрді. Соңғы жылдардағы басылымдар Мағжан мен Мұхтарды «байшыл», «ұлтшыл» дегенге қимайды. Сол кездегі солақай байбаламды емес, нақты фактілерді, шындықты басшылыққа алуға шақырады. Дұрыс пікір. Қазіргі өдебиет тарихының міндеті болғанды болған күйінде көрсетіп, өділетін, ақиқатын айтуда. Жөне біреуді су түбіне жіберу есебінен, екіншілерді аспандату мүлде парыз емес. Кезінде ондай өрекеттен не шыққаны белгілі. Әдебиет тарихын қаз-қалпында, шөп-шалам, қоқыстан, боямадан тазарған түрінде оқуға не жетсін.

* * *

Тақырыпты туғызатын өмір. Өмір өсерінен ешкім тыс тұра алмайды. Жаны ерекше нөзік жаралған ақын, жазушы ел болмысының қуаныш-сүйініштеріне, қайғы-қасіретіне айрықша сезімтал. Жақсысын ыстық махаббатпен қабылдап, жаманына зығырданы қайнап өшігіп, баршасын көңілінде тоқып, толғанады, тебіренеді. Нәтижеде жинақталған тәжірибе көркем бейне реңкін ала бастайды да, болашақ шығарма идеясының нобайы (контуры) тақырып түріне енеді.

Ғылыми зерттеу тақырыбынан өзгеше, өдеби туынды тақырыбы алдын ала түзілген тұжырымға көндіге бермейді. Өнер дүниесінің нағыз тақырыбы шығарма жазылып болған соң шығады. Мысалы, Мұхтар Әуезов бір кезде: тарихи роман жазуға кіріспекпін, тақырыбы

— Абай деп, жалғыз ғана тақырыпты атайтын. Кейін роман аяқталғанда тақырыбы адам айтқысыз көбейді. Тақырыбының ұлан-ғайыр көптігі себепті, «Абай жолы» роман эпопеясын біз енді ұлы ақын туралы шығарма ғана емес, қазақ өмірінің энциклопедиясы деп те атаймыз.

Сол секілді Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Әуезовтың XX ғасыр басындағы шығармаларында бейнеленген суреттер қоғамдық маңызы зор талай өлеуметтік, ұлттық, адамгершілік, ар-инабаттылық проблемаларды алға тартады. Осылардың арасында өсіресе бұл мақалада арнайы сөз етілгелі отырған ұлттық тақырып әуені айырықша естіледі. Атап айтқанда, қазақ деген қауымның тағдырына барынша зер салынған. Мағжан мен Мұхтардың ұлттық тақырыпты дамытудағы ізденістері деп бөліп тексеруіміз де осы себепті. Бір ұлттың басқан ізін екінші ұлттың шиырлауы мүмкін емес. Басқа халықтармен бағыптас жолға түскеннің өзінде де әр ел өз соқпағын таппақ. Қазақтың жүріп өткен тарихи жолын, тартқан тауқыметін өзге қай халық қайталады? Ондай фактіні тарихтан кездестіре алмайсыз. Сондықтан ұлттық тақырып дегенде біз әр ұлттың дара тағдырына байланысты мәселелерді қозғау қажет деп есептейміз.

Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Әуезов ұлттық тақырыпты саралап шешудегі санқилы, сантараулы ізденістерінде көп ретте ортақ арналы, сабақтас мәселелерде тоғысып, ұлт мүддесі сияқты биік мақсатқа іштей ұғынысқан талаппен қол артқан. Армандары бір жерден шыққан. Ол мәселелердің зерттеу тіліндегі нұсқалары былай боп келеді: ұлт тағдырының өзге өлеуметтік-саяси, қоғамдық мәселелермен арақатысы; Ұлттық мәселе және қазақ әдебиеті дамуының сара жолын айқындау жолындағы идеялық күрес. ҚазАПП және әдеби оппозиция; ұлттық қатынастардың өлеуметтік-психологиялық қыры; ұлттық қаһарман және халық тағдыры т. б. Мағжан мен Мұхтар бір-біріне еліктемеген қаламгерлер. Дегенмен, оларда идеялық үндестік, іштей байланыс бар, кейіпкерлерінің күресі мен тағдыры орайлас. Ендігі өңгімені осы проблемалар төңірегінде өрістетсек пе дейміз.

Марксизм-ленинизм ұлттардың өзін өзі билеу т. б. құқылары пролетарлық революция туралы мәселенің бір бөлегі, соған бағынышты мәселе деп қарады. Бөрі социализмнің жеңуі, империализмнің күйреуі мақсатына бағындырылуы тиіс. Үстем елдердің социалистері сол елдердің езгісіндегі елдердің ұлт-азаттық қозғалысын қолдауы міндет. Ал езілген елдердің социалистері үстем елдердің пролетариатымен ынтымактасуы тиіс. Өз ұлтының қарауылынан жоғары көтерілмесең интернационалист емес, ұлтшыл болып шығысың.

Іс жүзінде бұл қағиданың қандай қасіретке өкеліп соққаны белгілі. Сөз бен істің арасы барған сайын алшақтай берді. Революциядан кейін біраз уақыт үстем ел — Ресей отар елдердің езілген халықтарды мұң-мұқтажымен қалайда санасуға мәжбүр болды. Қазақстанның автономия алуы, кейін одақтас республика дәрежесіне жетуі осының жемісі еді.

Өстіп жіберіп тартып, жіберіп тартып отырғанымен, империялық сана табиғатынан танған жоқ. Лениндік ұлттық саясаттың бұрынғы бұратана аталған ұлттардың құлағына жағымды тұстарын жамылғы етіп, дегенін істей берді. Халықтың ұлттық бостандық алу хұқын, әр адамның жеке басының бостандыққа деген хұқын аяққа басуы өз алдына, патшаның істегенін кеңестік тәсілмен жалғастырып, қазақтарды елінен, жерінен ажырату саясатын өртүрлі айла-шарғымен дәйекті түрде жүргізіп отырды.

Уақыт өмірі қатты. Онымен бірде санаспасаң, бірде санаспай тұра алмайсың. Уақыт шеңберінен Мағжан мен Мұхтар да шығып кете алған жоқ. Тек жаңылмағаны — ел қамы. Бөрінен бұрын соны ойлады. Характер ісінде, жазу-сызуында бөрінен ұлт мүддесін жоғары қойды.

1917 жылғы Ақпан және Қазан революциялары кезінде Мағжан Жұмабаев алаш қозғалысының ну ортасынан табылды. Өзі айтқандай, басшысы емес, қосшысынан саналды. Қозғалыстың дырау қамшысы емес, жырау, жыршысы болды. Революцияның мән-мәнісін түсіне алмай, бастапқыда дағдарғаны рас. Кейін түрмеде отырып жазған жауабында атап көрсеткеніндей, төңкеріс кезінде өзін сахнада не болып, не қойып жатқанын түсінбеген көрермендей сезінді. Бірақ

революцияның жауымын деп сезінбеді. Кейін «Толғау» поэмасында ақын былай деп ағынан жарылды.

«Жау» деген — жаудың жаласы,
Әділ болсаң өмірімді,
Ақтарып әділ қарашы.
Отыз жыл өмір бойында,
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы.

Тексеруді отызды,
Ауырсынсаң қояйын.
Бір сөзімді есіңе ал:
Мен толқынға жау болсам,
Жеті жыл бұрын осыдан,
Төңкерістің таңында
Алты алашқа әйгілеп:
Не бостандық, не құлдық,
Не езілу, не теңдік,
Не патшалық, не Кеңес—
«Екіден бір»— дер ме едім.

Бұған қарағанда өлі бас-аяғы жиналып болмаған, кей сыншылардың мақалаларындағы үзінділерден алынған «Толғау» поэмасы 1925 жылы жарияланғанға ұқсайды. Ақынның айтып отырғаны рас. Ешнөрсені асырып, жасырып отырған жоқ. 1918 жылы Мағжан «Бостандық» атты өлең жазып, төңкеріс жетістіктерінен айырылып қалмауға шақырды. Өзі жаңа өкіметтің «Бостандық туы» атты газетінің редакторы қызметіне тағайындалды.

Алаш Орда үкіметінің тілегі, талап қылғаны — Қазақстанның автономиясы. Ресейдің құрамында автономиялық республика болып жариялануын сұранды. Уақытша өкімет, Азамат соғысы кезінде Сібірде құрылған, ішінде Колчагы да бар үкіметтер — бәрі қазаққа автономия беруден үзілді-кесілді бас тартты. Автономияны қазақ Кеңес өкіметінің қолынан, Владимир Ильич Лениннен алды.

Мұхтар да алаш қозғалысына қатысты. Оның жастар легінде қайрат көрсетті. Соңынан алаш қаруын тастап, Кеңесті мойындағанда, ол да жаңа өкімет органдарында жауапты қызмет атқарды.

Ендеше, неге бұлар «ұлтшыл» біздіңше ұлтжанды атанды?

Мұның себептері өлденешеу.

Әр демократияшыл адал үкімет оппозицияны сыртқа теппейді, онымен өз саясатын жақтап күреседі, бірақ оған пәлендей қысым жасамайды. Оппозицияны өліспей-беріспейтін қас жауым деп есептемейді. Қайта «Дос жылата айтады, дұшпан күлдіре айтады» деген мағынада өз характерін сыннан өткізуді қалайды. Міне, бұл жағынан большевиктер үлгі көрсете алмады. Кеңес Одағы — дүние жүзіндегі ең демократияшыл ел деп даусымыз қарлыққанша айғайладық. Ал, пролетарлық диктатура, шын мәнінде, партияның билігіндегі шағын топ диктатурасы білгенін істеп, өу дегеннен-ақ революция нәтижесінде көктеген демократиялық өркендерді қаһарлы саясатының үсігіне шалдырып, сабағынан қурата бастады.

Мағжан мен Мұхтар, солар секілді өзге де зиялыларымыз көп дүрмектің соңынан ере беретін жандар емес-ті. Олар жаңа жүйенің шындығын ой тезінен өткізді, Кеңес өкіметінің сөзінен гөрі ісін бақты, ескі мен жаңаны салыстырды. Ақыры бостандық ісіне қауіп төнді деп санады. 1923 жылы «Шолпан» журналында жарияланған «Батыр Баян» поэмасын Мағжан Жұмабаев сөз еркіндігін тұншықтыруға қарсылықтан бастағаны тегін емес-ті.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.

1922 жылға дейін баспасөзде жұрт пікірлерін амалдап ашық айтып отырса, бұған біртіндеп тиым салына бастады. 1920 жылдан бастап Ташкен шаһарында шыққан «Шолпан», «Сана» журналдары «байшыл-ұлтшылдарды» яки оппозицияны шығарып тұрғандығы үшін жабылды. Олардың аяғын 1925 жылы Сталиннің тік бұйрығымен «Ақ жол» газеті де құшты.

Демократияға, сөз бостандығына жасалған шабуыл салқыны творчество бостандығына тиіп, қазақ поэзиясын, бүкіл өдебиетін дімкестандырды. Жалаң үгіт өлең белең алды. Еңбекшілердің таптық сезіміне әсер етіп, тез оятатын тақырыптар керек деп, прозаны адам жанын зерттеуден аулақтатты. Жаңа өмірді Қалмақанша жазу керек деген ұран тастай отырып, Сәбит Мұқанов, ҚазАПП жетекшілерінің бірі мына төмендегі тақырып-тарды жазуға ұсынды:

1. Жалшылардың еңбек заңына сүйеніп іс істеуді (Сөкеннің «Еңбек» шарты деген поэмасы сықылды).

2. Жерді тең алу, байдың егіндік, пішендік жерлерінен кедейге жер алып беру үшін кедейлердің соған көңілін бұру, ояту.

3. Кедейлерді шаруашылық жағынан ұйымдастыру туралы жазу (кооперацияның толып жатқан бөлімдері, қоғам және басқалар).

4. Қосшы одағы, кәсіпшілер одағы, партия ұясы тағы сол секілді тап сезімін оятатын ұйымдарды күшейту жағына шығу.

5. Әйел теңдігі мәселесі.

6. Атқамінерлердің, байлар мен молдалардың кедейлерге істеп жүрген қиянаттары.

7. Сот, кеңес милициялардың үлгі боларлық істері, олардың жұмысындағы кемшіліктері, оны түзеу жолы.

8. Орыс, қазақ еңбекшілері мен басқа да ұлттар еңбекшілерінің достығы.

9. Хан, би, бай, болыстардың елді қалай қанағаны.

10. Кедейлердің, ауыл коммунистерінің хат танымаушылығын, саяси сауатсыздығын жою туралы.

11. Елдегі мектеп ашу ісін күшейту.

12. Өнеркәсіп орындарының жұмысын жазу. Жұмыскерлерге еңбек өнімділігін арттыруды, сауаттарын ашуды үйрету. («Еңбекші қазақ» газеті, 1927 жыл, 5 қаңтар).

Көдуілгі күнделікті корреспонденция, заметка, мақала секілді газет жанрларының ағымдағы тақырыбын көркем әдебиетке таңу оңды нәтиже бермеуі тиіс еді, солай болды да. Сәбит Мұқанов «Трактор» деген повесть жазып, оның қалай от алып жүретінін жазумен өуреленді. Сөкен Сейфуллин атақты «Көкшетау» поэмасын телефон, телеграф, аэроплан секілді темір-терсектерді жырлаумен аяқтады. Дес бергенде, Сөкен мен Сәбіт жоғарыдағы инвентарға көп беріліп кеткен жоқ.

Кейіндер социалистік реализм әдебиеті жалаң үгіт-насихаттан, өндірістік технологияны қазбалаудан едәуір тартынғаны мәлім.

Мұны еске алудағы себеп — әлеуметтік мәселелердің сол кездегі шын мөнін ашу еді. Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтарлардың кінәсі олардың «байшылдық, ұлтшылдықтарында» емес. Олар әдебиетімізді науқаншылдықтан, конъюктурадан арашалап алып қалғысы келді. «Екеу» деген лақап атпен жазған мақалаларында

Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов негізінен сол жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ әдебиетімізге негізінен дұрыс бағыт сілтеді. «Жазушыларымыз жабайы сүр өмірді жазуға өуестеніп,— деп жазды Екеу,— өнер болу жағын ескермей кету қаупі бар. Қолма-қол пайдасы тиетін үгіт болмаса, «Еңбекші» деген сөзді қыстырмаса, дәретсіздігі сезілетіндей тым қысыла-қымтырыла жазатын тәрізді. Өнердің пайдасы күнбе-күн, қолма-қол тие беруі шарт болмаса керек... («Еңбекші қазақ», 1927, №179).

«Байшылдық, ұлтшылдық» атағы шығармагерлік еркіндікті аңсағандарға да тағылды. «Әдебиеттің күшеюіне,— дейді Екеу,— қаламшыларға азды-көпті еркіндік керек. Мүйіздеп қысымшылық көрсете бермеу керек». («Еңбекші қазақ», 1927, №180).

Мағжандарды ұлтшыл емес, ұлтжанды атау керек болса, басқа мәселеден, тікелей ұлт мәселесіне көз-қарасынан атауға керек. Ленинизмнің: езілген ұлттар өз мүддесін езуші мемлекет пролетариатының мүддесінен яки іс жүзінде империя талабынан төмен ұстасын деген қағидасын Мағжандардың ұстанбағаны рас. Олар алаш үшін жан қиып, жапа шекті. Ұлтының қамын бөрінен бұрын ойлады. Жоғарыда сөз етілген «Көркем әдебиет туралы» деген мақаласында Екеу: Ұлтшылдықты, отаршылдық туғызғанын Сөбиттер таласпайтын болар» деп жазды. («Еңбекші қазақ», 1927 жыл, №180).

Мағжан Жұмабаев — қазақтың ұлттық ақыны. Ол өлеуметтік тақырыпқа қазақы өр берді. Көбінесе жалпы елінің жағдайын ойлады. Бір кездерде «бай», «кедей» деген сөздер өлеңдерінде кездессе де, кедейді мүсіркеп, байдың қатыгездігін сынаса да, қазақты тапқа жіктеуге қарсы тұрды. Жиырмасыншы жылдардың басында жазылған «Қойлыбайдың қобызы» поэмасында:

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қақаман, Нөдір, Шолақ қолдаушысы,
Шаршамас шабарманы батыр Шөйлөн.
Найманның арыстаны — батыр Барақ,
Өмірінде жан ба Барақ жаудан тайған.
Жарасқан бай мен биі, батыр, бақсы,
Алыста елестейсің заман қайран!
Айрылдық балпаң басқан батырлардан,
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.

Құдай-ау, албастының ойнағындай,
Мынау сұм заманға көз қылдың қайдан?
Шіркін-ай кер заманды күл қылар ем,
Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан,—

деп күңіренеді.

Ұлттық ақынға кедей, байың бөрібір бөс. Оның жүрегі елінің жүрегімен жалғасқан. Елінің жүрегі қысылса, ақынның да жүрегі қысылды. Ақынның кер заман деп отырғаны — Кеңес. Оған Мағжан неліктен соншама өшікті? Неге Кеңес өкіметін күл қылмақшы? Әулетті тектен шыққандықтан ба екен? Олай дейін десең — Лениннің өзі дворяндардан ғой. Жоқ, бұл жерде ұлттық ақын мінезділігі (характері) басым түсіп отыр. Онсыз да ру-руға бөлініп дұрдараз жүретін елдің ішін енді тап-тапқа жіктеп, бір-біріне атыстырғанын, тыныш жатқан жұртының береке-құтын алғанын кек тұтса керек.

Мағжан қазақтың көне тарихын еске алғанда оның артта қалушылығы емес, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы өшпес ерліктерін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған кездегі береке-бірлігін, айбынын жырлады. Әйтпесе ол әр ұлт таптардан, таптар ұлттардан тұратындығын білмеді емес, білді. Білмесе, қазақтардың сол кездегі өлеуметтік қабаттарын түгендеп, оларды саусақпен санағандай етіп жіктеп, «Тоқсаннан сонау он аулақ, Сонау оннан мен аулақ, Мен тоқсанмен біргемін» деп, жеме-жемге келгенде еңбекшілер бұқарасы жағында екендігін жырға қосып, «Тоқсанның тобы» (1927) поэмасын жазар ма еді?

Мағжан өлеуметтік мәселе ұлттық мәселемен тығыз байланысты екендігіне қанық. Оның тілегі — ұлт қамы бірінші кезекке қойылуы керек. Өйткені ұлт мәселесінің пролетарлық революцияның құрамды бөлегі деп есептелгені қазаққа тиімсіз.

Марксизм халықтардың достасып бірігуі үшін өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті жою керектігін, сонда ғана бір халықтың екінші халықты қанауы, езуі тоқталатындығын дәріптеді. Жеке меншіктің жойылуы, қоғамда социалистік меншіктің салтанат құруы ұлттар арасындағы алауыздықты құртуға, халықтардың интернационалдық достығын дамытуға мүмкіндік береді деген қағида барынша

насихатталды. Теорияда бөрі қисынды, іс жүзінде экономикалық саясат ұлттық қатынастарды жөндеуге септескен жоқ, қайта патшаның отаршылдық саясатын түрлі айла-шарғымен жалғастыра берді.

Іс жүзінде жиыrmасыншы жылдардың өзінде миллионнан аса қазақ аштықтан қырылды. Төңкеріске дейін алты миллион саналатын қазақ 1927 жылы 4 миллионға азайды. Сырттан қоныс аударушыларды тоғытып, қазақтарды жер, суынан айырушылық саясаты тыйылмақ тұрсын, жөдігөйлікпен өршітіле түсті. «Қазағым», «алашым» деген сөзді өлеңдеріне барлық қазақ ақындарынан өлдеқайда мол қолданған Мағжан, «Щолпан» атты (1912) тырнақалды жинағына «Туған елім — Сасықкөл» деген өлең енгізіп,

Білмеймін не боларың, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің,
Итиіп қара шекпен келіп қонса,
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің,—

деп ширықты.

Бұл саясат Кеңес тұсында өршітіле түссе, Мағжан Кеңес өкіметін қалайша алғауы керек. 1928 жылы Солтүстік Қазақстан жеріне 400 мың қара шекпен орналастыру мемлекеттік жоспарға енгізілді. Қазақстан өз жерінде азшылыққа айналдырған отызыншы-елуінші жылдардағы халқымыздың басына түскен зобаланды Мағжан өу бастан-ақ сезінгендей. Сол себепті де ұлттық ақынымыз Кеңеске іш тартады дейтін «Қызыл жалау» өлеңінде (1924) бұл жалауды езілген еңбекші бұқараныкі демейді.

— «Өртенген жалау кімдікі?»
— «Кім өртенген, гүлдемей,
Кім таланған, кім кедей,
Өртенген жалау соныкі,—
Ендеше, қазақ, сенікі!»—

дейді.

Яғни Мағжан ұғымында бұл жолғы кедей-халықтың бір бөлігі емес, тепкі, кемдік көруші тұтас ел — бүкіл қазақ.

Ұлттық тақырып экономикалық, саяси өлеуметтік қатынастарды көркемдік зерттеумен шектелмейді. Әдебиет қоғам өмірінің идеологиялық һәм психологиялық қырлары сияқты күрделі жүйеге көңіл бөлмей, үңілмей, оны саралап тексермей өмір сүре

алмақ емес. Қандай да көркем бейненің ұлттық сана-сезімі, ұлттық характері, психологиялық келбет-тұлғасы болуы тиіс. «Оян, қазақ!» Міржақып Дулатовтың өлеңдер жинағының тақырыбы бола тұра, ұлттық ұранға айналды. Мағжан бұл тақырыптан да қалам тербеп, ағартушы реализм тұрғысынан оқу-білімге шақырған уағаз өлеңдер жазды. Кейін тақырып ауқымы кеңейіп, мазмұны өсіп барып, сыни реализмге, романтизмге (символизм) ұласты. Ендігі Мағжан өлеңдері халқының ұлттық сана-сезімін (национальное самосознание) оятуға арналды. Оның бұл сыйпатты поэзиясын оқып отырғанда біз бүкіл бір ұлттың тұлғасын танимыз. Оған психологиялық тұлғасы қосылып ұлттың рухы, ішкі жан иірімдері, тарихтағы және басқа халықтар арасындағы орны көңілімізге орнай бастайды.

Ұлттық психологияның бір қыры ұлттық қатынастармен жанасады. Қазақ психологиясы, өзге жұрт секілді, ғасырлар бойғы қауымдастықтан, өзге елдерден іргесін белгілі дәрежеде бөлек ұстағандықтан туындады.

Ұлттық психология екі жақты екені белгілі. Бірінші жағы — ұлттық сезім, ұлттық мінезділік (характер), ұлттық мақтаныш, ұлттық дәстүрдің жан жүрекке қатысты астарлары. Екінші жағы — өзге халықтармен белгілі ұлттың қандай қатынас орнатуына қатысты. Ұлттар қақтығысы, этникалық соғыстар жағдайында өзге халықтарға өшпенділік, сенімсіздік шаласы бықсиды, басқа жұртты кемсітетін, өжуаға салатын нешеме қотырапш наным қаулайды. Мұның бөрінің шын аты — ұлтшылдық. Отарларына менсінбей қарайтын өркөкірек шовинизмнің ауылы да бұдан алыс қонбаған. Ал ұлттық мақтаныштың, жалпы ұлтжандылықтың бұған үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Мағжан «Түркістан» атты атақты өлеңінде:

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от боп жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы,
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Төукедей данышпан хан құрған екен,
Басында Құлтөбенің құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш жері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан,
Алаштың арыстаны — Абылай сері,—

дейді. Осы үзіндіде түріктің өзге жұртын кемсіту бар ма? Әрине, жоқ. Бұл — ұлттық мақтаныш сезімі. Өзге халықтарды қорлайтын жолдарды Мағжан, Мұхтарлардан қолыңа шырақ ұстап іздесең де таба алмайсың. Елінді сүю бар, оны келістіріп жырлау бар. Соған қарап ұлттық тақырыпты тымақпен соғып алатындай жеңіл дүние деп жөне ойлауға болмайды. Титтей қия бассан, өзге жұрттың намысына тиюің. Ұлтшылдықты отаршылдық қоздыратыны көміл. Сонда да Мағжан, Мұхтарлар бұл тақырыптың қыл көпірінен аман-есен өткен. Хас шеберлер патшалық төртіп пен орыс халқының арасына теңдік белгісін қоюға болмайтындығын біліп жеткен. Өйткені олар Абай дәстүрін ұстанды, ұлы орыс халқының ғылымы мен мәдениетінен сусындау — ұлттық парызымыз деп түсінді. Өздерінің ұлтшыл еместігіне сенімділіктен «Екеу» деп жоғарыда аталған «Көркем әдебиет туралы» деген айтыс мақалаға қол қойған Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов ҚазАПП-тың қып-қызыл белсенділеріне: «Жатып атар ұлтшылдық» қып жазсақ, «Мына жерің ұлтшылдық деп сынау керек»¹ дейді. Өйткені олардың шарасыздық салдарынан фактінің өңін айналдырудан өзге амалдары жоқ екендігін өбден біледі. Екі есіктің ортасында өтірік соғуға бірден машықтанып алғанына қайран қалатындықтарын жасырмады.

Ұлттық тақырып — ұлан-ғайыр тақырып. Таптық көзқарасқа табынған социалистік реализм әдебиеті оны сұйылтып, аясын тарылтып жіберді. Жоғарыда келтірілген тақырып «инвентарынан», Кеңес жазушылары нендей мәселе көтеруге керек деген нұсқаудан түсінгеніміз — ұлттық тақырыптан әдебиет тек халықтар достығын жазуға керек. Олай кесіп айтуға дәлел

¹ «Еңбекші қазақ». 1927, №180.

мол. Мағжан, Мұхтарларға ұқсап ұлтшыл атанамыз деп жасқанды ма, ұзақ уақыт бойы қазақ әдебиеті ұлт азаттығы секілді өткір мәселелерден қалам тербеуден қалды. Тек алпысыншы жылдардан бастап Ілияс Есенберлин «Көпшенділер» трилогиясын, Әбіш Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң» романдарын, Мұхтар Мағауин «Аласапыран» дилогиясын, Қабдеш Жұмаділов «Соңғы көш», «Тағдыр» романдарын тудырып, қазақ қауымының ұлттық-сана-сезімін жаңа белеске шығаруға атсалысты.

Ұлттық тақырыптың маңызды тарауларының біріне ұлттық және ұлттық ерекшелік қасиеттерді көркем сөз өрнегіне түсіру мәселесі жатады. 1926—1928 жылдары оппозиция мен ҚазАПП арасындағы айтыста бұл мәселе айырықша қызу талқыланды. Қазіргі уақыт биігінен қарағанда, айтыстың өкінішті жері де, тағылымды тұсы да болған. Өкінішті жері, айтысқа қатысушылар таласы тең жағдайда өтті деуге келмейді. Кеңес тарапынан ҚазАПП мүшелеріне үнемі қамқорлық, көмек жасалып отырды. Материалдық жағынан да, моральдық жағынан да тепкі көргендер «байшыл-ұлтшыл» атанған оппозиция. Оппозицияның өз баспасөзі болған жоқ. Оның үстіне үнемі қыспақта, тепкіде жүрді. Өкімет тарапынан қуғынға ұшыраймыз деді ме, Қошке Кемеңгеровтан өзге оппозиционерлер айтысқа Екеу, Жыму, Тікен деген сияқты лақап аттар тағынып қатысты.

Айтыстың тағылымды тұсы, бұл пікір жарыстырудан әдебиеттану ғылымының іргетасын қалайтын әжептәуір зерттеулер туды. Жалпы ұмытпауға керек — сол кездегі қазақ әдебиеті қайраткерлерінен қалған өнеге тұтарлық дәстүр бар. Олар көркем шығарма жазуға отырудан бұрын қалам тартатын тақырыбының теориялық жағын түсініп алуға тырысатын. Осы мақаланың бас жағында ондай теориялық мәселелердің біразы сөз етілді де (ұлттық қатынастардың экономикалық, өлеуметтік-саяси, психологиялық астарлары т. б.). Бұл жолғы айтыстың негізгі бағыты қазақ әдебиетінің бұдан былайғы тағдырларына ойысты. Атап айтқанда, бізде пролетариат әдебиеті бар ма? Қазақ әдебиетінің өз ұлттық келбеті болуға тиіс пе?— деген мәселелер талқыланды. Талқылау барысында қаралған теориялық қағидалар сол кездегі құжаттарда орын тепкен. Олардың арасынан әдебиет тарихы үшін бағалы өсіресе екі құжат көзге түседі. Біріншісі — 1926 жылдың 4

қазанында өздерін пролетар жазушыларымыз деп атайтын қаламгерлердің жиналысында қабылданған ҚазАПП платформасы. Екіншісі — «Алқа» атты құрылуға тиісті, бірақ құрылмаған әдеби үйірменің «Табалдырық» атты бағдарламасы (17 дана етіп қолмен көшіріліп, кейбір жазушыларға таратылған, бұрын жарияланбаған).

ҚазАПП бағдарламасында қазақ әдебиеті тапшыл әдебиет деп жарияланды. «Тапшыл әдебиет әуелі өз табының жырын жырлап, содан кейін өз табының мақсатымен жалпы адамзаттың бағытын көздейді. Соның үшін Одақ қазақтың пролетариаты мен қарашаруаның санасын тәрбиелеуге жарайтұғын әдебиетті ғана өркендетуге күш жұмсайды. Жұмыскер мен қарашаруаның жаңа тұрмысқа қарай беттеген беталысына жәрдемдес болмаған әдебиетті керексіз деп табады... Көркем әдебиетте тапшылдық бағыт алып, партияның саясатын жұмыскерлердің, қарашаруалардың арасына таратысуға жәрдемші болады, қарашаруадан шыққан жас жазушыларды осы тілекке баулиды». (С. Мұқанов. Есею жылдары. Өмірбаяннан хикаялары. Қазмемкөркемөдебасс. 1984, 232-бет).

Бұдан түсінетініміз, ҚазАПП бағдарламасының ресми саясат жетегімен жазылғандығы. Тапшыл әдебиет ұлттық әдебиет болуға тиісті ме? Бұл сұраққа құжаттан жауап таба алмайсыз. «Қазақтың қанішер хандары, батырлары, парақор болыс, би, ауылнай, ақсақалдары; еңбек жегіш байлары, төңкерістің, тап соғысының кезіндегі оқиғалар, алашорда — осылардан да жазылғандар аз» деуге ары бармайды (Сонда, 233-бет).

Мағжан, Мұхтарлар ұлттың қоғамдық табиғатын, оның қоғамдағы қызметінің мәнін білмейінше, ұлттар дамуының сырын ұғу мүмкін емес деп есептеді. Осы себепті Екеудің мақаласында, «Алқа» бағдарламасында әдебиеттің ұлттық нәрінің болуы оның әдебиет санатында жүруінің жөне ұлт әдебиеті ретінде адамзат мәдениетіне бағалы үлес қосуының басты шарты ретінде қаралады.

Ол кезде Қазақстан — Кеңес Одағы құрамындағы автономиялық республика. Сондықтан, Мағжан пікірінше, қазақ әдебиеті бүкіл кеңес әдебиетімен бағыттас, қанаттас. Өстіп уақытпен, жағдаймен санаса білген ол, қазақ әдебиетінің ұлттық әдебиет екендігін бір сөт естен шығармайды. Тілінде, мәдениетінде, өдет-ғұрпында, жан дүниесінде ерекшеліктері жоқ ұлтты жер

бетінен таппайсыз. Бірліктен біркелкілік деген ұғым тумасқа керек.

«Егер,— деп жазады Мағжан «Табалдырығында»,— пролетариат революцияға зеңбірек, пулеметтерін сүйреп, машинаға мініп, былғары курткамен шыкса, қазақтар оған қамшысымен, шоқпарымен шығып, аяқтарына саптама етіктерін, бастарына тымақтарын киіп қосылған».

Ақынның бейнелеп, кестелеп айтқан сөздерін силлогизмге аударсақ, өдебиеттің ұлттық ерекшелігі халықтың тарихы, материалдық мәдениеті, дәстүрі, психологиясы секілді өмір қырларының өсерінен қалыптасатын ұлттық сипаттарда деп түсінеміз.

Өдебиеттің ұлттық нөрінің ендігі бір ерекшелігі айтайын дегенін жеткізетін ұлттық құралдарында: тілінде, халықтың рухани қазынасында, «ауыз өдебиеті мен жазба өдебиетінің үлгілі нұсқаларында». Тырнақшаға түскен соңғы сөздерді біз Мұхтар Әуезовтың бертіндер, 1950 жылы жазылған «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» мақаласынан алып отырмыз (20 томдық шығармалар жинағы. 18 том. 352-бет.) Мазмұны социалистік, түрі ұлттық өдебиет деген белгілі догманы ауызға ала отырып жазса да, Әуезов өрбір шығарма ұлттық қасиет шешуші қасиет екендігін назарда ұстауы тиіс деген жүрегіне жақын пікірін ретін тауып айтып салады.

Мағжан «Табалдырықтан» бұрынырақ, сталинизм өлі күшіне толық кірмей тұрған 1922 жылы бұл жөнінде өлдеқайда ашық, батыл пікір қозғайды. Ұзағырақ цитата болса да, тіл мен ұлт өмірінің, ұлттық тақырыптың байланысын көрсететін Мағжан пікірлерінің бүгіндер актуальдігі, зәрулігі тіпті артып отырғанын ескеріп, толық қайталаған артықтық етпейді.

«Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт,— деп ескертеді ол қазақ тілінің болашақта тартатын тауқыметін сезгендей,— дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, бір есе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын,

саспайтын сабырлы мінезі — бөрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең. Тілі де бай». («Педагогика». Алматы. «Ана тілі» баспасы. 1992, 115-бет).

Қазақтың ұлттық ақыны сол жиырмасыншы жылдардың орта белі тұсында қазақта пролетариат өдебиеті бар ма?— деген тақырыпта өрістенген айтыстан да тысқары қалмайды. Оның пікірінше, қазақ ақындары мен пролетар ақындарының арасына теңдік белгісін қою шындыққа жанасымсыз нәрсе. Пролетар ақыны — тап ақыны. Ол еуропалық тарихтың машина дәуірі туғызған және төңкеріс жасаған таптың ақыны. Оның тарихын төңкеріс туғызған. Пролетариаттың ой-сезімінің бөрі завод пен фабрика орайлас. Қазақ ақынына келсек, ол — төңкеріске жарты жолдан қосылған, тарихы, өмірі, рухы басқа халықтың ақыны. Осы себепті пролетар ақыны мен қазақ ақынының өлең-жырлары бірдей болуға мүмкін емес.

Пролетар ақыны мен ұлт ақынын бөле жарып талқылағанда Мағжан оларды бір-біріне қарсы қою ниетін көздемейді. Қайта екеуінің келісімін табуға тырысады. «Байшыл-ұлтшылсың» деп көзге шұқып кінәлап күстана еткісі келгендерге Мағжан ортақ тіл табайық дегендей ұсыныс жасайды. Ортақ тіл жаңа қоғам орнату жөніндегі бір тілектен туындайды. Бағытас ұлттық өдебиеттер әрқайсысы өз орнын, соқпағын тапсын, дара үнін жоғалтпасын деген пікір айтады. Өз ойын бекіту үшін мына төмендегі мысалды келтіреді.

Оркестрде елу, алпыс, жүз музыкалақ аспап бір мотивте ойнайды. Оркестрдің үнінің үйлесімділігі мен өдемілігі оны құрайтын аспаптардың бірінғай дыбыс шығаруына емес, қайта ондағы әр аспаптың өз үні мен сыйпатына сай, керекті сәтінде жалпы әуенте қосылып, үйлесім табуында дейді.

Қандай да да ұлт оқшау тұрып өмір сүре алмақ емес. Өркендегісі, гүлденгісі келсе, өзге елдермен барынша қатынас орнатып, материалдық, рухани игіліктермен алмасып тұруға тиіс. Бұл — объективтілік қажеттілік. Оған ешқандай қытай қорғандары бөгет бола алмайды. Кешегі Кеңес Одағы өмір сүруінің соңғы жылдары шынжыр пымылдық дейтінін біртіндеп көтеруге мәжбүр болды. Оның ақыры неге әкеп соққаны белгілі. Жаһан мәдениеті ұлттық мәдениеттердің ең таңдаулы үлгілерінен бас құрайды. Қоғамдық өмірдің интерна-

ционалдануы барған сайын күшейе түспек. Халықтар мен мемлекеттер арасындағы экономикалық һәм мәдени байланыстарды нығайту өр ұлт дамуының шешуші шарттарының бірі болып табылады. Осы ақиқатты Мағжандар ерте түсініп жеткен еді.

Бұл жайында Мағжанның мына кеңесіне құлақ түрелік:

«Өз елін сүю дегеннен — адам өз халқынан басқа халықтарды жек көретін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды. Бұлай болса, жер қанға тұншығып, бұзақылық белең алып, жауыздық өрлеп, жер жүзінде тыныш тұрмыс болмас еді. Еуропа мемлекеттерінің мына 1914 жылдан бері қан төгіп жатқаны, одан бұрынғы да соғыстар бұған айқын дәлел. Өрбір халық бір-біріне жау болсын деп ұғу хата. Адам өз халқының адамдарын сүю үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адамды адам сүймек. Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез». («Педагогика» 136, 137-беттер).

Мағжан қаламынан шыққан туындыға барынша зер салып Мұхтар Әуезов «Алқа» бағдарламасымен алдыңғылардың бірі болып танысады. Қаламдас, болашағынан көп дөметтіретін інісінің пікірін білуге ақынның өзі де соншалық ықыласты болғандығын он жеті дана етіп қолдан көшірілген «Алқа» бағдарламасының бір данасы Мұхтардың қолына тез тигендігі көрсетеді. Мұның егжей-тегжейі «Мағжан» атты кітабымда (1955) жазылғандықтан, бұл жолы да олардың ойы бір арнадан шыққандығын айтумен шектелемін. Бағдарламаның кеңестік идеологияға қарай икемделіп жазғанын Мұхтар аңғармады емес. Мұны солшыл бағытта жазылған деп түйіндеуінен байқаймыз. Негізінен ол бағдарламаны мақұлдап, нақты өрекетке көшу керектігін айтып, Мағжанға жауап хат жолдайды. Ақынның ұлттық тақырыпты дамытудағы ізденістеріне де ол зор көңіл бөлгені даусыз.

Біз күні бүгінге дейін Мұхтар Әуезовтың Мағжан поэзиясына берген биік бағасын тиісті дәрежеде ұғынып түсіне алмай жүрміз. Оның Абайдан соң Мағжанды сүйемін деген сөзінде үлкен мән бар. Мұхтар Әуезов кейіндер қазақтың талай жүйрік, таланты үздік ақын, жазушылары хақында терең мағыналы, тағылымы талай ұрпақтарға кететін сыни, талдау мақалаларын туғызды. Соның бөрінде ол өзінің Мұхтар Әуезов

шыңынан түспейді. Шығармаларды уысыма тола ма, толмай ма деген кейіппен бағалайды.

Ал, мына бір бас-аяғы екі абзацтан тұратын репликасында, қазақша бір ауыз сөзінде ағынан жарылып төгілуі үстіне мақтаныш сезімге бөленгендей. Және бұл жолы Мағжанды Абай атты шығармашының қасында бойлап тұрған жерінен танитындықтан, пайымдауын «төменнен жоғарыға созамын қол» деген мағынада толғайды. Әйтпесе «бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз — Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың беріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», — дер ме еді?

Мұханды айырықша тебірендіретіні — Мағжан Жұмабаевтың еуропалығы. Еуропалық дәрежеде жазылған деп Сөбең (Сөбит Мұқанов) Мұхтар Әуезовтың жиырмасыншы жылдардың бас кезінде туған «Қорғансыздың күні» атты ұзақ өңгімесін атайды.

Сонда Мағжанның еуропалығы дегеніміз не? Мұхтардың еуропалығы дегеніміз не? Біздіңше, бұл — осы ұлт қаламгерлері ой-парасатының, поэтикалық шеберлігінің жаһандық биікке көтерілгендігін мойындағандық. Олардың ұлт мәдениеті мен әдебиеті шеңберінен шығып, басқа озық халықтардың табыстарын ұлт игілігі еткен шығармаларды жиырмасыншы жылдардың басында-ақ туғыза алғандығына тамаша айғақ. Ұлттық өнерімізде жаңа стиль көктей бастады. Мағжан Жұмабаев поэзиясы француз және орыс символизмімен табиғи жұптасты. Оның «Шолпанның күнәсі», Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні» өңгімелері өрнегіне психологиялық талдау, ішкі монолог, ой ағысына дейін тұңғыш рет тоқылып, ұлттық прозаның мүмкіндіктері ұшан-теңіз екендігіне көз жеткізіп қуантты. Мағжан Жұмабаевтың 1923 жылы Ташкенде шыққан өлеңдер жинағына Сұлтанбек Қожанов жазған алғысөзіндегі «Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар жазуға, кітаптар жазуға жарамсыз делініп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады» деген қорытынды да осы арнадан табылады.

Мұханның, Мұхтар Әуезовтың жақын дос-серіктерінің бірі, ұлы жазушы хақында талай дәмді сөз қалдырған адам, бүгін таңдағы халқымыздың абызы — ақын Әбділда Тәжібаев мынадай бір қызық жайдың куәсі болыпты. Оны Әбекеннің өзі өнеу бір жылдары кездескенімізде былай деп өңгімелеп беріп еді:

«Айманкүлді, менің шешемді Мұхтар Әуезов «Әйеке» деуші еді. Бір күні Мұхаң біздің үйге келді. Өңі сыныңқы. Шешем соны аңғарып қалған болуға керек, біраз үнсіздіктен соң Мұхаңа:

— Мұхтар, қарағым, қабағың жараспай тұр ғой, біреуге ренжіген сыңайың бар білем?— деді.

Сонда Мұхаң мұңайған, қабақ шытқан самарқау күйін өзгертпей:

— Е, Әйеке, несін сұрайсыз. Белгілі жайлар ғой,— деді.

Сонда Айманкүл шешем жұлып алғандай:

— Құдай үйген төбені, пендесі кетпендеп тауыса алмас,— демесі бар ма.

Мұхаң сонда қатты серпіліп, жадырай жөнелді».

Бұл өңгіме есіме түсіп отырғаны — ұлы жазушының қаламынан шыққан туындыларды тауысып тану мүмкін емес. Қазақ ұлтының мақтанышы, кемеңгер суреткері, ғұлама энциклопедисі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 100 жылдығын ХХ ғасыр бүкіл жаһан көлемінде атап өтуде. Жазушының бұрынғы мерей-тойларында да, қазір де нелер сұңғылалар суырылып сөйлеп, «Абай жолы» роман-эпопеясы авторының адамзат көркем ойын дамытудағы үлесін мойындап, шығармаларының жаңа қыр-сырларын аша түсуде. Сонда да шет-шегіне көз жетпейтін зерттеулер әлі алда. Бұған таңданбауға керек.

Мен Мұханның бұдан он жыл бұрын 90 жылдығы тойланған кезде М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры едім. Сонда институтымыз боп, Мәскеудің бетке шығар қоғамдық және өдеби қайраткері болып, төгілтіп мақала, зерттеулер жазып, тұтас жинақтар шығарған едік. Енді бақсам, Мұхтар Әуезов шығармаларына байланысты тақырыптардың өзі үсті-үстіне жаңаланып талай жүздеген жылдарға кетер ме дейсің. Мысалы, тоқсан жылдықта Әуезовтың интернационалдық дәстүрлері молынан айтылды да, белгілі себептермен оның шығармала-

рындағы ұлттық тақырып көтерілмеді, көтерілсе, тиіп-қапты, үстірт жазылды.

Ұлттық тақырып сан салаға жіктеледі. Өу деп қалам тербей бастағанда ұлттық өдебиеттің эстетикалық мұраттарына, идеалына Мұханның көбірек ден қойғаны және бұл істе атақты ұлттық ақынымыз Мағжан Жұмабаевпен бір шеп түзеп ізденгендері байқалады.

Өдебиет эстетикалық мұратсыз (идеал) болмайды. Қазақ фольклорының бар шығармасы дерлік бас қаһарманының мұратына жетуімен аяқталады. Мұратына жеткен мұндай қаһарман — халық түсінігінде ерлігі, қайраткерлігі, мораль, құлық жағынан тазалығы, басқа да қасиеттерімен биіктен көрінетін, жетілген, толымды бейне. Бұл бейне өдебиетте қоғамның тарихи дамуына, көркем сөздің өркендеуіне қарай үнемі өзгеріп, жаңарып отырмақ. Жиырмасыншы жылдардың өне бойы және отызыншы жылдардың бас шенінде осы мәселеде өдебиет жұлдыздары екі ұдай боп, даудаймайға, тартысқа түсті. Пролетарлық өдебиет өкілдері Сөкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов т. б. ендігі эстетикалық идеалымыз тап күресінің жағымды қаһарманы болуға керек деп есептеді. Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Әуезовтар ұлт қаһарманын алға тартты. Киіз туырлықты қазақ деген елдің елдігіне байланысты ішқұста, жүрекке шер боп байланған мәселелерінің көркемдік шешімін қос шынарымыз Қазақстандағы 1837—1847 жылдардағы ұлт-азаттығы қозғалысының көсемі Кенесары хан тұлғасынан іздеді.

Патшалық Ресей ХІХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезінде Қазақ хандығын жойды яки ел тәуелсіздігін құртып, бүтін бір елге орталық қамытын кигізді. Жер-суынан айырып, бекіністер салуын үдетті. Алым-салығын және қапдатты. Содан бері байтақ даланың түс-тұсын халық көтерілісінің қалың дерті шарпыды. Патша отаршылары бірін жауыздықпен сөндірсе, екіншісі лаулады. Арынғазы сұлтан бастаған көтеріліс (1853—1858), Жанқожа бастауындағы көтеріліс (1856—1857), Қоқан басқыншылығына қарсы көтеріліс (1858) т. б. — қайсысын жазсаң да қапы соқпайсың. Алайда Мағжан мен Мұхтар уәделесіп қойғандай Кенесары ханның тарихи тұлғасына көз тігеді.

Кенесары — Мағжанның «Оқжетпестің қиясында» (1920 жылдардың бас кезі) поэмасының бас қаһарманы. Сондай-ақ ақынның «Ертегі» (1922), «Батыр Баян» (1923) поэмаларында елес беріп өтеді. Мұхтар Әуезов

1934 жылы өзінің «Хан Кене» пьесасын тамамдап, Қазақ драма театрында қойғызады.

Мағжан мен Мұхтардың ұлт-азаттығы тақырыбын көтеру үшін Кенесары тұлғасына арнайы тоқталуын кездейсоқ нәрсе деп түсінуіміз керек пе? Олай емес болуға керек. Кенесарыға төн қасиеттер — ақылдылық, алғырлық, жолбарыс жүректілік, табандылық оның ар жақ бер жағындағы көтеріліс басшыларынан табылмаған деп айта аламыз ба? Айта алмаймыз. Гөп — (1) Хан Кене тағдырының сол кездегі және ХХ ғасырдың басындағы қазақ қасіретімен сайма-сай келгендігінде. Тарихтағы Кенесары мен Кенесарыдағы қазақ тарихының үндестігінде. Нақтырақ айтқанда, бұл — көтерілістің бүкіл қазақстандық сыйпаты, ұзақ жылдарға созылған мұндай табанды қозғалыстың болмағандығы. Мағжан, Мұхтарларды қызықтырған және бір ерекшелік — Кенесары көтерілісінің бүкіл Кіндік Азиялық реңк алуға ұмтылғандығы (2).

Өлбетте, қандай да көтерілістің жан-жүрегі болады. Көтеріліс көсемдері Кенесары-Наурызбайлардың күші басым жауға беріспегендігі, мойымаған қайсар қайраты (3) қос данамызды шабыттандыра түскендігі поэма, пьеса тууына себепші факторлардың бірі болды (4). Кенесары қозғалысы аталған жазушылардың идеялық бағдарламасына сайма-сай келді. Басқа сөзбен айтқанда, Мағжан, Мұхтарлардың елдің елдік, ұлттық санасын көтеру жөніндегі өздерінің жүректерінде, миларында өбден пісіп толысқан идеяны қонымды, пәрменді етіп жеткізуге Кенесары барынша қолайлы кейіпкер еді. Осыдан барып (5) талданып отырған шығармалардың жазылған кездегі дәуір үшін ділгірлігі, зәрулігі туындайды.

Енді осы айтылғандарды бас-басына таратып көрелік.

Тақырыптас қаламгерлер бөсекелесе келеді. Ал, Мағжан мен Мұхтар арасы «Айлас өйел мұндас» дейтін мәтелге көбірек ұқсайды. Ел қорғандары арасынан Кенені бөліп алып көркемдік зерттеулерінің объектісі, тақырыбы етуінде, хан Кене бейнесін сомдауларында көп үндестік, сабақтастық бар екендігі байқалады. Тарихи принципті басшылыққа алған Мағжан мен Мұхтар ел ішінің жерден, судан айырылған ащы шындығын суреттейді. Он жылға созылған халық көтерілісін және Кенесарыдай алыпты тарих сахнасына шығарған осы шындық екендігін әрқайсысы өз кестесімен

жеткізеді. «Оқжетпестің қиясында» атты поэмасында Мағжан қияли сюжет арнасында тегі эпос қаһармандарынан тарайтын сом характер шындайды. Оқиғаны өлеңмен баяндау қуатты жыр-толғауға ұқсап, Кенесарыны ұлт қаһарманы дәрежесіне көтереді.

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.

Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді.

Мағжан пайымдауында, Кене жүрегін тілім-тілім тіле ойлағанда халқын ойлап жүр. Ойы ғана емес, бұл — анты да. Ол өз халқының ханы да, қарасы да.

Келеді маң-маң басып Оқжетпеске,
Құмдарға жолбарыстай тастап ізін.
Көзін жұмып қияға шықсам-ау деп,
Ойлайды жоғарыға жөндеп жүзін.

Осы сөтте поэма ағысы қияли өлемге кілт бет бұрады. Фольклор шығармаларында жиі кездесетін жөйт — қатерлі сапарға аттанғалы тастүйін тұрған батырға елдің батагөй шалы қол жайып, ғайып ерен қырық шілтен өулие жар боп қолдасын деп тілек тілейді. Дәл сондай қысылтаяң шақта демеу беретін пір — аруақты өппақ шал Кенесарыға ғайыптан жолығып, тарихтың өзі болып сөйлейді. Бұл көркемдік тәсіл арқылы поэма авторы тағы бір көздеген мақсатына жетеді. Кенесарының ішін улаған қайғысын, жүрегін жара еткен шерін дөп басып, сыртқа шығарады. Қазақты қалың өрттен қайтсем құтқарам деген қиялдың сәулелі жібінен тоқылған нақтылы бейне арқылы Кенесары тұлғасын биіктетіп, көкке көтереді. Яғни бұл жолы хикаяттық кейіпкер «Ертегі» поэмасындағы жезтырнақтай емес, мойнына алған қисынды, өдемі жүгі бар екенін көреміз.

Поэма ұзақ-сонар оқиғаларды тәптіштеп баяндауды жаратпайтын жанр. Кененің ұлт-азаттығы үшін жорық жасағаны қысқа қайырылады. Ақын өнері талай тарих беттеріне кететін оқиғаны поэма шумақтарының тар қауызына сыйғызып жібереді. Хан Кене жауына аш бөрідей ойран салады. Бас қаһарман қаза табады. Ақ шашты қария тас мүсін кейпіне кіреді. Поэма оқиғасы аяқталғанымен, ойы шартарапқа кетеді. Бейнелері

рәміздік (символдық) сыйпат алады. Елге Кенедей ер туғызу ұлт мұратына айналғанын паш етеді.

Мұхтар Әуезов драматургияның мүмкіншіліктерін пайдаланып, Кенесары қозғалысының ұлттық сыр-сыйпатын анықтауға күш салады. Ақ киізге көтеріп хан сайланған Кенесары исі қазаққа заңды, легитимді көсем. Сөйтіп драматург патша тұсында, кейін де Кене хан көтерілісін жөйша бір тентектің, алаяқ, авантюристің жеке басының қамына бола шығарған бүлігі етіп көрсетпекке тырысқан жаласын өшкерелейді. Кенесары қозғалысы — бүкіл халықтық қозғалыс екенін сахна тілімен жеткізеді. Пьеса прологында үш жүз руларының бөрінен түгел келген өкілдер атынан есімсіз үш жігітті сөйлету де осы мақсатты көздейді. Олар «бұл ереуіл елдің тілегі» деп мәлімдейді.

Тарихилық принциптің жөне бір талабы бойынша, бейнеленіп отырған дәуір тұлғасы кешегі мен бүгінгіні сұрыптайтын автор дүниетанымы елегінен өткізіліп суреттеледі. Мағжан, Мұхтар көзқарастары империялық санаға қарсы атойлап шабуылға шыққанда ғана емес, бодандық санаға қарсы күресте де бір арнадан тоғысады.

Отар халықтың қайсыбір бөлегінің жасып, бодандық санаға тым беріліп кететіндігі сирек кездесетін жөйт емес. Сондайларға жөне өзінің мүшкіл халіне есеп бере бермейтін бейғамдыққа ақын: сен бұрын қандай едің, есіңе түсірші, Абылай, Кенесары заманында тәуелсіздігіңді, намысыңды жібермеуге жаныңды құрбан етпеуші ме едің, дегісі келеді.

«Ертегі» поэмасы өпсаналық сюжетке, ғажайып оқиғаға құрылса да, бүкіл рухымен толғайтыны — ұлтым қайтсе бұрынғы айбынды тарихымен өркештеніп, алдаспанын қолына алмайды деген ой. Поэманың бас кейіпкері жас арыстан Сыздық — Кене ханның тұяғы. Ол жұртын тәуелсіздік жолындағы күреске соңынан ерте алмай, қу медиен қу далада жалғыз жортып жүрген бөрі есепті. Автор кейіпкеріне іш тартады. Дала төсінің еркесі, серкесі бір өзің — қазақ, сен емес пе едің, неге бұқпантайлайсың, жас арыстан туының астына неліктен жиналмайсың, деген астарлы пікір білдіретіндей. Сыздық — кешегі жорықты күннің жалғасы. Поэма шегініс жасап, қаһарманның ата-тегін еске түсіреді. Тегі осал емес. Ішкі буырқанған дауыл. «Орыс елі Арқаға қол салған соң Жас Кененің жүре-

гінде қалың шер»,— деп, Кенесарының атқа қонған мақсатын жыр етеді.

Өстіп ертегі жанрына реалистік ағыс кіреді. Бірақ әпсаналық сюжетке кірікпейді. Сыздықтың Абылай, Кенедей аталарына тартып туған «жас арыстан» екендігіне көз жеткізу үшін жезтырнақпен айқасуы поэма идеясын толық ашып бере алмаған.

Бодандық сана — империяға тізе бүккен сана. Отаршылдардың сойылын соғып, ұлттын сататындар дөс осы ортадан шаң береді. Мұхтар болса, осы дерттен арыла алмай-ақ қойдық, дейді. Күні кеше талай қазақ зиялыларын жер аударып тынған Голощекин жандайшаптары енді оппозициядағы тағы да бір топ қазақ зиялыларына, ендігі буынның болашағынан дөмететін басшысы Мұхтар Әуезовке тап берді. Мәскеуге, «Правда» газетіне шағынып, Әуезовты «қазақтың хандарын, аңызға айналған батырларын, «данышпан» билерін, ардагер ақсақалдарын жөне феодалдық серілерін мадақтайды, мадақтағанда үнемі жағымды, бүгінгі күннің өзінде де оларды қадір тұтуға, үлгі етуге болатындай бейнеде суреттейді», деп айыптады. («Советская степь», 1929, 19 көкек).

Сол кезде Қазақстан үкіметінің төрағасы Ораз Исаевтың өзі бас боп таққан айып — бұл Мұхтарларға ғана сілтенген шоқпар емес, ел тарихының ең өдемі беттерін ластау еді. Осыған қарамастан, әлгінде ғана түрмеден шыққан Мұхтар шыбын жанын шүберекке түйіп, төуекел деп, Кенесары туын көтереді, ұлықтың шеніне сатылған Қоңырқожа сұлтаннан бастап, бәр сатқынды мұрнынан тізіп өшкерелейді. Халқына темір ноқта кигізген отаршылдық отына май құюшы опасыздарды «көрініп келген апаттан жаман, іштен кернеп келе жатқан дерт...» деп өткенге шұқшиғанымен, өз дәуіріндегі дертті қоса іліп, шенеп отырғаны күмен туғызбайды.

Мағжан поэмасы («Оқжетпестің қиясында») намыссыздықтың түп тамырына балта шабады. Мұхтар өшкерелеген Қоңырқожа, Жантөрелердің ата тегінің, затының кім екенін біз осы поэмадан білеміз. Поэма кейіпкері, тарих атынан сөйлейтін қария аузына ақын мынадай сөздер салады:

Алаштың алдын қара тұман жапқан,
Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.
Заман азған шағында адам азбақ,

Көп ерлер жаумен бірге елін шапқан,
Кешегі Абылайдан азып туған,
Уәли анау, қар қатынмен басы қатқан.
Шормандай шолпылдаған шолақ билер,
Орыстың шекпеніне елін сатқан.
Кенежан, елің қалды жау қолында,
Алып кет алашыңды осы жақтан.

Бұл айтылғандардан Мағжан мен Мұхтар бірін-бірі көшірген, қайталаған, өз беттерінше жаңалық іздеуге талпынбаған деген ұғым тумайды. Олардың үндестік, бағыттастық, әуендестік негізінде қазақ ұлт-азаттық қозғалысының шындығы жатыр. Ақын мен драматург сабақтастығы Кенесары қозғалысының бүкіл қазақтық құбылыс екендігін, жеке адамның халық еркін орындаған, соның қалауымен істеген заңды өрекеті, ісі екендігін айқындайтын ақиқатқа арқа тірейді. Әйтпесе екеуі де дара контекстің жазушылары. Ондай таланттар бірінің қонған жұртына бірі қонбайды. Поэмада Кенесары бейнесі романтика аралас реализм тәсілімен өрнектелген қаһармандық тұлға боп көрінсе, пьеса сюжеті нағыз қаны шыққан реализм жолымен өрбиді. Мұхтар Әуезовтың бас кейіпкері лажсыздықтан трагедиялық қатал сындарға жолығады, содан шығудың амалын таба алмай, ажалына кезігеді.

Поэма мен пьесаның мүмкіншіліктері әрқилы. Біріншісінде авторлық тұрғы, авторлық баға басым. Лирикаға ұластырып эпостық элементтерді енгізу Мағжандай зергер қолынан ғана келетін іс. Тарих атынан аруақты ақшапты қарияға сөз беруі жанр өрісін кеңейтіп, жеке адам тағдырынан жалпы ұлт тағдырымен байланыстыруға мүмкіндік ашқан. Пьесада бұдан өзгеше, объективтілік шындық басым. Өмір жан-жақты және кеңірек көрсетіледі. Мұхаң тартысқа түскен екі жақтың көзқарастарын ірікпей, бұрмаламай, шыншылдықпен беруге тырысады. Кенесарының жаулары оңай жаулар емес. Оларды аласартпай, Кенесары бейнесіне көлеңке түсіреді деп топастандырмай, қарақылды қақ жарған реализм талабына сәйкес ішқұстаға айналған жан сөздерін түгел, қопарыла айтқызып отырып сөйлетеді.

Мысалы, Жантөре Кенесарының қазақ ортасында жақсы атты, ең мақтаулы кісі көрінетіндігін қызғаныппи етіп, былай дейді:

«Бұл — ел байғұс жайдақ су емес пе? Ит те, құс та

жайлайтын. Кенесары шалақтығымен: «жалғыз жайлайтын ит менмін» деп жүр ғой. Қайдан білсін көптің сыбағасы екенін» деп, тыңдаушыларын күлдіреді.

Бірақ Әуезов болғанды болған күйінде көрсететін объективті жазушы бола тұра, қай жеңгенің менікі деп, бейтарап қалатын объективист жазушы емес-ті. Ол өз авторлық көзқарасын ірікпейді, пьесаға халық өкілдерін енгізіп, оларға реплика тастатып, шындығы мынау еді, деп анығын айтады. Рүстем, Сыпатайлар соғыстың шешуші кезінде қырғыз жағына аунап түсуін автордың сынап-сөгетіндігін біз үш Дулат жігітінің сөз алмастыруларынан білеміз.

«1 - Дулат Көрдіндер ме?! Елді өуелі неге әкелгендерін білдіңдер ғой! Енді жемсауға қарай жантайып тұрғандары мынау.

2 - Дулат «Дулатты іріт» дейді. Біз бір пілдің боғы ғой бұларға...

3 - Дулат Көп қошқардың басы бір қазанға сыймай жатқанын көрмеймісің?»

Демек, пьеса авторы Мұхтар Әуезов қазақтың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруын, береке-бірлігін көксейді деген сөз.

Пьеса тыыш жатқан жерінен ініне су құйған тышқандай теперіш көрген қырғыздарға барынша өділ болғысы келеді. Қырғыз елшісі Көрібоз Наурызбайдың шап ал десе бас алатын озбырлығын, қырғыздай ағайын жұрттың өйелдерінің ішін жарып, балаларын итке тастауын, қырғыздың аруақты бабаларының тамын құлатқан қорқаулығын бетке басады. Кенесары бұған мардымды жауап қата алмайды. Рас, ол Наурызбай сотқарлықтарын құба-құп қабылдамайды. Оның жүгенсіз қаталдықтарын айыптауға парасаты жетеді. Дегенмен, Кенесары қозғалысы не себепті Қырғыз жеріне жайылуы керектігі жете ашылмаған. Автор атынан өділ бағасын кесіп айтатын халық өкілдері бұл тұста жым-жылас көрінбейді. Мұхтар Әуезов пен Мағжан Жұмабаевтың тарихи оқиғаны бағалаудағы қайшылықтары болса, дәл осы түс.

Мағжан қай өлең, поэмасында да Кенесарыға шаң жуытпайды. Кенесары қозғалысының ең осал, талмауырын тұсы — қырғызға жорығы. Осы себепті ме, Кенесары хан қырғыз елшісімен жауаптасуында жалпылама ақталу сөздерден өрі аса алмайды. «Сөз ұқпайтын санасыз. Бір менің басымның қамы екен, осы жүргенім... Қалың ел, қара ордалы жұрттың қамы емес

пе?»— деген өр жағында тірегі жоқ шығарып салма сөздерден өрі аса алмайды. Мұның өзі, яғни нақтылы жауаптаспай, өз өрекетінің екі ел мүддесіне сай келетінін түсіндірмей, күмілжи беру Кенесары характеріне елеулі нұқсан келтіріп тұрғаны сөзсіз.

Мағжанға келсек, ол ашықтан ашық кетеді. Қырғызға жорықтың тарихи қажеттіліктен туғанын дәлелдеп, тарих ғалымының өзін ойландыратын пікір-идеяларға бастайды.

Сол кеткеннен Кенекем кете барды,
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.
Алашты алып шығып ел қылмаққа,
Жауына аш бөрідей ойран салды.
Үйсін, Дулат, Қырғызбен қол ұстасып,
Қытаймен қатынаспаққа ой ойланды.
Біле алмай надандықпен ердің ойын,
Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда,
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.

Мағжан поэмасына қарағанда, Кенесары көтерілген қазаққа мықты одақтас іздеп шарқ ұрып, ақыры Қырғыз елі арқылы Қытаймен жең ұшынан жалғасуды көксеген. Бұл ой пьесада айтылмайды. Кенесары Қырғыз елшісіне: «Бірігіп елдік қылатын жерде берекесіздігіңнен белің сынып жатса да — оны сөйлемейсің» деп мақсатын тура айтпай, орағыта береді. Кенесарыдай жау жүрек характердің қырғызға жорығының мақсатын ашып айтпайтыны, шығарманың 1934 жылы қоғамдық-саяси ауа райының шаңғытып, қабарып бұзыла бастаған кезінде дүниеге келуінен болуға керек. Мағжан білгенді Мұхаң неге білмесін. Бұл өлеуметтік, таптық дейтін тақырып алға шығып, ұлттық тақырыптың аяғына підер түсіп қалған кезең еді. Аса хауіпті тайғақ тақырыпқа барып, оның үстіне ханды негізінен жағымды кейіпкер етіп алған Мұхаң, алға қойған мақсатын дәйекті түрде жүзеге асырса, орға жығылатынын түсініп жетпеді дей алмайсың. Сондықтан бас қаһарманын көп мәселеден ашық та батыл сөйлете алмаған.

Кенесары қозғалысы туралы Мағжан, Мұхтар пікірлері біздерді қазір де ойландырмай қоймайды. Бұл тағылым ел бірлігін алға тартады. Бұдан маңызы кем соқпайтын жөне бір міндет — Кіндік Азиядағы бауыр-

лас халықтар өзара жұбы жазылмайтын ынтымақ қатынасын нығайта беруі тиіс. Бірімізге тиіскенің — бөрімізге тиіскенің деп отырмасаң, күш біріктірмесең, баяғы таз қалпыңа келуің оп-оңай.

Сөз соңында көркем шығарманың заманаға қызмет етуі хақында бірер сөз. Мұндай қызмет мәнін Мағжан мен Мұхтарлар философиялық һәм шығармагерлік зор талаптар тұрғысынан ұғынғанын айтуымыз керек. Олар өдебиетіміздің эстетикалық мұраты ұлттық мұратқа айналуын арман еткен, елдің елдігін күшейтуге ат салысуын, нақтылы күшін тигізуін көксеген.

Жоғарыда еске салдық, тағы да қайталаса артығы жоқ: Оқжетпестің қиясында тас боп шөккен қарт көп заман талмай-тозбай «Алаштан Кенекемдей бір ерді күтеді». «Кенекемдей бұл күндері неге ер тумайды?» — деп арсыға дейін көтеріліп тілек тілейді. Не себепті?

Бұл жайында ойлағанда неше ғасыр бойы Ресей секілді алпауыт империямен соғысып жатқан чечендер еске түседі. Бұлардың бірі емес, бөрі — Кенесары. Өліспей беріспейді. Чеченстанмен қақтығысқа қатысқандардың бөрі дерлік (генерал Ермолов, граф Мелик-Пашаев) чечендердің басқыншыларға қарсы өлермендік қайрат-жігермен соғысуын бұлардың ұлттық менталитетіне жатқызған. Чеченстандағы жазалаушы экспедицияның бастығы генерал Пассек өзінің қанды жорықтарын қорытындылай келіп, чечендер туралы: апырай, бұл не деген жүрек жұтқандар, бұларда «Шегініс, тізе бүгіп бағыну дегендердің жұрнағы да жоқ» («Ни следов отступления, ни следов покорности») деп қайран қалады. Найзаға шаншып көтеріп тұрған дұшпандарына Кенесары да ақырына дейін беріспей: «қанқұйлы жау, өлі де мен сенен найза бойы биікпін» деп көз жұмған ғой.

Біздің қос шынарымыз Кенесарының құрыш тұлғасына біткен міне, осы қасиеттерді ұлтымызға үлгі етіп суреттеген, қасықтай қаны қалғанша шайқасып шейіт кеткеніне бас иген.

Бұл жүйедегі ойымызды төмөмдау үшін, Мұхтар Әуезовтың Кенесары хан бейнесін ашудағы, тағы да бір көркемдік тәсілін айта кеткенді жөн көрер едім. Бұл — салыстыру, шендестіру тәсілі. Кенекен бейнесіне сүйене отырып, жазушы қазақ тағдырына қатысты талай мәселенің басын қайырып тастайды. Қазаққа қандай басшы керектігі хақында, мұндай тұлғаның жоқтығы қандай зардаптарға өкеп соқтыруы хақында

өңгіме шертеді. Өстіп кең өлшеп пішу Мұхаңа айрықша тән стиль. Ол не жазсын, өңгіме ме, пьеса ма, роман ба,— көркемдік уақыттың ауқымын суреттеліп отырған кезеңнің аясынан әлде қайда асырып алуға тырысатын. Соған бағып, «Хан Кене» пьесасындағы Шеген қарияны сөйлетіп, қазақтың арғы-бергі тарихына шолу жасап, сол тәжірибе негізінде болашақ құлағына арнап үлкен өсиет қалдырады:

«Қазақ-қазақ болғалы басынан қилы-қилы заман кешірген. Жақсы күні бір болса, асу-асу белдермен асамын деп аса алмай, қос қанаты қайырылып, ошарылған, күңіренген күндері де болған. Басшыдан ми, қарашадан күй кетіп, бет-бетімен тозып қайың сауып, қаңғып кеткен күні де болған».

Өнер сөзі — өрісті. Шеген тұрғысынан «басшыдан ми...» кеткен заман — Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заманы. Ал, автордың өз тарапынан бұған қосып алары бар ма?

Тарихилық принцип — көркем әдіс құралы. Бұл құрал көмегімен өткен мен бүгінгі (шығарма жазылған кездегі уақыт), бүгінгі мен болашақ арасына көрінбейтін көпір төселеді. Бүгінгінің жүрегіне түскен сызатқа өткен күннен дару ізделеді.

Мағжандардан кейін іле-шала ұсталып, екі жыл отырған түрме қапасынан «шықпа, жаным, шықпа» өуірімдеп өзер босанған Мұхтар Әуезов, ұлтшыл алашордамен ат құйрығын үзістім деп ант-су іпсе де, 1932—1933 жылдардағы нәубетті көргенде жағасын ұстамады, жүрегі тілім-тілім болмады деп айта аламыз ба? Ұлтының шыбындай қырылып жатқанын көргенде ол, сөз жоқ, ашу-ызаға булықты, кектенді. Бұны сыртыңа шығармасаң, іш құсалықтан жаның жөннамға кетуі де мүмкін. Сонда не істеуі керек? Баспасөз бостандығы жоқ елде Эзоп тілімен сөйлеп, ойды бүкпелеп, түспалдап, орағытып айту үшін тарихи материалды пайдалану, бүгінгі жөйға содан параллель іздеу — ежелгі әдеби тәсіл. Сол тәсіл Мұханның есіне неге түспесін, түсті. Ондай жорамал айтуымызға толық негіз бар. 1932—33 жылдардағы ашаршылықтың әсерін беруге ол Алқакөл сұламан алуында үлкен мән жатыр. Ал шынтауайтында келсек, «Басшыдан ми, қарашадан күй кетіп, бет-бетімен тозып қайың сауып, қаңғып кеткен» күн біздің ғасырымыздағы нәубетке көбірек тән дер едім. XVIII ғасырдағы нәубетке қазақ

қалайда қарсы тұрып бақса, ХХ ғасырдағысында тұяқ серіппестен қырылды.

Шынжыр балақ, шұбар төстерді жазғаны үшін түрмеге түскен, енді олар туралы жазбаймын деп Кеңеске ресми уәде берген, үш мүшел жасты толтырар-толтырмастағы Мұхтар Әуезовтың қамаудан босана сала «Хан Кене» деп ат қойып пьеса жазып, театрда ойын қойғызуын қандай қаһармандық белгімен бағаласаң да артықтық етпейді. Галилео Галилейдің инквизация жазасынан соң күбірлеп: «а все-таки она вертится» дегені секілді, бұл да жаһанға жария етіп, мақтаныш қылатын жанкешті ерлік, мызғымас сенім емес пе?! Сол іспетті Мағжанның да өз дініне, иланымына беріктігі баршаға аян. Кенесары — қиялай қиқу шыққанда аттанға басатын омыраулы басшыға күштар ұлттың тілегі, төуекел ғып тас жұтқан ер, қазақ қамқоры, дейді Мағжан, Мұхтарлар, асыл ағалар.

Ендеше, Мағжан, Мұхтар ізденістері ұлттық тақырыпты жаңа, төуелсіздік жағдайында өрістететін бірден бір негіз бола алады. Көп жылдар бойы арнасы кеуіп қалған ұлттық тақырып осы негізге сүйеніп, жаңа күш алмақ.

Ұлттық тақырыпты қазіргі жағдайда өрістетуге дегеніміз ұлт даралығын көрсетумен шектелмейді. Өзге халықтардан тараған игіліктерді рухани қазынаға қоса беруіміз керек. Қайсыбіреулер қазағымның өз өнер-мәдениеті өзіне жетіп жатыр, өзгенің өнегесіне сұқтанып телмірудің қажеті шамалы деген жаңсақ, кеудемсоқ пікірлер айтып жүр. Мұндай пікір иелері өзгенің жетістігін бойына сіңіріп отырса, ұлттың дара қасиеттері де марқайып өсе түсетіндігін түсініп жете бермейді.

Мағжанның еуропалығы Мұхтарға да соншама төн. Жас Мұхтар Әуезов, Мұханның өзінше айтсақ, қазақ ақындарының қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениеттің сұлулық сарайынан өнер кестесін келісімді төгуді үйренді. Абай мектебінен өтті. Халық даналығынан нәр алды. Нәтижеде заманынан баса озып, келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын Мағжан сөзіндей сөз туғызды. Бұған дәлел іздеп бертінгі қолжетпес «Абай жолы» роман-эпопеясына жүгінудің қажеті аз. «Мағжан қаламынан туған «Шолпанның күнөсі» атты өңгімемен дүниеге қатар келген «Қорғансыздың күнін» айтса да жетіп жатыр.

Бұлардағы ішкі монолог, ой ағысы, жан диалектикасы сияқты психологиялық талдаудың үлгілерін біз сол кезге дейін қазақ прозасынан емес, еуропалық және орыс прозасынан кездестіреміз.

Осы жарастық, үндестікті айта келе, көңілде түйткіл боп қалмауы үшін бір мәселенің бетін аша кетуді жөн санаймыз. Мағжан туралы жас Мұхтардың пікірі соншалық биік болғанымен, кейіндер кемеліне келген Мұхтар Әуезов 1957 жылы «Октябрь өркені» деген мақала жазып, бұған кереғар пікір айтты емес пе? Оны неге жасырамыз?— деген сұрақ тууы әбден заңды.

1956 жылы КПСС-тің XX съезінде Сталин культі өшкереленгеннен кейінгі жерде де басқа ақындар, жазушылар ақталып жатқанда, Мағжан Жұмабаев поэзиясы бұрынғысынан өрмен датталумен болды. Мағжан лирикаларының барлық мерезін пышақтап отырып көрсету керек деп талап қоюдан соңғы кездерге дейін тиылмадық. Мағжан алпысыншы жылдардың басында ақталды. Сонда да, сексенінші жылдардың аяғына дейін ұлттық ақынымыздың «жұқпалы», «зияны күшті» лирикасын өшкерелеу әдебиетіміздің тарихы үшін де, болашағы үшін де қажет деп қасарысып отырып алдық. Уақыт жетегіне кім ермейді. Мұхтар Әуезов аталған мақаласында Мағжанды буржуазиялық ұлтшыл, декадент ақын деп сынады. Бұл зілді, ауыр сынды тарқата келе, Мұхаң былай деп жазды:

«Өзі қазақ сахарасында өскен Жұмабаев ақынға оның туған өлкесі қорқынышты, өлі дүние төрізді сезіледі...

«Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.»—

дейді.

Осылайша сахараны сөз етсе, талай рет өлім күйін құлақ күйіндей қатар күнрентеді. Бұл сарын оның шығармаларының арылмас дертіне айналған «сар ауру» болатын». (Мұхтар Әуезов. Шығармалар. Он екі томдық. 12-том, 170-бет).

Мұхаң сынының өуеніне еліктей отырып, біздер де ұлы ақынға қамшымызды шошандаттық. Онымыздың қате екендігін абыз ақынымыз Әбділда Төжібаевтан бастап баршамыз түгел мойындадық. Осы мақаланың бас жағында бұл мәселе тағы да ішінара сөз етілді. Мен Мағжанды Мұхаң сынамауы керек еді деуден аулақ-

пын. Қажетті жерінде Мұхтар Әуезов өзінің сүйікті Абайының осал тұстарын тура айтудан іркілмеген. Ал Мағжанның туған табиғатты мансұқ етуіне келсек, бұл мақала тақырыбына тіке қатысты мәселе. Оған азын-аулақ тоқталуға тура келеді.

Біріншіден, ақын атаулы қазақ сахрасын, даласын сүйсе, дәл Мағжандай сүйсін, дер едім.

Кең дала, көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан төтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Бұл шумақ Мағжан Жұмабаевтың «Айға» атты өйгілі өлеңінен алынып отыр. Белгілі татар жазушысының романына эпиграф етіп алынған бұл сөзді Мұхажір білмеуге я ұмытуға тиіс емес. Бірақ замана стилі — большевиктік сұхит стильдің пысы кімді басып кетпеді?

Екіншіден, біз өлең жолын оның контекстіне қарап бағалауымыз қажет. Жаңағы «Сар дала бейне өлік сұлап жатқан» деген жол Мағжанның «Жаралы жан» деген өлеңінен алынған. Ақын құба жонда жараланып, қаны көп аққандықтан қуаты кеміген жанды суреттейді. Жаралы жан құдайдан бүйтіп қинағанша, тезірек о дүниеге алып кетуін сұрайды. Жан тапсырайын деп жатып, туған табиғатын қимайды. Мағжан оның аузына мынадай сөздер салады:

Сауықшыл есіл елім-ай,
Сарыарқа сайран жерім-ай!
Күмістей таза суы бар,
Айдын шалқар көлім-ай!

Ақын осы жаралы жанның өлмелі көзімен қарағанда, сар дала оған суық, жат боп көрінеді. Бейне өліктей тітіркенеді. Бұл өлеңнің бастапқы шумағы. Ақынның өз атынан айтылатын соңғы үш шумақтан аңғартынымыз — жаралы жанның қазақ екендігі, оның оқыған азаматтардан көмек күтетіндігі ширыға жырланады. Өлең үндеумен аяқталады:

Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең,
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең!

Оқушы аңғарған болуға керек, «Жаралы жан» — нағыз ұлтжанды өлең. Бұл өлеңі үшін ақынды даттау керек емес, мақтау керек. Белгілібір идеялық-көркемдік шешімді жүзеге асыру бағытында типтендіру құралдарының бірі — пейзаж әрқилы беріледі. Кейде таңдай қақтыратын, бойыңды ерітіп, жүрегіңді лүпілдетіп неше түрлі күйге бөлейтін сурет боп көз алдыңа орнай қалады. Кейде сол табиғат безбүйрек, қатал. Шығарма кейіпкерлерінің көңіл күйіне қарай құбылады. Ондай тәсіл Мұхтар Әуезов прозасында барынша қолданылған.

«Қорғансыздың күні» өңгімесіндегі пейзажға зер салып қараңызшы. Жалғыз бас көтерер азаматынан айырылып, қанатынан қайырылып отырған сорлы үйелменге, сормандай бүлдіршін қызға ашып отырған жаныңды даланың үскірік аязы, азынаған бораны, түтеген қары тағы қарып өтеді. Мұндай бауыры суық даладан бір сәт безініп кеткің келеді. Бірақ сол үшін Мұханды мистикалық күй сарынын күйлейді, туып өскен даласын үрейлі, мейірімсіз етіп көрсетеді деп кінәлауға бола ма?

Сахраның қазақ прозасындығы бейнесі бізге көп сырлар айтады. Ол қазақ қауымы мінезіне де қатысты. Халқымыздың мінезінің, пейілінің кеңдігі көп ретте жерінің, қонысының кеңдігінен де хабар берсе керек. Сол мінездегі қайсыбір намысқа тиер жөнсіздіктерде де даланың өз үлесі бар. Мұхтар Әуезов те даласын анасы деп біліп, жанындай жақсы көрген, сүйген. Бірақ сол даланың ғасырлар бойы өзгермей, сұлқ жатуын ол сүйген жоқ. Оның ұлы жүрегі бұған ешқашан төзбеген.

Бұдан туатын қорытынды қандай?

Мұхтар Әуезов бертіндер пікірін өзгертті, Мағжанды қатал сынға алды десек те, уақыт салқыны тиген кездейсоқ мақалаға бола, бұл қос алыптың ұлттық тақырыпты талдап шешудегі ынтымағын жоққа шығара алмайсыз. Сайып келгенде, бұлар жазушы болғандықтан, мұндайда негізгі салмақ көркем шығармаларына түседі. Не айтты, қалай айтты, дүниетанымы, көзқарасы, соның ішінде ұлт мәселесінде ұстанған қағидалары — бәр-бәрі көркем туындыларынан табылмақ, сонда тұлғаланбақ, нақтылы бейнеленбек. Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Әуезов шығармалары олардың ұлттық тақырыптағы ізденістері, жоғарыда жасалған талдаулар айғақтайтындай, бір арнадан

шығып отырған. Ол күркіреп аққан арнаның ағысы қазақ ұранды елдің елдігін қайтсек жарастырамыз деген биік арманнан бас алады.

3 қаңтар, 1997 жыл.

ТОЛЫҚ АДАМ

Ғабит Мүсрепов туралы естеліктен

Адам мен адамның қарым-қатыс сыйпаты, сыйластығы, көңілдерінің жарастығы бір-бірімен сөлемдесуінен-ақ аңғарылып қалады. Араз кісілер беттерін теріс қаратып өкетеді. Көңілінде кірбіңі барлар бас изеседі. Бір-бірінің жақсылығын көргендер қуанғандарын жасырмай мәре-сәре болады. Көріскен кезде қыңырайсаң, қарсы кездескен кісінің бетінен нұр ойнап шыға келмейді. Ал үлкендерге, Ғабит Мүсрепов сияқты аса қадірменділерге сөлемің өзгеше...

— Ассалаумұғалайкүм, Ғабе!

Ғабит Мүсреповпен өлде қалай жүздескенде не телефон арқылы хабарласқанда мен не себеп екенін қайдам, осы бір ежелгі рәсімге жүгінетінмін. Дегенмен, салақұлаш араб сөзін мақамына келтіріп созып жатпаймын. Сөлемімді генералын жолықтырған солдаттайын тұжырымды, ашық, шапшаң айтуға тырысатынымды аңғарамын.

— У-а-ғалайкүммүссәләм!

Асығып-аптықпайтын, сабыр суын сепкен қоңыр дауыс келеді құлағыңа. Сөлем алудағы үні бейтарап, немқұрайды. Күні кеше ғана жолығып, айырылысқанда тонның ішкі бауындай сияқты едік. Енді тосырқап тұр ма қалай? Қарсы трубка жауабы қазақ гүрпы бойынша «мал-жаныңды» қайыра сұрауға тиісті еді, бірақ ләм демейді. Үнсіздік тым созылыңқырап бара жатқан соң, танымай тұр ма екен деген күдік кіреді.

— Ғабе, бұл пөленше деген қазаққой мазалап жатқан.

Өстіп өзіңнің кім екенінді есіне сала бастайсың. Бұл жолы қоңыр дауыс сәл жылығандай.

— Ия, ия, танып тұрмын.

Сөйтіп Ғабеңнің сөлем алуы құрғақтау шығады. Біреу бірдеңе деп, жамандап қойды ма деп секем ала

бастайсың. Ең тиыш отырғаны бір кебісті бір кебіске сұғып қоятын қазекем ғой. Бірақ Ғабен өңгімеге шақыра білсең, шабыттана берген сөлеміңнің қарымын еселеп қайтарады. Және қалай қайтарады десеңізші. «Бір жақсымен кездескенің мың-миллион мереке» деген сөз бекерден-бекер айтылмайтынына сонда көзің жеткендей болады. Ғабеннің мәслихатына риза болатының сонша, көңілің біртүрлі көтеріліп, рахаттанып қаласың. Қайран Ғабен! Ғабит Мүсрепов деп таңдайын қаққан жұрт қаламыңа да, қайратыңа да, тіпті өзіңе ғана жарасатын паңдығыңа да бас иетін еді ғой.

Ол кісі көп сырды ішіне бүгіп кетті. Айта алмады. Култ пен тоқырау заманы айтқызбады. Сонда да ол басқа біреулердей әкімшілік — өміршіл система дегенінің бөріне бас изей берген жоқ. Тәуекелге бел буып, аузынан жалын шапып тұрған арланның арланына тап берді. Біреуінің мойнын үзсе, екіншісінен өзі таяқ жеп, тиесілі сыбағасынан қағылды.

1937 жыл. Сталин жендеттерінің қанды қасабының шаңғытып тұрған шағы. Жиырмасыншы жылдардың аяғында Голощекин мен Сталин қазақтың Абайдан соңғы бас көтерген зиялыларының ең бір қасқайсандарын, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты көсемдерін атқанын атып, атпағандарын итжеккенге айдатып жіберген кезі. Енді кезек екінші толқынға тиді. Ұлттың ой-санасы өспесін десең оның интеллигенциясын құрту керек екенін Сталин баскесерлері өбден жаттап алған еді. Әрине, мұндайда өрі ақын, өрі романист, драматург, өңгімені Чеховша сайрататын Бейімбет Майлин сияқты реалист жазушыны аяушы ма еді? Ол да ежовшылардың қыл бұрауына ілігеді.

Осындайда шындық айтуға бола ма? Не бір жүрек жұтқанның бұғып қалған кезі емес пе еді. Бірақ Ғабит Мүсрепов бойын тік ұстап, жауырынын бүкшітпеген. Ерлік қана айтқызатын шындықты, қынаптан суырған семсердей, жарқ еткізген.

Ғабеннен бір күні мен: «Бейімбет жау болса, мен де жау!» деп ашулы айқай шақырып айтқаныңыз рас па? — деп сұрадым.

Ғабен іркілген жоқ. Қоңыр даусын соза өңгімелеп отыр. 1937 жылы ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде мәдениет секторының меңгерушісі қызметінде істейді екен. Жазушылар Одағында өтіп жатқан партия жиналысына кешігіп келеді. Ол да жиылыс өтіп

жатқан бөлменің табалдырығынан аттауы мұң, отырған қызыл көздің бірі тарпа бас салады.

— Міне, Бейімбеттің сыбайласы да келді,— деп жұртқа естірте кекетеді.

Сөйтсе, абақтыға жабылған Бейімбетті партиядан шығарайын деп жатыр екен. Жиналғандардың сызданған, қайсыбіреулерінің үрейленген түрінен-ақ қазақтың білдей жазушысын, Би-ағанды қорғап сөйлейтін ешкімнің болмағаны көрініп тұр.

Ғабен шыдамады. Би-аға деп қадірлейтін асыл ұстазын ғайбат сөзге, халық жауы деген жаман атаққа қимады. Оқталғанына атылмай қоймайтын барыс мінезді, өлі беті ешқайдан қайта қоймаған жас Ғабит арты неге соғадыға қарамады. Төуекел етті. Сөз алып, жұрттың төбесінен жасын түсыргендей, «аһ» дегізді. Қаншама ашуы алқымдап тұрғанымен, сабырлы қалпынан айнымай:

— Бейімбеттің ұсталғанын білемін,— деді.— Бірақ оның қатеден ұсталғанына көзім жетеді. Бейімбет Майлин — адал коммунист. Бейімбет жау болса, мен де жау,— деп, сөзін шолақ қайырып, шығып кетеді.

Кеңсеге келіп, үн-түнсіз шылым тартып отыр еді, сол кездегі Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші секретары, қазаққа шын жаны ашыған дос Леон Мирзоян шақыртып жатыр деген хабар келді.

Ұрса ма деп ойлап еді. Өйткен жоқ. Даусында мүсіркеу, қапалану бар.

— Ғабит Махмудович, сірәде бір нәрсені бүлдіріп алғансың-ау,— дейді қынжылғандай.

Ғабен бұлтарған жоқ. Несін бұлтарсын. Айтылған сөз — атылған оқ.

— Айтқаным рас,— деді Ғабен бұл жолы күрсінгендей болып. — Бейімбет жау болса, мен де жау. Сөкен Сейфуллин, коммунист десең коммунист, революционер десең революционер. Қазақстанда Совет өкіметін орнатам деп талай азап көрген, тар жол тайғақ кешуден өткен адам. Ол да ұсталды. Жарайды, ол бастық, үкімет төрағасы ретінде жауын көбейтіп алды делік. Жүз досы болса, жүз дұшпаны бар делік. Ал Бейімбетке не жорық? Қой аузынан шөп алмастың өзі еді ғой.

Ғабен қолын бір-ақ сермеді. Ар жағын айтудың қолайлығы жоқ. НКВД-ның жаласы екенін қалай айтсын.

Партия жиналысында Бейімбетті жақтап сөйлеген

сөз Мүсреповке пөле болып жабысады. Оған танданған жоқ. Сау басына сақина тілеп алған өзі. Кімнен көреді, өзінен көрмесе. Бірақ өкінген жоқ. Не болса да көріп алдым,— деп түйді. Өкініш өтіріктен не аңдамай сөйлеуден тұмақ. Бұл өйткен жоқ.

Қаза берсе Ғабеннің ондай ерлігі бір басына жетерлік. Қиянатқа қарсы күреске белін бекем буып, елім десе, аруақтанып кететін бүгінгі бетбұрыс заманының қаһарманын көзге елестеткіңіз келсе, алдымен Мүсреповтың ұлы тұлғасын көз алдыға елестетпей тұра алмайсың. Өзі солай болды да. Жуықта Алматы сахнасында драматург Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты пьесесы қойылды. Сол пьесенің бас кейіпкері — Ғабит Мүсрепов. Ойын тартысы шын болған оқиғаға негізделген. Голощекин колхоздастыру ұранын пайдаланып, қазақтың күн көріс етіп отырған малын тартып алып, қасақана аштыққа ұшыратып, тең жартысын қырған кезде, дәлірек айтсақ, халық қолдан жасалған індетке тап бола бастаған кезде, бес адам жиналып, жоғарыға хат жазды. Қазақстандағы асыра сілтеуді аяусыз өшкереледі. Сол бесеудің хатын ұйымдастырып жүрген де жазушы Ғабит Мүсрепов болатын.

Бір күні Ғабен Баспа комитетінде істеп жүрген мені үйіне шақырады. Келсем, үйіндегі кабинетінде отыр екен. Сары картонмен жабылған столында жаңа ғана баспадан шыққан кітабы жатыр. Мен де көргем. «Оянған өлке» романының екінші және соңғы кітабы. Құттықтап қолын қысқанда Ғабеннің айтқаны:

— Екі кітаптың арасы босқа өткен жоқ. Созылып кеткені де рас. Өзімнің жалқаулығым да бар. Өзім сеніп болғанша қағазға түсіре алмауым да бар. 1980 жылы бастаған едім. 83-тің декабрінде төмөмдадым. Көп ойландым. Көп іздендім. Көп нәрсені оқи отырып, ешнәрсеге еліктемеу де қиын. Егер бұл кітап «Оянған өлкенің» дәрежесінде шықса, мен оған дән ризамын. Жалғасы бола тұра, алғашқы романның шеңберінен шығып кететін де жағы бар.

— Әсіресе шет ел тақырыбы дейсіз ғой.

— О да бар. Шет елің — концессионер құлар ғой. Бұлар да отаршылардан кем соққан жоқ, кем сорған жоқ халқымызды. Бірақ шет елдікті суреттегенде тұрпайылаудан сақ болуға тырыстым. Өздері де керауызданып тұрған жоқ па? Ішкі мені бар сөздерді туралап айтқаным да бар.

Мен Ғабеннің жаңа кітабына сын жазып үлгергем.

Екінші кітап қазақтың былайғы тағдыры туралы кітап болатын. Бұл шығармаға ерекше өр беріп тұрған ой — өткеннің бәрін қараламау керек, тарихымызда жарқын беттер көп, сол дәстүрден айнымауды да ойластыру қажет деген идея. Романда қазақ өйелі туралы қандай мақтаныш сезімнен туған биік сөздер, жолдар бар десеңізші.

Бірақ, шынын айту керек, Ғабеннің әңгіме аяқталар кезде айтқаны жүрекке дық ете түсті.

— Енді осы кітапқа разы боласыңдар. Мен жазып болдым,— демесі бар ма.

— Ғабе, бұл сөзді айтпаңыз. Алдымен өзіңізге қиын соғады,— деп жатырмын.

— Сонда не жаз демексің?

— Естелік. Жұрттың бөрі естелік жазып жатыр емес пе?

— Мен өтірік жаза алмаймын. Ал сен батыр екенсің, мені Голощекиннің бесеудің хатынан кейін қалай қуғындағанын, алтай қыс ашаршылықтан баудай түсіп жатқан алыс ауданда ұстағанын жазсам, кітап етіп басып шығарасың ба?

— Жазу керек. Түбінде шығады.

Ғабең қолын бір-ақ сермеді.

Ия, енді сексеннің бесеуіне шығып отырған Ғабит Мүсреповке жаз деп сонша неге қадалдың дейсіз ғой. Орынды сұрақ.

Ол кісі не жазса да, елең еткізетін. Біз көрсек те, мән бермейтін өлде бір күрделі мәселеге халық назарын тіктіретін. Ел ағасы не жазса да туған халқының көкейтесті мүддесіне саятын. Сондықтан да Ғабит Мүсрепов сөзін жұртшылық сағынып күтіп отыратын. Тіпті кейде сөзін естімесең де, анадайдан жиналыс президиумында отырғанын, не театрға келгенін, не бір көшеден өтіп бара жатқанын, сейілдеп жүргенін көріп қалсаң да, көз тоятын еді-ау жарықтыққа.

Әрине, естелік жанры оның авторы тарапынан созылмалы монологтан бой тартуын қалайды. Мұндағы оқушы талабы — біреуге сыпаттама бергеннен гөрі, оның характерін, сөзін көбірек еске алуды көздейді. Ғабеннің жақсы көретін ақын інілерінің бірі айтпақшы, «детальмен сөйлеу керек, бет алды сөйлемей.»

Ғабең өз алдында біздің тым жас болып сөйлеуімізді қаламайтын. Тура сөгіп тастамағанмен, естір құлаққа түсінердей ғып айтатын.

— Елуге келгендер бізден алыс тұрған жандар емес. Гете айтыпты: қырық жас жігіттің көрісі, елу жас көріліктің жастығы деп.

Бұл 1971 жылы сәуір айында айтылған сөздер. Сол тұста Ғабеннен: «Қазақтың кеші — өзінің көрмесі» деген сөздерді естіп жазып қойыппын.

Тағы бірде (II.IV.1974) Ғабен мансап мәселесін өңгімеледі. Өзіне төн жылы юмормен шенейді. Соның ішінде өзін де. Алдымен езу тартып, күліп алады. Күлгенде бір түрлі: көмейімен күлмейді, кеудесімен қозғалып: ha-ha-ha,— көрік басқандай үн шығарады. Сөйтіп күліп алған соң өз өмірбаянынан бір штрих келтіреді:

— Қазакең белсенділікке үйір ғой. Егер отыз жетінің өлегі болмаса, өзімнің тағы қандай қызметке баратыным белгісіз еді. Бюро мүшелігіне кандидаттыққа жеттік қой. Енді бір секірсең... Ал сол жылдардың бұрып жібергені де жақсы болды. Жазушылыққа ден қойып кеттік.

Мен де ойлаймын: «қандай жақсы болған» деп.

Осы күнгі елуге келгендердің бірталайы орден дөметеді. Орден бермедің деп (сенің қолында тұрғандай) жұрттың апшысын қуырғанға қымбайтындар аз ұшыраспайды. Ғабен елуінде орден тұрсын, Грамотаға да кезікпепті. Оның орнына республикалық газетте сын мақала шыққан сияқты. Кейін ойда жоқта Грамотаға іліккенде, ренжігенін сонда ғана шығарса керек. Оныншы класты оқып бітірген қызы Грамота алуға тиіс екен. Ғабен сол кездегі республика басшыларының біріне:

— Әйтеуір бұған да шүкіршілік. Орта мектеп бітіргелі отырған қызымнан Грамотаны бір күн болса да бұрынырақ алатын болдым,— депті.

Ғабен өз айналасындағы жігіттерді іздеп, түгендеп отыратын. Аз уақыт хабарласпай қалсаң, өзі телефон шалып: «ау, қайда жүрсіндер?»— деп сұрағанда өжептөуір қысылып қалатынсың.

Жыл сайын Ғабен Алматы санаторийінде дем алады. Тынығуға кетті дегеннен кейін араға біраз күн салып, көбіне Ғафу, Жұмағали Ысмағұлов үшеуіміз барамыз.

Төртеу ара бір «соны» сөз табылды. Аты — «рукопись». Папкаға жолшыбай томпитып бір коньяк салып алғамыз. Санаторийдің ауласына кіре жолыққан таныстар: бұл не папкаларындағы?— деп сұрайды.

«Рукопись» қой дейміз. Ғабен бөлмесіне кірген соң біраздан кейін мен Ғафаңа: «жаңағы рукописің қайда?» дедім.

Ғабен осының алдында тайып жығылып қалып, аяғын ауыртып алыпты (2.01.1977). Әйтеуір сүйегі аман. Сонысына рахмет. Дегенмен, денесі ауырлап қалған егде кісіге жөй ауырсынғанның өзі біршама жүк. Байқамай, менің сұрағымды естіген Ғабен бізге суықтау бір қарап қойды. Ғафу: «міне, рукопись» деп бес жұлдызын жымың еткізіп, шөлмекті суырып алғанда Ғабен де жымың ете түсті. Жөйдарыланып: «Апырау, тынығып жатқан кісіні өурелеп бұлар не оқытайын деп жүр?» десем, мұндай «қолжазбаны» аз-маз ежіктеуге болады,— деді. Кейін іздеп барғанда Ғабен «рукопись» деген сөзге шошымайтын болды.

Ғабенді сөйлетуді жақсы көреміз. Сүйікті тақырыбы, жанды жері бізге белгілі — ол қазақ тілінің тазалығы мәселесі. Әңгімеге араласқан біреуіміз қысқартулардың бізге де қажет екенін айтқанда, тіл зергері қарсылық етті. «Сен бара-бара «осырақ» деген қысқартулар жасауың мүмкін» деп күлдірді.

Шамадан келмес іске ұмтылатындарыңды біраз өжуалады. Баяғыда Елтіңжалдағы біреу өн айтамын деп бақырып-шақыра берген соң, Ғабеннің ағаларының бірі ақырыпты: «Өй, шыға берісіңнен ұрайын. Өйтіп барқырай берсең көтеу боларсың депті. Көтеу — бүгінгінің тілінде — «геморрой».

Бір жолы (13.08.1981) Ғабеннің өзі шақырып, М. Ю. Лермонтов атындағы орыс драма театрынан «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» спектаклін көрдік. Қоюшы, ұмытпасам, Қостанай облыстық драма театры. Үзіліс кезінде Ғабеннен «көрпеш» деген сөздің мәнін сұрадым. Ол кісі: «көрпеш» деп мал тұяғы тимеген балауса шөпті айтады, мұның жөне бір баламасы — «балқаш» деген сөз» деді.

1972 жылы наурыз айында Ғабит Мүсреповтың 70 жылдығы құрметіне ұлан-асыр той болды. Салтанатты мәжіліс Абай атындағы Академиялық опера және балет театрында өтті. Бірақ Баспа комитетіне онда сөз тимей, (партаппараттың ұнатпаған адамына ондайда сөз тигізбей қақпайлай беретін қулық-сұмдығы бола береді), келесі күні Қазақстан Жазушылар одағының үйіндегі мәжіліс жалғасында юбилярға деген лебізін айтып еді. Сондағы Комитет басшысы ретінде сөйлеген

сөзімді толық келтірейін деп отырмын. Себебі, ендегі өңгіменің қисыны сол сөзде айтылған кейбір пікірлерге ұласады. Сөз, әрине, ол жылдары тек орыс тілінде сөйленетін. Оны да сол күйінде келтірген жөн сияқты. Құттықтау сөзімде мен былай деппін:

«Дорогой и высокоуважаемый Габит Махмудович!

Позвольте мне от имени Ваших самых больших друзей — издателей, полиграфистов и работников книжной торговли передать Вам в день Вашего славного юбилея горячий привет и пожелания доброго здоровья, долгих лет жизни, дальнейших успехов в Вашей столь плодотворной творческой деятельности.

Свойственная нашему национальному характеру некоторая застенчивость в выражении чувств удерживает меня от бурного объяснения в любви к Вам. Как говорили еще братья Гонкуры: «Прекрасное — это редкое». Вы — из тех больших раскидистых чинар, которые не так часто встречаются в наших краях. Да и во всех других местах тоже, ибо истинный талант действительно редок. Созданный Вами поэтический мир является для всех нас, Ваших постоянных читателей, источником вдохновения, огромных жизненных познаний, мерилom чистоты нравственных поступков и побуждений.

На днях в Госкомитете по печати Вы прочитали свой неопубликованный рассказ. О впечатлениях, навеянных этим новым произведением, я не стану здесь распространяться, — все знают о неувядаемости, о неизбывной силе Вашего мастерства. Но мы не перестаем поражаться слитности Вашего художественного мировосприятия с великим временем, с коммунистическими идеалами, удивляться силе синтеза Вашего дарования, позволяющей скупными, точными мазками обрисовать историю стремлений целой нации, ее меняющийся буквально на глазах социальный облик. Задавая тон литературному процессу, придавая ему современный настрой, Ваше творчество однако же никогда не прельщалось завоеванными рубежами, а смело шло вперед, снова и снова удивляя читателей неожиданными художественными поворотами и открытиями.

Вы, Габит Махмудович, были одним из первых главных редакторов первого в истории Казахстана

издательства. Вы и сейчас являетесь нашим главным редактором. Говорю это с полной ответственностью, потому что знаю, как неустанно, с какой заинтересованностью следите Вы за выпускаемой литературой. И порою поделом достается от Вас нашим издательствам за публикацию убогой серости. Ну что ж, нет оснований обижаться на объективную критику. Издатели всегда внутренне чувствуют справедливость Вашей гневной доброты. И в знак глубокого уважения к Вам и Вашему большому творчеству издательство «Жазушы» и республиканская типография №2 ко дню Вашего юбилея выпустили первый том Вашего пяти-томного собрания сочинений. Это, так сказать, наш чапан, который мы привезли к тою. Позвольте мне от имени издателей и полиграфистов вручить эту книгу, приветственный адрес и крепко пожать Вашу руку...»

Осының алдында ғана Ғабен Баспа комитетінде болып қайтқаны рас еді. Неге көңілі түскенін қайдам, бұрын бұ жаққа аттап баспайтын Ғабен бізге арнайы келіп, өзінің жаңа жазылған, ешқайда жариялап үлгірмеген «Боранды күні» әңгімесін оқып берді. Революцияға дейінгі ескі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігінен қозғалса да, әңгіме сарыны бұған дейінгі шығармаларға мүлде ұқсамайтыны, тіпті оларға кері қалаң жазылған ба деп қалдым. Алдымен бояуы жарқын. Бұрынғы көп-көп туындылардағыдай, өңшең түңілткіш кара бояулар, күңгірт түстер атымен жоқ. Баяндаушының да көңілі жаймашуақ. Менің жаңағы сөзде «күтпеген бетбұрыс» деп отырғаным осы еді. Амал не, біз, сыншылар, мұнда бір тұтас тенденция тұрғанын, шын мәнінде өткен қазақ өмір-салтының бәрін мансұқтайтын социалистік реализмге наразылық екенін ол кездерде түсініп жетпедік.

Ал Ғабеннің «Бас редакторлығына» келсек, бұл қызметін атақты суреткер 70 пен 80-нің арасында тіпті үдетті. «Авгейдің ат қорасынан бастайық» мақаласында, кейін Жазушылар одағында жасаған баяндамасында көркем тіл проблемаларына айрықша көңіл бөлді. Осы ретте баспалардың адресіне де талай ашулы сын айтылды. Оның, әрине, баспа орындарына көмегі зор болды. Баспагерлердің қай жиналысында болсын Ғабеннің сынына сүйеніп, талай қызыл кеңірдек болып жататынбыз.

Әрине, Ғабен өзіне қарсы сөз айтқызбайтын адам емес-ті. Бір жағы наз етіп, ұстазымызға: ау, онсыз да «Аз и Я» кітабына байланысты Мәскеу үстімізден таяқ түсірмейді... деп келе жатсаң, «... бөрі етектен» дейсің ғой деп сөзіңді бөліп жібереді. Біздің айтатын дауымыз: Ғабен, Сіздің сыныңыз Жазушылар одағы мен баспа аралығынан өрі аспайды. «Кеше «Өнер» баспасында диктант жүргізіп, бір корректордың жазуынан 16 емле қатесі шықты»,— дейміз.

— Оны қайт дейсің? Дұрыс корректор тауып алу керек...

— Қалтасында жоғары білімді деген қолақпандай дипломы бар. Сауаты жоқ кісіге неге диплом беріледі?— деп біз де ежіктейміз.

Осы өңгіменің жалғасы есебінде мен «Емтихан» деген пьеса жазып, системаның іріп-шіруін өзімше талдаған болдым. Сенімнен айрылап бара жатырмыз. Ал халық сенімін жоғалтудан артық қандай апат болмақ? Пьеса осы тұрғыда ойлануға шақырады. Ғабенмен осы төңіректе пікір жарыстыруға тырысамыз.

Ғабен күлді:

— ha-ha-ha... Жаман қыздан құтылу оңай, жаман ұлдан құтылу қиын. Айтпағың сол ғой. Жаман ұлдан құтыла алмайтының, шаңырақта қалады. Дипломды сауатсыздан құтылу, әрине, оңай емес. Ағаш түбірінен шіріп тұр ма деп қорқамын. Студент орнын сатып алу деген сұмдық шықты. Қалай тыясың оны?

Ғабен сөзін бос шығындамайды. Тоқ етерін айтып қарап отырады. Сирек ашуланады. Онда да көбіне тіл шорқақтығы үшін. Әсіресе, сөзбұзарларға пышағын қайрап отырады. Қойылған сауалың орынсыз болса, я сөзің божырап шықса, соншалық бүлініп күл-талқан боп ашуланатынды мен екі кісіден көрдім. Бірі — Мұхтар Әуезов те, екіншісі — Ғабит Мүсрепов. Тегі екі жазушының іштей пікірлестігі осы жерде бір түйісе ме деп ойлаймын.

Ұмытпасам 1949 жыл. Қазақ өдебиетінің Москвада өтетін онкүндігіне қызу даярланып жатқан шақ. Студент кезіміз. Қазақ Мемлекеттік университетінің өз қолымыздан салған Комсомол-Ұйғыр көшелерінің бұрышындағы су жаңа корпусының екінші қабаты. Осы үйдің ұзыннан-ұзақ коридорына үзіліс кезінде шығып, темекі шегіп тұр едік, анадайдан үстінде коверкот макентож, басында келісімді өдемі сұр шляпа киген кісі

көрінді. Аяғын маңғаздана жай басады. Жазбай таныдық. Әуезов! Жақындай бергенде, темекімізді артымызға жасырып, жамырай сөлем беріп жатырмыз. Мұхан, сірө, бір ойдың жетегінде келе жатыр ма, біздің жаққа мойын бұрған жоқ, басын сөл изеп, өте шықты. Екі көзіміз Мұханда. Ол кісі жай басқан күйі үш-төрт адым жердегі деканаттың есігінің алдына тоқтап, тұтқасына енді қол арта беріп еді, есік өзі ашылып, арғы жағынан орыс факультеттеріне қазақ әдебиетінен сабақ беретін ақ сары, қасқабас доцент көрінді. Мұханмен сөлемдескен соң өлгі доцент жүре беруі керек еді, өйтпеді. Соры қайнағанда, Мұхана өйт-түйт жоқ тұтқиылдан сұрақ қойды.

— Мұха, немене декадаға баратын болдыңыз ба?— деді.

Сол-сол-ақ екен, жөй түскендей бірдеңе шарт ете түсті. Құлағымызға Мұханның бір жағы ренжіген, бір жағы ашу шақырған даусы келді.

— Мен бармағанда кім барады?!

Біреу жағымыздан осып жібергендей, Мұханның ашы шыққан даусы бөрімізді есенгіретіп жіберді. Сырттан байқаған кісіге біздің халіміз Гогольдің «Ревизорындағы» ақырғы көрінісіне қатысқан дуанбасы үйіне жиналғандардың халін еске түсірер еді. Сондағылар сияқты бөріміз қалшиып, сілейіппіз де қалыппыз. Өлгі қасқабас доцент байғұс қып-қызыл болып, мойны солбырайып кетіп бара жатты.

Орынсыз сауалға Мұханның жауабы солай болды. Расында да, ол кезде Мұхтар Әуезовтың бірініші дәрежелі Сталиндік сыйлықтың лауреаты атанған кезі. Онкүндікке ол бармағанда ше!

Осы секілді мінез Ғабеннен де байқалатын. Шығармасынан селкеу сөз шыққан автормен ол қалайда ұстасатын. Есебін тауып, өйтеуір бір сынайтын. Бір күні мен:

— Ғабе, таяуда баспадан бір жазушының естелігін шығардық. Ішінде Сіз де жүрсіз. Сіз жөнінде пікірі тамаша!— дедім.

— Ә-ө, өлгі «Әмуіңнің жағасынан сүйдім бе?»— деді самарқау ғана.

Әңгіме осымен доғарылып қалды.

Сөзді өзі көп шығындамайтындықтан, басқалардың көпіргенін ұната бермейтін. Қонаққа шақырсаң, шарты: барайын, бірақ бір-бірімізді мақтап, уақыт оздырмайық,— дейді.

Бір қолақпандай ақынды аямай жерлегеніне куә болдым.

— Соншама сағыздай созасыңдар сөздерінді. Бір-бірінді көпіртіп өтірік мақтағанда қай мұраттарыңа жетесіңдер? Өй, өңшең иісалмастар! Бұдан былай сен шақырма, мен келмеймін,— деп есігін тарс жауып шығып кетті.

Ғабен төңірегінде өнші-күйшілердің ең бір ығайы мен сығайы жүретін. Солардың ішінде үй-іші араласып, етене жақын боп кеткендері бірталай. Атақты жез таңдай өнші Ғарифолла Құрманғалиевті ол жанындай жақсы көретін. Бір-бірін от басына қонаққа шақырысып дегендей, екеуі жұп жазбайтын. Ғабен өзі сауық-сайраншыл, сері кісі. Әйтеуір себебін тауып, дастарханына қонақ жинап алып, мәжіліс құрып отырғаны. Соның бөріне дерлік Ғарекең міндетті түрде қатысатын. Ал осындай жақсы көретін кісісі тіл мәселесінде қапы соғып қалса, Ғабен табанда ашуға мініп, жаңағы кісісіне бетің бар, жүзің бар демей, айтатынын айтып салатын.

Мынадай бір өңгімені маған Ғарекеңнің өзі айтып еді.

Бір күні Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында репетиция жүріп жатқан. Ғарекең «Балқадіша» өнін орындауға тиісті болады. Ғайыптан дегендей, кенет залға Ғабен кіріп, алдағы орындықтардың біріне жайғасады. Ғабеннің келгенін көзі шалып қалған Ғарекең өнге барын салады. «Шын жүйрік өрге шапса өршеленер» дегендей, расында да Ғарекеңнің мұндайда арқасы қозып кететіні бар. Өзіне өнді «көкесін танытып» айтып шыққан сияқтанады. «Қалаймын?» дегендей Ғабен жаққа қараған екен, ол қолын бұлғап қасына шақырады. Ойында дөнеңе жоқ, ағамыз қатты болса, арқадан қағып, шайына шақырар деп, қасына арсалаңдап жетіп барады. Ғабен салқындау реңмен жанындағы орындықты көрсетіп, «отыр!» дегендей ишарат жасайды.

— Езуім екі құлағымда,— дейді Ғарекең. — Отыра кеттім. Сол сәтте бір зілді қоңыр үн шықты дейсің. Ашуланып отырғанын сезіп, бойымды жинай қойдым.

— Сен не оттайсың?!— демесі бар ма!

— Ау, Ғабе, түсінбей қалдық қой,— дедім.

— Түсінбесең: «БалҚадіша, БалҚадішаң не?»— деді тамағын қырнай мысқылдап. «Қа-қа» деп неге

қақылдайсың? Жазылғанда «Балқадиша» болғанмен, қазақ өндеткенде «Балғадиша» деп өндетпей ме?!

— Әділ сөзге көнбеске өддің қайда. Ғабеннен кешірім сұрадым,— дейді Ғарекең.

Бірақ ашуы да, қайтуы да тез. Бір жылы Ғабен Қазпотребсоюздың саяжайында дем алды. Сәлем беруге келіп, ну ағаштың ішінен жатқан жерін зорға таптым. Үйіне таяп келген болуым керек, Ғабеннің өзіме таныс даусы шалынды құлағыма. Даусы көтеріңкі шығады. Ашулы ма деймін. Ағаш жапырағын ашып, ентелей сығаласам, қасында екі-үш кемпір, зіркіл сөз соларға арналғандай. Кемпірлер мойындарын салбыратып жіберіпті. Үн-түнсіз тыңдап тұр. Ғабен бір уақта, жеңі шолақ клеткалы футболкасының төс қалтасынан стол үстіне үш қызыл құлақ ақша лақтырып жіберді. Сөйтті де:

— Сендер енді мұнда келмендер. Мен сендермен ойнамаймын!—деді даусын соза сөйлейтін әдетіне бағып.

Әлгі кемпірлерде үн-түн жоқ, тастаған ақшаны дереу бас салып, бөлісіп ала қойды.

Соңынан Ғазиза жеңгемізден сұраймын ғой:

— Ғабен кемпірлерді қуып жіберген соң, олармен қайтыш қарта ойынын ойнады ма?

Ғазекең күліп, өзінің ашық, салдырлақ даусымен:

— Біраздан соң-ақ «Әй, қайдасыңдар?»— деп шақырып алды. Еркектерден ұтылса ақшасын ренішсіз береді. Ал кемпірлерден ұтылып қалғанға шамданады ғой деймін.

Жалпы Ғабен қартаны, көбіне преферансты бір кісідей-ақ ойнайтын. Бір күні қарта ойнап отырғандарының үстінен шықтым. Ішінде Ғабиден Мұстафин, тағы бір таныс композитор, ауылдан келген жастау жазушы отыр. Жастау жазушыға Ғабен иегін қақты.

— Мына Шериазданға орын бер. Ойнасын бізбен,— деді. Анау орнынан тұрып келе жатыр еді, мен иығынан сәл басып, отыра бер дегендей белгі бердім. Сонан кейін Ғабене:

— Ғабен, мен екінші лиганың қарташысы едім,— деп қартаға жоқ екенімді сездірдім.

— А-а-а. Біз высшая лигамыз!— деді.

Тағы бір жолыққанда қысыла-қымтырыла сұрақ қойдым. Мұхтар Әуезовтың Ғабене байланысты бір сөзі жайында. Мұхаң Ғабендерді бір топ кісімен үйіне меймандыққа шақырса керек. Ғабен келе, бір ком-

панияны ұйымдастырып жіберіп, анадай бұрыштағы столға барып, сызуға отырады. Мұны көзі шалып қалған Мұхаң жасының үлкендігін пайдаланып, ұрыскандай наз айтыпты: бір жерде бас қоссаңдар болды, ала қағаздан бөтен ермектерің жоқ. Ел ахуалы, өдебиет жайы. Басқа да пікірлесетін мәселе шаш етек-тен. Ала қағаз уақытты жерқана етіп рәсуалаудан басқа қандай пайда бермек?— депті. Осы рас па? Ғабен темекісінің күлін асықпай, арнайы сауытқа қағып алды. Маған қарап сөл күлімсірегендей болды.

Ғабен мен айтқан өңгімені өтірік деген жоқ. «Рас» деп басын да иземеді. Тек қосымша бір өңгіме айтты. Қызыл Орда қаласы Қазақстанның астанасы болып тұрғанда Ғабен баспада істейді екен. Бір күні Ташкеннен Мұхтар Әуезов келеді. Сыртынан білетін Ғабен онымен жүзбе-жүз танысады. Бір үйде қонақ етеді. Ол кезде қонақта арақ ішу салты жоқ. Дастарқан жиналып болған соң Мұхтар:

— Ал қарта ойнауға қалайсыздар? Преферанс... Сызып жіберсек...

Біз,— деді сөзін жалғап Ғабен,— аң-таңбыз. Аңырып «сен білесің бе?» дегендей бір-бірімізге қараймыз. Ешқайсымыз білмейтін болып шықтық. Сонда Мұхтар төгілген тілімен бізді біраз жерге апарып тастады.

— Пәлі, бұл күнде преферанс білмеу дегенің галстук байлау білмегенмен бірдей мәдениетсіздік саналады. Үйреніп алыңдар,— деді.

Сол Мұхаң үйретіп, бір-екі ойнаған соң, өзін ұтып алуды шығардық,— деді Ғабен жай ғана езу тартып. — Үнеміге біреулердің жемі бола бергенді кім жақсы көрсін. Мұхаңның ала қағазды жек көруінің сондай тарихы бар,— деді де, Ғабен темекісін тұтатып, қайта будақтатты. Замандасын сөйтіп жылы юмормен еске алды.

Естелікті осы жерден тоқтата тұрып, айтылуға тиісті нәрсе, Ғабит Мүсреповтың қоғамдық ойға мұрындық болуға үнемі ұмтылып отырғандығын айырықша атау керектігі. Ол кезінде Совет өкіметін Сөкендермен, Сөбиттермен қол ұстасып жақтады. Бірақ асыра сілтеулеріне көп жолаған жоқ. Асыра сілтеулерге тойтарыс беруге тайсалмай hareket жасаған сирек жандардың бірі екенін білеміз. Кейін ол «ұлтшыл» аталып қуғындалып жүрген Мұхтар Әуезовпен бірлесті. «Казakhstanская правда» газеті «Абай жолының» авторына саяси айып тағып жатқанда Ғабен роман-эпопеяны

көкке көтеріп мадақтап мақала жазды. Мұхтар мен Ғабит секілді екі алыптың тізе қосып күресуінде тағылымдық мән бар. Қазақ қауымының алдында тұрған міндеттерді ойласуда олар бір жерден табылды.

Қандай революцияшыл күш болсын, егер ол қоғам дамуының кезекті міндеттерін шешуден бас тартса, ол өзінің жетекшілік күшінен айырылып қалады. Ғабен осыны терең түсініп білді. Ол қайтыс боларынан бір жыл шамасы бұрын маған өзінің жөне Мағжан Жұмабаевтың үлкен фотопортретін сыйлады. Мағжанды саяси жағынан ақтау керек деп Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне хат жазып, бір данасын маған берді. Бұл бағзыбіреулердей «жаңашыл» деген абырой, атақ алу үшін емес, өзінің іштей жаңғыруынан туған нәрсе еді. Бұл заман желінің бағыты өзгеріп бара жатқанын сезіп, бұрынғы күнеларын арса-күрсе жоюға жан таласудан емес, Мағжанның қазақ халқы алдында бейкүнә екендігін өбден жете түсінгендігінде еді.

Мағжан Жұмабаев 1922 жылы Орынбор қаласында «Педагогика» атты кітабын басып шығарды. Бұл кітап Қазақстан мемлекеттік баспасынан Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні», «Еңлік—Кебек», Сөкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар», «Бақыт жолында», Жүсіпбек Аймауытовтың «Сылаң қыз», Ахмет Байтұрсыновтың «Алифба», «Алифба астары», Міржақып Дулатовтың «Есеп құралы» (бірінші жылдық), «Есеп құралы» (екінші жылдық), «Балқия» атты кітаптарымен бір мезгілде жарық көрді. Сол «Педагогика» кітабы бір кезде қазақ жұртшылығы арасында жоғары бағаланғанын, қазақ үшін педагогика кітабы інжілдей, ал Мағжан ақын Иса пайғамбардай болды деген пікір тарағанын айтып отырушы еді. Кейін «Педагогика» кітабы қолға түскенде оқып отырсам, бұл сөздер сол кітапқа кіріспе жазған М. Жолдыбаевтікі екен.

Мағжан «Педагогика» кітабында «қазақтың тың даныппаны» деп Абайға көп сүйенеді. Абайдың ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұста дейтін кеңесіне ерекше тоқтайды. Осының біреуі адам баласында жетіспесе, оның толық адам болмағаны деген пікір қозғайды. Ал сол үш қасиет бір адамның тұлғасынан табылса ше? Ондай үлгіні біз нақтылы кімнен көрдік? Өзім білетін адамдарды тізбектеп көз алдымнан өткізгенде, алдымен көңіліме Ғабеннің асқақ бейнесі оралар еді. Ақылы қоғамның алдыңғы сапында жүрді. Жүрегі елім, жұртым деп соқты. Ой-сезімі қорытқан шешімді жүзеге

асыруда тайсалған жоқ, нағыз қайраткердің өзі болды. Ендеше, заманымыздың толық адамы — Ғабен екендігінде сөз бар ма?

АРҒЫМАҚТАР АЛАМАН БӨЙГЕДЕ АЛҚЫНБАЙДЫ

Көркем шығарма кітап болып жарыққа шығып, өз авторынан бөлек ғұмыр кеше бастағанда, құдды бір аламан бөйгесіне түсетіндей күй кешеді. Аламан бөйгеге ұшқыр, қарқыншыл я қашағаншыл аттарды қоспайды. Қоспау себебі, бұл топтағы сөйгүліктер өу дегенде құйғыта жөнеліп, ортадан суырылып шығып, жұртты «Аһ!» дегізгенімен, біраздан соң қарығып, төрт аяғы төрт жаққа жайылып, шаң қаба бастайды. Аламанда бөйге аты ғана шаба алады. Бөйге аты шабыс ұзаған сайын күш алып, терін тарқатқан сайын шерін тарқатып, бауырын жазып, көсіліп ұшады да отырады.

Уақыт аламанына түскен шығарма дәл сол бөйге атындай алысқа сілтейтін қасиеті болмаса, өрі-беріден соң көзден таса, көңілден ұмыт болады. Несін жасырамыз, қазір уақыт әдеби мұра атаулыны тексеріске салып, електен өткізіп жатқанда күні кешегі қайсыбір сыйлы, үкілі шығарма кенет өтірігі шығып қалған кісідей, төменшіктеніп, ысырылып, ұлы дүрмектен қалып қойғандай хал кешуде. Мұның мәнісі — кешегі жоңышқа деп жүргеніміз күйкі шөп болып шығып, ас болудан қалды деген сөз. Бұрынғы инерция, екпін бойынша бұларды қаншама әспеттесең де, рухани азыққа жарымайтыны былай тұрсын, өздері тіпті күлкі шақыра бастады. Мәселен, өз көшесіндегі аш-арықтарды Берлин көшесіне сүйреп тастауымен өжептөуір сый-құрметке бөленген поэманы бұл күнде езу тартпай, бас шайқамай оқи алмайсың ғой.

Көп кемістігімізді, көп абыройсыздығымызды біз замана озбырлығымен ақтағымыз келеді. Бар пәлені соған жабамыз. Мүмкін олай істеуге негіз бар шығар. Дегенмен, сол замана батпағын жұртпен бірге кешсе де, сол батпақтың зөредейін ағзасына дарытпаған қазағымыз болса ше? Уақыт өтті я уақыты келді дегізбейтін: мәңгілікке жаратылған тұлғаларымыз болса ше?

Ардақты қауым, менің бұл сұрақтарды қойғанымнан-ақ, кім туралы айтып тұрғанымды сезесіздер.

Оның жазушы інілерінің бірі: «Ғабит Мүсреповты мақтамауымыз керек, Ғабит Мүсреповпен мақтауымыз керек» десе, бұл өдемі де өділ айтылған сөздерді бүгіндер Ғабен арамызда жоқта және Ғабен бүкіл ынты-шынтысымен дәріптеген заман бізбен қоштасып бара жатқанда, тағы да ауыз толтырып қайталап айтуға бармыз. Ғабеннің өзін де, қаламын да сүйгендіктен ғана өйтпейміз.

Нағыз суреткер шындықпен бір туысқан. Көрген-білгенін, түйгенін көркем шығарма кестесіне түсіргенде, автор жазу-сызуын белгілі бір саяси қағидаға, теориялық қисынға қиыстырып отырмайды. Бойында қаны-жаны бар туынды мықты мотор іспетті характерден қуат алады. Мұндай характерлер әрі-беріден соң автор қаламын өмір заңына сәйкес иіп, жетектеп алып кетіп отырады.

Ғабит Мүсрепов шығармаларынан біз осы заңдылықтың айқын көрінісін табамыз. Ғабен жасаған өміршең сом характерлерді әдебиетіміздің әшекейі ретінде мақтан тұтамыз. Талай рет замана асты-үстіне келгенде, уақыт алааманындағы шабысын тоқтатпаған классикалық туындыдағылардай, Ғабен шығармаларындағы характерлер бүгінгі аласапыран шақта қобалжымағаны, мызғымағаны былай тұрсын, енді, өзінің біз күтпеген жаңа қырларынан жарқырап көрінуде.

Көркем характер жеке тұлғаның бойындағы қоғамдық һәм дара қасиеттердің бір-біріне кірігіп қосылуынан құралатыны мәлім. Белгілі әлеуметтік, таптық типке апарып телінген әдеби характер өз бет-әлпетін көбіне-көп жоғалтып алатындығын суреткерлік жүрегімен сезіне білген Ғабен айнала өзгерістерді қазыналық, мемлекеттік тұрғыда бағалаудан әуел бастан тартынды. Өйткені жазушы үшін көркем принциптер ойды бейнелеу құралы, ойдың тасымалдаушысы ғана емес, ойдың нақ өзі болатын. Адамды бейнелеу принциптерінің өзгеруін ол адам туралы түсініктің өзгеруімен байланыстырады. Таптық қасаң принципке құлай беріліп кеткендер типтілікке даралықты құрбан етіп, бай атаулыға қара бояуды қалыңдата жағып, кедейді сүттен ақ, судан тұнық етіп дәріптеп жатқанда, Ғабит Мүсрепов кейіпкерлерін жалаң я қара бояуларымен сыңаржақ суреттеу тәсілінен бас тартты. Кейіпкердің даралық қасиетін бірінші орынға қою, жеке тұлғаның жарық әлеммен тіке байланысын ашу нәтижесінде бір типтес қанаушылар саналатын Игілік

пен Жұман, шын мәнінде аралары жер мен көктей керіқалаң характерлерге айналды. Бірінің патриархалды тәртіптерге, бірінің далаға сұқтана сұғынған дала капиталына жармасуы екеуінің тағдырын екі айырық жолға салды. Бұлардың былайғы тағдыры оқырманды ертек, хиссаның шытырман оқиғаларынан кем қызықтырған жоқ. Игілік пен Жұман жолықтырған шиесі күрделі проблемалар, бір кереметі, қазір үлкен актуальды сыйпат алып отыр.

Өздеріңізге белгілі, «Оянған өлкенің» екінші кітабы тарихы шындыққа сай Ұлы Октябрь революциясы жеңісімен аяқталатын. Сыншы, зерттеушілер Игілік пен Жұманның басын ауыртқан проблемалар өз уақытында шешілді деп бір ауыздан қорытынды жасаған. Шынғында да, Игілік пен Жұмандар қанаушы тап есебінде Барса келместен біржола қоныс тепкен сияқты еді.

Енді бақсақ, сынның үкімі бір сәрі, өмір бір сәрі екен. Естеріңізде болар, Игіліктің роман табалдырығын аттар-аттамаста: «Менің байлығым базарда» деп жар салатыны. Қазір міне, сол Игіліктер қайта айналып келгендей сезінесің. Сезінесің емес-ау, бүгіндер айнала төңірегің байлығын базардан үстемелеп жатқан қаптап жүрген игіліктерді көріп те жүрсің ғой.

Міне, осындайда тарихи роман мен осы заманның іштей жалғастығы, сабақтастығы деген мәселе туындайды. Көп сұрақтар мазалайды. Ғабит Мүсрепов «Оянған өлке» деп отандық және шетел капиталы, онан соң революция оятқан, тарихи творчествоға жұмылдырған қазақ елін атаса, қазір өлкеміз қандай өлкеге айналып барады? Тәуелсіз республикамыз дейміз. Рас, солай. Мағжан сөзімен айтсақ, көк есігі ашылып, ғарыш нұрлы жүзі бар, көусар жібек сөзі бар, өдемі, алмас ақ қанат Бостандық атты ізгі бір періште ұшып келеді. Аппақ нұрға оранып даламызда тұр. Ал ендігі жерде не болмақ? Саяси тәуелсіздікке қолымыз жеткен екен. Енді экономикалық тәуелсіздігіміз қандай жағдайда? Ғабен романының кереметтігі сол, — оны қайта оқып отырғанда осы іспетті талай мазасыз ойлар шырмайды. Бүгінгі Қазақстанды оянды дейтін өлкемен салыстырасың, Ғабенді қинаған проблемалардың ұшығына жетуге тырысасың, алуан ойларға батасың. Және сол ойлардың бәрі міндетті түрде оптимистік жігерге бөлене бермейді.

Атап айтқанда, «Оянған өлке» романы бүгінгі Қазақстанда байлығын базардан, нарықтан іздеп жүрген

игіліктер басым ба, жоқ әлде Жұман мен Байжандар басым ба деген сұрақ қояды. Жұмандар қырыстығы, кертартпалығынан, Байжандар аңқау, салғырт-салақтығынан қазақ даласын көкжал бөрідей кезіп жүрген Ушаков, Рязановтар секілді енді компьютермен қаруланып алған қорқауларға жіліктің майлы жағын тағы да ұстатып қоймады ма?— екен деп алаңдай бересің.

Мен ешкімді де қорқытайын, үркітейін деп ойламаймын; ондай ниеттен аулақпын. Дегенмен, «Жат қолында» романын Ғабен өшейін еріккендіктен жазбаған болар. Объективтік жағдай сол: Ғабит ағаның кеңесіне құлақ салмасыңа амалың жоқ. Қай-қайсымыз да оттығы жаңа заман көмірінің қызуына шыдамай балқып ағып кеткен Жұман үйінің үлкен күміс самауырынындай көгеріп-долырған, салтақ-салтақ масқара жағдайына ұшырауымыз немесе сол Жұманның он жеті мың жылқысымен бірге опат болған жағдайына ұшырауымыз мүмкін екенін дәлелдеп жатудың қажеті шамалы болар деймін.

Ұшырамаудың амалы — нарықтан бас тартуда емес. Игілік Ақмоладан ирелендеп, жыланша бұрандап пыққан жіңішке жол Нілдіге жақындап бара жатқанын, тағы бір тармағы Қарқаралы, Баянауылдан асып, Бесшөкқы, Көрпештау, Қызылтауларды кезіп кеткенін амалсыз мойындайды. Ол жай жол емес, ақша келетін жол, ақша жолы. Сондықтан Игілік капиталдың жіңішке келеп далаға енуіне қарсылық етпейді.

Біз де сонау Атырау, Алтайдан ақ ордалы астанамызға дейін жіңішке келеп емес-ау, аршындап келіп жатқан инвесторларға кет өрі емеспіз. Сонымен бірге «Оянған өлке» тағлымы базарда барынша қайрат көрсетуіңді қалайды. Әрине, талапайға түспеуің үшін, төрт көзіміз түгел отырып, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетіп қалмас үшін.

Әдеби характер мықты сомдалған жағдайда өз қойнауынан сан қилы проблемаларды қоздатпақ. Оның бәрін қамту мүмкін емес. Қамтығың келсе, Ғабен шығармаларын қайта оқып шығу жөн. Біз жоғарыда «Оянған өлке» романындағы бір-екі характерге байланысты туындайтын экономикалық мәселелерді сөз еттік. Қаза берсең, бұл характерлердің басқа да қырлары сан алуан. Бір көңіл бөлерлік нәрсе,— бұларда, айталық Игілік характерінде өз заманымен шектелушілік жоқ. Кешегі көшпенді мінезді далаға капитал

өкелген жаңалықтармен баюы үстіне автор өмір сүрген уақытының сәулесімен қанықты. Ғабен романында, басқа да шығармаларында советтік дәуір тәжірибесін өзінің адам тану ғылымын жетілдіруіне пайдаланбады десек, мұнымыз қателікке апарып ұрындырар еді. Мәселен, Игілік характерінің жөне бір қыры — құлықтылық мәселесіне байланысты жағын алайық. Жұртпен ара қатысында Игілік Жұмандай ыссылық көрсетпейді, ғұзырындағыларын, төңірегіндегілерін ақырып-зекіріп жұмсамайды. Игілік бұйырғанын — өтінішіндей ғып, кесім айтқанын — бітім айтқан ғып бүркемелейді. Осы жерде көкейге мынадай сұрақ туады: бұл Игілік заманындағы шонжарларға ғана тән мінез бе еді?— дегендей. Роман геройының осы мінезі маған тоқырау кезінде бір генералдың Орталық Комитет хатшысына: «Просьба ЦК для нас звучит как боевой приказ» деп бір жағы қалжың, бір жағы жарамсақтана сөйлегенін есіме түсіреді. Айтты-айтпады, қолында шексіз, шектеусіз өкімет тізгіні болса, халқың аузыңнан шыққаныңды екі етпей елпілдеп орындап отыратын болса, бақырып-шақырудың қаншалық қажеті бар?

Тарихты талқыға сала отырып, автордың өз заманы проблемаларына мезгейтіні — ертеден келе жатқан әдіс. Ғабит Мүсрепов бұдан тартынған жоқ. Осы замандық ым, ишараттар «Оянған өлке» романында жетерлік жөне әрқайсысы өз алдына бір-бір жоталы проблема дерсің.

Игілік характері астарындағы Ғабен қозғаған сондай қабырғалы проблемалардың бірі — сөз, қалам бостандығы.

Роман кейіпкері Игіліктің қасында осы бір кезде «қандыбалақ, жол басар» атап, өлеңге қосқан Нысаналы ақын жүр. Игілік бұл ақынды ұзын арқан, кең тұсаумен өз маңайынан ұзатпай, өрелеп ұстағанды жөн көреді. Игілік қасында Нысаналы ақын анау Жұмабек төре, Күреңкөз қожалар сияқты бидің атқосшысы, тілекшісі ролін атқарады. Игіліктің көз сүріндіретін он екі қанат киіз үйін жырлауға кіріскен Нысаналы мақтайын дегенін жөндеп мақтай алмай, жорғадан текірекке ауысып, сүріне-қабына тоқтайды. Осы тұста роман өңгімешісінің кекесінді үні естіледі:

«Өз ойын айта алмай, бидің ойын табам деп сандалған ақынның сандырақтамасқа да шарасы жоқ

еді. Көрі көзі жыпықтап, бейшара болды да қалды» дейді.

Жазушының бұл ойы да өткен заманның жұртында қалып қойды дей алмайсың. Социалистік реализмнің алай жаз, былай жазба дейтін талабын еске түсірсек те жеткілікті. Жеткілікті дейміз-ау, ұлықтың ойын тапқыш қанға сіңген қошаметшілдігімізді қазір де Ғабен қатты сынға алып отырған тәрізді.

Әр жазушы, әр ұлт әдебиеті өз соқпағын табуға тиіс. Біреудің ойын табам деп өз ойындағысын бүгіп қалу не біреудің тапқанын малдану рухани ғаріптілікке өкеліп соғады. Ғабит Мүсрепов өмірінде қандай қысым көрсе де, ұлықтың ойын табам деп өуреленбеген сирек жазушыларымыздың бірі. Егер жазушы Мәскеудің я өз дөкейлеріміздің аузынан шыққанын аңдыса немесе қалталы Игілікке жауабы бола тұра, оны ауыздан қыбыжықтап шығара алмаған Жұмабек төредей бұғымпаз, табаны бүрсіз болса,— Ғабит Мүсрепов шығармалары дәл бүгінгідей айбынды естілмес еді.

Өз пікірін білдіруге келгендегі қайраттылықты яғни авторлық характерді Ғабит Мүсрепов жастайынан шындайды. Абай көксеген толық адам тәрбиесіне жетіп, ақыл, жүрек, қайратты тең ұстаған бір адам болса, ол, сөз жоқ, Ғабит Мүсрепов еді. Отызыншы жылдардың басында қазақ халқы басынан кешірген трагедияны, ашаршылық нәубетін жасқанбай-жалтақтамай суреттеген «Шұғыла» өңгімесінің басқа біреу қаламынан емес, дәл Ғабит Мүсрепов қаламынан тууы, енді көзіміз анық жеткендей, табиғи нәрсе еді.

«Шұғыладағы» авторлық характер — суреткердің өзі. Сталиндік қара бұлт бүкіл ел аспанын торлап алғанын көре тұра, жүрегінің түгі бар автор еш қаймықтастан сол кездің ащы шындығын шамасы келгенше әдебиет айнасына түсірді. Сөйтіп, жалған шығармалардың алдын орап, шындықты батыл қорғап, әдебиетіміздің арын сақтап қалды. «Шұғыла» өңгімесі — отызыншы жылдардың басындағы халық трагедиясын ізін суытпай суреттеген көркем құжат есебінде туған әдебиетіміздің төрінен орын алатынында дау бар ма.

Бұл шағын баяндамада Ғабен сомдаған бар характерлерді жіпке тізіп айтып беру қажет бола қоймас. Әйтпесе Ғабеннің характер соғудағы шеберлігін айлап-жылдап айтсаң шегіне жеткізе айта алар ма едің? Тірі жанға мойын бүрмей, ұсынған талайдың қолын қағып жүрген, сұлулығы тіл байлайтын еркектотай Жібекті

жағалбайлы Төлеген қай қасиетімен әпсәтте баурап алды. Жазушының характер кілтін тауып кеткен тұсы — шалқыған бай мырзасы Төлегеннің әйел еңкек, ер шалқақ деген мәтелге керісінше күтпеген мінез көрсетуі еді.

Бұлбұл емес, жәй құс боп,
Ұнамай жүрсем қайтерсің?—

деген Жібек назына ақылды, тапқыр жігіт Төлеген:

Танымаған бұлбұлды
Құлағым болар кінәлі,—

деп иіліп төсек, жөйіліп жастық бола кетеді. Осындай сөз шарпысында Төлегеннің тізесі ару алдында әрдайым бұгулі. Кінәлі құлақ жұлынса ше?— деген Жібек сынына ғашық мырза: жұлған қолдан сүйер ме ем?— деп жеңілгендей қалып көрсетіп тұрып жеңіп кетеді. Кішкентай бір деталь. Ал осыған қандай мән-мағына сыйып кеткен! Төлеген малға ғана бай емес, жанға да бай. Ойлы, мұңды ару, өткір тілді, ақылды тентек Қыз Жібек осындай жаны жомарт ер жігітті сүймей, «қыз алдында бас ұрман» деп тұрған доғал, деңайбат, қуыс кеуде Бекежанды қалай сүйсін?!

Немесе: «Қарабайдікі дегенге бұл жұрттың қызық-пайтыны болсайшы!»— деген, өу деп шымылдық ашылғанда айтылатын алғашқы сөзінен-ақ Қарабайдың тантық характері шертіп тұрған жоқ па?

«Ақан сері-Ақтоқты» драмасындағы Қоңқай есте-ріңізде болар. Марқұм Серке Қожамқұлов, Сер-аған өлдебір кездесулерде ойнаған рөлінен бірдеңе оқып беруді сұрағанда, кездейсоқ қонған бақтың буына піскен Қоңқайдың төре тұқымына құда болғандағы монологын оқып, жұртты күлкіге бір қарық қылып тастаушы еді.

«Абай романы туралы» атақты сөзінде Ғабит Мүс-репов характер сомдау сыры хақында былай депті: «Абай» романында алынған адамдардың бейнесіне келсек, мұнда аты аталған адамның өзін оқшаулап тұратын ерекшелігі берілмей қалған біреуі жоқ.»¹

Бұл бағаны Ғабеннің өз жазушылық өнеріне түгелдей жатқызу ләзім. Ғабен қиялынан туған

¹ Ғабит Мүсрепов. Суреткер парызы. Алматы. «Жазушы». 1970. 168-бет.

характерлер таныс тірі кісідей көңілінде оқшауланып тұрады. Ішінде қалтарысы мол сыр бүккіш қу Игілікті, (көрі қақсал, қырыс Жұманды былай қойғанда) жүрегі жомарт, өділдік, әсемдікке құштар Есенеімен еш шатастыра алмайсың. Көрпештей жігіттің төресін сүйіп, жанын шүберекке түйген Баян сұлу да, өз ізгілігінен жапа шегіп жүрген, өр қадамы адамгершіліктен тұратын Ұлпан да — екеуі де қазақтың аяулы қыздары, бірақ бірін-бірі қайталамайтын бөлек жандар.

Дара бітімді, татымды характер жөніндегі өңгімені соза беруге уақыт тар. Біз мәселенің ұзын-сұлбасын ғана шамаладық. Ғабен қандай әдебиеттің де жұлдызын аспанға көтеретін характерлер сомдаса, мұның өзі дүниелік әдебиеттің игілігі. Бір кездегі одақтық ділмөрлар айтқандай, мұндай характерлері бар шығарманың маңызы бір ұлт шеңберімен шектеліп қалмайды. Жалпақ өлемдегі және жалпы россиялық оқиғаларды орағытып өтпесе, осы «Оянған өлке» романы өтпесін. «Бар байлығын базардан іздейтін» характерлер сорттары тегі қазақ демесең, дүниедегі барлық елде кездеседі. Ендеше, қазақ халқының бұл тіршілігі жалпақ дүниеге тән салмақты оқиғалар санатына кірмейді деушілік, өшейін жөй сөз. Ғабен шығармалары шет тілдерге жеткілікті аударылса, «Оянған өлке», атақты повесть, өңгімелері дүние жүзі оқырманы игілігіне айналса — қазақтың жаны, жүрегі, ой өресі қандай екенімен адамзат ықласпен танысар еді.

Қазақ әдебиетінің жанашыры, досы Ресей Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті Георгий Ломидзе: «Ғ. Мүсреповте мүлтіксіз музыкалық түйсік бар. Оның шығармалары өн туындылары сияқты, қара сөзге көшірілген жырдай қабылданады... Суреткер бейнебір адам жүрегінің лүпілін тыңдап, оның ойын оқып, жан сезімдерінің ізімен жүріп отыратындай»,¹ — деп жазды. Көрдіңіздер ме, Ғабен сөзі тіпті аударма тілдің өзінде қазақ тілінің ырғақты, өуезді үнін жоғалтпаған. Ғабит Мүсрепов прозасында бар суреткерлік күдіретімен көрінген ана тіліміздің мүмкіншіліктерімен өлем оқырманын таныстыру — алдымен қазақ еліне, дербес мемлекетімізге абырой десем, артық айтқандық болмас.

Ғабит Мүсрепов — советтік империяның боданына өз басы жатпаған адам. Ол талай ауыр күндерде

¹Георгий Ломидзе. Ұлы достық ұлағаты. Алматы. «Жазушы» баспасы. 1981 жыл, 316-бет.

төменшіктеп бүгежектемей, табысты уақытында даңғырлап масайрамай, ұлы даңққа бөленгенде кішік болып, өзінің сері мінезінен сексеннің сеңгірінде де айнымаған қалпында, өр кеудесін тік ұстап бұл жалғаннан өтті. Уақытының төресі болған ол, ешқашан көсемсіп, пайғамбарсып, бұлданған жоқ — тек іске жұмылды. Қазағының ел қатарында өркендеуі үшін барын салды, халқының рухани тереңдігін, жүрегінің тазалығын паш ететін шыншыл шығармалар туғызды. Биылғы Ғабит Мүсрепов мүшелтойы — бар қазақ қауымының мерекесі. Бұл күндері біз Ғабит Мүсреповке де, Мүсреповтей перзентті дүниеге келтірген қазақ атты халқымызға да иіліп тағзым етеміз.

23-қазан, 1992-жыл.

ОН ЕКІ БЕТ РОМАН

(Әссе)

Көздегені көк аспан
Мен жастарға сенемін!
МАҒЖАН

Жағасы, жеңі қырқылған ескі сұр шинелінің погонын жұлып тастаған жалаңбас жас жігіт темір жол вокзалына түнеп шыққан-ды. Үш күн қатарынан шала ұйқы боп қабағында шаршаған адамның кірбеңі бар. Сыртқа шығып тау аңғарынан соққан салқын ауаны балықша қармап бір-екі жұтқасын мең-зең басы аздап сергігенмен, қабағынан ұйқы ашыла қойған жоқ. Қала орталығына қарай бүгін сақыра таңмен таласа омыраулап жедел басып келеді.

Қараша айының аяқ шені. Алматының көкке өрлеген бөйтеректері бозқырауланып түксиіп тұр. Көшеге қар түспеген. Түзу кең шалқан көшемен андасанда жүйткіп өткен жүк машинасы аспанға қою шаң көтеріп кетеді. Сонда ағаш тасаларынан өзер көрінетін жапырайған бөкене үйлер көзден ғайып болады.

Жас жігіт өткен екі күн сияқты бүгін тағы да өзіне қарсы келген кісілерді сәл іркіп, «Сәбит Мұқанов қайда тұратынын білмейсіз бе?»— деп сұрайды. Бұл тоқтатқан кісілердің бәрі де бұның сұрағына таң-

данғанын жасыра алмай, сұр шинельді жас жігіттің бетіне аңыра қарап қалады да, бастарын шайқайды. «Жоқ, білмейміз».

Біреуі иығын көтеріп, қиқаң еткізеді. Кейбіреу «жоқ» деп жауабын жұлып алғандай кесіп тастайды. Енді оларға ештеңе айта алмай, ілгері жүріп кетеді. Сүйткенше күн найза бойы көтерілгенін көрді. Жас жігіт жапырағынан арылған сидаң терекке сүйеніп тұр. Осыдан күн бұрын Свердловскіде өскерден аллалап өзер босанғанда, билетті тура ауылға алмай, қайдағы бір жер аяғы қияндағы Алматыға алғанына бұл алғаш рет осы жолы өкінді. Бүйрек беті қуқыл тартып, тік қабағы қатуланып тұр. Көңіліне реніш кіргенде сөйтеді. Поезға мініп, ел қайдасың деп тартып отырсам ба?— деп ойлады.

Тағы бір ой... Құданың құдіреті, адамның өз ішінен кенет жарқ етіп кең сарай ашылып, соны қызықтайтын уақыт та туады екен. Бұрын естияр шағында жалғыз қалса, іші пысып, жанын қоярға жер таба алмай зерігіп кетуші еді, қазір олай емес. Ішкі ссзімнің құбылыстарын, өлдекімнің мінезіндегі жұмбақтарды, қиял шарықтауын — соның бәрін тамашалау қолына салбұрын ұстап, дала кезген құсбегінің сонарға шығуынан бір кем емес.

Бір бастың ішіне кереғар екі ой шыға келіп, шайқасқаны қызық. Бір-біріне ашулы екі сезім келіспей екі жаққа тартқанда үшінші сезім килігіп, бұлардың сайысын көңілге тоқи бастайтынын қайтерсің. Өлде жазушы таланты деген құрғырың осы үшіншісі ме?

Өскер қатарынан босану қарсаңында да ой-сезімі өстіп ойран-топан болған. Сонда бір ойы күман туғыза, жүрек суылдатқан.

— Ау, романыңды сонау Алматы барып, Сәбит Мұқанов пен Мұхтар Әуезовтың біріне көрсетсем дейсің, сондағы жазғаның он екі-ақ бет!..

Тағы бір ойы іле бұған айтқан.

— Бетіңнің дұрыс-бұрыстығын аңғарып алудың несі артық? Ол роман қашан бітпек? Соған дейін дүдемөл болып жүресің бе? Шығарма жазылып біткенше сені кім асырамақ? Әкең болса, Тернополь түбінде оққа ұшты. Әкеңнің екі інісі, екі ағаң бірдей соғыста шейіт кеткенін жөне естідің. Кімге иек артпақсың? Ауыл-аймағың жүдеп-жадағалы қашан. Ендеше астанадағы атақты жазушының біріне көрсетіп ал, шапаныңды шешіп алмас. Жарамайды, жазушы болу қолыңнан

келмейді десе, Алматыда қазақ университетінің филология факультеті бар деп естисіз. Соған түс!— дейді.

Шыныда да екі айырық жолдың қайсысына түсуі керек? Ертегінің батыры сияқты қиналған. Төрт жыл түсіне кірген ел-жұртына тезірек жеткісі келсе, Орынбор, Ақтөбе арқылы өзінің балалық шағы өткен Шалқардан бір-ақ шығады. Ал егер небәрі он екі бет-ақ жазылған романын астанадағы атақты жазушылардың бірі болмаса біріне көрсетіп, бет алысы қалай екенін біліп, бір жағына шығам десе, онда бұл Петропавл—Новосибирь—Семей арқылы Алматы тартады. Екі ұдай ой өрі-бері арбасып, ақыры жер аяғы қиянды таңдады. Ол кездегі кез келген разъезд, станцияның бөріне тізе бүкпей өтпейтін сырқылдақ шабан поезбен күн жүріп, түн жүріп, ақыры астанаға да жеткен-ді.

Бұл жақта бір адамды танымайды. Майданның сызды окопында жатып, «өмір болса, топырақтан тысқары болсам», бейбіт күннің не қиынына, теперішіне мойымаспын», деген уәдесіне жеткені ме, өйтеуір «қайдан келдім» деп налу жоқ, нағашысының үйіне түскендей, вокзалдың сала құлаш орындықтарының біріне тырая кеткен...

Жас жігіт сүйенген терегін тастап, түйенің табанындай жалпақ бас етігін тарпылдатып, тағы да көше бойлап келеді. Қарсы алдынан шүңірек көз, қоңқа мұрын орыс ұшырасты. Кешірім сұрап, оны да ірікті. Тілеуің бергір, жас жігіттің имене сұраған шаруасын сабырмен, түгел тыңдап алды да:

— Бүйтіп жүріп, сіз ешкімді таба алмайсыз. Анау көк базардың қасында жазушылар үйі бар. Менің соңымнан еріңіз. Сол жаққа бара жатырмын,— деді.

Сөйтіп жас жігіт түске тармаса жазушылар есігінің алдында тұр. Ертеңгі тамақтан кейін жөйланып, асықпайтын кеңсе екен. Бір уақта жазушылар үздік-создық келе бастады. Көбін суреттері бойынша шырамығады. Қолында таяғы, сылти басып, кеудесі көріктей ірі қара кісі келді. Оқу құралынан жүз таныс — Әбділда Төжібаев. Таяғын сүйену үшін емес, өлде біреуді қорқыту үшін ұстағандай сермеп тастайды. Оның артынша бұ да өзінің домаланған қалпы — Әлжаппар. Бір уақта үйдің алдына «Виллис» жеңіл машинасы келіп тоқтады. Ішінен тамағын кенеп біреу түсіп жатыр. Бұл кісіні танымау мүмкін емес. Үш күннен бергі іздеп жүрген кісісі. Көргенше асығып жүрген өлгі жігітіміз, аузына

жүрегі тығылап, сасқанынан сырт жақтағы бұрышқа жасырынды. Сөбең кеңсеге кіріп кетті. Бұл қалшиып өлі тұр.

Сөбеңнің кабинетіне біреу кіріп, біреу шығып жатыр. Өне өлгіндегі бас-аяғы домаланған, кеудесінде кесенің түбіндей ордені бар кісі қайта шықты. Жас жігіт көзімен жеп тұрған кабинетке өздігінен батылы жетіп аяқ басып баратын түрі жоқ. Шолақ коридордың шығар аузына өлі тығылып тұрған-ды. Бір кезде бұның көзін де, көңілін де арбап алған кабинеттің ақ сырлы есігі ашылды. Сөбең әлдекімді көзімен іздегендей ары-бері қарады, сосын іле-шала көзі түскен бойда қарлығың-қыраған дауыспен:

— Әй, бала, сен кімге келіп тұрсың?— деді.

— Мен сізді іздеп келіп едім...

— Е, кір онда. Кел! Кел!— деп алдынан есік ашып, ауыл үй ағайындай жалпылдап жатыр.

Жас жігіт неше күннен бері жол үстінде келе жатып, осы кісінің алдына барғанда айтар сөзін өбден ойлап, пісіріп алған-ды.

«Фамилиям Көрімов, атым Әбдіжәміл» деп өзін қысыла-қымтырыла таныстырғасын, көзін төмен салып, бір қызарып, бір бозарып отырып, келген шаруасының жайын айтты. Енді Сөбең тамағын кенеп алды.

— Мен бір баяндаманың үстінде отыр едім. Дөл бүгін қолым тимейді. Сені Ғабиден Мұстафинге жіберейін. Білетін шығарсың. Белгілі жазушы. «Өмір не өлім», «Шығанақ» романдарының авторы. «Әдебиет майданы» журналының редакторы. Президиум мүшесі. Сөйдеді де жарым парақ қағазға айдақтатып жаза бастады.

«Ғабиден!

Мына Әбдіжәміл Көрімовтың шығармасымен таныс. Ертең түстен кейін маған келіп, пікір айтуыңды өтінемін.

Сөлеммен, Сөбит.»

Сыртқа шықты. Бірақ бұл жаңа Ғабиденнің қай көшеде тұратынын сұрауды ұмытып кетіпті. Қайта кіріп сұрауға батылы бармай, басы ысып тұрғанда бүйірдегі есіктен Мәриям Хакімжанова шықты. Ақын апайды да суреті бойынша түстеп тұр. Жүзі жылы. Айбарлы ақыннан гөрі ауылдағы өзі білетін рахымды әйелдерге көбірек ұқсайды. Бұның алдында онша қысыла қоймады. Мәриям апай қолға таяқ ұстатқандай төптіштеп

сілтеді. Ғабиден Мұстафин ол кезде қазіргі Төлебаев көшесі мен Гоголь көшесінің қиылысындағы «Динамо» магазинінің ауласында тұрады екен.

Ғабен:

— Тамақтан соң мызғып алатын әдетім бар еді. Бірер сағаттан соң келе ғой,— деді.

Көше аралайын деп еді, ұйқы басып барады. Бұрынғы әскери дағдысы бойынша, кім көрінгеннің есігін қағып, тынығып алуға рұқсат сұрап жүр. Ақыры орыстың бір кекселеу әйелі үйіне жіберді. Бет әлпетінен біраз көзін алмай тұрды да, бұзық емес екенін сезіп, есігін ашты. Бір сағаттан кейін оятуын сұрап, ағаш төсекке құлай кетті. Вокзалдың аты вокзал. Жолаушылардың әбігері көп. Бір ұйықтап, бір оянып дегендей, ұйқының шырқы бұзылады. Содан ба, әйтеуір, бірден ұйқыға беріліп кетіпті. Әскери машық. Мызғыдың — құр атқа міндің. Үй иесі оятқанда, ұйқысы қанып қалыпты. Беті—қолын шайып, Ғабеннің үйіне беттеді.

Мұстафин басында тақия, иығында күпісі, шөй ұрттап отыр екен.

— Ал, көні оқы.

Қастарына Ғабеннің бөйбішесі Зейнел апай келіп отырды. Он екі бет деген не тәйірі. Ілезде судыратып оқып шықты.

— Бұл не?

— Роман еді...

Мұстафин күлді.

— Роман деген үлкен дүние. Он екі беттің айналасында не айтуға болады?

Әбдіжәміл қысылып отырып, күмілжіген ұяң дауыспен «роман осылай жазыла ма?»—деді. Ол кезде, ерине, роман жазуға бел буған адам үшін мына сауалы тым саяз екенін білген жоқ. Осы сұрау арқылы кеше ғана ауылда мектеп бітірген бұның ой-өрісі өлі сол балаң, бала қалпында екенін аңғартты. Ол роман жазатын адам әлемді алақанына салып отырғандай, ойы кемелденген білімдар болатынын білсе кейін білді. Шалағай балалығы үшін беті қызарса кейін қызарды. Оның сол арада тек Ғабеннің қабағын бағып, аузынан шыққан сөзді үкімдей күткені анық.

Ғабен сәл жымыып езу тартты. Мейлінше салмақты кісі асықпай отырып ақылын айтты. Бұрын жазылған повесің, өңгімең болса, арасына сыналап кіргізіп жібер.

Мәселен «Аспан асты кең» деген менің әңгімем болатын. Оқып па едің? Оқысаң, мен соны «Шығанақ» романындағы Олжайдың басынан кешкен оқиғасына айналдырып жібердім.

Ертеңінде Сәбит Мұқановқа келді. Кеше Ғабен «Бетің дұрыс. Роман осылай жазылады. Ия, шырағым, бөріміз де осылай жазамыз»,— деген. Ғабиден Мұстафин бұнда да кешегі бұған айтқан осы сөздерін қайталады. «Баланың қолынан жазу келетін секілді, беті дұрыс»,— деді. Жас жігіт қуанғанда құс болып ұшуға өзер қалса да, атақты жазушылар алдында өдеп сақтап, көзін төмен салып отырып:

— Кешіріңіздер... Менің фамилиям Кәрімов емес дегенде, Ғабен баяғы сабырлы қалпынан өзгермесе де, бір қозғалып қойды. Ал Сәбен өзінің өдеттегі ақ жарқын ашық мінезіне бағып: «қой, өй? Сонда шын фамилияң қалай?»— деді.

— Нұрпейісов... Сіздерге жазғаным ұнамаған жағдайда күлкіге қалмай, университетке оқуға түсіп кетпек ойда едім.

— Е, оның несі ұят?! Жазушы болам деп талпынып, бола алмай қалуда тұрған ұят жоқ қой. Ал, көне... Нұрпейісов жолдас-с... ендігі ойың қалай? Қайда барасың? Не істемексің?

— Шалқарға барам.

— Жазуға отырмақсың ғой.

— Ия.

— Қалай күн көрмексің?

— Өйтіп-бүйтіп... Мынаны жазам...

— Шалқарда райкомның хатшысы кім екен? — Әскерден келе жатқан адам оны қайдан білсін. Сол арада Сәбен біраз ойланды. Анда-мында телефон соғып, ақыры фамилиясын, аты-жөнін тапты: Бөкешев Дөден. Соған бір бет хат жазды.

Жастардың өсуінен уақыт аямайтын екі жазушы болса, бірі, ал жалғыз болса, сол жалғыз — Сәбит Мұқанов. Талай қаламгерді, қашан қанаты қатайғанша, қамқорлығына алып, көзінен таса етпейтін. Жаңағы Бөкешевке жазған хат күшімен айына екі дүркін азық-түлік алып тұратын болды.

Жас жазушы іске кірісті. 1947 жылдың январынан апреліне дейін бас көтерген жоқ. Апрельде Алматыға келді. Сәбен телеграм соғып шақыртыпты. Шығарманың біткен жерін ала кел деп тапсырған.

Сөбеңе кіріп еді, «үш мың сом ақша сұрап арыз жаз» деді. Өтініштің қалай жазылатынын жас жазушымыз біле бермей ме, кібіртіктеп қалып еді, Сөбең сезе қойды. Арызды өзі жазып берді.

Сонсоң қай мейманханаға түскенін сұрады. Масқара болғанда, қонақ үйі дегенді романшымыз білмейтін болып шықты.

— Алматы екінші вокзалында ұйықтап жүрмін,— деді.

Сөбит тамағын кенеп қалды. Баяғыдағы өзінің темір жолмен жүрген жетім, ғаріп күйлері есіне түсті ме, өңі сөл қуқыл тартты.

— Онда біздің үйге жүр,— деді.

Тамақ ішіліп болған соң жұбайы, қызыл шырайлы, ақ жарқын Мәриям апайға қолма-қол тапсырыс берді.

— Мәриям, мына пақыр бала кете-кеткенше біздің үйге жатсын,— деді де, Әбдіжәмілге қарап:

— Сен бұдан былай келерінде телефон соқ, не телеграм бер. Бұдан былай осы үйге түсіп жүрерсің,— деп бұйыра сөйледі.

1948 жыл. Роман аяқталды. Қолжазбаның бірінші бетіне үлкен өріптермен «Курляндия» деген сөз жазылды. Әр жерде оқылып, талқылана бастады.

Сөбең мөз. Әдебиетке қаламының қарымы бар жастың қосылғанына шөк келтірмейді. Тіпті зор үміт артады. Сол жылы март айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Жұмабай Шаяхметов жазушылармен кездесті. Сол мәжіліске жиналған зиялы қауым Әбдіжәміл Нұрпейсов деген жас қалам иесі өдебиет табалдырығын аттағанын есітті. Тіпті жадыларында сақтап қалды. Оған да Сөбеңнің сол жиналыста сөйлеген сөзі қамшы болды.

Сөбең орысша да айтқыш. Жас авторға әдеттен тыс баға берді.

— В литературу пришел писатель, которого я ждал в течение последних двадцати лет,— деп салмасы бар ма.

Бұл сөз біреуге ұнаса, біреуге ұнамады. Өйткені соңғы жиырма жылда қазақ өдебиетіне талай ақын, жазушы қосылды. Ендеше, асатпай жатып, құлдыңтың жөні болсын— дегендер де табылды.

Өз пікірінің күмөнді жері жоқ екендігін делелдегісі келді ме, Сөбең Әбдіжәмілді көрнекті жазушыларға сәлем беруге жібере бастады. Бір күні ол Әбдіжәмілге арнап мынадай записка тастап кетіпті:

Әби—Жәми!¹

Ғабитке айттым. Барып жолық. Ол мендей жалпақ шешей емес. Қытымыр адам. Байқап сөйлес.

Сәбит.

Мұндай мінездемеден кейін жас жігіт барған үйінде ұяндау қалыпта отырды. Ғабит ақтарыла сөйлемейді екен. Көп сөз де шығындамайды. Анда-санда сөйлесіп отырған кісісіне сынай қарап қойып, қоңыр даусымен асықпай-саспай сөйлейді. Аз айтса да, дәмді айтады. Ара-тұра сөзіне сөл кекесін, жылы юмор араластырып отырады. Ондайда алдымен «ha-ha» деп кеудесімен күліп алады. Қызыл кеңірдек болып айтысып жүрген біреулер туралы: «ha-ha!» Екі итке тастаған сүйегің — бір иттікі» деп қойды.

«Курляндияға» орыс тілінде үш-төрт бет пікір жазып қойышты.

— Арапша хат танушы ма едің?— деп сұрады.

Әбдіжәмил білмейтін. Ендеше арапшаны танитын біреу-міреуге оқытып аларсың деп, жаңағы пікір жазған қағаздың алғашқы бетінің шекесіне өлдене сөздер жазды. Мұны кейін Қайнекей Жармағамбетовке оқытып еді, бәркі қазандай болды. «Қазақ көркем сөзінің мықты бір тірегі болады деген үмітпен!» депті.

Сөйтіп сатылай-сатылай келе, Әбдіжәмил жұрт үлкен үй деп атайтын Үкімет үйінен бір-ақ шықты. Мұны да ұйымдастырған Сәбең болса керек. Қасына бір жігіт қосылды.

Жас романишты аузын ашып, көзін жұмды. Өзі коммунист бола тұра (партия қатарына соғыста жүріп енген), Орталық Комитет дегенді жөнді біле бермейді екен. Мұны нұсқаушы Айтпай Қайыргелдин қарсы алды. Етікшең басуға обал, қып-қызыл кілем-соқпақпен (дорожка) хатшының кабинетіне бастады. Даладай кабинеттің төрінде көзөйнегінің ар жағынан жанары жайнаңдап, бір ақсары жігіт отыр.

Әңгіме біразға созылды. Ақ сары хатшы жас жазушының ой-өрісін бағдарлайды. Әбдіжәмил соғысқа 1942 жылы оныншы класты бітірісімен аттанды. Төрт

¹ Сәбеңнің Жанна деген қызы Әбдіжәмил деген сөзге тілі келмей «Әби-жәми» дейді екен. Сәбең Әбдіжәмилді жақсы көрген кезінде аса бір жылылықпен «Әби-Жәми» деп даусын соза айтатын. Өмірдің аты өмір. Ұнатпай қалған кезінде «жолдас-с-с» деп даусын созып, аяқ жағын ысылдатып бітіретін.

жыл бойы әскер қатарында жүрді. Одан қайтып оралғанда көрген-білгені дәптер мен сиясауыт. Жүйелі білім алуға уақыт қайда. Хатшы соны шамалаған болуға керек. Әңгіме аяқталғанда Белинскийдің табақтай бір кітабын сыйлады. Кітаптың пердебетіне (форзап): «Жолдас Нұрпейісовке. Омаров. 24. IV.1948»,— деген таңба қалдырыпты. Хатшы бағзы бір бастықтардай ақыл соқпады. Не айтқым келгенін сыйлаған кітабымнан түсін деген болуға керек. Жас романшы көпке дейін ұялып жүрді.

Бірақ нағыз ұялудың қандай болатынын Мұхтар Әуезовпен жолыққанда білді.

Бетің түзелейін десе, әр нәрсенің оралымы оңай. Мұхаңмен таныссам деп төтті қиялға беріліп жүретін. Үйіне барсам ба,— деп ойлайды, жеме-жемге келгенде жүрегі дауаламай сырғақтай береді. Танысқысы келген тілегін әлдебір үрей жеңіп тынатын. Бір күні жазушылар үйінде кенет Мұхаңмен ұшырасып қалды. Амандық сұраспай-ақ, жеңіл-желпі бас изесуден соң төтеннен сұрақ қойды.

— Әлгі роман жазып жүрген бала сенсің бе?— деді.

— Мен едім, Мұха!

— Кітабың бітті ме?

— Бітірген болдым.

— Ертең сағат он бірде үйге кел. Романыңның өзіңе ұнайтын жерінен тандап үш үзінді алып кел.

Келіскен күні Әбдіжәміл оқып, Мұхаң үнсіз тыңдады. Жүзін тура бермей, бір қырындап отыр. Үкімі қысқа болды.

— Оқтың тілі — шолақ тіл. Сен мынаған біраз тіл тапқан екенсің.

Валентина Николаевнаға алдын ала айтып қойған болуға керек. Ұзамай ортаға тамақ келді. Соның үстінде отырғанда жаңалық хабар айтты. Таяу арада Москва қаласында қазақ әдебиеті декадасының өтетінін естіген боларсың. Сол декада күндерінде қойылатын арнайы концерт даярланып жатқан болатын. Бүгін үкімет комиссиясы сол концертті қабылдайды. Барсаң жүр,— деді.

Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратына келді. Партердің оң жақ қанатында жиырмаотыз адам отыр. Сол жақ қанатында Жұмабай Шаяхметов, Ілияс Омаров, Күләш Байсейітова — үшеуі жайғасыпты. Мұхаң сол қанаттың алдыңғы жағынан

орын алды. Әбдіжәміл қасына келіп отырды. Отырған жері ең шеткі орындық.

Сахнаға қарағанда романшының көзіне бейтаныс нәрселер түсті. Шоғырлана қалған бір топ кісі домбыра және бұның бұрын көрмеген музыка аспаптарын бауырына баладай қысып отыр. Өлден уақта бір бұйра шаш, қаншырдай қатқан қазақ сахнаға шықты. Қолындағы шыбық таяқшаны көтерген күйі екі қолын жайып кеп қалып еді, айнала бөрі тына қалды. Сәл кідірістен соң жаңағы таяқшасын сілтеп кеп жіберіп еді, сахна дүр сілкінгендей болды. Әбдіжәміл үшін бұл құлақ естіп, көз көрмеген құбылыс болды. Аузы аңқып ашылып қалыпты. Мұхаң көзі түсіп кетіп еді, ол бұған таңдана қарап қапты. Жас романшы қапы соққан жерін енді сезді. Аузын жауып үлгіргенше, Мұхаң бетін бұрып:

— Сен оркестрді бұрын тыңдамап па ең?— деді.

Әбдіжәміл сасып қалып: «жоқ!»— деді.

Сол-ақ екен Әуезов тыжырынып, бетін өрмен бұрып:

— Жә, пәлі... роман жазып жүр, ал өзі нетронутый мальчишка,— деді.

Өлдебіреу жағынан тартып жібергендей, бүйрек беті қызарып кетті. Қысылғанда кірерге тесік болмады.

Кейде адамның кемшілігі өз бойына жарасып тұрады. Әбдіжәміл солардың қатарына жатады. Достары қатты өзілдеп, кей уақ ол жайында анекдот сияқты бірдеңелерді айтып жатады. Көбіне анекдот геройының қатысуымен айтылады. Әбдіжәміл көнбіс. Анекдот айтушымен бірге ыржақтасады. Өнеу бір жылдары Ыстық көлдегі «Автомобилист» деген санаторийде дем алып жатады. Оған сол көл жағасындағы «Қазақстан» санаторийінде дем алып жатқан бір досы кезіге қалады. Досы:

— Ау, Әбеке! Ведомстволық санаторийді қайтесіз. Мына үкімет санаторийінен бір коттедж алып жатпайсыз ба?— дейді.

Сол сол-ақ екен, Әбекең: «Пәлі, сіз білмейді екенсіз ғой» деп алады да, ал кеп «Автомобилисті» мақтай жөнеледі. Күн ыстық, шыжып тұр. «Автомобилисті» мақтау жуыр маңда маяқталар емес. Тыңдап тұрған досының жасы Әбекеңнен кішілеу болса керек. Сөзін бөлмей пыдап тұра береді. Өңгімені бір бастаса, бүгешігесіне дейін қалдырмай сарқып айтатын Әбдіжәміл «Автомобилисті» мақтауын жарым сағаттан асырып

барып өрең бітіреді. Сонда ыстықтан өбден божыған жаңағы тыңдаушысы шыдай алмай:

— Әбеке, манадан айтқаныңызды екі-ақ жолға сыйдыруға болмас па еді?— депті.

— Қандай?

— Қандай дейсіз бе? Мәселен, былай:

Қазақтың жазушысы Әбдіжөміл,
Сүйетін курорты оның «Әбтөмөбіл!»

Сол сияқты, Мұханнан естіген сынын да Әбдіжөміл ауырсынған жоқ. Талантты жастардың артық-тұртық мінездеріне кешірімді Мұхаң, Әбдіжөмілдің болашағына қатты сенді. Кейінгі толқын інілерінен жылы сөзін аяған жоқ.

Бір күні Мұхаң баспаға келді. Отырып жайғасқан соң директор столында «Курляндияның» сигналдық данасы жатқанын көреді. Мұхаң кітапты қолына алып салмақтап, қалың шыққанына таңырқайды. «Пәлі, мынау біраз дүние ғой, жас та болса айтайын дегені қарымды болғаны-ау мына жігіттің» деп сүйсінеді.

Бір шағын жиында Әбдіжөмілдің романын бір белгілі сыншының сынағанын естиді. Мұхаң жаратпай:

— Пәлі, қазақтың қай сөзінің жаттығы болған. Төрт-бес сөзін мен де қойын дәптеріме түртіп алдым,— депті.

Былай қарағанда жағымсыз көрінетін мінездің де тигізер пайдасы болады. Баспагерлер Мұхтар Әуезовке шағынады екен:

— Мынау Нұрпейісов дегенің жап-жас бола тұра, жазғанына редактордың қаламын тигізбейді,— деп.

Мұхаң сонда жұлып алғандай:

— Күр-күр десе, жүгенін киюге даяр тұра қалатын біздер дейсің бе? Жастық шақтың сауырына қол тигізбейтін өз мінезі болады,— депті.

Мұхаң бұл тұста Әбдіжөмілдің өз дегенінен қайтпайтын бір беттілігін жастығына балайды. Ал осы оның басыбайлы мінезі болса ше? Әбдіжөмілдің толысқан шағын көруге Мұхаң жазбады. Ал болдым-толдымын көрген Ғабит Мүсрепов:

— Біздің Әбдіжөмілдің басында отыз адамның ақылы бар, бірақ...— деп барып тоқталып, басын шайқап қоятын.

«Бірақтың» астарында не барын ести алмадық. Дұшпаны ғана емес, достарының да жөнді-жөнсіз көңілін қалдырып қоятын, анау жалпақ көзілдірігі де

жаппайтын тік біткен қасындай тіктеу мінезін сынағысы келді ме, кім білсін.

Жазушы көп кейіпкерлерінің мінезін өз ішінен таратады деседі. «Қан мен тер» романының бас кейіпкері Елеман қазақта еркек атаулыға бітпеген мінез көрсетіп, жұмыстан шаршап-шалдығып келе жатқан әйелі Кенжекейді шөйін қойып қарсы алады. Автор осыны өзінен алғанына мен шүбө келтірмеймін. Әзіл жарасқан сөттерде жаңа жазылған «Сең» романындағы Көткеншек Көшенді де еске алатынымыз бар. Ал анау қырыс, қызыл көз шал Сүйеу ше... Сол кейіпкерге төн мінезден туған ойранды мына бір детальден көреміз.

Он екі беттен өрби-өрби қалың кітапқа айналып, Мұхтардың өзін салмағымен қайран қалдырған «Курляндия» романы былай басталатын.

«Сорғалап, үзіліп аққан снаряд, түсетін жеріне жуықтаған сайын түнгі тымық ауаны ұйытқыта, ышқынта соқтырады; соншалық көз жетпейтін алыс биіктен жұмарланып ағып келген екпінімен жерді қабыстырып жіберетіндей. Сондай бір мықты соққының денесіне соғарын жер де сезіп, өзінің сыйымсыз зор алып денесімен тітіркене қалтырап, ауыр салмақ астында иіліп, майысып бара жатқандай болады. Снаряд аласа тау баурайындағы жуан үш теректің бұтақтарын жанап өтіп, жер үйдің арт жағына түсіп, жарылды. Жер дүр-дүр сілкініп, қоны ойылып қала берді...»

Басқа бір жазушының снаряды болса, ағып келіп жерге гүрс ете түсер еді. Өйткені бұл қас қағымның ісі ғой. Ал Әбдіжәмилдің снаряды қанша зулағанмен жерге түсіп болмайды. Түйенің мойын бұрысындай тым шабан. Сонымен бірге бұл суреттің өз шындығы бар. Және мәні зор шындық. Оны көрмеуге болмайды. Снаряд жылдамдығы сезім жылдамдығымен бөрібір шендесе алмайды. Және бір қызығы,— оқтан да жылдам сезім кейде жылдай созылатын өсер береді. Жас Әбдіжәмилдің суреттегені — соңғы шындық еді. Сол шағын суреттің тақырыбы қандай кең. Оны «Снаряд және Жер шары» деп атағың келеді. Жерге жан біткен. Ол үрейлі. Зуылдаған снарядтан «зор алып денесімен тітіркене қалтырайды». Ақыры «қоң еті ойылып қала берді». Жер үрейі, бір жағынан, жер кепеде тығылып жатқан солдат сезімі... Екінші жағынан, майданнан қайтқан солдаттың «біз не істедік?» деген ащылы-тұщылы ойы. Соғыс бүйте берсе, алтын бесік жерді де құртып тынар деген алысқа меңзер ой...

Сүйеу шалдың ойраны дейтініміз, осы сурет «Курляндия» өңделіп, «Күткен күн» романына айналғанда түсіп қалды. Ау, күзгі ауаның бір құбылысын суреттегеннен гөрі («Күткен күн» солай басталады), қазақ прозасы үшін «Снаряд пен Жер шары» дейтін тақырып өлде қайда ұтымды емес пе еді,— деп кезінде қапаланып қалғанымды жасырмаймын.

«Курляндия» сауатты сынға кезікті. Роман жас жазушының болашағынан зор үміт күттіретінін қуана атай отырып, біраз мінін де жасырмай көрсетті. Орынсыз қоспалар мен керексіз көрініс, қайталауларды алып тастауға кеңес берді. Бірақ жас жазушы романының артық-тұртығын жонғанда, Сүйеу шалдың күрт кететін мінезіне бақпауы керек еді.

Мен Ғабидендей жазушының «біз де осылай жазамыз» дегеніне ой жүгіртемін. Ол кісі жастың көңілін аулаймын деп, артық сөз айтпаған. Жас жазушы қалайда эпостың кең құлашы, баяндалып отырған оқиғаға байланысты автордың лирикалық жан сезім толқындары, белгілі характердің ішін айтқызатын драмалық қақтығыстар сияқты романдық компоненттерді роман бойына, кестесіне төге білген. Жер кепедегі солдаттардың парторг Иванов арқылы тұтас Курляндия майданының хал-ахуалын біліп отыруы да өбден қисынды. Немістің Курляндия түбегіндегі отыздан астам әйдік дивизиясын қалайда тегеуірінді күшпен ұстаса, басқа майданға септесуіне шамасын келтірмеуге керек. Бұл — жалпы жағдай.

Жалқысы мынадай болып келеді. Жер үйдегі солдат, офицерлер бара-бара өзін сырын білетін адамдарыңа айнала бастайды. Есейдің қолы батарея командирі Скориковтың жауырыны астында ұйып қалыпты. Екеуінің арасында сірөда сыйластық бар секілді,— Есей командирінің ұйқысын қимай, қолы ауырып бара жатса да, қозғалмай жата береді. Бір оқиға екіншісін түрткілеп, сурет жандана түседі.

Жалпы мен жалқы өстіп бірін-бірі ашып отырса, роман дегенің сол. Көзі қарақты ыспар жазушы Ғабиден Мұстафин сол өнердің жас жазушыға «жүкқанын» он екі беттегі аяқ алысынан-ақ аңғарған. Семіз «Курляндия» айтылған сыңдардан соң жүдеп, сыптай «Күткен күн» романы боп өңделіп, шырайланып шыққанда Ғабиденге ұнаған он екі бетке де автордың қолы батыңқырап кетіпті. Дегенмен, сол ілкі жолдар өз рөлін атқарды.

Он екі — қазақтың қасиетті сандарының бірі. Жас қайырғанда бұл — бір мүшел. Он екі беттен бас алған романға ақырғы нүкте қойылғанда Әбдіжәмил «айхай, жиырма беске» — мүшел жастардың ең асылына жинай бастады. Шіркін, жастық шақ! Мағжан айтпақшы, сенің «тау суындай гүрілдейтінің» рас-ау. Тасқынды тау өзеніне еш кедергі бұйым емес. Он екі бет — он екі ғана адым. Ал сол жастық адым иесін қандай биікке көтереді. Жетпістің желкесіне мінгелі отырған Әбекен жастықтың төуекелшіл мінезіне басын иері көміл. Өйткені жастық барды жоқ ететін ездіктен емес, жоқты бар ететін ерліктен жаралған.

ТҰЛҒА

Бұл шағын мақалада мен даңқты ағамыз Әди Шәріповтің мақтауын асырайын деп отырғаным жоқ. Ұлы британия энциклопедиясының XV томына үш қазақ кірсе, солардың біреуі болып енген есімді менсіз де исі қазақ қауымы біледі. Бұл мақаланың міндеті өзге. Мен Әдекеннің адамдық, азаматтық тұлғасын, жеке басының қымбат қасиеттерін ыспаттап, бұл жөйтті ақ жіптей болса да сәулелендірерлік сөз айтсамба деп едім. Себеп — тәуелсіз елге тұлға керек. Тұлға қатарының көбею қажеттігіне тағы дәлел іздесек, өңгіме ұзаққа созылады. Мәселен: бізге сенім керек. Жаңа сенім...

Қазіргі ат-нөпір басылымнан талай бас қылтияды, талай шешен тіл безейді: әрқайсысының мәселесі толғақты, жаныңа тиіп, миыңды қашайды. Бірақ мынау апалаң-топалаң заман оған да көңілімізді көншітер емес. Өйткені біз не тапшылықтан да өткен тапшылыққа душармыз — сенімнен, бұған дейін имандай ұйыған дүниетанымнан жүрдаймыз. Отаршылдық пен тоталитаризм бірігіп алып, еліміз бен жерімізге аз ойран салған жоқ. Ол — ол ма. Миымызға бодандық сана сіңірді. Тартылған Арал теңізіндей көңіліміздің жайлауы шанданды, кеудемізде сенімді құртты. Ендеше «екі надан ел болмас, сенісуге жол қалмастың» кебін қалай лақтырып тастаймыз? Халқымыздың жүрегінде Қазақ елінің тәуелсіз бақытты болашағына жаңа сенім орнауы тиіс. Бірақ ол қалайша қалыптаспақ, оны біздің санасезімімізде кім орнатпақ?

Жалғыз біз емес, өйтіп отырған. Әр жұрт өз көріпкел сәуегейлерін іздейді. Біреулер бақсы-балгерге, біреулер бұрынғысынша Сталинге, біреулер Ельцин, Солженицындерге, біреулер тағы біреулерге табынып өурсаң.

Қазаққа келсек, ол бүгін ата-баба аруағын шақырады. Мынау қиямет қиыншылық, жоқшылық тұсында қазақта күнде той, күнде ас десем, асыра айтқандық болмас. Ал сол батыр бабаларымыз қандай еді? Оларды көзге елестете аламыз ба? Көбінесе еститініміз аңыз. Роман, повестердің бірталайы ел аузынан жиналған аңыздардың монтажы секілді. Сөйте тұрып, біз батырлар бейнесі сорабын іздегенде бүгін көзі тірі қазақ батырларымен салғастыруды ойламаймыз. Мәскеудің құлағын сарсытып жүріп, Бауыржан Момышұлының ерлігін әупіріммен мойындаттық. Ал ол кісі қай батырыңнан кем еді? Меніңше, осы Бауыржан, оның маңайындағы майдандастары, ердің сойы атанғандар жолы — бүгінгі өлмеғайып шақта жоғарыда қойылған сұрақтарға анық жауап беретін, үлгілі-өнегелі жолдар. Солардың бірі — Әди Шәріпов соқпағы дер едік.

Менің пікірімше, біздің Қабанбай, Бөгенбайларымыз, Райымбек, Сырымдарымыз дәл бүгінгі қаһарман қазақ тұлғалары іспетті ойшыл парасат иесі, жолбарыстай жүректі, өнерлі бесаспап жандар болған. Творчестволық һәм ерлік сындар олардың тұлғасында бірбірімен қабысып—жымдасып жатпақ. Өйткені сондай үйлесімді біз бүгінгі батырларымыздың бірі — Әди ағамыздың әр тұлғасынан көреміз. Өмір теңізінде еркін жүзіп, құлаш ұрған бұл қазаққа әмөндө көңілің толады, сөйлесе қалсаң оның жарқын оптимизмі саған өсер етпей қоймайды, тіпті өзіңе өзіңнің сенімің артады. Сондықтан мен бұл жерде Әдекеннің қаламынан туған, қайнаған өмірдің нақ ортасынан ойып алынған «Партизан қызы», «Ормандағы от», «Тон», «Қапастағы жұлдыздар», «Алыс жағалаулар», «Сахыра қызы» т. б. көркем шығармаларына, ақындар Жұмағали Саин мен Сырбай Мәуленовтарға арналған зерттеулеріне, «Қазіргі дәуір жөне қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары» монографиясына талдау жасамаймын. Бұл туындыларды оқушы бұрын оқымаса, оқып шығар, өйтпесе кітап сәресінде шаң басып жатып көрмеген шығармалары қалың көпшілікке таныс деген үмітпен сол шығармалардың авторы — сегіз қырлы, бір сырлы

тұлғаның қалай қалыптасқанына көбірек тоқталсам ба деймін.

Бір философ айтқан екен: «Адамның қолы жетер биігі — ерлік өмір жолы» деп. Дәл Әди ағаң жөнінде айтылған секілді. Енді сол ерлік жолдың белес-белесіне көз жіберелік.

Әди Шөріпов бұдан сексен жыл бұрын Семей облысы, Жарма ауданы Ағыны қатты өзенінің бойында Қайранбай хажы қыстағында туған. Қайранбай — Әдидің атасы, бұл өлкеге өзінің ағартушылық қызметімен белгілі болған адам. 1896 жылы өз қаражатына мектеп және жиырма балалық интернат салдырған. Қайранбай ақсақалдың бұл игі ісін проф. Асфендияров 1933 жылы «Большевик Казахстана» журналына жарияланған мақаласында айырықша атап өтеді. Қайранбай немесі Әди туғаннан біраздан соң баласы Шөріпті ертіп, хажыға аттанады. Тағдырдың жазуына не шара, өкелі-балалы екеуі де сол сапардан қайтпайды. Жиырма үш жасында көз жұмған Шөріп Меке зиратына қойылады, еліне жетер-жетпес жолда Қайрекең сырқаттанып дүние салады. Әди бұл кезде апыл-тапыл жер басып жүрген екі жасар бала...

Өмірдің қатал сыны біреулерді сындырады, біреулерді шынықтырады. Жас Әди соңғыларына жатса керек. Қазақ мұндайда тұлпар желіде танылады деп жатады ғой. Әдекенде білектен гөрі, жүрекке біткен күш басым еді. Қаршадай бала мал бағып, қаражат тауып, Семей түссе, одан қазақ басына отызыншы жылдардың басындағы нәубет кезінде Алматы аттанып, сонда жоғары оқу орнына түссе, оқу оқып жүргенде газетте «Қасқырдың бөлтірігі» деген фельетон жарияланып, сол бойынша қудаланып, өмірде көрмеген хажы, әкесі үшін жапа шегіп, Түркменге бас сауғалап кетсе, сонда да бой бермесе,— мұның бәрі сол кеудеге біткен күш тегеурінінің қандай екендігін көрсетсе керек.

Ол сыннан сынға түсіп жүріп шыңдалды. Сталин заманының үскірігінде, әсіресе Ұлы Отан соғысының дауылды сағаттарында, оның алғашқы зілзала минуттарында өжеттікке жаттықты. Жаудың тылында қалдық деп ұнжырғасы түскен өлдебіреулердей емес, қайратына мініп, партизан отрядын ұйымдастырып, өмірге ерлік көзбен қарауға төселді. Сол өмір өсерлерінің тасқыны бара-бара қағазға сұранды.

«Партизан қызы» атты тырнақалды повесінің жазылу тарихын бір сәт еске түсіріп көрейік. Бұл кітап жарық

көрген 1961 жылы Әдекең жасының төртінші мүшелінде — қырықтың тоғызында екен. Әдебиетші жұртшылыққа беймәлім кісі, оның үстіне қыруар мемлекеттік қызмет атқарып жүрген қайраткер, ағарту министрі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, кенет үмітсіз тек шайтан ғана деген қағида бойынша ма, өйтеуір бұрын баспаған өлкеге сапар шегеді. Сөйтеді де ешқандай заңға сыйымсыз күшпен Әди Шөріпов есімін аспанда қалықтатады. Соғыс хақында қалам тербеп жүргендердің бірін қайталамай, майдан хикаясынан жаңа күй шертеді.

Әдекең прозасындағы ойлар — басқа біреулердің кітаптарынан ымқырып-жымқырған ойлар емес. Өз жүрегінің ащылы-тұщылы тәжірибесінен туғандар. Осы себепті де саясаттың мың сан құбылатын айқай-ұйқайына еріп кетпеген. Жазушылық қызметті ақша күреудің жолы емес, ізгілікке қызмет етудің, жауыздықты жаншудың құралы деп түсінді. Біз оның кітаптарынан жеңімпаздарға төн өктемділікті байқаймыз. Адамзат бір-біріне жаулық сағынбасын. Жеңісіміздің түпкі нәтижесі осы болуға тиісті. Сондықтан болуға керек, Әдекең кітаптарынан достық, татулық тақырыбы табиғи тарамданып жатады.

Қазір не қат — халықтардың бір-біріне достық, бауырмалдық сезімі қат. Қан төгуден зөрезеп болып, майданнан оралғанда енді қайтып адам қаны төгілмесін деген ақ тілекпен оралған Әдекең бұған қатты наразы. Бірақ ол наразылығын ашу шақырумен емес, ел ағасына лайық ақылмен жеткізіп, басу айтуға күш салып жүр.

«Арбасу» жинағына (1988) енгізілген «Әке қабірі басында» деген повесін оқып көріңіз. Орыс партизаны Петр Афанасьевтің қабірін балалары көп жылдар бойы іздеп таба алмай жүреді. Бағына олар Белорусиядағы партизан достарымен кездесуге поезбен сапар шегіп келе жатқан Әдекеңмен кездесе қалады. Табиғатында жадыға мықты, бір көргенін қайтып ұмытпайтын Әдекең Петр Афанасьев досының қабірін Белорусия жерінің бір пұшпағынан тауып береді. Сонда Петр досының балалары Әдекеңе:

— Әкемізді көрген Сізді, кешеден бері әкеміздің өзін көргендей қуандық!— деп бас иеді.

Осы ыстық сөздерін ағайынды екі жігіт Әдекеңе жолдаған хаттарында да қайталайды. «Арамызда қырық жыл өтсе де, біздің әкеміз қалай соғысқанын жөне ең

абзалы — қай жерден оған топырақ бұйырғанын Сіздің арқаңызда білдік. Сол үшін Сізге мың да бір рахмет, ал повесіңіз үшін айырықша алғыс!..» депті олар 1985 жылғы 6 сәуір күні жазған хатында.

Ұлтаралық жанжал көбейіп, бауыр мен бауыр бір-бірінің қанын судай төгіп жатқан қазіргі шақта өзге халықтан біреу болса да бірегей достық табылуы той жасайтын қуаныш. Нижний Новгород облысынан ба, басқа жерден бе, елдігімізге, мәрттігімізге анық көзі жеткен шын дос пейілді адамдардың жүруі Әдекең ғана емес, бөрімізге бедел. Тәуелсіз жас мемлекетімізге дүниенің төрт бұрышының бөрінен дос іздеу керек. Бұл оның іргелі, бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде халықаралық аренада абыройын арттырады. Әлбетте, Әдекеңнің қазаққа дос тапқыштығын да оның тағы бір ерлігі деп түсінсек ләзім.

Әдекең майданда, бейбіт құрылыста, күнделікті тұрмыста, жазу-сызуларында өз ұлты характерінің, дара бітімді мінездерінің көп-көп онды қасиеттерін, ұтымды қырларын жарқырата көрсетумен келеді. Күні бүгінге дейін бұрынғы одақтың түпкір-түпкірінен ағыл-тегіл түсіп жататын хаттар, құттықтаулар ел намысын жыртқан ерді сыйлай білу уақыт озғанына мықты дәстүрге айналғандығын айғақтаса керек. Сол ыстық сөлемін жолдаушы достардың көзінде Әди Шөріпов бауырмал интернационалист қана болып көрінбейтін шығар. Меніңше, орыс, белорус, украиндық достары Әдекеңді қазақтың жұртқа тұлға болар азаматының бірі деп құрметтейді. Әрине, туған жері, Қазақстаны, дербес мемлекеті, ұлан-байтақ шалқар өлкесі бұған қуана-қуана қол соғады. Өйткені ер бақыты — ел бақыты.

Әдекеңдей ағаларымыздың ерлігі тақырыбына қанша жазсаң да таусылуың неғайбіл. Ерлік дегеннің қыры-сыры мол. Бетпе-бет келгенде жауға қынабыңнан қылыш суыру бір басқа да, тыныш жатқан елдің берекесін кетіретін кеселмен алысу бір басқа. «Есеңді жіберіп алма. Ері ездік етсе, алдымен қорланатын елі» дегендей Әдекең өмірінің философиясы.

Қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбыл атамыз: «Батыр тұлға бола алмай, Елдің түгі жығылды», — депті бір өлеңінде. Байқайсыз ба, батыр мен тұлға түсініктерін ұлы ақын өдейі ажыратып айтқан. Тұлға деген сөзді батыр деген халық санасындағы ең қасиетті деген сөздің өзінен жоғары санайды. Әр тұлға — батыр. Бірақ әр батыр елінің тұлғасы бола алмайды. Бұл кеңірек

түсінік. Зиялы қауым көптеп-көлемдеп дегендей пешетін ғылыми проблема. Күмәнсізі сол — Жамбылдың дуалы аузынан естілген сөз ұрпақтан ұрпаққа тарайтын ұлағатты тағылым. Шынында да, батыр, қайраткер деп жүргендердің ішінен дер шағында суырылып тұлға шықпаса, алдымен ел жасып қалатынына мысал көп қой. Қазақтың басына қатер төндірген қанды кезеңдерде тіпті қоян жүрек қорқақ болмаса да, беттен ұрған қызыл жалын шарпуына шыдай алмай, тайқып шыға берген басшымын деп жүргендер аз кезікті ме тарихымызда?

Әді-аған мынау ұзын өмірінде аз қоқай көрген жоқ. Жуықта жазушы «Жұлдыз» журналында (1992 жыл, №7) «Сойқанды жылдар» атты деректі хикаясын жариялады. Сол естеліктерінен Әдекеннің белі бесіктен босамай жатып жетімдіктің, өсе келе хажы баласысың деген ызғарлы сенімсіздіктің тауқыметін аз тартпағанын аңғарамыз. Қияметтің қыл көпірінің үстінде жүргендей жағдайда Әдекен шыққан белестерге шығып көрші қанеки.

Қырқыншы жылдардың жан түршігерлік партиялық құжаттарының біріне көз жіберіп көрелік; қолына Әзірейілдің гүрзісіндей гүрзі ұстаған біреулер былай деп сүйектеткен: «Шөріпов жолдас өрескел саяси қате жіберген». «Ә. Шөріпов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1951 жылғы көкек айындағы «Правда» газетінде басылған мақала жөніндегі қаулысын жоққа шығарып, қазақ өдебиеті тарихында өзінің жіберген буржуазияшыл-ұлтшыл өрескел қателіктерін қорғап қалғысы келген адамдарды мінбеге шығарып, сөз берген». «Оқу министрінің орынбасары Ә. Шөріповтың тікелей нұсқауымен Жұмалиев пен Мұқанов тағы да орта мектептің тоғызыншы класына қазақ өдебиеті оқулығының авторы етіп қалдырылған».

Ол кезде кімнің болса да арқасына аяздай бататын сөздер. Бірақ Әдекен Әдекендік жасап, бұған титімдей жасымаған. Қолынан келген шаруасын тындыра берген. Жаңағы құжатты бүгін оқысаң, Әдекенді теріс істеді деп бағалағаны керісінше оқылады. Партизандығына салып, халықтың рухани қазынасын сақтап қалуға барын салған. Қазір айтуға оңай. Әйтпесе сонау қызыл танау науқан кезінде, қымсетсең, саяси кінә тағып, көзіңе көк шыбын үймелететін заманда асыл мұраға ара түсу екінің бірінің қолынан келмес еді.

Әдекеннің үзеңгілес, қызметтес жолдастары, серік-

тері, іні-қарындастары оның тұлғасындағы адамгершілік сыйпаттарға айырықша назар аударады. Қай қызметте жүрсін — бір қалпы. Аңқылдап, бауырына тартып қарсы алады. Жағдайың өзгерсе, өзгере қалатын өлдебір сухит-сұйықтарға мүлде ұқсамайды.

1948 жылдың шілде айы. Оқу-ағарту министрінің орынбасары боп қызмет істеп жүрген Әдекең Алатау қойнауындағы «Просвещенец» деген демалыс үйінде үй-ішімен қоналқыға келіп тынығып жатқан. Бұл жақ, шіркін, қысы-жазы бірдей жұмақ қой. Тау етегінен көз ұшында көрінетін сымбатты Тянь-шань шыршалары қасында жапырағын жайып тұрады. Жұпарына кеуден тоймаса, ақ бас Алатаудың ұлылығын үстемелей түскен сұлулығына көзің тоймайды. Түскі тамақтан соң сейілдеуге шығып, көкірегін кере дем алып тұр еді, үстіне көнетоз костюм киген, қара бөтіңкесінің тұмсығы желініп ағарған, жүдеу тартқан бұйра шапты дембелшең қазақ ұшыраса кетті. Маңғаздау, салқындау бас иді. Әдекең бір жерден көрген, таныс кісі сияқты. Көзіне барған сайын жылығұшырап барады. Ия, таныды. 1938 жылы ұсталып кеткен заңғар сыншы Мұхаметжан Қаратаев қой, өке-ау, мынауың. Күлімдеп, құшағын жая Мұхана қарсы жүрді.

— Уа, Мұха! Сәлем бердік! Жол болсын!

Сонау отызыншы жылдардың басында Каз Пи-де бірге оқыған кездерінен бірін-бірі жақсы білетін Мұхан мен Әдкен сол сәтінде шүйіркелесе кетті. Әди Шәріпов пединституттың бірінші курсына түскенде Мұхаметжан Қаратаев сол институттың ақырғы курсын тамамдау үстінде екен. Әрі комсомол ұйымының ақырып тұрған хатшысы. Ол кезде институт қасында студенттік кооператив істейді. Соған Мұханның араласуымен бастық болған соң үйден келетін қаражаты жоқ Әди тамағын асырай алатын жағдайға келген. Енді заман былай болып кетті. Сібірден кесімді жылдарымды өтеп қайттым дейді. Сүйтсе де қай оңып тұр дейсің. Артында салпаңқұлақтары бірге еріп жүргені сөзсіз. Бірақ көріп тұрып, үйге кір демеу ұят-ты. Қайтеді енді. Фашистердің апаны аузында да талай жыл күн кешті. Құдайдың жазғанын көреміз деп, Әдекең бір кездегі көз таныс студенттік жолдасын жатқан бөлмесіне шақырып, қонақ етті.

Ертеңіне Әдекеңнің Министрлікте кісі қабылдайтын күні болатын. Күтіп отырғандар сол күні тіпті алдыңғы бөлмеге сыймай кетті. Бір уақытта кабинетіне мини-

стрліктің басқарма бастығы Ибраев Шәмши деген кісі кіріп, құлағына сыбырлады. Қабылдауыңызды белгілі сыншы Мұхаметжан Қаратаев күтіп отыр деді. «Ойпырмай, Мұхаң сыр бермейді, кеше ескертпегені несі?»— деп ішінен ойлады да, Ибраевқа: шақырыңыз! Кірсін!— деді.

Мұхаң мерзімін өтеп келген соң Жамбыл қаласына қоныстанған екен. Үйелмені сонда тұратын. Өзі бос жүр. Қызмет берер түрі жоқ. Сондағы басшылардың табалдырығын тоздырумен жүр.

Әдекең дереу телефон құлағына жармасты. Облыстық ағарту бөлімінің бастығы болып жұдырықтай қара жігіт Хабибуллин дейтін істейтін. Қаратаевтың жайын сұрап еді, шақарлау басшы баж ете түсті:

— Ойбай, Әдеке, білмеуші ме едіңіз? Ол — халық жауы боп сотталған кісі. Жастарға коммунистік тәрбие...— деп келе жатыр еді, Әдекең сөзін бөлді.

— О жағына тереңдей бермейік. Тірі адамға тамақ керек емес пе. Оның үстіне бала-шағасы бар дегендейін. Саған сөз келмейді. Анау педтехникумдарыңа оқытушы етіп аласың. Солай деп бұйрық жаздым. Менің бұйрығымды және техникум оқытушысы деген Министрлік атынан жазылған куәлікті Қаратаев жолдастың қолына тапсырдым. Апарып өзіңе көрсетеді деді. Сөйтіп тағы бір рет, осынысымен соңғы рет Сібірге айдалар алдында Мұхаң аз-кем уақыт Жамбылда оқытушы болып істеген-тін.

Бүгіндер академик Мұхаметжан Қаратаев қысылтаяң кезде Әди інісі көрсеткен жақсылығын ерлікке балап, сол бір шақты өрдайым жылы лебізбен еске алып отырады.

Қазақ: «Ердің басы екі елу» дейді. Мұның мәнісі — ер жүз жасайды, атағы мың жасайды,— деген ой болса керек. Халық айтса қалып айтпайды деген және сөз бар. Соны ырымдап, XX ғасырдың батыры ХХІ ғасырдың табалдырығын алшаң басқан күйі емін-еркін аттап өтсін,— деп шын жүректен тілек қосамыз, Әди аға!

14-қараша, 1992 жыл.

ЕРЛІКKE ЖАРАЛҒАН ҰРПАҚ ЖАЗУШЫСЫ

Бұл мақаланы Өзекеңнің өз сөзінен бастағым келіп отыр. Маған сыйлаған бір кітабының титул бетіне ол мынадай арнау сөз жазыпты:

«...Алдымдағы өкемдей көретін ағаларым тіс жарып үндемей қойғанда, адал өкенің қамқор көңілін сен білдірдің, бауырым. Атымды одақ оқырманының құлағына сен жеткіздің. Саған деген ауызбен айтып жеткізе алмайтын ризалығымның, алғысымның, сүйіспеншілігімнің белгісі болсын бұл кітап».

Мұны неге келтіріп отыр дейсіз ғой. Әрине, күріш арқасында су ішетін күрмекке айналғым келгендіктен емес. Той иесі — жетпістің асуына көтерілген Өзекең, Өзілхан Нұршайықов. Оған дау бар ма. Менің айтпағым — Өзілхан Нұршайықов сынды қазақ жазушысы бар деген сөзді дүние құлағына шалынатындай етіп айту керек деп жүрсек, бұл идеяның бүгіндер тұмағанын еске салу еді. Қазақ қаны, жаны бар қай шығарма да өзге жұрт игілігіне айналуы тиіс. Қазақ жазушысының есімі әр тілде аталып жатса, бұл абырой ең өуелі төуелсіз жас мемлекетіміздікі, азат халқымыздікі емес пе?

Өзекең шығармагерлігімен өзге жұрттың танысуын қалайтын себебіміз, онда қазақ исінің бұрқырап тұру үстіне, барша адамзат кәдесіне жарайтын мәселелер көтерілуіне де байланысты еді. Өзілхан Нұршайықов жазушы жауапкершілігін өуел бастан жақсы түсінген. Ол өлдебіреулердей ізгілікке, жақсылыққа қызмет етудің мәнісін түсінбей жатып, қаламға жармасқан жоқ.

Алғаш рет біз Өзілхан Нұршайықов есімін құлаш-құлаш очерктердің шекесінен кезіктіріп жүрдік. Обалы не, очерктері оқылатын. Басқа очеркистерден өзгеше, адам жанына көбірек үңілетін. Өзекеңнің «Қазақ әдебиеті» газетінде «Мәселе қайда жатыр» деген мақала жариялап, очерк жанрының кемшіліктерін тап басып өділ сынағаны есімде. «Цифркиндерді» өжуралап, қазақ баспасөзінің назарын адамға, оның жан өлеміне бұрып, зиялы қауымды бір селт еткізгені бар-ды. Кейін Өзекеңнің романтикалық повестерімен таныстық. Бірақ «Ия, сәт!» деп қалған тұсымыз — «Махаббат, қызық мол жылдар» романы жарық көрген кез. Міне, осы шығармасында Өзілхан Нұршайықов өзге жұртқа да белгілі болуға тиісті жазушылық қарымдылығын сенімді түрде танытты.

Ол кез, алпысыншы жылдардың аяғы, жетпісінші жылдардың басы, бір сан совет жазушылары ар-инабаттылық (нравственность) мәселелеріне айырықша ден қоя бастаған уақыт. Оған қазақ әдебиетінен Ә. Нұршайықовтың аталған романы, Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар» туындысы, Әнес Сәраевтың «Жұлдызды жон» повесі т. б. үн қосты.

Әзілхан Нұршайықов ұлт өмірін төменгі бұқара халықтың деңгейінен де, жоғары — ұлы қайраткер-тұлғалардың деңгейінен де зерттеген адам. Және өмірдің ыстық-суық мәселелерін ар-инабат көзімен көруге төселген қаламгер. Ол ізгілік пен жауыздық, ерлік пен ездік тақырыбына жазды. Жазғанда ұлтының ауыр тағдыр тауқыметін тартқан кезеңдерінен гөрі, қанатты жылдарына көбірек зер салды. Мұның өз жемісін бергені сөзсіз. Әсіресе жастар жағы жазушының жарқын романтизміне елітті.

Алпысыншы, жетпісінші жылдардың жастары қандай еді? Бұл жастық жалынның біраз бөсеңсіген шағы еді. Жан басына ет, сүт өндіруден Америка Құрама Штаттарын қуып жетіп басып озу, жиырма жылда елімізде коммунизм орнайды, бүгінгі ұрпақ коммунизмнің сәулетті сарайында тұрады деген мифтердің жазғы-тұрымғы сағымдай ғайып болуы елде идеологиялық һәм моральдық дағдарыс тудырды. Көңілден сенімнің кетуі, қоғамдық енжарлық дәл сол кездерде біліне бастады. Жастар жағы қатты нәумезденді.

Ал Нұршайықовтың ұрпағы — майдангерлерге келсек, бұлар өлі де өршіл романтизм құшағында жүрді. Жеңіс туын қанып тойламағандай, тағы да бір жақсылық жаңалықтардан дөметті. Осы көңіл күйі талай кітап, басылымдардан әсем бейнесін тапты. Солардың шоқтығы — «Махаббат, қызық мол жылдар» романы майданнан оралған жас жігіт Ерболды қырдың қызыл гүліндей құлпырған өңшең жас арулардың ортасынан бір-ақ шығарады. Ерболға бұл күндердің әр сағаты мереке еді. Ол өзін көкте самғап жүргендей сезінеді. Кітаптың алып ұшқан қызықты, қуанышты өуенін ондағы тартыстың қайғымен аяқталуы да баса алмайды. Кітап міне осы жарқын романтизмімен сол кездің жастарын ілезде баурап алды.

Ербол — студент, небары болашақ журналист. Ол тартылып құруға айналған өзен-көлді, эрозия апатына ұшырап, шаңы аспанға шығып жатқан тың өлкесін

кеселден құтқарып, көркейтетін, яғни жаңа қимылға бастайтын қаһармандық емес-ті. Бұған қарағанда автор қоғамдағы көзге шыққан сүйелдей көрініп тұрған кеселдерді жоюдың басқа амалдарын іздегенге ұқсайды. Роман проблематикасы өндірістік кінәраттармен емес, жан кінәраттарымен байланысты. Ербол — мығым характер. Бірақ оның мығымдығы — ізгі жүрегінен, ішкі бай сезімнен бас алады. Кейбір характерлер өлемдік маңызды сілкіністерде, дүниеуи қақтығыстарда ашылады. Ал Ербол, Меңтайлардың жан жомарттығы, сұлулығы ондай жолмен ашылмайды. Бәр-бәрі көр-жерден, күйкі тіршіліктен өрбиді.

Мен бір кезде жазып едім, өлі де қайталауға бармын: роман жанрының аттай желуі үшін шығарманың эпикалық құлашын жазу, бірінен бірі өткен қызықты оқиғаларын қуалау тым аздық етеді. Романдағы роман тұрмыстағы уақ-түйек, көді-сөді, майда-шүйдені майын тамызып суреттеу тәсілімен шешілсе... Міне, сонда ғана жанр жаны кірмек, бағы ашылмақ. Меңтайдың ақ свитеріне абайсызда төгілген көк сыяның сюжет қатынастарын пысытып, ширатып жіберетіні сияқты.

Роман кейіпкері Ербол адамды арына қарап құрметтейді. Біреудің ішіндегі жан ауруын ғашық қызы айтатындай, «білдірмей біліп алғыш». Жаңағы көрбай-жербайды байқағыш. Мұның түп негізі — автордың өзінен бұл кейіпкерге біраз мінез берілгендігінен берсін.

Ербол мен автор арасына теңдік белгісін қоймаймын. Өңгіме екеуінің арасындағы ұқсастықта. Ондай ұқсастық заңды: екеуі де кешегі Ұлы Отан соғысының майдангерлері. Сол майдангер екеуі де өмір сүргіш, өмірдің тіпті құйтақандай майда-шүйделерін сүйгіш. Ербол сезімталдығы міне осы қасиеттерден тарауы керек.

Ербол—Меңтай махаббаты сол кездегі жастарға қаты өсер етті. Өсердің күштілігі соншалық, кітап дүкендерінен роман ілезде жоқ болып кетті. Кітаптың тез арада сатылып кетуі ақыр-аяғында наразылық туғыза бастады. Жастар топ-тобымен баспаға хат түсіріп, романды дереу мол тиражбен қайта басып шығаруды қолқалады. Ол менің Баспа комитетінде істейтін кезім. Оқырман тілегі бойынша «Махаббат...» романын бір жылдан кейін екінші рет қайта бастыртуға тура келді.

Сонымен, «Махаббат, қызық мол жылдар» аяқталды. Аяқталды деген сөзді романның жазылып бітуімен ғана байланыстырып отырғаным жоқ.

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?!
Ақырын-ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар,—

деп, Абай өлеңіндегі тура мағнасында қайталап айтып отырмын. Автор жастығымен қоштасты. Бөйге атындай аңқылдақ мінез ақшулан тартқан баспен үйлеспейтінді шығарды. Ең бастысы — ел жағдайы қуаң тарта берді. Төңіректегі көңілсіздіктер ауыр ойға шырмады. Осыған өз жүрегінен, миынан ақыл, жауап іздеп жүрген күндердің бірінде тағдыр Бауыржан Момышұлымен жолықтырды. Қолынан жетектеп алып келгендей етіп жүздестірді. Басында бұл кездесуден бір үлкен шығарма туа қояр деп ойлаған жоқ-ты. Оған дауалайтын жүрек керек. Осы қиындықтарды былай қойғанда, біраз жазушылар шиырлап, сарыжұрт еткен тақырып емес пе. Және қандай жазушылар десеңізші! Александр Бек, Бауыржан Момышұлының өзі... Сонда бұлардың айтқанына ол нендей жаңалық қоспақ? Бұл тығырықтан жазушыны маңдайына біткен бір қасиеті алып шықты.

Менің байқауымда: жуас, иін қандырмаған қайыстай болжыр көрінетіндерден, жуастан — жуан дегендей, нағыз өрлер жиі шығады. Мөселен, проф. Бейсенбай Кенжебаев тіпті лобарантына жөнсіз қылығы үшін даусын көтеріп ұрсып тастауға баспайтын. Ал осы сырттай қозы момын, созымды көрінетін адам ғылымда өз принципін қорғауға келгенде қасарып жатып алатын. Оппоненттері жабылып, іреп-сойып жатқанда былқ етпейтін, дұрыс дегенінен табанын аудармайтын. Сол сияқты біздің Әзекең қашан кездессең де биязы, жасының үлкеніне қарамай кішірейіп тұрғаны. Ал шын мәнінде бұл адам табанды, төуекелшіл. Қазақы жылқыдай порымы көзге ұрып тұрмағанымен, нар жүгіне арқасын именбей тосады. Өйтпесе, «Ақиқат пен аңыз» атты сүйекті роман (1978) дүниеге келер ме еді, келмес пе еді?

« — Бауке, мен сіздің «Біздің семья» деген кітабыңызды оқып шықтым... Онда сіз, халқымыздың ар мен намыс үшін жандарын да аямайтындығын жазыпсыз...»

Бұл үзіндіден Әзекен мен оның даңқты геройының қандыкөйлек қаруластар ғана емес, рухы бір қаламдастар екенін ұғамыз. Екеуі қауайтын жалғыз тақырыпты — ар мен намыс тақырыбын олар — екі бірдей жазушы — Бауыржан Момышұлының бүкіл өміртарыхы негізінде байытады.

Мұны автор жасырмайды. Ол-ол ма. Оқырман материалды автордың кімнен, қалай, қандай жағдайда алып отырғандығын бүге-шігесіне дейін біледі. Бұл тұста Әзілхан Нұршайықовтың тауып кеткені — роман-диалог атты соны жанр түрін ойлап тапқандығы. Бұл екеу ара өңгіме-дүкенде автор геройына сұрақ қояды, геройы тиісті жауабын береді. Жауап келте қайырылады не ұзақ-сонар өңгімеге ұласады. Кейіпкер қандай сұрақтан да жалтармайды. Ағынан жарылып отырады. Диалог арасында автор аңыз деп атайтын, шын мәнінде кейіпкерінің бастан кешкен тағы бір алуан оқиғаларын өңгімелейді. Өстіп тамшыдан бұлақ құралады, бұлақтан айдын шалқар көл өседі. Бауыржан Момышұлының ерлік хикаясынан әдемі сюжет сымдай тартылады.

Жасыратыны жоқ, романды қайта парақтағанда бүгінгі оқушының құлағына тосаң естіліп қалуы мүмкін жолдар кездеседі. Бірақ байыбына барсаң, бөрі орын-орнында тұрғанына көз жеткізбегің көміл. Романның бір бекетінде Баукең: «Мен Советтік Отанымды жан-тәніммен жақсы көріп соғыстым», — дейді. Әйтеуір өткенді қаралай беру керек дейтін кереуыз кезікпесе, бұл сөзде қандай оғаштық бар? Момышұлы жүрекжарды шындығын айтып отыр. Сөзінде иненің жасуындай жалғандық жоқ. Кезінде шын көңілден өзін солай сезінген. Қазір де сөкеттігі жоқ. Баукеңнің Отан сүйгіштігі, ел намысын жібермеуге бойындағы бар қуатын сарп еткендігі бүгінгі дәуірге тікелей қатысты. Патриотизм, туған жерінді, атамекенінді сүю сезімі бүгінгі қазақ үшін бұрынғыдан да қымбат қасиетті сезім дер едім.

Романды қайта оқығанда және бір риза болатының — онда қазір күн төртібіне қойылып жүрген мәселелерді талдау үшін тиек етуге татымды тұстар жетерлік. Тоталитарлық система табиғатынан туындайтын өділетсіздіктерге, келеңсіздіктерге Бауыржан Момышұлы қазіргі ең демократпыз деп жүргендердің қайсысынан да кем шүйілмеген. Ол қаршадайынан бастап талай

зорлық-зомбылықты көріп өсті. Табан астында өліп кетсе де, намыс туын жығып көрмеген характер ішкен у бір адамның басына жетерлік. Өзгесі өзге, шовинизм батырдың еңбегін де жөнді бағаламады ғой. Терін көлдетіп төгіп, қанын селдей ағызып, соғыстан алған ауыр жарақаттардан жарымжанға айналған Бауыржанға көзін жұмғанша ұлтшыл деп секемділікпен қараудан жазбады. Майданда дивизия командиріне дейін өскен, қырық алтыншы жылы қабылданған жаяу өскер уставына құнды-құнды ұсыныстар енгізген, қырық сегізінші жылы К. Е. Ворошилов атындағы I дәрежелі Суворов орденді Жоғары Әскери Академияны үздік бітірген Бауыржан Момышұлының генерал емес-ау маршалға лайық әскери талантын көрінеу кемсітіп, полковник дәрежесінде отставкаға жіберді. Саналы өмірі Совет Одағының Батыры бола тұра, бұл атаққа ауыр жарадан шейіт кеткеннен кейін барып ілікті.

Біз Баукеңе жасалған әділетсіздіктерді, қиянаттарды еске алсақ, «жау кеткен соң қылышыңды боққа шап» дегендіктен емес шығар. Романнан алатын әсер сондайлық, оның бас геройына сүйсініп, тусаң ту, өттең бар қазақ жанын арының садағасы еткен Бауыржандай болсақшы деген сезім баурап алады да, жаңағы өттегенайларды айтқызып, бас шайқатады. Әйтсе де роман ондай өкініштерге бармайды, құлықтылық өресін биік ұстап, кейіпкерінің өр кеудесіне қыжыл жолатпайды. Баукең оқушы жүрегінде өмірде қандай болса сондай қалпында қалады, жабы емес, тұлпар, құладың емес, сұңқар бейнесінде орнайды.

Осы айтылғанға қосымша бір дәлел — роман кекшілдік сезімнен құлан таза. Мұның ағыл-тегіл пайдасы — Бауыржан бейнесі оқырман көз алдында биіктей түседі. Шығарма Баукеңнің шовинизмнен көрген азабын күллі орысқа таңбайды. Кезінде Бұхар жырау бабамыз: орыспенен жауласып, халқыңа жаулық сағынба десе, Баукең де қазағына алыстан көздейтін өсиет қалдырған. Автор Баукеңнің мынадай ұлағатты сөздерін болашақ ұрпақтарымызға бағыштайды: «өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді, өз ұлтын жақсы көрмеген, өзге ұлттарды ұнатпайды». Мұны керісінше айтсақ та сыйымды. Өстіп тарихи асуларға көз тастай келе, Баукең: орыс — дос халық, туыс халық, бұл туыс-достықтан айрылмауымыз керек дейді. Асыл аға аузынан шыққан лебізді шаша-

уын шығармай жеткізіп отырған Өзекеннің авторлық позициясы да бүгінгі қайсыбір отпен ойнаушы қызбаларға кереғар екені күмәнсіз.

Жазушы еңбегі хақында Өзекен: «Қауырсындай ғана жеп-жеңіл қарындашты қағаз бетіне жорғалату алпамсадай зеңбіректі апшық позицияға дөңгелетіп алып шығудан ауыр тиді», — депті.

Құрметті Өзеке!

Сондай ауыр михнаттың бөріне көндігіп, жүрегіңізді тілім-тілім етіп еткен еңбегіңіз, шүкірлік, ақталды. Бір кезде өзіңіздің сүйікті геройыңыз Бауыржан Момышұлына Қазақстан республикасы Мемлекеттік сыйлығы тапсырылғанда, бір желөкпелеу жігітіміз мұны қорашсынып: шіркін, біздің Баукең одақтық лауреатқа лайық еді-ау, — депті. Соны естіген Баукең: Қазақстан — зор мемлекет. Ондай мемлекеттің лауреаты атану мен үшін ұлы абырой — деген екен. Сол секілді, енді Сіз нағыз дербес мемлекетке айналған Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреатысыз өмбе халық жазушысы атағыңыз жөне бар. Осынау атақ-абырой сіздің маңдай теріңіздің ақталғанының маңызды бір белгісі болса, бұл жөне Сіздің сөз өнеріне деген махаббатыңыздан туған ерлік еңбегіңіздің жемісі де деуіміз керек. Жалпы майдангер қаламгер атаулы жөне бүгінгі той иесі Сіз өз ұрпағыңыздың ерліксіз өмір сүре алмайтынын, үлкен істер істеуге жаралғанын дәлелдедіңіз. Ақылға бай, ойға терең, жаны ақ төсек ағалар, аман жүріңіздер!

3 қараша, 1992 жыл.

Р. С. Бұл мақала жазушы Әзілхан Нұршайықовтың 70 жылдығына орай «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының тапсырмасы бойынша жазылып еді. Өзекен творчествосын мен бұрын да хал-қадерімше зерттеп жүретінмін, сондықтан тапсырманы орындау оншама қиынға соққан жоқ. Мерейтой иесін қолпаштау — сіңісті өдет. Кейде құттықтау сөздің өр өрпі артынан жел жіберіп қампиту да кезігеді. Мен оған барғаным жоқ. Әскери тақырыпта жазылған прозасымен, очерктерімен танылған қаламгер үшін жалған мадақтың қажеті шамалы еді.

Ә. Нұршайықов шығармаларының маған ақжарқын, романтикалық өршіл стилі ұнайды. Сол түсінігімді мақаламда барынша жеткізуге тырыстым. Оның қалай шыққаны басқа мәселе. «Өмірде не болмайды» деген сияқты, бұл мақалаға енді бір-екі ауыз сөз қосуға тура келіп отыр. «Жұлдыз» журналының 1997 жылғы 2 және 3-нөмірлерінде Ә. Нұршайықовтың өмірбаяндық роман деген айдармен «Өткелдер» атты естелігі жарияланғаны мәлім. Жаңа шығармаға төне қалдым. Жасыратыны жоқ, оқу үстінде, одан кейін де көңілім алабұртып, басылмады. Мен бұл шығармадан Бауыржан Момышұлындай ірі характерді сомдаған, өрдайым қоғамдық маңызы зор проблемаларды талдауға төселген жазушымызды танымай қалдым. Күйкі тірлік, уақ кикілжің төңірегінен айналсоқтап шыға алмай қалған ба, қалай? Роман қаһармандары — Ғабит Мүсрепов, Ғабиден Мұстафин, Тайыр Жароков, Хамза Есенжанов, Жұбан Молдағалиев, Тахауи Ахтанов, Сырбай Мәуленов, Әнуар Әлімжанов секілді даңқы жер жарған, есімдері Қазақстаннан тыс талай елдерге белгілі, қазақ халқының қасқа-жайсандары біз білетін биік тұлғасында көрінбейді, қайта аласарып, пәлі, бетке шығарымыз мынадай болғанда, біз қазақ ұлты, өзімізді былай қойғанда, сырт көздің сынауында қандай боп көрінеді екенбіз дегізеді.

Сонда жоғарыда аталған жазушылардың жазығы не? Әлде олар халқына, еліне қызмет етуде жаза басты ма? Творчествосында сөтсіздіктерге ұрынды ма? Олай болмаса, бұлар не себепті романның жағымсыз кейіпкерлеріне айналады? Осы сұрақтарға жауап издесең, сүйікті жазушыларымыздың бар жазығы, — тіпті айтуға ұят, — роман авторы Әзілхан Нұршайықовты кезінде бас редакторлық тағынан түсіруге, мансабынан айыруға ат салысқан.

Бұл романның жаңа характерлер жасау жолымен үлкен әлеуметтік һәм ұлттық өреден шешілетін мәселелерді алға тартып, тарақтап, бүгін еліміз алдындағы көкейтесті проблемаларымен жең ұшынан жалғасуы үшін материалы жеткілікті еді. «Жең ұшынан» деген сөзді мен бұрынғы сіңісті мағынасынан өзгертіпкіреп алып отырмын. Ә. Нұршайықов шығармасын «Өткелдер» деп атағанын жоғарыда айттық. Оның мақсаты да өткен мен бүгінгінің арасына өткел болуы керек еді. Бірақ өйткенде роман алаңы өлдеқайда кең пішілуі тиіс. Сонда өңгіме бір адамның мансабынан гөрі молы-

рақ мәселелерді қамтитын еді. Мысалы, алпысыншы жылдары өдебиет және жастар творчествосы деген келелі проблема жазушылар арасында қызу талқыланды. Амал не, сол бір рухани толғаныс кезеңнің көпкөп сыр айтар жайлары әлдебір жеке адамдарда кеткен кекті қайтару, оларды жеккөрінішті етіп өсектеу шаңының астында қалып қойған. Жастар творчествосының алпысыншы жылдары күн тәртібіне қойылып талқылауын роман авторы әрқилы түсіндіреді. Біресе мұны рушылдық ниеттен рушы топ туғызғын қаңқу сөз еді дейді. Біресе сол рушыл топтың қарт жазушыларды өдебиеттен ығыстыру үшін қолданған айласы еді деген қауесет таратады.

Роман жанры ешқандай тақырыпты өгейсімейді. Тіпті жаңағы аясы тар көрінетін мансап тақырыбын да. Мәселе қалап алған тақырыбынды игере білуде, кілтін табуда ғой. Мына роман тақырыбын оқсата алмағаны былай тұрсын, өрі-беріден соң жазушы мәдениеті, творчество еркіндігі, қаламгер этикасы деген сықылды қарапайым, элементарлық қағидалардан ағат кетеді.

Ә. Нұршайықов естелігінде жазушы этикасына жатпайтын іс істелгенін алдымен айтқандардың бірі — Шерхан Мұртаза. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған репликасында (1997, 1-сәуір) ол Ә. Нұршайықовты өлгендермен олардың тірі кезіндегідей айтысқа түскені және о дүниеліктердің жауап бере алмайтынын пайдаланғандай, қаламынан усойқы шашып, қатыгездік көрсеткені үшін сынады.

Құдыққа құлан барып құласа егер,
Құрбақа қарғыш мінер құлағына,—

деген ащы да болса әділ сөзді айтып салуға тура келді. Көне римляндар: «О мертвых или хорошо или ничего»,— дейді екен. Дүние салғандар жайында бірдеңе дегісі келетін қазақ: «қара жер жеткізбесін» не «қара жер хабар бермесін» деп имене сөйлейді. Сөз бостандығы — соңғы жылдардың тамаша жемісі. Рухани байлығымыз. Ой өлкесі өркендеуінің бірден-бір шарты. Осынау игілікті орынды пайдаланғанға не жетсін.

Заң бойынша неке қиысқандар, ЗАГС дейтінге отырғандар жараспаған жағдайда айырылысып кетуге ерікті. Алайда сондайлық еркім бар екен деп, жұрттың бәрі құдай қосқандарынан айырыла бермейді ғой. Творчество еркіндігі дегеніміз ауызға келгенді елпекшемей аңырата беру емес. Талантты орыс ақыны Юз

Алешковскийді кім білмейді? Сібірде айдауда жүріп жазған «Сталин жолдасқа рахмет!» деген өлеңінде:

Вы здесь из искры раздували пламя,
Спасибо я греюсь у костра!—

деп кезінде бәріміздің ішек-сілемізді қатырған, ой-сезімімізді ұстартқан ақын біз үшін ерекше қадірлі. Міне, сол Алешковскийдің прозалық шығармаларындағы тұтқын кейіпкерлер барып тұрған бейпіл ауыздар — боқтықсыз сөз сөйлей алмайды. Және боқтықтары сол күйінде тасқа басылып кітап боп шығады. Алешковскийді қаншама құрметтесе де, оның бұл анайы мәнерінен ұлы орыс әдебиеті іргесін аулақ салатыны түсінікті нәрсе. Тілден кісен алынды екен деп, дәйдала кетуге болмайды.

Әдебиет — ар ісі. Әдебиеттен алған төлімнің кірлетпеуі, қайта жуып тазартып, көңіліңді өсіріп отыруы тиіс. Сол үшін халқымыз жазушыларын қатты сыйлайды. Өнер алды — қызыл тіл. Сол өнер зергерлеріне әрдайым ілтипатпен қарайды. Меніңше, мұндай түсініктен әдебиет ұтылмайды, ұтады. Ендеше, оны барынша қолдауымыз керек. Айдай айқын ақиқатты несіне айтады құлақ сарсытып десеңіз, «Өткелдер» авторының №75 қойын дәптерінде жазылған мына сөздерге назар аударыңыз:

«14-январьда (1963) Орталық Комитеттің Секретариаты, 15-январьда Жазушылар одағының Президиумы мені «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы етіп бекітті. Сонымен, мен бұрын сырттан біліскен жазушылардың қалың ортасына келіп кірдім.

Енді байқасам, бұл ағайындардың мінезі өзгеше екен: көпшілігінің кеудесіне нан пісіп жүреді, олардан өзге жан жоқ, данышпан да, көсем де солар сияқты.»

Ренжіп ашуланған кісі не демейді. Көп ашуынды ақылға жеңдіріп, сабаңа түсесің. Бірақ мына кереметті қараныз: ешқандай ақыл-парасат дегеніңе жеңдірмейтін, араға отыз жыл салса да тарқамайтын ашудың сорты болады екен.

Биыл заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің туғанына 100 жыл толады. Мерейтойға арнап лебіз білдіруге әрқайсымыз түртініп ізденіп жүрген жайымыз бар. Осыған Ә. Нұршайықов үлесі қандай? Оның аталған романынан мына бір жолдарды оқығанда өз көзіңізгі өзіңіз сенбейсіз:

«Кеше өлерінің алдында Мұхтар Әуезов марқұм Тахауи, Әбдіжәміл, Зейнолла үшеуіне арнап хат жазып, қазақ әдебиетінің болашақ тағдырын осылардың қолына ұстатқандай боп кетті. Ертең өзім өлсем, осы үшеуі және Жұбан мен Қуандық тағы басқалары менің атымды төбелеріне көтеріп өтеді. Еңбегімді ешқашан да, ешкімге ұмыттырмайды деп ойлады. Ардақты ақсақалдың ол ойын менің мүлде құптағым келмейді. Құптамайтыным бүгінгі нөкер болашаққа серік болмайды.»

Қайран Мұха! Алдыңызды көргенде сесіңізден қаймығып, аңтарыла басын шұлғып, таңдай қағып қалатындар енді, міне, қалай-қалай айбат шегеді. Ал, Сіздің фөниден бақиға аттанар алдында хат жазған шөкірттеріңіздің жөні бөлек. Әбдіжәміл, Тахауилер Сіз туралы ақтарыла жазды, Зейнолла болса «Менің Мұхтарым» атты роман-эссе үстінде. Бірақ бұл жазушыларға хат жазғанда Сіз тек өз қамыңызды ойлап, былайғы тағдырыңызды сол үш-төрт жазушының қолына табыс етіп кетпегеніңіз көміл. Әйтпесе Мұхтар Әуезов жұлдызы біреу-міреудің көтермелеуімен емес, өз көркемдік қуатының күшімен аспандаған. Ол өлем әдебиеті жұлдыздарының ортасында жарқырап тұрғанын бүгінгі ғана емес, келешек ұрпақтар да мақтанып ететіндігі күмәнсіз ақиқат.

Ә. Нұршайықов «Өткелдердің» үшінші тарауында «Қазақ әдебиетінде естелік жанры өлі күнге дейін жоқтың қасы. Соған қарамастан, әлдебір естеліктер кітабы жарыққа шыға қалса, «Ой, анау ылғи өзі туралы жазыпты», «мынау өзін мақтапты» деп автор байғұстарды жамандай жөнелетініміз бар»,— деп, бір тосын өңгіме бастайды. Бұған не деуге керек?

Апырау, деп ойлайсың, Сәкен Сейфуллиннен бастап, Сәбит Мұқанов, Әбділдә Тәжібаев, Дихан Әбілов, Хамит Ерғалиев т. б. естеліктерді біршама тоғытып тастап еді ғой, бұл қазына қалайша «жоқтың қасы болмақ?— деген сұрақ көмейінде тұра қалады. Әлде олардың жазу мәнері өмірбаяндық роман авторына ұнамай қалды ма? Аталған жазушылар өз естеліктерінде, расында да, көрген-білгендерін, бастарынан кешкен, араласқан оқиғаларын өз көңілдерінің терезесінен суреттейді, тек өздерін көтермелемейді, үлгі алатын идеал герой етпейді, беделді біреулерді куәға тартып мақтатпайды. Олар сірәде «өзін өзі мақтаған өліммен тең» деген халықтық этикамен де санасқан шығар.

«Пайданы көрсең бас ұрып, Мақтанды іздеп, қайғы алма» деген Абай жарықтықтың ұлағатын да еске сақтауы...

Әлде мұндай мәнер ескіріп қалды ма? Мемуар жазып отырып, өрине, өзің туралы айтпауың мүмкін емес. Бар мәселе өзің туралы қалай айтуыңда ғой. Естелігінде сенен басқаның бөрі жағымсыз, жағымды герой жалғыз өзің боп көрінсең,— бұл да өзіңді айтуыңның бір түрі. Жазушылардың көбісінің кеудесіне нан піскен екен, ағалардың сиқы анау, сонда сен жақсы атанбағанда кім жақсы атанбақ? Бұл аздай, Өзекенді романда орталық, республикалық баспасөз шуылдасып мақтайды. «Литературная газета» екі орыс очеркісін істен алғысыз етіп, роман авторы жөнінде «Бізше бұл үшеуінің ең тәуірі қазақ журналисі Ө. Нұршайықов»,— деген. Роман «Простор» журналынан мынандай сөздәйек келтіреді: «перед нами талантливая повесть Азильхана Нуршайхова...» Өзекеннің өнеу бір жылдары жазған «Мәселе қайда жатыр» деген мақаласы еске түседі. Сонда ол Цифиркин деп аталып кеткен бір очеркістерді сынай-ды. Сол Цифиркинге ұқсап енді өзі де романда цифрлар келтіреді: жазушылардың 1976 жылғы VII съезінде Нәбиден Әбуталиев санап отырыпты: Ө. Нұршайықов аты 12 рет аталыпты, бөрінде жақсы аталыпты.

Өзекен творчествосын «Литературная газета», басқа баспа орындары кезінде мақтаған және орынды мақтаған болатын. Мұның еш өтірігі жоқ, бөрі шындық. Оған кезінде қуанғанбыз, қазақ әдебиетіне абырой деп қол соққанбыз. Бірақ, неге екенін қайдам, бұл шындықты енді оның естелігінен оқуға өз басым ынтық болмадым.

«Сүйген жерден сөз кетпес» деп романда бұдан әрі Әнуар Әлімжановтың Нұршайықов романын жоғары бағалаған баяндамасынан ұзақ үзінді келтіріледі, Нұршайықов романын қайта бастыруды сұрап Орталық Комитетке жазған еңбекші хаттары туралы мағлұмат беріледі, «көлденең жүрісі көп газет редакторларынан» өзгеше, Нұршайықов-редактордың қызметке келіп, қызметтен тура үйге қайтатыны, шофер Николай Сливенконың Нұршайықов үйінің отбасын осы тәртіптілігі үшін» ұнататынына дейін тәптіштеледі. Мұндай тәптіштеудің жағымды кейіпкер бейнесін қаншалықты шырайландыратынын оқушының өз топшылауына қалдыра отырып, сөз соңында қоры-

тынды есебінде біз үшін маңызы үлкен, қабырғалы бір мәселеге тоқтала кету жөн тәрізді.

Қазіргі плюрализм заманында не көп — пікір көп. Пікір көптігі түбінде зиянға емес, пайдаға шығады. Менің айтайын дегенім: көп пікірдің дәп тиетін ортақ нысанасы, иіс қазақ бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын идеологиясы яки идеялар жүйесі болуға тиіс. Оның аты — ел бірлігі.

Кемеңгер ұлттық ақынымыз Мағжан Жұмабаев «Алқа» әдеби үйірмесіне арнап жазған бағдарламасын «Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр» деп бастайды. Қазір әдебиетіміз ғана емес, бүкіл ұлтымыз сын сағаттарды бастан кешіруде. Бір құдайға сыйынып, еліміздің тәуелсіздігін (саяси, экономикалық, тілдік т. б.) қалайда сақтап қалуға нығайта беруіміз керек. Тарихымызға жүгінсек, бізді бодан етіп түбімізге жеткен кесел — алауыздығымыз. Ақын Есенғали Раушановтың 1995 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Қара бауыр қасқалдақ» атты кітабынан генерал-губернатор Перовскийдің қазақтар жөнінде айтты деген мына бір лепірінді сөздерін оқимыз:

«Өнер-білім не керек түк ұқпасқа,
Малға салғын жонынан тіліп таспа.
Жұртына не бола алмай жүрген елдің,
Ұлт болуы не теңі — қырып таста.»

Біздің Абайдан соңғы бетке шығар қаймақтарымыздың басым бөлегі ел-жұрттан өзге майып боп кеткені белгілі. Басқасапшы — Сталин екендігі рас. Бірақ қырғын-сүргін құрбандықтарының шектен тыс болуында зиялыларымыздың арасындағы алауыздықтың да үлесі бар екендігін мойындауымыз керек. Ел тағдыры — береке, бірлікте. Не жазсақ та, бұл ақиқат бір бүйірімізде жатуы тиіс.

Ә. Нұршайықовтың «Өткелдерінің» бірінші бөлегі жарияланған «Жұлдыз» журналының екінші санында (1997) тағы бір жанр тектес шығарма басылған. Ол — Дихан Әбіловтың «Жайсаң жанды ақын» атты естелігі. Тайыр Жароков мына естелікте өзгеше көрінеді. Баяғы Мұхаң, Мұхтар Әуезов сыпаттайтын «басым сөзді Тайыр» ақын жарқ ете түседі. Дыхаң оқырманға «ақын басынан өткен кез келген кездейсоқ биографиялық ұсақ-түйектерді жиып-теріп көрсетудің керегі аз, оларға ақын өмірінің ең бір есте қаларлық, тәрбие берерлік бағалы құбылыстарын, адам баласының

прогресшіл тарихы үшін аса маңызды жайларын саралап, талғап суреттеп беру керек»,— деген Мұхтар Әуезов пікірін ұстанған. (Мұхтар Әуезов. Он екі томдық. 12-том, 108-бет. А., 1969.)

Дыхаң оқушысын тамылжыған поэзияға, жаныңды жадыратар сырға бөлейді. Өткенге топырақ шашпайды, жаңаны да жатырқамайды. Екі естелікті салыстырғандағы айырма сөз өлпетінде ғана емес. Басты айырма — өткен күн мен бүгінгі күннің арасына көпір салу өнерінде. Бір кезде өзін қоршаған әдеби ортаға өкпесі қара қазандай Өзекең қойын дәптерінің қойнауынан ұзап шыға алмай қалса, Дыхаң өткендегі әдеби процесті еске ала отырып, бүгінгі заман тұғырында толғанады, биылғы тоқсанға шыққан биік белестен елінің есендігін, ауызбірлігін ойлайды.

«Өткелдер» мемуары бүгінгі дәуір елегінен өткізілмеген. СССР Жазушылар одағы IV пленумында сөйленген сөздер сол тұстағы есеп мақалада қалай талданса, сол күйінде оқушыға қайта ұсынылады. Бұрын кеңес саясатына көлденең келгендерді мінеп сынау бір басқа да, қазір орыс ақыны Евгений Евтушенконы тоталитаризмге қырын қарағаны үшін фелетон стилінде келемеждеп мұқату екі басқа.

Бір ғажабы, мұндай құлаққа тосаң естілетін жөйттерді бұл естеліктен ғана ұшыратпайсың. Меніңше, жаһан демократияшыл күштерінің көзінде Қазақстан беделіне көлеңке түспеуін де ойластырғанымыз дұрыс. Жуықта жазушы, демократияшыл дейтін парламентіміздің сенаторы Иван Щеголихин жазып жатқан повесінен үзінді жариялап, «ГУЛАГ нужно оправдать» деп жар салды (Казахстанская правда», 1997 жылғы 1-сәуір). Сонда қалай, бұл кісі айтты екен деп, кезінде кітапхана ГУЛАГ-ына түскен, Дыхаң жоғарыдағы естелігінде айтқандай, «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Батыр Баян», «Көкшетау», «Дала», «Күйші» сияқты інжу-маржандарымыздан қазақ оқырмандарын жүрдай еткен сталиндік қаратүнек қайта орнауы керек пе?

Немесе Қазақстан либералдық қозғалысының төрағасы Асылбек Бисенбаев: «Бүгінгі басты міндет — коммунистердің үнін өшіру, қоғамдағы коммунистік ауанды жою. Әйтпесе, ертең коммунистер біздің үнімізді өшіреді»,— деп зікір салған бақсыдай, дірілдеп, қалшылдап шыға кепті, оған не демекпіз? («Егемен Қазақстан» газеті, II сәуір 1997 жыл). Аңысына қара-

ғанда, БК/б/П тарихының қысқаша курсына арнайы сөз етілетін «кімді кім жеңеді» («кто кого») дейтін дәуір қайта айналып келген сияқты. Либерал дегендер керіскендерді келісімге келтіргіш, ымырашыл болады деп естуші едік, мына қазақ либералына ондай қасиет жүкпапты, басқаша ойлайтындардың басын қырқып алатын бөз-баяғы большевиктерге айна-қатесіз тартқан ба дерсің. Әйтпесе Америкада ма, Англия, Франция, Италия ма, қай демократияшыл елде коммунистердің үнін өшіріп жатыр екен? Елде өлеуметтік араздықты қоздыру оп-оңай, ал оның салған өртін өшіру өлде-қайда қиын. Сондықтан Конституциямызда өлеумет арасына от салушылар заң жүзінде жауапқа тартылады деп тегін жазылмаған.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялады. Береке, бірлік — татулықта. Өткендегі араздықтан татулық тудыра білсек, ел тыныштығын қамдасақ, басқа игілік бізді айналып өтпес.

13-сәуір 1997 жыл.

СЫРШЫЛ ЖҮРЕК

Бозалаң таң болмай жатып Алматының қақ төріндегі «Динамо» стадионына керіліп-созылуға жиналатын бір топ адам айнала ашыла бере, Алатаудың ақшаңқан шыңдарына жұтына қарап, көңіл шіркінді бірлеп аламыз. Арамызда екі-үш ақын жүреді. Жөй пенде біздер ұлылықтан қуат алып қанаттанғанда, оларға қандай өсер етеді екен деп ұрлана қараймын. Кезінде қазақ атын өлем аспанына бір шырқатқан жыр алыбы Жамбылға Алатаудай асқақ мінез тегін біткен дейсің бе? Немесе «Шекен балам. Осы кітабым саған ескерткіш, қарағым.» — деп өлең кітабын сыйлаған, күні кешегі батагөйіміз Кенекен ше?

Мен өзім Алатаудың ителгісі,
Қойшының қызға жақын икемдісі,—

дейтін Кенекен де исі қазақ өндететін өуендерін Алатау қойнауынан ескен жел ызыңынан қағып алмады дейсің бе?

Осы өңірдегі шағын ғана ру Екейден сексен ақын шыққанына таң қалмайсың. Бойынды биіктік билеп алады. Құр жаяу еместің бәрі ақын емес, әрине. Кешелер қаптаған өлеңшілер арасынан Жамбыл мен Кенен суырылып шықса, олардан өнері асып түспесе кем соқпайтын енді кім туар екен, тумауы мүмкін емес деп жүргенде, Нұрғиса, Мұқағалилар шықты, сол жарқын есімдермен ілесе, фамилиясы қазақта көп — Молдағалиев, өз аты қазақта жоқ — Тұманбай боп тағы бір тұлға жарқ ете түсті.

Жарқ етті дегенде, поэзияға бағзы бір ағаларындай атой салып, дауылдатып, тамағын қызарта айқайға басып келгендігінен емес. Оның бірден аңғарылған өзіндік пішіні сабыр суын сепкен, биязы, бірақ тұтас бітімді, жоталы, бір бет көрінді. Сол қалпында сыршыл жүрегін сөйлетті.

* * *

«Бір төтті үміт құшақ жайды»

Алпысымен арыны басылмаған қалпында қол алысқан Тұманбай бүгіндер сонау «Студент дәптері» (1957) аталатын тырнақалды жинағындағы осы бір үміт пен күдік аралас жолды есіне де алмауы. Ел құлағын елең еткізген, ғасырдың орта белінен аттай туған «Құстар өні» болса бір сәрі. Маған салса, Алатау құздарынан құлаған бұлақ мөлдіріндей поэзиясының мынау қалайы жоқ сияқты. Сөтті шыққан өлең шұғыласында сөтсіздіктер көлегейленіп көрінбей қалуы да. Өз басым Тұманбай жырының мейірінді қандырып, өлдебір себепсіз, тіл-ауызсыз қуаныштарға бөлейтін сарындарына құштармын. Өлеңінің сөзінен сазы басым тұратын тәрізді. Өлеңнен табатын қуанышшының табиғаты Тұманбай табиғатына сай неше түрлі сезіммен жұптасады. Көңілінде бір нәзік мұң орнайды, баспайтын, еzbейтін сәулелі мұң.

Енді төтті үміт сені де баурап алғандай... Өйткені бұл сезім тек бір адамның жеке басына қатысты дей алмайсың. Тұманбайды отбасының ақыны деп жүргендер лирика жанрының табиғатын елеп-ескере бермейді. Лирика адамның рухани өмірін, ішкі жан дүниесін ашқанда оның қара басымен шектеліп қалмайды. Қандай адамның рухани болмысы қоғамдық болмыстан нәр алады, шындық дүниемен, өмірмен ас-

тасып жатады. Тұманбай өлеңдерінде бабасы, атасы, әкесі, жұбайы, апа-жездесі қатар түзеп жүрсе, бұл туған-туысқандары да елге, Отанға қызметін ада қылған адамдар. Алматының шығыс бетіндегі, астанада бүгінгінің көлігімен бірер сағатта зулатып жетіп баратын Жарсу ауылының жерін жыртып, арығын қазатын туған әкесіндей Молдағали, стахановша еңбек ете жүре, кешегі Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты. Кім біледі, соғыстан аман-есен оралғанда, қолы шаруадан қалт етсе-ақ домбырасына жармасатын Молдағали қан майданның алапат өрті ішінде жан алып, жан беріп жүріп бастан өткізген хикаясын күйге өзі түсірер ме еді, қайтер еді. Бірақ оған жазбады. Тұманбай домбыра тартпай өсті. Оның есесіне әкесінің өсемдікке ғашықтығы бұған мұра боп көшті. Жастайынан құлағында жүрген саз бір кездер өлең жолдарына құйыла бастады.

Өлең және поэмаларында ақынның өз тұлғасы алдымен бейнеленетіндігі белгілі. Ертегінің батырлары күн сайын, сағат сайын бір жасайды ғой. Мынау жас пері ақын да ұядан ұша поэзия көгіне самғаған. Ол тақырып тандап қиналмаған. Ол үшін төңірегіндегінің бәрі поэзия. Темекі күлін салғышты, не айт десең соны өңгімеге айналдырам деген Чехов сияқты болар ма? Студент кезінде бірге оқитын жолдасы қызына жолығу үшін күнде тартып жүрген арзан «Прибойды» қалдырып, қалтасын қағып «Казбек» сатып алады. Осы факті езу тартарлық поэзияға айналады.

Кейде Тұманбай шабыты құлағын бұрап шырпы тигізсең лап ететін көк жалынды көзге елестетеді. Шәмші Қалдаяқовтың біздің әрқашан рахаттана шырқайтын «Бақыт құшағында» өніне өлеңді ол әпсәтте композитордың қасында отырып жазып берген. Шәмші өнін ыңылдап айтып беріп, бұл билеп жүріп айтатын өн болуға керек деп түсіндіріпті. Тұманбай: «Онда бұл «Бақыт құшағында» деп аталсын деп, ілезде текстін түзіп береді. Әндетіп оқып шыққан Шәмші: «Ойпырмай, менің көңілімдегіні сәтте қалай тауып ала қойдың!» деп таң қалыпты. Іле «Тіпә-тіпә! Тіл-аузым тасқа!— деп құшақтап бетінен сүйіпті. «Куә бол» өнінің тексті де осылай қас қағымда туған.

Өлең жеңіл туса, іштегі ой-сезімнің піскені. Ал, табыттану Алатау биігіне көтерілгенге ұқсайды. «Әкеммен өңгіме» поэмасы Молдағалиға арналды. Тағы бір поэмасы «Атамбай ата» деп аталады. Туған-туысқандарын, арғы аталарын еске алып толғана берудің бір

сыры осы тұстарда ашылады. Көпшілік біз, өлеуметтік тап, топ деген жіктеулерге табынып өскеніміз бір сәрі, тектілік дегенге оқырына қарап және шатасыппыз. Ақындық талант Тұманбайды мұндай пендешіліктен құтқарған. Ата тегінді мақтаныш тұтудың сөкеттігі жоқ екендігі өз алдына. Тұманбай мұны мәдениеттілік нышаны деп қарайды. Тегінді ұмытқаның туған елінді ұмытқаныңмен бара-бар. Бұл — тойынғандықтың белгісі.

Тұманбай Молдағалиев Алматы облысы, Еңбекші-қазақ ауданы, «Қазатком» колхозының Жарсу ауылында 1935 жылдың сәуір айында дүниеге келген. Өз әкесі Қабылғали. Оның әкесі Мұрат. Мұраттың әкесі Атамбай, оның әкесі Байарыстан. Одан арғы аталары Қарасай, Есқожа. Есқожа — бес шам Шапыраштының бір бұтағы. Жамбыл жырлайтын Сұраншы, Саурық, Өтеген батырлар осы Есқожадан. Тұманбай Қарасай атасын айырықша атайды. Қарасай батыр болған, сүйегі сонау Ерейментауда. Жауға шапқанда бұның ұрпақтары «Қарасайлап» шабады.

Тұманбайдың бабасы Байарыстан бақсы болған адам. «Менде бір шабыт ұшқыны болса, осы дәрігер, көріпкелі бар бабамнан», — дейді Тұманбай. Байарыстанның бел баласы Атамбай ел ағасы, Шапыраштының датқасы болған. Атамбайдан — Олжаболат, Мұрат, Мұратбек. Самарқанд діни оқуларын тауысқан Олжаболат — Жетісу имамы. Мұрат суға таласып, бір өзі он екі кісіні аттан түсірген атақты батыр. Мұраттан — Қабылғали, Молдағали, Мұхаметғали.

Өз әкесі Қабылғали жиырмаға қараған жасында жолаушылап келе жатып далада түнеймін деп, суық тиіп, мүгедек болып қалады да, әкесі Мұраттың, ол өлген соң інісі, бірсыпыра жыл колхоз бастығы болып істеген Мұхаметқалидың қолына қарайды. Қабылғали сол інісінің қолдауымен Сейсеп деген әйелге үйленеді. Тұманбай бұлардың тұла бойы тұңғышы. Жас нәресте туа тағы бір телқараға айнала бастайды. Оған себеп өртүрлі. Қабылғалидың сырқаты айырықша күтім тілейді. Оның үстіне Молдағали мен оның әйелі Қымқапта бала болмаған. Ақырында Сейсеп: «Сусыз жерде қуырып, сулы жерде асып жесең де еркін» деп Болтиғанын (Тұманбайды анасы солай деп атап кеткен) абысыны Қымқапқа береді. Молдағали мен Қымқап бауырында Тұманбай шалқып өседі. Сүт шықпаса да Қымқаптың емшегін он үш жасына дейін созғылайды екен.

Осындай махаббат аясында ерке өскен Тұманбай есейген шаққа дейін әкесі кім, шешесі кім екенін оншама айыра алмай жүреді. Молдағали екі иығына екі кісі мінгендей зор балуан денелі, бетіне кісі қаратпайтын, шаруасына берік адам екен. Өте балажанды Молдағали Тұманбайының асты-үстінен түсіп бөйек болып жүреді екен. Бар жақсы киім Тұмаштың үстінде, ойыншыққа да кенде емес. Мұндай аталық мейірімнің болашақ ақын жүрегіне не еккенін «Әкемен өңгіме» поэмасынан білеміз.

Әдебиет пен өнерде өке мен бала проблемасы ертеден қойылып келеді. Бертінгі үлгілерден И. С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар», М. Әзеуовтың «Абай жолы» туындыларын еске алсақ та жеткілікті. Замандары қиғаш келгенде туыстық, қандастық араша түсе алмайтынын бұл көркем шығармалар жеріне жеткізе саралайды. Тұманбайда ата-анаға деген махаббат қаймағы бұзылмаған табиғи қалпында сақталады. Молдағалидың, оның рухымен тілдесуші ақын перзентінің түйген түйіндері бір — Отанға адал қызмет ету. Сағынып көңілде бұлдыр көлеңкедей көлбеңдейтін өке бейнесі жыр қуатымен нақтыланып қайта тіріледі. Алты-жеті жасар баланың жадында қалған айқын, өзгеше қымбат сөт — әкесі қаладан базарлыққа өкеп кигізген қызыл жейде. Бұл кішкентай тақырып бара-бара өрістеп, Отан, Ту секілді айтуға жеңіл, салмағы ауыр ұғымдармен ұласады. Поэманың осы тұсы шымқай қызыл реңк алады.

Мен қып-қызыл қаныммен серт беремін,
Өзің сүйген Отанды сүйемін деп.

Қызыл көйлек, қан түсіне Ту мен Мәңгі от түстерін қосыңыз. Бөрі жиылып қан майданның сұрапыл бояуларын көз алдыңа алып келеді. Сөйтіп Молдағали перзентінің биік идеалы бола тұра, бөріміз қасиеттейтін қазақ солдаты бейнесіне көтеріледі.

Соғыс шындығы «Хаттар, хаттар», «Жеңеше», «Өшпей қалған сәулелер», «Менің анам» поэмаларында қатал жүзімен, жасты көзімен тебіренеді. Бұл шығармалардың да кейіпкерлері ақынның тума-туысқандары, жақын-жақпайлары. Бірақ одан соғыс кезіндегі ел суреттерінің типтілік қуаты бір мысқал кеміп тұрған жоқ. Білгенінді жаз, сонда шындыққа өтірік араласпайды, — дегісі келетіндей автор. Өз айналанды

дәріптесен де дәріптемеген сияқты өсер жалқыдан жалпыға ортақ шындықты өмір кенінен саф алтындай өндіріп алуға ұқсаса керек. Бұған айқын мысал — аңыз ізімен жазылған «Атамбай ата» поэмасы. Ақын арғы бабасының ел, жұртының игілігі үшін істеген бір қайратын сүйсіне жырлай отырып, поэма тақырыбын адамгершілік, құлықтылық тақырыбына кілт бұрып жібереді.

Атамбай атасы кезінде Қошқар атты бір дүйім елге мөйелі қоныс алып берсе керек. Бірақ сол Қошқар Атамбайға ол қайтқан күні топырақ салысуға жарамапты. Соны жеткізудегі ақын тапқан кілті қызғылықты. Поэма мынадай шумақпен оқыстан аяқталады.

Ешкімге айтпағанмен жаза кесіп,
Естіген-білгенінді сөз етесің.
Үш бала жылап жүріп жас болса да,
Жерлепті жол бойына өз өкесін.

Міне, ақындық мәдениет дегеніңіз осы. Бір кезде өдебиеттің ұстаздық рөлін дұрыс түсінбей, ұзақ-сонар қысыр кеңес соғу поэзиямызда едәуір белең алды. Тұманбай поэзиясы: — дидактиканың заманы етті, — дейді. Иіс алмас керең кеуделерді жерлеуге қажет мірдің оғы ақын қорамсағында жетерлік. Бірақ ол қорамсаққа қолын салмай-ақ, ағайындарын мақтамен бауыздайтындай. Бір тайпа елді ізгілік аталатын мектептен өткізеді. Елдің елдігі оның адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қандай дәрежеде дәріптейтіндігіне байланысты деген ойға сізді еріксіз жетелейді.

Тұманбай есті сынды да, есер сынды да аз естіген жоқ. Есті сын оның «Алматы таңы», «Көктем», «Асыл ұстазға», «Немере сыры», «Хат» деген өлеңдерін ұнатып оқығандығын айтады да, «поэзия өнеріне жаңа бір жыл келгендей» өсер алдым (М. Әуезов) дейді. Сонау 1961 жылдың өзінде-ақ, дуалы ауызымыз: «Кейінгі жылдары қазақ поэзиясының аспанына жарқырап шыққан жұлдыздардың бірі — Тұманбай Молдағалиев» (С. Мұқанов) деп жар салады. Тұманбайды басқа бір інілерімен қосақтай айта отырып, бұлардың өдебиетімізге қатысуының өзі-ақ «қазақ поэзиясы ұлы поэзиялардың бірі екенін өбден дәлелдеп жатыр» (Ә. Төжібаев) дейді бүгінгі көзі тірі абызымыз.

— Бөрекелді, айтқышым-ау! — дегізетін мынау бір эстетикалық мергендігі қапысыз жолдарға құлақ тосыңыз:

«... Тұманбайдың лирикалық кейіпкерінің жүрегі — қылау түсе қоймаған сәбидің мінезіндей. Несін болса да жасырмай жайып салады, қалтарыс-бұлтарысы жоқ...

...Тұманбайдың ақындығының өзі — өзі оның сезгіштігінде. Қуана да күйіне білетіндігінде, өзіне өзі сарыла зерттегіштігінде...» (М. Мақатаев).

Есер сын осы сөздерді оқымаған, оқыса тоқымаған. Тұманбай жастықтың-мастықтың, махаббаттың ақыны, — деген төңіректі шиырлап отырып алады. Сондағы миымызға сіңіргісі келетіні — Тұманбай саясаттың ақыны емес деген пікір. Міне, осы тұста біз маңызды мәселенің басын ашып алуымыз керек. Тұманбай Молдағалиев ешuaқытта плакат, үндеу, ұрандарда жазылған қисындарды өлеңге көшірген жоқ. Бұл тұрғыдан ол саясаттың ақыны емес. Ал лирика деген жанр — саяси лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы болып жіктелсе, мұның қайсыбіріне ақын мұрнын шүйіреді делінсе, бұған дәлел іздеп табу оңайға соқпайды. Және ол түрлердің бір-бірімен іштей байланысы бар ғой. Мағжандар табиғат лирикасынан да ұлт-азаттық тақырыбын күрпілдетіп сауып отырған. Осы дәстүр Тұманбай поэзиясында сақталмады дей алмасаң керек.

Жазушы дүниетанымы дегеніміз оның саяси, философиялық, эстетикалық, этикалық т. б. көзқарастарының жөне оның өмір шындығына қанық төжірибелерінің жиынтығы, күрделі құймасы. Талант қиялының шарықтауына соның бөр-бөрі керек. Жетіспегенінің орны үңірейіп көрініп тұрады. Мен мұндайға Тұманбай шығармагерлігін қимас едім. Шын мәнісінде олай емес.

Қазақ лирикасына Тұманбай «мені» қосылғалы поэзиямыздың ұлттық ажары ашыла түсті. Мөрі қапқан судырақ, жарамсақ тіркестерге, стилистикалық орай-оралымдарға бұл ақын поэзиясынан орын табылмай қалды. Соның есесінен қазақы түсінік, кеңдік, жылылық, ақылды өзіл өз жүйесін тауып, ойынды өсіріп, жаныңды жадыратар жолдар әдеби қорымызға сан жылдар толассыз құйылуда.

Мысалға қазақы кеңдік деп неліктен айтып отырмыз? Бұны психологияның ауылы десең де, саясатқа қатысы бар. Тұманбай мектепте, университетте оқып жүрген жылдары таптық кекшілдікке шақырған, «қойдай қу қамшымен», қыр-жой деп атой салған тақпақтарды аз жаттады ма? Сөйтсе де поэзия

есігін жайдары апты, ешкімге зіл сала, айбар көрсете келген жоқ. Уа, жұртым, бөрің маған бауырсың, дос-сың,— деп құшағын жайды. Қазағын жалпылама түрде емес, нақтылы, айналасында жүрген қарапайым адамдарды жырлау арқылы мадақтады. Өзі біреулерге сүйкімсіз көрінсе де, тіпті «оқ атқан дұшпан барын сезінгенде де, ту бастағы сара бағытынан жазбады.

Ешкімнің жағасынан алғаным жоқ,
Ешкіммен қатты сөзге барғаным жоқ.
Ешкімді ренжітпей осы өмірден
Ақыры өте шықсам арманым жоқ.

Маған салса, жаңа Қазақстан менталитетін осы бір ізгілік сезімге, адамгершілік негізге құрар едім.

Саясат үшін жазылмаған, артынан қып-қызыл саясатқа айналған өлеңді деп біз сол Тұманбайдан кезіктіреміз. Ол Батыс, Шығыс, мұхиттың ар жағы, бер жағы халықтары, адамдары туралы көл-гөсір жыр туғызды. Сондай тағы да бір ел хақында былай толғаныпты:

Арғымақ мініп астына,
Арқырай шапқан арындар.
Балшықтай илеп тасты да,
Тауды да тастай жарындар.

Жеңімпаз тудай желпілдеп,
Жүрген бір ұзын тұмсықтар.
Өштескен жауын өлтірмей,
Тынбайтын өңкей қисықтар.

Досыңа ашық қолың да,
Алыстың жаумен буып бел.
Өлетін намыс жолында,
Өңшең бір отты жігіттер.

Чечендер бірде өзіммен,
Бір үйде өскен іні-аға.
Бөріне бекем төзімді ел,
Сынбасын сағың, сірә да.
«Чечендер».

Бұл жолдар бүгінде қан сиген бейбақ Чеченстанға арналған сияқты. Шын мәнінде өлең тұтастай күйінде ақынның үш томдық шығармалар жинағының 1990

жылы яки Кеңес Одағы бар кезде жарық көрген үшінші томынан алынып отыр. Жақсы өлең ғұмыры ұзақ. Қандай заман тусын, қайта түлеп жайнап сала береді.

Күні кеше Москваның Одақтар ақ бағаналы залында Ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толуына арналған кеште Тұманбай өлеңін оқып жиналған жұртты бір серпілтіп тастады. Сол өлеңді де мен саяси лирика жанрына жатқызар едім.

Москва, бүгін саған Абай келді,
Ақ таңмен араласып арай келді.
Кешегі қазақтарға кемдік көрген,
Орыстар басқашалау қарайды енді,—

деп басталатын он бір шумақ өлең Тұманбай дүниетанымының тұтастығын, бір қиырдан бір қиырға еркін жүзіп, дәуірдің өзекті мәселелеріне үн қосатын қағилездігін, бөрі жиналғанда талантының мәрттігін күллі дүние алдында тағы да бір паш қылды.

Тұманбайдың өмірді көру, түсіну ерекшеліктеріне, стиліне Алатаудың асқақтығынан, төкөббарлығынан гөрі сол таудың ақ-қарасы айқын қанық бояулары, аспан тіреген құздарынан құлаған ағыны қатты суларының гүрілінен гөрі со сулардың көздің жасындай мөлдір пәктігі төн. «Сен де толқып қаларсың сыршыл жүрек» деп атақты өлеңінде тегін тебіренбеген. Мұндай жүрек өзіне ғана іштей күбірлеп білдіретін сырларын айқайлап ашпайтындығы анық. Тіпті жан жолдасыңа да бар сырынды түгел ақтарып, сарқып тауыспайсың. Бөрібір іркіп, бүгіп қалатын бірдеңелерің болады.

Сыр шертудің серті — оңашалық. Сол оңаша күйде ғой ой ағысы дейтіннің тиегі ағытылатыны.

Қайран менің жүрегім, қыран құстай,
Қанат барда шыдайсың қайтып ұшпай?
Оңашада жылайсың ағыл-тегіл,
Қаларың да белгісіз қайсы тұста,—

дегенде Тұманбай ішкі монолог, ой ағыстарының қандай сәттерде ақтарылатынына да мезгейді. Іші не деп толғайдыға келсек, ол өмірге ғашықтықтың өзінше бір түрі. Ешқашан тойғызбайтын, Алтайы қызыл түлкідей жайнаңдаған қу өмір күні ертең жан бауырдан жайтандап құйрығын бір-ақ бұлаң еткізетінін сыршыл жүрек сезіп біліп егіледі. Сол мазмұн өлең сарынына, ырғағына, интонациясына қалай сіңген десеңізші.

Сондықтан да шерлі, назды, мұнды өлең айы-күні жақындаған әйелдей толғақ, өнге толғақ.

— Поэзияда менімен таласа алатындар бар шығар, бірақ өн текстері жөнінен өзімнен асатыны, ілесетіні жоқ дей алам,— депті бірде Тұманбай қалжың-шыны аралас. Тұманбай бұл жерде көп өлеңі өн боп бүршік ататынын мойындаған. Енді сол бүршікке гүл жарғызу керек екенін іштей сезінетін қазақтың данышпан сазгері Нұрғиса Тілендиев бір күні Тұманбайға «Біздің үйге келіп кетесің бе?»— деп телефон шалады. Кеш-құрым шақ. Көз байлануға жақын. Сонда да Нұрғиса үйінің шамы жағылмапты. Нұраған күй сандығының қасында бір бейтаныс сарынды термелеп тұр екен. Жаныңды суырып алардай тереңнен қозғайтын саз. Тұманбайға кірген бойда сөлемін алар-алмас:

— Бұл тартып отырғанымды қалай түсінесің?— деді.

Әуен ойды да, бойды да алып барады. Неге екені — ақынның қолы жүрегіне бара берді. Қағаз сұрап алып, күй сарынымен қаламын жүгіртіп еді: «Қайран менің жүрегім, жас жүрегім» деген жол түсті. Өлеңнің ең қиыны — бастауы. Әрі қарай бір сөз бір сөзді қытықтап оятады, деп бір ақын айтқандай, құйыла берді. Жиыны төрт ауыз өлең шықты. Әннің кіндік кесері дәп сол күні Тұманбай үйінде жасалды.

Енді бұл әнді кім айтуға керек? Әр әннің өз иесі болады. Иесі табылса, әннің бағы ашылады. «Жүрегім менің» радио, теледидардан, не түрлі концерттер сахнасынан шырқала бастады. Ән халық жүрегіне тез жол тапты. Осы жолдың авторы да келсін, келмесін «Қайран менің жүрегім...» деп ыңылдауды шығарды. Талай жез таңдайлар құлақтың құрышын қандырды. Ақыры бұл әнді Майгүл Қазтуғановадан артық орындайтын өнші болмай шықты. «Жүрегім менінді» Майгүлден өзге біреу шырқаса, көңілімізге бірдеңе жетіспей тұратын сияқты болды. Сондықтан Талдықорғанға жол түсіп, бір ресми концертке шақырылғанымызда оның бағдарламасынан осы қалаға жұбайының қызмет бабы бойынша көшіп келген Майгүл есімін көріп, жаңағы әнді рахаттана тыңдайтын болдық деп қуанып қалдық. Қырсыққанда ол басқа өнге салып, көңіліміз ортайыңқырап қалды. Онымызды қасымызда жүрген жергілікті басшылардан жасырғанымыз жоқ. Мейманның қабағына қараған қазақ қой: делегацияға кешкі қонақасы бергенде, бірге болсын деп Майгүлді де шақыртыпты. Көктен тілегеніміз жерден табылды дегендей, Майгүл

сайрап берді дейсің. Тіпті музыкалық сүйемелдеусіз-ақ, өн бөрімізді баурады. «Көп жасаны» жаудырып жатырмыз. Онымен қоймай Майгүлден өннің орындалу тарихын әңгімелеп беруді өтіндік.

— Менің ойымша,— деді Майгүл жұртқа күлімсірей қарап,— бұл өн өлеңінен, өлеңі өнінен асады. — Тұманбай мен Нұрғиса ағаларымыз — өнердегі қатары жарасқан қос жұлдыз. «Екі жұлдыз — екі бақыт көктегі» деп тағы бір өншіміз сайрайтындай.

Бір күні Нұраған: оркестрдің концерттік бағдарламасына «Жүрегім менің» өнін енгізуді ұйғардым. Мұны орындау саған тапсырылады, Майгүл!— деп мен жаққа иегін нұсқады. Қан бетіме шапшып шыға келді. Бүйтіп қатты толқымаспын. Толқығаным сондай, ұйқым қашты. Сондағы уайымым — бұл өнді бұған дейін орындалып жүргенінен басқаша мәнерде айтуым керек,— деп өзімді азапқа салудан еді. Бұған дейін кереметтей өншіміз — халық өртісі «Жүрегім менінді» жеделдетіп, бастырмалатып, марш ырғағына салғандай етіп, өннің сөзін ойлануға уақыт қалдырмайтын. Бірде ұйықтап кетсем, түсімде өндетеді екенмін деймін. Ояна келсем, көзімнен аққан жастан жастығым су-су. Орнымнан атып тұрдым да, түн ішінде басқа бір бөлмеге барып, ыңылдап айтып, түсімде айтқан мәнерді даусыма өбден орнықтырып алдым.

Жүрегім өнді орнына барар десем, өйтпейді. Нұрағанның көңілінен шықпай қалсам ше?— деп мазам кетеді.

Өн айтылар сағат туды. Аясы кең көзінің айналасы көгеріңкіреп, өшейінде бал-бұл жанып тұратын дөңгелек жүзі, алма беті қуқыл тартқандай күйде Майгүл маэстроның қасында тұрды.

Түсінде тапқан мәнері бойынша өнді тамағыңмен емес, жаныңмен айтуға керек. Өйткені бұл жүрек туралы өн ғой. Абай ата тегін айтпаған: жүрек — адам денесінің патшасы. Өзін таза ұстасаң, өділет пен мейірбандыққа бөлесең — рухың биік. Адам деген атағыңа кір келтірмейсің. Тұманбай мен Нұрғиса да сол арнада ойлайды. Фөниде де, бақида да салтанаты бірдей өнер шіркін сол жүректен бас алмай ма. Қайран сол жүрек — бір жағы ет жүрек. Тағдырға төбділ жоқ. Соны да ақын мен сазгер толқып еске алады. Соны түсінгенінді тамағыңмен емес, дәп сол жүрегіңнің өзімен тереңнен толға...

Қайран менің жүрегім, жас жүрегім,
Көктем едің бір кезде, тасқын едің.
Жастық дәурен, жалтақтап қарайлайсың,
Сені ойласам ұйқым да қашты менің.

Ол өлеңге беріліп, көмейінен төгілген нұрлы дыбысқа «Пау-пау, шіркін!» деп өзі сүйсінгендей елтиді. Өннің бірінші шумағын айтар айтпаста жауырынына жұдырық тие бастады. Оны да елер емес.

Өкінбеймін, күн зулап өте берсін,
Кейінгілер, жүрегім, мені көрсін.
Жырым менің ешқашан өлтірмейді,
Өнім мені алысқа жетелерсің.

Бір жағы өнерден айнымауға ант сияқты, бір жағы келесі ғасырлардағы өренге қол созатын армандайын естілетін бұл жолдарды аяқтағанда, жұдырық тіпті қатты соқты.

Басында-ақ бұл жұдырықтың иесі кім екенін сезген. «Құрыдым!» деген ой басына келіп қалса да, жолатпай, өйелдік мінезі жеңіп, көңіліне енбеген соң қасарыса қалған. Нұраған жаққа қарамаған. Көзі де түк көрмейтін. Енді міне, өн аяқталғанда Нұрғисаның төмпештеп тұрған қолы да сылқ ете түсті. Оркестр үнсіз. Мұндайда дабырласа жөнелетін бір дүйім жұрт сілтідей тыныпты. «Құрыдым, құрсын бөрі!»— деді іштей ышқынған Майгүл. Сонсоң, «Бұларға не болды, үн шықпай?— деп алдымен Нұрағаңа көз тастауы мұң — тостағандай көздері шарасынан шығып кете жаздады. Сенбей көзін уқалайды. Тәртібі қатал, кей-кейде тоң жібісе жібімейтін маэстроң көдімгідей жылаған! Көз жасы бетін жуып кеткен, өнеу күнгі түсінде жылзаған өзі секілді...

Міне, өстіп өлең мен саз, саз бен өн ғашықтар жүрегіндей бір жерден табысты, қуанышшы мен сүйінішін жарасты келісіммен айтысып, бір тактыда лүпіл қақты. Үш талант өмір жырын — жүрек сырын сөйтіп өнердің мейрамына айналдырды. Бұл мәдениетіміз бен өдебиетіміздің тарихындағы тамаша оқиға болды. Өйткені өлең мен өн нұры көңілімізді ашты.

Осынау мүшелтой Тұманбайды «Аға» деген дәрежеге көтерді. «Дейтұғын сұмдық шықты Ақыл аға» сияқты емес. Бұл — асса бозбалалық дәуренді қимастықтан туған өзіл. Газет-журналдарда, радио, теледидарда бүгіндер жиілеп аталып жатқан Тұмағаң — ол ақындықтың үстіне тағы да бір қиямет қиын міндеттер арқалауға тиісті қайраткер көрінеді маған. Байарыстан бақсыға қоса, Атамбай бабасы көтерген нарға ғана лайық жүктерді еске алса, тақымына толмайтын уақтыуіектен босанып, халқының сүйіктісі, республика Жастар одағы сыйлығының, Қазақстанда мемлекет сыйлығының, Халықаралық Физули сыйлығының лауреаты атқаруға тиісті парыз-қарыздар шаш етекпен. Мен ойлаймын: кезінде Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар Тұманбайдай інілеріне ақ батасын бергенде істің бұл жағын да бір бүйірінде ұстаған шығар, бізді жоқтатпайдыға сенген болар деп.

Тұманбайдың туған ауылы Жарсу екі бірдей тау сілемдерінің арасындағы жазыққа орналасқан. Ақынның өзінің айтуынша, сол ауылдағы үйінің терезесінен Алатау көрініп тұрады екен. Ол жас Тұманбайға өсіресе ертең ерте үйінің терезесіне жақын келгендей өсер ететін. Үйінен шығып солтүстікке көз жіберсе, Жоңғар Алатауы биіктетіп өкететін.

Бала Тұманбай Алатаудың шығысында тұрса, толысқан шағында батысына орналасыпты. Әдемі екі қабат саяжайы Алатау етегінде. Алатау бұл үйге бұрынғыдан да жақын көрініп тұр. Тіпті тау мен ақын осы жерде малдас құрып, өткен-кеткенді айтып, қауқылдасуы да мүмкін. Кең маңдайынан қапқан шашын бері қарай қайта қайырып өкеп, қой көздері күлімдеп, көзілдірігін бір түзеп қойып, Тұманбай енді не өңгіме айтпақ. Оны біз білмейміз. Біздің білетініміз һәм көміл сенетініміз — сыршыл жүрек қандай биіктікке шығам десе де ақындық демі еркін жетіп жатыр...

30-сәуір, 1995 жыл.

АЛАШ АЗАМАТЫ

(Әссе)

Көк мұқабасына ал қызыл шапақ жүгірткен «Ақиқат» журналын парақтап отырып, мына бір «Жазықсыз жапа шеккендер» деп аталған ұзын-сонар тізімге қалай тесіле қадалып қалғанымды аңғармай қалыппын. Ия, бұлар — біздің аяулыларымыз. 1937-1938 жылдардағы зұлмат құрбандықтары. «Ақиқат» мұқабасындағы қанды жолақтардың мәнісін енді түсінгендейсің. Жаңағы қаралы тізімнің символы іспетті. Дұға оқыр едім, дұға білсем. Еліне қызметі өткен қайран ағалар. Сендерді халық білсін, тағы есіне алсын, мәңгі ұмытпасын дегендік қой. Кешегі күндей күркіреп өткен Ұлы Отан соғысы ерлерінің есімдерін ескерткіш мөрмөр тақталарға алтын өріппен жазып жүрміз. Тәуелсіз қазақ елі үшін күресте шейіт кеткен алаш азаматтарына сондай құрмет көрсетілсе несі айып?!

Осы қияли ойлардың жетегінде отырғанда тізімдегі бір есім көзіме оттай басылды. Ия, ол кісі бұл қатардан қалмауы тиіс еді, қалмапты. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейді. Көңіл қас қағымда сонау елуінші жылдарға студенттік албырт шақтан бір-ақ шығарды. Бұл кісімен сол кезде сырттай танысқанмын. Уағдаласып, өмір жолын қол ұстасып бір кешуге сөз байласып жүрген ғашық қызым көзі жаудырап әу дегеннен-ақ өз әкесі жайын асығыс айтып, фотосуретін көрсеткен. Соңыра жасырдың, обалыма қалдың деп айтқызбас үшін асықты ма деймін.

Уақыт нәлі сіңіп, сарғыш тартқан фотосуретте өрімдей-өрімдей төрт жігіт. Отырған үшеу сол кездегі мәртебелі оқу орындарының дәстүрі бойынша формалы киім киінген. Отырған үшеудің қақ ортасындағы шашын оңға қайырған, қияқ мұрт, нұрлы көз өсем жігітті болашақ жарым: «Мына адам менің әкем болады. Бижан Әбілқасұлы Жанқадамов. 1937 жылы «халық жауы» атанып ұсталып кетті. Содан хабар-ошарсыз», — деді.

Адамның жан әлемі кей сәтте аяқ астынан ұйытқып, құлағының бұрауы келіспеген домбыраның екі шегі сияқты үйлеспей қалады. Әу дегенде жастықтың тәуекелшіл мінезіне бағып, «Бөлі, онда тұрған не бар» деп қолымды сермесем де, былай шыға бере ет жүрек шым еткенін жасырмаймын. Университеттің төртінші

курсын төмөмдауға жақын студент оны мен солын айырады ғой, неге айырмасын. «Халық жауымен» байланысты деген бір ауыз сөздің өзі-ақ жетіп жатыр түбіне жетуге. Не істеу керек? Өзіммен курстас бір ағай еске түсті. Өмірлік тәжірибесі мектеп қабырғасынан келген біздердей емес, бай. Кешегі майдангер-офицер. Үлкендігін бұлдамайды, інілерін жолдас, дос тұтады. Сол кісімен ақылдастым. Турасын айтып тіліп түсетін мінезді кісі еді. Кесімді сөзін айтты:

— Болашағыңа зияны тиеді. Қайтесің өуре болып. Тесік моншақ жерде қалмайды. Теңін табар. Басқа қыз құрып қалып па?— деді.

Мен ақыры үйленіп тындым. Салқын есепке сезім көнбей қойды. «Баласы өкесі үшін жауап бермейді» дейтін қағиданы да еске алдым. Айта кету керек, үйленгеннен соң ағайымызға біздің неке қосуымызға қарсы шыққанына титтей өкпе артқанымыз жоқ. Неге өйтеміз: ол саған жақсылық ойлады ғой,— деді жұбайым. Сонсоң ағайдың айтқаны келді де. Өмірімде бір көрмеген, Қазақстанның батысында менің бала кезімде ұсталған қайын ата тауқыметін Қазақстанның шығысында жүрген мен көп жылдар бойы тарттым.

Енді ойласам нанғысыз: балаң жігіт кезімде де, кейін сақаланғанда да ол кісі, менің бейтаныс қайын атам қазақ халқына жау дегенге еш иланбаппын. Өйтейін десем, өрімдей төрт жігіттің манағы фотосуреті көз алдыма келе қалады. Революцияға дейін Ресей жоғары оқу орнына түсіп, білім іздеген бұл қазақтар қалайша өз халқына жаулыққа бармақ. Ия, олар осал жандар емес-ті. КГБ құжатханасына (архивіне) қол жеткенде, басқа да материал жинастарып тексергенде мені ісіресе қайран қалдырғаны — ағаларымыздың өресінің біз ойлағаннан өлде қайда биіктігі, парасаттылығы, өмірлерінің соншалық мәнділігі, сұлулығы. Әттегене біз салақпыз ғой. Әйтпесе сол боздақтардың әр қайсысының өмірінен талай құнды да қызғылықты тарихи деректер табуға болар еді. Тартымды өрі ойлы роман, салиқалы тың зерттеу ендігі жерде осы материалдың төңірегінен тууы. Мәселен, мен соңғы жылдары барымды салып зерттеп жүрген Мағжан шығармагерлігі хақында дәл осы Бижекең арқылы, дәлірек айтсақ, Бижан Жанқадамовтың өмір жолын зерттеу нәтижесінде тың мағлұмат кезіктірем деп ойлағаным жоқ. Ол аздық етсе, Сталин көсемнің шын сырын еркіндікте

жүрген біз емес, төбелерінен ұдайы ажал төнген алаш азаматтары ерте аңдағанын қосыңыз. Түрмеде іріп-шіріп жатса да «Сталин жасасын!» деп арбалып қалған большевиктердей емес, бұлар культпен ешқашан бітіспеген. Бижан осы соңғы қазақ зиялыларының арасында шыңдалған, бөгде жұртқа «алаш азаматы осы» деп мақтанышпен, ауыз толтырып айтарлық зор қайрат иесі еді.

Бижан (Бижанғали) Әбілқасұлы Жанқадамов 1889 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ханкөл ауылында туған. Руы Байұлы, Қызылқұрт та-набынан. Әкесі Әбілқастың жиырма-жиырма бес жылқы, сиыры, елу-алпыс қаралы ұсақ малы бар дөңгелек шаруасы болған. Есек құрты мұрныннан түсіп жетіліп тұрмаса да, есті жан замана дабылына құлақ түріп, балаларын оқытқан санаулы қазақтың санатында жүрді. Рақымғалии мен Оразғалии Орынбор гимназиясын алтын медальмен бітірген. Амал не, көз тиді ме, қыршынынан қиылды. Аузы күйген үріп ішеді. Әбілқас ақсақал келесі балалары Бөкенғали мен Жұмағалиды ауылынан ұзатпай, мұсылманша оқытады. Кенжесі жуастау, қой аузынан шөп алмас Панғали хат танумен шектелді. Тек Бижан ғана қанатын қомдап, қиянға көз тастады. Әкесін көндіріп, Орал реальное училищесін бітірді. Осында (1906—1907 жылдары) социал-демократиялық астыртын үйірмеге қатысып, саясаттың дәмін татты. Ақыры Қазақ университетін бітіріп, арыстанның аузындағысын жұлып алғандай болды. Жоғары білімді мал дәрігері дипломын иеленді.

Оқуын аяқтар шақта ертеректе айттырылған Биби атты қалыңдығына үйленеді. Кейін атқа мінгенде Алуаш деген бір байдың қызына көңілі ауады. Бұл да бір жатқан хикая. Қазақы әдетке салсаң, сөкеттігі жоқ. Кеңес түсінігінде түйткілі де аз емес. Әсіресе «тоқал» деген сөзге тосырқай қарайтындарға. Соның бірі өзім едім. Бәйбіше-тоқалдың татулығын төтті ғып суреттеген бір романға сын тағып, шүйілгенім есімде. Енді сондай өңімені шертуге өзім құштармын ба, қалай...

Бижан үйде көңілді отырғанда домбырасын тартып, өн шырқап, шер босататын. Мұхит өндерін бір кісіден кем төгілтпейтін. Бір күні сол өдетінен өзгере бастады. Жоқ, өнін тыйған жоқ. Қайта үдете түсті. Бірақ аузына түсетіні бір ғана өн. Сағыз шайнағандай жалығады дегенің.

Ақ Алуаш, отырмысың, жатырмысың,
Айдында жалғыз жүзген аққуға ұсап.

Алуаш!.. Қай бұрымды екен күйеуімді сарнатып қойған?— деп Бибі секем ала бастады. Соңғы кез Хан-көлден қозы көш жердегі Сұлтан байдың ауылына барғыштап кетіп еді. Дәу де болса... Өстіп ойлайды да, өзіне өзі қарсы дау айтады. Ау, оның Алуаш дейтін қызы айттырылып қойды ғой. Тіпті күйеу жағы жас отау үйін тігіп үлгіріпті деп естіген. Оған көз тікпес, тіксе шатаққа ұрынары сөзсіз.

Жұмбақтың шешуін Бижанның өзі айтты. Әйел жүрегінің қағылездігін қараңызшы. Бибінің тұспалы расқа шықты. Алуаш Сұлтанқызына ғашық екен. Алып қаппақ ойы бар. Қыз: Бибімен тіл табысамын. Жігітті ел мақтаған, қыз жақтаған. Сендей азаматтың етегінен ұстасам, арманым жоқ,— деп құлшынып тұр дейді.

Рас, бір жолғы сапарда құсын қондыра алмай қайтты. Андушылар көбейген. Қыз ауылы бір пәлені сезгендей. Сонда да Бижанның меселдесі төмендемепті. Алуашты алып қаппаққа екінші рет жиналғанда Бижан Бибіге:

— Шын көңіліңмен ыхлас етсең, бұл жолы менің атымды өзің ерттеп, өзің жетектеп шығарып сал,— деп жік-жаппар боп қоймаған соң, әйел байғұс қайтеді, көнді. Айтқанын бұлжытпай, ақ көңілімен істеді.

Осы бөйбіше, тоқалдан туған балаларын Бижан тергеушіге берген жауабында (1937 жылдың 15 сәуірі) атын, жасын айырып айтып береді. Қызым Қалы он тоғызда. Он сегіздегі ұлымның аты Махсот. Қыздарым Шәрипа он екіге толды, Бриллиант тоғызға, Жаңылдық алтыға, Сара үшке жинайды. Бес айлық Ұлмаш деген қызым жөне бар. Балаларымның аналары Бибі қырықтың бесеуінде, Алуаш отыз алтыда. Інім Панғали қырық бесте, Казталовкада тұрады.

Тұрмысқа шыққан Айша атты қызын атамаған. Күйеуі совхоз директоры болып істейді екен. Соған қырсығым тимесін деген болуға керек. НКВД тіміскілері қойсын ба. Күйеу бала үкіметтің талай концлагерін адақтады.

Бұл да геноцидтің бір түрі. Осыншама жан азаматсыз сөзсіз шегінейтінін қызыл отаршылар білмеді дейсің бе, білді. Қазақтан жоғары білімді маманның шығуы іштегі қыжылын күшейтті. Шынға өрмелеп бара жатқан

қазақты аяғынан ұстап, тұңғық тереңге тастағаны бір бұл ма?

Бижан бас айналар биікте самғайтын, болашағынан қатты дөмелендіретін қазақ жасының бірі екенін оқуын төмөндасымен-ақ дәлелдеді. Еліне оралғаннан кейін біраздан соң Жымпиты уездік земуправының төрағасы сайлануының өзі бізге әлі түсініп жете бермейтін сыр. Отар елдерге ондай мекемелер некен-саяқ бұйыратынын былай қойғанда, ол кезде земствоға бастық түгіл, мүшелікке өту оңайлыққа түспейтін. Ал бодан ел өкіліне орындалмас қиял көрінетін. Бұл қызмет балға үймелеген шыбындай таласатын орыс мансап-қорларының өзінен артылмайтын. Себеп: уездегі өкімет шын мәнінде осы мекеме қолында. Жол, құрылыс, мектеп, аурухана, сауда, өнеркәсеп, қаржы секілді күллі экономикалық, шаруашылық, өлеуметтік мәселелерді шешу сол земуправ арқылы атқарылатын. Мұндай көрнекті қызметке қазақ орысы жын ататын Орал маңындағы Жымпитыда жергілікті халық өкілінің тағайындалуы кезінде талайды қайран қалдырған. 1917 жылы Ақпан революциясынан соң бұл өңірде Алаш-орда орнаған кезде де Бижекен жаңағы жауапты қызметінде қалдырылған.

Орыс пен қазақ арасында бірдей беделді Бижекен алашынан аянды ма. Тергеуші, мемлекеттік хауіпсіздік басқармасының лейтенанты Катков 1937 жылғы 10 сәуірде қазақ ССР прокуроры мен Жер шаруашылығы Халық комиссариатынан Жанқадамов Бижанды НКВД тамұғына салуға тәртіп соғып беруді сұраған «Справ-касында» қанын ішкелі отырған құрбанын «активный алаш-ординец» депті. Басқасының бөрі жала болғанмен (фашистік үгіт жүргізді, Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің басшыларына террорлық қастандық жасауға бұқараны азғырды т. б.), «белсенді алашордашыл» дегені дұрыс, шындықтан шығандамайды.

Шіркін, ол да бір дәурен екен-ау. 1917 жылдың қазақ тарихында алтын өрішпен жазылған тағы бір күні — 19-сәуір. Елім дегеннің еңсесін көтеріп, жанын елжіретер оқиға сол күні болды. Орал қаласының цирк үйінде күндізгі сағат он екіде қазақтардың Батыс өңірінің съезі ашылды. Оған сегіз жүзден астам өкіл жиналыпты. Ақпан революциясынан соң небөрі бір айдан аса уақыт өтсе де осыншама адамның сайланып үлгіргеніне қарағанда, қазақтың саяси белсенділігі, ұйымшылдығы өскенін және құрылтайды ұйымдастырушылардың

ұлттық санасы қалыптасқан, өрі қолынан іс келетін жігерлі, сенімді азаматтар екенін танытады десек ләзім. Сол жігіттердің қалың ортасында Бижан жүрді. Әлекедей жаланып, жұмысын жапырып істейтін қабілетімен өзін көрсете білген жиырма сегіз жасар Бижан Әбілқасұлы Жанқадамов Батыс Қазақстан облыстық қазақ комитетінің съезде жиырма адамнан сайланған құрамына тоғызыншы рет санымен кірді. Әрине, көрнекті қызметте істеп жүргені, студент кезінің өзінен еліне танымал бола бастағаны ескерілді.

Студент кезінде өзі алғашқы санынан бастап сүйіп оқитын «Қазақ» газетіне қатысты. «Жолсыз өуре қылмаңдар» деген заметкасы съезд ашылардан аз-ақ күн бұрын, газеттің 1917 жылғы 1-сәуір күнгі санында (№224) жарық көрді. Материалдың сыңайынан байқалатыны, жас жігіт өскер қатарына алынған қазақтардың тағдырына тікелей араласқан. Он төрт шамалы қазақ жігіті рұқсат алып, еліне барып қайтқанға ұқсайды. Солар енді Бижанның атына елдегі атқамінерлерден хат алып келген. Пөлен солдаттың үйінде кісі қалған жоқ. Шаруасы бүлініп жатыр. Тез босатып, тез жіберсеңіз екен деп, қол таңбасын, мөрін басып қолқалайды. Автор қазақ жұртының баландығына таңырқайды. «Осылай ғып жазып, документтер жіберіп отырған туысқандарымызға айтатыным мынау: жігіттерді еліне қайтару билігі менде емес, әр партияның өз начальнигі жібереді» деп жөнін айтады.

Аталған заметкадан тағы бір аңғаратынымыз, оның авторының өділет сүйгіштік қасиеті. Елінен хабар ала алмай отырған һәм рұқсат алса да кете алмай қалған жігіттерге «пөленді үйі шақырған екен, сен тұра тұр деу орынсыз емес пе? дейді. Айтқанымды істей қоймадың деп кей жігіттердің үйі һәм рулары бүлініп жатқан шығар. «Бірақ бара алмай қалғандардың төрт құбыласы түгел деп қайсымыз айта аламыз?!» деп аяқтайды мақаласын студент Бижанғали Жанқадамов (қолы солай деп қойылған).

Облыстық съезд қазақ қауымы тез шешілуіне өте-мөте ділгір мәселелерді күн тәртібіне енгізген. Ең бастысы — жер мәселесі. Шұрайлы жерінің бөрінен дерлік айырылған қазақ сорлы өлместің күнін кешуде. Осы проблеманы дұрыс қойып шешуде земствовада істеп жүрген Бижанның көп-көп пайдасы тигенін құрылтай материалдарының өзі айтып тұр. Алынған қаулы-қарар, байламдар көкейге қонымды, нақтылы

сыйпатта. Алдымен бұдан былай қазақ жеріне бөтен елден адам қоныстандыру тоқтатылсын деген талап қойылады. Қазақ жерін жалға беру тоқтатылсын. Монастырь, архиерей, шіркеу, дворян жерлерінен пайдаланылмай жатқаны дереу қазақтарға қайтарылсын. Сонымен бірге алаш азаматтары ел халықтарының татулығын ойластыруды ұмытпаған. Жалпы Ресей Құрылтайы шешкенге дейін келімсектер қарауындағы жерлерін бұрынғысынша пайдалана береді. Олармен тату көршілікте тұру қажеттігі қазақтарға арнайы ескертілсін, дейді.

Сонымен Бижекен НКВД түрмесінде отыр. «Жолаушы үйден қырық адым шыққан соң мүсәпір» дейді қазақ. Еркін ауаны кере жұтып, сапар шеккен жолаушының жөйі мұндай. Ал үйінен талай мың адым шыққан, торға түскен тұтқын өзін қалай сезінбек? Салыстыруға мүмкін бе соны?

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой — қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп,—

дейді тұтқын азабын көп тартқан Мағжан ақын.

Кавказ құзырының бір жартасына шынжырланған Прометейдің бауырын құзғын бүркіт күн сайын шоқып жеп тауысып кетеді. Бауыры тағы жетіледі. Құзғын тағы ұшып келеді. Өкіріп-бақырып Прометей жатады. Ал НКВД тұтқындарының жүрегін күн сайын чекист қара жылан емеді. Прометейді азаптан алпауыт Геракл құтқарады. Мағжанды, оның поэзиясына бас июші інілері Бижандарды кім құтқарады?

Ия, ол алаш қызметінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев бағытын ұстанды. Осыларға табынатынын түрмеде тайсалмай айтты. Жүрегін қара жылан жанын шығара азаптап еміп жатса да, ол шабысынан жаңылмайтын шын жүйрікті елестетті. Жауаптарында тергеушілерден әлде қайда ұтымды, білікті сөйледі. Экономика мен саясаттың қай айдынында да еркін жүзетін ол жауаптарында әлдебір теориялық конференцияның мінберінен сөйлеп тұрған білгір ғалымды елестетеді. Тергеуші арандатқыш сұрау қоюға ғана ыспар. Тұтқынымен сөз жарыстырудан тайғақтайды. Занды нәрсе. Ондай қауқар оған қайдан бітпек? Бастықтары шаласауатты Ежов болса. Мұны қызыл сөз үшін я қаны қара жендетті өдейі кемсіту

үшін айтып отырғанымыз жоқ. Шыны сол. Ежов анкета толтырғанда білімім «незаконченное начальное» депті. Сонда деймін-ау. Бастықтары бастауыш мектепті де бітіре алмаған шикібас болса, өзге чекистке не жорық?

Бижанның Ахаң-Жақаң-Махандарды ұстаз атауының мәні бар. Алаш қозғалысы идеялық бір ауызды жандардан құралған десек, шындық ауыланан алыстар едік. Алашордашылар қатарында демократың да, монархист пен социалистің де аралас-құралас жүре берген. Бижан жоғарыда аты аталған ағаларынан көз жазбай, үнемі алаш қозғалысының демократиялық қанатынан табылып отырған

Бір кездерде Бибі бөйбіше жыр қылып өңгімелейді екен: Бижан Батыс алашорданың басшысы Жанша Досмұхамбетовпен төжікелесіп, ақыры ұсталуға айналған соң біраз уақыт жасырын жағдайға көшкен деп. Бижекең өмірбаянының осы бір тұсы маған көмескілеу көрінетін. «Бұл қалай? Неге араздасады бұлар? Әлде бақталастықтан ба?»— деп ойлайтынмын. Тергеу материалы қолға тиген соң істің жөйі белгілі болды. Демократ Бижан Жаншаның өзін хан деп жариялағанына қарсы шыққан. Сөйтіп жүргенде хан жасағынан бүлік шығады. Бұл жөйт жазушы Хамза Есенжановтың «Ақжайық» романында егжей-тегжейлі суреттелгендіктен, тоқ етерін ғана еске салайық.

Бүлік 1918 жылғы желтоқсанның жетісі күні бұрқ ете түседі. Ханның ордасы Жымпитыда. Үш жүз адамнан құралған алаш әскері атқа қонып, Жымпитының базар алаңына кіреді. Өздері пәле: алдымен Орал қаласымен байланысты үзеді. Түрмеде отырған алпыс сегіз тұтқынды босатып жібереді. Қару-жарақ қоймасын талайды. Алашорда Батыс бөлімінің кеңселеріндегі, соның ішінде земуправтағы қағаз біткенді өртеп, 1 миллион қаржысын көнпескелейді. Қашып құтылған хан бүлікті казак-орыс әскерлерінің күшімен өзер деп басады.

Өрине, Жанша: сойқан шығарғандардың қолтығына кім су бүрікті?— дегенге келеді. Сонда есіне Бижан түседі. Хан боп сайландың деп Жаншаға қарсы шығып еді. Пөленің басы сол!— деген қорытындыға келеді Жанша.

Бірақ Жанша жас жігітті босқа күйдірген. Тергеу барысында Алашордаға қарсы күрес ұйымдастырдым деп аз-маз ұпай алуға болатын еді. Бижан өйтпеген. «Бүлікке қатысым болған жоқ»,— деп шындығын айтқан. Алаштың облыстық, бүкілқазақстандық

съездерінің қай материалын ақтарсаң да хандық құрамыз деген сөзді кездестірмейсіз. Тегі Бижан хандық құрғысы келген Жаншаға осыны ескерткен болуға керек. Негізінен бұл кісі байтұрсыновшыл. 1919 жылдың наурыз айында Байтұрсыновтың қызылдар жағына шыққанын естіп, Бижекең Аханның бұл батыл қадамын қуаттайды. Алаш өскерлерінің қызылдар жағына шығуына ат салысады.

Тұтқын мойнындағы қыл арқаннан босана алмай-тынын сезген. Өйтпесе жаңағы өңгімені жалғап, сол 1919 жылың 10-желтоқсаны күні Алашорда өскерлерінің Қызылқоға маңындағы ақтар корпусымен соғысқанын, ақыры жауды жеңіп, корпус штабын және корпус командирі генерал-лейтенант Акутинді, 500 казак өскерін қолға түсіріп, тұтқындағанын айтуға тиіс еді ғой. Құқылық мемлекеттің жағдайында үкіметтің бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің, жалпы осы қозғалысқа қатысқандардың бірде-біреуіне ұрынуға жол жоқ еді. Өйткені Бүкілодақтық Атқару Комитеті (ВЦИК) Президиумының 1919 жылғы 4 сәуірдегі Указы бойынша Алашорда үкіметі, осы қозғалысқа қатысқандардың баршасы Кеңес өкіметі жағына шығуына байланысты кешірім (амнистия) алғаны белгілі.

Бір ғажабы, түрмелерге қойдай тоғытылып жатқан алашордашылардың аузына осы құжат түспеген. 1919 жыл мен 1937 жылдар арасында талай уақыт өтті. Он сегіз жыл аз уақыт па? Мадқапыда естеріне түспеді ме, кім білсін. Бұл құжат Жанқадамов ісінде де еске алынбаған. Заңсыздық белең алған жерде не деуге болады? Еске алынғанда да НКВД жендеттері санаса қойса. Санаспауға кімнің итермелеп отырғаны белгілі. Сталиндік Конституция жайына қалды. Оны солай етуші етігімен қан кешіп жүрген көсемнің өзі. Ар-ұяттан безген жендеттер кімнің жырын жырлау керек екенін алдымен ойлап, нақақ қанды мойындарына жүктей берген.

1937 жылғы процесті ұйымдастырушылардың қиялы жер бауырлап жатыр. Олар құрбандықтарына жаттанды үш айып тағады. Біріншісі — бандамен байланыстысың (Байтұрсынов, Аймауытов т. б.). Екіншісі — жапон шпионысың (Мағжан т. б.). Үшіншілері контрреволюциялық үгіт жүргізген. Бұқараны үкімет басшыларына террор жасауға азғырған. Жанқадамов ісі осы соңғы сценарий бойынша жүргізілген.

1956 жылы күзде мен тұңғыш рет Батыс Қазақстанға

бардым, қайыншылап дегендей. Әйелімнің төркіндері Қаратал ауданының Қоскөл совхозында қоныс тепкен. Ол кез Бижекеңнің мирасқоры Махсот тірі. Ата көсөбін қуып, мал дәрігері болып істейді. Соғыста қатты жарақаттанған мүгедек. Бір көзінен айырылған. Құлағы тас керең, естімейді. Сонысына қарамай, күндіз-түні совхоз малының соңында салпақтайды. Махсот ағадан «Бижекеңнен қалған кітаптар бар ма?» — деп сұрап едім (қағазға жазып сұрайсың), бай кітапханасы бар еді, Азамат соғысы кезінде өртенді, кейін «өзі жоқтың — көзі жоқ» дегендей, талан-таражға түсті деп, ауыр бір күрсініп алды да, қалың-қалың бес-алты кітап ұсынды. Бұлары Ф. Энгельстің «Анти-Дюринг» кітабы, Ленин, Сталин жинақтары болып шықты. Сол үйде мен чех жазушысы Ярослав Гашектің «Похождения бравого солдата Швейка» атты көптен іздеп таба алмай жүрген романын кезіктіріп, дәс қойып оқып шықтым.

1956 жыл — СОКП XX съезі жылы. Хрущев жылымығы туған шақ. Өзгеге бөтен сөз шығындау түгіл, өз аузыңа өзін қақпақ қойған сұмдық сүргін сәл бөсеңсіген уақыт қой. Құданың құдіреті, роман жиырмасыншы жылдардың басында жазылса да, дәл мынау Сталин культін өшкерелеуге арнайы жазылғандай өсер қалдырады. Соны оқып, есімнен тана жаздаймын. Бір уақ жынды кісіше қарқылдап, көзімнен жас аққанша күлем.

Оқушының есінде болар, Гашек романында империялық полицияның құпия агенті Бретшнейдер деген кейіпкер бар. Көсібі — империя дұшпандарын аулау. Қылығы тышқан аңдыған мысықтан аумады. Сыра-ханада отырып алып, соры қайнаған қайсыбіреу сөзін қай тұсынан мүлт кетеді деп аңдып отырады. Мүлт кеткен жерін әдейі бұрып, өсіріп өкеліп саяси қылмысқа шығарып, түрмесіне сүйрей жөнеледі. Сол Бретшнейдер секілді, НКВД тергеушілері Бижекеңнің соңынан салпаңқұлақ салып қойған ғой. Қоналқыда отырып айтып қалған бірер пікірін дабырайтып, үстінен материал түсірген. Біреудің үстінен іс қозғамаса, НКВД-ның ішкен асы бойына тарай ма.

Сөйтіп 1937 жылғы 10 сәуір күні Алматыға НКВД Батыс Қазақстан облыстық басқармасынан «Справка» аталған қағаз түседі. Қағазда Қазақстанның сонау батыс түпкіріндегі бір мал дәрігері мемлекеттің аса хауіпті жауы етіп суреттеледі. Енді сол қағазды оқып көрелік.

СПРАВКА

Жанқадамов Бижанды тұтқынға алу туралы

Жанқадамов Бижан, қазақ, 1889 жылы туған, ата тегі Жымпиты ауданы, Батыс Қазақстан облысының байларынан тарайды. Қызметі — мал дәрігері, белсенді алашордашы, Алашорда жанындағы уездік жер басқармасының төрағасы, Алашорданың Батыс үкіметінің мүшесі болған.

Совет өкіметі мен БКП/б/-ға дұшпандық пиғылдағы Жанқадамов Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданы халқының арасында контрреволюцияшыл ұлтшылдық және фашистік үгіт жүргізуде. Алашорда контрреволюциялық идеяларын насихаттауда. КСРО ішкі жағдайы жөнінде өртүрлі жалақорлық сөз таратады. Қазақ халқының ескі феодалдық құрылысын мақтайды. Халық арасында партия мен кеңес үкіметі басшыларына қарсы қастандық өрекетке итермелейтін пікір таратады. Жанқадамовты РСФСР қылмыс кодексінің 58—10 және 58—11 баптарына сәйкес жауапқа тарту қажет деп есептейміз.

НКВД мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасының 4-бөлімі, II бөлімшенің бастығы, мемлекеттік қауіпсіздік лейтенанты Катков (қолы).

Бұл қажат шекесіне «Арест» деп төртіп соғушы Қазақ ССР прокуроры (Елки-ирек-ирек). Құжат соңында қолын иректетіп жіберген тағы біреу «Келісемін» депті. Лауазымы — Қазақ ССР жер Халық комиссарының орынбасары. Тағы бір қойылған қол қызыл сиямен иректелген.

Қадірменді оқушы! Осы қағаздың өзінен-ақ НКВД-ның ғана емес, Сталин орнатқан бүкіл системаның идеологиясы сыр береді десек, артық болмайды. Ең әуелі зымияндық пен аярлық ысқырынып зөренді алады. Кеңестің бетіне қарап сөйлеме, бір елі аузыңа, екі елі қақпақ, дейді. Мақтаулы большевиктік идеологияның шын күші бұдан таңба басқандай айқын көрінеді. Ол шыншылдықтан гөрі найзаның ұшына көбірек сеніп, қорқытып-үркітеді. Ұлтшылдық пен фашизм арасына теңдік белгісін де тегін қойып отырған жоқ. Отаршылдыққа кінә артқаның — Ресей империясының жағасына жармасқаның. Ендеше, сазайынды тартуға тиістісің. Сол себепті революцияға дейін де, революциядан кейін де Алашорда төрағасы Әлихан

Бөкейханов қуғын-сүргін көрді, Мәскеудің Бутырка түрмесінде патша заманында да, кеңес тұсында да көзі жылтырады. Сол себепті Жанқадамовтың, ол бастады дейтін топтың мүшелері үстінен іс жүргізген «аға» ұлт өкілдері — мемлекеттік хауіпсіздік шендері — лейтенант Катков, майор Ромейко, кіші лейтенант Испанский, лейтенант Афанасьев: ау, біз қазақ мәдениеті мен өдебиетінен не білеміз, мұрнымызға исі бармайды ғой деген жоқ. Мүңкір-нөңкірдейін гүрзілерін ала жүгірді. Олар үшін империяң ақ па, қызыл ма, — бөрі-бір бес, — Ресей өктемдігін жүргізіп тұрса, ұпайлары түгел.

Сонымен Бижан түрмеде отыр. Елде «халық жауларына» қарсы саяси науқан танаурай бастасымен, Бижанның қабағы салыңқы жүреді. Бір күні газет оқып отырып бөйбішесіне: «Әй, осы бізге де соқпай өтпес» деген екен. Сол айтқаны келді. Әуелі Тайпақтағы мал дәрігері қызметінен босанды. Қуынып жүріп, Мәскеуге, Молотовтың атына арыз түсірді. Дес бергенде, бір күні Мәскеуден көк конверт келді. Соның ішіндегі қағаздың күшімен 1936 жылы қыркүйек айында Казталовка ауданына ауысты. Мұнда аға мал дәрігері қызметіне тағайындалды. Арты мынаған өкеп соқты. Баянсыз үкімет жарылқап жарытпағаны былай тұрсын, «мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылған тоқал ешкінің» керін келтірді. Ауысқанына бес ай шамасы өтті ме, өтпеді ме, қызмет түр ғой, жанынан қайғы боп отыр.

1937 жылғы 19 сәуір. Орал түрмесі. Хауіпсіздік лейтенанты Юдин ызбарлана жауап алып отыр. Сұрақты төндіре, зілді қояды. Өне біреудің үйінде бұйдепсің, мына біреудің үйінде сұйдепсің деп, «бұлтартпайды». Казталовкаға ауыса салысымен Бижан соңынан қойған тыңшысы аз жұмыс істемеген.

Сұрақ:

— 1936 жылы қараша айында аудандық жер бөлімі мекемесінің лаборанты Қайырғашевтің үйінде, бір топ адамның көзінше, сіз Сталиндік Конституцияға сенімсіздік білдіргенсіз, КСРО жаңа Конституциясына Керенскийдің заңдарын қарама-қарсы қойып мадақтағансыз. Осы мәселе жөнінде мағлұмат беріңіз.

Жауап:

— Бұл өңгіме қараша айында ма, кейін болды ма, есімде жоқ. КСРО жаңа Конституциясы жөнінде лабо-

рант Қайырғашевті сөзге тартқаным рас. Қайырғашевтің жаңа Конституция қағидаларын қалайша меңгергенін білгім келді. Сұрағаным: Сталиндік Конституция мен Керенскийдің земуправаны сайлау жөніндегі заңдары арасында қандай айырма бар?— дедім. Қайырғашев: Сталиндік Конституция белгіленген сайлау жүйесіне Керенский заңдары теңесе алмайды деді. Алайда айтқанын дәлелдеуге шамасы жетпеді. Сондықтан мен былай деп түсініктеме бердім. Кеңес Одағы — ұйымдасқан қоғам. Жұмысшылар мен шаруалар өз кандидаттарын ұйым арқылы ұсынады. Керенский заңы бойынша кандидаттарды азғана топ байлар ұсынады. Яғни соңғысы қоғамның үстем табының мүддесін қорғайды дедім.

Сұрақ:

— Сіздің таныстығыңыз Арыстанов, Тауманов т. б. отырған жерде сіз троцкийшіл-зиновьевшіл бандаға Кеңес сотының жасаған үкімін мақұл деп таппай, партия мен үкімет көсемдері жөнінде қастандық пиғыл білдіргенсіз. Тергеу орны бұл мәселе жөнінде дұрыс мағлұмат беруіңізді талап етеді.

Жауап:

— Мен мұны мойындаудан үзілді-кесілді бас тартамын. Бұл тақырыпта ешкіммен тіс жарып сөйлескенім жоқ.

Қысқасы, Бижекең соңына салпаңқұлақ салып қойғанын сезбесе керек. Сезсе де қайтпек? Зиялы адам ішіндегісін сыртына шығара алмай жүре ала ма? Бірде болмаса бірде аузынан артық сөздің қалай шығып кеткенін өзі де білмей қалады. Сонсоң қазақ іші емес пе. Ерулік, қарулық дегендер бар. Бес ай ішінде Казталовканың біраз азаматтарының үйіне дастарханға шақырылады. Атап айтқанда мына кісілермен табақтас болады (НКВД материалы бойынша тізімнен). 1. Байшеркешев Мұстафа — мұғалім; 2. Қитаров Ақкерей — аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі; 3. Масақбаев Бисенғали — халық соты; 4. Қарасаев Шөлен — аудандық жер бөлімінің меңгерушісі; 5. Қайырғашев — жер бөлімі лаборанты т. т.

Қонақта өртүрлі қысыр әңгімелер айтылуы табиғи нәрсе. Бижекең қатысқан жиындарда ағымдағы саясат, өдебиет, мәдениет мәселелері сөз болған. Ән шырқалған. Күй тартылған. Ақын, жазушылардың өлеңдері

оқылып, шығарма сапасы талқыланған. Бұндай отырыстар қонақтардың өлгенше ішіп ләйлуімен немесе бірін-бірі ішін кептіріп мақтауымен аяқталатын қоналқыдан көш ілгері екенін дәлелдейдің қажеті бола қоймас. Мәжілістің ойынды сергітіп, бойынды жазатындай, мерейінді өсіретіндей өтуіне не жетсін. Казталовқадағы жиындардың дәл осылай өтуіне Бижекеннің тікелей өсері болғаны сөзсіз. Ол жаратылысында сері, сауық-сайраншыл, рухы жомарт адам еді.

Бижан жастық шағын өткізген Оралдың оңтүстік өңірі мидай жазық дала. Бұл жақта өлдебір төмпешік кездесе қалса, атын дардай ғып пәлен тау атайтыны бар. Жас жігіт Омбыдан демалысқа оралғанда ерте оянып, сөулесін бірден лақ еткізіп төге салатын күн салтанатын көруге асығып сыртқа шығар еді. Студент пен жагін желбегей жамылып тұрған сұңғақ бойлы, қара мұртты жігіттің кең маңдайы сол күндей жарқырап тұратын. Сол шақта еске алған бір ауылдасы айтады екен: Бижаңды көзбе-көз көруге батылымыз жетпей, киіз туырлықтың астынан сығалап қараушы едік. Сонда құдды сурет көргендей аузымызды ашып, таңырқасып, тамсанып қалатынбыз.

Қазақша ма, еуропаша ма, — өсем киіну машығын Бижан бертін келе де тастаған жоқ. Көдімгі серілердің істейтінін істейтін. Ит жүгіртіп, құс салатын. Тыйын, Қыздар атты тазылары болды. Аңға шыққанда иесі қанжығасына түлкі, қоян байламай қайтпаса, осы әйгілі тазыларының арқасы болатын. «Майлан» дейтін тағы бір тазысы атқан құсты көлден бе, қамыстан ба ілезде тауып алып, иесіне асыға жеткізетін.

Жез таңдай өнші Ғарифолла Құрманғалиевтің бөйбішесі Рабиға апайдың аузынан естіген бір өңгіме есте қалыпты. Рабиғаның әке-шешелерімен Бижан жиі араласып тұрды. Олар Бижан бұл жаққа ат басын бұрады деген хабар жетсе, үй-жөйін ақтап, жүктің шаңын қағып, ақ киіздің үстіне ұсталмаған кілемдерін төсеп, өуре-сарсаңға түсетін көрінеді. Рабиғаны ата-анасы бой жеткенінше еркек балаша киіндіріп ұстаған. — Он үштердегі кезім, — дейді Рабиға апай, — Өлі есімде. Бижан аға ерткен тазысы, қолында қондырған қаршығасы бар біздің үйге түсті. Алдын ала хабарланып, күтіп отырғанбыз. Көрші-қолаң амандасуға жиналып, мөресөре болдық та қалдық. Отырған жерін сауық-сайранға айналдырып жібереді екен. Думанда өзі де өн салды.

«Айнамакөзді» салғанда даусының зорлығы соншалық, үйіміздің терезесі сылдырады. Тағы бір есімде қалғаны, ертеңіне сыртқа шығып жүргенде мені шақыртты. Қаршығасын маған ұстатқызып қойып, құсының тырнағын ұштады.

Енді міне, даланың еркесі, сал-серісі қараңғы, қапас зынданда отыр. Жөйша айтылған сөзді насырға шаптырды. Түймедейді түйедей етті. Тақымыңа қылбұрау салып, айтпағаныңды айтты дегізеді. «Сала құлаш тілің үшін біздің жазамызды бермесе, полицияның керегі не?»— деп Швейк айтқандай, Керенскийді есіне алып несі бар еді. Бижан қонақта ішкі сырын ақтармайтын. Жаңа Конституцияны балағаттаған емес. Тек өткен заманның сайлау тәртібімен салғастырды. Соған бола...

Тергеуші троцкий-зиновьевшілер бандасы жөнінде ақыры шынын айтқызды. Саған керегі сол болса дегендей, турасына кетті.

— Мен троцкийшілерді мақтаудан аулақпын,— деді тұтқын. — Бірақ бұларды жау дегенге қайран қалатынымды жасыра алмаймын. Троцкий, Зиновьев, Каменев сияқты көрнекті қайраткерлерді ел көсемдері деп білетінбіз. Кенет бұлар партия мен үкіметке қарсы астыртын күрес жүргізген жау болып шығады... Мен қарт большевиктерден санаулы адам ғана қалғанын, өлгені өліп, өлмегені опасыздық жасағанын айтқан болуым керек.

Халқының маңдайына сыймай кеткен қайран ағалар. Олар біздің бүгін айтып жүргенімізді сол кезде-ақ айтып үлгерген екен-ау деп таңырқайсың

Мен 1937 жылы ұсталған «халық жауларының» талайының істерімен таныстым. Солардың ішінен дәл Бижекендей Сталиннің сойқан саясатын әшкерелеген материалды өлі кездестіргенім жоқ.

Бижанның шын сырын тергеушілер камераға тыңшы жіберіп біліп отырған. Мордовцев, Груздев деген тұтқындар өкімет орындары ажалдан аман алып қала ма екен деп дөмеленіп, Бижанды ашық сөзге шақырып, айласын асырған. Бұл бейшаралардың опасыз қылығына жиіркенгеніңмен, алаш азаматының нағыз ойының қағаз жүзінде қалғанына бір жағы ризашылық білдіресің.

Дүреден қажыған тұтқын ресми жауаптарында «жаздым, жаңылдым», «антисоветтік насихат жүргізгенімді мойындаймын» деп өзін өзі қаралайды. Кам-

ерада мынау қанды қол қылмыскер үкіметтің заңсыздығына деген ашу-кегіне еріксіз жол береді. Мордовцев большевизм жеңгізбейді деп бықсытса, Бижан оған дүрсе қоя береді.

— Репрессия,— дейді Бижан,— жазықсыз боздақтардың қанына қылышын қанша суарса да, халықты өтірікке иландыра алмайды. Жауыздық жазасын тартады, дей келе, Иван Грозныйдың қанқұйлы саясатын тарихтың қалай өшкерелегенін дәлел етеді. НКВД қаннан өзен ағызсын, халықтың шындықты аңсауын тыя алмайды.

Тағы бір айтқаны: жаңа Конституцияда ұлттардың өзін өзі билеуі туралы бап бар. Әшейін көз бояушы сөз. Іс жүзінде халық ежелгі арманына жете алмай отыр. Құлымбетовты ұлттық фашистік ұйым құрған дейді. Жалған сөз. Мұны ойлап тауып отырған НКВД-ның нақ өзі. Мені Құрамысовтың «ұлтшыл фашист» ұйымына тіркегісі бар. Жауап алу кезінде шыныңды айттайын десең, жұдырығын ала жүгіреді. Тек өздері ойлап тапқан жалғыз қисынға қол қоюың керек. Маған Ещановтың хатын оқытты. Мені контрреволюцияның басшысы деп өшкерелепті-міс. Тексере келгенде қағазға Ещановтың қолы қойылмаған болып шықты. Өтірікті шындай, ақсақты тындай етіп жүрген бастықтары Ромейко. Шен-шекпен үшін неден тайынғысы бар дейсің. «Аһа, мемлекетке опасыздық жасаған тағы бір өдемі іс табылды»,— деп қуанатын Бретшнейдерден еш аумамайтыны сондықтан.

— Мені Алашордадағы қызметім үшін отырғызды,— деген онан өрі Жанқадамов.

Сол мезетте камерада бірге отырған Бенке деген сөзін бөліп:

— Сіз адал қызмет істеп, қатемді жуып-шайдым дейсіз. Күнәм жоқ дейсіз. Онда НКВД анық-танығына жетер. Ісінді қысқартар дейді.

Бұған Бижан:

— Жоқ, бұлардың шеңгелінен енді қайтып құтыла алмаспын. Өнім тұрсын, түсіме кірмеген қылмыс істедің деп мойындатып, қолымды қойғызып алды,— деп қолын бір-ақ сілтеген.

Бижанның бұл сөзі мықты солдат Швейктің «Әділ сот қолына түскен екенсің, ол қайтып уысынан шығармайды» деген нақылын еске түсіреді. Бижекең ақыры бұлардың құрығынан құтылмаспын деп мүлде

үміт үзген бе, ел өмірінің өткені мен бүгінгісі хақында ойларын бүкпесіз, соншалық шешіліп айтып отырған. Камерада тыңшы жоқ деп ойлады ма, әлде жеткізсе жеткізе берсін деді ме, кім білсін.

Груздев деген камералас досы сайқалданып:

— Колхоздар ауқатты тұрмысқа жеткізді,— дейді.

Бұған Бижекең күлген.

— Колхозшылардың киерге киімі, ішерге тамағы жоқ. Аш-жалаңаш. Соны көрмейтін көрсоқырмысың?— деген.

Бір уақ халықшылдар, В. И. Лениннің ағасы Александр Ульянов туралы сөз қозғалады. Сонда Жанқадамов:

— Оны аспаққа асып дұрыс істеген. Адам өміріне қастандық жасаушы қандай да сілімтік (сволочь) тиісті сазайын тартуы тиіс. Қазір, керісінше, жазықсыз, бейкүнә адамдарды атып баудай түсіріп жатыр. Кеңес Одағы бойынша 30 миллион адам концлагерьлер мен түрмелерде азап шегуде. Заң емес, заңсыздық билеген заман туды,— деген.

Қазақстанның жайына тоқтала келіп, Бижан: мұндағы отаршылардың тірегі — орыстар. Өкіметтің арқа сүйейтіні де де солар. Әйтпесе қазақ халқы баяғыда дүниені асты үстіне келтірер еді,— дейді.

Бижекеңнің тоталитарлық системаға берген бағасы көңіл аударарлық. Ол жаңа Конституция тек коммунистерге ғана тиімді деген. Яғни сынай алатындарға және сынауға болмайтындарға тиімді деген.

Енді ресми жауаптарында да ол өз көзқарасын анық айтуға бел байлаған. Оған Бижекеңнің қазақ өдебиеті мен мәдениеті жайындағы пікірлері куә.

— Мен соңғы уақыттарға дейін жүрегімнің құпия, терең түпкірлерінде Алашордаға іш тартып келгенімді мойындаймын. Атап айтқанда Байтұрсынов, Жұмабаевтарды қазақ өдебиетінің негізін қалаушылары деп білдім. Бұл пікірімді ең жақын, жолдастарымның арасында ашық айтып жүрдім. Бүгінгі қазақ кеңес поэзиясы көркемдік қасиеті жағынан Жұмабаев поэзиясынан төмен дегенім рас.

Бұл Бижекеңнің сөзі. Тергеушіге қыларыңды қылып ал дегендей, қасқая, батыл жауап бергені.

Бижан Жанқадамов үстінен жиналған материалдың бүгіндер өжетке жарайтын құнды жері — алашордашылардың көбі түрмеде отырса да, олар тұтатып кеткен рухани оттың қазақ жерінің түпкірлерінде

сөнбегендігін айғақтайды. Бұрынғыдай жалыны аспан-дап тұрмаса да, қоламта астындағы шок маздап тұрғаны байқалады. Үрлеп қалсаң лап етіп қайта жанайын деп тұрғандай. Осы ретте Байшеркешовтың үйінде 1937 жылғы сәуір айының бас кезінде, Бижекең ұсталардың қарсаңында өткен бір өңгімеге тоқталу жөн. Қонақтар Бижанға таныс адамдар болып шықты. Тек Иманбай деген кісіні білмейді екен. Аудандық халық ағарту бөлімінің қызметкері көрінеді. Өнерпаз жігіт екен. Бижекеңнің өлең-жырды жақсы көретінін ескеріп шақырғанға ұқсайды. Шынында да солай болып шықты. Отырғандардың қолқалауымен Иманбай ұзақ уақыт шырқады. Сабазың мүдірмей соғады. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын және Мағжан Жұмабаевтың «Матай би» поэмасын шабыттана айтып, отырғандардың жүйесін босатты.

Бұдан кейін жұрт Бижекеңнің аузына қарады. Ол Иманбай төгілткен шығармаларға талдау жасады. Әсіресе «Матай би» поэмасының көркемдік қасиеттеріне айырықша тоқталды. Бижекең сол отырыста Ахмет Байтұрсыновты еске алған. Қазақтың тіл білімі негізін салды. Қазақ алфавитінің араб графикасы негізінде жаңа нұсқасын жасады. Туған халқына өлшеусіз зор құрмет көрсеткен адам. — Саяси қатесі үшін жазғырып жүр,— дейді ол тергеушіге. — Әйтпегенде бұл кісінің атымен институт, университеттер аталар еді.

Көріп отырмыз, жаны мұрнының ұшында отырып, ағаларымыз ұлттық мұраның сақталуына алаң болып отыр. Осындай ең аяулыларымызды қор қылғанына ішің қан жылайды. Мұра демекші, Мағжан хақында талай материалды ақтара жүре, ақынның «Матай би» атты поэмасы барлығынан хабарым жоқ еді. Тұңғыш рет Бижекеңнің өз аузынан естіп отырмын. «Өз аузынан» дейтінім жауабында осы поэманы екі дүркін есіне алады және өзі керемет шығарма болуға керек. Бижекең қазақта ондай поэма өлі туған жоқ деген. Ал осы поэма қайда? Кімге сұрау саламыз?

1929 жыл Мағжан ақын алғаш ұсталғанда үйінде тінту жүргізіледі. Сонда НКВД-ның қолына түсіргені ақынның қалың бір дәптері. Осыған іздеу салып, Ұлттық Хауіпсіздік комитетіне нешеме рет сұрау салдым. Ондағылар күні бүгінге дейін көрмедік, білмедік деп қасарады. Сондықтан рухани тарихымыздағы ақтандақ жойылды деуге өлі ерте.

Сонымен тергеу барысында Бижан Жанқадамов ми

қазанында өз заманының көкейтесті проблемаларын қорыта білген азамат, парасат иесі, қазақтың бетке шығар перзенттерінің бірі екені толық анықталды. Сол үшін де бөтен елдің қымбатына жаны ашымайтындар Бижанға айырықша шүйлікті. Қалайда қазақ жақсысының жанын жаннамға жіберуге тырысты. Жанқадамовтың үстіне бар пәлені үйіп-төге келе, оны енді «халықтар көсеміне» террорлық акт жасауға халықты азғыратын топ құрдың деп айыптай бастады. Бұл жала Бижанға қосымша айып тағуға жол ашты. 58-дің бұрын таңылған екі бабы аздай, оған қылмыс кодексінің 58-8 бабын қоса жамады. Сөйтіп атақты 58-дің ең зілбатпан үш бірдей бабын арқалатып, Жанқадамовты үскірік шашқан «Үштіктің» («Тройка») қасапханасына жеткізді. Аржағы белгілі. «Үштікке» түскенің — істікке түскенің. Оншақты минут ішінде тұтқын бейбақтың тағдыры шешілді. Жаналғыш протоколы жасалды. Сол кез трагедиясының тағы бір қырын ашуға себі тие-тіндіктен, протокол көшірмесін толық келтіруді жөн көрдік.

**НКВД Батыс Қазақстан облыстық басқармасының Үштік
мәжілісінің 1937 жылы 25 қарашадағы №16 протоколынан
көшірме (выписка).**

Тыңдалды	Қаулы етті
30. Контрреволюцияшыл ұлтшыл топтың мүшелерін айыптау жөніндегі НКВД Батыс Қазақстан облыстық басқармасы бойынша №2018 іс. 1. Жанқадамов Бижан, 1889 жылы туған, бұрынғы белсенді алашордашыл, бұрын сотталмаған, облыстық контрреволюциялық ұйымға қатысқаны және Алашорданың Казталовка аудандық контрреволюцияшыл ұлтшыл ұйымына басшылық еткені және террорлық пиғылдары үшін айыпталады (РСФСР қылмыс кодексінің 58-10-11 және 17-58-8 баптары) Үштік хатшысы Троицкий (қолы)	1. Жанқадамов Бижан атылсын. Жеке өз мүлкі конфискациялансын.

Мейман қазақтардың «үйым» боп шыға келгені НКВД-ның ойдан қосқан таза творчествосына жатады. Әсіресе «пиғылын» айтсаңызшы. Ол жайында не дейміз? Сен «террор жасайсың», пиғылың жаман екенін сезіп тұрмын, сондықтан көллөнді кесем дейді. Мұны не деуге болады? Не десең де сыйып жатыр.

Гашек романындағы жандарм вахмистрі Фландерк мық солдат Швейкті шпион, жасырынып жүрген орыс офицері деп көрсетеді де, я Швейктің фотоаппараты жоқ, тінткенде табылмады. Фотоаппараты болғанда, мұның темір жол вокзалын, басқа да стратегиялық маңызды объектілерді суретке түсіретін пиғылы болған, оны өзі мойындады деп көсілтуші еді. Фландерктің есілдерті Швейкті шпион дегізіп атқызып, өзі қызмет орнынан бір саты көтерілу. Юдин, Афанасьев, Ромейко сабаздарың сол Фландерктен аумаған. Мансабы үшін адам қанын шелектеп ішуге өзір.

Үштік протоколын оқып отырғанда жөне бір көкейіңе келетін сұрақ — осы жендеттер адам атағын қалай көтеріп жүрген?— дейсің. Бұлар шын мәнінде азды ғой. Бірақ сөйтіп жүріп өздерін чекист атаудан бір сөт бас тартқан жоқ. Оған біз енді түсінгендейміз. Құрыш Феликс чекистің үш қасиетін баса айтқан. Біріншісі — ой ойлағанда салқынқанды болу керек. Осыны біздің мысалымызға салсақ, Юдин, Ромейколар талай адамды о дүниеге аттандырып жатқанда, оларға көрнеу жала жаптық, обал-ау?— деді ме? Десе, құрбандықтарын салқынқанды есеппен құртыш отырмайтын еді ғой.

Енді чекистің екінші қасиетін Орал нквдшыларының бойынан іздестіріп көрелік. Екіншісі — Феликс чекистің жүрегінің ыстық болуын қалаған. Ромейколардың жүрегі де керім ыстық болған. Ыстықтығы тамұқ отындай. Олар талай жанды сол тамұқ отында күйдірді.

Феликс айтқан үшінші қасиет — чекистің қолы таза болуы міндет. Міне бұл жөйт біздің мысалымызда біраз тексеруді қажет етеді. Жаңағы Үштік протоколының оң бағанасында: айыпкердің «өз мүлкі конфискациялансын» деген. Уақ-түйек көрінсе де, бұған тоқталуға тура келеді. Неге десеңіз, тазалық дегеннің тірнектей кір көтермейтіні белгілі ғой.

1937 жылғы қара суықта Бибі бәйбіше Орал қаласында түрмеде жатқан күйеуіне оның бүрме тонын, құлақшынын, пимасын дегендей, азық-түлігімен қоса алып, тағы да арып-ашып жетеді. «Тағы да» дейтін сөздің мәні бар. Бибі жаратылысында еті тірі, басына

күн түссе еркек орнында жүре алатын жанкешті, пысық кісі болған. Ері ұсталғалы бұл кісі Орал мен Қаратөбе арасында сабылумен жүрген. Қаратөбе дейтініміз, бұлар құтсыз жаңа мекенде көп тұрақтай алмай, осы өңірге, Бижанның туған ауылы Ханкөлге қоныс аударған. «Кедей болсаң, көшіп көр». Бұл оңай шаруа емес. Бибі қайратын осы тұста көрсетті. Көшу үшін көлік керек. Ол кезде қашып-пысып бара жатқан бұларға кім көлік даярлап тұр дейсің.

Бибі ойлап-ойлап, сиыр жегуді ұйғарады. Казталовка жақта екiнiң бiрi сиыр жегедi екен. Ендеше, дөртеге үйренген бiрнеше сиыр сатып алуға керек. Казталовкадан түнделетiп, өздерiнше жасырын көшедi. Бижекеннiң бөйгеге қосатын торы атына қорабты арбасын жегiп, балаларын соған отырғызады. Қос-қостан жеккен үш арбаның бiрiне қайыны Панғалидың семьясын, қалғанына жүк тиеп, түнi бойы мимырт жүрiспен тынымсыз қозғалады. Таң бозаландап атқанда тоқтап, бел шешедi. Елден ұзаған шығармыз, бөтен көзден құтылды деп, арт жақтарына қараса, Казталовка көрiнiп тұр. Жерi тақтайдай жазық қой бұл жақтың. Әйтеуір қуғыншы көрiнбейдi. Ханкөлге орналасар-орналаспас Бибiш Орал аттанады. Түрмеде жолықтырғанда Бижанды көрiп шошып кеттi. Сақал-мұрты өскен. Түрi өрт сөндiргендей. Iшкi көйлегiн галифесiнiң сыртына түсiрiп жiберiптi. Аяғында көлөш. Серi күйеуiнiң бадырайған көзiнен, салмақты аяқ басысынан таныды. Бибiш қалай көзiнен жас парлап қоя бергенiн өзi де аңғармай қалды. Мұны көрiп Бижан:

— Жасыпта менi!— дедi қабағын түйiп қатуланып.

— Жасытайын деп келдi дейсiң бе. Елге, Ханкөлге көшiп бардық,— дедi Бибiш көзiнiң жасын сүртiп жатып.

— Бөрекелдi бөйбiше... Мұның дұрыс болған екен!— дедi Бижан қуанғанын жасырмай. Қатқыл жүзi жұмсарып сала бердi.

«Бишара аз да болса көңiлi орнықты-ау»— деп Бибiш те бiраз сергiдi Ханкөлге қайтар жолда.

Ханкөлде туыс дегенде қайқұрлы. Онда аталас Жұмырқожа деген кiсi тұратын. Соны паналап барды. Байғұс, обалы не керек, туған балаларындай қарсы алды. Иманды болғыр Бижанның үйелменiне тұрған үйiн босатып берiп, өзi көршiсiнiң босағасына кiрдi. Сығырайған екi терезесi бар қос төйпiк бөлме. Мынадай қысылтаянда соның өзi кең сарайдай көрiндi.

Жұмырқожа өте балажан кісі екен. Жамағайын балаларын өз балаларындай еміреніп иіскеп, кішкене-лерін алдына отырғызып бөйек болады. Бұлар аталап келе қалса, алдымен Шақай шешейге бұйрық беріп жатқаны:

— Әй, бөйбіше, мына балаларға тамақ істе!

Ханкөлде Бибі бөйбіше колхозға кірді. Ол үшін бөйге торы мен қорапты арбаны екі өгізге айырбастап, артельге өткізді. Өйтпесең колхозға мүшелікке алмайды. Бижанның бұған ренжімейтінін біледі. Торы ат бөйге аты саналса да, Бижекең бұл атын ұнатпайды екен. «Осының кекілі қысқа. Құтсыз болар білем»,— дейді екен. Сол құтсызды Бибі айырбастап тынды. Бар салмақ өзінде. Панғали қайнысын «халық жауының» інісі деп Итжеккенге айдатып жіберер деп қорқып, жолшыбай Шыңғырлау жақтағы Любен деген орыс совхозына қалдырып кеткен. Олар сонда қалт-құлт күндерін көріп жатыр. Колхозға мүше кісі ол кездің тәртібі бойынша жылына міндетті түрде алпыс еңбеккүн табуы керек. Сондықтан Бибі алтыжасар Жаңылдығын ертіп сиыр бағады. Оңай жұмыс сияқты көрініп еді. Өріске шығарып, бақылап жүрсе жетер,— деп ойлаған. Қырсыққанда олай болмай шықты. Сорларына бір қызыл бұқа өріске шығарып айдап бара жатқан табынды мүйіздеп ауылға қайта өкеліп тығады. Айла жасап, сиырды екі бөлсе, өлгі қырсық бұқа бөрібір екінші жартысын тауып алады. Жүгіре-жүгіре өкпелері өшіп, үйге қайтқанда бұлар екеуден-екеу отырып, бір самауырын шөйді сарқып ішеді.

Өстіп итқорлықта күн кешіп жүріп, ара-арасында Оралға тартады. Соңғы бір барғанында Бижан бетіне қан жүгіріп, оңалып қалыпты. Жолығуға шыққанда үстіне костюмін киіп, галстугін байлап, қырынып дегендей, бұрынғы сері Бижанға жуықтап шыққан. Үміт атты алдарқатқыш сайқал бар ғой. Бибі әжептәуір үміттеніп, көңілі өсіп қалды. Күйеуінің мына келісті түрін жақсылыққа жорыды. Сөйтіп алданып тұрғанын Бижан сезген болуға керек. Алдағы ауыртпалықтан қайыспасын дегені ме, бөйбішесіне жөй ғана дауыспен:

— Қазір мені қолыңа шығарып бере қоймас. Маған бір он-он бес жылды басар,— деді.

Сонда қастарында тұрған милиционер зекіп:

— Олай айтуға болмайды!— деп тиып тастады.

— Балаларды шама-шарқың келгенше оқыт. Мақсотты оқудан айырма,— деді Бижан нық дауыспен.

Бибінің құдай қосқан жарынан естіген соңғы сөздері осы еді.

Жоғарыда аталған қысқы киімдерін апарған жолы Бижанды көре алмады. Әйтеуір бүрме тонын, құлақшынын, пимасын табыс етеміз деп қабылдап алды. Оған да шүкіршілік етті Бибі.

Үмітсіз — шайтан, Оралға тағы да екі-үш рет қатынады. Сондағы еститіні жүрекке жөйсіз естілетін немқұрайды сөздер:

— Отправили, отправили!— дейді сазарып бір безеу бет.

Қайда жібергені туралы және жақ ашпайды. Өстіп қайғырып, зар шегіп жүргенде, бұны аз десең, мө саған дегендей, қатыгез тағдыр Бижан үйелменіне тағы қатерін тікті. Қайғыға қайғы жамады. Бибі сырт шаруада жүргенде, үйдің, қора-қопсының шаруасын тапжылтпай ұстайтын, тындырымды Алуашы өкпесіне салқын тиіп жатып қалды.

Ебепке себеп деген сол. «Қырсық шалғанда быламыққа тіс сынады»демекші, 1937 жылы жазғытұры Бижан тіс протезін сындырып алды. Соны салдырмаққа Оралға жүріп кетті. Поездан түскенде, нквдшылар қарсылап алды. Сонымен протез қалды. Тісі жоқ Бижанға жұмсақ тамақ керек. Өздерінде қол диірмен жоқ. Құдай атқанда, қол диірменін, сүт тартатын сепараторын «жолға ауыр болады» деп Казталовқада сырлас көршілеріне тастап кеткен. Енді тарыны іргелес бір үйге апарып тартады. Диірмен ауыз үйде. Қазақтың сыртқы есігі қайбір дұрыс жабылады. Қиюы қашқан есіктен көктемнің ызғарлы желі ұрады да тұрады. Жөйшылықта да тершең Алуаш диірмен тартқанда пора-пора терлейді. Үйдегілер қалжындап: біздің Алуаш атқорада шөй іпсе де қалжа жегендей терлейді,— деп күлетін. Міне, ақыры сол тер түбіне жетті. Есіктен улеген жел су-су денені ұстады. Өкпесі қабынып, арты құрт ауруға ұласты.

1938 жылы жазға салым Алуашты ауруы өбден меңдеді. Жаратылысында бидай өнді келіншек, бүгінде өппақ шүберектей. Ерні кезеріп, екі иінінен өзер дем алады. Ауырлап жатса да, анда-санда дыбыс шығарып, сөйлейді. Түс көріпті. Түсінде көргенін қасында жылап отырған апасына үзіп-үзіп айтып жатыр (Бибіні «апа» дейтін).

— Құдайым-ау, Бижекенмен... бөз-баяғы тойда отыр екенбіз деймін. Сондағыдай жанымды балқытып «Алу-

аш» өнін шырқайды да, маған қолқа салып «кеттік!» деп жік-жапар болады. Апасы, Бижекеңнің сол өнінің бір ауызын айтып бересің бе?

Бибі өнді жөнді айта алмаса да, өлеңін жатқа білетін. Алуаштың етсіз саусақтарын сыйпап отырып, өлеңнің бір шумағын көмейіне тас тығылғандай өрең айтып берді.

Сәулелі сенен сұлу көкте ай жоқ,
Сағынып іздемеске менде жай жоқ.
Барғанда өдейі іздеп елемесен,
Болғаның махаббатқа атқандай оқ.

— Осы сөздерді өнімен Бижекең анық салды. Құлағымда түр өлі даусы. Жүрегім тарсылдап оянып кетіп, өкінгенім-ай. Баяғы кездегідей өзімді ессіз-түссіз бақытты сезініп едім...

Бұл түс Бибіні шошытты. Түсті өзінше жорып, «өй, сол байғұс опат болмаса несі?!»— деп жылауын үдетті. Алуаш халін сезіп жатқан болуға керек. Бибінің байқаусызда айтқан сөзіне ренжіген жоқ. Мені кетеді деп отырсың-ау, демеді. Қайта Бибіні жұбатқанын қайтерсің.

— Жылама. «Түс түлкінің боғы»,— деп біраз дем алып жатты да, бір уақ бар күшін жинап: «Шалың аман-есен келіп, қызығын көр, апа!» деп ап-анық сөйлеп бетін сыйпады. Сөйтті де көзін жұмып үнсіз қалды. Алуаш иек қаққанда апасының: «кұдайым-ау, не жаздым!» деп айқайлаған ащы даусы қоса шықты.

Елде Әбдеш деген сәуегей әулиеге Бибі осының алдында ғана өтініш қылған: Алуашым сауығар ма екен, құмалақ ашып бер— деп. Әбдеш алдына ақ орамалын жайып, «Сүф, ақ сөйле!» деп қырық бір қызыл шұбар құмалағын шашып кеп жіберді. Сонан кейін оң жақ құлағының сырғалығынан тартқылап ойланып отырды да, тамағын кенеп:

— Бибі айналайын! Құмалақты қоймай жүріп аштыртқан өзің. Бұл шіркіннің шарты бар: сөйлегенін бұлжытпай тура жеткізу керек. Бибі шырағым, ренжіме. Алдаш бұл дүниенікі емес,— дейді мына құмалақ. Мамырдың жиырма сегізінші жұлдызынан қалмай дәмі таусылады,— деген гүжілдеген даусымен нық сөйлеп.

Сол гүжілдек көріпкелдің айтқаны түп-тура келді, тіпті мөлшерлеген күніне дейін. Осы оқиғалардан кейін Бибінің жүрегі жөні жоқ суылдауды шығарды. Әбдеш сәуегей сол жолы: «үйінде тағы төрт жастық болады»

деп еді. Мадқапыда Бибі мұның мәнісін түсінбей қалды. Төрт кісі төсек тартып ауырады дегені ме, әлде «жүт жеті ағайындыға» мезгей ме? Оны сұрауға аузына жөпшенді сөз түспеді. Жүрегі дірілдеп, басы айналып, құлағы тарс бітіп, үйіне өрең жетті.

Көп ұзамай жағына жылан жұмыртқалағырдың айтқаны расқа шыға бастады. Алуаш дүние салғаннан біраз күннен кейін сүт кенже Ұлмаш қызылпадан өлді. Толық аты Ұлмекен еді. Кейде құдай тағаланың тұтас бір үйелменді ұл балаға зарықтырып қоятын әдеті емес пе. Бижан шаңырағы соларға жататын. Бауырына басқан Махсоты болмаса (ол інісі Панғалидың кіндігінен), кілең қыз туады. Алуаш осы Ұлмашжанға аяғы ауырлағанда үй-ішінің бөрінің құдайдан тілегені ұл бала болатын. Ұл ма екен деп қатты дөметкен.

Әйелінің босанар мезгілі таянғанда Бижан жүрегі алып ұшып тағаттамады. Өзін қоярға жер таппай, ақыры ішкі толқуын тез басатын даруы — саятына шықты. Қайтар кезін де мөлшерлеп қойды. Бижан университеттің үшінші курсына дейін акушерлік факультетте оқыған-тын. Ол кездегі қазақ ішінде ер адамның әйел босандыратын мамандықта жүруі оғашпау көрініп, мал дәрігері факультетіне ауысқан. Әрине, бұрынғы мамандығының көп сырлары есінде. Сондықтан екі қабат әйелдің ай-күнін мүлтіксіз есептей алатын ол, келіншегі қалжасын жеуге кіріскенде үйіне оралып та үлгерді. Есіктен кірер-кірмес, әдеттегісіндей, балалары жамырап қоршап алды. Біреуі мойнына, біреуі қолына асылып, қыл аяғы Майланға дейін етігін жалап қыңсылап, мөре-сөре болды да қалды. Балаларының бетінен сүйіп, шашынан иіскеп, Алуаш жатқан бөлмеге қарай аяңдап бара жатыр еді, қарсы алдынан шыққан сегіз жасар Бірлөні аяқ астынан аңырап қоя бергені емес пе. Сондағысы «Алуаш қыз туды» деп еңірейді. Бірлөннің дауыс қылуын жаман ырымға жорыды ма, Бижанның қабағы түйіліп кетті. Бір сөт сол қалпы тұрды да, қайта жадырап, Бірлөнін бауырына басты.

— Тек, жаным, жаман ырымға бастама. Мен үшін бөрің жақсысың. Алуаштың жаны қалғанына шүкірлік дейік,— деді де, тіпті көңілденіп:

— Алуаштың қыз туғанын сездім. Қалай дейсіндер ғой? Үйдің айналасында жан жоқ. Жым-жырт. Онысы несі екен? Бұл болмайды. Шілдехана жасап, қазір ырду-дырду думанға айналдырамыз бұл төңіректі,— деп күлімсіреп, нәресте жатқан үйдің есігін ашты.

Шіркін, не керек. Өтті-кетті бәрі. Әбдеш сәуегейдің «үшінші, төртінші жастық» деген жорамалы да азғана жылдарда іске асты. Тұрмысқа шыққан Қалы толғақ үстінде баладан өлді. Солай деп айтылды. Ден саулығы мықты еді, түсінбейді. Біреулер көз тидіге саяды. Мүмкін, кім біліпті. Дегенмен, қазақ ішінде бір ескеріле бермейтін жөйт — босанатын әйелдің көңіл күйі. Бибі өлімнің себебін іздегенде (жалпы сондай әдет бар ғой) соңғы жөйтті көбірек ойлайтын. Сары қарын тартқан өздеріндей кексе әйел емес, қыз бала сынғақ келеді. Сенің жүрегің көтерген жүкті, нәзік жүрек қалай көтере алмақ. «Сынғақ» дейтіні, Қалы күйеуге тиер алдында салмағы жүрекке түсетін екі бірдей хал кешті.

Бибінің тұңғышы Айша еркетотай, болбырлау да, Қалы ширақ, епті еді. Алуашты тұңғыш осы үйге келін етіп түсірген абыр-сабырда екі қыз үйқыдан жаңа оянған екен. Шешесі қалың қонақты бөлме-бөлмелерге орналастыру қамында. Жалпы тойды өткізу тізгіні бөйбішеге тапсырылған. Айша қай көйлек киетінін сұрап, екі қолын төрт ете алмай жүрген шешесін күтіп отырғанда, Қалы ілезде жуынып-шайынып, мұнтаздай таранып, тап-тұйнақтай киініп, «апалап» Алуаштың қасында отыр дейді. Келіннің бетін кім ашса сол ыстық екені мәлім. Алуаш та мынау бір ішіне кіріп бара жатқан сүйкімді баланы бауырына тартады. Екеуінің сыры да, жыры да бір, тонның ішкі бауындай жарасып кетеді.

Алуаштың науқастануы оны жанындай жақсы көретін Қалыға қатты батады. Сұлу апамды көрмесем тұра алмаймын. Бірдеңе жетпей тұрады дейтін Қалы аурудың қасына отырып күткісі келеді. Бірақ не себеп екенін, шешесі жібермейді. Алуашы да келгенін ұнатпай ма қалай? Алуаштың жұқпалы ауру екенін қайдан білсін.

— Алуаш өлі-ақ жазылады. Тек мазасын алмау керек,— дейді шешесі.

Аңқаулау Қалы бұған сеніп жүрді. Тек қашан жазылар екен деп тағатсызданады. Алуаштың өлуі Қалыға төбесінен жөй түскендей әсер етті. Қыз бала тебіренісі қатты болғаны соншалық, жылауға да мұршасы келмей талып қалды. Содан бері Алуаш еске алынса-ақ, бұл не деген бауырмал жан екенін, екі көзі боталап қоя береді.

Осы күні «стресс» дейміз ғой, сондай бір психологиялық қатты тебіреністен Қалы тағы бір рет жығылып тұрды.

Алуаш қайтыс болған соң оншақты күннен кейін Бибі бәйбіше ыбырсыған үй-ішін тазалап, қағып-сілкуге кіріседі. Тірі тірлігін жасауы керек. Төсек-орын, көрпе жастықты маусымда тізеден келіп жайқалып тұрған көк шөпке жайғызады. Айналада жайылып жүрген бірен-саран мал таптап кетпесін деп Қалыға күзеттіріп қояды. Күн ашық. Аспанда ұлтарақтай бұлт жоқ. Сонда да «қырық күн шілдеден басқаның бөрі қыс» деп қазақ тегін айтпайды. Анда-санда соққан бір жел қарып өтеді. Содан тітіркенген Қалы үйден папасының саятқа киіп шығатын плашын иығына желбегей жамылып, сөкі сияқты ыңғайлы бір орын тауып жайғасады. Бір уақта қыңсылаған, үрген дауыс естиді. Қараса, анадайдан Майлан ұшып келеді. Келе-сала, плаштың жеңіне түмсығын тығып жіберіп, ал қыңсыла. Қыңсылауы адамның жылауынан аусашы. Бұған не болды деп Қалы итіне қараса, көзінен парлап жас ағып тұр. Қалы маңдайына бірдеңе сарт ете түскендей болды. «Аңға шықпаққа иесін іздеп тұр-ау!»— деп жүрегін ұстады. Ойына найзағайдай жалтылдап тағы бірдеңелер келіп жатыр. Иесі аяқ астынан Оралға кетіп ғайып болғалы міне, аттай бір жыл, екі ай. Басқа жолдас-жоралары ұмытып кетіп еді, мынау хаюан ұмытпапты-ау. Иесінің исіне қанбай, жылап тұр!

Қала Майланмен қосылып, ал жыла. Сірә даусы қатты шығыш кеткен болуға керек, үйден жүгіріп келе жатқан біреудің аяғының тарсылы естілді. Майдан өлі қыңсылап плашты иіскелеп тұрған. Жаңағы жүгіріп шыққан Бибі болатын. «Не боп қалды?»— деп жетіп келді. Сонсоң бәрін мезетте түсінді. Қалы айтпаса да, көріп тұр. Енді Бибі бәйбіше көз жасына ерік берді...

Дәл сол жылы көп ұзамай Қалы тұрмысқа шықты. Қалының тым сынып кеткенін іштей сезіп жүретін Бибі қызының өміріндегі өзгеріске қуанды. Бой жеткен қыз піскен алмадай. Уақытында үзіп алған дұрыс. Орнын тапқанға не жетсін. Бұл — бір. Екінші, жас адам мына үлкендердің қайғысына ортақтаспауы тиіс. Құдайға шүкір, мына сұм заманда біраз өмір сүрді ғой. Жақсыны да, жаманды да көрді. Жастардың өз өмірлері өзінше болуға тиіс. Жаңа орында ұмытсын бәрін деп түйген. Келесі жылы тағы аңырап:

Қалы кетті бел асып,
Беліне белбеу жарасып,—

деп бебеу қағатынын қайдан білсін. Білгенде не істемек? Ай, біресе бетін, біресе... тағы бір жерін беретін дүние-ай! Ана байғұс Қалысы тіріліп келмейтінін біледі. Сонда да «Қалымды сындырған бала ма, қайғы ма?»— деп ойлай береді. Сол жұмбақты шешсе, Қалы тіріліп келетіндей. Бұл күндері ырымшыл, жоқтан өзгеден секем алғыш болып алған Бибі бөйбіше оңашада өзін мықтап шыңдайды. Құдайдың көріне ілігіп жүрерсің. Өзі берді, өзі алды. Тәубе. Қалған балаларым аман болсын,— деп тілейді. Бірақ сырт берген тағдыр аяғысы жоқ. Қалының артынан Бірлән жер томпайтты. Он екіге жинағанда құлағына шығу шығып ауырды. Тура келген ауру болып шықты.

Осы қайғы-қасіреттің бөрі жөнішпаған Бибі бөйбіше елуінші жылдардың бас кезінде ауыр науқастан дүние салды. Марқұм көзі жұмылғанша құдай қосқан жарынан күдер үзбеді. «Шалым оралады. Сібірге он жылға айдалыпты. Тек хат жазысуға құқынан айырыпты»,— деп сарғая күтумен санадан солды.

Бұрме тонға байланысты хикая осылай өрбіген. Оны Бижан киді ме, кимеді ме, бір құдай біледі. НКВД-ның ол кездегі біз білетін тәртібі бойынша иығына ілмеген де болуға керек. Тон апарылғаннан кейін жасалған құжаттың мазмұны мынадай.

Актіден көшірме

НКВД-ның Батыс Қазақстан облыстық басқармасы Үштігінің 1937 жылғы 25 қарашадағы Жанқадамов Бижанды ату жазасына кесу туралы қаулысына сәйкес үкім 1937 жылғы 2 желтоқсан күні 23 сағат 40 минутта орындалды.

Көшірме дұрыс: Үштік хатшысы Троицкий (қолы)

Түрмеден жанын қиып, денесін қапшыққа салып, өздері ғана білетін бір шұқырға апарып тықты ғой. Тықты дейтініміз оларды халықтан жасырып көмді. Жақында Жайықтың жағасынан сондай бір шұқырда көмілген адамдардың бастары, шұрқ тесік сүйектері табылды. Мүмкін Бижан мұрдесі солардың бірі болар. Ал бұрме тон сол түрмеде қалды дейміз. Тон киген өлік қапшыққа сыймайды ғой. Чекистің қолының тазалығы хақындағы аңызға бұл — бір мысал.

Екінші мысал — Үштік протоколындағы конфискацияланған жеке мүлкі хақында. Бижанды ұстаған бойда тінтеді. Сонда қалтасынан табылғаны — біраз қаражат.

Жолға шыққан адам қаражатсыз жүрмейтіні белгілі. Сол заттар 1937 жылғы 15 сәуірде №91, №34 квитанцияларына тіркеледі. Тұтқынға түскен Бижан Жанқадамовтан 560 сом ақша, 2600 сомның II-бесжылдық заемы облигациясы тартып алынды делінген. Квитанцияда түрме бас бухгалтері Петровтың қолы тұр. Қазір құқылық үстемдік құратын мемлекет орнатып жатырмыз дейміз. Заң бар жерде ар-инабат бірге жүруі тиіс. Ендеше сол азын-аулақ қаражатты Бижанның Оралдағы ұрпағына неге қайтарып бермеске. Одан ешкім байып кетпес. Ал өділеттің иығы өседі.

Өділет дейміз, екі сөйлейтін, әлдебір «биік» мақсат үшін өтірік соғатын бойға сіңісті өдетті қайтып қоямыз? Тіпті ызаң келеді: істерін істеп алып, боғын жасырған мысықтай өуре болатынын қайтерсің. Бір ғана Бижанның өлімін неше саққа жүгіртті чекистерің. Басында Бибі байғұсты күйеуің алысқа айдалып кетті, «отправили, отправили» деп бір алдады. Кейін заман түзелуге бет алып, балалары әкесі жөнінде қуынып сұрау салғанда: 1942 жылы асқазанының ауруын сылып тастауға кіріскен операциядан қайтыс болды деп екі алдады. Өйткені заңның беті күйсе, ардың да беті күйеді.

Құлағымыз үйренген сөз: өділеттілік жеңеді деген. Соған сенуден қалып едік. Бақсақ, босқа айтылмаған сөз екен. Түбінде өділеттілік, ізгілік жеңеді екен. Әділетсіздік, жауыздық қаншама жүгенсіз кетсе де, түбі жайы табылады екен. Соған әдемі айғақтың бірі ретінде мына бір «Справка» деп елеусіз аталған құжатты, шын мәнінде тарих үкімін оқып көрелік.

СПРАВКА

Жанқадамов Бижан, 1889 жылы туған, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ханкөл ауылынан. Түрмеге қамалғанға дейін Батыс Қазақстан облысы Казталовка аудандық жер бөлімі мекемесінде аға мал дәрігері болып істеген.

Б. Жанқадамовты 1937 жылғы 10 сәуірде НКВД Батыс Қазақстан облыстық басқармасы органдары негісіз тұтқындаған және НКВД Батыс Қазақстан басқармасы қасындағы Үштік қаулысымен соттан тыс рәсім бойынша атуға кесіліп репрессияланған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмысты істер жөніндегі сот коллегиясының 1992 жылғы 16 қыркүйектегі ұйғарымы бойынша Жанқадамов Бижан өрекетінде қылмыс құрамы болмағандықтан,

оның үстінен қозғалған іс тоқтатылды, марқұм Жанқадамов Бижан толық ақталды.

Батыс Қазақстан облыстық
прокурорының көмекшісі. Е. Еспанов (қолы)

26.10.1992.

«Репрессияланған» деген сөзді аударып өуре болып жатпадым. Құжатта «репрессирован к расстрелу» делінген. Мұны «атуға кесіліп жазаланды» десең, нахақ төгілген қанның мағнасын бермейтін тәрізді. «Жазықсыз жазаланды» десең, құжатқа жаныңнен сөз қосқаның. Мұндай еркіндікті заң құжаттары көтермейді. Бұл сөз тіркесінің қазақ тілі қорынан табыла қоймауына қарағанда, осы бір сұмдық жауыздық ұлтымыздың бұдан бұрынғы тарихында ұшыраспағанға ұқсайды. Ылайым солай болсын. Қанды империяның өзімен бірге ол жауыздықтың да аты өшсін.

2 шілде 1993 жыл.

«ҚҰСТАЙ ҰШТЫМ МЕН САҒАН...»

Ақын Нүкеш Бәдігүл алтыс жаста

Нүкеш, Нүркелді Бәдігүл оқырман жұртшылыққа бертінірек, жетпісінші-сексенінші жылдары танылған ақын. Менің өз басым оған көз тоқтатып қарай бастағаным 1986 жылдан. Баспагерлік жүйеде істеп жүрген кезім. Республика баспаханалары тәулігіне орта есеппен 100 мың дана кітап шығарып тұрады. Күн сайын не күн аралатып қызмет столымда «сүйінші даналар» (сигнальный экземпляр) бұрқырап үйіліп жатады. Шіркін, жаңа кітап дегенің өлгінде ғана бетін ашқан жас келіндей көздің жауын алады ғой. Әрқайсысын бір алып, ақтарып төңкеріп, рахатқа батасың. Бір күні өстіп жаңа кітаптарды қызықтап отырғанымда қолыма «Жалын» баспасы шығарған «Өмір сазы» (1986) атты кітап ілікті. Мүсіні келісті жасалған кітап екен, бетін аштым. Жинақ «Сыр» деген ақындық бағдарлама іспетті өлеңнен басталыпты.

Жасымнан жалған сөйлеп үйренбегем,
Сырласаң, сыр ашуға именбегем.

Қораштау көрінсем де жайшылықта,
Үлкенмін Ұлы елімді сүйгенде мен,—

деп, құлағының бұрауы келіскен шешен домбырадай сыңғырап тұрған өлең жолдарына сүйсіне қадалдым. Бөрінен терең мағыналы өлеуметтік ойды ақындық айтқыштықпен жан сөзіне айналдыра білгенін айтсаңызшы. Ол кезде «Жалын» баспасын жазушы Болат Бодаубаев басқаратын. Директорды сәтті шыққан кітаппен құттықтап болған соң, авторының жөнін сұрап, «бұ кім?»-ге көштім. Шыңжаңнан қара шаңырағына оралған азамат боп шықты.

...«Айхай, жиырма бес!» деп шырқалатын жастың үстіне енді шыққан еңгезердей ақсары қапсағай жігіт бұған қарағанда әжептәуір пәстеу қос серігімен мамыр айының мамыражай түнін жамылып, Бақтыны бөктерлеп, салып келеді. Ақсары еңсегей денелі жігіт өзіне өзі іштей кіжінеді: «Сол институтты өйтеуір бітірмейді екенсің, неге соншама создың. Бүгін 1962 жылдың 30 мамыры, Тым құрыса бір күн бұрын шекара жабылмай тұрғанда қимылдасаң ғой, бүйтіп ақ тер, көк тер болмайсың!» Іштегісін сыртқа шығарып, бірдеңе деп міңгірлеп барып, тілін тістей қойды. Масқара! Таң бозарып атып қалыпты. Ойпырмау, анау көрінген не болды? Жүрегі тіптен тарсылдай жөнелді. Анадайдан екі елдің шекарасын бөліп тұрған тікенек сым тор көрінді. Ақсия күліп, торды нұсқап, жолдастарын асықтырып, адымын аша түсті. Бірақ бұл асыққанмен Асқар асығар емес. Ілгері басқан аяғы кері кетіп, одан сайын қалып барады. Әлде бір уақта ышқынған дауыс шықты.

— Ағатайлар-ай, менің тынысым жетер емес. Енді қалдым ғой. Жарайды... аман өтулеріңе тілектеспін!

Ақсары «терек жұлған жігіт» атанған қарулы еді. Соған қарамастан, бұ да шаршап қара терге көмілген. Бірақ досының зарына шыдамады білем, кілт бұрылып ұшып келді де, Асқарды арқалай жөнелді. Жан ұшырып, тіпті бос келе жатқан жолдасынан оза жүгіріп, тікенек сым торға да жетті-ау. Жаңадан тынысы ашылғандай күш пайда болып, арқасындағы жолдасын тордан асыра лақтырып, өзі тор арасынан лып етіп өте шықты. Өткен бойда борпылдақ сары топыраққа күмп берді. Әке, шешесінің туған топырағының шетіне іліккеніне қатты толқыды ма, құшағын жая берді аймалап, өксіп жылай бастады. Жолдастары бұның денесі алып көрінгенімен, жүрегі нәзік екенін жақсы білетін. Об-

лыстық газеттерде өлеңдері шығып, ақын екендігін о жақтағы жұртқа мойындата бастаған. Қазір міне, жолдастарының басу айтуына тоқтар емес. Осы кезде шекарашы кеңес солдаттары да жетіп үлгерді. Орнынан сүйретіле тұрған ақсары жігіт «бауырларым-ай!» деп құшағын жайды. Өлі есін жия алмай, боздап тұр. Солдаттың бірі орысшалап: «у него истерика» деді. Сол, солақ екен, шекарашының біреуі оны шапалақпен екі бетке тартып-тартып жіберді.

Қалың елім,
Құстай ұштым мен саған,
Құшағыңды, мейіріңді аңсағам.

деп, кейін Нүкеш ақын сол атажұртқа асыққан кездегі «енесіне құйындатқан құлындай» күй-жайын «Енші» атты өлеңінде барынша төгіліп жырлаған еді.

Шығыс Түркістанда балалық, бозбалалық шағын өткізіп, Атамекенге соншалық үздігіп, махаббат, сағынышпен оралған ақын-жазушылардың ой кешуінде біраз өзгешеліктер байқалады. Бұл өзгешеліктердің табиғатын, шығармадағы болмысын зерттеу өдебиеттану ғылымының өлі атқарып үлгермеген борышы. Отанына оралғандардың шығармаларын оқып отырғанда, мысалға, қазақы дәстүрді жаңғырту, ел-жұртымыздың ежелгі асыл қасиеттерін сақтап қалу тақырыптарына ойысқандық аңғарылады. Қай елінің материалын талшық етсе де, олар екі жаққа ортақ мәселелерден толғанады.

Нүкештің «Енші» жинағында (1992) іркес-тіркес жарияланған «Әй, жас ұлан!» және «Несібелдінің қатыны немесе Мұстақымның өлімі» атты екі өлеңі бар. Бірінші өлең материалы қалалық қазақтар өмірінен алынған. Сюжеті Қазақстандық. Екіншісі Шығыс Түркістан ауылы өмірін толғайды. Біріншісі уағаз жолымен, екіншісі нақтылы поэтикалық сурет арқылы артына ұрпақ қалдыру, мирастық проблеманы шығарманың идеялық қазығы етеді. Мұның бүгінгі күні исі қазақты тебіrentетін проблема екенінде сөз бар ма.

Біз ақ-қараны сарапқа салып өлі төселмегенбіз. Көп уақыт бойы дүниені екі лагерьге бөліп, бірін мақтадық, екіншісін даттадық. Ақыр аяғында іріп-шіріді деп жүргендердің соңында тезек теріп қалған жөйіміз бар. Арғы беттен келгендер үстем идеологияның өлгіндей өзін өзі адастырған айғай-ұйғайына еліткен жоқ. Өйткені ондай көпірмеге өздері де аузы-мұрнынан шыға тойып келген

болатын. Бірақ бұдан олар саясат ауылынан мүлде көшіп кетті деген ұғым тумаса керек. Енді бақсақ, саясаттың салдарына көбірек үңілгендей.

Қазір қайсыбіреулер көркем әдебиет саясаттан аулақ қонуға тиісті десіп жүр. Ал сол саясат сүттей ұйыған заманды ірітсе ше?

Осы сұрақты Нүкеш Бөдіғұлдың «Ызғар» (1992) атты поэмасы алға тартады. Өнеу бір жылдары Қытай қырғын саясатпен тым өуестеніп кетті. Оның ызғары торғайдың қанатын үзіп қана қойған жоқ. Адамдардың адамдық қатынастарына дейін салқыны тиген. Тіпті бұзылмайтын достықты, айнымайтын бірлікті бүлінген заман бүлдіріп кеткенін поэма айшықты тілмен жеткізеді. Соның көріністерін уытты тілмен шенейді. Жастығың өткен жер өмөнда ыстық. Соған жетем деп аңқылдап келген ақ көңіл су сепкендей басылады. Төс қағысамын деп көруге армандап келгенде өңшең күдікшіл, секемшіл адамдардың ортасында қалады. «Байқау керек, баспалап келген қу боп» жүрмесін деп сақтануы былай тұрсын, шатынаған көздерімен шеней қарайтынын қайтерсің. Автор бұл шақта ақын есебінде толысқанын, кең өріске шыққанын бастаған ойын өдемі аяқтауымен де дәлелдейді. Көңілі құлазып қалған лирикалық кейіпкері, сағынышын бұл келгенше о дүниеге аттанып кеткен ескі досының қабіріне «көміп кетеді».

Алайда поэма идеясы сызықтың арғы жағында қалып қоятындай көңіл өксігіне ұқсамайды. Саясат шуақты да, ызғарлы да болады. Замана, ел пиғылы бұзылмауының шарты саясат тізгінін дұрыс ұстауға байланысты.

Алаңшы боп жатқа да, жақынға да,
Алаңшы боп балаға, батырға да,
Күллі өлемге күн тілеп мамыра жай,
Шырылдаған көгершін-ақын ғана!

«Ақындарға»

Бұл шумақ «Әппақ дүние» (1989) жинағынан алынып отыр. Осында қабылданған ақындық кредо Нүкештің «Өмір сазы», «Енші» жинақтарында бүкіл өлеңдерінің өзегіне айналғандай сезіліп отырады.

Нүкеш поэзиясы жер астынан шым-шым аққан бұлақ көзіндей жүрегінен табиғи туындайды. Бұл ақын кей өріптесі сияқты тақырыпқа кенде емес. Және тақырыбы жақсылыққа арналады. Сонау балалық естияр шағынан бастап кісіден иненің жасуындай

жақсылық көрсе, соның бәрін жүрегінің асыл қазынасы еткен.

Сол ағажан жасамаса кісілік,
Қарар ма едім,
Өлер ме едім үсініп?..
Содан бері ізгілікке үн қосып,
Асыл жанды жүрем еске түсіріп.
«Құшақ»

Кісілік — адамгершіліктің жеке пенде бойындағы көрінісі. Нүкеш Бөдіғұлдың «Сурет сыры», «Жетім қозы», «Қара бала» т. б. көп-көп өлеңдерін оқығанда дәл осындай қорытындыға келесіз. Мақтаса, жеті қат көктен бір-ақ шығаратын, сынаса табанға сап таптап тастайтын әдет бұл ақынға сіңбеген. Ол жарқылдақ бояуларға құштар емес. Ол үшін нағыз өмір — қоңыр өмір. Кейіпкерлерін соның күңгей жағынан тауып тамашалайды. Нүкеш тіпті берген сөлемін алмай кеткен ағасын жамандыққа қимайды. Наз, өкпесін айта тұра, ағасын ақыры ақтап алады.

Нүкештің лирикалық қаһарманы өзіне көп ұқсас. Жазушылар Одағына келіп кетіп жүргенде бір байқағаным — Нүкештің аңқылдаған ақ көңілділігі, үлкенге де, кішіге де үйіріліп тұратын бауырмалдығы, қаламгерлердің бәр-бәрін өзімен бірге туған туысындай жан тартатыны, арын таза ұстайтын адалдығы. Алматыға келгеніне биыл табандатқан отыз үш жыл. Сол уақыт ішінде екі-ақ жерде (Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші, Қазақстан Жазушылар одағындағы көркем әдебиетті насихаттау бюросында, Одақтың өз аппаратында) тұрақтап табандап қызмет еткені бұл адамның еңбек сүйгіштік, орнықтылық, баяндылық мінездерінен хабар берсе керек.

Жазушылар одағы — сөз ұсталарының дүкені. Осы дүкенде ол өлең суарып шынықтыру мектебінен өтті. Өзіне қояр талап деңгейін биіктетті. Өткендегі ізденіс жолдарының артық-кем соққан тұстарын, сөтті-сөтсіздіктерін аңғаруды үйренді. Талай бөйгеге қатысып, бағын сынап көрді. Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты атануы сол аламанның біріндегі жұлде.

Осы тұста Нүкеш Бөдіғұлдың «Досыммен сырласу» өлеңі мен «Зергер» поэмасы еске оралады. Еске оралатыны — әдебиет жұлдесі жайындағы Нүкештің өз түсінігі. Ақын пікірінше, бөйге — мұрат емес. Мұрат — нағыз өнер биігіне самғауда. «Бөйгені тұлпар алмай,

тұғыр» алуы да мүмкін. Қайсыбір дардай сыйлық жүлдегері атанған кітап ертеңіне ұмытылады. Өйткені «тұлпарша жал-құйрығын сүзгенменен, қой торы» тоқпақ жүрісімен мінгізіп жарытпайды.

Ақын табынатын тәңірісі — өсемдік, сұлулық. Қара темірге жан бітіріп, білезік жасап сөйлетіп, аңыз айтқызып қойған зергердің не арманы бар екен, дейді Нүкеш поэмасы. «Шал мен шалғы» поэмасы да осыған ұқсас ой тербетеді. Жөй еңбектің жырға айналған сөтін таңырқайды.

Сағындым жасыл майсаны,
Жапырып тұрып аунайтын.
Сырылдап тартқан ай-шалғы,
Үнімен мені баурайтын.

Оқиға қуаламай («Қастандық» поэмасы), өстіп өмір деталіне назар тігу, шағыннан үлкен құбылыс ағынын көре білу — Нүкеш талантының табиғатына мейлінше етене қасиет.

Әдебиетке өдемі ниет аздық етеді. Ол шабытқа зөру. Өлеңнің желкенді қайығы өрдайым шабыттың айдын шалқар өрінен табылса, ақын кеудесіндегі кендерден кенеулі жыр жарып шығары даусыз.

Шабытыңыз шалқи берсін, Нүркелді Бөдіғұл ақын!

5-желтоқсан, 1996 жыл.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР

Қазақ әдебиеті тарихында айырықша орынға ие жазушының бірі — Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қабдеш Жұмаділов. «Айырықша» деген сөздің астын сызып айтқым келеді. Олай еткізетін себеп — жазушының суреткерлік құлашының кендігі, нақтылай түссек, шығармаларының екі дүниеге барабар — Шығыс һәм Батыс Түркістан аймақтарының арғы-бергі тірлігіне, тарихи көшіне соншалық етене қабысқан сыр-сыйпатымен ерекшеленетіндігі. Ондай қаламгер әдебиетімізде жыртылып-айырылады деп айта алмасақ керек.

Сөйтіп ол екі елдің өзінше бір телқарасы. Қытай мен Қазақстан шекарасының о жақ, бұ жағындағы «біз де қазақпыз» десетін жұрт, тарих салған ендеріне қара-

мастан, Қабдеш Жұмаділов көркем өлемінде туыс, бауырлас ел ретінде қауышатындай. Сызықтың екі жағындағы тілі, ділі бір халық, оның қаламынан туған дүниелерді, мейлі Шыңжан туралы, мейлі қара шаңырақ Қазақстан туралы жазылсын, жатырқамай, төл дүниесіндей қабылдайды.

Бүгіндер сол жазушымыз өдеби адымы ширақ, кібіртік көрмеген қалпында, кең маңдайын кере жазып, алпыстың асуына көтеріліп барады. Бұл айтылғанға «ел қошеметіне бөленіп» деген сөздерді қоссақ, тіпті орынды. Ұлттық бояуы қанық, реалистік өрнектері айшықты, талдау-толғамы терең, ешкіммен шатастыра алмайтын стильдегі шығармалары арқылы Қабдеш Жұмаділовты қос елі шыншыл, талантты, қаламы қарымды жазушы деп әлдеқашан танып білген.

Ол оқырманына ізденгіш мінезімен де сүйкімді. Бұл жазушының ендігі өзек жарды ойы дүниеге тарыдай шашылған қазақты көк тудың астына жинау болса, бұған қай қазақ оқушысы селт етпейді? Ол соңғы уақыттарда мемлекеттік саясат дейтін істерге құлағын түрік ұстап, Қытай секілді айла-шарғысына құрық бойламайтын империяның аңысын аңдауға себепші болар ма деп, біздің бірсыпырамызға бимәлім кілтипандардан сақтандырмаққа аянып жүрмеген кейіп танытады.

Осылайша, Қабдеш, ел-жұртына қамқор ежелгі ақын-жырау дәстүріне бағып, өзін жаңа бір қырынан танытып отыр. Әлдебіреу аштан қырыламыз деп бодандық қамытына мойнын тосады. Мұндайлар тоталитарлық жүйе тұсында қанша қазақ қырылғанын тарс естерінен шығарады. Замана өлде қалай болады деп секем алып, өліптің артын бағушылар да аз емес. Қабдеште ондай мінездің бірі де жоқ. «Ауызға келген түкірік, қайта жұтсаң мөкүрік» дегендей, ол әрдайым ішін ашып сөйлейді. Кешегі Кеңестің өркімнің аузын баққыш қатал заманында да ол бұққан, бұйыққан қаламгер көрінбейтін.

Тәуелсіздік талаптарынан бағыт тауып, қуат алып қайраттанған ол қазір нағыз дер шағында. Болат суы қанған қаламы күшті, сақа жазушыларымыздың бірі саналатын Қабдеш Жұмаділовтен әлі күтеріміз көп.

Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде туған. Туған жері Қытайдың Шыңжаң өлкесі, Шәуешек маңайындағы Малдыбай деген қоныс. Күнгей Тарбағатайдың осы тұсы құдды пейіш дерсің. Алақол табиғат Тарбағатайдағы Етікші шыңының теріскейіне яки біз жағына небәрі үш өзен берсе, күнгейінде жамыратып жиырма өзен ағызады. Тастаған таяғың тал боп өсетін, құнарлы, қаратопырақты осы қонысқа Қабдештің ата-бабалары XVIII ғасырдың екінші жартысында, Абылай тұсында орналасқан. Мұнда бастап алып келген — Қаракерей Қабанбайдың үзеңгі қағысқан серіктерінің бірі, бұл өңірді жоңғарлардан тазартуда ерекше қайрат көрсеткен, төртуыл руының бас батыры Баймұрат. Соңғы уақыттарға дейін төртуыл жауға шапқанда Баймұраттап шабатын болған. Баймұрат, оның туған інісі, Қабдештің сегізінші атасы Бәймембет атақты Бұқа батырдан тарайды. Бұқа Жөңгір хан билігінің соңында, өз Тәуке билігінің алғашқы кезінде өмір сүрген. Жоңғарлар алғаш қазақ жерін басып кірген кезде қол-бастап, күші басым жаумен қан майданда мерт болған. Бұқаның зираты Ақсуат ауданы, Қарғыба өзенінің бойындағы Бұқа шатқалында.

Сәбеңше, Сәбит Мұқановқа ұқсап, үңгілей жөнелсек, Бұқа төрт ағайынды кісі (Бұқа, Шәтік, Ертізер, Сүйіндік) Ақбарақтан тарайды. Ақбарақ, Ақболат, Қартбарақ, Аңдабарақ деген төрт ағайынды кісілер Төртуыл немесе Төртұғылдан туады. Төртуылдар негізінен жоңғардан босаған Алтай мен Тарбағатайды, жалпы Жоңғарияны қазақтар мекендеген кезде Зайсан мен Қара Ертіс бойын, Тарбағатайдың теріскейі мен күнгейін, күнгейі болғанда қазіргі Шәуешек маңайын иемденген. Кезінде Төртуылдың жері біртұтас болып көрінгенімен, кейін Ресей мен Қытай арасында XIX ғасырда шекара жүргендіктен, бұл ру екіге бөлініп қалған. Осыған байланысты мынадай аңыз бар.

Төртуыл атасы Төлегетайдан төрт ұрпақ тарайды. Қаракерей, Матай, Садыр, кенжесі Төртуыл. Сол Төртуыл бір күні түс көріп, түсін атасы Төлегетайға жорытады. «Ата, мен өзім бағыш жүрген қысырақтың үйірін түсімде бір жерге жия алмай өуреке түсіп шапқылаумен болдым» деген екен. Сонда Төлегетай атасы тұрып: «Апырый, балам-ай, ұрпағың бытыраңқы боларма екен» деп жорыған екен. Сол айтқаны дәл

келген. Шеуешек маңында жайласқан, бір ауданды тұтас ұстап отырған алты болыс төртуыл 1962 жылы Қазақстанға ауып келді де, қазір Шығыс Қазақстан, Семей, Талдықорған облыстарына бөлініп жайғасты.

Енді жоғарыда үзіліп қалған өңгімені жалғасақ, Беймембет, Қараменде, одан Табылды, Жабағы, Смайыл, Күдері және Жұмаділ, одан Қабдеш. Қазақ шежіресінің ата қуатын дәстүріне баға жетпейді. Бірақта атабабалардың ізін жадында көмескі ұстайды. Осы аталғандардан жұрт есінде бертінгі Смайыл зөңгі қалған. Ол қазақтарды отырықшылыққа, егіншілікке баулыған. Қытайдың Маңшын патшалығынан бір тоған су алып, Сібеті өзенінен алты құлақ су ағызып, еліне егін салуды үйреткен. Ал Күдерінің іздері тіпті айқын сайрап жатыр. Күдері 1920 жылы қырық бес жасында қайтыс болған. Ол мешіт салғызған адам. Ақынжанды, шежіреші Күдері нұсқасында найманды тоғызға бөледі. тоғыз таңбалы найман деп атайды. Осы Найман шалдан қалған Белгібайдан бас алғызады. Одан тоғыз рулы ел тарайды. Бұларды қонысына қарай үш топқа бөледі Үлкені бөйбішеден бас құрайтын Төлегетай Наймандар аталады. Одан тарайтын төрт төлегетайды жоғарыда айтқанбыз. Жаңағы тоғыз таңбаның төртеуі осы төрт төлегетайға, яғни Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуылға тиген.

Бұдан соң тағы бір екі таңба Ұлытау наймандары Балталы мен Бағаналыға тиеді. Сонымен алты таңба кетті. Енді сонан кейінгі үш таңба Ертіс бойындағы Ергенекті наймандар үлесінде. Олар — Көкжарлы, Бура, Саржомарт, Әсілі, наймандар он таңбалы. Таңба жетпей қалған кіші отау бір ағасының таңбасын кері айналдырып басып пайдаланыпты да, олар Терістаңбалылар аталыпты. Абылай, Қабанбай тұсында сол тоғыз таңбалы найман һәм кенже отау — Терістаңбалы бір түмен әскер шығарып келген. Бұлар бір-бір мыңнан сарбаз жинап, ту түбінде тұрған.

Жұрты өз араларынан шыққан жазушыны «асылдың тұяғы» атағанда, көбінесе осы Смайыл мен Күдеріні еске алады. Күдері сол маңдағы елдің сарымойын, төбе биі болғандықтан, ақындықты ұстамаған. Сонда да шаршы топты аузына қаратқан шешендігінде ақындығы төбе көрсетпей қоймайтын. Әсіресе жас кезінде той-томалақтың қызды-қыздысымен айтысқа да қойып кетіп жүрген. Содан бір көріністі біз Қабдешті лауреат атандырған «Тағдыр» (1988) романынан кездестіреміз.

Дәмелі дейтін Жұмық руының ақын қызы айтыста Күдеріні қатты састырады. Күдерінің Байсерке деген жақын ағалары атағы шыққан барымташы ұры екен. Соны бетке басқан Дәмелі:

Байсерке сенің ағаң залым еді,
Зарлатып момын елдің малын жеді.
Сонда да Төртуылға шыр бітпейді,
Арамдық жұртқа қашан жағып еді,—

деп тасқындата жөнеледі. Күдерінің маңдайынан тер бүрқ ете түседі. Не айтарға білмей сасқанда, төменгі жақта осы елге тұрмысқа шыққан Төртуылдың бір қызы «кешегіні есіңе ал» деген белгі береді. Күдері қуанып бас изеп «түсінікті» деп жауап беруге ыңғайлана береді. Дәмелінің атасы ұйқысырап па, өйтеуір келінінің көрпесін ашып қойыпты. Соны еске алған Күдері:

Дәмелі-ау, жақсы менен жаман тең бе?
Жамандап жалпақ елді мұның жөн бе?
Бір өшің кеткендей-ақ шүйлігесің,
Атаңа қол салдырған саған мен бе?—

деп сарт еткізеді. Дәмелі сонда орнынан атып тұрып, «Апырай, қай дұшпаным жеткізді» деп жылап жіберіп, үйден ата шығады.

Қабдештің өз әкесі Жұмаділ әке байлығын жұмсап, ауылында бастауыш мектеп салдырған. Сондықтан ауылы мәдениетті, сауатты ауыл атанған. Әсіресе үздік оқып жүрген талапты жас шөкірт Қабдешке немере ағасы Нұрахметтің игі өсері тиген. Нұрахмет соғыстан бұрын САГУ-де, Ташкенттегі Орта Азия университетінде оқыған, қазақ тілінде шыққан кітаптарды көп тасымалдаған. Бізде кітаптарын оқуға тиым салған Шөкөрім, Мағжан, Сөкен, Бейімбеттерді бұлар жаттап өскен. Ауылда төртінші класты төмөмдаған Қабдеш кейін Шәуешектегі гимназияның оқуын тауысып жүргенде ендігі білім ордасы Алматы, Ташкентте екендігіне қанып, сол жаққа көз тігетін болған.

Қабдештің бағына білікті мұғалімдер кездесті. Олардың көбі, мысалы Мұхтар Әуезовпен семинарияда қатарлас оқыған Тұрсын Жаңабаев, атақты өнші Шөкен Елубаевтар Қазақстаннан отызыншы жылдардың басында ауып келгендер еді. Абай, Мағжандарды жатқа соғатын Тұрсын мұғалім жас талап жүрегіне өдебиетке деген сүйіспеншілікті еге білді. Ал Қисам Баудин дей-

тін татар мұғалімі орыс классикасын тіпті сабақтан сырт қалып та қазақшалай өңгімелеп беруге шебер еді. Сол Тұрсын, Шөкендер бұ жақтан да байыздап орын таппады. Елуінші жылдардың басында қызыл қытайлардың оғына ұшты.

Жас, балғын жүректің кенет өлеңдете бастауы, поэзия өлеміне қанат қағуы ғажайып құбылыс. Өлеңді мынау жайнаған өмірге ғашықтық жазғызады. Кеудедегі ыстық сезім қайнап сыртқа тебеді. Тілін ашуды тілейді.

Ат тұяғы дүбірлеп,
Түн тынышын бұзады.
Сонау алыс көкжиек,
Отты сызық сызады.

Бұл Қабдештің жас қаламынан туған тырнақалды өлеңдерінің бірі. Оқыған кісіні түнгі ауылдың бөлекше романтикасына бөлейді. Жас жігіт тамылжыған табиғат құшағында осылайша мүлгіп қиялдана берер ме еді, қайтер еді, таң атпайын десе де күн қоймайдының кері келмесе. Ресейден басталған дауыл ол кездерде Қытайға да жетті. Бұрқаған тасқын жас жеткіншекті жаңқадай жұлып өкетті.

Қабдеш сегізінші класта оқып жүргенде өлең жаза бастады. Ол өлеңдері Тарбағатай аймақтық, Шыңжаң өлкелік газеттерінде үзбей шығып тұрды. Оныншы класты бітіретін 1956 жылы Үрімжідегі «Шұғыла» атты журналдың бірінші санында «Жамал» деген өңгімесі жарық көрді. Жазу-сызудағы осы ілкі қадамдарының өзінен-ақ Қабдештің есею жылдары тым ерте басталғанын көреміз.

Балғын талапкердің алғашқы өлеңдеріндегі өлеуметшіл лирикалық қаһарман, прозасындағы ел қамын жегіш авторлық тұрғы жастық дәуреннің махаббат, қызығы мол ауылында Қабдештің көп аялдамағандығына айғақ. Прозадағы тырнақалдысы «Жамал» қыз жөйін мүсіркейтін дәстүрлі тақырыпты толғайды. Мұхтар Әуезовтың «Қорғансыздың күні», Сәбит Дөнентаевтың «Көркемтай», Қошке Кемеңгеровтың «Жетім қыз» секілді өңгімелерін еске түсіреді. Солардағы жаны ауырғыш, өділеттілікті, теңдікті көксегіш сарын «Жамалда» жаңа материал негізінде жаңғыртылады.

Жас қаламгердің жадыраңқы қабағының ерте түйюіне былайғы тағдыры жөне себепші болады.

«Қожайындары араздасып кергілессе, жігіттері со-

йылға жығылады» дегендей, Кеңес Одағы мен Қытай секілді екі алыптың біресе достасып, біресе қастасуы жеке басының тағдырына тікелей әсер етеді деген ой Қабдештің үш ұйықтаса түсіне де кірмеген жәйт еді. Құданың құдіретімен, соны да бастан өткізуге тура келді. 1956 жылы гимназияны үздік бітіргенде, қуанышқа қуаныш ұласып, Шыңжаңнан Кеңес еліне оқушы шығаратын науқан басталды. Со жылы Шыңжаңның он аймағынан елудей бала іріктеліп, Алматы мен Тәшкентке оқуға жіберілетін болды. Солардың санына қосылған Қабдеш, 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетіне оқуға түсіп, еншалла арманыма жеттім бе деп жүргенде, аяқ астынан екі елдің ара қатынасы нілдей бұзылды. Қытай үкіметі Кеңес Одағында оқып жатқан студенттерін қайтарып ала бастады. Сол жылы жөне Шыңжаңда ұлтшылдыққа қарсы дейтін қызыл танау науқан өршіді. Соған орай Қабдештерді 1958 жылдың жазында Үрімжіге қайтарып алып кетті. Сол беті оқудан қол үзіп қала берді.

Уақыт әрқалай өтеді. Жар құшағындағы ғашық, түннің қалай қас қағымда зыр ете түскеніне қайран қалады. Ал жазалап күйрығын табаққа шығырған бейбақ үшін уақыттың бір секундті жылға созылғандай өтіп болмайды. Қабдештің Қытайда өткізген кейінгі төрт жылы дәл осы соңғысына ұқсас еді. Бара салысымен басына бұлт үйірілді. Жиырманың үстіне енді ғана шыққан жас жігітке ұлтшыл, оңшыл деген қалпақ кигізіп, айдар тақты. Идеялық түзету, шындау мақсатында еңбекпен өзгерту майданына жіберілді, Үрімжінің оңтүстік батыс жағындағы алпыс километр жердегі Шисаң деген тауда орналасқан көмір кенінде бір жылдай жұмыс істеді. Мұнда көмір ортағасырлық төсілмен қазылады екен. Беліне арқан байлап жер астына түседі. Арқанға байланған көмірді жер бетіне шығарысады. Осындай табандатқан бір жылға созылған азапты еңбектен кейін Қабдешке сөл-пөл жеңілдік жасалған болды. Өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге рұқсат етті. Қалған үш жылда Үрімжіде шығатын газетте қызмет атқарды, бірақ жазу құқынан айырды. Өлең, өңгіме, мақала жазуға тиым салғандықтан, газетте әдеби қызметкер ретінде мақала өңдеді.

Сонымен не керек 1962 жыл келді. Ол Қабдештің аспанында үміт жұлдызын жақты. Тарбағатай, Құлжа

өңірінен көктемге қарай көптеген қазақтар бері қарай босып өтті, шекараны бұзып өтті десең де сыяды. Бұдан бұрын да қазақтар заңды түрде, құжат түзеп өтіп жатқан болатын, ал аяқ астынан шыққан жаппай көші-қон 1962 жылдың сәуір айында басталды. Былай қарағанда, жұрт стихиялы қозғалғандай көрінгенімен, оның қыс бойы даярлық жұмыстары да жеткілікті жүргізілген-тін. Осыған елді жұмылдырған, пікір ұйыстырған кісілер болды, Қабдеш сол топтың жуан ортасында жүрді. Мұны жансыздары арқылы біліп отырған өкімет орындары көші-қонға мұрындық болғандар деп жеті адамның тізімін жасады, солардың ішінде Қабдеш Жұмаділовтың де есімі жүрді. Бірақ бұлар қолға түспеді, шекарадан дер кезінде өтіп үлгерді.

Ал енді осы шекарадан өту жөнінде бір ауыз сөз. Қабдеш шекарадан 1962 жылы 24 сәуірде күн шығып келе жатқанда өтті. Шекараның Қабдештер өткен тұсы Шәуешектен небәрі жиырма шақырымдай жер болатын. Түн ортасында көліксіз жаяу-жалпылап өтуге тура келді. Ол кезде жан-жақтан аңыздаған қалың көп шекараның әр тұсынан аңдыздап өтіп жатқан. Бұл жақ әр тұстан сымдарын жинап тастап, босқындарды қабылдап жатыр. Бір орыс майоры Қабдештің де аты-жөнін тізбекке енгізді. Туған жылын сұрағаны үстіне, айын-күнін сұрап жөне қадалды.

Қабдештің шекарадан қалай өткенін тәптіштеп жатқаным осы туған күніне байланысты. Ол жылдары тіпті сауатты саналатын қазақ та баласының туған күнін есте ұстай бермейтін. Менің өз ата-анам пәлен жылы орақ басталғанда туғансың дейтін. Студенттік досым Көдебай: «Әкем күз аяғы боқ қатып жатқанда тудың деп айтады» деп күлдіретін. Сол секілді Қабдеш те туған жылын дөп басып айтқанымен, туған айы-күнін білмейді. Оған да «қозы қоздап жатқанда дүниеге келдің» дейді екен. Сондықтан сәуірде қой қоздайтынын білгенімен, нақты бір күннің етегінен ұстауға жүрегі дауаламайтын. Бірақ бұл жолы ол ойланбастан: «24-сәуір» деп дық еткізді. Сонда жаңағы майор бетіне жалт қарады: «О, құттықтаймын, бүгін сіздің туған күніңіз екен ғой» деді. Содан бері 24-сәуір Қабдештің туған күні, әрі ата жұртқа аман-есен оралған күні боп бірге тойланып келе жатыр.

Қазақстанға оралған соң университеттегі оқуын жалғастырды. Бұзау арасындағы тайыншадай көрінсе

де, соған шыдап, кейінгі жастардың қатарында бірдей оқуын бітіріп шықты. Бұл — 1965 жыл. Оқи жүре бұрқырата жазу жазды. Кейін «Қазақ әдебиеті» газетіне қызметке орналасты. Қызмет істеген жері үш-ақ жер: «Қазақ әдебиетінде» үш жыл, «Жазушы» баспасында он жыл, Баспа, полиграфия және кітап саудасы комитетінде бес жыл. Осымен Қабдештің кеңседегі жылдары аяқталады. Онда уақытым босқа өтті деп айта алмайды. Талай кітаптар оқып, пікір ұстартты, өз аяқ алысын аңдады. Сөйтіп 1981 жылы біржола творчестволық, шығармагерлік жұмысқа ауысты.

Қабдештің алғашқы кітабы өлеңдер жинағы, «Жас дәурен» деп аталады. Ол 1967 жылы жарық көрді. Мың жарым жол өлеңі бар жұқалтаң жинақ. Баспаның іріктеп, екшеген түрі. Талай өлеңі сыртында қалып қойды. Оның есесіне келесі жылы «Қаздар қайтып барады» деген өңгімелер жинағы толықтау, семіздеу шықты. Одан соң роман деген айдыңға құлаш ұрды. 1969 жылы «Көкейкесті» жарияланды. Жалпы Қабдеш Жұмаділовтың қаламынан бүгінге дейін жеті роман, бес повесть, көптеген өңгіме, мақалалар туды.

Туындыларының тақырыбы алуан-алуан. «Көкейкесті» студенттер өмірін қозғаса, «Соңғы көш» диалогиясы (1974, 1981) Шығыс Түркістанға ой-қиял қуатымен қайта оралады. Содан кейінгі «Атамекен» романы Тарбағатайдың теріскейі мен күңгейін қоса, өріп суреттейтін роман. Бұл 1985 жылы жарық көрді. Осыдан екі жыл өткен соң 1988 жылы Қабдешке зор мәртебелі Мемлекеттік сыйлық өперіп, бағын біршама ашқан «Тағдыр» романы дүниеге келді.

Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығарма аламан бөйгеге түседі. Жарысқа түскен майталмандардың сыншысы болады. Сол кезде мен де пікір білдіріп, «Социалистік Қазақстан», қазіргі («Егемен Қазақстан») газетіне «Ел тағдырын ойласқанда» деген мақала жазып, «Тағдыр» романы жоғары сыйлық салмағын белі қайыспай көтере алатын жаңашыл туынды, деген қорытындыға келген едім. Сол мақаламның ұзын-ырғасын осы жолы да еске алғым келіп отыр.

Сынға от алдыратын нәрсе — көркем шығарманың өзіндік тың концепциясы және бүгінгі қоғамның толғағы жеткен мәселелерімен тығыз байланыстылығы.

1990 жылы жарысқа түскен «Тағдыр» романы қызыл империя өлсіреп, өзінің барлық салаға, оның ішінде көркем сөзге деген тоталитарлық бақылауын, өктемдігін азайтқан кезде дүниеге келді. Оның үстіне роман бұрын күмілжіп, күңкіл етіп, бер жағымызға шығара алмай жүрген мәселені, ұлы империя мен бодан елдің ара қатысы секілді өткір проблемаға бет қойды. Меніңше, Қабдеш Жұмаділов романына жұртшылықтың ықыластана ден қоюы, бір ауыздан құптап сыйлық беруі оның осы қасиеттерін бағалағандығынан болар деп ойлаймын.

Қабдештің Шыңжаңда тұратын қазақтар туралы «Соңғы көш» романын жазғанын жоғарыда айтып өттік. Сурет, тілі айшықты шығармаға сын кезінде жылышырайлы қабак танытты. «Тағдыр» романында да кешегі қаймағы бұзылмаған қазақ ауылының тынысы, көлеңкесі мен шуағы, қуанышы мен қайғысы суреттеледі. Ерекшелігі — көтерген проблемасының ірілігінде, ауқымдылығында, Қазақстан секілді талай елдің басынан өткен трагедиялық типтілік хал-ахуалында.

Романға «Тағдыр» атты тақырып тегін берілмеген. Өйткені мұнда Ресейге өз еркімен қосылып, еріктілігінен айырылған қазақ елінің аяулы тағдыры сөз болады.

Ия, қазақ халқының түтел, бөрі. Өзге жұрт қай елде жүрсін өз ұлтының азаматтарын алаламайды. Сонда біз, қазақ, не себепті «ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайдының» кебін киюіміз керек? Бүгіндер бір атырап ел — Шығыс Түркістан қазақтары біздің тілі, ділі, діні бір бауырластарымыз. Шекарадағы сызық демесең, олардың да көрген күні Қазақстанға орайлас еді.

Қабдеш империя мен отарланған халықтың ара қатысын сөз еткенде бұрынғы өлеулейға елікпейді. Яғни бағындырғаныңа бақытты болдық деп өзеуремейді. Немесе құлақкесті құл еттің ғой деп империяға баттастырып қара бояу да жаға бермейді. Олардың да естісі бар, есері бар. Ши-амбы дейтін қытай ұлығы, яки губернаторы өз ғұзырындағы үкрідай Демежанды, жұртының басын біріктіре алмай жүрген осы қазақ азаматы негізінен қолдаса, жаңа тағайындалған жарты патша Матен-амбы бұратана елдің арасына алауыздық отын жағып, Демежанның көзін құртып тынады.

Демежан деп отырғанымыз — романның бас кейіпкері. Ел серкесі, арқа тірер тұлғасы бейнесінде суреттелген. Жазушы оны нақты іс үстінде көрсеткендіктен,

ұлы империя қапасына қалт-құлт өмір сүрген жұртының қамқоршысы ретінде иланымды сомдалған. Отаршылар қолшоқпары — халдайлармен алысып, жұлысып жүріп, көшпенді халқын егіншілікке жұмылдырады, өзен судан тоған тартқызады.

Демежан характері бірте-бірте ашылады. Автор оны туа жаратылғаннан батыр етіп көрсетпейді. Ел ісін жүргізуге әкесі Керімбай ақсақал баулыса, ұстазы Лишансың жарық дүниенің түкпір-түкпірін ой көзімен шарлауға үйретеді. Ақылды, нәзік жанды Бибі сұлу жары Демежанның дара келбетін аша түседі, азаматының ақ жүрегіне, адал махаббатты көңіліне төнті етеді.

Қабдеш «Тағдыр» романының композициялық өрнегін шеберлікпен құрғандығын айтуымыз керек. Мұнда басы артық, селкеу көрініс атымен жоқ. Демежан характері тарихын шығарма сюжеті мен композициясы оқушыға тартымды болатындай ретпен суреттеп отырады. Тіпті жақсы өуен де шамадан тыс созып жіберсең, жалықтырып жібереді. Міне, осының бәрін жазушы қатты ескерген. Роман көңілді басталып, жартысынан ауғанша сөулелі шапағынан жаңылмаса, аяқтала келе, қасіретті, қапалы күйге ауысады. Соңғысы Демежан басын қара бұлт торлауына байланысты. Яғни роман осындай жапа шеккен, жабыққан сарынымен де бодандық жайынан үлкен ой-сезімдерге жетелейді.

Отаршылдық саясаттың мақсаты айдан айқын — тәуелді елді шеңгелінен шығармау. Ол үшін талай-талай айла-шарғы керек. Бодан елді кейде қолына көмпит ұстатқан баладай алдаусыратып (Ши-амбы), кейде қорқытып, бұқтырып ұстау (Матен-амбы) керек. Бөліп тастап, билей бер дейтін әдіс те өзін өбден ақтаған. Осының бәрі Қабдеш романында нақты суреттерге айналып, оқушы жүрегінде өшпес із қалдырып отырады.

Сонымен бірге жазушы өз байқауларын да ортаға салғандай. Елдің бодандық жағдайда жамап алған күнәсі жетерлік. Оны қаһармандарының ішкі сарайындағы өзгерістерін бейнелеу арқылы баяндайды. Ерекше шұқшия айыптайтын кемістігі — бірсыпырамызға төн өрекетсіздігіміз, алды-артымызды ойламайтын күншіл бақталастығымыз. Осыдан барып Демежан секілді халқы үшін туған азаматтардың «моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» дейтіндігі. Сол себепті

жақсымызды жаумен бірге көрге тығысатын жауыздық арамызда өктем жүреді.

Матен-амбы алдына шағымын өткізуге барған сондай жауыздардың психологиясын жазушы жеріне жеткізе берген. Мына шағымды тыңдап көрелік.

— Уа, ұлы мәртебелі бекзада! Алдыңызда жатқан Керей-Найманның игі жақсылары сіздің ғұзырыңызға бір ғана тілекпен келіп отыр. Арамыздан Демежан деген бүлік шықты. Ұлыққа өш, халдайға қас. Қарсы келген халдайдың айдарын кесіп алады, аулына барған шерікті өлтіреді. Ол ол ма, тіпті бөріміздің өкеміз, қасиетіңнен айналайын Еженханның (қытай императорының — Ш. Е.) дәрегейіне шек келтіріп, бүкіл елді оған қарсы үгіттеп жүр... Бізді сол қарақшыдан құтқарыңыз. Сізден мына жұрттың сұрайтыны осы ғана!— деп тоқтаған.

Бірін-бірі көрсетіп арыздану, отаршыл ұлыққа шағыну жалғыз Шығыс Түркістан қазағына ғана тән емес. Мұндағы қазақтың сүйегіне де сіңісті қасірет. «Маған ауыр осылардың бөрінен Өз аулымның иттері үріп қапқаны»— деп Ахан, Ахмет Байтұрсынов тегін күрсінбеген ғой. Өз бауырын сату жағынан барша жұрттан біз шебер секілденеміз. Халық ақыны айтқандай, «Құр мен қоян секілді алуға оңай» болатынымыз сондықтан ба,— деп ойлаймын.

«Тағдыр» ұлтжанды қаһарманды биік өреге көтерген алғашқы романдардың бірі. Тіпті шығарманың жазылу мәнері де қазақы. Басқа тілдерге аударғанда ғана бағы ашылатын қайсыбір шығармалардай емес, батыс романы үлгісі бойынша пішілмеген. Автор өсіресе Мұхтар Әуезов дәстүрлерін (дәуірді тұтас тұлғасымен суреттеу, қазақ ішінің, көшпенді өмірдің өзіндік поэзиясын, сән-салтанатын жырлау, сөз күдіретіне бас ию т. т.) берік ұстанған. Қабдештің жөне бір жетістігі — қанаушылар мен қаналушылар дейтіндер арасындағы теке тіресті сағыздай шайнаудан аулақ болған.

Шығарманың сөтті шығуы оның соңғы нүктесінің қалай қойылғанына байланысты. Сол нүктені Қабдеш сөтімен қоя білген. «Тағдыр» трагедиялық тебіреністе аяқталады. Сөйтіп шығарманың өн бойына өлдебір мұң енгізгендей, қайта өсер етеді. Бастапқы қызықтардың бөрі тұрақсыз да, соңғы күйзеліс бейнебір мәңгі басқандай сезінесің. Демежан көзінен нұр таюымен бірге даланың үміті кесілгендей. Ойландырады. Торығуға емес, толғанысқа шақырады. Шындыққа, тарихи келбетімізге тура қарауға үндейді.

Осы тұрғыдан Ли-шансың мен Демежан арасындағы бір өңгіме қызғылықты. Ой-қиялыңды алыстағы қияндарға ұзатып өкетеді. Қытай зиялысы өз елі империалистік мемлекеттердің шылауына айналып кетуінен хауіптенеді. XIX ғасырдың сексенінші жылдарында Қытайға ондай хауіп төнгені рас. Ал Демежан ойы басқада.

— Өз халқыңыздың артта қалғаны жанға батады демесеңіз, хань ұлты дәл қазір құрып кетейін деп тұрған жоқ қой. Мұндай көп халық ешкімнің өңешінен өте қоймас... Ал біздің жайымыз не болады?

Ли-шансың:

— Қазаққа қай өкімет тұсында да жеңіл емес, өрине. Халық неғұрлым кіші болған сайын, оның уайымы да соғұрлым үлкен болады,— дейді.

Рас сөз. Қазақ өніне құлақ салсаңыз, көбіне мұңзарға толы. Халық тарих кермесіне кез болмауды ойлайды.

* * *

Кеңес өміріне келгенде, Қабдеш қаламынан негізінен повесть яки хикаялар туды. Бұлар — «Саржайлау» (1978), «Сөйгүліктер» (1984). Соңғысы — повестер жинағы. Мұнда «Сөйгүліктерден» басқа, «Бір топ тораңғы», «Қарауыл», «Бір қаланың тұрғындары» бар.

Басқа жердің суын сулап, жерін жерлеп келіп отырып, бұл үшін көп-көп тұсынан құлыптаулы ата жұтының сырын, мәнін түсіну, тақырыбын игеріп кету жазушыға оңай соққан жоқ. Бөрі жата-жастана қор жинағандай жиналды. Қазақстан туралы шығармаларын негізінен өңгіме, повесть жанрларынан, өзі біте қайнаған студенттік өмірден бастағаны сондықтан.

Әуелде айнала бөрі таңсық, бөрі жаңа еді. Басында бұ жақтың тұрмысына қанықтығы жоқтығына бас шайқап жүрсе де, кейін тағы бір ой келді. Арғы жақтан келгеннің өзінше бір тиімді жағы, артықшылықтары бар екендігін сезінді. Ол Қазақстан өміріне жаңа, тың көзбен, сын көзбен қарай алады екен. Мәселен, Қазақстанның Шыңжанға қарағанда өркениеттілік жағынан анағұрлым ілгері тұрғанын бірден байқады. Сонымен бірге оған бұ жақтағы кей-кей жәйлар тосын көрінді. Бағалы дәстүрлерден тайынғандық, еуропацентризмге мойын сұну, мәңгүрттік құбылыстары елді

ұлттық өрінен айырып бара жатқандығын байқады. Соған іші ашығандық, наразылық оның жаңағы повестерінен төбе көрсете бастады.

Кезінде Тарбағатай аймағының тұтқасы болған Нұрбай жайын оның бел баласы, Іле бойындағы ақтышқандардан докторлық диссертация қорғағалы жүрген биолог ғалым Сәрсен білгісі де, естігісі де келмейді. Ал тұрмыстың ащы-тұщы дәмін татып үлгерген немересі Жәнібек сол баба моласы жатқан жерді аңсайды. «Саған арнап тыққан қоймасы бар шығар» деп кекетеді әкесі. Оған Жәнібек «болса болар» деп жауап қатып, Тарбағатайға тартып отырады. Кезінде әдеби сын «Көкейкесті» романындағы осы секілді суреттерді ұлттық дәстүр бастауларына оралғандық деп дұрыс бағалағанын айтуымыз керек.

«Бір қаланың тұрғындары» повесінде тұралау дәуіріндегі қатып семген кеңсе жайы өжуа етілсе, «Сөйгүліктерде» ескіріп, күні өткен сияқты көрінетін дәстүрлерді жаңғырту мәселесі қойылды. Урбанизацияға қарсылық үн Қабдеш повестерінде барған сайын қатаң естілді. Ағыбай деген қарт жылқышы қозының каракуль терісін тірідей сыпырып жатқанын көріп жағасын ұстайды, «мал төркініне обал, киесіне жолықпасақ игі» деп шошынады.

Қабдеш «Сөйгүліктерді» сексенінші жылдардың бас кезінде, тоталитаризм жүйесі есесін ешкімге жібермейтін уақытта жазды. Сол шақта ауыз бармаған, енді айтылуға тиісті ақиқат — Қабдеш хикаясында социалистік реализмнің жан-жүрегі — таптық принципке тап берді, соның бір көрінісі — көнпескеленіп айдалып кеткен, ақыры итжеккенде өлген Тұрар секілді ірі байды жағымды кейіпкер дәрежесіне көтерді. Әр жаңалыққа қарсы, бірақ көңілі ақ, ары таза Ағыбай қарт міне, осы шаруа баққан, ауа райы, малға оңды қоныс жайын аса білгіштігі үшін есепші атанған Тұрардың мирасқоры көрінеді. Ақыры Кеңес заманының кесел, дерттерімен алыс-жұлқыста мысы құрып, сөне бастайды.

Соңғы жылдары жазушы «Дарабоз» атты тарихи диалогияны аяқтады. Оның бірінші кітабы 1994 жылы жарық көрді. Қабдештің айтуында, диалогияның бас кейіпкері — XVIII ғасырдағы Жоңғарға қарсы соғыстың даңқты қолбасшысы Қабанбай батыр. Оның өмірін, жорық жолын өңгімелеу дегеніміз сол кездегі тарихи

жағдайды тұтасынан, жүйелей суреттеу, алдымен Абылай ордасына, ханның ішкі, сыртқы саясатына үңілу, тарихта орны бар басқа да қазақ қасқа-жайсандарының іс-әрекеттеріне бүгінгі заман биігінен көз тастау деген сөз.

— Бұл романға мені жетектеген нәрсе, — дейді Жүмәділов, — тарих ғылымының қазақ үшін аса маңызды беттерін өтірік, алақашулық шөп-шаламынан тазартып, шындықты қалпына келтіру болды. Кеңес дәуірінде қазақ тарихы көп шимайланып бұрмаланды. Әсіресе қатты бұрмаланған, өзгеріске ұшыраған, белгілі идеяларға бейімдеп, иіп әкелген тарих — біздің XVIII ғасырдағы тарихымыз. Оның үстіне тәуелсіздік алғаннан кейінгі жерде тарихқа ауыз салу, баяғыдан бері жатып қалған бабаларының кітаптарын тауып алу, өркім өз атасын мақтау тіпті белең алып барады. Мұндай жауапсыздыққа, үстірт, шалағай, жаңсақ дүниелерге тосқауыл — тарихи фактілерді, деректерді белінен баспай, шындық тұрғысынан шығарма жазу деп ойладым. Он жыл бойы материал жинап, архив ақтарып дегендей, осы шығарманың дайындығында жүрдім. Екі кітапты жазып шығуыма бес жыл уақыт сарп еттім. Ешбір шығарманы мұндай ұзақ жазбаған едім. Қинағаны — материалдың ақ-қарасына көз жеткізу. Кейде құжат та өтірік соғады. Тарихи роман жазады екенсің шындықтан ауытқуға, ешбір аруақтың ақысын жеуге, қиянат жасауға болмайды деген принцип ұстандым.

XVIII ғасырдағы ең басты оқиға не деген мәселе романда басқаша қаралады. Қазақ ССР тарихында, басқа да бірталай еңбектерде XVIII ғасырдағы басты оқиға Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы деп саналады. Меніңше, біз бұдан былай осы сыңаржақ, жағымпаздық көзқарастан арылуға тиістіміз. Өрине, Әбілхайыр ханның Россия патшасына хат жазып, бодандық жолын бастауы — елеулі оқиға. Бірақ дәп XVIII ғасыр үшін басты оқиға бола алмайтыны хақ. Басты оқиға — қазақ жерінің Жоңғар басқыншылығынан азат етілуі болатын. XVIII ғасырда қазақ халқы Отан соғысын жүргізіп ақыры жеңіп шықты. Таразының екі басына салып көріңіз: бір жағымыз өз еркімізбен бодандық қамытын киіп жатсақ, екінші жағымыз басқа бір бодандықтан басын арапшалап жатты. Қайсысы басым түсуі керек? Меніңше, Қазақстан, қазақ елі пайдасына шешілетін жағы.

Қайсыбіреулер Жоңғармен соғыстың ауқымына дұрыстап көз жібермейді. Біліңкіремейді. Жоңғар оккупациясы біз үшін кешегі Ұлы Отан соғысының қасіретінен өлде қайда асып түсті. Миллионнан аса қазақ қырылуы үстіне, жоңғар оккупациясы алды алпыс жыл, арты қырық жылға созылды. Егер гитлер фашизмі Совет Одағының батыс бөлегін үш-төрт жылдай ғана иемденгенін еске алсақ, жоңғарлар бүкіл Шығыс Қазақстан облысы, қазіргі Семей облысының Аякөзден бастап Шар ауданының шығысына дейінгі өңірі, бүкіл Талдықорған, Алматы облыстары, бүкіл Жамбыл облысы, бүкіл Шымкент облысы жерлерін өлде қайда ұзақ мерзімде билеп төстеді. Орта жүз, Керей, Найман ол кезде Арқа жаққа босып кетті де, Ұлы Жүз рулары жоңғар шапқыншыларының қол астында қалды. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс Қалдан Цареннің атынан Төшкентте осы аймақты билеп тұрды. Төле би 1733—1745 жылдар аралығында, он екі жыл бойы сол Ташкентте Қалден Цареннің наместнигі болды. Осы секілді көп жайлар «Дарабоз» романында ел бірлігі тұрғысынан карастырылды.

XVIII ғасырдың басты тұлғасы — Абылай хан. Олай деуге мықты негіз бар. Абылай хан мен оның Бұхар жырау өлеңінде жырланған тіректері — Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жөнібек т. б. батыр, билері жоңғардан елді азат етіп болғанша қылыштарын қынабына салған жоқ,— деп аяқтады сөзін роман авторы.

«Дарабоз» романының бірінші кітабын мен «Жүл-дыз» журналында шыққан нұсқасынан оқып шықтым. Жуықта жазушы кітаптың өзін де сыйлады. Менің әсерім: маған ұлттық бірлігіміз туын желбіреткен роман идеясы ұнайды. Абылай хан мен оның тіректері қазақ деген ұлттық есімді әр тайпа, ру аттарынан өлде қайда жоғары қойды, кейінгі ұрпақтарына солай етіндер, тірлігің — бірлігінде деп әсиет қалдырды. Міне, осы жөйлар, ойлар «Дарабоз» романында жан-жақты қамтылған деп ойлаймын.

* * *

Соңғы жылдары, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері қарайғы жерде, Қабдеш Жұмаділов білегін сыбанып тастап, тағы да бір жанрға түрен салды.

Ол — жалынды публицистика, тиген жерін ойып түсетіндей ойтолғау мақалалары.

Менің соңғы өзірде қайран қалып жүргенім,— жазушы, қаламгер атаулының бәрі бірдей патриот, отаншыл бола бермейді екен. Біреулері өлі күнге Кеңес Одағын ойлап күрсінгенде көкіректері қақ айырылады. Тәуелсіздігімізді місе тұтпайды. Тағы біреулері өліптің артын баққандай тырс етіп дыбыс шығармайды. Тағы біреулері Одақтың тарағанынан теңізі тарылып қалғандай әсерде жүр. Өздеріне өздері кішірейіп қалғандай көріне ме, қалай? Бұлар Қазақстанды шағын республикаға балап, оның ұлан-байтақ жеріне сыймай жүрген кейіп білдіреді.

Қабдешке келсек, ол елінің азат аспанында көк байрағының желбіреп тұрғанын қызықтайды. Сондықтан да мақалалары тәуелсіздіктің былайғы жолы қалай болуға тиіс, Қазақ елінің дербестігі қайтсе нығаяды деген мәселелерге арналады. Мұны мақалаларының аттарынан да аңғарамыз. «Мәселен, «Азат елдің әдебиеті» деген мақала туған әдебиетіміздің қазіргі проблемаларына ден қояды. «Қазаққа идеология қажет пе?» атты мақала бүгінгі рухани ділгірлікті сөз етеді. «Алыптар оянған жыл» кешегі тарихты бүгінгі биіктен бағалау мәселелерін қозғайды. «Үш өріп — үрей ордасы» деген мақалада қазақ баспасөзінде тұңғыш рет КГБ және оның Шыңжаңдағы халыққа тигізген кесірі өшкереленеді. Бүкіл дүние жүзі қазақтарының қатеріне арнап «Қайран елім, қазағым», «Қазақ өлі қоныстанып болған жоқ» мақалаларын жазуы да Қабдеш Жұмаділовтың саяси өрісінің, үлкен категориялармен ойлауға баратын рухани көкжиегінің кеңейе түскенін байқатса керек.

Оқушысының қарымды қаламгеріне айтары: сол қадамдарына гүл бітсін!— деген тілек.

6.01.1996.

ӘДЕБИЕТ, ЕНДІГІ ЖӨНІҢ ҚАЙСЫ?

КЕШЕГІ ЖӨНЕ БҮГІНГІ РОМАН

Дағдарыс па, жаңа беталыс па?

Әнеу бір жылдары, мың тоғыз жүз алпысыншы жылдардың бас кезінде роман төңірегінде үлкен айқай-шу көтерілді. Ленинградта симпозиум ашылып, оған жиналған өз еліміз бен шет елдің осы жанрда жазып жүрген ығай мен сығайлары екі дай болды. Біреулері роман құрыды, жанр есебінде санаттан шықты десе, біздің жақтың сыншы-әдебиетшілері, жазушылары бұған келіспеді, қарсы пікір айтты, бір гүлденсе, роман гүлденсін, деді. Соңғы пікірге бөріміз ден қойып, «жаңа роман» дейтіннің уағазшылары Натали Саррот пен Роб Грийені, тағы басқаларын түйебас етуге тырысқанбыз. «Қайдағы жоқты айта береді екен осылар, оқушысын тапқан жанр о заманда бұ заман құрушы ма еді? — деп дау айтқанбыз.

Енді қарап отырсақ, «жаңа романға» қарсы шоқпар ала жүгірген «Вопросы литературы» журналының өзі Е. Добренконың «Роман дағдарысы» (1989, №6) деген мақаласын жариялап, ұмытылған өнді өздері гөйітіп отыр. Және бір ғажабы — сөз сыңайына бақсақ, нағыз дағдарысқа ұшыраған советтік роман екен. Дамытып жатқанымыз кемелденген социалистік қоғам емес, өкімшілік-бюрократтық система болып шыққаны төрізді, социалистік реализм романының салмақты бөлегі жанр талабына сай келмейтін шалажансар бірдеңе болып шықты. Жә, енді біз (қазақ сыншыларын айтам) осыған қалай қарауымыз керек? Әдетімізше

өліптің артын бағып отыра береміз бе, жоқ өлде шөп басы тегін қимылдамайтынына сәйкес басталған өңгімеге ат салысып көреміз бе?

Жөні — соңғысы. Басқа әдебиет романы тұралап жатқанда, біздің халіміз нешік? Қазақ романы дағдарыстан сау ма? Соны ойласуымыз қажет.

Алдымен «дағдарыс» термині жайында бір-екі сөз. Өнер саласында бұл термин шығарма сапасының нашарлауына байланысты айтылса керек. Мәселе тіпті оқылмайтын күлді-бадам дүниелер жөнінде де емес. Әдеби даму жақсы шығарманың үлгісіне түсу деп түсінсек, мұнымыз жадағайлық болар еді. Роман табиғатында жаңашыл жанр. Бір қалыптан шыққандай шығармаларға жаны қас. Тың, айырам деген талабында ол бар жаңалықты адам типінен іздейді. Кейіпкерінің жан дүниесінен, ішкі қоймаларынан бұрын бимәлім сыр тартады, үнемі ізденуде болады. Сондықтан роман жүген-құрық салғанды жаны сүймейді, еркін көсілуді, іркілмей, «тапқан-таянғанының» бөріні жайып салуды қалайды.

Роман жанрының ерекше жайнап салатын, түлейтін, жаңаратын кезі заман өзгерер шақ. Туып келе жатқан жаңа күнге лайық түр, тіл табуға тырысады. Өйте алмаса, бұрынғы дәстүрлі мақамын, ескі киімін тастамаса, іштей жуылмаса, роман дағдарысы, өнеки, сонда басталмақ. Өйткені басқан ізін шиырлай берсе-ақ романның кетеуі кетеді, бір көрген киноны қайта-қайта көргендей жалықтырып жібереді. Ондай шығарманың оқушысының рухани өсуіне пайдасы да шамалы.

Роман уақыт тамырын ұстағыш. Бұл жанрды дәуір туғызады дейтініміз содан. Мысалға Бауыржан Момышұлының 1944 жылы Москва әдебиетшілерінің бір жиынында «Волоколамск тасжолын» «соғыс жазды» дегені сияқты. Рас, бұл пікірге дау айтушылар да болды. Николай Тихонов сол әдебиетшілер клубында өткен пікірсайыста: «Момышұлы кітапты соғыс жазады деді. Бұл дұрыс емес. Кітапты жазушы жазады жөне не жақсы, не жаман жазады. Ол соғыс туралы өтірік жазғаны үшін қолын шабу керек деді. Мәселе онда емес. Мәселе өмірдің шикі шындығын көркем шындыққа, биік шындыққа айналдыруда», — депті.

Әдебиетші Ж. Ыбыраев «Арпалыс арқауы» атты эсседе Александр Бек повесі жөніндегі осы теріс пікірді дұрыс санайды. Бірақ дәлелі жетімсіздеу. «Б. Момышұлы бұл кітап соғыс оқиғасынан туды деген түсінікке

сүйеніп айтқан ғой» дейді. «Алматы ақшамы», 25 мамыр 1990 жыл). Бұл арада мәселе қай кездің романы қалай жазылу керектігі жайында болса керек. Момышұлы өмір шындығы мен көркем шындық арасындағы айырманы түсінбей отырған жоқ-ты. Ұлы Отан соғысы бұрынғы көп түсінігімізді өзгертті. Алайда көп шығармаларда ескі сарынмен кетушілік, Азамат соғысы тақырыбына арналған өдебиеттегі өуенді қайталаушылық байқалды. Өдебиеттің шындықтан қол үзгені соншалық, тіпті окоптағы солдаттың психологиясын, ішкі жан сезімін жылтыратып суреттеп, бөз-баяғы аттанға баса берген ғой. Баукеңнің зығырданы соған қайнайды («өтірік жазсаң қолыңды шауып тастаймын» деген Александр Бекке).

Әскери тақырыпқа жазылған өдебиеттің жайы туралы өз пікірін нақтылай келе, Бауыржан Момышұлы «өдебиетте шешілмеген мәселенің бірі ұлт мәселесі» деген. Айтқан ойы қандай құнарлы. Әсіресе интернационализм сезімі өз ұлтыңды сүю арқылы келеді деген ақиқатты күні бүгінге дейін жарытып түсінбей жүргендер қаншама.

Біздіңше, Момышұлы жалпы совет өдебиетінде соғыс жөнінде жазылған шығармалардың алғашқы қарлығаштарын ұшырысқан қаламгерлердің бірі болды. Ол соғыс тағдыры қатардағы солдат қолында деген ақиқатқа жаңа қырынан келді. Жеңіс сезімі отын солдат жүрегінде тұтатпай, жау шаңырағын ортасына түсіре алмайсың деген.

* * *

Сөйтіп, әр заман өзіне лайық роман туғызады. Әрине, әр жазушы өз мүмкіндігіне қарай қалам сілтейді. Ал нағыз көркем шығармада уақыт табы қалатыны еш күмәнсіз.

Роман жанрының туған өдебиетіміздің табалдырығын аттауының өзі бір жатқан хикая. Аспандағы аққулармен үн қосатын поэзия үстіне, енді жер басып жүретін, өмірдің өзіндей мол пішілген, ақ-қараны айнытпай түсіріп, соның себеп-салдарын терең талдап, тұрмыстың өсем күйін де, ылас-қоқысын да, алақаны ашық жомарттығы мен тиын-тебен санаған бақай есепшілдігін де бейнелейтін жанрды дүниеге келтірді. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» (1910) бастап, Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» (1912), Сұл-

танмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» (қаламынан шыққан кезі 1914 жыл), Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» (1912) шығармаларынан біз сол белгілердің көбін табамыз.

Уақыт мұң-зары қаламының ұшында жүретін сын да сол кездегі романға өзінше талап қойған. Әдебиет алдындағы негізгі міндет ретінде қазақ қоғамының сол кездегі бет-пішінін көрсету, пісуі жеткен проблемаларын талдау мәселелерін алға тартқан.

Қазақ әдеби сынында роман жанрының табиғаты хақындағы ілкі сөз Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов шығаратын атақты «Қазақ» газетінен басталған. Тұңғыш қазақ романы «Бақытсыз Жамалға» арналған алғашқы рецензия — «Роман не нәрсе» деген мақаланың («Қазақ», 1914, №48, 31. 01. 1914) көлемі небәрі жүз елу жол шамасында. Шағын болғанымен пымыр құйылған. Авторы — Арысұлы (кімнің бүркеншік есімі екендігі өлі анықталмаған.)

Автор аз сөзбен көп ойға бастады дейтініміз, ол қазіргі кейбір дөнөкіс рецензияларында өлі күнге кездесетіндей, шығарманың шыққан-шықпағанын тексерумен шектелмейді. Арысұлы «Бақытсыз Жамал» романының адам мен қоғам танудағы ролін, тәрбиелік мән-мағнасын ашуға өрекет еткен. Мақаланың тағы бір жетістігі — өлең-жырға құлағы үйренген қазаққа «роман» деген сөз тосаң естілетінін автор сезген. Сондықтан Арысұлы жаңа жанрдың қыр-сырын оқушыға түсіндіруге тырысады. Роман тарихын толық шолып жатпаса да, бұл сөздің шыққан тегін ажыратып береді. Айсадан (Исадан) 150 жыл соң Италия французды билеп тұрған заманда екі тіл мидай араласып, ортадан дара роман тілі туған. Осы тілде сол заманның жөй-күйін көрсетіп жазған кітаптарды «роман» атаған, деп түсіндіреді.

Автор роман формасының өз атын алудан өлде қайда бұрын пайда болғанын ескертпесе де (мәселен, Петронийдің «Сатириканы» 1050 жылы, Апулейдің «Алтын есегі» 1150 жылы жарық көргенін), оның түсіндірмесі шындыққа жанасымды.

Мақала иесі бұдан соң Вальтер Скотт, Диккенс, Теккерей, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой шығармаларына иек сүйей отырып, роман жанрының ішкі мағнасына үңіледі. «Роман шығарушылар» адам «кейпін түсіретінін» жазады. «Толстой,— дейді ол,— өзінің данышпандық һәм хакімдік жағынан -Соғыс һәм

татулық» деген роман жазып шығарғандығымен, бүтін жер үстіндегі адам баласына атағы жайылды. Мұнда Толстой алуан-алуан адамның мінез-құлқын бірін қалдырмай тізіп, адам өмірінің жіңішке қылдай өсерін суреттеп көрсетеді».

Автор өлеуметтік тап, топ деген сөздерге бара бермейді. Қазақ ұғымына орай, абстрактылы түсінік орнына нақты атауларды қолданады. «Соғыс һәм татулық» романында бар: патша да, министр де, төре де, офицер де, солдат та, кәсіпшілер де, егінші де, мұғалім де, шөкірт те, саудагерлер де, байлар да, қызметшілер де, би де, писр да, еркек те, әйел де, бала да, көрі де, жас та. Осылардың бар өмірі, мінез-құлқы, өділдік-зорлығы, артық-кемі, күшті-әлсізі — бәрі де көз алдыға келіп тұрғандай елестейді.»

Яғни роман — әмбебап жанр. Халықтың бар бөлегін қамти алады. Соның бәрінің ішін суреттейді, ара қатысын көрсетеді. Қоғамда роман сәулесі түспейтін ешнәрсе жоқ. Сондықтан автор жанр жайындағы түйгенін былай деп қорытады: «Романды түсініп оқыған адам өлгі айтқанның бәрін көреді, сондықтан роман — өмір айнасы».

Бұл қағиданы В. И. Лениннің «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» деген анықтамасымен салыстырып көріңіз. Автор Лениннің ұлы орыс жазушысы туралы мақалалар циклін оқыды ма, оқымады ма, — ол жағы бізге беймәлім. Бірақ роман жанрының шексіз мүмкіншілігін біле білген дер едік. Толстой романдары буржуазиялық-демократиялық революция қарсаңындағы орыстың сан миллиондаған шаруаларының көңіл күйін, ой сезімін дәп басты. Дәуірдің басты-басты сыйпатын бейнеледі. Қазақ сыншысы мұндай нақтылы тұжырым айтпағанымен, романның жанрлық ауқымын дұрыс түсінген. Сол түсінікті ол Міржақып романының идеялық-көркемдік дәрежесін тексеруге методологиялық басшылық етіп алған.

Қазақта бұрын роман жоқ еді. Біздің арамызда қазақша бірінші роман жазып шығарған Міржақып Дулатов болды. Оның «Бақытсыз Жамал» деген романы 1910 жылы басылып шықты» деп, шығарманың әдебиет тарихындағы орнын анықтайды да, Арысұлы өрі қарай жоғарыда айтылған жанрлық талаптарға Дулатов романының сай келетін-келмейтіндігін қарастырады. Мұнда сол кездегі қазақ қауымын құрайтын өлеуметтік тап, топтардың өкілінің басым бөлегі бар деген қо-

рытындыға келеді. Шығарма солардың арасындағы қарым-қатынасты, тартысты көрсете білген.

«Мұнда,— деп жазады сыншы,— қазақтың қай жерінде болса да, малға қызығып, ия партияға қызынып, қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынмен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру, бұған шыдай алмай қыз теңін көксеп қайғыға бату бар. Ата-анадан күдер үзген соң өз теңімен қашу бар, ақырында қорлық көру бар.»

Демек, тұңғыш қазақ романы өз уақытының айнасы бола білген. Осы арада сыншының буынсыз жерге пыпшақ ұрмайтынын да айта кеткен жөн сияқты. Қазақ романының шама-шарқын әділ таразылауға тырысады. «Қазақта ең бірінші көзімізге көрінген романды біз өз бойымызға лайықтап, мұны қазақ әдебиетінде тәуір қызметке санаймыз» деп, бұл шығарманың жаңа жанр саласындағы алғашқы қадам ғана екенін еске салады.

Роман еріккеннің ермегі емес. Замана туралы ойлау, толғану. Абай сияқты, Ахаң, Жақандар да көкірегі ояу оқушыны іздеді, оны ескірген түсінік, машықтың құрсауынан босатып, рухани, өлеуметтік-саяси, имангерлік және эстетикалық тұрғыдан өсіруді көкседі. Арысұлы «Бақытсыз Жамал» романының бұл қасиетін де аңғарған. Сондықтан мақаласының соңын тәрбие мәселесіне арнаған. «Романнан халіміз жеткенше тәрбие алуымыз керек» деп түйген.

Арысұлының тұңғыш қазақ романын талдауына не қосуға болады? Сыншы біраз проблеманы атап қана қойған. Алдымен соны тарқата түсу керек пе екен? Мәселен, мақалада өлеуметтік талдауға өрекет жасаған. Рецензент ежелгі бір негр тайпасының «үй-ішінің семізі өлсе қуанып, арығы өлсе жеуге келмейді» деп күйініп қалатынын өңгімелей отыра: «Біздің елу басылар, болыс, билеріміз семізді жығып, арықты семіртіп жеп жүрген жоқ па?» Мұның жаңағы тайпадан басқалығы қанша?— деген сауал қояды.

Міржақып Дулатовтың өз романында қазақ қоғамын жаңа арнаға жетектейтін өзгерістерді өжептәуір қамтығанын ерекше айтуға тиіспіз. Ол атап айтқанда ақшаның араласпайтын жері жоқ екенін жіті байқаған. Оның не өркөкіректі бас идіріп, байды да, байғұсты да еркіне көндіріп, сұмдық күшке айналғанын суреттеген. Бір көңіл бөлетін нәрсе — жазушы өзінен бұрынғы кей ақындардай ақшаны қарғап-сілемейді, өткен «алтын дәуренге» жалтақтамайды, қайта ел жаңалығын қарсы

алады. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» дегенге бағып, қимыл-өрекетке шақырғандай. Әйтеуір ақша тапқыш кісіге автор көзі жылы ұшырайтыны даусыз. Романның жағымды кейіпкері Ғали еті тірі пысық жігіт, бірақ жаңа мағнада. Атқа мініп салақтап, ауыл-ауылдың арасына сөз тасып жүретін қуларға жатпайды. Ғали сауда-саттыққа араласып, өз бетімен күн көріп, табыс тауып жүрген азамат. Оған қыз аңсарының аууына осы қасиеті де себепші.

«Ақшаң болса қалтанда, талтандасаң талтанда». Мысқыл түрінде айтылғанмен, бұл сөздің астары шындық. Ақшалы Ғали құлдық сезімнен арыла бастаған. Еріктілікке бет қойған. Кейіпкердің сөзден өрекетке көшіп, Жамалды алып қашуы роман геройына төн еркіндік көксеген қасиет.

Бас бостандығына ұмтылыс Жамал характеріне де төн. Жамал оқыған қыз. Жүрегін сөйлете алады. Ішкі қасіретін, мұңын бүкпейді, ішкі шерін өлеңмен тарқатып, замана толғағын толғауға көтеріледі.

Демек, «Бақытсыз Жамал» аясы «өйел теңдігі» тақырыбынан әлдеқайда кең. Кеуделеріне ерік құсы қонған Жамал мен Ғали өз жүректерінің қалауына бағынады. Сөйтіп, адамның өз еркі өзінде болсын дейтін роман идеясына көркемдік өр береді.

«Бақытсыз Жамалда», басқа да алғашқы қазақ романдарында негізі қаланған бас бостандығы концепциясы кейін жан-жақты дамытылды, кеңейтілді. Өйткені бұл өз әдебиетіміздің үлкен дәстүрне айналған еді. Бас бостандығы идеясы кейін ел азаттығы тақырыбына ұласты. Соған байланысты әдебиетімізде тарихи романның құнарлы арнасы тартылды. Кейбіреулер қазақ романын орыс романының көлеңкесі етіп көрсеткісі бар. Ондай шығармалар жоқ деп айта алмаймыз. Әсіресе тап күресі, өндірістік тартысқа құрылған роман тың соқпақ тартты деуге келмейді. Ал елдің елдігі мәселесін қозғайтын туындылар өз топырағымыздан жаралғанында шек жоқ. Солардың бастамасы — «Бақытсыз Жамал» басқа елдің роман үлгісіне қарап пішілген емес. Жетістік-кемістігімен қоса әдебиетіміздің төл перзенті, ұлт өзінің алдыңғы қатарлы азаматтары арқылы түбегейлі мүдделерін, мұң-мұқтажын ойлау үстінде туған шығармасы.

Дәстүр демекші, қазақ романы ауыз әдебиетінен мол сусындайды. Бұл қайнар ешқашан сарқылмақ емес. Бірақ бұдан кейбіреулер айтып жүргендей, қазақ романы

фольклордан кіндігін үзген жоқ деген ұғым тумасқа керек.

Олжас Сүлейменов кезінде Алла Марченконның 1971 жылы «Вопросы литературы» журналының тоғызыншы кітабында жарияланған мақаласын біз сыңаржақ сынағанымызды, осы соңғы екеуінің ара-қатысын айырып алмайынша, құр ашу шақырғаннан ештеңе өнбейтінін, тек теориялық жағынан артта қалғанымызды сездіріп алатынымызды ескерткен еді.¹

Шынында да айырма неде? Біздіңше, бұл мәселенің екі қыры бар, соны айту керек. Бірінші қыры — фольклордан қол үзген роман болмайды. Миф, ертегі, мақал, мөтел қандай классикалық романның да кездесе береді. Фольклор өртүрлі формада бүгін де жасалуда. Халық бар жерде фольклор да бар. Одан қол үзген өдебиет өдебиет емес, өйткені ұлттық нөрінен айырылады. Халық творчествосы үлгілерін роман көркемдік бейнелеу құралдарының бағалы түрінің бірі ретінде өрдайым бойына сіңіріп отырады. Екінші қыры — роман фольклор эстетикасын қабылдамайды, оның өуеніне даусын келтіріп салмайды. Бұлар екіұдай дүние. «Бақытсыз Жамалдың» онда өткен заманмен бүгінгіні бөліп тұрғандай шекара жоқ. Роман жазылған уақытының толғағымен іштей байланысты.

«Бақытсыз Жамалдың» роман есебіндегі енді бір өзгешелігі оның жазылу мәнерінде. Ауыз өдебиеті баяндауға құштар. Роман жанры суреттеуді артық көреді. «Бақытсыз Жамалдың» мына жолдарын оқып көріңіз:

«Сәске кезінде қоңыраулатып пәуескемен төре де көрінді. Алды-артынан етектері далиып, жалпылдап шапқан қазақтармен даярланған үйге келіп тоқтағанда, мойындарына шынжырлы знак таққан ауылнай, билер неше мөрте шұлғып, қошаметпен «тақсырлап» үйге кіргізді.»

Роман айна болғанда көзге көрінгеннің бәрін түсіре бермейді. «Увидит свинью и свинью опишет» — дейтін емес. Жақаң суретінің астарында үлкен мән бар. Көз тоқтатып, байыппен оқығанында тек тасырлаған пәуеске ғана елестемейді. Сурет астарындағы отар елдің сорлы халі, жалынып-жалбарынған кейпі, кісілігінді сыйлағаннан гөрі шен-шекпенге табынғыш қазақ атқамінерінің бейшаралығы туралы ойлар қалай баурағанын сезбей де қаласың.

¹ Сүлейменов Олжас. «Аз и Я». Алма-Ата, 1989, с.18

Роман — жаңа эпос. Бұл белгілі анықтамада жанрдың ескі, «мыңжылдық» эпоспен байланысы да, ерекшеленетін тұстары да қамтылған. Роман эпоспен бірге, әдебиеттің лирика, драма, тектерімен де тоғысады. Эпос романының бейнелеу өрісін кеңейтсе, лирика кейіпкерінің ішкі сырын қотаруға селбеседі. Роман тартысынан драма төсілдерін аңғару қиын емес: кейіпкер характерін қақтығысы арқылы ашады.

«Бақытсыз Жамалдың» архетипі халық творчествосына ұқсас болғанымен, заты өзгеше жанр. Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелігі» ғажайып ертең, өзге алғашқы қазақ романдары ғашықтық эпос ырғағын еске түсіреді. М. Бахтин роман генезисін карнавалдық архетиппен бастайтыны мәлім. Алайда мұның бөрі сырттай ұқсастық.

Қазақ романын фольклор жанрына телу көк пен жерді қабыстырғанмен бірдей. Жер жер күйінде, көк көк күйінде қалуы керек. Мыңжылдық эпосқа мезгіл жағынан ең жақын алғашқы романдар (бүгінгілерін айтпағанда) қай әдебиетте де жаңа бет ашқан жанрға жатады.

Абдулла Қадыридің «Өткен күндері» (1925) өзбек романының тұңғышы есептеледі. Шығарма ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы оқиғаны суреттесе де, өзі жарыққа шыққан кездегі заманының бостандыққа ұмтылған рухын жеткізе білген. Жас саудагер Атабек өз махаббаты үшін жігерлі күрестен тайынбайды. Роман кейіпкерлері тип дәрежесіне көтерілген дара характерлер. Бұлар бойына кілең жақсы, я кілең жаман қасиеттерді сіңірген жинақы бейнелер емес, кәдуілгі ет пен сүйектен жаралған, пендешілігі бар тірі жандар.

Алғашқы романдарда олқылық та жетерлік. Бірақ оған, кей сыншылар айтып жүргендей, фольклор жақты емес. Жалпы совет романы туар-тумақта саясатқа араласып кетті. Яғни замана ісін атқарысуына қоянқолтық кірісті. Сондықтан тым өсірелендіре көрсетілген жаңа қаһармандар — партия жетекшілері, командир, комиссарлар бейнесінде фольклордың ықпалынан гөрі, саясатты әдеби құбылыспен шатастыру салқыны бар еді. Мысалы, якуттың тұңғыш романы «Марыкчан жастарында» (1942) оның авторы Эрилиқ Эристин партия қызметкерінің тұлғасын тек ресми жағынан суреттеді. Сондықтан бұқара жетекшісі Чинариннің іші, кісілік кейпі ашылмай қалған. Тек Эрилиқ Эристин ғана емес, көптеген совет жазушы-

лары типтендіру мәселесінде саясатқа көп ойыстады, кейіпкер санасындағы мемлекеттік мүддені қоғамдық және жеке мүддеден жоғары қоятын сыйпатқа көбірек назар тікті. Сондықтан Эристин шығармасындағы большевиктер бойында ыстық қан жоқ, жансыз плакаттық бейне ретінде солғын тартқан.

Эрилык Эристин якут фольклорын шығармаларында кең пайдаланады. Материалын бір жазушыдай біледі. Азамат соғысына өзі де белсене қатысқан. Тіпті ол біздің Қазақстанда да болған. Қазақ тақырыбына жазылған «Революция перзенттері» (1934) атты повесі бар. Ал Чинарин бұқараның басшысы, тәрбиешісі қырынан ғана көрінсе, бұған фольклордың немесе материалдың еш қатысы жоқ.

Қарақалпақстандық зерттеуші Қырықбай Байниязов өзінің «Бірінші романның авторы» (Нөкіс—1981) атты мазмұнды зерттеуінде былай деп жазады:

«А. Бегімовтың «Балықшының қызы» шығармасы қарақалпақ совет прозасында бірінші тарихи роман болғандықтан, онда көптеген аңыздар, тарихи өңгімелер, жырлар, халық өлеңдері, нақыл-мақалдар, жауап айтыстары қолданылады.»

Мұны қалай түсінеміз? Фольклор материалын көп қолданғаны роман жанрына нұқсаны тиген, сондықтан авторына кешірімді болайық дегені ме? Әлде бұл алғашқы романға төн заңдылық дегісі келе ме? Біздіңше, мәселенің қойылысының өзі дұрыс емес. Оның солай екендігін дәлелдеп жатудың қажеті аз. Миф, аңыз дегенді үлкен мәнді тарихи құбылыстардың (мысалы, мәңгүртизмнің) астарлы бейнесі ретінде қолданатын Шыңғыс Айтматовтың тәжірибесін айтсақ та жеткілікті.

«Балықшының қызы» романы (1958) шыққан мезетінде де, қазір де татымды баға алып келе жатқан туынды. Әсіресе бас кейіпкер Айқыз бейнесі сәтті шыққан. Өр мінезімен жүректе ұялап қалады.

Қыз балада кездесетін инабаттылық, ұяндық Айқызда да бар. Бірақ шарасыз емес. Жүрегі отты. Ешкімге есесін жібермейді. Айқыз характері нақтылы өрекет үстінде танылады. Төсек тартып жатқан әкесін аяғынан суырып алған байдың қорлығына шыдай алмаған Айқыз анау-мынау еркекке бергісіз батыл мінез көрсетеді. Романның мына жолдарын оқып көріңіз: «манадан байдың қаһарынан қорқып, анадай жерде тұрған Айқыз ызасы келіп, демі булығып жылап жіберіп,

қайтадан өзін ұстап, әкесінің қасына жетіп барып, байға қарап:

— Бай аға!
Бересі болсаң ақмаққа,
Күнде келер діңкілдеп.
Қарыздар болсаң моллаға,
Ізіңнен қалмас зіңкілдеп.
Тап болсаң жаман қоңсыға,
Миыңды тесер шіңкілдеп,—

дегендей етпей, әкемді тыныштат, қарызыңды менен талап ет,— деді екі беті нарттай қызарып.»

Мадқапыда байдың аузына сөз түспей, ләм деместен іздеріне қарап қалады.

Айқыз халық мәтелін қару қылып жұмсайды. Өзіне сүйеу етеді. Осы суретте роман кейіпкері мен фольклор кейіпкерінің арасындағы айырма айқын сезіледі. Біз лиро-эпостық поэмадан Қыз Жібектің тілі мірдің оғындай болғанын оқимыз. Солай деп қабыл аламыз. Ал роман геройына жолыққанда, біз айтылған сөзге сеніп қана қоймаймыз. Көз алдымыздан өткен суреттен автордың арнайы ескертуінсіз-ақ тиісті қорытынды жасаймыз: «Берекелді, мына Айқызың қандай өткір жан!»— деп іштей сүйсінеміз. Сөйтіп, фольклор романда қызмет етіп, характер жасауға мұрындық болған.

* * *

Роман жанрының қыр-сырлары көп. Ол замана жаңарған сайын жаңаланып, түлеп отырмақ. Ұлы Октябрь роман өрісін кеңейтті. Революция әсіресе ерікті адам концепциясын жан-жақты дамытуға кең жол ашты. Алғашқы совет романдарында бұл мүмкіншілік пайдаланылды да, жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы қазақ романдарына көз жіберіп көрелік. Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» (1926), «Ақбілек» (1927, 1928), Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» (1937), Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» (1938) бас қаһармандардың жаратылыс бітімінде, бүкіл болмысында революцияшыл романтикаға бөленген қайрат-жігер, өршіл рух еседі. Шығармаларда атқан таңның ашық бояуы, қуаныш өсері басым. Осының бөріне көрік беріп тұрған бостандық аталатын қасиетті сезім еді.

Бірақ Сталин культі кезінде сол табиғи қуаныш

жасандылыққа бой бере бастады. Әдебиет мойнына социалистік реализм құрығы түсті. Көп маңдайалды жазушыларымыздан айрылды. Аман қалған суреткерлер де еркін бой жаза алмады. Сәбит Мұқановтың «Адасқандар» романы (1931) сын тоқпағына ұшырап, идеологиялық канон бойынша қайта жазылды. Тіпті атақты «Абай жолы» роман-эпопеясының талай жолдары дүмше сынның тепкісінен шығарманың ақырғы нұсқасынан орын таба алмады.

Тұралау кезеңінде де белгілі шеңберде ғана ойлауға рұқсат етілді. Коммунизм идеясына кеселі тиеді деген желеумен талай тақырыпқа тиым салынды. Баспа орындары сталиндік ГУЛАГ, аштық т. б. тақырыпта кітап шығармауға тиіс болды. Айтайын дегенін жағымсыз қаһармандардың аузына салған жазушыларды да білеміз. Ілияс Есенберлиннің «Қатерлі өткел» романында (1967) ұлтшыл айыбы тағылғандардың сөздері уытты келіп, шындығы басым шығып, жағымдылар олардың қайсыбірін ақиқаттың күшімен емес, түрменің тозағымен қорқытып жеңетіні, мойындататыны мәлім.

Қазақ әдебиетінің талай інжу-маржандары өкімшілік-бюрократиялық системаның бұйрығы бойынша әдебиет тарихынан аласталды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі қара құрым қаулы-қарары бойынша әдеби қазынамыздағы шығармалардың басым бөлегі зиянды деп табылғанын ескерсек, қалам иелеріне жасалған қыспақтың мөлшері қандай болғаны айқындалып қалады.

Дәрекі социологизм айқайшылары социалистік реализм әдісін ұр тоқпаққа айналдырды. Қазір бұл әдіс қатаң сынға ұшырауда. Біреулер социалистік реализмнен мүлде бас тарту керек деседі. Бұлар осы әдіспен жазылған туындылардың бәр-бәрін талақ етуге шақырады. Тағы біреулер кеңірек көзқарас ұстанады. Суреткердің қай әдіспен шығарма тудырамын десе еркі, тиым салсақ тағы да ежелгі сары ауру қайта соғады деседі.

Совет жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезінде қабылданған Уставта социалистік реализм: «Суреткерден болмысты революциялық даму қалпында, шыншылдықпен, тарихи нақтылықпен суреттеуін талап етеді, болмысты суреттеудің шыншылдығы мен тарихи нақтылығы еңбекшілерді идеялық жөнінен

қайта өзгертіп, социализм рухында тәрбиелеумен қиысып жарасым табуы қажет» делінген.

Бұрын жатқа соғатын қағида. «Бұл қалай?» дейтін жері жоқ сияқты еді. Енді бүгінгі бетбұрыс кезеңінің биігінен көз тоқтатып, бажайлап қарасақ, олай болмай шықты. Қағиданың дұрыс та, бұрыс та тұстары баршылық.

Социалистік реализм әдісінің совет көркем әдебиеті мен әдеби сыны өмірді революциялық даму барысында шыншылдықпен, нақтылы даму тұрғысынан бейнелеуі тиіс деген жеріне қанша шұқшисаң да мін табу қиын. Мұны қатып семген догмаға ұрындыратындай немесе көркем туындының «аяғын» қия бастырмай, матап тастайтындай пәлендей кінәрет ұшыраспайды. Жазушы А. Чаковский айтқан, бірсыпыра жұрттың көңілінде жүрген мына пікіріне құлақ асып көрейікші. Ол КПСС Орталық Комитетінің желтоқсан (1989) Пленумында сөйлей келіп, былай десе керек:

«Затем, мы «забили до смерти» понятие «партийности литературы». Одновременно с «бюрократическим административным методом» мы «забили» как страшную «бяку» «социалистический реализм». Ну, это вообще исчадие ада — социалистический реализм! А что такое соцреализм, если очистить его от разных вульгарно-социологических наслоений и от того же вульгарно-командного метода? Социалистический реализм — это творческий метод правдивого описания действительности с ее противоречиями и ведущими тенденциями. Что тут такого? Ради чего надо вкапывать осиновый кол, как раньше вкапывали в могилы вампиров осиновые колы?» (Журнал «Известия ЦК КПСС», 1990, №4, с. 87).

Ендеше неліктен бүгіндер социалистік реализмге ғайбат сөз айтылып жүр?

Мәселе мынада. Александр Чаковскийдің, басқа да кейбір жолдастардың социалистік реализмге байланысты бар кеселді тек бюрократтық-өкімшілік системаға жабуы жетімсіздеу. Көркем әдістің тікелей өзіне қатысты дау-шарды жиып қоя алмайсың ғой. Бұл әдістің талай бұрмалаушылыққа өкеп соқтырған осал тұсы бар. Оны жасыруға болмайды. Атап айтқанда суреткер өз туындысын еңбекшілерді қайта тәрбиелеу міндетімен ұштастыра жасауы тиіс деген талап тұрпайылыққа жетелейді.

Еңбекшілерді социализм рухында қайта шыңдау

мәселесі совет елі тарихының әр тұсында әр мағнаға ие болғанын біз жақсы білеміз. Сталинге табынуды да кезінде коммунистік тәрбиенің маңызды міндетіне баладық. Соның өзінде де Сталиннің ролін мына салада, анау мәселеде жеткілікті көрсете алмай келеміз деген жарамсақ сын жиі айтылатын. Брежнев тұсында жаңа адамды бюрократтық системаға лайықтап тәрбиелеу мәселесі әлсін-әлі қойылатын. Сөйтіп социалистік реализм саяси конъюнктураға көрінеу жегілетін.

Рас, жазушылар Уставынан мынадай сөздерді де ұшыратамыз: «Социалистік реализм көркем творчествоға творчестволық инициатива беру жөнінде және оның әр қилы форма, стиль және жанр таңдауына айырықша мүмкіншілік тудырады».

Әдемі түзілген қағида. Ал іс жүзінде социалистік реализм саясаттың қол жаулығына айналды.

Социалистік реализмнің совет көркем әдебиеті мен сынының негізгі әдісі деп жариялануы да аз зиян келтірген жоқ. Іс жүзінде әдебиет пен өнер саласында басқа әдіс болмауға тиіс деп ұйғардық та. Негізгі әдіс шын мәнінде де бірден-бір әдіске айналып, бөтен көркемдік тәсілдерді ығыстырып тастағаны баршаға мәлім. Устав «талап етеді», «тиіс» деген әкімшілік-бұйрық мәнерде жазылды. Орындамай, мақұлдамай көр!

Бұл айтылғандарға Сталин заманынан машыққа айналған, асыра сілтеушілік, асыра орындағыштық мінезімізді қоссақ, социалистік реализмді жазушы үшін қандай қол байлауға айналдырғанымыз түсінікті болар деймін. Мәдениет жел бұйдасына көнгісі келмегендер қуғын-сүргінге ұшырады. Содан саяси ұранның айқайшысына құрметпен қарайтын болдық. Саяси-шаруашылық науқандарға жегілген роман жетістігіміздің шоқтығы есептелді.

Өрине, әдебиет тәрбиелік, ұстаздық роль атқарады. Өйткені ол сұлулыққа, әсемдікке жетелеу, баулу арқылы адамның адамдық мерейін өсіреді. Сөз өнері ойға да, сезімге де қанат бітіреді.

Бізден кеткен қателік — социалистік реализм әдісін қарилік қағидаға, социалистік бұлдыр мұраттарға қызмет етсін дегеніміз. Жазушыны өмірден идея ізде деу орнына, саяси идеяларды «Ұрықтандыратын» амал іздеуге итермелегеніміз. Сондықтан көп шығарма шындықтан көз жазды, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүрді.

Мәселен өндірістік романды алыңыз. Соңғы

жылдары технология проблемасы имангерлік, адамгершілік проблемалармен қоса талданатын болды, мұның өзі төп-төуір жетістік деп бағаладық. Бірақ өндірістік жанр әдебиетті шығарғанға шығарды ма? Дүние жүзі әдебиетін былай қойғанда одақтық әдебиеттің асыл қорына қосылған бұл жанрдан қандай жетістігіміз бар?

Өндірістік роман дейтіннің өрісі тар. Одан философиялық ой, жанды ұлттық характер, терең психологизм іздеп жарымайсың. Себеп сол, өндірістік роман кейіпкерінің әлеуметтік функциясы сыңаржақ келеді. Бұл жанрдың соңғы үлгілері — М. Сәрсекеевтің «Жарылыс», Р. Сейсенбаевтың «Өмір сүргің келсе» романдарында қаһармандардың бар күш-жігері технологиялық процестердің төңірегінен айналсоқтап шыға алмайды.

Адам характерін зерттеу орнына өндірістік проблемаға ден қою зардабын әдебиет талай тартты. Тауды бұзып, тасты жарып, өзенді теріс ағызғандарды жырлаймыз деп, Арал теңізіндей құт-берекемізден айырылып, енді жылап-сықтауға көштік. Украиндық жазушы В. Яворивский «Аласапыран реакция» деген романында республикасында атом электр станциясы құрылысы салынып жатқанға мез болып, бөрікін аспанға атты, ұлы іске ат салысқандық украин халқын ғылым-техникалық революция жетістіктерімен қаруландырады, ой-зердесін өсіреді деп, асқақ романтикаға басты. Төніп келе жатқан Чернобыль апатын мүлде сезбеді. Енді бармағын тістейді. Бірақ амал қанша!

Еңбекшілерді қайта тәрбиелейтін шығарма жаз деп шақыратын социалистік реализм шын мәнінде идеологиялық қысым жасау құралы болды. Шындықтан көз жазған жазушы өмірге үстірт қарайтын шығармалар туғызды.

Социалистік реализм әдісінің қайта қаралуы тиіс екені тоқырау кезеңінің өзінде-ақ сезіле бастады. Себебі, А. Платонов, А. Солженицын, В. Дудинцев сияқты жазушылардың туындылары социалистік реализм шеңберіне сыймайтын сыңай танытты.

Бұл мәселелер төңірегінде көп қызу айтыс туды. Біраз жыл әдебиет теориясы ғылымы социалистік реализм аясын қайтсе кеңітуге болады деген сұраққа жауап іздеп, өуре-сарсаңға түсті. Г. Пospelов «Филологические науки» журналының 1975 жылғы бірінші санында совет әдебиетінде социалистік реализмге қоса басқа да әдіс бар деген жорамал айтты. Бірақ бұл пікір қолдау таппады. (Жақшаның ішінде айта кетейік, совет

өдебиетінің мол дариясы социалистік реализмнің тар арнасына сыймай асып төгіліп жатыр. Бұл әдіс белгілі уақытта жетекші рөл атқарды дейік, бірақ сонымен қатар өмір сүрген басқа да әдістер неге айтылмайды? Мұхитта киттен басқа да балықтар бар ғой.)

Тағы біреулер социалистік реализмнің ұшан-теңіз мүмкіндіктерін пайдалана алмай жатқанда бөтен әдістің қандай қажеті бар? — деген сауал қойды. Ал өдеби жұртшылық негізінен Д. Марковтың «Вопросы литературы» журналының 1975 жылғы екінші кітабында айтқан пікіріне ден қойды. Ал Марков социалистік реализм көркем форманың қай түріне де есігін жаппайтын ашық система деген қағиданы алға тартқан болатын.

1982 жылы «Литературная газетада» басқа да бірсыпыра баспа орындарында творчестволық әдістің былайғы даму жолдары хақында тағы бір қызу айтыс басталып кетті. Бара-бара мәселе творчество еркіндігі жайына келіп тірелді. Осы тұста социалистік реализмнің осал жері сезіліп қалды.

Шындықты жазатын шығармаға дүрсе қоя берушілік өдетке айналды. Мұндайда біздің Қазақстан жұрттың алдын беруші ме еді. Мәселен, бетбұрыс басталғаннан кейін де, 1986 жылы Қазақстан Компартиясының XVI съезінде жас жазушы Шаштайұлының «Қызыл қар» атты құйтақандай повесі қатаң сынға алынды. Бұл повесте көзбояушылық салдарынан жұтқа ұшыраған ферма қойын құтқару үшін жатпай-тұрмай күрескен шопандардың ерлік еңбегі суреттелген болатын. Бірақ Дінмұхамет Қонаев мұны шопандардың еңбегін қаралағандық деп тапты. Съезде баспа орындарына алашордашыл ұлтшылдарды насихаттап отыр деген саяси айып тағылды. Бұл да түймедейді түйедей ететін сол кездегі әкімшілік-бюрократтық система стилі бойынша қоздырылатын дөрекі социологизмнің бір көрінісі-тін. Әйтпесе сол сынның тілге тиек еткені қазақтың алғашқы дәрігерлері туралы кішкентай кітапша болатын. Онда аталған дәрігердің бір-екеуі кезінде «Алаш» партиясының мүшесі болған. Кітапшада бұл факті ашық айтылды. Жасырдың деп қалай кінә тақсын? Сонда да Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі секретары З. Камалиденов ұлтшылдық исін көңірсітіп, баспа орындарына ауыр-ауыр кінә тақты.

Бұл шаш ал десе, бас алатын сталиндік алапат за-

манның бетбұрыс дәуіріне бағыттап атқан соңғы снарядтарының бірі еді. Қайта құрылыс бірте-бірте күшіне кірді. Шындық өділетсіздіктің, жалғандық атаулының бар бөгетін тасқын судай талқан етті. Не жазсаң да еркін деп жариялылық жар салды. Бұған да етіміз өзер үйреніп келеді. Өз елімізде отырып, өзге елге көшіп келгендей біраз уақыт тосырқап жүрдік. Әйтеуір өлдім-талдым дегенде «ақтаңдақ» атанған арыстарымызды ел-жұртының ортасына қайта алып келдік. Басқа жұмыс өлі де паш етекпен.

Социалистік реализм теориясы қайта қаралуы тиіс. Әдебиет тарихы жаңа тұрғыдан зерттелуде. Ғылыми көзқарас, аса ыждағаттылық міне осындайда керек. Социалистік реализмді мансұқтаудың жөні солай екен деп, жаны ашымастың қасында балтырың сыздамасынға бағып, кір сумен бірге шомылдырып жатқан нәрестені лақтырып жібермеу жағына байқас болуға қажет.

Өткен қателікті жою нәтижесінде әдебиетке тың көзқарас қалыптасатыны сөзсіз. Қайта оқу, қайта қарау дегеннен шығады. Әдебиет тарихына көз салсақ, бұрын аңдамаған, аңдасақ та терендеп талдауға бата алмаған көркем құбылыс фактілері табылары даусыз. 1960 жылдардың бас кезінде Мұхтар Әуезов «Өскен өркен» романында Қазақстан жағдайына жаңа көзқарас керектігін өткір мәселе етіп қойды. Ұлы жазушы осы талабында жалғыз қалған жоқ.

Әр дәуір өз романын тудырады дедік. Туу процесі қашанда оңайға соқпаған. Адамзат өткен дәуренімен күле қоштасады,— дейді Маркс. Мұндай жағдай әдеби даму заңдылықтарына да тән. Жаңа роман ескісін келемеждей, мысқылдай, жерлей келетіні сирек кездеспейді. XVII ғасырдың бас кезінде Мигель Сервантес өзінің атақты «Дон Кихотын» дүниеге келтірді. Өзге қасиеттерін айтпағанда бұл шығарма бұған дейін етек алған күллі рыцарьлық романға пародия да еді. Осыған ұқсас құбылыс совет романында бетбұрыс заманы басталардан көп бұрын төбе көрсетті. Кейіпкердің ішкі дүниесін өндірістік технология проблемаларына бағынышты ету оның ой-өрісін тарылтты, оқиға қуалауға өкеп соқтырды, ең бастысы — қаһарманның рухани болмысын бұзды. Украиндық «химерный роман» мұны көркем шығарманың тақырыбына айналдырып, кешегі өндірістік прозаны сайқымазақ етті. Соғыстан кейінгі шығармалардың талайы қазір керісінше оқылады.

Жағымды геройы күлкі шақырады да, жағымсызы ілтифат туғызады.

Өмірге жаңа көзқараспен қарау талпынысы қазақ әдебиетінде де бетбұрыс дәуірінен өлдеқайда бұрын басталды. Осы саладағы Әуезов бастамасын орта буын жазушылар қостады. Қазақтың қайта құрылыс рухына бейім романы айқайлай, мен мұңдалап, төсін соға келген жоқ. Мұртынан ғана күліп, тоқыраудың төбе тазын жасырған қоқырайма қалпағын оқыстан ұйтқыған жел боп ұшырып жіберетін-ді.

Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар» романы (1972) шымшыма мысқылды қару етіп, нағыз шындық жүзін көлегейлеген бет-пердені жыртып. Романның бас кейіпкері жас аспирант Едіге бір жерден цитат келтіріп тұр ма, өлде төл сөзі ме, өйтеуір тырнақшаға алып, мына бір тирадаға көшеді:

«Коммунизмге беттеген, ғарышқа қол созған осындай ғажайып заманда өмір сүріп отырмыз... Тың көтеріп, отанға миллиардтаған пұт астық беріп жатқан, өзгерген, өскен, жаңарған, азиялық тағылық пен жартылай тағылықтан европалық мәдениетке аяқ басқан өлке ұлымыз... Бұрын жазу-сызуды білмеген, тоқсан сегіз бүтін де бірдеңе бөлшек проценті сауатсыз болған, өнер білімнен кенже емес, мүлде кенде қалған, енді жай сауаттылық қана емес, жалпыға бірдей онжылдық білім беруге көшкен ғылымы мен өнері аршындай өскен елдің ұлымыз. Жыл сайын біздің республикамызда ғана қаншама көмір, қаншама темір, қаншама мыс, қаншама қорғасын өндіріледі...»

Едіге қотыр тілділердің қатарына жатады. Тоқыраудың даңғаза, айқайшыл, ұран салғыш насихаты стиліне түсіп алады да, соны шымшылап келемеж етеді.

Жаңағы ұзын-сонар сөзін Едіге былай аяқтайды: Пай-пай... Бәрін білеміз. Көзбен көресің. Оймен танысың. Сөйте тұра...деп барып, сөзінің аяғын жұтып қояды. Айтайын дегенін туралап айтпайды. Тек ішіне сыймайды. Көмейіңе тіреледі де тұрады,— деп оспаққа салады. Кітаптың соңында ғана Едіге көмейінде тірелген сөздің шет жағасын білдіреді: «Рас, анау керек, мынау керек, анау жоқ, мынау жоқ...» деп дүкендегі жұтандықты бетке тосады. Яғни өмір шындығын алға тартады. Коммунизмге беттеп, өмірден дөйдала лағып кеткен «кемелденген социализм» насихатын аяғынан ұстап, жерге түсіруге тырысады.

Едіге характері қилы-қилы. Бір қарасаң жағымды

кейіпкер ме деп қаласың. «Ең азабы, ақымақ, топас жанмен бетпе-бет отырып, оның бар иіс-қоңысын мұрныңмен, бүкіл жүйкеңмен сезіне отырып, ақымақсың, малсың деп айта алмау екен...» деп үздігеді.

Култ және тоқырау кезеңіндегі жариялылықтың жоқтығын Едіге: «Бір шапшараз иендегі құдыққа айғайлапты дейді. Жарылып өлетін шығармыз»,— деп шенейді.

Мінез ала-құла Едіге енді бір қарасаң мақтан сүйгіш, өрі эгоист жан. Бар ісін құптай беру қиын.

Кезінде Едігенің аумалы-төкпелі мінезі жайында жаздық та. Бірақ сақтық ойлап, бұл бейненің тақырыптық мәнін қазбалап айта алмадық. Жазушы еңбегіне зиянымыз тиіп кететіндей көрінді. Бір «Аз и Я»-ның өзіне байланысты баспагерлердің жүйкесі қаншама жұқарды...

«Көк мұнар» сондай белесті шығарма бола тұрса да, қазақ әдебиетінің тоқырау кезеңіндегі жалпы ауа райын өзгерте алмады. Керек десеңіз бүгін де Мағауин шығармасының жаңашылдық сипатын баптап, жеріне жеткізіп айтатын сын өлі де көзге ілінетін түрі жоқ.

Тоқырау кезеңінде жарық көрген «Көк мұнар» романы әдебиетімізде жалғасын енді тапқандай. Әрине, қайталау түрінде емес. Форманы өзгертіп, жанрлық жаңа синтез жасаған шығармалар кездеседі. Рамазан Тоқтаров өзінің «Сусамыр» атты романына (1985) адамгершілік тақырыпта мазмұн бере отырып, оған детектив киімін кигізген. Шындықты бетің бар, жүзің бар демей жайып салатын шығармалар дүниеге келе бастады. Смағұл Елубаевтың «Ақбоз үй» романы (1988) Қазақстанда ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезеңінің ащы ақиқатын көркемдік қуатпен батыл ашқан шығарма дер едік.

Ендігі бір алуан туындылар өткеннің материалына бүгінгі ой көзімен қарайды. Ұлы держава мен бодан елдің қарым-қатысы бір бүгін көркем шығармаға арқау болып отырған жоқ. Ал Қабдеш Жұмаділов «Тағдыр» романында (1988) бұл мәселеге өз қырынан келген. Ол бұдан бір ғасыр бұрын Қытай империясына қараған қазақ руларының тағдырынан қазіргі бетбұрыс дәуірімен үндес, сарындас проблемаларды шым-шымдап тартады. Жазушы көркем шығарманың қай заманды суреттесе де өз жазылған уақыттың толғақты мәселелерінен шеттемейтін дәстүрін берік ұстанған.

Арғы бет десек те Қытайда тұратын қазақтардың өз-

дерінің тарихи отанында тұратын қазақтармен тарихи тағдыры тамырлас. Оларды айырам деу ала қойды бөлек қырыққанмен бірдей. Сондықтан бұдан ғасырға жуық уақыт бұрын Синцзян өлкесінде өткен оқиға бергі беттегі біздерді де тебірентеді. Романның бас кейіпкері, өзге жұрттан бойы ғана емес, ойы да биік Демежан тұлғасы біздерді де толғантады. Бұл өзі жүректі, тілді характер. Мінезі шалқар, жаны жомарт. Жерін жерлеп, суын сулаған Төртуыл руына ғана емес, бар жұртына жаны аштитын, керек десе сол үшін өмірін қиятын, бөлек туған азамат. Сол Демежанның салтанаты жарқыраған өмірі қайғылы аяқталады. Бұған кім кінәлі? Роман осы сұраққа жауап бере отырып, үлкен-үлкен проблемаларға бастайды.

Демежан трагедиясы «бұйрық солайға» келе бермейді. Мұның тамыры тереңде. Отар елдің мүшкіл халінен туындайтын тауқымет. Демежан хал-қадірінше сорлы халқын алға сүйреуге тырысады. Ал айналасын халық көзімен болжай алатын қайраткер империялық санаға қай уақытта жағушы еді? Ондайлар көзге шыққан сүйелдей болып тұрмай ма? Демежанның жанындай жақсы көретін ұстазы, қытай ғалымы Лишансың айтқандай, империя алпауыттары «Әйелдің жастай аяғын таңып тастаса, халықтың санасына саңылау енгізбей, ақыл-ойын буып ұстайды...» Ендеше отар елден ойы озық жан шықпасын. Шыға қалса, империялық сана қашан қой бастаған көк серкенің басын жұлып тастағанша тиыштанбайды... Оған алыстан мысал іздеудің қажеті жоқ. «Оян, қазақ!» деп жар салған Міржақыптың тағдыры патша тақта отырғанда да, тақтан түскеннен кейін де қандай болғанын жақсы білеміз. Сталин көзін жойған қазақ зиялылары ше? Олардың жазығы жоқ екені енді анықталды. Олардың «қастандығы» ойдан шығарылған жалған нәрсе екенін Сталин немесе итаршы Голощекин білмеді ме екен? Білді. Бірақ олар империялық сананың алдында бөрібір жазықты болатын. Себебі көп білетін! Нақақтан кеткен Демежан да Цин империясына сондай парасаттылығы үшін кінәлі еді.

Сонсоң «бөліп ал да билей бер» деген ереже тағы да бар ғой. Қай империя бұл ережеден бас тартқан? Онсыз да ру-руға жіктеліп, қырық пышақ болып жүретін қазақ сол империялық саясатқа кет өрі емес сияқты. Олай деуге себеп — соншама бедел алған, үкрідай болып ақырып тұрған Демежанның тоқты қойдың

құнындай құны болмағаны. Кектенген ауылдастары ұлыққа арызданып жүріп, ұстатты дейік. Ал өзге жұрт қайда? Бүлінген істі түзетейік деп жұмылған ағайын қайда жүр? Оны айтасыз, талай жақсылығын көрген, Демежан түкірігі жерге түспейтін халдай шонжарларынан тартып өперген тоғаннан су ішіп, егінін салып, нан жеген Төртуылдың, нағашы жұртының бетке шығарлары жау қолында екі көзі төрт болып отырған азамат үшін ара түсуі былай тұрсын, тіпті абақтыда отырғанда ыстық дәм апарып беруге жарамай қалады ғой.

Қабдеш романы өстіп, қазақ құлағына жағымсыздау сұрақтармен аяқталады.

Жазушы ойы айқын. Ел іші өрге басын десең — жақсынды таны. Бұл қолмен қойған ақиқат сияқты көрінгенімен, шын мәнінде терең ойласуды қажет ететін нәрсе.

Кезінде Уинстон Черчилль он екі том естелік жазып, екі дүние жүзілік соғыста өзінің бастан кешкендерін айтыпты. Сонда келтірілген бір эпизод еске оралады. 1945 жыл. Потсдам қаласы. Германияны жеңген одақтас мемлекет басшылары конференция өткізуде. Сол конференцияның бір үзілісінде Сталин ағылшын премьерін оңашалап алып шығып, ұсыныс жасаған, дейді.

— Германияға бұдан былай бас көтертпеудің тағы бір амалы бар,— дейді Сталин Черчилльге. — Неміс ғылымы мен мәдениеті саласынан бетке шығар деген мың, мың жарым таңдаулысын іріктеп ап, жанын жөһнамға жіберсек, Германия тарихи дамудан 100—150 жыл кейін қалар еді.

— Сталиннің жан түршігерлік бұл ұсынысына мен қатты ренжідім,— деп жазады мардамсыған Черчилль. Осыны сезген Сталин «қалжындап едім» деп, Черчилльді арқадан қағыпты.

Мұны жөйдан-жөй еске алып отырғанымыз жоқ. Прогресс, алға басу тек өлеуметтік-экономикалық жағдайларға ғана байланысты емес. Тарих жасампазы — халық дейміз. Бірақ жеке адамның да оған араласы аз емес қой. «Жүзден — жүйрік, мыңнан — тұлпар». «Алып анадан туады» (өріне, қара күш иесі ғана емес). Ендеше аяулыны аянда сақтай да білуің керек. Бұл — елдің елдігін көтерудің маңызды шарты.

«Единица кеткенде, не болады өңшең нөл» дейтін Абайдан қалған сөз бар. Сол единицамызға музей экспонаты ретінде қарауды біз қашан қояр екенбіз.

Олай демей, қалай айтамыз, егер Абайды зерттеу күні бүгінге дейін әдебиеттану арнысында ғана жүріп жатса. Абайдың философиялық мұрасын терең талдап зерттеген кім бар? Ең маңдай алды қазақтан шыққан философтар Кантты зерттеумен күн оздыруда (неміс философтарының шамасы келмей отырғандай). Бұған қалай қынжылмассың? Өзімізше ойламайтын, түйін түймейтін халық сияқтымыз.

Мағжан «алтын хакім» атаған Абай дәл бүгін керек бізге. Абай «артық жолдас таппадым татулықтан» десе, «ит көрген ешкі көзденбей», бір-бірінді тыңдай біл, сыйлай біл десе, бұл — жаңа ұлттық мінезге бастау еді. Бұл өмірлік философияны дүниетанымына, барша ісіне арқау еткен халықтар бүгінде біздің көзіміз жете бермейтін биікке көтерілген.

Талант — халық игілігі. Сондай-ақ, әр қоғам мүшесі — ел байлығы, ырысы. Халық, мемлекет, қоғам және жеке тұлға ара қатысында адам мүддесі бірінші орында тұруға тиіс. Бұл арақатыс шиеленіскен, келісімін таппай қабынған жағдайда ел ішінде қандай қиындық, бақытсыз қараң күн туатындығын, елім деп еңіреген не ердің де жайнаған туы жығылатынын «Тағдыр» романы өзінше толғайды. «Қасымда халқым бар ғой» деп, төніп келе жатқан хауіпті сезбей, арқасын кеңге салатын Демежанға әкесі Керімбай былай дейді:

— Сол халқың қорған болуға жараса... Халық кейде үріккен жылқы секілді, жолында тұрсаң өзінді таптап өтуі мүмкін...

Ұлттық проблеманың «Тағдырдағы» қойылысының бұған дейін жарық көрген тарихи романдарына ұқсайтын да, ұқсамайтын да жерлері бар. Бодан елдің сары ауруы — ру араздығы — халық басын біріктірмейтін кесел. Қарап отырсаңыз, «Тағдыр» романының кейіпкерлері — қырық пышақ. Империя ұлығы тастаған сүйекке таласқан өңшең иіс алмас бірін-бірі түтіп жеуге өзір. Шығармадағы ондай көріністерді жиіркенбей, қорланбай оқи алмайсың.

Жалпы біз ел бірлігі хақындағы мәселенің түбіне бойлап жете алмай-ақ қойдық. Бұл жөнінде көбіне тиіп-қашты сөз болады. Тек қазақ тарихи романдарында ел бірлігі хақында біраз толғаныс бар. Арнайы тақырып бойынша емес, Қазақстанның Россияға қосылуына байланысты сөз болады. Мысалға Россия заңдарының сахрада жүзеге асырылуы нәтижесінде рулық соғыстардың тиылуы, оның есесіне болыс

сайлауларының елдегі рулық дау-дамайларды қоздыруы, арызқойлықтың етек алуы т. т. Алайда тарихи романның ресми идеологияға басыбайлылығы елдің елдігі мәселесін еркін талдауға бөгесін жасады. Бетбұрыс кезеңінде жарық көрген «Тағдыр» романы осы олқылықтың орнын толтыруға, мәселені жаңа қырынан қайта көтеруге талпынады.

Ұлы державаның ығында өмір сүру бар мәселенді шеше бермейді екен. Қазақтың бір өлкесінің Қытайға қосылуы, сол өлкенің тарихи отанмен екі аралығында шекара сызығының түсуі көшпенді елді көгертпегені сөзсіз. Қабдеш романы сол шындықты суреттейді. «Тағдырдың» бодандықтан құтылмай, рулық араздығын бітпейді дегісі бар. Елдік пен рушылдық, біреуі — от, біреуі — су. Бұған дауа қандай? Елдің елдігі үшін күрес сыны қатал. Іштей дұрдараз болсаң, оған қалайша төтеп бермексің? Міне, Қ. Жұмаділов романы осы сұраққа жауап ізде дегендей сыңай танытады.

Қорыта айтқанда, қазақ романы бүгін ел егемендікке ұмтылып отырған шақта жаңа бір өріске беттеп бара жатқандай. Соны құптай келе, ескі таптауырын схемадан шыға алмай, ел жағдайына, адам санасының шыңырауына үңілуден гөрі, айталық, технологиялық пеш көмейіне үңілген, беті жылтыр, іші сылдыр шығарма өлі басым екенін есте ұстауға міндеттіміз. Қазақ романының қазіргі жайы көктемнің ең алғаш сыз бере бастаған қалпын еске түсіреді. Яғни бүгінгі роман жазғытұрғы даладай ма дерсің. Тебіндеген көк өзірге ойдым-ойдым, басқа жерде өлі қар кіреукесі сөгілмеген.

9 шонь, 1990 жыл.

СОЦИАЛИСТІК РЕАЛИЗМНЕН БАС ТАРТАМЫЗ БА?

Уақыт шіркіннің аздырмайтын-тоздырмайтын нәр-сесі болса ше? Күні кеше аузымен құс тістеп тұрған социалистік реализм әдісі де бүгіндер өзін туғызған өкімшілік-өмірлік системамен бірге аты өше бастағандай. Жөй аты өшсе бір сөрі, қатты сынға ұшырап, жөнді де жөнсіз айыптар тағылып, жүні жығылып, мойнына су кеткен хал кешіруде.

Ол солай болсын дейік. Ал осы әдісті туғызған, бір кезде дүние жүзі көркемдік дамуының шыңына айналған өдебиет ше? Ол қандай күй кешуде?

Бұл сұраққа жауап берер алдында міндетті түрде айтылатын жаңалық жәйт — бұрын зиянды деп аттонымызды ала қашатын, буржуазияшыл, байшыл деп анадайдан үркетін, барынша мансұқталып келген өдеби өлем рухани өмірімізден қазір өзіне тиісті орнын алды. Ол енді оқылуы-тоқылуы жағынан алдыңғы қатарда. Одақта А. Платонов, М. Булгаков, О. Мандельштам, А. Ахметова т. б. біздің республикамызда Шөкөрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармалары кеңінен жарияланып, тарихымызды байытып, ой өрісімізді жаңалауда.

Ал социалистік реализм өдебиетіне келетін болсақ, ол туындыларының сапасына қарай өртүрлі күй кешуде. Бұрын да оқушы ілтифатына бөленіп келгендері баяғысынша қадірлі, көңіл төрінде. Халқына сіңімді болғаны соншалық, нелер сұрапыл дауылға дес бермеген емендей, қалай ырғаса да қарысып қайыспайды.

Шынында да, Михаил Шолоховтың «Тынық Дон» романына қалай батылың барып қол көтересің. Бағзы бір жанкештілер оны нысанаға алса, ергежейлердің Гулливерді атқан жебесіндей шыбын шаққан құрлы болмайды. Адамзат жан сырының нелер иірімдеріне, тұңғыықтарына сүңгітіп өкететін бұл шығарма қашан да оқушы жүрегінде өшпес із қалдырады. Оқыған кісіге әсері сондай, адам тұтас бір ғұмыр кешкендей сезінеді. Қайсыбіреулер «Тынық Донды» социалистік реализмге қимай, бұл шығарма басқа үлгіде жазылған, авторлық ілтифат Кошевой жағында емес, Григорий Мелехов, оның семьясы жағында деседі. Бұған дау айтаушылар өңгімені басқаша тербетеді. Ымырасыз тап күресінің суреттері — бұл романның өзегі екені тілге тиек етіледі.

Рас, социалистік реализмнің осал, қатып семген догмалық шарттары Михаил Шолохов қаламына ешқандай ықпал етпеді десек, ақиқат ауылынан алшақтап кетер едік. Әсіресе «Көтерілген тың» романында бейнеленген көркемдік шындық ауқымы Россияны асырап отырған нағыз еңбекші шаруалардың қайғылы қасірет тағдырын ашуда Шолохов талантына сай келмегенін мойындау керек.

Социалистік реализмнің салқыны қазақ әдебиетінің құзар биік туындыларына да өртүрлі дәрежеде тигенін жасыра алмайсың. Дегенмен, өнердің аты өнер. Оның ішкі заңдарын терең сезінген талант талай асыра сілтеулерге оншалықты бой алдырған жоқ. Оның үлгісін Қазақ әдебиетінен де кезіктіресің. Хас суреткерлердің қалай дегенмен де жауын-жауынның арасымен жол тауып кететіндігін, өмірден алшақтамайтындығын, қиялдың өзін сол өмір материалын тұтандыратын шырпы есебінде қолданып, идеялық-көркемдік тұтас жаңа дүние туғызатынын, социалистік реализм қоршауынан өр тұстан бұзып аттап өтіп шығатындығын байқау қиын емес.

Айтылғанға дәлел — Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы. Орыс тілінің бір мәтелімен айтқанда, суреткер түйені иненің көзінен өткізгендей сиқыр талант танытты, қазақ сахрасының ғасырлық өшпес суреттерін жасады. Абай бейнесі арқылы қазақтың сарқылмас бай ішкі дүниесін ашты. Ал романның социалистік реализмге жақын тұстары жазушыға еріксіз таңылды. «Абай» жазылардан он шақты жыл бұрын түрмеде отырып шаққан, 37-жылдың лаңынан өуіріммен қалған, одан кейін де өне ұсталады, міне ұсталадымен жүріп, бір кезде Москваға барып паналаған Мұхтар Әуезов «Абай жолының» алғашқы кітабын жариялағаннан-ақ саяси айып таққан сынға ұрынды. Сол себепті сапты аяққа ас құйып, сабына өз жанынан қарауыл қойды, ол қарауылы «ішкі редактор» қызметін атқарып, жазып тастайын деп ұмтылған талай дүниесін кейінге қалдыра берді. Романда айтқысы келген бір талай жайлар ашылмай жайына қалды.

Мағжан Жұмабаев «Алқа» атты өдеби үйірменің «Табалдырық» атты бағдарламасын жазған. Міне, сол «Табалдырықтан» Абай ақын трагедиясының бастысы — қазақ жерін талапайға салған отаршылдықта деген сөздерді оқимыз. Мағжан тұжырымының дұрыстығы күмән келтірмейді. Туған жерінің талан-таражға түскеніне Абайдың жаны қалай ауырмасын? Мәселен, тек Семей облысы бойынша 1903 жылы 235,300 десятина жер тартып алынды (ЦГА Каз ССР. ф. 64, д. 1259, св. 51, л. 127). Абай өмірінің ақырын уайым-қайғымен өткізіп, жылап-сықтаған қазақтардың отаршылдыққа шалған бірінші құрмалдығы, болды деп түйеді Мағжан.

Міне, осы тарихи шындықты, атап айтқанда қарашекпендердің ойранын Мұхтар Әуезов бар қуатымен,

толымды етіп суреттей алған жоқ. «Жерім қайда? Кегім, есем қайда?» деп ұрлық жолына түскен Балағаз, сайып келгенде, өз маңайындағы руластарының малын жәукемдейді. Сөйтіп — негізгі кесел хақында батыл кетуге автордың жүрегі дауаламағаны түсінікті нәрсе. Өйтсе, қазақ-орыс достығына от салдың деген пәлеге қалатыны сөзсіз еді.

Әбдіжәмил Нұрпейісов «Қан мен тер» романында партияның XX съезі әкелген «жылымықты» пайдаланып, социалистік реализмнің ресми идеологиямен астасқан біраз сары қоныс жұртын айналып өтуге тырысты. Сюжетті бұйдалап, саяси идеяға жетектеуден тартынды. Бір ғана мысал.

Тентек Шодырдың баласының қылышынан жер құшар алдында Еламан соңғы ойын ойлады. Төңірісінген Төңірберген өлер шағында ғарышпен тілдесіп, содан әділеттік іздесе, Еламан жаңа заман туралы қиялға кетеді. Социалистік реализм тұрғысынан ол қиялында күпірлік пиғыл білдіреді. Комиссар Дьяковтың социализм жер басқан жанның бәрін бірдей тең етеді дегеніне шүбә келтіреді. «Түсінбеймін,— дейді Еламан. — Жә, құдай қаласа, жауды жеңіп, дегенімізге жетерміз. Өмір өзгерсін. Қара борбай кедейлер теңдік алсын. Бірдейлік орнасын. Бірақ, бөтір-ау, осы халықтың ішер асы, киер киімі бірдей болғанмен құлқы бірдей бола ма?..»

Адам табиғатында бірдей болып жаратылмайды. Құлқын қалайша теңеспек. Біреу жалқау, біреу пысық деген сияқты. Ендеше социализмде де біреу артық, біреу кем болмасына не кепіл. Міне, Еламанның жаңа заманға бет бұрғандағы, «Қайта тәрбиеленгендегі» түрі. «Түсінбеймін, ақылым жетпейдімен» кейіпкер ғұмыры бітеді. «Қан мен тердің» сөйтіп екіұшты аяқталуы социалистік реализм әдебиетіндегі қобалжу, дағдарыстың бастамасынан хабар береді деп түйсек, меніңше, артық айтқандық болмайды. Өйткені мұнда реализмді саяси-идеологиялық анықтаушы билеп-төстеп өкетіп тұрған жоқ, қайта реализм сол жаңа заман кигізген «қып-қызыл» тоннан пысынап, оны шешіп тастағысы келетіндей сыңай танытады.

Социалистік реализм шындықты олай жазба, былай жаз деп талап қойғанда, онысы шындықпен жанасып жатса бір сәрі. Нағыз шындық өмір мен социалистік реализм нормалары бір-бірінен барған сайын алшақтай берді. Басында мықтап сенген «жарқын болашақ» уақыт

озған сайын алыстамаса, жақындаған жоқ. Социалистік реализм жаршыларының бірі В. Ермилов «Сұлулық, өдемілік дегеніміз — біздің советтік өміріміз» деп жариялады. Соғыстан кейінгі уақытта совет адамдарының ауыр күйзеліс тұрмыс шеккеніне қарамастан, социалистік реализм өдебиеті көбіне жауырды жаба тоқыды. С. Бабаевский «Алтын жұлдыздың иегері» атты еңбегінде совет адамдарының өңі тұрсын, түсіне кірмейтін бақытты заманды қолдан туғызды. Мұндай шығармалар көңілден ұмыт. Әлде қалай еске түссе, бір ғана себеппен айтылады, социалистік реализмнің қайсыбір өтірігін шығару үшін мысал есебінде өжуа етіледі.

Тіпті советтік құрылыстың көлеңке жайларын сынаған шығармалардан да жалған пафос құлағы үрпип шығып тұрады. Мәселен, И. Ильф пен Е. Петровтың «12 орындығы» ғажайып тапқыр суреттерімен ерекшелене тұра, қуғын-сүргінге түскен интеллигенцияны мазақ етті. Ал қуғын көрген кімді болса да келемеждеу өдебиеттің адамгершілдік рухымен сыйыспайтыны белгілі.

Соғысқа дейінгі уақытта біздің идеологиямызда - Россия большевиктер үшін бе, жоқ әлде большевиктер Россия үшін бе?» деген мәселе көтерілді. Л. Троцкий: дүние жүзінде революция өртін қаулату үшін мен Россияны бір арқа отын есебіне отқа тастап жіберуге бармын, деген. Борис Пильняк, тағы басқа кей жазушылар бұл бассыздықты өлтіре сынады. Алайда, совет өдебиетінде жаңа заман әуені күшейе берді. Коллективтендіру кезінде қазақтың жартысынан көбі қырылып жатса, елден безіп қашып-пысып жер ауып кетсе де, А. Тоқмағамбетов, Қ. Әбдіқадыров сықылды қаламгерлер әлде бір шет елдердегі болмаған апстықты жазып алдарқатты. Сөйтіп билік басындағы партбюрократияның бұйрығына бас ием деп, совет өдебиеті өтірікті — шындай, ақсақты — тыңдай етуге мәжбүр болды. Сондықтан социалистік реализм — «жалдамалы өдебиет» деген атаққа қалды. Ең табанды дегендердің төзімі таусылды.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың алдында Александр Фадеев КПСС Орталық Комитетінің атына хат жазып қалдырғаны мәлім. Онда төбе-құйқаны шымырлататын сөздер ғана жазылмаған. Бұл хатты жаны таза адамның еріксіз ми батпаққа түсіп кеткендегі ащы даусы дерсің. Хаттағы мына сөздерге құлақ түріңіз:

«Не вижу возможности дальше жить, т. к. искусство,

которому я отдал жизнь свою, загублено самоуверенно-невежественным словом партии, и теперь уже не может быть поправлено. Лягушние кадры литературы — в числе, которое даже не снилось царским сатрапам, физически истреблены или погибли, благодаря преступному попустительству власть имущих...

Нас после смерти Ленина низвели до положения мальчишек, уничтожали, идеологически пугали и называли это — партийностью»¹.

Осы жолдарды оқып отырғанда ойға қаласың. Александр Фадеев көп жылдар бойы СССР Жазушылар одағын басқарып келді. Горькиймен бірге социалистік реализм өдебиетінің негізін қаласты, жаңа өдістің даңқын көтерген «Тас-талқан», «Жас гвардия» романдарын жазды. Осындай бетке шығар Фадеевтің өзі қол бала есебінде қорлық көргенде, басқаларға не жорық. Фадеев сияқты алыптардың кеңірдегінен алған шеңгелін босатпағанда, жергілікті жазушылардың халы непік болды десеңізші.

Жоғары жақ шаш ал десе, жергілікті жердің бас алатыны белгілі жөйт. Колхоздастыру кезінде халқының жартысын қырып алған жалғыз республика — ол белсендіге бай Қазақстан. Қолына қалам ұстағандарға күн көрсетпейтін Сталиннің өзінен өткен сталиншілердің көптігі жағынан да біз бірінші орынды беріспеген болуға тиістіміз. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті өдебиет мәселелері бойынша қабылдаған қаулыларының күшін жойған шешім қабылдағанда, теріс, өділетсіз деп табылған партиялық құжаттардың ұзын саны жүзден асып жығылды. Сонау көне заманнан бертінге дейінгі ақын-жазушылардың басым бөлегін ақтауға тура келді.

Ал соншалық оспадарлықпен қысымға түскен өдебиеттің сорлау сырына үңілсек, себептері, өрине, алуан түрлі. Айыптың бірталай салмағы социалистік реализм өдісіне түседі. Жазушының көкейінде түйген шындығын айтқызбай ауызға ұрып, былай жүр, олай жүрме деп қақпайлайтын бұл неғылған өдіс? Оған ондай күш қалай біткен? — деген сұрақ өзінен өзі туады.

Өрине, бұл жерде социалистік реализмнің барша тарихын қазбалап жатуға орын тар. Бірақ оның анықтамасына тоқтала кетсек, жоғарыда қойылған сұрақ-

¹ «Известия ЦК КПСС» журналы. 1990, №10, 147, 148-беттер.

тарға негізінен жауап қайтарылатын болуға керек деп шамалаймын.

«Социалистік реализм» дейтін термин өдебиет қауымының аузына 1932 жылдан бері ілікті. Бірақ өдістің нағыз сөлін беретін анықтамасы 1934 жылы совет жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезінде қабылданған Уставта ресми түрде түзіліп бекітілді. Уставта социалистік реализм совет көркем өдебиеті мен сынының негізгі өдісі деп жарияланды да, оның мәнісі төмендегіше тұжырымдалды:

Социалистік реализм «Суреткерден болмысты революциялық даму қалпында шыншылдықпен, тарихи нақтылықпен суреттеуін талап етеді, болмысты суреттеудің шыншылдығы мен тарихи нақтылығы еңбекшілерді идеялық жөнінен қайта өзгертіп, социализм рухында тәрбиелеумен қиысып жарасым табуы қажет».

Қазіргі қайта құрылу кезеңіндегі шұғыл өзгеріске бет алған көзқарасымыз тұрғысынан талдағанда, бұл қағиданың қайшылығы бірден көзге ұрады.

Меніңше, қағиданың болмысты революциялық дамуы үстінде шындығын айтып, тарихи белгілі бір шеңберде алып суреттеу керек деген тұсына дау айту қиын. Өйткені ақиқат — дамуда. Осы себепті де өдебиет табиғаты жазып отырған объектісінің, өмір көріністерінің бір күйден екінші күйге ауысуын суреттеу өнерінен туындайды. Тіпті шағын детальды, пейзаж, портретті, адам жанын, ішкі дүниесін т. б. бейнелегенде оның фотосуретін, бөлшек-бөлшегін, мүшелерін, аузы-мұрнын түгендеуді қаламайды. Олай еткенде сурет көз алдына келмейді, көкейіңе қонбайды, ондай тізбені оқудың өзі қиын.

Социалистік реализмнің арғы тегі саналатын роман — М. Горькийдің «Ана» атты шығармасы Павел мен Ниловнаның іштей жаңғырып, рухани өсуіне құрылғаны мәлім. А. Серафимовичтің «Темір тасқыны» стихиялық тобырдан саналы революциялық әскери коллективтің туыуын бейнеледі. Д. Фурмановтың «Чапаев», «Бүліншілік» романдары жаңа қоғам қаһарманы революциялық санамен өсіп, халықпен тығыз байланыста қалыптасатынын өдемі, шынайы көретті. А. Фадеевтің «Тас-талқан» романында жаңа дәуірдің осындай қаһармандарының өлденеше типі жасалды.

Бұл мысалдардан біз социалистік реализм теориясының ойдан шығарылмағанын, нақтылы шығармаларды талдап, қорытындылаудан туғанын аңғарамыз.

Аталған туындыларға шыншылдық, тарихилық төн. Бұлардан «Социалистік реализм көркем творчествоға творчестволық инициатива беру жөнінде және оның әр қилы форма, стиль және жанр таңдауына айырықша мүмкіншілік туғызады» деген қағидасының да расталатынын байқаймыз.

Ендеше гәп неде? Социалистік реализмнен жазушылар, өнер қайраткерлері топ-тобымен неге бас тартады? Әдебиет пен өнер дамуына бұл әдістің қай жері зиянын тигізді?

Кілттипан қағиданың екінші бөлімінде дер едім мен. Өйткені онда шарт қойылады: не жазсаң да оны иіп өкеліп «еңбекшілерді идеялық жөнінен қайта өзгертіп, социализм рухында тәрбиелеуге» бағыштауың керек. Яғни социалистік реализм шығармасы оқушыны социалист, коммунист етіп баулуы тиіс. Іс жүзінде бұл өмірлі талап неге өкеліп соққанын біз жақсы білеміз.

«Социализм рухында тәрбиелеу» — идеологияның басты міндеті есептеледі. Осы рухта сындарлы әдеби-эстетикалық теория жарияланды. Социалистік реализм партиялық, таптық, халықтық принциптерге негізделді.

В. И. Лениннің «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» туралы еңбегіндегі коммунистке, партия ұйымының мүшесіне қойылған талаптар көркем әдебиет пен өнерге түгел таратылып қойылды. Мұның өзі үлкен қателіктерге ұрындырды. Шын мәнінде әдебиет жападан жалғыз партияның, не бір таптың я топтың ғана әдебиеті бола алмайтындығын түсінсек те түсінбегенсідік. Олай дегендерді бисаясат адамы деп жарияладық. Расул Ғамзатовтың: «Мы и так со своими требованиями партийности снизили, сократили, опошили высоту, дальность и вечность живой души поэзии». («Правда» газеті, 24 маусым, 1991) деген сөздері әдебиет өрісін қаншалықты тарылтқанымызға айғақ.

Жаңа адамды тәрбиелеу деген желеумен әдебиет саясатқа жегілді. Көркем сана саяси сананың бір бөлегі, соның сөзін сөйлеушісі болды. Ол пролетарлық ойдың соңғы идеяларын ұрықтандыруы тиіс еді. Сталин, Жданов турасынан кетіп, көркем шығармаға иллюстрация ролін қалдырды. Социалистік реализмнің көп жылдар бойы шығарма мазмұнын, саяси бағытын оның көркемдік қасиетінен жоғары ұстауы совет әдебиетінің қасіретіне айналды.

С. Мұқанов Мағжан шығармаларының сырты сұлу болғанмен, мазмұн жағы у болып келеді деуі әдебиетті

өбден саясаттандырудың салдары еді. Сөбең «Көркем өдебиет туралы» «Қызыл Қазақстан» журналының 1927 жылғы 22—23 сандарында Қалмақанның «өлеңінің пішіні сұлу ма?» деп сұрақ қояды да, оған өзі «Жоқ» деп жауап береді. Сонсоң «мазмұны бай ма?» деп сауал қояды. «Әрине, бай...» деп жауап қайтарады. Сондағы айтайын дегені Мағжаннан Қалмақанды жоғары қою.

Көркем туындының пішін сұлулығынан өлеуметті пайдасын жоғары қоюда Сталин мен Жданов Троцкиймен пікірлес екені енді анықталып отыр. Мәселен, Троцкий «Әдебиет және революция» деген еңбегінде «... Демьян Бедный творчествосы дегеніміз пролетарлық және халықтық өдебиет, яки оянған халыққа өмірлік қажет өдебиет. Бұл «нағыз» өдебиет болмаса, одан аумақтырақ нәрсе»¹— деген.

Троцкий, Сталин, Ждановтар «адамды қайта шыңдау» деген ұғым енгізді. Төс пен балғаның, жалындаған оттың ортасына түскен жанның мүшкіл халі енді-енді санамызға жеткендей. «Қайта шыңдаудан» өдебиет пен өнер дамуын «бір күн де» (Троцкий) бетімен жібермеу деген талап туды.

Өдебиет пен алдына қатаң шартты бақылау, оны орындатуға басшылық ету Коммунистік партияның идеялық жұмысының өзегіне айналды. Бара-бара идеялық басшылық өкімшілік бұйрыққа ұласты. Өдебиет тағдыры саясат тізгінін ұстаған көсемнің өресіне төуелді болды. Мына төмендегі сөздерді қазір тіксінбей оқи алмайсың, ал кезінде оларға имандай ұйытынсың.

«Партияның қоғамдағы жетекші күш ретіндегі рөлі туралы айтқанда, ағарту, өдебиет, кескін, музыка, ғылым, рухани қызметтің басқа салалары — бір-бірін қағас қалдыруға жөн жоқ... Жұмысшы табының мемлекеті өдебиетке де, музыкаға да қол сұғып араласуға, оның пікірінше, социализмге керектісін ғана қабылдауға хақысы бар».

Бұл жолдар Чаушескудің «Скынтейя» газетінің 1971 жылғы 13 шілдедегі санында жарияланған сөзінен алынып отыр.

Өзіміздің басшылардың жазу-сызуынан цитата табылмағандай, Чаушескуді несіне келтірген деп ойлап қалуы бұл жолдарға көз жүгірткен оқырман. Олай

¹ Л. Троцкий. «Литература и революция» М.1991.167-бет.

етуім — Сталин, Хрущев, Брежневтердің тігісін жатқыза меймәңкелетіп айтқандарын Чаушеску турасынан еш бүкпесіз дерекі түрде жеткізіп отыр. Диктаторлардың бөрінің ойлайтыны біреу — ой еркіндігіне жол бермеу. Ал Чаушеску сияқты интеллектуалдық қуаты кем, тар шеке басшылар творчество процесіне араласып, социализмге пайдалы-зияндығын шешетін болған соң ол өдебиет сорламағанда қайтушы еді.

Мен жергілікті жерлердегі сөлекет, жағымпаз, мансапқор, өлдебір ойсыздарды айтып отырғаным жоқ. Идеологиялық дүмшелік қысым тудырған кадрлар не оңып жарытсын. Біз не көрмедік? Өзімен теңеседі-ау дегенге жол бермей ықтырып, ылғи айналасына ызбар тастап, дүниенің бөріні ішіне кептеп отыра беретін, бір жаңа идея айтсаң шоршып түсетін тұралаудың сабаздарын да көрдік. Олар өйтеуір, білімі бір басына жетерлік, ісіне мығым, ұлықтардың айтқанына «бас изеймін шыбындап» болмай, өз дегенін өткізе алушы еді. Кейін бұл учаскок құлдырап ақсай берді. Оның да куәсі болдық. Бір баяндаманы тындап болып, үзіліске шыққан соң аудандық газеттің қызметкері: «Өз білгеніңді өзіңе қайталап айтып беруіңе болайын. Үйде жатып-ақ шамасын білетін едім» деп еді. Сол айтқандай, кездейсоқтарын да ұшыраттық. Жылқыға жонынан жүген кигізетін, білімі процентке шағудан аспайтын, құлағы жоғарыдан шыққан сөзді ғана еститін алхимик пе, өлде жаналар ма — оған да бас шұлғыдық.

Кейде тіпті алып бара жатқан ештеңесі жоқ болса да, тырнақ астынан кір іздеп, түймедейді түйедей ғып, ұлтшыл, антисоветчик атандырған ондаған-жүздеген партиялық қаулы-қарарлар өдебиет өнерді ағымдағы саясаттың итаршысына айналдырды. Соңғы алпыс-жетпіс жыл бойы творчество қызметкерлерінің еңсесін басқан үрей бұлты бір сейілмей-ақ қойды. Мұндай хал дүние жүзі мәдениеті мен өдебиетінің тарихында кезікпеген трагедияға өкеп соқтырды. Талай талант қыршынынан қиылды. Совет кітапханаларының жасырын «жабық қорында адамзат рухани байлығының нелер үлгілері тау-тау болып үйіліп, құлыптаулы күйде шаң басып жатты. Жазу столы тартпаларында басылмайды деген шыншыл шығармалар саны да жыл сайын көбейді. Ең обалы — ұшқыр ой тұралады, жоғарыдан сызылған догма төңірегінен ұзап бара алмады. Мағжан Жұмабаев жиырмасыншы жылдардың бас кезінде бұл жайды былай деп өлеңге қосты:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
(«Батыр Баян»).

Өстіп ой підеріленген соң қалам иесінің әлдебірінің мінезі, психологиясы бұзылды. Сондай ақын-жазушының бір типі — арамызда. Жазғаны көзбояу, жарамсақ тілді, сұрамсақ ділмөрді көрсең сол.

Мынадай сұрақ тууы. Ау, социалистік реализм — өрі кеткенде эстетикалық теория емес пе еді. Оған соншама күнәні арқалатуға бола ма екен?— деген сияқты. Сырт қарағанда дұрыс сұрақ. Шынтуайтында мәселе теория мен практиканың жымдасып кетуінде болып отыр. Социалистік реализм әдісі еліміздегі өдебиет пен өнер қайраткерлерін қуғындаудың идеялық негізіне, өзінше бір заң кодексіне оп-оңай айналып кетті. Соңғы уақыттарда бұл теорияны қару етушілердің ұсақтағаны соншалық, тіпті зөредей жаңалықтың өзін көтере алмайтын халге жетті.

Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабында орыс мәдениетінің бір-екі беделін түйреп кеткені болмаса, орыс халқы мен түркі халықтарының арасындағы ежелгі тарихи қандас, рухани туыстықты дәріптегеннен басқа қандай «қылмыс» бар еді? Ал осы талантты туындының көп жылдар бойы мансұқ етілуі қазақ зиялыларының ой-өрісін тежеп, қорқытып-үркітіп ұстауға негіз болғаны сөзсіз.

Үйреншікті қалыптан шығып, аз-маз шындықтың бетін ашқан бірдеңе жарық көрсе-ақ, соңына шырақ ала жүгіру Қазақстанда қайта құрылыстың алғашқы жылдарына дейін созылды. Қазақтың алғашқы дәрігерлерінің ішінде екі-үш алашорда қайраткерлері бар екен, соларды кітапшада есімін атағаны үшін баспа қызметкерлері жазықты боп, 1986 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы XVI съезінің мінбесінен Д. Қонаевтың есепті баяндамасында және идеологиялық хатшы З. Камалиденовтың сөзінде зөре-құтыңды қашыратын идеологиялық қағидаға мысалға ілігіп, қатаң сыналды,артынан қызметтерімен қоштасты.

Социалистік реализм өзі бөтен санаған өдеби құбылыстарды мүйіздеп, рухани өмірімізге жолатпауы бір сәрі. Ол өзі шеттеткен әдіс-түрлерді үйіріне амалын тауып қосуды да ойламай қалған жоқ. Блок пен Брю-

сов, Есенин мен Пастернак, Пришвин мен Хлебников социалистік реалист пе?— деген сұраққа: бұл әдістен олар қашық тұрған жоқ деп жауап берілетін. Қайсыбіреулер «соцреализм» термині үстіне «социалистік әдебиет» ұғымын енгізу қажет деген ұсыныс жасады. Тағы біреулер (А. Овчаренко) социалистік реализмге оның құрамды бөлегі есебінде енетін романтикадан өзге, романтизм баршылық. Ол да социалистік реализм сияқты өз алдына көркем әдіс ретінде есептелуі тиіс деп дәлелдеді.

Мұндай шарқ ұрып іздену себептері түсінікті. Еліміздегі көркем әдебиет құбылыстары социализм лауазымды реализм шеңберіне сыймады. Әдебиетшілер сол шеңберді әдістің идеялық-көркемдік критерийлерін кеңейту шараларын қарастырды. Уақыт өзгергенге бұл да өзгереді деген пікір туғызғысы келіп, бет-өлпетін боямалап дегендей, біраз әуреленді.

Д. Марков жетпісінші жылдардың бас кезінде «социалистік реализм көркем формалардың ашық системасы» деген тезис ұсынды. Славян әдебиеттерінің арғы-бергі тарихына сүйене отырып, ол социалистік реализмнің эстетикалық мүмкіншіліктерін бір ғана формада, өмірді сол өмір пішінінде бейнелеумен шектелмеу керектігін дәлелдеді. Ғалым тезисінің жаны бар жері — метод пен поэтиканы шатастырмау керектігін талдап көрсетуі, метод пен стильдің айырмасын ашуы. Метод — ортақ негіз, старт берілетін алаң. Ал стиль сол ортақтың, жалпының дара көрінісі, мазмұнды жеке-лейтін пішін. Ал жеке стильде алуан түрлі бояулар қайталанбайтын мәнерде көрінеді. Дара стиль мен метод арасындағы арақатыс мәселесін дұрыс шешу негізінде Д. Марков социалистік реализмнің көркемдік жағынан алуан типті болатынын дәлелдеуге тырысты. Социалистік реализм табиғатында бейнелеудің нелер формаларын пайдалана алады. Ол, мәселен, өмірді шартты суреттеуді де өгейсінбейді.

Алайда Марков та бұл өңгімесін социализм «қайта тәрбиелеген» жаңа адамның бейнесін жасау төңірегінен ұзата алмады. Теория жүзінде творчество адамына кеңшілік жасалған сияқты көрінгенімен, істе, әдеби процесте социалистік реализм әдісі плюрализмге, алуан типті дүниетанымға жол аша алған жоқ. Қалай тулап мәңкісе де өзін ерттеп мінген саясатты үстінен түсіре алмады. Ат айналып қазығын табадының кері келді де тұрды.

Бұл айтылғандардан қандай қорытынды туады? Сонда қалай, социалистік реализмнен бас тартамыз ба? Міне, бұл тұста қатты ойлануымыз керек.

Социалистік реализмнің сыңаржақ, қасаң принциптерімен келіспеушілік дәл бүгін басталған жоқ. Ол ең дарынды деген көркем өнер қайраткерлері тарапынан (А. Платонов, М. Булгаков, О. Мандельштам т. б.) күшті қарсылыққа кездесті. Атылу, сотталу-қатталудан қалған өңге наразы жазушылар іштей торықты, өз туындыларында шындықты боямалау, тартыссыздық, жалаң үгіт-насихат, жаттанды пікірді мың сан қайталап күйіс қайыру секілді соцреализмнің сарыауруларынан бойын аулақ ұстауға тырысты.

Соғыстан кейінгі жылдары өсіресе Шығыс Европа елдерінде социалистік реализмнің қамалын бұзамыз деп атой салған шабуыл өрістеді. Бұл әдіс қай жетістігімен әдеби өлеміне монопольдік қожалық етпек? В. Ажаевтың «Москвадан шалғайда», П. Павленконың «Бақыт» атты жылымшы, жарамсақ романдары үшін бірден-бір әдіс аталуға керек пе?— деген югослав әдебиетшілері (И. Видмар) бір кезде совет баспасөзі тарапынан сын соққысына ұшырады. Реализмге қоғамдық ат берудің қандай қажеті бар, ақиқатты бейнелесе болды емес пе?— деген поляк әдебиетшілері (К. Теплиц, К. Брандис т. б.) де, барлық халықтардың, барлық дәуірлердің мәдениеті жасаған игіліктің бәр-бәрін бойымызға сіңіріп, қорыту керек деп, батыс зиялыларынан «Жағалаусыз реализм» кітабын жазған Роже Гароди да біздің тарапымыздан күні кешеге дейін аяусыз өшкереленді. Ақиқатына жүгінсек, әрине, біз европалық өнердің жетістіктерінен көз жазып қалдық. Тіпті басқаларды қойып, өз еліміздің зор жаңашылдары Мейерхольд, Таиров, Вахтангов, Кандинский, Малевич, Шагал, Булгаков, Жұмабаев іспеттілердің ізденістеріне теріс қарағаннан тапқан еш пайдамыз жоқ. Тек өзіміздің рухани қорымызды жүдеттік.

Социалистік қоғамның дағдарысқа ұшырап отырғаны қазір жұрттың бөріне аян. Бұл — дәуір драмасы. Құр қиялға, утопияға еруге енді әдебиеттің зауқы жоқ. Көркем өнер уақыттан тыс тұра алмайды. Бұрын да ол идеологияға толық бағынышты болмайтын. Өнер заңы көбіне-көп өз дегенін істейтін. Сондықтан социалистік реализмнің ірі туындылары әдебиет тарихынан тиісті орын алатыны даусыз. Бұл әдістің келешегі, әрине,

еліміздегі социализмнің бұдан былайғы тағдырына көп байланысты болатыны күмән келтірмесе керек.

Көп жылдар бойы: Қазақстан феодалдық-патриархалдық қоғамнан социализмге бір-ақ ырғып шықты, капитализмді аттап өтіп, өдірө қалдырды, деп гүмпілдеттік. Қазір казармалық социализмнің мойны астынан келіп, нарықтық экономикаға бет ала бастағаннан бері бұл қағиданы тіпті ұмытпа бастағандаймыз. Дегенмен, нағыз социалистік қоғамның жобасын табуға бағытталған ізденіс өлі доғарылған жоқ.

Меніңше, қазір қалай сыналып-мінеліп жатса да, социалистік идеал, коммунистік мұрат алдағы уақытта да адамдардың ой-сезімін тербеп, адамдардың санасына қанат бітіреді. Томас Мор, Кампанелла, Сен-Симон, Фурье, Оуэн т. б. дәріптеген социализм идеялары өшпейді. Қияли социалистер тарихи прогресті көкседі. Еңбек адамның ең абзал қасиеті болуын армандады. Ой еңбегі мен дене еңбегінің, қала мен деревняның қарама-қарсылығын жоюды алға қойды. Әлеуметтік өділеттілікті жақтады. Адамзат цивилизациясы бұл игі мақсаттардан да бас тартуға тиісті емес. Қалай дегенмен де «реализм» терминінің анықтауышы «социалистік» деген тарихи қалыптасқан терминді алып тастау қиынға келе бермейді. Бұл өдісті жақтаушылар социализм бір таптың емес, барша адамзаттың арманы екенін ойластыруы тиіс. Әдебиет — жалпы ұлттық, жалпы адамзат игілігі. Осы шындықты қабылдауға социалистік реализм теориясында орын табыла ма? Міне, мәселе қайда жатыр?

Сөз жоқ, социалистік идеал құрымайды, оны бүрмалау құриды. Сонымен бірге жалған, жасанды шығармалар болашағынын айырылады. Азар болса, дәрекі социализмнің әдебиеттегі ылаңын көрсететін мысалға пайдаланылады.

Ал социалистік реализмнің үздік туындыларында социализмнің жарқын арман-мұраты бүрмаланған жоқ. Олар өз дәуірінің шындығын бар бояуымен терең, зор көркемдік қуатпен көрсете білді. Демек, олар мәңгі жасай бермек.

Басқасын өмір көрсетеді. Меншік формасы әр түрлі болсын деп жатырмыз. Өндірістік қатынастардағы өзгеріс санаға ықпал етпей тұрмайтыны белгілі. Өлденеше партиялардың пайда болуы — мұның бұлжымас дәлелі. Сондай-ақ жиырмасыншы жылдардағыдай, қилы-қилы әдеби платформалары, бағдарламалары бар

не түрлі топ пайда болуы мүмкін. Мүмкін дейміз, СССР Жазушылар одағының қазіргі құрамындағылардың ұзын-шуыт, қым-қуыт тартыстарына қарағанда, сондай топтар іс жүзінде құрылған да сияқты.

СССР Жазушылар одағы өзі формальды ұйым тәріздес. Өзірге өзінің үні шықпайды, басшысы В. Карпов кеткеннен бергі жерде жым-жырт. Осы одақ құрамында ресми отау тіккен бір ғана топ бар. Ол «Апрель» тобы. Оның құрамындағылар есімі оқушыға кең мәлім белгілі жазушылар: А. Приставкин, А. Адамович, Б. Можаяев, А. Вознесенский, В. Дудинцев, Е. Евтушенко, Р. Рождественский, Ф. Искандер, Б. Окуджава т. т. Бұл өдеби топтың эстетикалық бағдарламасы тұжырымдалмаса да, саяси беті айқын. Демократия, адам құқы сақталуы жолында күреседі. Қазақстанда, Украина мен Белоруссияда, басқа да бірсыпыра республикаларда бұл топтың бөлімшелері бар. «Қазақстан апрелін» құруға қатысқандар В. Берденников, М. Әуезов, М. Симашко, С. Санбаев, Н. Ровенский, осы жолдардың авторы т. б. жазушылар.

«Қазақстан апрелі» жоғарыдағы одақтық «Апрельдің» бағытын қолдауымен бірге, республикадағы барлық ұлттардың бар мәселеде теңдігін жақтайды. Қандай да әділетсіздікке қарсы шығады. Александр Солженицын империялық сана тұрғысынан Қазақстан жерін талапайға салмақ ниетпен арандату ұранын көтергенде, бұл қараниет шовинизмге қарсы бірінші болып дауыс көтерген «Қазақстан апреліндегі» қазақ, орыс, еврей, белорус т. б. жазушылар еді. Олар жуықта Целиноград атты жасанды атауды жойып, қаланың ежелгі «Ақмола» атын қайтару жөніндегі қозғалысқа үн қосты.

«Қазақстан апрелі» қайта құрылысты бірінғай қазақ, я бірінғай орыс болып жүргізу дұрыс емес деп есептейді. Ұлттардың бірлік, ынтымағынан айрылмауымыз қажет. Империялық сана бұрынғы отар халықтарға, «сенің қолыңды анаған-мынаған жеткіздік» деп міндетситінсің. Міне, біз осындай құлықтан, мен-менсіген мінезден аулақ болуымыз керек. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болғаны қандай абырой. Мұны Қазақстанда мекендеуші басқа халықтардың, өсіресе орыс жолдас-тардың дұрыс түсіне білгені, әлбетте, өте-мөте қажет. Дм. Фурманов «Бүліншілік» романында бұрын отаршылардан зөбір көрген бұратана халықтардың кеткен есесін қайтарып беру орыс революционер-

лерінің бірден-бір интернационалдық борышы болып табылады, деп жазды. Одан ертеректе орыстың алдыңғы қатарлы қайраткерлері осы жүйеде пікір қозғады. Атақты орыс ойшылы В. С. Соловьев «Россиядағы ұлт мәселесі» атты еңбегінде: «... если России не выполнит своего нравственного долга, если она не отречется от национального эгоизма, если она не откажется от права силы и не поверит в силу права, если она не возжелает искренно и крепко духовной свободы и истины — она никогда не может иметь прочного успеха ни в каких делах своих, ни внешних, ни внутренних»¹ — деп ескертті.

«Қазақстан апрелі» тобындағы жазушылар республикамызда ұлты кім болса, ол болсын адам хұқы сақталуға тиіс деп есептейді. Біз мемлекеттік тілді енгізгенде барынша көрегендік, икемділік, елгезектік көрсетуге міндеттіміз. Алдымен осы үлкен істің материалдық базасы мықты болуы керек. Осыдан біраз уақыт бұрын бір орыс қаламгері немересін қазақ бала бақшасына өткізуге апарды. Мақсаты ұрпағатына өзі тұратын елдің тілін білгізу. Сонда балабақша бақша директорының берген жауабын қараңыз: бізде қазақ балаларына да орын жетіспей жатыр депті. Орын тапшы екені рас. Бірақ солай жауап беріп, ізгі ниетпен келгеннің көңілін қалдыру керек пе еді? — Шіретке тұрыңыз, міндетті түрде қабылдаймыз, — демес пе. Адам хұқы, міне, осындайда бұзылады. Реті келген соң айта кетейік, қазақ бала бақшасын салуды жоспарлағанда бүлдіршіндерін оған орналастырғысы келетін басқа ұлт өкілдерінің тілектері де ескерілуі қажет.

«Апрельге» қарсы топтардан «Молодая гвардия», «Наш современник» журналдарының, «День», «Литературная Россия», «Московский литератор» газеттерінің төңірегіне ұйысқан зор топты айырықша бөліп атауға керек. Бұлардың сарнау-зарлауларынан түсінгеніміз, үкімет кім болса, ол болсын, мейлі қайта патша ағзам таққа отырсын — бөрі-бір, қалайда империя сақталса дейді. Сөйте тұрып, басқа халықтардың ар-намысына, абыройына тиетін жаладан, ғайбат сөзден тайынбайды. Бұлардың төңірісі — мұхиттың ар жағынан шовинистік көрін тігіп қоятын жазушы А. Солженицын. Бірінің-бірі аузына түкіріп қойғандай. «Молодая гвардия» журналы қазақтардың төл мәдениеті жоқ деп аузын қу шөппен

¹ Соловьев В. С. Собр. соч., СПб, т. V. с. IV.

сұртсе, Солженицын Қазақстан мәдениетін зектер жасап берген деп өзеурейді. «Литературная Россия» бұрынғы патша заманындағы отаршылардың тілін безеп, қазақтарды «қайсақтар» десе, Солженицын қазақ жерінің жарымын тартып алуды көксейді. Ұлы держава шовинистерінің «кұраны» — Солженицынның шет елдерде шығарған кітаптары. Ал бұл кітаптарында («Архипелаг Гулаг», «Қызыл доңғалақ» т. б.) орыс әдебиетінің классикасына қосылардай алып бара жатқан ештеңесі жоқ. Ылғи бірінғай сұмдық фактілерді тізбектеу. Мен мұны сол шығармаларында қазақтар туралы бір ауыз жылы сөз айтпай, өзінің бұрын дөмін татқан жерін, қиыншылықта қол ұшын берген азаматтарын мысқылдап, келеке етіп жазғаны үшін айтып отырғаным жоқ. Ақиқаты сол. Мұны орыс жазушыларының өздері де айтып жүр.

Дәлел ретінде эмигрант орыс жазушысы, Францияда шығатын «Континет» атты саликалы журналдың редакторы Владимир Максимовтың мына пікірін келтірер едім.

«Қынжыла айтуға тиістімін», — дейді В. Максимов Солженицынның жаңағы кітаптары туралы «Огонек» журналына берген интервьюінде (№24, 1991) — оның Батыста жазғандарының бәрі — құлау, сәтсіздік. Кенсіз құр топырақ. Бұл оның трагедиясы».

СССР Жазушылар одағында өздерін «тәуелсіз» деп атайтын топ та бар (В. Астафьев, С. Антонов, В. Токарева т. б.).

Осы таяуда бір топ жазушылар (көбі «Апрель» мүшелері) «Литературная газетада» (3. 07. 1991). «Тәуелсіз жазушылар одағын құру туралы манифест» жариялады. Манифестің салтанатты, көтеріңкі стиліне келе бермесе де, бұл құжаттың мақсаты айқын. СССР Жазушылар одағын олар Сталин перзенті, бақылауға алудың орталық органы, партаппараттың айтқанын екі етпейтін әдебиет комиссариаты деп алады да, одан қол үзетіндіктерін жариялайды. Империялық санаға, шовинизмге, шағын халықтарды резервацияларға айдап салуға шақыратын, сионизмді қоздыратын, қантөгіс соқтығыстарға бастайтын диктаторлық-соғысқұмар шаралар қолдануды үндейтін, Одақты басқарғысы келіп, IX съездің делегаты болып алған жазушылар бар. Оның үстіне мемлекет қалам иелеріне қырын қарап отыр. Оларға шамадан тыс салық салып, баспа ісінде жалаң жалдаптылыққа жол беріп отырған мемлекет

жазушыларды тонау саясатын жүргізуде. Тәуелсіздер, міне, осы келеңсіз жайларға қарсы күреспек.

Тек социалистік реализмді жақтаушылар тарапынан өзiрге үн жоқ. Бұл жөнiнде не деуiмiз керек.

Қазiргi үнсiздiк — алдамшы нәрсе. Социалистік реализм өлi де өдеби процестен берiк орын алуда. Ол жүректен тарайтын дүние, суреткердiң социализм және реализммен бiте қайнасуы, социалистік қоғам қойнауындағы өзгерiстердi зерттеу, сол өзгерiстердiң адам тағдырына, iшкi өлемiне өсерiн бейнелеу, жаңа адам дейтiннiң қалыптасып өсуiн қадағалау. Бетбұрыс өуенiне қосыла алса, қазiргi қамалған тұйықтан шығып кетуi де ғажап емес.

Оның бер жағында, бұрынғы белсендiлiк қарқынмен, социалистік реализмге ынтызарларға қарсы саяси науқан ашудан сақтануымыз керек. Творчество еркiндiгi деген мәселе бар. Оны да жадымыздан шығармауға тиiстiмiз. Социалистік реализм жөнiндегi сан қилы көзқарастан өз басым қыл қалам шеберлерiнiң позициясын ұнатамын. Олар: творчество еркiндiгiн мойындайды екенбiз, онда ешқандай ағымға тиым жасауға қақымыз жоқ. Социалистік реализм өдiсiмен сурет салам деушiлерге барынша жол ашық. Басқа өнер бағыттары бостандықпен қалай пайдаланса, олар да солай пайдалануға керек. Плюрализм дегенiмiз сол, дейдi. Әдiл сөз. Өзгесiн творчестволық бөсеке шешсiн. Әдiлдiгiн құнды, сапалы туындының өзi айтсын.

25 шiлде, 1991 жыл.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Поэма секiлдi күрделi шығарманың құлақ күйiн келтiруге кiрiскен ақын бұл жанрдың жауапты жайлары мен шарттарына, ерекшелiктерiне өбден қанығып алады деп түсiнуiмiз керек. Осылардан өсiресе бiр шарт деймiз бе, ерекшелiк деймiз бе,— өйтеуiр автор назарын өзiне аудармай қоймайды. Ол қандай шарт, қандай ерекшелiк едi?

Поэма жанрының көркеюiне талай жылдар ат салысып, тер төккен сақа ақындарымыздың бiрi Ғафу Қайырбеков бiр өлеңiнде:

Заулауында киіктің
Кендігі бар даламның,—

депті.

Осы бір философиялық мәні терең жолдардан, меніңше, жоғарыдағы сұраудың жауабын іздестіруге болатын сияқты. Оның поэма ерекшелігіне де, авторы — ақынға да тікелей қатысы бар. Шынында да, Ғафу сөзін сөл өзгертіп айтсақ, тоқымдай жерде киік жүйткі ала ма? Әрине, жоқ. Жүйткімек тұрсын, төбеге ұрғандай текіректеп қалар еді. Бұл желаяқтың самғауы үшін қазақ даласындай далиған шексіз-шетсіз кеңістік керек. Ақын да солай. Ол бір уақыт ішкі сезім тылсымдарына сүңгіп кетсе, бір уақыт эпикалық кеңістікті аңсайды. Мұндай кеңістік өрісі ұзақ поэма жанрынан табылса, оның авторының да көз жетер жері алыс, көсіле шабуға, талай белестерден асуға жетерлік кең тынысты болуға тиіс.

Поэма жанры өздеріңізге аян, қазақ өдебиетінің дүйім қазынасына айналды. Ол қазынаны өп сөтте ақтарып шыға алмайсың. Бір теңін дұрыстап шешсең, соның өзі де жетерлік. Атап айтқанда, мен «поэма және ұлт тағдыры» деген бір тақырыппен шектелсем бе деп едім.

Ұлт тағдыры жаңағы айтқан эпикалық өрістің мейлінше кеңдігін тілейтін тақырып. Әр тарихи бетбұрыста бұл тақырыптың шешімі өртүрлі сипат алып отырады. Бұхар жыраудың «қазақ» деген атау тұнғыш ұшырайтын толғауларында ұлт тақырыбы өзіндік арнасын тапты. Ұлттық һәм мемлекеттік мүдде бір-бірімен жарасымын тапқан сол заманда поэзия мәртебесі қандай өсті десеңізші. Ел ағасы мен өлең өкілінің тіл табысулары қазақ береке-құтының көзі болды. Кей-кейде Бұхар жырау, достың жылатып айтатын дағдысымен Абылайдың қатесін бетіне басса, түкірігі жерге түспей тұрған хан «мен білемдікке» салынбай, аталы сөзге тоқтаса, бұл ел басшысының төменшіктегендігі емес, қайта биіктен көрінгендігі деп танылуға керек. Өйткені көзінің еті өсіп кеткен, жер бауырлаған жетесіздік қана парасат ұлылығын танымай, қара басқан халге түседі.

Әрине, Бұхар жырау толғаулары поэма емес-ті. Бірақ қазақ өдебиетіне бұл — поэмаға жол салған жанр. Ұлы Абай өзінің философиялық поэмаларында жалпы адамзатқа ортақ әр алуан проблемаларға ден қойды. Сонымен қабат, «Қазағым, қалың елім, қайран жүр-

тым» деп аһ ұрған ақын сол поэмаларының бірі болмаса бірінде қайырыла соғып ұлт тағдырына жаны сыздап жүрген жайын сездірмеуіне мүмкін емес еді. Соның іздері аңғарылатын да секілді. Бұрын зыр еткізіп оқып өте шығатын мына бір жөйтқа көңіл бұрыңызшы. «Ескендір» поэмасын оқып аяқтай бергенінде, Аристотель хақім:

Көпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тояр ма екен,—

деп ширыға сөйлей жөнеледі.

Сонда бұл қай «көпір» ө? Аристотель Мұхаммед пайғамбардан тоғыз ғасыр бұрын жасаған адам. Ал «көпір» деп ислам дініне енбейтіндер аталатыны мәлім. Абай өз ойын бұл сөзге жүгінбесе де жеткізе алар еді ғой. Ендеше неге өйтпеген? Абайдың «көпір» сөзін өдейілеп қолдануында қандай астар жатыр? Меніңше, сұрақтың жауабын Абай заманынан іздеуге керек секілді. Абай кезінде патшалық Ресей отаршылары қазақ даласының майлы бөксесіне түмсығын тыққан сайын тығып кеулеп бара жатты. Соған байланысты ашынған қазақ ақыны жүрегінен қаһарлы, кекті сөз атқылайды. «Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда» деп жер жүзін жауламаққа ниеттенген «жемiт көздердің» тағдыры түбінде неге өкеп соғатындығын еске салып, жұртын қайрады. Абай «Ескендір» поэмасы, «Қазағым...» атты өзек жарды дана арнауымен ұлт тағдыры хақындағы былайғы қазақ поэмаларына жол сілтеп, батасын берді деуге бізде толық негіз бар.

Абай поэма саласында атқарылуға тиісті қыруар шаруаға өз басы үлгіре алмайтынына көзі жетіп, айналасындағы шөкірттері, заты өзінің ақындық сойынан шыққан Шөкөрім, Көкбай, Әріп, Ақылбай, Мағауияларға осы жанрда қалам тербеуге қосып, өрқайсысына құнды, ойлы шығарма туғызуға мұрындық боларлық өдемі тақырыптар сыйлады. Осылардың арасында поэмаларының ұлттық нөрі жағынан Шөкөрім ақын ерекше көзге түсті. Шөкөрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмаларында махаббат, бас бостандығы өңгімесіне тарихи фон етіп қазақ халқының Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама аталатын Отан соғысын алуында ұлт тағдыры мен жеке адам тағдыры арасындағы орайластықты табуға деген алғашқы талпыныс барлығы сөзсіз.

Осы тұста ескерте кеткен жөн: біз ұлт тағдыры деген

сөзді ісі қазақ тағдыры деп түсінеміз. Ұлт ұғымы — кең ұғым. Халық ұғымынан зорырақ. Халық деп біз негізінен еңбекші бұқараны айтсақ, ұлт өз құрамына мұның үстіне зиялы топтың, өлуетті таптың, барша жұрттың басын қосады. Абай, Ахаң мен Жақан, Мағжандар — бұлар ұлттық ақындар: олар өз сөзін жеке бір топқа не тапқа емес, барша қазақ қауымына тұтас арнаған. «Оян, қазақ!» деген дабыл күллі ұлт құлағына арналған дабыл болатын. «Тоқсан» ғана емес, «онға» да бағышталған үндеу-тін.

Ұйқыдан ояну — өрине, кең өрістетілген метафора. Оның мәнісі — ұлттық сана-сезімді ояту, дамыту деген сөз. Орысша — «национальное самосознание» дейді. Басқа сөзбен айтқанда, ұлттың өзін-өзі тануы, басқалармен ойын, бойын салыстырып көр дегені. Сондықтан оянған қазақ не істеуі керек дегенде біздің зиялыларымыздың қалдырған өсиеті белгілі: ау, қазағым, мынау бодандық жағдайда тұруың барған сайын төзгісіз болып барады, соны түсін. Түсінсең — анық оянғаның дейді. Өзін ұлт есебінде сезінген қауым өз тағдырын өз қолына алуға қабілетті екендігіне сенімі нығайып, өз бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күреске тәуекел ету керектігін ұғады. Мінеки, сол кездегі бір алуан қазақ лирикасына да, поэмасына да арқау болған идеялар: поэма жанрында бұл тақырыпты игеруге айрықша еңбек сіңірген бірден-бір ақын Мағжан Жұмабаев екендігі даусыз.

Мағжан поэмаларында ұлттық характер өзінің рухани дүниесімен тұңғыш рет көркемдік бейнесін тапты. Біздің өдебиет тарихымызда оның алатын орны да сол жаңалығымен белгіленсе керек. Ақын туындыларынан жаныңа, қаныңа сіңетін саз — қазақ жұртына мақтаншы сазы, бір жағы оның ұлттық жігерін қайрау сазы. Боданмын деп бүгежектей берме, сен ешкімнен кем емессің, қазағым,— деген ой тура айтылмаса да, жүрегіңе жетіп, өзегіңді өртейді.

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді,—

деп, «Оқжетпестің қиясында» поэмасын оқи бастағанда не себепті біз таныс өуенге басамыз? Атап айтқанда неліктен:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуган жауын,—

деп Сөкен Сейфуллин өлеңі бойынша айтылып жүрген өнге саламыз? Себепп қазақтың бұл екі ақынының жарқын сезімді, өсем сырлы, бірінен-бірі өтетін осынау сұлу жолдарының астарында бізде кейде елепп, кейде елеі бермейтін үлкен сырлар, үлкен ойлар жатыр. Бұл ойларды публицистика тіліне аударсақ, былай боп шығады: Біз — қазақпыз, біздің жеріміз, табиғатымыз басқа еш елдің жерінен, табиғатынан кем емес дейді. Бұл жолдарды оқып я өлеңдетіп отырған қазақ: бабамның көзіндей, өсиетіндей Көкшені жүрегімнен ешқашан шығара алмаспын деп іштей ант етіп отырады.

«Оқжетпестің қиясында» поэмасының тағы бір үлкен сарыны: Біз — қазақпыз, біздің басқа елдің қай-қайсысына да дес бермейтін тарихымыз бар дейді.

Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Қазақта Хан Кенеге ер жетпейді,—

дейді.

Поэмадағы өскен ұлттық сана-сезім ағартушылық реализм аясына сыймайтын. Бұл сарыуайымшыл, дүниеден көңілі қалып безген романтизм де емес. «Сары Арқа сайран жерім-ай, Сағындым қайран көлім-ай» деп те егілмейді. Мағжанның аталған поэмасына, поэмаға бергісіз «Түркістан — екі дүние есігі ғой, Түркістан ер түріктің бесігі ғой» деп басталатын өлеңіне тасыған жігер-қайрат, өршіл рух төн. Бұл, керек десеңіз, бодандарын мөңгүрт, жалтақ, табанын бүрсіз етіп ұстауға мүдделі империялық санаға наразылықтағы өршіл романтизмнің нақ өзі. Мағжанның лиро-эпос өлеміндегі басты қаһарман — жан кешті рух иесі. Абылай хан ба, Кенесары ма, Батыр Баян ба — бұлар ешқандай империяға именбейтін, күштінің аузына қарап меймөңкелемейтін шарболат характерлер.

Ардақты қауым!

Енді бір сөт мына бір суретті көз алдыңызға келтіруіңізді сұраймын. Аламан бөйгеде өзге дүрмектен оқ бойы озып, жұлдыздай ағып келе жатқан сөйгүлік кенет соққыға жығылып, мұрттай ұшты. Бұл — өйгілі Құлагер трагедиясы. Қазақ ақыны Мағжан сол Құлагердей мерт болғанда онымен бірге ұлттық тақырып та ғайып бола бастады. Бұл тақырып енді ең шіредім дегенде таптық принциптің шылауы рөлін атқарды, соның құрсауында бой жаза алмады.

Бұл жерде тарихты төптіштеп тұруға уақыт тар. Сондықтан, қазақ әдебиетінде таптық принциптің

өктемдігі қандай сүрөмөттілікке өкеп соққанын бар шығарманы тізбектеп тұрмай-ақ, біреуімен шектелуге де мүмкін. Шіркін, Сөкеннің «Көкшетау» поэмасы қалай басталып еді?! Біз — қазақпыз, біз ер мінезді, сөзге берік халықпыз дегізетін қалмақ қызы туралы аңыз; біз — қазақпыз, біздің мәдениетіміз бір елден де кем емес дегізетін Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Біржан сал, Ақан сері секілді қазақ өнерінің қасқа-жайсандарына арналған жүрек тебіренер хикаяттар. Керемет емес пе еді солар. Ал осыдан соң не болды? Поэма кенет әуелгі алған бағытын шұғыл өзгертіп, қызыл танау саяси науқанға қойды да кетті. Көкшенің жұпар иісті майда лебі орнына, ашулы ызғырық соға бастады. Ашулы лирикалық кейіпкер алдымен тарихымызға ауыз салды. Таптық тұрғыдан қарасак, тіпті тарихымыздан ұятты екенбіз. Атышулы Кенесары қазақтың қорғаны емес, елін шапқан қарақшы екен. Қазақ өулеттілерінің бәр-бәрі шетінен жемқор, обыр, байлар екен. Бөлемдерді мұрнынан тізіп көнпескелейді. Бөлемдерді дейтініміз, бұлардың өздерінің, бала-шағасының көз жасына таптық ақынның тас боп қатқан жүрегі селт етпейді. Поэма бара-бара кейіпкерін де өзгертіп жібереді. Адамның суреттелуі орнына отарба, аэроплан, автомобиль секілді темір-терсек суреттеледі.

Ия, экспресс қарқыны зор еді. Елдің екпінді дамуы кімді еліктірмеді? Бірақ бір кезде Михаил Светлов айтқандай, өлең өлкесінде бар қуат, энергия локомотив денесін қозғауға жұмсалудың орнына, ысқырыққа, айғайшыл гудогына сарп етілгені бүгіндер тайға таңба басқандай айқын көрінеді.

Мені дұрыс түсінерсіздер: тағы бір қанды жорықтың жаршысына айналып, зиялылардың бір тобы екіншісін су түбіне жіберетіні дағдылы боп кеткен кешегі заманның запыранын жайғым жоқ. Сөкен Сейфуллин, тағы басқа кеңес жазушыларының туындылары әдебиет тарихымыздың құрамдас бөлегі. Өткенге мылтық атсаң, болашақ саған зеңбірек оғымен жауап қайтарады дейтін белгілі қағиданың бұған тікелей қатысы бар. Бұл тоталитаризмді, кешегі империялық отаршылдық саясатын аңсағандық, жө болмаса социалистік реализмді жақтағандық емес. Өмір мен система арасындағы айырманы көре білуге керек. Өмір қандай системадан да кең, өлдеқайда бай. Сондай-ақ, социалистік реализм де. Совет әдебиеті социалистік реализм шеңберіне сыя

бермейтін. Айталық, Есенин, Булгаков, Платонов шығармалары өзінше оқшау тұратын.

Керек десеңіз, мұндай құбылыс соцреализм жазушысы атанып кеткен қаламгер творчествосының өзінен табылуы ғажап емес. Бұдан қандай қорытынды туады? Бұдан туатын қорытынды — біз бұдан былайғы методологиямызда өлеңге қойылатын Абай талаптарына қайта оралып, мазмұн мен пішінді тең ұстауға, тілге майда, жүрекке жылы тиетін қисындарға яки поэзияның табиғатына хас ерекшеліктерге барынша зер салуға міндеттіміз.

Осы тұрғыдан келгенде, ендігі жазылатын әдебиет тарихында эстетикалық жиһаз бағасы өзгермей қалмайтынына көз жетеді. Мысалға қазақ поэмасының ең көрікті күмбездерін тұрғызған Ілияс Жансүгіров шығармагерлігін алыңыз. Өзінің «Дала» атты поэмасына (1930) ол халқының ақ табан шұғырындыдан бергі тарихын мол сиғызып, қазақ поэмасының эпикалық құлашын соншалық кең көлемде жазып жіберді. Бірақ, амал нешік, «тарих дейтін шал» Карл Маркске көбірек тартып кеткендіктен, поэма өсіресе соңғы бөлімдерінде саяси баяндама стиліне көбірек ұқсады. Ішкі байланысы шамалы, бір сарынды тарихи оқиғалар тізбегін жөрмеп тепшитін қарабайыр композиция ұшпаққа шығармады. Сол кездегі ұлттық идеология мен мемлекеттік өміршіл идеология сәйкеспесе де сәйкесті дейтін, империяға бодандығынан құтылмаған қазақты мұратына жеттіге санайтын, «шат көңіл, шадыман жұртқа» балайтын поэма ақыры көркемділік көркін көп жоғалтып, жеңіл қиялды місе тұтқаны табиғи нәрсе еді.

Ал мұның есесіне бұдан бір жыл бұрын, 1929 жылы жарық көрген «Күйші» поэмасы саяси тізгіндеуге бой бермей, сапалы көркемділігімен өнімді ойға жетелейді.

Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймандаған бақайшағы,—

дейтін Матайдағы Молықбай шалдың жарықшақ қобызы, мына қызықты қараңыз, «оян, қарғыс таңба басылғанды» өз күйіне қосуға көнбейді. Сол сәтінде қобыз үні өшіп, шал көрге кіреді. Лирикалық кейіпкер мұны социализм сазының жетістігі санап, бәркі қазандай болса да, көңілінде ұлттық һәм интернационализм проблемасына байланысты бір түйткіл қалып қоятыны сөзсіз.

Ілекеңнің өз тілімен айтқанда, жай тастап, кең құлаштап, желдей жүйткіп көсілетін ұзақ шабысты «Күйші» поэмасы (1934) Кенесарыны «хан емес, қара қабан» дей отыра, өз заманымен үндес, болашақта да күн төртібінен түспейтін үлкен құнарлы идеяны алға тартады. Оның аты тиран және өнер болса керек. Өнер табиғаты сондай, ол қандай озбырлыққа болсын мойымайды, ретін тауып қасарыса қарсыласып отырады. Кенесары төңірегіннің поэмада суреттелетін қысымы ілиястардың өз көрген теперішінен қандай еді?— деген сұрақ көкейінде тұрады да қалады. Өйткені өнер дүниесіне саяси ма, тиып-тебен жағынан ба қысым жасау өкімет басында тек хан отыруына ғана байланысты болмасқа керек.

Әдебиет пен өнердің өктемдік атаулыға жаны қас. Солай бола тұра, өміршіл өкімет өктемдігіне қарсы тұрып, шындықты қипақтамай, тайсалмай жақтадым деп қазақ поэмасы кесіп айта алмаса керек. «Ауызға келген түкірік, қайта жұтсаң мөкүрік» дейді ғой. Осының кебін ол талай рет киді. Ұлт басынан бақ тайып, қара жамылып жатқан уақытта «Елім-ай!» деп өксігін басатын жаңа жыр туғызуға шамасы келмеген жылдар болды. Әйтпесе қазақ ұлтының ХХ ғасырдың отызыншы жылдары тартқан нәубеті Ақтабан шұбырындыдан жеңіл ме еді? Халқымызға келген кеселге байланысты әдебиетіміз өзі атқаруға тиісті борышын өтей алмағаны ащы да өкінішті шындық. Сөкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы (1933—34) малға келген жұтты ғана өңгіме етіп, адамға келген жұтты айтпай бүгіп қалды. Аштықты тікелей суреттеген Жақан Сыздықовты «Әлі қарттың өңгімесі» поэмасы 1927 жылы жарық көріпті. Асқар Тоқмағамбетовтың 1932 жылы осы тақырыпта жазылған «Берлин көшесінде» поэмасы қазақ даласын, қаласын алып кеткен жүздеген мың аш-арықтарды көрмегендей, «ана, бала, ана ашты» басқа бір тоқ елдің көшесіне сүйреп тастады.

Мұншалық жұтандықтың ебеп-себебін қазбалаудың көзір реті жоқ. Белгілі жөйт. «Қызыл ат» поэмасында соның шет жағасы аз-маз ишаратпен айтылған да сияқты. Ондағы көрі райком дейтін:

«... кейде қарт бураша басушы еді,
Күркілдеп долы қаһар шашушы еді.
Қайрандап, отырғандар ыға сөйлеп,
Немесе ауыздарын басушы еді.

Аса сақтықпен, өткен шақ көлемінде айтылса да, бұл шындық барған сайын белең ала береді, сонда ең әуелі бөтен сөз шығармайтындай етіп әдебиет аузын басты.

Ұлттық сана сезімнің өсу, өрбу сатыларына қарай ұлтының толық қанды тұлғасын жасау талаптары жаңғырып отырады. Ілиястың дала поэмасынан соң бұл тақырыпты жаңаша жырлауға ұмтылу заңды нәрсе. Ұлы Отан соғысынан қазақ абыройлы оралды. Өз күшіне, рухына сенімі артып қайтты. Қазақ сыртқы да ішкі өміріндегі өзгеріп өскенін кейіптеу қажеттігін әдебиет сезінді, неге сезінбесін. Сол қазақ қандай? Ұлттың болашақ тағдырынан не үміт? Бұл сұрақтарға жауап іздеуге толғана кіріскен қазақ поэмашыларының екі зор суреткеріміз — Әбділда Тәжібаев пен Жұбан Молдағалиев суырылып шықты. Қыркыншы жылдардың үлесіне Әбділда Тәжібаевтың атышулы, 1946 жылы БК/б/П Орталық Комитетінің «Драмалық репертуары және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулысында қатты сыналған «Біз де қазақпыз» деген драмалық поэмасы тиді. Бұдан соң жиырма жылдай уақытты араға салып, Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» атты поэмасын дүниеге келтірді.

Аталған «поэмасында Әбділда батыстың Ибсен, Метерлинг сияқты декадент, кертартпа символизм стилімен жазған буржуазиялық бағыттағы жазушылардың ізіне түсіп кетті» депті бір мақаласында бұл туынды туралы Мұхтар Әуезов. Символизм Мағжанға тән еді дегенді Мұхаң белгілі себептермен әдейі айтпай кеткен.

Енді бүгіндер орынды сұрақ туады. Символизм құбыжық көрінбейтін қазіргі уақытта Әбекең туындысына біз қандай баға берер едік? дегендей.

Символизмнің бір ерекшелігі — бұл тереңіне бойлатпайтын әдеби ағым. Ол жасаған бейнелер шындық дүниенің арғы жағындағы өлдебір тылсымдарға мегзейді. Міне, осыған байланысты бұл драмалық поэманың идеясы мынау еді деп қолмен ұстата салғандай етіп анықтама беруге міндетті емеспіз. Естеріңізде ғой, пьесада аспанын талай ғасыр қалың бұлт қаптай торлап алған қазақ күн іздейді, бір секунд болса да күн көзін көруді аңсайды. Күні бар ел және қазақ болып шығады. Бұл көрінеу қайшылықтан кейін автор шығарманы «Жүректілер» деген атпен қайта өңдегенде құтылды. Ол енді «Біз де қазақпыз» деп аяқталмайды. «Қазақпыз»

деген сөз орнына «Адамбыз» деген сөз қойылған. Мұның өзі драмалық моэманың ұлттық идеясын анықтай, нақтылай түсуге мүмкіндік берген. Енді көрерменге бас қаһарман Азаттың:

Неге елімді тас қамауға қамадың,
Неге елімді тұманменен торладың,
Неге тілім байладың»

деп төңірге шағынуы түсінікті. Тағы бір айтылуға тиісті нәрсе мынау. Сталин қаһарына мініп тұрған сол бір шақта соған ұқсас Бура атты тианның, қан шелек Берияға ұсқындас Балталының — Бураның жендетінің бейнесін жасауы ақынның көзсіз ерлігі еді. Алайда символистік пьесаны бір уақыттың қазығына байлап қою да дұрыстыққа жатпас еді. Бура секілді көсемсіген өлдебір билік иесі өз үстемдігін қалайда сақтап қалу үшін ұлтының мұң-мұқтажын аяқасты етсе, міне бұл жағдайда қапастан жарық дүниеге ұмтылу символы тағы да күшіне кірмек.

Ақын Жұбан Молдағалиев поэмасының:

Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген—

деп басталатын бір ғана бастапқы жолының өзіне ұлтымыздың бүкіл тарихи тағдыры сыйып кеткендей. Туындының осындай эпикалық аумағы мейлінше кең, қуатты жолдарын құптаумен бірге, қазір құлаққа тосындау естілетін тұстарын бүгінгі мұнарадын білгішсініп сынаудың жөні жоқ. Жөні жоқ болатыны — Жұбағаң өз заманы қазағының биік оптимистік өредегі ұлттық бейнесін шыншылдықпен жасады. Ондай лирикалық кейіпкер бізге таныс бейтаныс, біздің сол кездегі дүниетанымымызды айнытпай жеткізеді. Қалай дегенмен де, «аузы күйген үріп ішеді» дегендей, тағы да бір ақтандақтар шоғырының пайда болуына жол бермес үшін эгалитарлық принципті, қай ақынды да идеялық жағынан алаламай, тең ұстау принципін басшылыққа алғанымыз өдебиетіміздің былайғы дамуына өлде қайда тиімдірек тәртізді.

Біз қазір советтік дәуірмен есеп айырысудамыз. Көңіліміз алай-дүлей. Өткенді қимағандықтан емес, лаңмен басталған ғасыр лаңмен аяқталмасын деп қатты алаң болудан. Әрқашан көңілдегіңді көрікті ойға бөлейтін поэзия құдіреті осындайда көрінсе еді-ау. Қазіргі арқалы ақын жүрегі не деп соғады? Тәуелсіздікке қол

жеткен екен, енді ұлттық сана-сезім қалай өзгеруге керек, нендей проблемаларды шешуге кіріспек?

Бұл сауалдарға жауаптың бір ұшығын біз өткенге сұрау салған поэмалардың бірі — Қадыр Мырзалиевтің былтыр «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Өкінішті өткелдер» атты әрі лирикалық, әрі публицистикалық поэмасынан табамыз. Поэма ұлт тағдырын лирикалық кейіпкердің өмірі арқылы толық қанды шындық өрісінде суреттеп, шын мәніндегі реализмге жетерлік кең өріске шығады. Ол поэзияға қонбайтын саясатшылдықтың жетегінде кеткен жаңа ой толқындарын өмірдің сапалы, соқталы арнасынан табады. Қайсыбір ақындай, хикаят жанрының егініне түсіп, ұзақсонар баяндауға ұрынбайды. Рас лирикалық кейіпкер шу дегенде керекті ырғаққа түсіп кете алмай, ауызекі жайылма өңгіме іспетті деректерге айналсоқтап қалады. Бірақ қамау тері алынған соң дәуір сазына көбірек құлақ түріңкіреп, еркін ойлар өлкесін бетке алады. Сөйтіп ақпарат стилінен мүлде қол үзіп, көркемдік жинақтауларға көшеді. Өздеріңізге белгілі, жиырма-сыншы һәм отызыншы жылдардың бас кезінде қазаққа төте келген аштық нәубеті салдарынан халқымыздың жартысы опат болды. Осы ұлттық трагедия жайында Қадыр:

Бірте-бірте ауылым кішірейіп,
Бірте-бірте үлкейді Қабырстан!—

дейді. Талай ғылыми трактаттың айтайын дегенін осы екі-ақ жол еркін жеткізіп тұрса, өлеңнің стильдік қуаты деп, міне осындайды бағалайды.

Поэма «өрттен кейін құлпырып, көктер белең» деген үмітпен аяқталады. Бір жағы құлағымыз үйренген өлеу-өлі көрінуі. Социалистік реализмнің жарқын болашақтан дөметтірген жасанды оптимизмін еске түсіретіні сөзсіз. Бірақ поэманың негізгі пафосы, арыны — өмірдегі жақсы мен жаманды бірдей көріп, елдің елдігін марқайту болса керек. Біздің Қазақстан деген атамекеніміз тәуелсіздік пен демократияның алтын табалдырығын енді-енді ғана аттап отыр. Ұлттық мүдде мен мемлекеттік мүдде түптердің түбінде толық үйлесімін табуы мүмкін шығар. Бірақ дәл қазір олай деуге ерте.

Сондықтан Қадыр Мырзалиев:

Сенейін бе көзіме,
Сенбейін бе?!

Қалай ішің күймейді,
Көріп тұрып
Қырсыздықты Өкімет деңгейінде!—

дейді. Бұл реніш кешегі Орталыққа емес, дәл бүгінгі үкіметіміздің абыржытып ашындыратын көп-көп шалағай, күмөнді істерін еске алып айтылған. Айталық, қазақ мемлекетіндегі қазіргі бюрократизм керенаулығы мен кереметі жағынан жетпіс бес жыл бойы сынап келе жатқан бюрократизмге шаң қаптырады. Поэма қайсы бір өкім деген жарты патшаның шоқтығына қол жеткізбейтініне ызаланады, тағы басқа етек алып бара жатқан келеңсіздіктерді ашына түйрейді.

Бүгіндер біз үшін ұлттық мүддені қорғаудан өткен биік мақсат болмауға керек. Советтік Отанға адал қызмет еткен қазақ поэзиясы енді өзінің төл Отанына неге жанын, барын сала қызмет етпеске? Қызмет етуге керектігі — бұл тақырып жаңағы жағдайға сай жаңа қырларынан ашылуға тиісті. Уақытында түрен салынбаған тыңы жөне баршылық. Мағжанға ұқсап буржуазияшыл ұлтшыл ақын атанып кетпеудің жолы тіпті қиын еді. Сондықтан өнердің ұлттық характері, қазақ елінің елдігі, тәуелсіздігі, империялық сана мен ұлттық сана арақатысы, адамзат һәм ұлт секілді нақтылы проблемаларға поэма ат басын бұра алмады. Бұл ретте соңғы жылдардың үлесі — жеке дара талпыныстардан өрі аспайды. 1986 жылы «Өмір сазы» жинағына кірген «Жыршы» атты лирикалық поэмасында ақын Нүкеш Бөдіғұлов өр қиырда тарыдай шашылып жатқан қазақтың басын біріктіру идеясымен рухтанып, туған елін сүйер жүрекке ой салды.

Кім біздің көз тікпеді жерімізге,
Кім біздің тепсінбеді төрімізде,—

деп, кеудесіндегі запыран сезімін ағытты.

Бұдан ертерек «Құс жолы» жинағында Асқар Егеубаев «Әдебі қазақ қызының — Әсемдігі, сен білсең» деп ұлттық мінезге тән қасиеттерді бөліп-жарып жырлауға тырысты. Сыршылдығы ойшылдығымен ұласатын ақын Мұқағали Мақатаев «Большевиктер» атты поэмасында үйреншікті ойларды ұрандай келе, кенет кілт өзгеріп:

Ойхой, қазақ даласы!
Не көрмедің?!

Қорқыптың қобызымен боздаттың ғой,
Асанның шерге оранған өлеңдерін.
Ойхой, қазақ даласы!
Не көрмедің?!—

деп, ішін өртеп жүрген құсасын білдіріп қояды.

Сөз жоқ, өзге тақырыпты күйлей отырып, көлденеңнен еріксіз қосылып кететін бұл секілді саяқ ойлар ұлт тақырыбын келелі кең өріске шығара алмаған-ды. «Қойым семіз болғалы өзім семіз» немесе «Мен шөлдеймін. Өгізім шөлдейді» деп өндетіп жүріп, бас тақырыбымыздан көз жазып қалғанымызды мойындауға керек. Сол олқылықтың есесін қайтару кезегі енді келгендей. Бүгінгі қазақ поэзиясының кітабына жаңа жол сызушы ақындарымыздың бірі Иранбек Оразбаев «Поэзия құрбаны» поэмасында:

Дені таза болуы үшін жырымның,
Туған елдің таңғы ауасын сімірдім,—

демекші, азат, ерікті, тәуелсіз еліңнің жұпар ауасына тіпті қана алмайсың. Сол туралы шырқалмаған өн — өн бе, сол өнді айтып жыртылмаған көмей — көмей ме? Ендеше іске сөт, өлең сөздің дүлдүлдері!

19-сәуір, 1993 жыл.

МАҒЖАН АҚЫН СТИЛІ

XX ғасыр аяқталып келеді. Сондықтан ба оның қорытындысын жұртшылық қазірдің өзінде-ақ шығарысуға кірісті. Бағаның бірыңғай болмайтындығы заңды. Біреу олай дейді, біреу былай дейді. Біз, қазақ үшін бұл ғасыр біресе көл, біресе шөл болған сияқты көрінеді. Ғасырды көлге балайтының — Қазақстанымыз тарихтың иінді мезетін пайдаланып, көшпенді мәдениетіне үстемелеп, қысқа мерзімде өркениетті елдердің көп-көп жетістіктерін бауырына басқан қазанындай игеріп алды. Экономикасы мен мәдениетін үстем дамытты. Тағы да бір сөт сағатта Қазақ елі өз тізгінін өз қолына қайта алды, тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болды.

Сонымен бірге бұл ғасыр ішінде халқымыз тағдырдың тауқыметін де аз тартқан жоқ. Жер-суының

шүйгінінен айырылды. Аштықтан қырылды. Өз елінде өзі азшылыққа айналды. Ұлттық сана көзін бодандық торлады. Екіншісі ана тілінің төтті мәйегін тата алмады. Мына нарықтың тығырығы да оған оңайға соғып тұрған жоқ. Мұндайды еске алғанда ғасыр біздің көзімізге шөл боп көрінеді.

Осылардың қайсысы басым: көлі ме, шөлі ме? Өзгесін білмеймін, мысалы көркем әдебиет сияқты рухани шешуші саланың бірін алсақ, ХХ ғасырдың жақсысы жамандығынан әлдеқайда басым. Қазір өзі өткен жолға көркем әдебиетіміз де көз жібереді. Ол не істеп, не тындырды? Бұл сұраққа ауыз толтыра айтатын қомақты жауабымыз бар. ХХ ғасырдың табалдырығын әдебиетіміз Абай боп аттады. Ауыз әдебиетінің бай қазынасына жазба әдебиет қосылды. Әлемнің әдеби көгінде қазақ әдебиеті деген жаңа туған шолпандай жұлдыз жағылды.

Абай өкшесін баса келген ақын-жазушылар дүрмегі қазақ әдебиеті даңқын асыра түсті. Елінің елдігін бүкіл жаһанға танытты. Арпалыс ала құйын заманаларда талай теперіш көрсе де ол шабысынан танған жоқ. Сайып келгенде, қазақты оятқан осы әдебиет. Ол қазақ қауымының шығармагерлік қуаты қандай да жұрттан кем емес екендігін мойындатты. Күні кешелер ана тілімізді істен мүлде шығаруға ниет еткен қарауларды есебінен жаңылдырған да осы туған әдебиетіміз. Ол — ұлттық мақтанышымыз, рухани қорғанымыз, тірегіміз.

Ғасыр қорытындысы өртүрлі сыйпатта шығарылуда. Соның бір формасы өмір ағысында өз өзінен жасалып жатқандай. Алды жүз елу, арты жүз «жасаған» Абай, Жамбыл, Мағжан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Сұлтан-Махмұт, Сәкен, Ілияс, Бейімбет т. б. мерейтойлары барысында жасаған зерттеулер бір жағы ғасыр есебін жүргізетіндей. Бұл жолғы зерттеулердің бір шоғыры бұрынғы баяндама, түсініктеме, сыйпаттама өресінен көтеріліп, әдебиетіміздің үздік туындыларын бүгінгі заман биігінен, әлем әдебиеті контекстінде саралауға бейім.

Осы мақалада ақындық стилі сөз етілгелі отырған Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығын атап өту барысындағы ізденістердің олжасы аз болған жоқ. Ең бастысы — ұлттық ақынымыздың әдебиет тарихында алатын рөлі негізінен айқындалды. Өмірі, шығармагерлігі, әдеби-эстетикалық көзқарасы әжептәуір тал-

данды. Әрине, ондаған жылдар бойы құлыптаулы жатқан қазынаны түп-түгел қопарып зерттеу үшін уақыт керек. Мағжан мұрасының, жалпы өмір жолының өлі бұғулі, біз үшін жұмбақ, құнттап тексерілмеген бүге-шігелері жетерлік. Сондай көмескі қырларының бірі — Мағжан ақынның стилі, көркемдік қолтаңба ерекшеліктері. Бұл мәселе жөнінде әр жерде үзіп-жұлды пікірлер айтылып жүргенімен, арнайы зерттеуге енді-енді қолымыз жеткендей.

* * *

Еске түсіргеніміз артықтық етпес: стиль деген ұғым *stylos* деген грек сөзінен бас алады. Стили — ұшы сүйір таяқша. Алғашқы хатнама балауыз я саз балшыққа жазылса, сол жазуды стило арқылы түсірген. Бертін келе стилоның із түсіргіш, таңба салғыш қасиеті басқа мәнге ие болды. Стилону қауырсын қалам ауыстырғаннан кейінгі жерде жаңағы таңбалағыш қасиеті ұмытылмайды. Ол енді сөз өзгеріп стиль аталып, адамның сөз саптау мәнерін білдіретін терминге айналды.

Әр адам өзінше бір өлем. Жаратылысында қайталанбайды. Түрі жағынан да, мазмұны жағынан да. Құдай тағаланың дүниедегі миллиардтаған басты түрлі-түрлі етіп жаратқандығына қайран қаласың. Екі көз, мұрын, ауыз, қос құлақ, маңдай — осылардың бәрі адам сайын қайталанатын. Сонда да қанша адам болса, соншасына бір-біріне ұқсамайтын бет өлпет жеткізген. Бір ғана жаратқанның қолынан келетін өнер демесіне амалың жоқ. Сол секілді қолтаңба да. Біреудің жазуы екіншісіне ұқсамайды. Мазмұн жағынан келсек, не туралы жазғаны ұқсағанымен, қалай жазғаны бөлек. Жазғанынан өзінің кім екенің көрініп тұрады. XVIII ғасырдағы француз ғалымы Бюффон «Стиль дегеніміз адам» деп тегін айтпаған. Стиль — мазмұнның сыртқа тепкен құбылысы. Платон «Мінез қандай болса, стиль де сондай», Стендаль «Адамның күллі қасиеті стилінде тұрады» дегенде, бұл ұғымның даралық қасиетін бөліп атайды. Көркем әдебиет саласында оның мәні тіпті терең.

Көркемдік стиль ақын, жазушының идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін дөп басады. Нағыз, айтулы талант иелерінің жазуы елден ерек. Оқи бастағанда-ақ кімнің жазғанын стилінен қапысыз танысың. Абай

стилі, Мағжан стилі дейміз. Оны айтқызатын айшығы өзгелерден бөлек, дара бітімді қолтаңбалары.

Стиль ұғымы әр сипатта қолданылады. Жеке адам жазуының қыр-сыры жөнінде ғана емес. Өнер иесі ортасына қарап өседі. Өзімен сырлас, пікірлес әріптестері қатарында шынығады. Замандастарымен өмір шырғаландарында толысады. Тіпті кездеспеген, бірін-бірі танымайтын қаламгерлердің идеялық-эстетикалық принциптері орайлас келуі ғажап емес. Міне, мұндай жазушылар бір ағымдағы ақын, жазушылар боп есептеледі.

Қаламгер атаулының стиль жағынан жақын-алыстығы көп ретте бұлардың шығармалық істе қандай әдіс қолданатындығына байланысты. Сонда әдіс дегеніміз не? Стиль мен әдістің арақатысына бойлаудан бұрын бұл жөніндегі өз пікірімізді, түсінігімізді білдіре кеткен жөн сияқты. Өз түсінігіміз дегенде, көркем әдіс жөнінде пәлендей жаңалық ашайық деп отырғанымыз жоқ. Әдіс хақында пікір саналуан. Әдіс пе? Ол бейнелеу принципі деседі. Жоқ, атамаңыз, ол — тәсіл деп, терминге бола талас шығаратындар кездеседі. Бұл ұғымды көркем шығарманың білік мүмкіндіктерімен шектейтіндер бар. Қайсыбіреулердің түсінігінде әдістің араласпайтын дүниесі жоқ. Ол көркем шығарманың тақырыбы мен идеялық мазмұнына тікелей ықпал етпек. Композициясы мен сюжетін құрысады. Тілін ашады, дейді. Осы пікірлердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Бұлардың қайсысын ұстануға керек?

Әдіс — күрделі ұғым. Түсініп болмайтын жері және жоқ. Әр адам тірлігінде алдына белгілі мақсат қоймай тұра алмайды. Көздеген мақсатына кірісерде оның алдымен ойлайтыны амал-айла. Қайтсем, қандай тәсіл қолдансам мақсатыма жетем деп тиімді, қолайлы әдіс ізденеді. Жазушы шығарма жазуға кіріскенде дәл осындай талапта жүреді. Әйтеуір қағаз бетін шимайлай беру емес. Жазушы белгілі бір принциптерді ұстанып жазады. Сол принцип қолайына қарай шындық дүние құбылыстарын іріктей отырып бейнелейді, бағалайды. Әдіс жалпы алғанда — қимыл, әрекет моделі.

Әрине, модельдің сыр-сыйпатын түсінген жанның бәрі жазушы бола бермесе керек. Талант — тым сирек дарын. Кеуденде құдай тұтатқан от. Отты жалын атқызып гүрілдететін көрік — еңбек. Талант пен еңбек жарастығынан шеберлік өрбиді.

Жазушы әдіске сөз сомдау үстінде төселеді. Ол теориядан да хабардар болуы мүмкін. Немесе қабырғасымен кеңесіп, тәжірибе жинақтау негізінде өз тарапынан қорытынды, теориялық қисындар жасауы да. Теорияның негізгі қызметі — түсіндіру. Категория, ұғым, анықтама, байлам, қағида секілді өз құралдарының жүйесі арқылы теория құбылыстардың мән-мағынасын, қасиеті мен жік-жігін, байланыстарын, даму заңдылықтарын қай күйде болса, сондай етіп көрсетеді. Теория түсіндіреді, ал әдіс байытады. Жаңа информацияға, ой-пікірлерге бастайды. Әдебиет саласына келсек, бейнелеу принциптерін жаңалайды, олардың жүйесіне тың өзгерістер енгізеді.

Теория мен әдістің диалектикалық байланысын тексере келіп, Ресей философы П. Н. Копнин мынадай қорытындыға келеді:

«С одной стороны, ни одна теория знания полностью не реализуется в методе, она по своему содержанию богаче его. С другой стороны, возникший на основе системы метод в своем развитии обязательно ведет к изменению старой системы знания и созданию новой. Система более консервативна, стремится сохранить и усовершенствовать себя. Метод по своей природе более подвижен, направлен на приращение знания, создание новой системы» (Копин П. В. Диалектика как теория и логика познания. М., 1973. С.83).

Бұл айтылғанның көркем әдебиетке тікелей қатысы бар. Әдебиет қоғам дамуына қарай өзгереді. Жаңа құбылыстарды суреттеу үшін жаңа бейнелеу жүйесі, принциптері қалыптасуы қажет. Әдіс жаңа жүйеге ауысуы тиіс. Ескі жүйе болса, кей тұстарын жетілдіруден ары баспайды, консервативтік мінез көрсетеді.

Керек десеңіз, бұл — әдеби дамудың күре жолы. Мысалы, социалистік реализм әдісін алайық. Болмысты революциялық даму қалпында шыншылдықпен, тарихи нақтылықпен суреттеу талабы бара-бара еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелеу талабымен қиысып жарасым таппады. Өз бойындағы осы қайшылықтардың салдарынан және басқа себептерден социалистік реализм әдісінің жүйесі әдеби дамуға кедергі келтіре бастады. Соцреализмнен өзге жаңа жүйе жасау қажеттігі туды. Шын мәнінде, ондай жүйе бар да еді. Тек оның қандай әдіс негізінде туғандығы туралы ештеңе айтылмайтын. Айтылса, ескінің жұрнағы деп көрсетілетін.

Жиырмасыншы жылдардан бастап-ақ таптық, коммунистік партиялылық принцип шеңберінде жазылған көркем туындылармен жарыса, А. Платонов, Б. Пастернак, А. Белый және бізде Мағжан Жұмабаев шығармалары бой көрсетті. Бұларға кезінде түрлі ат қойылып, айдар тағылды. Авторлары түрлі жазаға тартылды. Кейін, бертінгі кезде уақыт дүмпуімен Платонов, Жұмабаевтар ақталған жерде, социалистік реализм — ашық әдіс, ол формаға жомарт деген теория шықты (Д. Марков). Соның өзінде де бұлардың туындыларын соцреализммен түсіндіру шешілмейтін түйінге айналды. Партиялық, таптық, халықтық дейтін принциптерден басқа негізде жаңа әдіс жүйесін жасау тоталитарлық заманда мүмкін емес-ті. Осы себепті социалистік реализм аясына сыймайтын шығармаларды «совет өдебиеті» деп атайық деген теория шықты. Ол қандай әдіске арқа тірейді? Бұл сұраққа социалистік реализм теоретиктері кезінде дәлелді жауап таба алмағандығын айтуға керек.

Көркем әдіс жүйесі үнемі іштей жаңалануда, жаңғыруда болады дедік. Мұндай қасиет оған қалай біткен? Әдіс қаламгердің дүниетанымына байлаулы. Ал дүниетанымы үнемі өзгеріп, құбылып отырмақ. Дүниетаным өзгереді екен, шындық дүние құбылыстарын іріктеу, көркем бейнелеу құралдарын сайлау принциптері, өмір құбылыстарына көзқарас типі, оны жаңғыртып суреттеудегі объективтік және субъективтік негіздер — бәрі жаңалық өзгешеліктерге ұшырамақ. Дүниетаным рөлі өсіресе қоғамдық құрылыс бір жүйеден екінші жүйеге ауысқанда тіптен күшеймек.

Бұның мысалдарын бүгінгі ақын, жазушыларымыздың бүкіл болмысынан айқын көреміз. Күні кешелер коммунизм идеясына жан-тәнімен берілген, оған шын жүректен қызмет еткен қаламгерлер қазір бұрынғы сенім, иланымдарына сын көзбен қарайды. Маркстік-лениндік ілімнен үзілді-кесілді бас тартқандар қаншама. Қайсыбіреулер кекететіндей, бұлардың бәрін опасыздық жасады, табанының бүрі жоқ принципсіздер деп кінәлау орынды ма? Әрине, өйту әділетсіздікке жатпас еді.

Дүниетанымына өзгеріс кіргеніне жазушы кінәлі емес. Шын «кінәліні» іздесек, ол — заман. Қоғамдық ішкі-сыртқы жағдайымыздың күрт өзгергендігі. Соның бөрінің қақ ортасында қаламгер жүр. Жазғытұрғы алай-

түлей нөсер даланы мың сан бояуға бояп құлпыртып кетеді. Мына көз алдымызда өтіп жатқан өзгерістер сан қилы қайшылықтары бола тұра, негізінен рухани нәр-қорымызды барынша шайып тазалауда. Олай етпеуіне жазушының еркі жоқ. Енді қарап отырсақ, кешегі «халық жаулары», шын мәнінде, ел қамын жеген едіге-боздақтар боп шықты. Орталық коммунистік басшылыққа өзгеше қарауға мәжбүрміз, өйткені ол империялық санаға бөгіп, ойына келгенін істеді, ұлттық республикаларды отар елдер қатарында ұстап, ойына келгендерін істеді, қасақана аштыққа ұшыратып бір қырса, нешеме түрлі репрессияны ойлап тауып екі қырды т. т. Осындай айдай шындықтарға ойлануы мен сезімі шиыршық атып бұлқынып, асып-тасып жүретін жазушы әулетін бейтарап қалдыра ала ма? Бүгінгі мәдениеттенген, шеберленген қаламгер қауымы жазу-сызуына кіріскенде ескі арнаға түспейтіні даусыз. Өмірмен бірге жазу мәнері, өдісі жаңара бермек.

Әдіс өзгеруі стильге әсер етпей қоймайды. Бұл — стиль құрайтын шешуші фактор. Ғалымдар (А. Н. Соколов) былай деп аксиомаға жақын тұжырым жасаған: «Если мы не можем говорить о методе, не обращаясь к мировоззрению, то, говоря о стиле, мы не можем не обращаться к методу — так тесна здесь связь». (А. Н. Соколов. Теория стиля. «Искусство». М., 1968. С.115).

Бұл айтылғандарды қысқаша қайырып, дүниетанымсыз өдіс, өдіссіз стиль болмайды десек, ақиқаттан алшақтамаймыз.

Әдіс пен стиль жазушы қаламының ұшында тоғысады. Әдістің бейнелеу, суреттеу қырларына стиль бояуы шауып отырса, стиль өз соқпағын тауып жүрсе де өдіс бағытынан айнымайды. Айнитын кезі де болады. Стиль мазмұнға да, пішінге яки формаға да қатысты нәрсе. Мазмұн өзгергенде негізгі салмақ өдіс жүйесіне түседі. Жаңа мазмұнды қалай игеруге керек? Игергенде бұрынғыны құр қайталау болмай, айтар жаңалығы нендей? Және сол жаңалықты бабымен жеткізе білу керек қой. Осының бөріне бұрынғы көркем өдісің толық жауап бере ала ма? Сенің ада-дала ұшық атқан сезімің мен оқушы сезімі іштей араласып кетуі үшін не істеуге тиіссің?

Міне, осы сұрақтар басқа да шын таланттар секілді Мағжан ақынды да талай қинаған тәрізді.

«Тәрізді» дейміз-ау. Әдіс жүйесінің бір орында бай-

ыздап тұра алмай, замана ағымына жөне дүние жүзі өдебиетінің тыныс-деміне орай өзгеріп, сан құбылып отыруы қазақ ақындарынан өсіресе Мағжан творчествосына ерекше төн. Соған қарай стилі де жаңа қырларынан ашылып дамып отырған. Схемалық түрге келтіргенде Мағжан поэзиясы ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм, реализм мен романтизмнің өзгеше бір тоғысуында жаңа заман өуендеріне үн қосу сатыларынан өткен.

Мағжан поэзиясының алғашқы адымы ағартушы реализммен байланысты. 1911 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жатыр...» атты тырнақалды өлеңдерінің бірі бұл айтылғанға толық дәлел. Үлкен бір өдістің үлгісі ретінде жөне оқушының түсінігіне қолайлы болуы үшін өлең текстін толық келтіруді ұйғардық.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,
Жатпылдап көктен нұрын шашып жатыр.
Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.
Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бір іске жанаса алмай шетте жатыр.
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,
Қазекен таңқаларлық кепте жатыр.
Байлары мыңды айдаған шалқып жатыр,
Бар малын болыстыққа сарқып жатыр.
Барымта, ұрыс-керіс, кісі өлтіріс—
Ішінде сорлы қазақ қалқып жатыр.
Кен жері күннен күнге құрып жатыр,
Сұр жылан қанын-сөлін сорып жатыр.
Әуелде жұрт билеген адамдарды,
Төңірі күннен күнге ұрып жатыр.
Біреулер оқып төре болып жатыр,
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.
Ұмытып өзін-өзі бұл сабаздар,
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.
Шөкірттер медреседе шіріп жатыр,
Айтысып молдалармен іріп жатыр.
Оқыған, дін іздеген байқұс шөкірт,
Жемтікке құзғын болып кіріп жатыр.
Әйелдер мал орнына жүріп жатыр,

Жас қызын малға, шалға беріп жатыр.
«Бес байтал — өйел құны» — деген бір сөз,
Қармаққа талай жасты іліп жатыр.
Дау-жанжал ел арасы толып жатыр,
Өзара талас-тартыс болып жатыр.
Кешегі шешек жарған қазақ гүлі
Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.
Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр,
Күн сайын артқа қарай кетіп жатыр.
Сезінбей өзгенікін, өзінікін
Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр?

Әдіс тұрғысынан бұл өлеңнің ерекшеліктері көзге ұрып тұр. Ол қандай ерекшеліктер?

Қырық шақты өлең жолдың бөрі дерлік «жатыр» деген етістікпен аяқталады. Тілшілерге жүгінсек, бұл негізгі етістіктегі істің мезгілге байланысты жайын білдіріп, күрделі етістіктің құрамында қолданылатын сөз. Басқа сөзбен айтқанда, процестердің аяқталмағанын көрсетеді. Қайнап жатқан өмірдің дәл өлең жазылып жатқан кезіндегі жай-жапсарын бейнелейді. Он жеті, он сегіздердегі жас ақын (туынды «Айқап» журналында «Жатыр» деген атпен 1911 жылы (№2) жарияланған) бірден-ақ реализм табалдырығынан аттаған. Өлең XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы хал-ахуалынан толық сурет береді. Бұл сурет көңілге алаң туғызады. Өзге жұрт өркениет жолымен шырқау биікке көтерілгенде, қазекең «таңқаларлық кейіпте». Басқалардай байлығымен емес, кедейлігімен қайран қалдырады. Бай дейтіндері бар тапқанын сайлауға, ұрыскеріске жұмсап олар жүр. Оқып төре болған сабаздарың анау, өз жұртына қымс етсе, таяқ ала жүгіреді. Жастарының болашағы бұлдыр. Сөйтіп ақын өмірдің өзін, нақтылы, объективтік процестерді сөз етіп отыр. Мұның аты — реализм.

Реализмнің тамыры — өмірде. Жазушы суреттейтін материалын нақтылы тарихи процестен ойып алады. Бұдан туатын қорытынды — реалистік шығарма өзі бейнелеп отырған шындыққа және шығарма жазылып жатқан уақыттағы тарихи ахуалға етене байланысты. Осы себепті реализм өртүрлі жағдайда өртүрлі кейіпке кіреді. Әр ұлттық әдебиетте өркелкі дамиды. Ресейде Пушкин, Гоголь, Толстой әдіс жүйелері, айталық, сыншыл реализм арнасында еркін жүзгенде, XX ғасыр

басында Мағжан ақын поэзиясы тамыры сонау XVIII ғасыр топырағында жатқан ағартушы реализмнен бас алып отыр. Жаңағы «Жатыр...» өлеңі — соның үлгісі.

Ағартушы реализм (Мольер т. б.) адамның адам боп өсіп жетілуінде оның табиғатынан гөрі, қоғамдық ортасының ықпалы көбірек деген қағидаға негізделеді. Адам басына идеяны қондыратын да, жүрегін өлдебір сезімге бөлейтін де — өмір құбылыстары. Мұндай көз-қарас өдебиеттің ұстаздық, тәрбиелік рөлін күшейтуді талап етті. «Тәрбиешіл роман» дейтіндер бел алды. Өлең өлемін дидактикалық, уағызшыл сарын бойлады. Ағарту кезеңінің реализмі адам мен қоғам өркендеуі заңдылықтарына дәл сыншыл реализмдей тереңдеп бармаса да, ескі тәртіптердің іргесін шайқалтуға мықты үлес қосты. Ағартушылар пікірінше, қоғамды ілгерілететін күші жағынан адам ақыл-ой, парасатына теңдесер күш болмасқа керек. Осыдан ағартушы реализмнің эстетикалық мұраты туындайды. Ол — ағартушы реалист көзінде ақылы кең, жетік адам (совершенный человек).

Мұны тәптіштеп айтып жатқан себебіміз, Абай, Мағжан шығармагерлігінің алғашқы баспалдақтарында көп айналысқан өдіс жүйелерінің XVIII ғасыр ағартушы реализімімен ағалы-інідей жақын туыстығын еске алу үшін еді. Абай Ғақлияның отыз жетінші сөзінде: «Адам баласын замана өстіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бөрі виноват», — деп жазады. Одан әрі жаңағы пікірін жалғастыра Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», — дейді.

Бұл пікірлердің жоғарыдағы ағартушылардың адамды орта билейді деген пікірімен ауылдас екендігін аңғару қиын емес. Тәрбиеге шешуші мән беру жағынан да Абай ағартушылармен орайлас. Өзі хаким атайтын Абай пікірін Мағжан Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде былай жалғастырады:

«Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте өлсіз, зағып, осал боп туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда іңгалаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым өлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінекей, адам баласы осылай өлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жа-

нына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды». («Ана тілі», 1992. 13—14-беттер).

Мағжан «Айқап» журналында және «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағында (1912) жарияланған туындыларында білімді, көзі ашық қазақ қана елін артта қалушылық апанынан алып шығады деген түйінді пікірін сан қайталайды. Оны «Қарасаң сонда қазақ арасына» («Айқап».1911, №12) өлеңінде «Баласын оқытумен жұмысы жоқ» деп елге ренішін жалаң публицистика тілімен жеткізеді. «Шолпан» жинағында жарық көрген «Ләззет қайда?», «Жазғы таң», «Сорлы қазақ», «Өнер-білім қайтсе табылады», «Балалық шақ», «Қазағым», «Қарағым», «Күз күні», «Мен сорлы» өлеңдерінде біздің қазіргі түсінігімізде тіпті балаң жаста — 18—19 жасында «Оқу оқы, өнер қу» деп, сақалы сапсиган кісінің сөзін сөйлеп бір таң қалдырса, бұл тақырыпты талдауға басқа қырларынан келіп, биік өрелерден табылып екі таң қалдырады.

Біліммен қарулан, ойынды ұстарт, содан қоғам, қоғам арқылы адам өзгермек. Қайсыбір осал тұстары бола тұрса да, бұл өлеуметтік заңдылық көркем әдіс жүйесінде үйлесімін тауып жүр. Өлем әдебиеті салған із. Абай мен Мағжан саналы түрде түскен із. Өзге қоғамтану ғылымдары кенжелеп қалған Қазақстан жағдайында өлең өзіне қосымша жүк артуы тиіс еді. Саясатқа барса, ұстаздық етуге барса, бұл қазақ өмірінің сол кездегі нақтылы шындығынан туған талап еді. Осы тұстарда Абай мен Мағжан ағартушы реализміндегі өз ерекшеліктері айқындалады. Қазақ ақындары адам характерінің жасалу сырын тек айнала қоршаған өмірмен, ортамен ғана байланыстырып қойған жоқ. Характердің жасалуы бұдан күрделірек. Әр кісінің жаратылыс табиғаты да ескерілуі тиіс. Сондағы байламдары: адам пешенесінде жазылған қасиеттері қоғам ортасында ұшталып, ұстартыла түспек.

Абай эстетикалық мұраты — ақыл, жүрек, қайратты бірге ұстайтын толық адам. Жас Мағжанның бұл жөніндегі түсінігі тіпті қызық. Өзінің «Дала, қала» атты «Айқап» журналында жарияланған мақаласында (1912, мамыр) ол эстетикалық мұрат ұғымын қала мен деревня арасындағы ежелгі қайшылықтан туындатады. Сайып келгенде, Абайдың толық адам хақындағы тұжырымына қосылады. Мағжан ақыл мен білімді бір

синонимдік қатарға жатқызып, білімі жетіспеген жан толық адам емес, жарты адам деген қорытындыға келеді. Ол өз ойын былай деп түйіндейді.

«Міне, жаз жетсе дала өдемі, көңілді. Жалғыз-ақ сол сүйкімді даланың орасан бір кемшілігі бар. Оның баласы білімсіз, ойсыз. Ішіп-жеу, ойнап-күлу, ұйықтаудан басқаны білмейді. Төрт аяқты малдан аз-ақ ілгері. Ол — жарты адам».»

«Айқап» журналында жарияланған өлеңдердің көбінен жас Мағжан поэзиясының еңсесі өлдеқайда биік көрінеді. Ол алған тақырыбын ұтымды жеткізу үшін өзінше бір кілт іздейтін тәрізді. Өзге ақындар Ыбырай Алтынсариннің атақты «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің сарынын сағыздай созып, «қазағым, оқу оқы, босқа жатпа» деп айтылып қойған ойды қайталап, күрдірмөрлыққа салынса, жас ақын бұны ұтымды, өсерлі жеткізудің өзінше бір жолдарын іздейді. Ақынды алғашқы жолдарынан-ақ үйіріп өкеткен азаматтық мақсаттар сан салалы. Оны Мағжанның ағартушылық өдіс жүйесінде туған өлеңдерінің отаншылдық, ұлттық, өлеуметтік, әйел теңдігі мәселелерімен бірге өрілетіндігінен байқауға болады.

«Жазғы таң» өлеңі басынан аяғына дейін туған жер табиғатын тамылжытып жырлайды. Автор жан біткендей маужыраған жып-жылы түннің күншығыстан ағарып атқан таңға ұласуын бір ақыннан кем суреттемейді. Сонымен бірге ол көркем дүние өзі үшін жаралмаған деп есептейді. Ақын тікелей тарихи қимыл-өрекетке жұмылуы тиіс дегенді көкірегіне алғандай. Қайтсе туған ел озат жұрт қатарына қосылады? Осы сұрақтың жауабын іздеуге жас Мағжан бүтіндей берілген. Қай тақырыпта өлең жазса да ол «ат айналып қазығын табады» дегендей, жаңағы жалпыұлттық мақсаттан табылады.

Ләззат — адамның ең бір ұшқыр, төтті сезімдерінің бірі. Шығыс пен Батыс яки күллі өлем поэзиясында бұл — рақат, шаттық, байлық, сауық-сайран, махаббат сияқты тақырыптарды жырлағанда орын табатын сөз. Ал Мағжанның «Ләззат қайда?» өлеңі мүлде басқаша арнада толқиды. Көңілдің шарқ ұрып іздейтін ләззатінің бөрі керемет. Бірақ азаматтық мақсат осының бөрінен түңілуге бастайды. Жұртының қамын ойлап, уайым-қайғы жеп жүрсең — соның өзі ләззат. Яғни құмарлық пен елім деп еңіреген ақыл-парасат тіреске

шыққандай. Оның тағдырын ағартушы демократ пікіріндегі автор шешеді. Құмарлықты ел қамын жеген ақыл-ой жеңеді. Сөйтіп, Мағжан ағартушы реализмі жүйесінде адам құмарлық сезімін ақыл-парасатқа жеңгізеді. Салыстырып көріңіз: Шекспир көркем өлемінде характер құмарлық жетегінде жүреді.

Реализмге төн қасиеттің бірі — өлде не құбылыстың ебеп-себебін іздеуде болса, бұл қасиеттен жас Мағжан поэзиясы ада емес. «Жатыр...» өлеңінде қазақтың мүшкіл халі ғана суреттелмейді. Уақыт тынысы әр жол сайын сезіледі. Көз алдында аянышты процесс жүріп жатыр. Өмір — бөйге. Бөйгенің ең соңында шаң жұтқан қазақ. Оның себебін іздегенде ағартушы реализм аясы сөл тарлық еткендей. Артта қалушылық себебін жалғыз білімнен мақұрым қалудан іздемеу керек. Соны қолына жаңа қалам ұстаған автор түсініп үлгірген. Империялық езгі, отаршылдық өлегінен «Кең жерің күннен күнге құрып жатыр» деп автор ісі қазаққа ашына үндеу тастайды. Қазақтың «Қанын, сөлін сорып жатқан сұр жыланға» лағнет сарынын бастайды.

«Жатыр...» — Мағжан Жұмабаевтың баспасөз жүзін көрген тұңғыш тырнақалдысы екендігін ұмытпайық. Сонда оның былайғы ақындық жолын еске алсақ, ұлтым деген сөз Мағжанның өмір жырына айналғанына көз жеткіземіз. Ол — өуелден-ақ ұлттық жазушы.

«Шолпан» жинағындағы қай өлеңді алсаң да халық қамын, ел мұңын күйттейді. Тіпті жинақтағы бірен-саран махаббат тақырыбына жазылған өлеңдерінің өзі қазақ әйелі шеріне толы. Оның поэзиясы ағартушы реализм арнасына сыймай, өзге жүйелерді аңсады. «Туған жерім — Сасықкөл» өлеңі ақын жағасында талай серуендеген айдын туралы. Әркімге кіндік қаны тамған жері ерекше ыстық. Сондықтан көл көркін суреттеуге ақын барын салады. «Сасық деп еркелетіп, ат қойған көл» деп, былайша ісі-қоңсы мұңкіп тұрған сөздің өзін ақындық сиқырлы қуатпен жұпарға айналдырып жібереді.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта
Бейне бір сенің басың сұт болған көл.

Өстіп ақын сұлулыққа өзі де елтіп, оқушысын да еліттіріп отырып, кенет өлең сарынын кілт өзгертеді.

Манағы кешкен рахатың қас қағымда мұңды сазға айналып жүре береді.

Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен түнің.
Итиіп қара шекеп келіп қонса.
Басыңнан құсың ұшып кетер сенің.

Мағжанды көп жылдар бойы сары уайымның ақыны деп кінәладық. Бірақ алғашқы баспа жүзін көрген өлеңінің өзінен-ақ ұлтым деп аһ ұрып, соңғы тынысына дейін ұлтым деп көз жұмғанын елеп ескермедік. Ол уайым ойлағанда, күйікке берілгенде жө болмаса Абылай, Кенесары аруағын шақырып атой салғанда, бар үмітін жастарға артып, жігерлі дауыс көтергенде, сын мен зерттеу ақынның ішкі жан дүниесіндегі бұл диалектикалық қайшылықтардың заңын ашуға бармады. Мағжанды байшыл, буржуазияшыл ұлтшыл деді. Бірақ бай мен кедейдің, бүкіл ұлттың тайлы таяғына дейін жоғын жоқтап, мұнын мұндағандығын бүгіп қалды, жасырды. Шынында да, ақынның мына жолдарына құлақ тосып көрелікші:

Сыртына ақ боз үйдің жарасқан көл,
Байларың кедейлерге қарасқан көл,—

дейді жаңағы туған көлі туралы өлеңінде. Бұдан туатын қорытынды біреу ғана болуға тиісті. Мағжан ақын ел ішінде ру мен рудың, жүз бен жүздің ғана емес, өлеуметтік тап, топтардың да бірлігі мен ынтымағының түгел болуын көкседі.

Бұл арада стиль мен әдіс арақатысы тіпті тығыз көрінеді. Әдістің біраз қырлары стильге ауысатын жөйі байқалады. Мағжан — ұлттық ақынымыз дедік. Ал ұлтжандылық эстетикалық категория есебінде әдіс жүйесіне жатады, өйткені бұл — дүниетаным саласына жататын ұғым. Ал нақ Мағжан творчествосында ол бір жағы оның ақындық стиліне де айналып отыр. Айналатын себебі — Мағжан творчествосында ұлттық сипат тұрақты орын алды. Мағжан поэзиясы талай әдіс жүйесіне ауысты. Бірақ қай әдіспен толғанса да, оның өлеңдерінің ұлттық бояуы қаныға түспесе, өшкен, көнерген жоқ. Мағжан өлеңдерінің стильдік ажары ел-жұртының тағдырына орайлас өртүрлі болды. Ұлты зар жыласа, Мағжан қан жылағанын қайталап айтсақ, артық етпес.

Ағартушылық реализм ақыл-ойдың, саналы адам өмірінің орасан рөлін терең түсінуге негізделіп, шындық дүниені бейнелеуде жаңа мүмкіндіктер ашып, көркем таным аясын кеңейтті. Міне, бұл заңдылықтан Мағжанның ілкі шығармалары тысқары қалған жоқ. Жас ақын өу дегеннен-ақ махаббат жырын жырлап, күйдім-жандымға салынса, мұнысы еш сөкет көрінбес еді. Жастық жастығын істемей қоймайды. Ақын атаулының дені шығармагерлігін махаббат жолдарынан бастайтындығы табиғи нәрсе. Дегенмен, қазақ әдебиетінде Ыбырай, Абайлар дәуірінен бері созылып орныққан ағартушылық дәстүрі жас Мағжан поэзиясына тиісті өсерін тигізді. Оның жемісті жағы да, кемістік жағы да болды. Жемістісі — жас талап бірден ұлттық өреден сөйлеуге машықтанды. Жүрегі елім, жұртым деп соғып тұрды. Кемістігі — жас ақын стиліне аз уақыт болса да уағыз стилі енді.

Өлең — ол нұсқау жазылатын құжат емес. Мағжан «Алқа» үйірмесіне арнап жазған бағдарламасында (1926) өнер табиғатын дұрыс түсінуге, оны таптық идеологияның тар шеңберіне апарып тықпаламауға шақырды. Мағжан пікірінше, өнер дүниесін суреткер дүниетанымының жемісі ғана деп түсінушілер шығармада бейнеленген өмір шындығын елеусіз қалдыруы мүмкін. Көркем шығарма дегеніміз белгілі бір идеяны қайталап қаузау емес, өмір суреттерін, шындық бейнесін жасау. «Өнер мақсаты,— деп жазады ол бағдарламасында,— уағыз соғуда емес, сезім оятуда».

Жас талап мұны дер кезінде түсіне білгенін аңғару қиын емес. «Шолпан» жинағының өзінде уағызшыл өлеңдермен қатар, сезім оятарлық өлеңдері де жетерлік.

Ағартушы реализм жүйесіндегі Мағжан поэзиясының ауа райы көбінекей ел жағдайына қарай құрылады дедік. Мұның Мағжан стиліне қалдырған іздері өркілы. Бастапқы өлеңдерінің бірқатары ащы стильге бөгулі. Ақынның өз басына келсек, бұл шығармалар жарияланған жылдары ол өке дәулетінің арқасында шалқып жүрді десе де болады. Бірақ айналасындағы ахуалмен жете таныс Мағжан еркі мен қоса жерінен айырылған қазақ сорлының мүшкіл халіне немқұрайды қарай алмады. Ақын жүрегі сыздады, жараланды. Оның табы өлеңге түсіп, ашулы да ащы сынға айналды. Мысалы, «Жатыр...» өлеңінің ақырғы жолы «Аты өшкір оқығандар нетіп жатыр»,—

деп қазақ зиялыларының енжарлығына айып таққандай естіледі. «Зарлы сұлу», «Тілегім (Қыз зары)» өлеңдері де осы сарындас. «Мейірімді ием, таза, нәзік әйелді Қара жүрек қазаққа неге жараттың?»— деп ширығады. Бұл сұрақ па, айып па,— ол арасын айыру қиынға соқпаса керек.

Тағы да бір із — Мағжанның кей өлеңдеріне объективтіліктің субъективтіліктен басым түсуіне байланысты. Аяғы ауыр Оразкен деген бейбақ әйелді нақұрыс күйеуі таяқтың астына ап, қарлы қыс ішінде сыртқа айдап шығады. Осы сурет «Шын сорлы» өлеңінің сюжетіне айналған. Сюжет стильдік факторға айналып, жиреніп һәм аяушылық сезімін қатарынан туғызады. Және автор объективтік шындықты қаз-қалпында бейнелеп отыр. Қаз-қалпында болғанда, уақ-түйекті тергіш натурализмге ұқсамайды. Ол кездегі қазақ тұрмысы үшін типтік жағдай.

«Шын сорлы» нағыз реализмге суарылған өлең. Оның ағартушылық жүйесінен шығып, басқа бір жүйеге ауысқан. Мұнда адам бар және өлеуметтік жағынан нақтылы кейіпкер көрінеді. Оразкен Абай жоқтауындағы асқақ тұлғалы Әбдірахман емес. Бұл — қарапайым адам. Сондай қарапайым адамға назар тігу — қазақ поэзиясы үшін орасан ілгерілегендік еді. Және ол демократиялық сыпаттағы ілгерілегендік болатын. Жұпыны тұрмыстағы қарапайым адамның бейнесін суреттеу қазақ әдебиетінің реалистік жолмен өріс алуына үлкен өсер етті. «Шын сорлы» өлеңін жазғаннан кейін араға он жыл салып, Мағжан «Шолпанның күнәсі» атты атақты өңгімесін жазды. Өлеңде от басы, ошақ қасы қазақ әйелінің күйкі тұрмысымен бір ғана реалистік елес берілген. Өңгімеде еуропалық үлгіде жазылған мәдениетті прозаның сана ағысы тәсілінде өрнектелген жан диалектикасына бойлаймыз.

Мағжан шығармагерлігі зерттеу лабораториясын еске түсіреді. Онда талай әдіс сынақтан өтті. Дәстүр де, жаңалық та шабыт көрігінен өткізіліп отырды.

Ол үшін ең зор үлгі «бір сөз мың жыл жүрсе де дәмі кетпес» Абай хакім еді. Бастапқы кезде оған еліктеді. Жыл мезгілдері туралы ұлы ақын өлеңдерінің ырғағына салып, поэтикалық күшін сынады, туған жерінің маусымдарын өз кестесіне түсіріп көрді. Жас ақынның бұл талабын Абай реалистік мектебінен төлім алған сағаттардың бірі есепті қабылдаған ләзім.

Абай стилінде жазылған өлеңдердің бірі — «Жазғытұры». Бұл мезгіл туралы өлеңін Абай да солай атағаны белгілі. Мағжан оны өзгертпеген. Енді сол екі өлеңді салыстырып көрелік.

Абай өлеңінің сыпаттамасы абайтанушы З. Ахметов талдауында былай боп келеді. «Жазғытұры өлеңіндегі негізгі сарын — сахара табиғатының көркін сипаттай отырып, қазақ халқының көшпелі өмір тұрмысын реалистік шынайылықпен нақтылы бейнелеу. Сонымен қатар бұл өлеңде табиғат көркін, сұлулығын асқақ шабытты суреткердің көзімен қарап тамашалау, тамсану пафосы да ерекше күшті». (З. Ахметов. Абайдың ақындық өлемі. А., «Ана тілі». 1995. 126-бет).

З. Ахметов ұлы ақынның табиғат құбылыстарын жанды бейне түрінде түспалдап, көркем қиял күшімен символдық суреткер арқылы елестетеді деген қорытындыға келеді. Ол қорытындының Мағжан жырлаған көктемге тікелей қатысты жақтары бар. Екі ақынның «Жазғытұры» дейтін аттас өлеңдері іштей байланысты. Байланыстылығы — көшпенді қазақ тұрмысын шынайы, реалистік тұрғыдан суреттеуінде, көктемнің жасарып жаңғырған рухын айнытпай түсіруінде.

Бір кезде Мағжан поэзиясында «жер жаһан, барлық тірлік-тіршілік жоққа тән», лирикасынан «географиялық, я психологиялық шындық табуға болмайды» деген лақап таратылды. Жұмабаевтың «Жазғытұрғысын» оқығанында «тілде сүйек жоқ» екендігі еске еріксіз оралады.

Бай ауылы жылқы қамап, қыл күзетер,
Белсенген жылқышыға ноқталатып.
Балалар етек түріп зыр жүгірер,
Батпаққа бірін-бірі домалатып.
Қырдағы жылқышылар ұйқы көрмес,
Қолынан қулық бие құлындатып.

Мұнда география жоқ деп кім айта алады. Бай ауылы көріністерінен қазақ сахарасының лебі еспегенде, не ол? Жын-перінің ойнағы ма?

Керек десеніз, Мағжан өлеңінде кеңістік шындығы уақыт шындығымен қатар жүріп отырады. Және ол қолмен ұстатқандай нақтылы.

Су ақты, жетті апрель қырдан ойға,
Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.

Апрельде яки көкек айында бие құлындады. Май-

дың шындығы тіпті қызықты. Оны ақын тағы да сау-сақпен санағандай, уақ деталіне дейін тәптіштейді. Әрине, өсемдік заңы бойынша.

Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайрап.
Сұлудай бұрандайды бұтақтар да,
Ән салса әр түрлі құс тұрған сайрап.
Суықтан тоңып өлген шыбын-шіркей,
Тіріліп қанат қағып быж-быж қайнап.
Аспанда күн күркіреп, от жарқылдап,
Жылы жел қара бұлтты тербеп айдап.
Уызға жаңа тойған жас құлынды,
Шыңғыртып, жылқышылар ұстап, байлап.

Байқаған кісіге, мұнда Мағжанның стильдік ерекшеліктері шым-шымдап біліне бастайды. Ерекшелік — шындық өмірді бейнелеу мәнерінде. Ол өмір айдынында өлі Абайша құлаштай алмайды. Абай «Жазғытұры» өлеңін қырықтың үстіне шыққан кемел шағында жазған. Жайшылық адамның ойына түспейтін кесек байламдарға барады. Құлашпы қазақты ғана қамтымайды. Күллі өлемге кетеді. «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы». Бұл бар жердің көктемінің қысқа қарағанда ерекшелігі. «Масатыдай құлпырар жердің жүзі». Ия, бір ғана қазақ жерінің емес, жер жүзі көктемінің келбеті солай келеді. Қазақ ауылына сонсоң аяндайды. Енді бірде ақын күнді — күйеу, жерді қалыңдыққа балап өзгеше баллада түзіп, өлеңді романтикалық жиекке шығарып аяқтайды.

Қызыл арай сары алтын шатырына,
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

Мағжанның «Жазғытұры» мұндай күрделілікке, жалпыдан жалқыға, астарлы метафораларға, шие-ленген ауыстыруларға бара бермейді. Бұл кезде Мағжан қыршын жас. Жиырманы енді иектемек. Ол мына жарық дүниені көкірегіне түсіріп тереңірек түсінгісі келеді. Әзірше түсінгені — дүние қозғалыста, үнемі дамып ілгерілеуде. Соған сөйкес бейнелеу мәнері айнала төңірекке қызыға, тамсана қараудан туындайды.

«Жазғытұры» өлеңін жазғанда Мағжан қыршын жас дедік. Стилi жастың түсінігіне лайық қарапайым. Қарапайым болатыны, уақ-түйектің өзінен тамсанып ләззат алады. Оған күнделікті шаруаның өзі таң. Жылқы-

шылардың құлынды шыңғыртып, желіге байлауы. Тіпті маза бермейтін шыбын-шіркейдің быж-быж қайнауы да жас ақын жүрегіне мейрам. Әсемдікті суреттеуге лайықты бояу керек. Жас жүрек не нәрсені әсірелегіш. Бірақ мына ақын өйтпейді. Қарапайым теңеулерінің өзі өсерлі. «Сұлудай бұрандаған бұтақтар да» деген секілді. Бозбала жүрегін лүпілдетпей қоймаса керек. Стилинің тағы бір ұтымды тұсы — сөзінің мергендігі. Аумақты түсініктерді сәтті табылған бір етістіктің қауызына сыйғызып жіберетіндігі.

Қыс қысқан арық-тұрақ, жаман-жөутік,
Кетті ғой өлдеқашан тырақайлап.

Бұл екі жол талай бетке кететін мағына сыйғызып тұр. Көктем — мал-жанның бөр-бөріне мереке. Қарттың әжімін жаздырады. Жастың өмірге мастығын үдетеді. Қызыл-жасыл киінген қыз елдің көркін келтіреді. Көздің жауын алады. Онсыз да құлпырған табиғат шіркінді жайнатып жібереді. Ең сорлы дегенің тағдырдан көрген қорлығын ұмытып кетеді т. т. «Тырақайлап» десе жетіп жатыр. Әсірелеудің, өр өріптің ішіне жел жіберіп қампитып даурықтырудың еш қажеті жоқ. Өйтсе әсемдікті қор ететінін балғын талант түсініп жеткен. Сірә да барын барынша жазатын Абай мектебінен өткендік жемісі болар. Жас ақын артық та, кем де соқпайды. Айтайын дегеніне орынды, қонымды сөз тауып, пернені дөп басып, көңіліңді әсем сазға бөлейді.

Өлеңнің аяқталуы Мағжанның сол тұстардағы стиліне лайық. Әлі уағызынан түпкілікті айырылып болмаған реализм. Абай алтын шатыр құрған табиғат құдыреттілігіне насатты жүзбен сүйінеді. Шәкірт Мағжан жанға рахат жазғытұры жаннатын төңірінің рахымы деп біледі. Сол үшін «я құдайлап» бір аллаға шүкір қыл деп, жасамыс адамдай мақамдайды.

* * *

Жас Мағжан ұмтылысы нақтылы. Ол тұрақты іске құштар. Сол істің оңға басуын тілейді. Ісі — халқының өркениет елдері арасынан лайықты орын алса деген аңсары. Бұл стиль Мағжан шығармагерлігінің ілкі кезеңіне өте-мөте төн. Сонымен бірге ол арқылы ақындарға төн мінез көрсетіп, бір орында, бір көңіл жайда тұрақтап жөне қалмайды. Оған «Шолпан» жинағындағы «Сүйгеніме» атты өлең куә.

Адамның барша hareketін ақылдың ісі ғана дей алмайсың. Кейде жүрегің билеп кетеді. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деп тегін айтылмаған. Ақын жүрегі сондайда әлдебір қиали дүниелерді шарлап кетеді.

Бұл кейін Мағжан поэзия бақшасында кең тамыр жайып, үлкен орын алатын жаңа, романтикалық сарын еді. Ақын «Сүйгеніме» өлеңінде әлдебір бұлдыр, «Жазғытұрымдағы» жарқын дүниеге ұқсамайтын тұманды, бұлтты өлкеге енгендей. Лирикалық кейіпкердің сүйгені «оқы» деп ақыл айтатын қыздардың санатына жатпайды. Мұндағы қыз бейнесі қатыгездесу ме, қалай? Шырылдап, көз алдында оттай жанған жігітке мойын бұрмайды. Тым құрса тілімен аяп мүсіркемейді. Жігіт сырты сау, іші — өрт. Ішкі шерлі өлеміндегі сол өрт қазақ ұғымында бұрын кезікпеген мұнды өрі қатқыл өуенге бастайды. Оны қиялдан туған мұрат дей алмайсың. Өйткені ол жарқын мақсатқа емес, жантүршігерлік қапасқа итермелейді.

Мен таптым, сүймесең де өзіме жар,
Керегің жоқ, мейірімсіз, жолыңа бар!
Маған енді ол жармен тыныш, рақат,
Бөрібір жазы-қысы жауса да қар.

Өмірінше бірге, тастап кетпегі жоқ,
Сен сықылды қайғылы етпегі жоқ.
Өзгермес бір қалыпта кең тіршілік,
Бірде шаттық, бірде мұң жетпегі жоқ.

Қош, сәулем, бермен қара, сорлынды көр,
Амандас, мен кетейін, қолыңды бер.
Алдымда құлаш жайып қарсы алатын,
Сүйген жарым — мейірімді ол қара жер!

Демек, Мағжанның көркемдік әдіс жүйесі бір тәсілдің арнасында қалып қоймаған. Ақындық ізденістің бағыты өртүрлі болған. Шығармагерлігінің бастапқы сатыларында үстемдік еткен ағартушылық әдіс бойынша жазылған туындыларда стиль реңкі көтеріңкі, айқын да жарқын мақсатты келеді. Болашаққа құлаш ұратын қасиетке ие. Ал енді өркені тебіндей бастаған романтизмнің жөні басқа. Ол назарын іштегі «менге» тігеді. Қиялға, бейтаныс бұлтты армандарға жетелейді. Мұндайда Мағжан стилі күрт өзгеріп, жанынды құ-

лазытатын қаралы мұнға малтығады. «Өлім» деген ұғым аяқ астынан «өзгермес бір қалыпта кең тіршілікке» айналады. Оған қаралы болса да тың эстетикалық нәр бітеді. Әрине, ол прогресшіл романтизм дейтіннің жігер-қайрат, шабыт, биік мақсат ететін қасиетінен өзгеше. Өлімге басыңды байлағаның шектен тыс батылдық көрінгенімен, жүрегінді қалтырататын сұмдығы жөне бар.

Біз бұл жерде бөз баяғы соцреализм қаһарына мініп, Мағжанға өлдебір мін тағайық деп отырғанымыз жоқ. Ниет түзу: Мағжанның ақындық стиліндегі өзгерістердің мәнін, заңдылықтарын түсіну керек. Ал мұның өзі опонай шешіле қоятын түйін емес.

«Сүйген жарым — мейірімді ол қара жер» деген жолдың өлім құшағына енуден басқа мәні болуға мүмкін бе? Әбден мүмкін, егер ХІХ ғасырдың бас кезінде өрістеген символизм ағымын еске алсақ. Символизм бір нәрсенің елесін сәл-пәл сездіріп, арғы жағын жұмбақтатып, енді не айтпағымды өзің түсініп ал дейді. Жоғарыда келтірілген жол туған кезде Мағжан символист ақындармен танысып үлгірді ме? «Сүйгенім» өлеңі «Шолпан» жинағында жарияланған. Бұл — 1912 жыл.

Мағжан жинақтарындағы өлеңдерінің соңында олардың жазылған күні қойылмаған. Кей өлеңдерінің қашан, қай уақытта туғанын «Айқап» журналында, «Қазақстан», «Қазақ» газеттерінде шыққан күндеріне қарап белгілейміз. Символистік өлеңдерінен датасы қойылғаны — «Бостандық» өлеңі. Өлеңнің 1918 жылдары Сібірде реакция жылдары жазылғаны туралы Мағжанның өз ескертпесі бар. Осыған қарап отырып, Мағжан поэзиясындағы романтизм, символизм стилі 1918 жылға дейін қалыптасқан деген қорытынды жасаймыз.

Қазақ поэзиясында символизм Мағжан Жұмабаев есімімен тығыз байланысты. Ол символизмнің қазақ әдебиетіндегі бірден-бір өкілі десек те сыяды. Бірақ бұдан символизм элементтері қазақ поэзиясында Мағжанға дейін кезікпеді деген қорытынды шықпауға керек. Абайдың Лермонтовтан аударған «Жалау», «Жартас» өлеңдерінде символистік рух өте-мөте сезіледі. Айта берсек, Лермонтовтың бұл өлеңдерін орыс символистері өз шығармагерлігінің бастауы деп білген.

Мағжанның символист ұстазы Валерий Брюсов «Қонады бір күн жас бұлт, Жартастың төсін құшақ-

тап» деген жолдарын табиғаттың суреті ғана деп түсінбеуіміз керек, дейді. Брюсов айтпақ ойын одан ері былай деп жалғастырады. Табиғатты бейнелеу ретінде бұл суреттің құны шамалы. Зайырында, бұл — символ, тек символ ғана. Ақын өз көңіл күйін символистік жолмен бейнелеп отыр, деп дәлелдеген. Дәл осы пікірді «Жалғыз жалау жалтылдап, Тұманды теңіз өрінде» деген өлең туралы да айтқан.

Символизмнің теоретигі өмбе Ресейдегі жетекші ақындарының бірі Валерий Брюсов символистік шығармаларды үш түрге бөлген.

«1. Произведения, дающие целую картину, в которой, однако, чувствуется что-то недорисованное, недосказанное; точно не обозначено несколько существенных признаков. Таковы, напр., сонеты Малларме.

2. Произведения, которым придана форма целого рассказа или даже драмы, но в которых отдельные сцены имеют значение не столько для развития действия, сколько для известного впечатления на читателя или зрителя.

3. Произведения, которые представляются Вам бесвязным набором образов и с которыми Вы познакомились, вероятно, по стихотворению Метерлинка «Теплицы среди леса», переведенному у нас несколько раз.» (Валерий Брюсов. Среди стихов. 1894—1924. Манифесты. Статьи. Рецензии. М., «Советский писатель», 1990. С. 42).

Тұманды теңіз өрінде құдайдан бүлік сұрап жүрген желкенді қайық. Бүліктен тыныштық таба ма? Сұраққа жауап аяқсыз қалған. Неге? Себебі сөйлеуші ақынның жан жүрегі. Ал сезімнің тілі ақыл-ойдан өзгешелеу. Анық-қанығына жете бермейді. Бастала беріп, аяғы тұманданып, буалдырланып, сиыр құйымшақтанып кетеді.

Ол кезде отар мен метрополия демесең, Қазақстан мен Ресейдің түтіні бір ұшқан ел еді. Қазақтың империядан жиренуі мәдениеті озық халықтан үйренуімен қатар жүретін. Мағжан ақын бұл заңдылықтан тыс тұрмаған. Омбы Мұғалімдер семинариясында оқи жүре, ол орыс поэтикалық мәдениетіндегі символизм деп аталған жаңа ағымға айырықша ден қойды. Оған символистерден аударған және оларға еліктеп жазған, артынан декаденттілікке дала иісін қосқан өлеңдері куә. Қазақ ақыны өсіресе орыс поэзиясы күміс ғасырының перілері Бальмонт, Мережковский, Блок сынды

саңлақтарға іш тартты. Айтылғанды үстемелесек, қайсыбірін төржімалады. Әрқайсысының стилін қуалап көрді. Күш алған соң өзінше тартты.

Символистер санадан гөрі сезімге молырақ берілетін. Бальмонт туралы Брюсов: «Он просто рассказывает свою душу» деп тегін айтпаған. Мағжанша айтсақ, бұл — «жан сөзі». Осы атпен ол 1920 жылы, жиырма жеті жасында ұзақ өлең жазды. «Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық, Ақыл сорлы өле алмай қалды тұрып» деп тегін айтпаған. Бір есептен «Жан сөзі» өлеңі өзінің символистік дәуіріне жасаған қорытындысы көрінеді.

Бальмонттың, басқа да символистердің өлеңдерінен замана келбетін дөп басып, айқын елестету қиын. Жырларының тақырыбы — алабұртқан көңілдің қас қағымдық сәттерін аулау. Бальмонт көзсіз доңғалақ езіп жаншып кеткен таптауырын жол жиегіндегі өсімдікті мүсіркейді. Енді бір сәтте ғарышта қалықтайды. От, Күн, планеталар хақында гимн шырқайды. Ол желге бауырым деп езіледі. Салыстырып көріңіз. Жаңағы өлеңінде Мағжан «Жел бол!» дедің, жел болып еспедім бе?», «От бол!»— дедің, от болып жанбадым ба?», «Күн бол!»— дедің, мен Күндей күлмедім бе?» деген сауалдар қояды. Сауалдары орынды. Бұл тақырыптарда ол талай рет қалам тербеді. Қазақ ақыны декадент-символистердің «Мен бұл дүниеден теріс айналдым», «Мен бұл дүниені талақ еттім», «Мен — құпия жаһан құдайымын», «Өзіңді өзің шексіз сыйлап сүй» деген сарындарына елітті. Соған орай стилінде уайым, ширығу, үзіле жаздап сөйлеу өуендері үстемдік құрды. Сол үздіккен стильде «Мені де, өлім, өлдиле» деген өлең туады.

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңілсіз, салқын, күн бұлтты.
Жел бұйығып тербелген,
Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенін,
Әңгіме ғып күңіренген.
Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі — төтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, өлдиле,
Өлдиле, өлім, өлдиле!..—

деп кете барады.

Бұл стильдің ерекшелігі бар. Оны түсінбесең, шынында да лирикалық кейіпкер, тіпті ақынның өзі молаға бет қойған деп жаңылуың. Мәселе мынада. Символист ақын өзінің жете білетінін жазуға баспайды. Оған керегі — елес. «Қараймын елесіңе мен таңырқап» деп Қасым Аманжолов келесі ұрпаққа қызыға қарағандай, символист шайыр мұнарлы болашаққа қадалады. Бұдан ол үнемі көзі талғанша келешекке қарайды деген ұғым және тумасқа керек. Символист көңілдің әлдебір қас қағым сәтін аулайды. Көңілге келе қалған сезім ұшқынын кездейсоқтығына қарамастан, ақ қағаз бетіне түсіреді. Өмір азабынан өлім құтқарады дейтін минуттарды кім басынан кешпеген. Көбі оны ұмытады, ал ақын соған бір сәт төнті бола қалады.

Мағжанның символистік стиліне ең күшті өсер еткендердің бірі — прозаик, ақын, ғалым Дмитрий Мережковский. Мережковскийдің «Түн балалары» (1894) Мағжан бір жасқа толғанда жазылған осы өлеңнің бір шумағын Мағжан кейін есейе келе, «Пайғамбар» атты өлеңіне эпиграф етіп алады. Эпиграф етілген шумақта қасіретті түн балалары бар үмітін Шығыстан ағарып атып келе жатқан таңмен байланыстырады. Таңмен бірге пайғамбар келер ме деп дөметеді. Бірақ бұлардың күтісі орыс суреткері Александр Ивановтың «Явление Христа народу» монументальдық полотнотындағы пайғамбарды жарқын үмітпен күткен сорлыларға ұқсамайды. Мережковский өлеңіндегілер шетінен үміті кесілгендер ме, қалай?

Мы — над бездною ступени,
Дети мрака, солнца ждем:
Свет увидим — и, так тени,
Мы в лучах его умрем, —

деп күтпеген жерден қасіретті аяқталады Мережковский өлеңі.

Мережковскийден өзгеше, қазақ ақынының өлеңінде түн балалары емес, Шығыстан келеді деп дөмеленетін Пайғамбардың өзі сөйлейді. Ол түн балаларына арнайы сөлем жолдағандай. Символистік өлеңнің жұмбағы көп. «Дети мрака» — «Түн балалары» кім, олар не себепті қасіретті? Соншама жазығы неде? Жұмбақ шымылдықты қазақ ақыны түргендей. Күнбатысты қараңғылық қаптауын, «көр көзділердің» қалайша күнөға батқандықтарын ол былайша түсіндіреді: батыс

иманынан айырылған, жанын емес қарнын ойлайды, кеңірдегі сасыған топас. Олар төңірінің сүйікті ұлы Айсаның қанын ішкендер, Інжілді өртеп, Құранды аяққа басқандар. Сол себепті шулайды, ұлиды, көр көзінен жас төгіп, Күншығыстан бір Пайғамбарды күтеді. Және ол Пайғамбар көктен, ғарыштан келетін мифологиялық тұлғаға ұқсамайды. Сірә де Мағжан біздің сонау көне тегіміз Аттиланың күллі Еуропа құлдарын құлдық бұғаудан құтқарған ерлігін еске ала ма, өйтеуір батысты азат ететін Пайғамбардың Күннен, Гүннен туғанын паш етеді.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен — Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар.

Мұнымен тынбай, ақын ерте күнде отты Күннен туған Гүнның кім екендігін нақтылап, өлеңнің соңынан «Гүн — түріктің арғы атасы» деп сілтеме жасайды.

Күншығыстан таң келеді — мен келем,
Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!—

дейді Мағжан жырындағы Пайғамбар. Демек, символистік стильде сарыуайым, дүниеден торығу, табыт пен көрден басқаны көрмеу, өлім күйін есту ғана кезікпейді екен. Ендеше ақынның кеудесінен қараңғылықты, өмірге қабілетсіздікті көрушілердің айтып жүргені бос сөз. Мағжан енді ояна бастаған шығыстың алып халықтары рухынан нәр алды да, күй қанатты басым стильге көшті, атой салды, үлкен символдық бейнелер арқылы жаһандық көлемдегі пафосқа көтерілді. Символистің де символисі бар. Бірі өлең жолына өрісті ой-пікірлерді сыйғыза алмаса, заманын нақтылы бейнелер арқылы суреттеуге мүмкіндік таппаса, Мағжан, керісінше, Бостандықтың өзіне символ тапты, романтикалық өуездің өзін ұлттық идеяға бағындырды, ешбір риторикасыз, айғай-ұйғайсыз нешеме контитенттерге жетерлік дауыспен сөйледі.

Мағжан қазақ өлеңі үшін жаңа өлкелер ашты. Ақын «менін» ғарыш биігіне, кеңістігіне самғатты, қиялдың да құздары болатындығына сендірді. Оның стиліндегі ұшы-қиырсыз кеңдік, тұңғық тереңдік өлең иесінің адамзат тарихына қанықтылығына, білімділігіне негіз-

делетін. Өлеңіндегі алып қашпа стихия ақынның сол білімдарлығына бас игендей жуасып, сабасына түсетін.

Қазақ ақыны символизм туын қисайтып жығылып бара жатқан тұсынан қайта көтерді. Орыс символизмі бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында-ақ дағдарысқа ұшырағаны мәлім. Мұны алдымен жұртқа жария еткен кім десеңіз символизм көсемдерінің бірі Валерий Брюсовтың өзі. 1917—1922 жылдардағы орыс поэзиясының хал-ахуалына шолу жасай келе, ол символизмге, шын мәнінде, теріс бата берді. XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың бас кезінде символизм бой бермес, ноқталатпас ағыс еді. Енді міне, айтар жаңалығы бітіп, тұралап, шалшық су сияқты бірдеңеге айналып отыр дейді.

Брюсовтың символизмді сынауында қисын жоқ емес-ті. Өзі бас ағымға теріс айналу себебі поэзияны солдырып мерт қылатын дерт еді. Ол дерттің аты — штамп, машықтану, белгілі бір ақиқатты сағыздай шайнау. Оның түрі мынадай: тарихи оқиғаны, халық аңызы не философиялық парадоксты өлеңге сап ұйқастырып, орыс және шет ел сөзін алмастырып қолдана отырып, өзінше бір асқақ пікір айтқансу, өлең соңына леп белгісін қонжиту. Мұндай өлеңдер жүздеп, мыңдап тоғытылатын.

Символизм кінәраттарын бөсекелестері аяусыз, өлтіре шенеді. Сырттан футуристер шабуылдады. Іштен өзі туғызған бұтақ — акмеистер ірітті. 1911—1917 жылдары символистік мектеп қожырап бітті. Д. Мережковский прозаға көшіп кетті. К. Бальмонт бұрынғы жарқылдақтығынан айырылып, сөзді жүндей сабап, графоман халіне көшті. Археология мен мистикадан бас көтере алмаған Федор Сологуб өз мүмкіндіктерінен төмен өлең жинақтарын шығарды т. т. Валерий Брюсовтың: символизм дәурені өтті, енді өсуден қалды, өссе, тек сан жағынан өсіп қампияды деген пікірін Мағжан білмеді емес, білді. Ұстазының: ендігі жерде футуризмнің лай толқыны басым, футуристерден жаңа заман лебі еседі деген сөзін де есітпеді емес, есітті. Сонда да қазақ ақыны символизмнен қол үзбепті. Жаңашылдығымен әйгілі ақын футуризмнен теріс айналады. Оны Мағжанның

Фуллин Сөкен,
Кекең, кекең футурист,—

деген репликасы-ақ айтып тұр.

Футуризм дегеніміз Маяковский, Пастернак секілді дарындар екенін біле тұра, Мағжан сөйтті. Сол үшін Мағжанды кертартпа ақын деп түсіндіру оңай. Дұшпандары солай етіп талай ауыр кінә тақты.

Меніңше, Мағжанды түсіну қиын емес. Символизмнің орыс поэзиясында өрісі тарылғаны рас. Бірақ мұның қазақ әдебиетіне қандай қатысы бар? Оның мүмкіншіліктерін қазақ өлеңінде пайдаланған жан бар ма? Жоқ. Ендеше, қазақ әдебиеті топырағына сол жаңа ағымның дәнін егіп көрсе қайтеді? Қазақ поэзиясы дәстүрлерімен жолыққанда ол қандай күйге енеді. Мүмкін бұған дейін аңдамай жүрген қырлары ашылып қалар... Қазақ символизмі міне, осылай басталды. Оның француз, орыс символизмінен өз ерекшеліктері бар.

Мағжанның әдіс жүйесіне символизм түпкілікті кірігіп кетпегенімен, ақынның былайғы поэтикалық стиліне жаңа бір серпін енгізгені сөзсіз. Символистік стильде жазылған өлеңдері жөнінде жоғарыда біраз пікір айтылды. «От», «Пайғамбар», «Мені де, өлім, өлділе», «Бостандық», «Берниязға» өлеңдерін жазғанда ақын бір жағынан өз күшін сынаған тәрізді. Жаңа мәнерде қазақ өлеңі туар ма екен, тумас па екен?— деген сияқты. Алла сәтін түсірген соң енді ол романтизмнің осы символистік сатысының өкелген жаңалықтарын әдебиетіміздің бойына сіңіру мақсатын көздейді. «Таза» символистік өлең жазбай-ақ, жаңа ағымның жетістіктерін қазақ өлеңінің қайсыбір қырларын жаңалауға жұмсайды.

Ендігі шығармалары көбіне-көп реалистік арнада жазылады. Ара-арасына сыналап дегендей романтизм, символизм элементтері енгізіледі. Мұны Мағжан ақын стиліндегі символистік сарын дейміз. Ол екі түрлі тәсілмен кірігеді. Біріншісін қоғамдық-саяси мәні зор құбылыстардың сыр-сыпатын, табиғатын тап басып танытатын өлдебір символикалық бейне ойлап табу деп атаймыз. Екіншісі — өлеңнің өуезділігін (музыкальность) арттыруға байланысты ақындық ізденістер дейміз.

Ресейдегі революция дауылдары қазір қалай деп мансұқ етіліп жатса да, бір ақиқат даусыз. Ол патшалық самодержавиенің құлатылуы нәтижесінде бұратана аталған қазақ сияқты халықтарды жер бетінен жоғалтуға нақтылы бет алған геноцид саясатының іркіліс

табуы. «Бостандық!» деген қымбат сөз ел аузына тегіннен тегін ілінген жоқ. Оны Мағжан сезді, неге сезбесін. Сол себепті жүрегінің түпкірінен өзі айырықша қасиеттейтін сөз суырды. Бостандық бейнесін ғарыштан түскен алмас қанатты періште символында суреттеді. Қазаққа автономия берген Кеңес өкіметінің жақсылығын да ұмытқан жоқ. Сол жақсылықты «Қызыл жалау» өлеңінде жырлады.

Стиль мазмұнға да пішінге де қатысты. Машықты дүниетанымың қайталана берген соң қолтаңба сияқты өсер қалдырады. Мағжан Жұмабаев — қазақтың ұлттық ақыны. Поэзиясы елім, жерім деп аһ ұрумен арқауланған. Сол дүниетанымы Кеңес өкіметі орнаған соң да елеулі өзгеріске ұшырамады. «Табым», «байларды қойдай қу қамшымен» деп елеуремеді. Тіпті қазақты «тоқсан» мен «онға» жіктеген поэмасы «Тоқсанның тобында» да бұл ұранды қайталағысы жоқ еді.

«Қызыл жалау» өлеңі — Кеңес өкіметінің бірден-бір символына арналған. Солай бола тұрса да бұл өлеңінде де ақын ұлттық стилін сақтайды. Әлеуметтік тақырыпты көрінеу ұлттық тақырыпқа бұрып жібереді. Әдейі сөйтейін дегеннің өзінде де, ежелден қалыптасып қалған стилі өз жөніне тарта берген.

Бұл өлеңнің алғашқы үш шумағы ақынның бұған дейін ұстанып келген символистік стилін еске түсіреді. Мазмұны күңгірттеу, тұспалы басым. Ақын өлеңін тікелей сұрақ қоюдан бастайды. «Жалынды жалау кімдікі?» Пролетариат поэзияның ақыны болса, бұл жалындаған қызыл жалау — жұмысшы табы мен кедей шаруанікі деп айқын жауап қайтарар еді. Символист ақынның өзі қойған сұрағына жауабының өзі қайта сұрақ туғызады.

— «Жалынды жалау кімдікі?»

— «Тұрағы тарғыл тас қия

Арбаңдаған Азия —

Жалындай жалау соныкі —

Ендеше, қазақ, сенікі!»

Өлең ырғағы айбынды, ұранды естіледі. Сол кездегі революциялық жігерлі екпінге сай. Ырғақ жаңа, өзгесі көне. Қызыл жалаудың не себепті Азияға телінетіні көмескі. Арбаңдағыны үшін бе? Символизмнің буалдыр тұманынан «Төңірім — от», «Қан аңсап жүріп шаң жұтқан» деген сөздер де бірден миға қона қоймайды.

Мұсылман дініне енгеннен бері қазақ төңірім — бір Алла дейді. От демейді. Қазақтың қан аңсауы да түсініксіз. Символизм шарты бойынша осының бөріне оқушының өзі түсініп жетуі керек. Ақын мұның тым қиын шарт екенін сезді ме, қалған үш шумақты басқаша құрады. Реализмге қарай бейімделіп, қойылған сұраққа жауабын айқынырақ қайтарады.

— «Қанды жас жалау кімдікі?»

— «Кімнің ұлы құл болса,

Тұлымдысы тұл болса,

Қанды жас жалау соныкі,

Ендеше, қазақ, сенікі!»

Бодандықта күн кешіп, шүйгін жерінен шөлге айналып, империя табанында тапталған қазақтың құлдық кейіпке түскені рас. Соңғы екі шумақта нақтылана түскендей, тепкіде, кемдікте зардап шекті, таланып, кедей атанды. «Кедей» — социалистік реализмнің сүйікті геройы. Бірақ Мағжан кедейді тап мағынасында айтып тұрған жоқ. Кедей деп, таланттан, гүлдемей өртенуге ұшыраған жалпы қазақ атаулыны айтып тұр. Сонда Мағжан жырлайтын Қызыл жалау тап туы емес, ұлттық байрақ боп көрінеді.

Ақынның идеясы көкейге қонады. Айтайын деп отырғаны — жалпы қазақтың мүшкіл халі, езілуден, тепкіден осы Қызыл жалау астында құтыламын ба деген үміті. Сондықтан бұл стиль шындықтан бұра тартады деуге келмейді. Шындық бар, бірақ толық емес. Қызыл ту астында Қазақстан экономикасы мен мәдениеті гүлденген республикаға айналды. Сонымен бірге бодандығынан құтыла алмай келді көпке дейін. Қасаң система қан да, шаң да жұтқызды. Содан ақынның өзі де майып боп кетті. Стилінде өсірелеу пайда болғанын Карелия ормандарында оның өзі де сезінуі...

Енді қазақ символизмінің өлең сөзді үстартудағы қызметі хақында бірер сөз.

Өлең ақын жанының небір құпия сырларын ақтарады. «Өлең піркін — өсекші, жұртқа жаяр, Сырымды тоқтатайын айта бермей» дегенде Абай өлеңнің өлгіндей ең бүгулі интимдік өлем кілтін аша алатындығына мезгейді.

Өлең күдіреті күшті. Бірақ адам жанымен салыстырғанда өлде қайда пөс. Жаңа жырлардың сарқылмай

туа беретіндігінің сыры осында. Ойындағыны, сезіміндегі мың құбылған құбылыстарды тап басып өлеңге қосу — қиынның қиыны. Талай өлең сөздің даңғылы мойындаған шындық. «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады». Абайдың өзі өстіп шағынады. Адам жаны — телегей теңіз сыр. Оның бәр-бәрін сол қалпында сыртқа шығаруға тіл шіркіннің қауқары жете бермейді. Орыс өлеңінің зергері Афанасий Фет: «О, дариға, сөзді елші етпей-ақ жүрек пен жүрек тікелей тілдессе ғой» — деп армандаған. Ал Федор Тютчев: «Мысль изреченная — ложь» дейді. Сөзге айналған ой өтірік! Неге бұлай? Мәселе — ой табиғатында. Ой — үздіксіз аққан дария. Тілден тамшылап қана төгіледі. Сөйленген ой оның шалқыған ағысын үзіп жібереді.

Демек, өленді ұстарту оны құрайтын сөйлемдердің артық-тұртығын кетіруді, мұртын басуды, айналасын теп-тегіс жұмыр етуді ғана көздемейді. Өңгіме ойға алғаныңды жеткізіп айтуда. Бұл мүмкін бе? Жаңағы тұста иланғандай болдық, мүмкіндігі шамалы. Меніңше, символизм осы тығырықтан шығудың өзінше бір жолын қармалаудан туған тәрізді. — Ойынды жеткізе алмаған жерде, — дейді символизм, — ойды бастап бер, тіліңнің ұшына үйірілмегенін оқушының өзі жалғастырып өкетуі тиіс.

Тағы да бір тәсіл бар. Пішінді сөйлету. Буын-буынның, дыбыстардың ішкі үйлесімін, жарастығын, үндестігін, сыңғырын келістіру керек. Символизм өлеңнің міне осы өуезділігін арттыру жолында көп тер төккен. Тіл жетпегенді өлең өуезділігімен жеткізу жөнінде Мағжан алдына түсетін кім бар? Мағжанның сол өнерге жетіктігін қазақ тілінің және бір мініскері жазушы Жүсіпбек Аймауытов былайша мадақтайды:

«Мейірімді жас ана бөпесін ұйықтатарда: «Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем, қой-қой бөпем, жылама?» деп қоңыраулатып, қоңыр өнге салады. Сол тәрізді Мағжан өлендерін оқығанда, адамды әлдилеген, тербеткен сипатты, біресе мұң-зарға, біресе қайғы-шерге, біресе сары далаға, біресе өткенге айдайды, жаныңды бөлеп, көзге өлденелер елестейді; алдында ұшы-қиыры жоқ, бір белден ассан, бір бел, толқынды сары далада тұрғандай боласың, екі жағына кезек теңселіп, ырғаң-ырғаң басып, қарқарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесі, үкісі бұлғандап кетіп бара жатқан көпті көргендей боласың; кейде ақ сандықта ақ

көйлегі, жез құманы бұлғаңдап, шолпысы сылдырлап бел асып бара жатқан өйелді көргендей боласың.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр
Сыбырға айналды сылдыр.
Жүректі өртеді құрғыр!-

ды оқығанда, маңайыңның бөрі сылдырлап кеткендей боласың. «Лениншіл жас» журналы, №5, 1923 жыл).

Жүсекең атақты «Шолпы» өлеңінен үзінді келтіріп отыр. Өлеңде қыз бұрымына тағылған шолпының сыңғыры суреттеледі. Қыз іргеде жүр. Жігіт үй ішінде. Оны көріп жатқан жоқ.

Іргеден әрлі-берлі жүрген қыздың бұрымындағы күміс үнді сыңғырларға құлағын тоса қалуына қарағанда, жігіттің жатқан жері — киіз үй. Байғұстың өзегіне шоқ түсіп, жүрегі жанып, шолпы таққан сұлуды бір көруге ынтық. Өттең не керек, арман көбінекей аспанды қоныстайды. Уысыңа түсе бермейді. Бұл жолы да қол бұлғап қашықтай жөнелді. Жігіт жүрегінің тарсылы күшейген сайын сыңғыры сыбырға айналып барады. Сол сәтте-ақ жігітіміздің аурудан тұрғандай құр сұлдері қалды.

Осы қалпында бұл керемет сурет. Ал шабыты бабындағы шын жүйрік бұған да місе тұтпай, өнерін арттыра түседі. Сырттағы шолпымен қоса өлеңнің алтын сарайы бірге күмбірлеп, көңіліңді ғажайып саз естілген өлкеден бір-ақ шығарады.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Есімнен аударды құрғыр.

Біріншіден, сылдырап шыққан дыбыстардың өзі сурет. Қыз көрінбейді. Іргеде жүргенін «көріп» тұрған бұл жерде көз емес, құлақ! Қыздың ырғала басқан қозғалысын «сылдыр, сылдыр, сылдыр» саздан сезеді. Өлең буындары, сөздері, ырғағы, интонациясы-кербездің ойнақшыған жүрісіне еліктей ме, қалай? Ол аздай бұрымның сылдырына, екіншіден, жөне бір сол үндес сөздер қосылады. «Сыбдыр», «сыңғыр», «солғыр» деген сөздер. Бұлардың соңғы екеуі назды қарғыс болса да, шолпының сылдырына ұйқасып, солармен жарасып, саз боп естіледі. Естен тандыраарлық күйге бөлейді.

Жақсы өлең әрқашан өуезді. Бірақ «Шолпының» өуезділігі күй сандықтың ойнауына бергісіз. Саз суретшіге айналады. Жүсекеңнің сөзін сөл өзгертіп айт-

сақ, Мағжан өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ аруының суретін салады. Оған қоса жүрегіне махаббат оты түскен жігіттің өлем тапырық ішкі жайсаң өлеміне тәнті етеді.

Саздан сурет туғызу, күймен көңіл кілтін ашу — Мағжанның ақындық стилінің қайталанбас ерекшелігі.

Мағжан Жұмабаев секілді үлкен ақындар бір өдіске я стильге басыбайлы байланып, телініп қалмайды. Ақын жазу-сызуға деп тағдыры сыйлаған әр сағат, минутын ұдайы ізденіске, қазақ поэзиясын жаңа өріске бастауға жұмсады. Түр қуалауды ол әдейі нысана етіп алған жоқ. Мағжан өдісі, стилі көбінесе айтайын деген ойына, тақырыбына, өлең материалына байланысты жаңғырып өзгеріп отырған. Еуропалық, дүние жүзілік ең озық өдіс, стильде жазуда жарысқа түсе отырып, ол материалы солай десе, сөз кестесін, Жүсіпбек арнаулы ескерткендей, өлеңін қазақтың ескі әдебиеті өрнегіне салып жіберетін кездері болған. Берітіндер жазған «Еділдің сағасында» деген өлеңі, мәселенки, былай деп басталады.

Араладым біраз күн
Еділдің саға өлкесін.
Қазақты көрдім қуарған
Жүк тасып тескен желкесін.
Балық аулап бозарып,
Жайлау қылған көл төсін.
Селеңдейтін селенге
Мұжықтың аңдып бөлкесін.
Сөз сөйлесе сабайтын
Орыстың: «Совсем..», «Толькесін».
Ойланбаса мынау күй
Келтірер кімнің күлкісін?!

Мағжанның бұл жолы қазақ ауыз әдебиеті дәстүріне жүгінген себебі — өлеңнің көздеген мақсатынан десе лөзім. Бұл өлеңінде ақын еліне арнап біраз ғибрат сөз арнағысы келген. Мұндайда стилі қарапайым, ауызекі өңгіме төріздес, шешен, ұтқыр, көңілді.

Мағжан Жұмабаев — көп қырлы, терең сырлы ақын. Стилінде талай әдеби орам, төсілдер бой көрсетеді. Шығармаларынан жоғарыда сөз етілген ағартушы реализм, романтизм, символизмнен басқа, сентиментализм, реалистік өдістердің іздері өртүрлі дәрежеде төбе көрсетеді. Сол себепті бұл ақын стилін бірлі-екілі

анықтауышпен қарпып төмөмдау мүмкін емес. Бір кезде Мағжанға «мұнды», «шерлі», «күйрек» ақын деп ат қойылып, айдар тағылды. Бұлай айтқызатын шығармалары бар екендігі рас. Ал ондай деп ататқызбайтын туындылары да жетерлік.

Мағжан поэзиясының ауа райы құбылмалы: бірде ашық, бірде бұлтты, жауынды-шашынды. Ол қайғырып, қапаланып, езіліп, жаншылып барып, құзға құлайтын ақының емес. Мағжанның қаһарына мініп, айбынды дауыс көтеріп, семсердей жарқылдайтын сөттері аз ба?

Күншығыстан таң келеді — мен келем,
Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!—

деген ақынды қалай атамақ керек?

Бір кезде Мұхтар Әуезов қазақ совет ақындарының творчестволық ерекшеліктерін, өзіндік стильдерін тап басқандай мынадай бір есте қаларлық зор мағыналы сыпаттама жасады. Асқар Токмағамбетовтың сықақ, сатира, фельетон саласында өзге ақындардан үздік шығып көрініп жүргенін ескеріп, оған «қырғи тілді Асқар» деген мінездеме берді. Әбділда Төжібаев — көрнекті драматург, өдебиеттанушы үлкен ғалым. Бірақ оның Төжібаев атын аспанға шығарған жанр — лирика. Ол Қасым сияқты ақынмен тізе қоса отырып, қазақ поэзиясын телеграф, телефон, айырплан секілді теміртерсекті жырлап дейдала адасып ұзап бара жатқан жерінен адамның ішін, жанын, рухани өлемін суреттейтін негізгі арнасына қайта бұрысқан алғырымыз. Соны еске алып, Мұхаң «сыршыл үнді Әбділдә» деген өділ баға береді. Осы секілді өр ақынның жеке басының қасиетіне, тіліне, тақырыбы, қолтаңбасына қарап отырып «майда қоңыр Ғали», «басым сөзді Тайыр», «күйлі-мұңды Қасым», «ізденгіш те тапқыш Хамит», «өзіне бөлек сырлы сазды Сырбай», «салқын ойлы Саин» деп, бұлардың стильдік айшық-өрнектеріне тамаша, тапқыр анықтамалар береді. (Қараңыз: Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18 том. Алматы. «Жазушы», 1985. 385-бет.)

Әрине, жоғарыда аты аталған ақындардың поэтикалық амплитудасы, құлашы өлде қайда кең. Мұхтар Әуезов олардың өздеріне ғана төн өнеріне назар тіккен.

Мағжанға келсек, бұл ақынның стиліндегі алуан түрлі бояуларды бірлі-екілі анықтауышпен жеткізіп сипаттап бере алмайсың. Ол жайында пікір қозғасаң, өлшейтін саржаныңның адымы әлде қайда кең болуға керек.

Мағжан ұлттық ақынымыз. Барша қазақтың жырын жырлаумен қатар, «өнер алды — қызыл тіл» санайтын халқының поэтикалық бойына қапысыз сіңірген таңдаулымыз. Оның стиліндегі шешуші мотив, сарын — ұлттық ортақ мүдде. Ол өлең есігін қазағым деп ашқан, қазағым деп өксіп өлген. Не жазса да елінің мұңын мұндады, шерін шерледі.

Ұлттық тақырыптағы Мағжан өлеңдерінің аңсары — ел азаттығы, тәуелсіздігі. Жабығып, жасып қалған халқының рухын көтеру. Оның түсінігінде, қазақтың тәуекел деп күреске бел байлап шығуға деген жігерін империялық қан сасыған шовинистік менмен саясаттың өзі қайрайды. 1915 жылы жазылған «Есімде... тек таң атсын!» өлеңінде ол халқымыздың бодандық қамытын қапылыста кигенін аңғартады.

Ай туып, Күн орнына көкте қалқып,
Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып,
Төңірек тыныш ұйқыға батқан шақта
Кетіпсіз біраз ғана біз де қалғып.

..
Мезгілше, мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын!

Бұл тақырыпты ақын алтын шыққан кеніштей кеулей береді. Революция, 1916 жылғы ұлт-азаттығы дауылы қарсаңында өлеуметтік дауысы зорая түседі. Әрине, поэзияның өзіне хас тілімен. Бізде көпке дейін тұрпайы сын поэзиядан қоғам алдына қойылған сұрақтарға нақтылы жауап талап етіп келеді. Мысалға, Абайдың өзіне қоғамның қайшылықтарын түсінгенмен, ол қайшылықтардан шығудың нақтылы жолдарын ұсына алмады деген мін тақты. Шынында, поэзия өйтуі керек пе еді? Саясат тілімен сөйлеген өлеңде пәшере қалмайтынын, қасиет болмайтынын кеңестің үгітшіл өлеңдері талай рет дәлелдеп берді емес пе. Орыстың бүгін таңдағы үздік сыншысы Лев Аннинский былай деп ақ сөйлейді:

«Искусство ищет не ответ на вопрос, а образ, отвечающий чувствам. Эпоха, в которую мы живем? Уже и «чугунная», и «пластмассовая» опробованы. Возможно, что в метрике появится нечто экологическое. Например, «век мусора».

Это все — из области искусства. Если же говорить о науке — слово давно найдено. Тоффлер сказал: «век информации». («Досье». Приложение к «Литературной газете». №11—12, 1995, 8-бет).

Сол кездегі ел, ұлт көңілі аңсаған бейнені өз заманында өмір сүрген жандардың арасынан іздегенде ақынның еміне, сүйсіне, дөмете қарайтындары — қазақ жастары. Бар үмітін соларға артады. Ал тарихтан тапқан тұлғалары — Аттила, Абылай, Батыр Баян, Кенесары, Сыздық, Абай боп келеді.

Жастар бейнесі арнау түрінде жазылған өлеңде асқақ көрінеді. Болашақ айкастарда қандай қасиеттер қажет? Міне, солардың бәрі дерлік қазақ жастарының бойынан табылады. Жүрегіміздегі сұраққа жастар бейнесін жа-саумен жауап қайтарады.

Бұл қорытынды ақынға оңайға түспегенін айтуға тиістіміз. «Төбет» деген өлеңінде ол өйтеуір жаратылысы ит қой деп бір төбет асырап, қоралы қойынан айырылып қала жаздаған Сөрсен деген ақсақалды мысқыл етеді. Мағжанның ойы дұрыс: жабыны тұлпар, қарғаны сұңқар қылма. Өйтсең ісің — шала. Өз тұсын-дағы қазақтардың бірқатарына қарап тұрып қарның ашады. Олар табынғыш, бағынғыш, жалынғыш.

«Біреуіне» сен төңірім деп табынад,
«Біреуіне» мен құлың деп бағынад,
«Біреуіне» садақа бер деп жалынад,
«Біреуіне» құйрық болып тағылад.

Тағы да бірі ұлт қамын ойламайтын немқұрайды.
Сол себепті ақын ашынады.

Азамат, анау қазақ қаным десең,
Ұжмақтың суын апар жаным десең.
Болмаса ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам, тұншықтырам зарын десең.

Осы шумақты «Мен жастарға сенемін» өлеңімен салыстырып көріңіз. Арасы жер мен көктей. Стилінде, жан дауысында өзіне талайдан іздегенін тапқандай

қуаныш бар. Соны «Мен жастарға сенемін» деген рефрен, қайырма жол күші арқылы жүрегіңе, бүкіл сезім өлеміңе мәңгілік орнатып тоқып бергендей.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты —
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар — балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!

Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

Мына бір заңдылыққа назар аударалық. Жылда 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы аталып өткен сайын Мағжанның осы өлеңін жиі естиміз, үзінділерін немесе толық текстін оқимыз. Естиміз, оқимыз да, ақын сөуегейлігіне бас иіп, «Қайран, Мағжан аға, көріпкелің бар екен-ау!»— дейсің. Даусыңнан не іштей үн қатуыңнан сүйініш пен күйініш аралас естіледі.

Сөуегей!

Бұл сөз ауызға бостан бос ілінбейді. Қарап отырсаң, XX ғасырда дүние екі дүркін сілкінген. 1917 және 1991 жылдары. Сол төңкерістерді дауылға баласақ, бұлардың дауылпазы кімдер еді? Мен Мағжан айтқан қазақтың жас қырандары дер едім. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі болмаса, 1917 жылғы ақпан, қазан революциялары болмас еді деймін. Бірақ патшаға қарсы оның түбіне жеткен қарулы көтерілісті бастап берген дәл қазақ жастары екені — тарихи факт.

Ендігі бір бұлжымас тарихи факт — 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Қазақ жастарының көтерілісі. Осыдан кейінгі Балтық жағалауындағы елдерде, Кавказда қаулаған өрт бүкіл Кеңес империясын шарпыды. Шахтерлердің бүкілодақтық ереуілі тоталитарлық жүйені мүлде есеңгіретіп жіберді. Осы оқиғалардың әрқайсысының маңызы бөлекше. Лап ете түсіп

өртеген қауға шырпы тастаған Желтоқсан оқиғасы екендігі даусыз. Мағжанның айтқаны қолмен қойғандай келді.

Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір танда
Мен жастарға сенемін!

Бір танды екіншісіне ұластырған қаракөз жастарымыз қазақ атын өуелетіп өлем аспанынан бір-ақ шығарды. Мұның нақтылы жемісі — кеңестік заманға көзқарас күрт өзгерді. Сталин культінің құрты түскен бөйтерек өлі еңселі көрінуші еді, сөйтсек өзегі піріп, қуыстанған екен. Соны көрсеткен, көзіміздегі шелейді алып тастаған — жастар. Ендеше, біз жастарға сенуіміз керек екен, соны білдік.

Ең бастысы — жастар дәуірдің жаңа стилін бастады. Ол стиль бізді империялық сананың дегеніне бас ие бермеу керек екендігін ұғындырды. Бүгінгі жастар мінезі Мағжан жырлаған жастардың өр мінезінен, болаттай характерінен айнымайтын боп шықты.

Романтик Мағжан шындық дүниеден ешқашан бойын аулақта ұстаған жоқ. Мыс қазандай қайнаған реалды өмір, өсіресе ұлт-азаттық секілді қозғалыстар ақын санасын жанықтырып, өлеңіне өжет мінез бітірді. Ақын ендігі талпынысында шығармаларының өлеуметтік-қоғамдық тынысын үстемелеп кеңейтті. Өнерімен өр қазақ жүрегінде намыс отын жағып, елін іске, батыл характертерге жігерлендірді, арманына қанат бітірді. Адам характерін сомдауда бұл романтикалық сипаттар айырықша орын алды. Мағжан поэмаларындағы Кенесары, Сыздық секілді тарихи тұлғалар романтикалық кейіпкерлерге айналатындығы сондықтан болуға керек.

Дегенмен, Мағжанның өдістік жүйесінде реалистік нышандар басым. Атақты «Батыр Баян» поэмасын алайық. Оның басты қаһарманында романтикалық өршілдік жоқ емес. Бұл қасиеті өсіресе поэма финалында айқын көрінеді. Бірақ тұтастай алғанда Батыр Баян реалистік тұрғыдан суреттелген. Поэмадағы тартыс, қайшылықтар Баян характерінен ғана туындамайды. Мұнда объективтік терең заңдылықтар бар. Оқиға нақтылы тарихи рамкаға алынған.

Алыстан орыс, қытай — ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында — ор, алдында — көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?

Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.

Баян жан дүниесінің мың сан толқып өзгеруінде ортаның да ықпалы аз емес. Абылаймен қақтығыс, Ноян опасыздығы — Баян жүрегіне жара боп бітеді.

«Батыр Баян» поэмасының психологиялық талдауында реалистік стиль айқын көрініп тұрады. Мұнда ақынның романтикалық стильде жазылған өлеңдеріндегідей жезтырнақ сыпайыланып келмейді, ұлыған дауыл, өпсүн оқып үретін жел жоқ, сары шаш жыншайтандар билеп жүрмейді. Мұнда қаны шыққан реалистік картиналар адам өмірінің іші-сыртын түгел қамтиды. Лермонтов бір кезде: «история души человеческой, хотя бы самой мелкой души, едва ли не любопытнее и полезнее истории целого народа» — депті. (М. Ю. Лермонтов. Полное собрание сочинений. Т.4. Гослитиздат. М., 1948, с. 54).

Ұсақ жаман-жәуіткердің ішкі өлемі тұтас халық тарихына бергісіз болғанда, кесек адамдардың жан сарайы қандай болуға тиіс?

Баян — Абылай ханның таңдаулы қолбасыларының бірі. Оның кесектігін көрсету үшін автор қолданған тәсілдерінің өзі неге тұрады. Өзге батырларды мадақтағанда аз-кем ауыз әдебиеті дәстүрлеріне ойысса, Баян жөнінде дәйекті шындықтан айнымайды.

Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,
Ту баста Абылайды хан көтерген,
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай,
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай.
Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі,
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.
Найзасын нажағайдай ойнататын,
Жас барыс Бөсентиін Сарымалай,—

деп кете береді.

Мұнда фольклорлық әсірелеу, мифологизация жоқтың қасы. Ауыз әдебиетінің фольклордан қалған сарқыншағы бар. Түп негізі шындық теңеу, эпитеттерге жел жіберіп, қомпайтып көрсетуге машықтық дегендей. Ауыз әдебиетінің аудиториясы — тыңдаушы алқа қотан халайық. Оның құлағы өстіп әсіре сөйлегенге құмар.

«Өйдейт!», «сүмірейт» — десетін көтермелеу репликалары сондай қисынға сүйсінгендіктен туады.

Баянның кесек тұлға екендігін көрсету үшін автор тіл безеуден гөрі стильдің жүгін арқалаушы өзге құралдарға, түр-пішінге жүгінеді. Атап айтқанда сюжет пен композицияның күшін пайдаланады. Көкшенің бауырына өңпең көкжалды жинап, Абылай ханды бас етіп, «қандыбалақ» батыр баянды күткізіп қояды. Оған мотивировка, себеп-сылтау ретінде Абылай беделіне арқа сүйейді. Талай күн құр жатып жалыға бастаған батырлар ханға Қанай биді жібереді соншама сарғайып күтудің себебін білмекке. Қанай биге Абылай жауабы өзір екен.

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруақты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?
Наркескен, өрттей өскен, қайтпас болат
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қандыбалақ батыр Баян!»

Бұларды жөй күттіріп қана қоймайды. «Бұл қайда жүр?» . Бір кесепатқа жолықпаса игі еді, — деп елегізиді. Оқырман да жөйсіз жөйтқа елең ете түседі. Сөйтіп көз алдында Баян тұлғасы биіктей береді.

Келесі сөт оқушы ынтыққан бейнемен жақынырақ таныса бастайды. Танысқанда оның өзі, айналасымен ғана емес. Оның ішкі сырларына қаныға бастайды. Тартыс шиеленіскен шақтарда Баянның ішкі өлеміне мүлде еніп кеткендей сезінеді. Сонда біз үлкен күрделі характерді жолықтырамыз. Ол бір жағы пенде. Қызғаныш отына түсіп қалғыш. Ашуын ақылына жеңдіре алмай қалатын кезі бар. Ер жігіттің жасында жүрсе де, жүрегі балаң жігіттей махаббат торына түсіп қалады. Сонымен бірге ішкі жан сызы бұл өзі жөй адам емес екендігін аңғартады. Өз басынан гөрі ел мүддесін көбірек ойлайтындығы сол трагедияның үстінде аңғарылады. Шын мәнінде ол туған інісі Ноянды жөне ғашығы Толқыншашты ел намысын аяққа басқызбаймын деп жазалады. Сатқындықты көкірегіне көме алмай, жерге көмді.

Айдала оңашада Баянның сабырын ашуға жеңгізген өз қылығын талдайтын тұстары әдебиетімізде бұрын-соңды кезікпеген құбылыс. «Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі» деп аңырайды батыр Баян. Міне, бұл трагедияны суреттеу барысында ақын шабыты тіптен шамырқанып, дауылды күнгі борандай ышқынып, көктемгі тау суындай тасқындайды. Баян — жан-жақты сомдалған характер. Бізге «таныс бейтаныс»: пенде-шілігі де, адамгершілігі де алақанымызда. Кім екендігін ақын терең ашып берген ішкі әлемі арқылы білеміз.

Қазақ әдебиетінде тұңғыш рет осыншалық шеберлікпен жеткізілген психологиялық талдау Мағжан стиліндегі үлкен табыс. Мағжан поэмасындағы ішкі монолог жан дүниесінің күрделі процестерін ашады. Жәй іштегі ойдың, сезімнің хабаршысы емес. Сыңар-жақ мінездің де көрінісі емес. Бұл дегеніңіз мың сан құбылмалы психологиялық процесс. Іштегі ойранды, трагедиялық драманы бейнелеу. Керіқалаң сезімдердің бір-бірімен арпалыса айқасуын суреттеу. «Батыр Баян» поэмасы — Мағжан Жұмабаевтың психологиялық һәм парасаттылық тәжірибесінің кемеліне жеткендігіне, жомарттығына, сарқылмас байлығына айғақ.

Н. Г. Чернышевский психологиялық талдаудың өртүрлі бағыттары мен ерекшеліктерін былай деп сыйпаттайды:

«Психологический анализ может принимать различные направления: одного поэта занимают всего более очертания характеров; другого влияние общественных отношений и житейских столкновений на характеры; третьего — связь чувства с действиями; четвертого — анализ страстей; графа Толстого всего более — сам психический процесс, его формы, его законы, диалектика души, чтобы выразиться определительным термином». (Н. Г. Чернышевский. Полное собрание сочинений в пятнадцати томах. Т. III. Гослитиздат. М., 1947, с.с. 422—423.)

Реалист Мағжан Жұмабаев творчествосында жөне сөз етіліп отырған «Батыр Баян» поэмасында психологиялық талдаудың осы бағыттарының көбісі бар. Айталық, поэмада бірқатар кейіпкер характерлерінің нобайы берілген. Абылай хан кесімді, бір шешкеніне қайтып оралмайтын мінездің адамы боп көрінеді. Ноян кескінінде уыз жасқа төн албырттық, жүрек өміріне елтушілік, алды-артын ойламайтын төуекелшілдік

асып-тасып тұр. Бұған қарағанда сұлу қыз өлде қайда зөлім, түпкіш.

Автор қоғамдық қатынастардың, тұрмыстық қақтығыстардың адам характеріне өсерін жіті қадағалап отырады. Поэма кіріспесінде-ақ бұл жөнінде тамаша пікір қозғайды. Ортаның адамға, атап айтқанда қалам иесіне салатын салмағын аз да мағыналы сөзбен жеткізу барысында, Мағжан кешегі коммунистік диктатураның зорлық-зомбылық кейпін зор поэтикалық қуатпен суреттеп береді.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.

Яғни Кеңес тұсында сөз бостандығы аяқ асты егілді деген пікірді ақын жабық, меңзеу стилінде беріп отыр. Поэмадан құмар сезімнің кереметі — махаббат туралы талдау сөзді де кезіктіреміз.

Жастықта жалынданып сүйген қандай!
Баладай өксіп жылап, күйген қандай!
Көрмесек жан-жарыңды өлгендей боп,
Қайғырып күлден кебін киген қандай!
Кеудең жан кірмей ме, көзің шалса,
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.
Кеуденді қасиетті сөуле кернеп,
Жүрегің сол минутте жарылғандай.
Не дерсің салпаң құлақ есектерге,
Өгіздей өмір сүрген сүймей-жанбай!

Бұл стильде реалистік шындық сезім басым. Ноян өлдебір романтикалық бұлт арасында жүрген жоқ. Ғашығы — көз алдында. Соған көзі талмай мөлдіреп қарайды. Ақын кейіпкерінің былайғы қадамдарын суреттегенде жаңағы құмар сезімді және ішкі өлем мен сыртқы объективтік шындық заңдылықтарына қатаң байланыстарын есепке алып отырады. Реализмде характер өзіне өзі төре. Ол іштей дамиы. Өз ырқы болмаса, автордың дегеніне жүре бармейді. Татьянаның күйеуге шыққанына қайран қалған Пушкин сияқты, ақын характер еркімен санасып отырады. Батыр Баян ұрда-жық характер емес.

Реалистік шығарманың және бір ерекшелігі — пси-

хологиялық детерменизм — поэмаға айырықша өр берген. Мұндағы оқиғалар былай тұрсын, характерлердің өзі белгілі бір өлеуметтік-тарих заңдылықтардан туындайды. Баянның жастарды жазалауын тек оның қызғаншақтығымен түсіндірсек, сыңаржақ кетер едік. Жастарды жазалауға итермелеген күш Баянның ішкі өлеміндегі қызғаныш отынан гөрі, сыртқы ортамен есептескіш намыскерлігі. Абылай хан мен батыр Баян өмір сүрген дәуірді еске алсақ та жеткілікті. Ол кезде қазақ халқы жоңғар басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысын жүргізді. Бұл дәуірдің рухы оның қолбасы батырларының санасында үстем еді. Отанға опасыздық жасаған адамға, ол кім болса ол болсын, кешірім жоқ. Бұл сенім Баян жүрегінде берік орныққан. Қолына қару ұстатқан елі, сол елінің бұйрығынсыз ол ешкімге қарсы қару жұмсамаған. Бұл жолы да оған шын мәнінде садақ тартқызған Отан өмірі. Қыршын жастарды өлтірдім деп Баян өзін өзі кінәлап қанша зарланғанымен, бір уақ:

Жоқ, өлде, жоқ, жоқ... Әлде... Өлтірдім бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін?!—

деп күмөндөнады. Тегіннен тегін айтыла салған сөз емес екендігі түсінікті.

Мағжан Жұмабаев өзінің атақты «Батыр Баян» поэмасын шындықты объективтік тұрғыдан бейнелейтін реализм принципін ұстанып жазды. Мұның ақын стиліне қай жағынан да өсері тимей қойған жоқ. Ол енді айнала төңірегіне көбірек ден қояды, адамдарды, заттарды дәлме-дәл суреттеуге ынтығып, бұлар туралы субъективтік пікірін іркуге тырысады. «Батыр Баян» поэмасы жарыққа шыққан кездері енді ол былай деп толғайтын болды: «Тегінде, өдебиет көктен түсетін пайғамбарлық емес. Өдебиет елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы». («Ақжол» газеті. 1923 жылғы 22 қаңтар.)

Мағжан стилінде жөне бір бөлекше атайтын бейнелеу нақысы бар. Ол өлеңдеріндегі пейзаждан анық көрінеді. Ақын табиғат суреттерін тамашалаумен бірге, оған ерекше өр бітіреді. Туған жерге сүйіспеншіліктен ұлт азаттығы тақырыбы, Мағжан өмір бойы күйттеген проблема өзінен өзі табиғи туындайды. Поэмада сұлулық пен отаншылдық сезімдерінің сондай жарастықпен қиюласа, үйлесе, келісті өрілетіндігі сондықтан. Мағ-

жан пейзаждары өдебиетімізде өлеуметтік салмағы күшті арна ашты.

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға
Бөлектәу: «Ой, бауырым!» — дер анадайда.
Оқжетпес найза қия — қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарқамай ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.
Бурабай — Арқа аралы, жер еркесі,
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,
Дарига, бұл күндерде жап-жалаңаш!
Қабырынан өулиенің алашқа артық
Ертеде Абылайға орда ағаш...

Тамсана толғайтын пейзаждың өрнегі қаншама. Көкшені аралағанда көздің жауын алатын бұл суреттерді көріп, айнытпай қалай түсірген деп қайран қаласың. Көңіліңді мұнды күй, дертті саз билейді. Сол таң-тамаша ететін пейзаж Абылайдың қонысы. Қияның шарықтап, енді бір сөт көңілің ұлт тағдырына байланысты ойларға жетектеп бара жатқанын өзің де байқамай қаласың. Бұл — психологиялық параллелизмнің күрделі түрі. Ойың сан-саққа жүгіреді. Ит тұмсығы өтпейтін қарағай неге жалаңаштанады? Көкше асау ерке аңдарынан айырылса, бұл ненің кеселі? Абылайдай иесінің жоқтығынан ба? — деген сұрақтар ми шаншытады. Суреттен туған сезім жүректің түпкіріндегі небір сырларды түрткілеп ақтарады. Ұлттық ақын өз стилін дәуір стиліне айналдырып жібергісі келетіндей. Стилистикалық айшықтарын ажарландыра түскен ақын енді бір сөт шендестіру мен өсірелеуді қатарынан жұмсайды. Сондайда «Арқада жер жетпейді Бурабайға» деген секілді тебіреністі, көкейкесті жинақтаулар туады.

«Батыр Баян» — Мағжан поэзиясының шоқтығы. Ақын тірек еткен дәстүр, өзі тапқан жаңалықтар бөрі қосылып осы тамаша шығарма өрнегінде жарасымдылық тауып, өзгеше сапада көрінеді. Еуропалық сәнді киімге кейде ұлттық ою орнын тауып әдіптелсе, бұл оның осы замандық келбетіне соны ажар бермесе,

бұзбайды. Сол секілді ақын реалистік жүйеде жазылған поэма құрылысына ауыз өдебиеті кірпішін сыналап жіберетіні бар. Тіпті поэмасын романтикалық сарында аяқтайды. Қалауы табылғандықтан осы «жат стиль» элементтері реализм ұсқынын кетіріп тұрған жоқ. Қайта батырларға ауыз өдебиетінше өсіре, мадақтай сыпаттама беру сол кейіпкердің тарихи өріне әр қосып тұрғандай әсер етеді.

Стиль байлығы — шартарап ізденіс жемісі. Қай дәуір болсын әдеби жүйесінде нешеме әдіс, стильдер қатар дамып отырады. Бұлардың сол кезеңде өмір сүрген ақын, жазушы стилінде табы қалмауы мүмкін емес. Бұл — бір. Екіншіден, көркемдік стильге шығарманың идеялық мазмұны, жанрлық тегі, өмірді бейнелеу, типтендіру принциптері, тақырыбы мен проблематикасы қатты ықпал жасайды. Бұлардың күрделілігі, әрқилығы соған сәйкес стиль туғызып отырады.

Мағжандай ұлттық ақынымыздың дүниетанымы қазақ қоғамы тарихының белгілі кезеңдеріне байланысты қалыптасқан. Ол Абылай, Кенесары дәуірін ерлік, қаһармандық дәуірі ретінде идеализациялады, отаршылдарды бар жан-тәнімен жексұрын көрді, Қазақ елінің бодандықтан құтылуын армандады. Сонымен бірге көп уақыт ағартушылық қызметпен шұғылданды. Өзі айтпақшы, Кеңес ағымына қосылу жағын қарастырды. Саяси һәм махаббат лирикасын дамытты. Өмір күн тәртібіне қойған көкейтесті мәселелердің бәріне үн қосуға тырысты. Әдебиетіміз тарихында тұңғыш рет түрік, шығыс пен батыс арасы тақырыптарын, экология мәселелеріне дейін («Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол» т. б.) егіндете, қызына көтерді. «Менің дертім, жігіттер, емес оңай» дегендей, ол ауырмаған «қоғамдық ауру» жоқ десе де болғандай. Осының бәрі түптеп келгенде Мағжан стиліне елеулі өзгерістер енгізіп, оны құнарландырып алуан бояулы түрге ендіреді.

Жоғарыда айтылғанды екшегенде, Мағжан стилі күн санап, жыл санап байып, күрделене түскенін, ақыры дара көркемдік жүйеге ауысқанын аңғарамыз. Бастапқы кез өзіне дейінгі қалыптасқан көркем жүйе дәстүріне қанығуға, содан қалған асыл ойларды жарыса жалғастыруға арналды. Мұнда үлкен заңдылық бар. Замандастар — мұндастар, бірінің ойлаған ойын бірі ойламай тұрмайды. Мағжан санасында туған ағарту-

шылық көзқарас, шын мәнінде, қоғамдық өмірдің объективті жағдайларынан туды. Ағартушылық идея Қазақстанның патриархалдық-рулық һәм бодандық артта қалған дәуірінде өмір сүргендердің баршасына (Ыбырай, Абай, Шөкәрім, Сұлтанмахмұт т. б.) қатысты.

Қазақты қайтсек артта қалушылықтан құтқарамыз деген ниеттері бір, демек дүниетанымдары ұқсас талант иелері белгілі кезеңде өдеби бір бағыт, тұтас көркемдік жүйе жасады. Әрқайсысы дара туған талант иесі бола тұра, бұлардың бірсыпыра шығармаларында идеялық туыстық, тақырып ортақтығы кездесуі өбден ықтимал. Мысалы, Мағжанның «Жатыр...» өлеңі, сайып келгенде, Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің стилінде жазылған. Сол сияқты Мағжанның «Жазғытұры» өлеңі Абайдың аттас өлеңімен туыстас.

Стильдік үндестік әр дәуірдің ақындарында кездеседі. Уақыты талап етсе, өзге көркемдік жүйеде жазылған шығармаларды еске алып, соған орайлас туынды жасалуы ғажап емес. Жүсіпбек Аймауытов Мағжанның «жалаң Абай емес, Ахметке, Міржақыпқа да еліктеп жазған, мәселен Мағжанның:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қара балуан Жөнібек...

деген сөздері Ахметтің «Тілек батам» деген өлеңіндегі:

Қара балуан Жөнібек,
Қаз дауысты Қазыбек,
Жетім қалған жұртыңа,
Кім тиянақ қазық ед?

сөздерінен бөтені жоқ», — дейді.

Стильдік ағайындастықты еске алсақ, Ахметтің де бұл сарынының тегі бар екендігі анықталады.

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жөнібек,
Ормандай көп орта жүз,
Содан шыққан төрт тірек.

Ауыз өдебиетінің, Бұқар жыраудың стилі. Ағын-

датып, түйдектетіп, жанын жанып айтады. Құлазып барып, қайта бекінеді. Бөгембайдай батырының дүние салғанын Абылай ханның өзіне естіртіп отыр. Бұқарға бұл ауыр міндетті атқаруды халқы тапсырған болуға керек. Бөгембай — халқының ұлы перзенті. Сондықтан шешен тіл тарих биігінен сөйлейді.

Мағжан, Ахметтерде де тарихты куәға тартатын себеп аз болмаған.

Еліктеу — әдебиеттану ғылымында өлі көп зерттелмеген проблема. Кей ақын да өзінен бұрынғыларға еліктейді, содан бұғанасы бекіп, марқайған соң өз жолын табады. Бүгінге дейінгі үстем түсінік осы. Арғы жағы бұлдыр. Түрік классикалық поэзиясында «назира» (арабша — «жауап») деген ұғым бар. Шығарма авторы өзінен бұрынғы ақын жасаған бейнелерді, сюжет иірімдерін пайдаланып, тақырыпты өз бетінше шешуге тырысады. Әлішер Навоидың «Хамсасы» Низами «Хамсасына» назира. Мағжанның жыл мезгілдері туралы өлеңдері Абайдың осы тақырыптағы өлеңдеріне назира.

Кең мағынасында назира — еліктеу. Қаншама жауаптастым дегенмен де, шығарма мазмұнын іс жүзінде қайталап отыр ғой. Бірақ, біздіңше, еліктеу мен назира арасына теңдестік белгісін қою қате. Айырмасы бар. Айырмасы сол, еліктеу стильдік үндестікпен шектеледі. Өлең жолдары, мазмұны қайталанбаса да, тақырып, интонация, ырғақ жағынан жақындық сезіліп тұрады. Кейде өз дара жолына түскен ақын да көркемдік жүйесі өзге немесе ұқсас ақындардың ізіне түсіп сайрай береді.

Сәбит Мұқанов — социалистік реализм әдебиеті ту ұстаушыларының бірі. Өзін Мағжан Жұмабаевтың идеялық дұшпанымын деп есептеген. Солай бола тұра, ол Мағжанды ақындық шеберлігі жағынан жоғары бағалаған. Оған Абайдан кейінгі орынды берген. Өзі өлең есігін Мағжанның батасымен ашқан. Мағжаннан көп тәлім-тәрбие көріп өскен. Кейін айдаудан оралған Мағжанды өзі үйретуге әрекеттенген. Мағжанға советтік өлең туғыз деп кеңес береді. Сөйтіп ұстазын өзіне еліктеуге шақырады. Міне, осы Сәбит өзге көркемдік жүйенің ақыны бола тұра, Мағжанға қаншама еліктемейін десе де ретті жерінде өзі де еліктейді. «Жазғытұры» өлеңінде Мағжан былай деп шалқытады:

Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап,
Жібектей көкорайлар жатқан жайрап.

Сұлудай бұрандайды бұтақтар да,
Ән салса өр түрлі құс тұрған сайрап.

Әлде осы шумақ Мағжанды жастайынан жаттап өскен Сөбеннің құлағында қалды ма, әлде сарыны ұнады ма, Латиф Хамидидің «Қазақ вальсіне» сөз жазған Сөбит Мұқанов былай деп шырқатады:

Май туса, гүлдер шешек атса жазда,
Тоғайда бұлбұл, көлде аққу қаз да.
Сайраса, біз жастар да нақ солардай,
Бақытқа бөленеміз, сауық назға.

Мағжанды көшіріп отырған жоқ. Ал Мағжан даусына салып өлеңдететіні даусыз. Мағжан күллі адамзат, тірі жанның қыс қыспағынан шығып, алақайлап, мамыра жай күйге енген шағын суреттейді. Сөбен үшін май өкелген шаттық совет жастарының кеудесінде орнаған шаттықпен барабар. Көркемдік жүйесі өзге ақынға Сөбен стильдік жағынан өстіп жанасады.

Стильдік үндестіктен тағы да бір мысал. «Оқжетпестің қиясында» атты балладасын Мағжан Жұмабаев былай деп бастайды:

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабай көліменен Көкшетауды,
Көрмесең көкіректен шер кетпейді...

Енді араға біраз уақыт салып, «Көкшетау» поэмасын жазған Сөкен Сейфуллиннің шығармасын қалай бастайтындығын тыңдап көрелік:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан бұлттар келіп ертелі-кеш,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Оқушы, дұрыс аңғардыңыз: баллада мен поэма стилінің басталуы үндес. Қос қазақ ақынының бірінен бірі өткен суретшілдігі қандай. Туған жер табиғатына табынған, иіген сезімді, перзенттік сүйіспеншілдікті жырладың, осылай жырла дегізеді.

Басталуын баллада мен поэма бір өуенде бастандарымен, көп ұзамай көркемдік жүйелерінің сәйкессіздігінен жолдары екі айырылады. Мағжан сол бастапқы екпінімен ұлттық тақырыпты толғайды. «Арқада Бурабайға жер жетпесе, Алашта Кенекеме ер

жетпейд» деп гулеткен ақындық шабысы үстінде ағылып келген асау да әсем сөздерді тізгіндемейді, құйғыта береді. Сөкенге келсек, ол үшін Көкшетау аңыз мекеніне айналады да, оны төмөмдаған соң социалистік реализм талаптарына сай самолет, телефон, радио секілді замана символдарын жырламаққа көшеді.

«Белгілі Отаның, ұлтың болмай, оның көркемдігіне сай тарихы, рухани байлығы болмай, белгілі дана шығарма тумайды» — деп жазад Әбділдә Төжібаев. (Бестомдық шығармалар жинағы. IV том, Алматы, «Жазушы». 1981. 479—480-беттер).

Мағжан стилінде барша қазақтың — байы, кедейі, ұрғашысы, еркегі, жақсысы, жаман-жәуіті демей — бөрінің арман-мүддесі, мұң-зары тоғысады. Үлкенді-кішілі өзен, бұлақтар жамырай құйған теңіз іспетті. Мағжан шығармаларындағы ұлтжандылықтың айнымас қасиеті — өзге елді өгейсімейді, жатырқамайды, онда томаға-тұйықтық, оқшауланушылық, өзге адамзаттан іргені аулақ салушылық атымен жоқ.

«Өз елін сүю дегеннен, — деп ескертеді Мағжан «Педагогика» атты еңбегінде, — адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр боп тисін деген сөз шықпайды. Бұлай болса, жер қанға тұншығып, бұзақылық белең алып, жауыздық өрлеп, жер жүзінде тыныш тұрмыс болмас еді. Европа мемлекеттерінің мына 1914 жылдан бері қан төгіп жатқаны, одан бұрынғы да соғыстар бұған айқын дәлел. Әрбір халық бір-біріне жау болсын деп ұғу қата. Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті. Міндетті ғана емес, еріксіз сүймек. Жер жүзіндегі адамды адам сүймек. Бұл адамның жаратылысындағы негізгі мінез. (Мағжан Жұмабаев. Педагогика. Үшінші рет басылуы. Алматы. «Ана тілі». 1992. 136—137-беттер).

Мағжанның ұлтымен бірге күллі адамзат баласын сүйгендігіне шығармалары куә. Ол өлемдік тақырыпқа алғаш барған қазақ ақыны. Мағжан түрікшіл атанды. Шығыс пен Батыс тақырыптарына қалам тербеді. Сөйтіп әдебиетіміздің эпикалық құлашын болып көрмеген дәрежеде кеңейтті. Абай стилі орыс әдебиетінің «алтын ғасыры» олжаларымен байыса, Мағжан стилі сол әдебиеттің «күміс» ғасыры жетістіктерімен құнарланды.

Өр шығарма жазар алдында оның стилін іздеу — ежелгі дәстүр. Лев Толстой «Бейбітшілік және соғыс»

атты пығармасын жазар алдында бұған дейін нелер ұлы жиһаз тудырған жазушы көп ізденіп, көп қиналғаны мәлім. Ізденгені — «бөріні қамтитын» тіл, жанр еді. Романтизм, символизмнен реалистік әдіске көшу барысында Мағжан алдында да маңызды стильдік проблемалар тұрды. Көбінесе іштегі бұрқаған сезімдерге, өзі айтпақшы «жан сөзіне», жүректің дегеніне көнбіс ақын, енді жан өлемінің шындығы мен айнала қоршаған дүние шындығын өз формасында айнытпай түсіруге талаптанады. «Айнытпау» натуралистік көшіріндіні қаузау деп түсінбеуге керек. Фактілерді, өмір материалын іріктеу, қиял, фантазия көмегімен суреттеп отырған дүниені бар болмысымен көз алдыға көркем сарай етіп орнату Мағжан шығармагерлік дәуірінің өсіресе соңғы кезеңіне тән стиль.

Мағжан Жұмабаев стилінің көп қырлы, алуан бояулы сипаты, идеологиялық қасаң шектеулерден бойын аулақ ұстап, мысалға тап қырқысы дейтін жасанды жіктеулерге жоламайтындығы, жаңа дүние есігін ашқандай өсер етті. Қазақ әдебиетінің бұдан былайғы даму жолдарын барлағанда, Мағжан жасаған рухани қазынаға көз тікпеу бүгіндер мүмкін емес. Қай бағыттағы суреткерге де бұл ортаймас, таусылмас ырзық.

Мағжан стилі көп қырлы, бір сырлы. Талай көркемдік жүйе дүкенінде шындалса да, тұтастығын, бүтіндігін бұзбаған. Қайта даралығын, даналығын айқындай түскен.

Ол өмірді өр қырынан суреттеуге тырысты. Мұның өзі стилінің өуенін, интонациясын, ырғағын т. б. өзгертіп отырды. Өзгермегені — ақынның ізденгіштігі. Небір күрделі құбылысты стильдік кілтін тауып, жыр өрнегіне айналдыра білгендігі.

Сөз танытын кісі Мағжан стилін бөтенмен шатастыра алмайды. Мағжан қолын жаза баспай таниды. Ұлтым десе өліп өшетін шерлі жүректен туған мұңды-зарлы өлең жолдары кімдікі десе, Мағжандікі деп жауап береді. Стилін айырғанда, жан сөзін, еліне, жұртына деген махаббатын барынша дәл, нәзік, үзілте, шыңғырта жеткізетін айтқыштығынан айырады. Оның асқан суретшілдігі, тарихи терең біліммен суарылған зор мәдениеті, арқалы ақындығы — осының бөрі түгел үйлесіп, бір арнаға құйылып келіп, бұл — Мағжан жыры дегізеді.

ТОЙ ТАРҚАРДАҒЫ СӨЗ

Мағжан мүшелтойынан кейінгі ойлар

Той тарқар жасаудың рәсімі — мереке-думан аяқталып, қонақтарды шығарып салысымен тойға қызмет істегендер бас қосып, бір самауырын шөй болса да бірге іше отырып, сауық-сайранның қалай өткенін өздерінше қорытындылайтын болса керек. Мағжанның той тарқары жасалды ма, жасалмады ма, — ол жағы маған мәлімсіз. Ақын тойына өзірлікке хал-қадерімше қызмет еттім деп санайтын мен, сырттай болса да той тарқарға қатысуға хұқым бар шығар деп есептеп, көкейде жүрген кейбір ойларды ортаға салуға ниеттендім.

* * *

Қазақ көкейге тоқыған дана сөзін мақал-мәтелінде жинақтаған. Оны жақсы білеміз. Жақсы білгенмен, қадірін біле бермейміз. Әйтеуір жүрегімізде хатталып, жатталып жатады. Жатталған біреуін керек жерінде қынаптан суырған семсердей жарқ еткіземіз де, сол рас сөз дегеннен өрі бармаймыз. Мақалдың мәні неде? — онда шаруамыз жоқ. Абай мінеп-сынағандай, ескі билерше бос мақалдаймыз. Мысалы, қазақ «тойдың болғанынан боладысы қызық» дейді. Неге айтқан соны? Ой жүгірткен кісіге бұл нақылда көп сыр бар, көп сын бүгулі.

«Ойлағаны — айт пен той, ыржаң-қылжаң ит мінез».

Ия, Абай солай депті. Шынында да, мөре-середе іштің, жедің, ойнадың, күлдің, не бітті? Қазақ тарихында талай ас, той өтті, солардан қалған белгі қайсы? «Пөленбайдың» асынан кейін туған бала» дегендей, бір оқиғаны сол атақты асқа әкеп байлайды, ол да біраз жылдардан кейін көңілден ұмыт.

Осы тұрғыдан келгенде, біздің бүгіндер өткізіп жатқан ас, тойларымыз өзгеше сыпатта көрінеді. Мынау қиямет қиыншылық, қайыршылану жағдайында бұл не той-топыр деп қайсыбіріміз қабақ шытсақ та, осы күнгі ас-тойлар артына азды-көпті белгі тастап, көңілімізді едеуір марқайтулы.

Қазақтың Абай атындағы Академиялық опера және балет театрында Мағжан Жұмабаевтың 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста маған бір-екі ауыз сөз

тиген-ді. Жаңағыдай істердің бірсыпырасын, істелмей, атқарылмай жатқанымен қоса, тілім жеткенше ел құлағына жеткізуге тырысқан едім. Оқушы айыпқа бұйырмаса, осы мақалада көтерілген мәселелерге тіке қатысты болғандықтан, сол сөзді түгел келтірсем бе деп едім.

Қадірменді зиялы қауым!

Осы тойдың қарсаңында жол түсіп, мен ақынның туған жерінде болып қайттым. Қызылжар шаһарының ең зор, ең өсем көшесі — бұрынғы Коммунистік проспекті — қазіргі Мағжан даңғылын алшаң басып араладым. Ақынның кіндік қаны тамған Сасықкөлді көріп, мерейтойға өзірлік барысымен танысып дегендей, біраз серпіліп, көңілденіп қайтқан жайым бар. Мағжанның әкесі Бекен ақсақалдың үйі тұрған мекеннің шалғайын ала орналасқан, қыздың жиған жүгіндей өсем ауыл — Сарытомар бөле-жарғысыз ақын мемориалына айналған. Сарытомардың қақ төрінде тұрған Мағжан мүсіні анадайдан көз тартады. Ол өзі жағасында серуендеп жүруді сүйетін, атын еркелетіп Сасықкөл қойған көлден әлгінде ғана оралып, мына жаңадан салынған мешітті, спорт сарайын, мұражайды, фельдшер-акушер үйін — бар жақсылық жаңалықты тамашалап тұрғандай. «Пау, шіркін, мұндай күнді көретін мезгіл туады екен-ау!» — деп толғанатын төрізді. Тәуелсіз Қазақстанның Солтүстік қиыр шекарасына ақынның қырандай самғап келіп, мына тұғырына қонуының өзінде үлкен мән бар. Мағжан ақын: «Қазақ елі, қазақ жері міне, осы тұстан басталады!» — деп тұрғандай. Соған өзің бір түрлі өркештеніп қалады екенсің.

Жүзжылдық той бір жағы Мағжанның асы. Арғысы сонау Түркия, Моңғолиядан, бергісі Тәшкен, Өпе, Қазан, Омбы, Түменге, Алтайдан Атырауға дейін сауын айтылған. Бәрі жақсы, ылайым солай бола берсін. Тек той-думанның қызығы өткенде, ұлтымыздың ұлы перзентіне көрсетілген сый-құрметтің бас-аяғы осы демесек жарады. Өйткені Мағжанға байланысты басы қайырылмай жатқан іс ұлан-ғайыр.

Бүгін Ұлттық Академиямызда өткен ғылыми-теориялық конференцияда ақын тойына өзірліктегі қапы қалған тұстарымыз сыналды. Тойға арнап шығарамыз деген үш томдық Мағжан жинағының өлі қарасы да көрінбейді. «Жазушы» баспасы жанұшырып дегендей,

ақын өлеңдерін орыс тіліне аудартып, бір бөлімін жуықта жарыққа шығарды. Биттің қабығындай болса да, соған да қуанатын заман туды. Менің былтыр «Шабыт» баспасына тапсырған «Мағжан» атты монографиям қозғаусыз жатыр. Бір жақсысы — ренішіміз көп ұзамай тарқағандай болды. Конференцияның жұмысына басынан-аяғына дейін қатысқан Премьер орынбасары Қуаныш Сұлтанов мерейтойға байланысты белгіленген жоспар толық жүзеге асатынын айтып, үкімет атынан уәде берді. Мен осы уағдаға тағы бір мәселенің қосылуын қиыла сұранар едім. Бұл — Қызылжар қаласынан музей үйін ашамыз, оның мекені етіп ақынның құдай қосқан жұбайы Зылиха апайдың үйін сайлаймыз деген жоспарды жүзеге асырса деген мәселе.

Музейдің керектігі Мағжан өмірбаянын зерттеуге байланысты зәруліктен туып отыр. Сенесіздер ме, сенбейсіздер ме, — біздің қолымызда ақын өмір жолына байланысты тиісті құжаттар күні бүгінге дейін жоқтың қасы. Тек КГБ архивімен ғана малданып жүрміз. Ақын жастық шағын өткізген, оқыған жерлер — Өпе, Қазан, Орынбор, Омбы архивтеріне бұл мәселеден бас сұққан кісі жоқ. Осы қалаларға бір табан жақын Қызылжарда ақын мұражайы тұрса, оның қызметкерлері талай іс атқарып тастамас па еді? Меніңше, музей дирекциясын дереу құрып, оның тізгінін Мағжанның немере інісі, Ұлы Отан соғысының ардагері, мәдениет, оқу-ағарту жұмысында көп жыл тер төккен, өрі мағжантануға бағалы үлес қосып жүрген, қалам қайраты бір кісідей бар Ғадылша Қаһарманов ақсақалға тапсыруға керек. Мен осынау өтінішімді Мағжан ақынның мерейтойын өткізуде айырықша қаруы тиген облыс өкімі Владимир Карлович Гартманға, оның орынбасары Майра Қанафина қарындасымызға арнап айтатынымды жасырмаймын.

Тағы да бір айтылуға тиісті сөз «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген мақалға байланысты. «Байымайды» дегенді рухани салаға бағышталып айтылып отыр десек, онда дәл бүгінгі қазақ аруақтың разы, разы еместігі хақында қатты ойлануға тиістіміз. Әйтпесе астанамыз Алматының төрінде тұрған кітап дүкендерін қалтамызды қақтап сауып жатқан жылпостар басып ала бастағанын не себеппен түсіндіреміз? Жуырда бір көпкөрім басшымыз «Кітап музейі дейді, бұның керегі

не?—деп ернін шүйіргені бар. Осыны жетіскенімізден айтып отырмыз ба, әлде кері кеткенімізден айтып отырмыз ба? Күн жарық, аспан ашықта ғылым, мәдениет, әдебиетіміздің тілін тістегендей хал кешуі Мағжан 19 жасында жазған «Сорлы қазақ» деген өлеңді еске түсіреді. Ақынның сол өлеңінде «Малды аяма оқу-білім жолына» деген сөздер бар. Сонда қалай, аяқталғалы тұрған XX ғасырдың басында толғатқан проблемамызды ХХІ ғасырдың басында қайта толғатпақпыз ба? Немесе Мағжанның: «Ұлтқа тілінен басқа қымбат нәрсе болмасқа тиісті» деген өсиеті қашан құлағымызға жетеді?

Ащы сұрақ көп, дәмді жауап жоқ. Сонда да мойныңды салбырата бергің келмейді. Ақындықтың Әбілхаят суын Абай хакіммен бірге ішкен, өлімді жеңген Мағжанның өз басының тірлігі де, соншалық сағындырып қолымыз өрең жеткен сұлу жырлары да бізге өйткізбейді. «Алтын хакім Абайға» атты өлеңінде ол:

Тыныш ұйықта қабірінде, уайым жеме:

«Қор болды қайран сөзім босқа!»— деме,—

депті. Мағжан ақынға біздің де айтарымыз осы болуға тиісті.

* * *

Бұл сөйленген сөзде Мағжанның Қызылжардағы ескерткіші туралы айтылмады. Өйткені осы қалаға мереке қарсаңында соққанымда ескерткіштің тұғыры ғана тұр екен. Мүсіннің өзін тойға барғанымда көрдім. Авторы талантты мүсінші Марат Әйкенов. Ақын жаны шабыт үстінде көрінбек. Соны мүсінші деп басқан. Көрген жұрт риза. Қаланың көркіне көрік қосады деп жатыр. Ой-қиялына шомып отырған дана парасат иесінің қала төріне келіп жайғасуы Қызылжардың өз реңкіне де шапағатты нәр күйғандай...

Сөзімде мағжантану ғылымының тағы бір алуан проблемаларына тоқталуым керек еді, оған уақыт сарандық етті және бұл өзі басқа пікірлердің қосағында кете салатын мәселе емес еді. Жалпы мүшелтой атаулыда қызыл сөз, көпшік лақтыру көбейіп кетеді де, адамды тойғызып жібереді. Оған жол бермеудің бірден-бір амалы — алдын ала жүйелі түрде ойластырылған жоспардан шықпау. Мағжан тойы бұл жағынан да өдемі шықты.

Мағжантану ғылымына М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ақын ау бастан ақталғаннан-ақ мұрындық болып келе жатқанында ешкімнің дауы жоқ шығар. Осы институтта өткізілген ғылыми-теориялық конференция бұрын салынған соқпақпен жүре бермей, жұртшылықты елең еткізді. Зерттеудің жаңа өрісіне бет алған сыңай танытты. Белгілі ғалымдар Серік Қирабаев, Мүсілім Базарбаев, Рымғали Нұрғалиев жолдастардың баяндамалары мағжантануға қоса, бүкіл қазақ поэзиясын былайғы тексерудің жол-жобасындай қабылданды. Жаңашыл рух Қызылжар мен Мағжан ауылында сөйлеген Ұлттық Академия вице-президенті Жабайхан Әбділдин, академиктер Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов сөздеріне де төн болды.

Мүшелтой шоқтығы есепті салтанатты жиналыс Қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет театрында өткені жоғарыда айтылды. Тәуелсіз жас мемлекет — Қазақстан үкіметінің атынан жасалған баяндама Мағжан ақынның қазақ ұлтының бақыты үшін сіңірген өлшеусіз еңбегіне лайықты бағасын берді, «Не көрсем де алаш үшін көргенім, Маған атақ ұлтым үшін өлгенім» деп шейіт кеткен шайыр аруағына ел алғысын жеткізді. Бұл жауапкершілігі зор, жұртшылық тағатсыздана, аңсап күтіп отырған сөздің Республика вице-премьері Қуаныш Сұлтанов тарапынан айтылуында да терең мән бар. Асыл ағаларымыздың, күллі тарихымыздың алдында жасалған қиямет күнөға кешірім сұралғанда, ресми опынысқа (покаяние) бару қажеттілігі өтелді.

Тұманбай ақын айтқандай:

Тас бұғауды бұзбайды осал адам,
Осал адам қарай ма босағадан.
Кешір, аға, еліңді, кешір аға,
Дер кезінде бір ерлік жасамаған,—

«Көңіл хош»

деп, кесірлікке кешірім сұрағаннан бүгінгі нәсіл биіктемесе, аласармайды.

Сонымен қатар, үкімет тарапынан жасалған баяндама Мағжан мүшелтойының бүкіл халықтық сыйпатын айырықша өйгілеп берді десек ләзім.

Ақын тойын ақын-жазушылар дүрілдетпегенде, кім дүрілдетпек? Өне жерде айтыс, мына жерде мүшәйра қызып, жыр маржанынан шашу шашылды. Айнала

дүние өнге толды. Мәз-мәйрам халық, қазағы, татары, орысы аралас, бұл атыраптың үйір-үйір ақ балтырлы ақ қайындарындай билей жөнелді. Бөйге, қыз қуу, жорға салдыру қонақтар күтілетін киіз үй қалашығынан қозы көш жерде өтіп жатыр. Қазақ ішіне таң өзге бір жаңаша ойын-сауық түрлері тіпті аспан шығып кетіпті. Қызылды-жасылды параппоттар өлденеше қабат, бірінің төбесіне бірі қонып, қалықтап көктен түсіп келе жатқанда, қоңыр қошқыл спорт ұшағы жоғары пилотаждың асқан өнерін көрсетіп, ұршықша айналып, бүркіттей төмен сорғалап, қайқаң етіп көкке қайта тік шаншылғанда, талай ауыз аңқайып, талай бас шайқалды. Кешқұрым ақшам уақытында тағы бір қызық басталды. Қызылды-жасылды ракеталар атылып, фейерверк құбыла ұшқын шашып, балалар тұрсын, үлкендердің өзін мәз қылды.

Талай тойды көріп жүрміз ғой, бірақ Мағжан тойындай өткен той сирек. Молдабайдың өнінде: «қыз-боз-бала жиылмай, тойдың сәні келмейді» дегендей, халықсыз мереке тұл. Мағжан мерекесінің сөнін келтіріп жіберген халық. Қайбір мүшелтой Қазақстан Жазушылар одағының шағын залының өзін шіредім дегенде жарым-жартылап қана толтырушы еді. Мынау тойда Абай театры кеңірдегінен шығып лықылдап тұрды. Ал Қызылжар өңіріндегі халық тасқыны желді күнгі шалқар көлдей ырғалып толқып тұрды. Сасықкөл жағасындағы тойға жетпіс мыңнан аса адам қатысты. Мұның мәнісі — көзі тірісінде еліміздің ең заңғар мәдени һәм өдеби тұлғасы атанған Мағжан ақын, еліне оралған соң енді сол бөз-баяғы орнына қайта жайғасып отырып жатыр деген сөз.

Енді осы ақиқат өдеби процестің айнымас бөлегіне айналса дейміз. Мағжан — біздің ұлттық ақынымыз. Ол — бір топтың я таптың басыбайлы ақыны емес, барша қазақ қауымының жыршысы. Мағжанның жөне бір кереметтігі — ол ұлттық шеңберде қалып қойған жоқ. Өзге тілге аудару жақсы қолға алынса, ол өлем поэзиясының биік өресінен табылатыны сөзсіз. Мағжан поэзиясы орыс көркем ойымен қанаттас. Егер Абай орыс өдебиетінің Пушкиннен басталатын алтын ғасырымен тамырлас келсе, Мағжан ХХ ғасыр басындағы Вячеслав Иванов, Бальмонт, Мережковский, Блок, Брюсов секілді ақын-жазушылар туғызған күміс ғасырмен етене. Символизм, суреттеп отырған дүние

тылсымынан өлдене сыр іздеу, шындық елесті қабыстыра суреттеу (қазіргі виртуалдық реализм) — бұл ағымның айырықша сыйпаты. Мағжан поэзиясындағы Батыс пен Шығыс тақырыбының өзінше қорытылуы, экологиялық сарын, революциядан кейінгі шындық түсінуге ұмтылыс, бостандықты көксеу, интимдік лирика, түр сонылығы, дыбыстан өуез туғызу өнері, шиыршық атқан сезімнің құбылыстарын көз алдына келтіріп ойната білуі — бұлардың әрқайсысы жеке дара және өзара байланыста, тұтастықта зерттелетін қабырғалы проблемалар.

Мағжантану әдебиет ғылымының ғана шаруасы десек, сыңаржақтылыққа ұрынар едік. Ақынның тұңғыш сырлы туындылары, ғылыми, педагогикалық еңбектері қазақ қоғамдық ғылымдарын (философия, этика, эстетика, психология, педагогика т. б.) байытатын қордалы кеніш көзі.

Сондай-ақ, ақынның биік тұлғасы, бүкіл дүниетаным, рухани болмысы тағы бір тың, қыр-сыры мол зерттеу объектісі болмақ. Ол — көркемдік зерттеу еді. Ақынның көркем бейнесін жасауға қыл қалам, мүсін өнері білек сыбанып кірісіп, өнімді, табысты іс істегенін жоғарыда айтып өттік. Театр қайраткерлерінің ізденістері сүйсінтеді. Театрландырылған шерулер, спектакльше қойылып жүрген концерттер өткен күн мен бүгінгінің үндестігін ашатын өзінше бір соны өріске айналған.

Сахналық жетістіктерден өз басым Талдықорған облыстық драма театры артистерінің қойған ойынын атап өтер едім. Бұл ойынды Талдықорған қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-интернат клубының сахнасынан көрдім. Осы мектеп-интернат мұғалімдері, директоры Мұсатай Сейтімұмов бас болып, ақынның 100 жылдығына арнап, толымды той өткізіп, азаматтық үлкен іс істеді. Тойда ойын қойған облыс артистерінің есте қалар жетістігі сол, бұлар ұлтының бақыты үшін қазақ тапқан ақын трагедиясын биік талаптар тұрғысынан аша білді. Торға түскен сандуғаш бізге мұң-зарын жеткізіп қана қоймайды. Ақын жырларының терең философиялық мәнін ашып, халқы қандай асыл перзенттерінен айырылғанын еріксіз

ойлатып, қалтаңдағы қол орамалыңды қайта-қайта кезіңе апартқызады.

Мағжан тойында кинодраматургиямыз ерледі. Мынау күн көрісің мұң заманда қалауын тауып, қар жанғызғандай, «Батыр Баян» кинофильмін туғызып, ақын тойына тарту етіп үлгерді. «Батыр Баян» — Мағжан поэмаларының шыңы. Мұны кино тіліне аудару оңай шаруа емес. Жазушы Смағұл Елубай сценарийін жазып, кинорежиссер Сләмбек Тәуекелов ойынын қойып, ерен еңбек еткен. «Қыз Жібек» фильміндей «Батыр Баян» кинопоэмаға айналған. Жеке адам сезімі (махаббат) мен қоғамдық сезім (отаншылдық) арасындағы қайшылықтан туындайтын трагедия поэтикалық тебіреністе өрбиді.

Батыр Баяндай күрделі характерді тануда, поэманың идеялық-эстетикалық өуенін түсінуде өлі талай талпыныс жасалары айдан анық. Кинопоэманың сюжеттік желісінде өзінше кеткен тұстары бар. Ақын ойының бағдарынан шықса, бұл төсіл фильмді ажарландыра түсері сөзсіз. Көрермен үшін Батыр Баянның фильм финалына Абылай тобынан бөлініп, жауға шапқаны көмескілеу қала ма деймін. Мұның себебі түп нұсқадағы Абылай мен Баян арасындағы қақтығыс фильмде көрінбей қалған. Осынау қақтығыс себептерін фильм қоюшылардың өздерінше талдауына өбден мүмкін. Айталық, Абылай хан былай ой жүгіртуі: қазақ пен жоңғар мәмілеге келмей, қырқыса берсе, түбінде «екі қарға таласса, бір құзғынға жем болардың» кері келмес дейсің бе? Қос өкпеден қысқан ұлы империялардың оңай олжасына айналмай ма? Ел ағасы, алымды да айлалы саясаткер Абылай хан өстіп ойласа, албырт батыр Баянның көзжұмбайға салынып кетуі ғажап емес қой.

Мағжанның драмаға толы өз басының тағдырынан талай драма, роман кезегін күтіп тұр. «Абай жолының» авторындай алып туғызған халық арасынан тағы бір үздік шығып, қалам тербетсе, Мағжандай ақын бейнесі оның қарымына тарлық ете қоймас, қайта бұл материал шабытына шабыт қосып, асудан асуға шығуына дем берері көміл.

Мағжан тойы айтарлықтай өтті. Оған еш күмән жоқ. Тіпті кейбір адамдар тарапынан той үстінде қысыр хикаяға салынып, Зылиха Мағжанның әйелі емес, Мағжан екінші рет үйленбеген деген сияқты қауесет таратылып, өздерінің көңіліне жақпайтындардан өш алып қалуға тырысушылық жалпы мереке өуенін бұза алмады. Зылиха жайында жайсыз қауесеттерді көтерген «Вечерняя Алматы» газеті артынша райдан қайтып, жіберген қателігі үшін кешірім сұрады. Осыған қарамастан, «Қазақ әдебиеті» газетінде «Мағжан екінші рет үйленбеген» деген пікір айтылды. Ал «Азат» дейтін газетте тіпті Зылиха апай кейінгі жылдары екі рет күйеуге де шығыпты-мыс деген лақап таратылды. 1938 жылы атылған Мағжан атылмапты, ақын айдауға жіберіліп, сонда жүргенде өзбек, поляк ұлтынан екі әйелге бірінің артынан біріне үйленген болып шығыпты.

Мағжанның өмірбаянын толық зерттедік деп айтуға әлі ерте. Бұл салада анықтай түсетін, зерттей түсетін жөйіттер жетерлік. Сондықтан белгілі мәселелерден талас, дау тууы заңды. Ешкім де айтқанымның бәрі алтын дей алмас.

Сонымен бірге айдан анық ақиқаттар да баршылық. Мысалға, бұл Мағжанның 1922 жылы екінші рет үйленуі, содан бәрі Зылиханың Мағжан өмірінің ыстық-суығын бірге көрісіп келгендігі. Осы ақиқатты жуықта Чунаева деген фамилиясын Жұмабаева деп өзгерткен Райхан Қалижан қызы теріске шығарып, «Вечерняя Алматы», «Қазақ әдебиеті» газеттеріндегі мақаласын «Азат» газетіне жөне басты. «Вечерняя алматы» газеті артынша Мағжан мұрасының ендігі иегері Ұлжанның мақаласын баса отырып, аруақтан кешірім сұрағанын жоғарыда ішінара айтып өттік.

Райханның «Азат» газетіндегі мақаласы (15 тамыз, 1993 жыл) «Жұмабайдан тараған бір қауым ел » деп аталады. «Күні кешеге дейін Мағжанның інісінің қызы екенімді айта алмай келдім. Біле қалған біреулер сырт айналып кететін»,— деп жазады Райхан. Сол себепті Чунаева аталып жүрген.

Несі бар. Сталин ығырынан кім қорықпады? Қорықтың деп ешкімді жазғыруға болмайды. Әркімге жан керек. Бірақ қорықпаған адамды да жазғырмауға тиістіміз ғой. Зылиха апай аспанын тастап жіберсе де фа-

миллиясын өзгерткен жоқ. Жұмабаева Зылиха болып өмір бойы жазылып келді. «Менің жан-жолдасым — Жұмабаев Мағжан» деп бастайтын ол замана ұлықтарына күйеуінің тағдырын жеңілдетуді сұрап жазған хаттарында. СССР Министрлер Советінің председателі Н. С. Хрущевтің атына хат жазып, азаматтық жағынан ақтатып алған Зылиха апай емей кім? Солай бола тұрса да, «Зылиха — Мағжанның сүйген жары» дегенге қапамыз»,— деп жазады Райхан. Фактімен санасу деген жоқ.

Осы жуырда ғана, 100 жылдық қарсаңында Қазақстан Жазушылар Одағы Зылиха Жұмабаеваның зиратына ескерткіш белгі орнатты. Неге өйтті? Өйткен себебі Зылиха апай ақын соңында өмірін өксітті, күйеуінің тілегі бойынша Ленинградқа келіп тұрды, Карелия орманына, Мағжан қамалған концлагерьге он төрт рет қатынады, тұтқын ақынның қатулы қабағын аз да болса жібітті, күйеуінің Максим Горький атына жазған хатын апарып, оның аз уақыт болса да бостандықта жүруіне себепші болды. Мұндай ерлік адамның адамының ғана қолынан келеді. Бұдан артық құдайдан қандай сүйген жар тілеуге болады?

Фафу етерсіз, Райхан, сіз қисыны жоқ нәрсені айта береді екенсіз, өйтеуір Зылиханы қаралау керек екен деп. Мақалаңызда «Зылиханы Мағжан туыстарының, әкесі Бекеннен бастап, бірде-бірі қабылдаған емес»,— деп жазыпсыз.

Бірде-бірі дейсіз, ө?

Меніңше, бөстіріп жіберген дегенді осындайда айтса керек. Мағжанның мен сөйлескен туыстары: — Өмірін Мағжанның соңында сарп еткен Зылихаға алғыстан басқа айтарымыз жоқ,— дейді. Сөлтөйдің бәйбішесі, Бекен ақсақал мен Гүлсім әжені күткен, арулап қойған Бибізайып, Күлөнданың қызы Гүлзипа, Абамүсілімнің қызы Күләйлар тірі ғой, бұлай дегенім жоқ десе.

Енді Мағжанның тағы бір туысының сөзін естиік.

«Біреу «Жөжекем келді» деп айқай салды. Сөйткенше болған жоқ, пар ат жеккен пәуескелі арбамен бауырларымыз келіп қалды. Оң жақтағы арбадан тез секіріп түсіп, бізді бетімізден кезек-кезек сүйіп жатты. Оған қоса Зылиха төтей де бізді аймалап жатыр (Зылиха жеңгейді біз «төте» дейміз)».

Бұл жолдардың иесі — Мағжанның немере інісі Ғадылша Қаһарманов. Мақаласы «Естен кетпес Жө-

жекем» деп аталып, «Бес арыс» кітабында (Алматы, 1992) жарық көрген.

Сонда жаңағы «туыстарының бірде-бірі Зылиханы қабылдаған емес» деген сөз қайда қалды?

Зылихаға кінә тағушылар оның Мағжанның әйелі екендігін алпысыншы жылдары ғана заңдастырып алғанын желеу етеді. Мұндай жағдай бір ғана Зылиханың басында болғандай. Талай ақсақалдар мен бөйбішелер зейнетке шығар алдында некеге отырып жатқанын талай көрдік емес пе. Онда тұрған не бар?

Жә, бұған да көнгісі келмегендер болса, тағы да бір куәгердің сөзін тыңдайық. Ол Зылиханың құдай қосқан қосағы Мағжанның өз куәлігі. Мұны КГБ архивіндегі Мағжан ісінен табуға болады. Мен Мағжанның тергеушіге берген жауаптарынан алған үзінділерді аудармай, сол күйінде оқушыға ұсынғалы отырмын.

Бұл Мағжанның 1937 жылы ұсталғаннан кейінгі жауаптары. Өзінің Соловецк лагеріндегі хал ахуалын баяндай келе, Зылиха жайында былай дейді:

«Жену (сызған мен — Ш. Е.) просил приехать в Ленинградскую область. За все время моего заключения она жила в Ленинграде и под Ленинградом».

Бұл фактіні Райхан мойындайды. Тек «әйелі» деген сөзге аузы бармайды.

Жауаптарының тағы бір жерінде Зылиханың Мәскеуде, Горький мен оның әйелінің қабылдауында болғаны расталады.

«Во время своих поездок в Москву к М. А. Пешковой жена была у Букейханова два раза».

Зылиханы кінәлаушылар мына Мағжан сөздерін қалай қабылдар екен?

«После освобождения из лагерей я приехал в Ленинград, где сделал остановку на бывшей квартире моей жены (Васильевский остров, 20-линия, дом №15, кв.10) у учительницы В. И.Фетисовой на 3—4 дня. Из Ленинграда мы выехали в Петропавловск через Вязьму, Сызрань и Челябинск».

Осында Мағжанның әйелім деп отырғаны кім? Тіпті Зылиханы қаралаушылар да бұны басқа адам еді деп айта алмас деп ойлаймын.

Оқушы назарына тағы бір фактіні ұсынудың артығы жоқ. (Осының бәрі орыстың «ломиться в открытую дверь» деген сөзін еске түсіреді. Бірақ қайтерсің?) 1938 жылдың 15 қаңтары. Тергеуші майор Дмитренко Зылиха апайдан жауап алады. Бұл жауаптан көтеріліп

отырған мәселеге қатысты екі нәрсеге көңіл аударған жөн. Біріншісі — Зылиха апай Петроград пен Петергофта 1931 жылдан 1936 жылға дейін тұрғандығы анықталады. Яғни Карелия орманында айдаудағы күйеуінен алысқа ұзап шықпаған. Ауыртпалығын бірге көтеріскен. Екіншісі — Зылиха апай Мәскеуге бір емес, екі рет, екеуінде де Мағжанның өтініші, жұмсауы бойынша барған. Мағжан әйеліне кезінде баспа орнынан алынбаған гонорарын алуға тапсырған. Тағы бір мақсатым, — дейді Зылиха жауабында, — Горькийге хат табыс ету, «күйеуіме кешірім қағаз алу».

Мен мақаланың бұл тұсын неке туралы куәліктен еш кем соқпайтын, ақынның өз қолымен тапсырған тағы бір құжатты келтіріп, аяқтасам ба деймін.

Мынадай көріністі көз алдыңызға келтіріңіз. 1923 жылдың 12 желтоқсаны. Қыс іші. Мәскеудің Каланчевская және Домишевская көшелерінің қиылысындағы 25/27 үйдің 2—3 пәтерінде бұйра шашын маңдайынан салалы саусақтарымен әлсін-әлсін ысырып тастап, Мағжан жазу жазып отыр. Бұл жолы қаламының ұшында өлең жолдары емес. Алдында жатқан сұрамсақ қағаздың сұрақтарына жеңіл езу тартып, жауап қайырып отыр. Совет келгелі асты-үстінді тінткілеп қазбалайтын әдет шықты. Қағаздың аты «Личный листок студента» дейді. Ия, ол Төшкеннен тағы қудалай бастаған соң осында ауысқан. Арнайы жолдамамен Мәскеудің Жоғары әдеби-көркем институтына түскен. Мөлдiреген жазуымен сұрақтарға тұжырымды жауап қайыра келе, «Семья жағдайың» деген тұсқа: «Женат. На иждивении находится жена» деп, былтыр үйленген Зылихасының үй шаруасынан қолы босамайтынын еске алды.

Қадірменді оқушы! «Көріп отырғандай сүйкелетуін» деменіз. Мен бұл көріністі анкетаны оқып отырып елестеттім. Нанбасаңыз анкетаның фотосуретіне қараңыз. Зылиха мен Мағжан арасын тайға таңба басқандай етіп көрсетіп тұр.

Жоғарыда аталған мақаланың авторы: «күні кеше Мағжанды қаралап жазып, тамақ тапқандарды» жолшыбай түйреп өтуді жөн деп табады. Бұлардың біреуі етіп мені мегзейтінге ұқсайды. «Буржуазиялық ұлт-

пылдарды» сынағандардың ішінде мен болмадым деп айта алмаймын. Мәселе сол кездегі үстем дәстүрге ергендікте ғана емес. Бесіктен беліміз көтерілгеннен «тап жауы», «ұлтшыл» деген сөздерді естіген біздер расында да солай екен деп ойлайтынбыз. Адал коммунист болуға тырысқанымды жасырмаймын. Ал Мағжанға келетін болсақ, ақынға менің тарапымнан айтылған сынның сыйқы мынадай: «Декадентшіл М. Жұмабаевта дала «жансыз мүрде» болып суреттелсе, І. Жансүгіров үшін дала өмір иесі — ана тұлғасында бейнеленеді». (Ш. Елеуенов. «Замандас парасаты». Алматы. 1977, 12-бет).

Мен ол кезде Мағжан шығармагерлігімен таныс емес болатынмын. Ақынның бір де өлеңін түгел оқымағанмын. Тек біреулерден үзік-үзік бірдеңелер еститінмін. Ендеше, жоғарыдағы пікірдің төркіні қайдан?— дейсіз ғой. Айтайын. Төркіні — Мұхтар Әуезов. Мұханның 1957 жылы жазылған «Октябрь өркені» деген мақаласын оқығаннан кейінгі өсерден туған. Осы мақалада ұлы жазушымыз: «Өзі қазақ сахарасында өскен Жұмабаев ақынға оның туған өлкесі қорқынышты, өлі дүние сезіледі» деп келеді де, Мағжанның

«Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан»—

деген өлеңін келтіреді (Шығармалар. Он екі томдық. 12-том, 170-бет)

Меніңше, Мұханның бұл пікіріне ат үсті қарамауымыз керек. Ол Мағжанды поэзия шыңынан көрді, бірақ Абайдың да кейбір өлеңдерінің олқы соғатын жерлерін сынаған академик-жазушы өз құралпасының міндерін көрмеуге ант еткен жоқ шығар. Мағжан өлеңдерінде күйректілік бар. Оны айтқаннан ақын кемімейді. Тек декадентшілдік дейтінді бұрынғыдай қубыжыққа айналдырып жібермеуге керек.

Тағы бір көңілсіз жөйт мынадай. Бұрын «ұлтшылдық» дегенді қайсыбір мерездер өзіне ұнамайтындардан кек алу құралына айналдырып жіберетін. Сталинизм бұндай қызылкөзділікті тамаша пайдаланды. Ал қазіргі мерездер қайтеді? Олар да сол өдіске көшіп алған. Мағжанды да кек алу құралына айналдырып жүргендер аз емес. Райхан қарындасымыз» буржуазиялық ұлтшылдарды өшкерелеуде шен-шекпен киіп, тамағын асырығандырды жіпке тізуге кіріссе, өз жайынан да

хабардар етуді ұмытпаса екен дейміз. Мағжан 1988 жылы ақталды. Бұдан бір жыл өткен соң, 1989 жылы «Қазақстан» баспасынан «Единство интернационального и национального в психологии советского народа» деген кітап шықты. Кітап авторы— белгілі ғалым, идеолог, Райханның күйеуі. Өлген кісіге пәлендей деу қиын. Мәжбүр еткен соң амал жоқ. Райхан жан жолдасының кітабын оқымады демейміз. Оқыса, ұлтшылдықты кінәлап, тамақ табушылықты бұл кітаптан да аз кезіктірмейсіз. Н. Жанділдин осы кітабында желтоқсан жастарын қарғап-сілегенімен қоймай, ақтала бастаған ағаларын да түйреп өтті.

«...Правдой остается то, что разбушевавшаяся толпа хулиганствующих молодчиков вышла на центральную площадь столицы республики с лозунгами, извлеченными из мрачной истории давно преданных анафеме и забытых народом буржуазно-националистических организаций всех мастей»— деп жазды.

Осы жолдарды оқығанда көкейге бір сұрақ келіп тіреледі: «баяғыда қарғысқа ұшырап, халық ұмытқан буржуазияшыл-ұлтшыл ұйымдардың» яки Алаш Орда деп зөремізді алатын ұйымға Мағжан ақынның қатысы болмады ма екен?— дегендей. Ендеше, Мағжанды «қаралаушыларды» жазғырғанда көзді ашыңқырап қарау керек еді. Айтпақшы, буржуазияшыл ұлтшылдықты қаралаған Н. Жанділдин кітабының қаламақысына сорпа-суан ішілмеді, оны кітап авторымен бірге жұбайы Райхан да терлеп-тепшіп сораптамады деп айта алмайсың. Ішсе ішсін, сораптаса сораптасын, тек біреудің басындағы шоқты көргенше... Жә, осы да жетер түсінген кісіге...

Тойдан кейінгі өскен көңілді су сепкендей баспағанымен, оған қаяу түсірген бір жәйт бар тағы да. Жуықта газеттерден бір оғаш хабар оқып, жағамды ұстадым. Қызылжар қаласының төрінде тұрған ақын мүсініне өлде бір сойқан қол балта сілтепті. Біз ақиқат ақпарға қай бір жарыған жұртпыз. Бұдан соң газеттерде жарияланған сараң, шыжым хабарға қарағанда, зақымдалған мүсіннің бет өлпетіне түскен дақ біраз «емдеуден» соң кетірілген тәрізді.

Ал осыған байланысты жүрегімізге түскен дақ ше?..

Бұл жолғы қанышөзерлік тек ақынның өзіне емес, бір қауым елге істеліп отырғанын түсінесің, бас шайқайсың, қападар күй кешесің. Бірақ ашына тұра ашуға жеңдірмеудің керектігі жөне бар. Республикамыздың тәуелсіз Қазақстан аталатынын ұмытпай, ұлттар қатынасында аса абай болуды алдымен қазақ ойлануға тиісті екендігі заңды нәрсе.

Осы себеп пе, әлде басқа ма, дөм тартуы жөне бар шығар, өйтеуір жаңағы вандализм актісінен соң ілешала Солтүстік Қазақстанда республика президенті Нұрсұлтан Назарбаев болып қайтты. Бұл жөнінде үлкен газеттеріміздің бірі былай деп жазды: Президент қала кәсіпорындарын аралады. «Бұдан кейін ол жуырда ғана жүз жылдық мерекесі тойланған ақын Мағжан Жұмабаевтың ескерткішін тамашалады».

Меніңше, Президентіміз Мағжанға арналған ескерткішке арнайы соққанда жоғарыдағы көңілсіз жайды да еске алды. Өйткені мұндай ескерткіш тамашалайтын көрме емес-ті. Ел ағасы ұлтымыздың ұлы ақыны аруағына тағзым етуге барды деп жазсақ, ақиқаттан алыстар ма едік? Ескерткішке бару арқылы ол бүкіл Қазақстан халықтарының Мағжан ақынды қалай қадір тұтатынын паш етіп, өлдебір дұшпан көзге сес көрсетті десек мақұл.

Мағжан ескерткіші қасына қарауыл қойылыпты деп естиміз. Ал шын қарауыл керек болса, ол халық жүрегінде болуы қажет. Мәскеуде бұрын (қазір қалай екенін білмеймін) Пушкин ескерткішіне қысы-жазы сабағынан жаңа үзілген гүл қойылатын. Сондай игі дәстүр бізге неге жұқпайды?

Біздің пікірімізше, Мағжан поэзиясын ел жүрегіне сіңіре беруге, сіңіргенде өсіресе томаға-тұйықтық деген кеселден арылуға тиістіміз. Осы күнде орыс тілінде баяндама жасасаң я сөз сөйлесең, өсіре қызыл патриотсымақтар ожырая қарайтынды шығарыпты. Тіпті жер тепкілеп, ысқырып сөйлетпей қоятындары да кезігеді. Ау, деймін. Сонда республикамызда тұратын басқа халықтардың қалың жұрты қайтпек? Бұларда да құлақ бар шығар-ау, Қазақстанда не болып, не қойып жатқанын білгісі келетін шығар деген ой неге көперімізге кіріп шықпайды? Орыс мәдениетінен безсек, орыс тілінен жиренсек, тағы да таз қалпымызға келіп, Абай айтқандай, «Ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой» деген көңілінде санасы жоқ жан болып шықпайтынымызға кім кепілдік береді?

Мағжан ақын поэтикалық қуаты жағынан орыстың Блок, Мережковский, Брюсов сияқты ақындарымен иықтас. Оның сондай екендігіне орыс ағайындардың көзін жеткізе алсақ, ұтпасақ ұтылмаймыз.

Қазақ халқы бұған дейін әлемге Абай, Жамбыл, Мұхтар есімдері арқылы танылды. Енді бұл қатарға Мағжан қосылса, адамзат мәдениеті тарихына қосатын үлесіміз қомақты бола түспек. Демек, бұл бағыттағы حرکتіміз бір минут толастамауға керек.

* * *

Құрметті оқушы! Мақаланы қуаныш сезіммен бастап, көңілсіз аяқтағым жоқ. Алғал сөз арамдығын ақ жүрекке қаншама аударам десе де, аударалмайды. Асқақ тұлға аласартқанға көнбейді. Айнала алай-түлей шаң түтеп тұрса да, Алатаудың ақбас шыңы өрдайым ақшаңқан кіршіксіз. Мағжан ақын тұлғасы дәл сондай. Ақынды атқызған пөле-жала тіпті оның есімін жер бетінен жойып жібермекке жетпіс жыл бойы арпалысты. Бірақ дегеніне жете алмай, ақыры заманымен бірге құрыды. Соған той жасаудамыз.

Ақын тойы шын мәніндегі халық тойына ұласып дүрілдеп өтті. Салтанаты, ішкі мәдениеті, ағыл-тегіл дастарханына дейін мынау шөміштен қысқан сүмелек заманның қиыншылығын аз күнге болса да ұмыттырып жіберді. Мен мұны жақсыға жорыдым. Мағжан күндерін азат елдің нұрлы келешегіне баладым. Халқымыздың аяулы ұлы сол келешекке еркін адымдап бара жатқандай.

Тамыз, қыркүйек айлары. 1993 жыл.

СЫН МЕН СЫНШЫ

1997 жылдың ақпан айында өдеби қауым академик-сыншы Серік Қирабаевтың туғанына 70 жыл толуын атап өтті. Осыған байланысты ғылыми-теориялық конференция өткізіліп, онда той иесінің өзі және бір-қатар өдебиетші ғалымдар өдебиеттану мен сынның бүгінгі таңдағы толғақты мәселелері хақында баяндама жасады. Сонда осы жолдардың авторы да сөйлеп, «Серік

Қирабаев және қазіргі сын мәселелері» деген тақырыпта біраз пікір толғап, тарақтаған еді. Бұл мақала сол тезис түрінде ықшам жасалған баяндаманың кеңейтілген түрі.

Әнеу бір жылдары, анығын айтсақ алпысыншы жылдардың аяқ шенінде белгілі әдебиетші ғалым Серік Смайылұлы Қирабаев «Сыншы еңбегі» атты көлемді мақала жариялады.

Тақырыбына қарағанда, мақала авторы әдеби сын практикасына яки ағымдағы сынның көкейтесті проблемаларына көбірек көңіл бөлуі керек еді. Шын мәнінде ол бірден теория өлкесіне ойысып, Зәки Ахметовтың «Қазақ өлеңінің құрылымы», Айқын Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі», Темірғали Нұртазиннің «Бейімбет Майлин творчествосы» деген монографиялық еңбектерін жан-жақты, ыждағатты түрде ұзақ талдады. Әдебиет тарихы мен теориясы мәселелерін қозғайтын еңбектерді талдау себебін ол: «Сынның теориясының жоғары сапада болуы — оның өсерлілігінің басты шарты» — деген дәлелмен түсіндірді.

Мәселенің бұлайша қойылуының мәні бар-ды. Көптеген жылдар бойы жазушылар съездерінің, пленумдарының, басқа да басқосуларының күн тәртібінен «Қазақ сынының бұл күнге дейінгі кемері өте төмен. Мәдениетті, ғылыми сауатты сын керек» деген талап еш түспей келді де, алпысыншы жылдары бұл істе біраз ілгерілегендік байқалды. Сол ілгерілегендікті оның жуан ортасында жүрген Серік Қирабаев сын теориясына деген ықыластың күшейуімен, әдебиет туралы сүбелі ғылыми еңбектердің жарыққа шығуымен дәлелдеді.

Шынында да, алпысыншы жылдар әдебиет пен сынның өжептәуір серпіліп, сілкініп, жаңа белестерге ұмтылған жылдары болды.

Бір әдеби айтыс есімде қалыпты. Сөкен Сейфуллин ақталып, ақынның әдеби мұрасы, атақты «Тар жол, тайғақ кешу» мемуары қайта жарияланып, мөз болып жатқан кезіміз. Мемуарды бастырған баспа орны оған тұтқиылдан жазушының көзі тірі кезіндегі басылымында жоқ «тарихи роман» деген жанрлық айдар тақты. Осы мәселе бойынша, 1962 жылдың бас кезі болуға

керек, «Қазақ әдебиеті» газетінде профессор Бейсембай Кенжебаев және мен бір жақ, Серік Қирабаев екінші жақ боп айтысқа түстік. Әшейінде сабыр суын сепкен, салқынқанды, сабырлы көрінетін Серағаң сын семсерін жарқылдатып, атойлап шыға келді. «Три мушкетера» демекші, үш сайыскер газеттегі айқасқа айызымыз қанбай қалып, әрқайсымыз дискуссияны кейін шыққан кітаптарымызда жалғастырдық. Ол тарихты еске алудағы мақсат, кімнің дұрыс, кімнің бұрыс айтқандығын тәптіштеуде емес. Айтайын дегенім, сол тұстардағы бұл және басқа айтыстар әдебиет пен сынның теориялық мәселелерін талқылауды тереңдете түсудің қажеттігін көрсетті.

Қазақ сынының табыстары орыс әдебиетші ғалымдарының назарына ілікті. Қазіргі Ресей Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, ол уақытта атағы бүкіл Кеңес еліне мәлім Георгий Ломидзе «В поисках нового» («Советский писатель», М., 1963), «Ұлы достық ұлағаты» («Жазушы», А., 1981) деген кітаптарында қазақ сыншы кадрларының буыны бекіп, олардың қаламынан туған шығармалардың жалпы деңгейі едәуір өскендігін, көркем творчествоның күрделі проблемаларына барып, сөз өнерінің құпия қойнауларына батылырақ бойлап шеберленгендігін атап көрсетті. Біздің кейбір қаламгер бірін-бірі оқымайды. Тіпті сатып алып берген кітабыңның өзін өнеу бір өткенде мақаласына көз жүгіртіп едім ғой деп, кітапханасының бір бұрышына тастай салады. Георгий Ломидзеге келсек, ол қазақ сыншыларының үлкенді-кішісін бес саусағындай білетін кісі. Қазақ тілінен орысшаға аударылған сыни кітаптардан оқымағаны жоқ сияқты көрінеді. Сол кітаптардан ол орыс тілінде шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктерін» түбегейлі, толымды еңбек етіп бөліп айтады.

Г Ломидзе мақаласы «Талдау өнері» деп аталады. Сол өнер үлгісін мақала авторының өзі де көрсетеді. Қазақ сыншыларының творчествосына берген бағалары эстетикалық мергендігімен, дәлдігімен, ұшқыр да алғыр тілділігімен ерекшеленеді. Ол асыра мадақтамайды, даңғазаланып сені классик дәрежесіне көтеріп тастамайды. Бірақ өділ қазы жылы сөзінің өзі қандай марапатыңнан да артық. Сол секілді, кемшілігінді айтса, сыны жүрегіңе достық ақыл боп ұялайды. Мысалы, Есмағамбет Ысмайылов ағамыздың кезінде

жоғары бағаланған монографиясын ол былай деп саралайды:

«Е. Ысмайыловтың «Ақындар» кітабы сүбелі ғылыми еңбек ретінде пішіліп, қордалы деректермен қоректенген. Е, Ысмайылов санаға сіңген сартап сараппен емес, алуан түрлі ақындарды, олардың поэзиясының ерекшеліктерін, эпикалық және лиро-эпикалық мәселелерді көз майын тауыса, көп үңіле саралай отырып, жанды тәжірибе жосығымен жүреді. Оның Қазақстанға кең жайылған айтыс характері (жыршылардың өзара өлеңмен күш сынасуы) хақында байқағандары аса бағалы. Кітаптың ақындар атасы — Жамбылға, суырып салма сұңғылалар Нұрпейіс Байғанин мен Иса Байзақовқа бағышталған беттері үйіріп өкетеді. Ғалым Жамбыл поэзиясының қоғамдық һәм өлеуметтік қайнар көздерін зерттейді, оның өзіндік тұтас бір эпикалық шежіре құрайтын жыршылық творчествосының ішкі сыр-сыйпатына жан-жақты талдау жасайды. Егер кемшілік жағына келер болсақ, онда Есмағамбеттің кейбір кездерде талдауды тым ұсақтатып жіберетінін (мәселен, «Жамбылдың ақындық шеберлігі» деген тараушада), шеберліктің жекелеген жай-жапсарын қазбалай қарастыратынын мін ретінде айтамыз».

Г. Ломидзе орысшаға аударылған тілдің өзінен қазақ сыншыларының әрқайсысының шығармагерлік өз бетін, даралығын аша білген. «Егер Е. Ысмайылов өз пікірлерінде сабырлылық пен сабасынан аспайтын бірқалыптылық аңғартса, М. Қаратаевта басқа сарын-публицистикалық леп есіп тұрады. Ол қызуқанды жазады, басқаша ойлайтындардың басына өңгір-таяқ ойнатардай-ақ, өлсін-өлі семсерін жалаңаштап алып, құлшына пікір сайысына түседі де, өз көзқарасын анық сенімділікпен қорғап шығады.»

Георгий Ломидзе осы аты аталған және басқа бірқатар зерттеушілермен қатар, Серік Қирабаев жөнінде: «Жемісті еңбек ететін, сөз жоқ, дарынды адам С. Қирабаев та елеулі өсіп, кемеліне келді» — деп атап өткенін білеміз.

Әрине, ол кездегі жағдай бөрімізге белгілі. Қазақ сынының мамандығы артса да, ой-пікіріндегі ілгерілеу шабандық танытты. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қоятын қырағы көз ол шақта Мәскеуінде де, Алматында да жетіп жатыр. Бүкіл ой өлемінің терезесін

тұмшалап тастаған социалистік реализм — ол адымыңды аштырмайды. СОКП XX съезінен кейінгі «жылымық» аталатын кезеңнің өзінде де творчестволық интеллигенцияның, Мағжан сөзімен айтсақ, қолы емес, тілі кісендеулі болатын.

Сол себепті табыс шектеулі еді. Жоғарыдағы мақаласын аяқтай келе, Серік Қирабаев: «Біздер үшін біреулер ойлайтын заман артта қалды» деп жариялады. Бірақ ұрандай естілген бұл қағида шындықтан гөрі, қиялға ұқсайтын еді. Іс жүзінде еркін көсілетін тәуелсіз ойға өріс еліміз азаттық алғанша ашылған жоқ-ты. Енді міне, заман өзгерді. Біз үшін енді ешкім ойламайтыны рас. Еркіндік, мүмкіндік дегенің асып-төгіліп жатпағанымен, қадам түзелді. Ендігі міндет барды бар етуде.

Бүгінгі көркем сын тереңірек түрен салатын проблемалар жетерлік. Қайта қосылған рухани қазынаны түгендеп саралау, социалистік реализм әдебиетіне бүгінгі биіктен баға беру, ұлттық тақырыпты шешудегі ізденістер, қазақ әдебиеті жетістіктерін жаһан көркемдік жүйе контексіне енгізу, әдебиеттану және оның құрамды бөлегі — сынның теориялық және методологиялық негіздерін қайта қарап орнықтыру, — айта берсе шешуін күтіп тұрған әдеби-эстетикалық проблемалар ұлан-ғайыр.

* * *

1995 жылы Серік Қирабаевтың «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері» атты сын-зерттеу мақалаларының жинағы жарық көрді. Осы тақылетті еңбектерді бірсыпырамыз жазған сияқтымыз. Өткеннің өнегесін түгендеудегі мақсат не? Әлбетте, Сұлтанмахмұт ақын бір кезде келемеж еткен ахуалға ұқсап, дыю-пері, жын-шайтан туралы қисынсыз хикаяттарды шұлғысып, мүлгісіп тыңдауда емес. Телеэкранды ашып қалсаң-ақ, өлі он екі де бір гүлі ашылмаған жап жас қыз төбе құйқанды шымырлатып, айқай сап аһ ұрып зарлай жөнеледі. Мұны терме дәстүрі деп, сені сонау зар заманға қарай сүйрей жөнеледі.

Өткен заман өнегесі — болашаққа көпір. Ол ой-өрісімізді кеңейтуге, бүгінгі өмірімізді жақсартуға, менталитетімізді, болмысымызды қазіргі дәуір талаптарына сай дамытып өзгертуге қызмет етуге тиіс. Тарихтан сарапқа салатынымыз біздің заманымызға

үндестігі барлары. Қазақ елінің бүгінгі көші өркениет сапарына ілесіп кете ала ма? Болмаса тағы да бір өсіре державаның құйысқанына байланып кете барамыз ба? Ғасырлар категорияларымен ойлайтын азамат бұл сауалдарға жауапты күнбекүнгі көңкөріс күйбеңінен шыға алмайтындардан гөрі тезірек және мәндірек табатындығы сөзсіз. Серік Смайылұлы айтқандай, «Біздер үшін біреулер ойлайтын заман» өткен болса, өдеби мұраны екшеп талдау ісінде сын жанры үлкен уақыт өлшемдерімен қарулануға міндетті.

Жоғарыда біз коммунистік идеология үстемдігі кезінде сын жанрының шідеріленіп келген хал-ахуалын сөз еттік. Қазақ сынының тұралаған жайы туралы Серік Қирабаев «Сын туралы сөз» атты 1981 жылы жазылған мақаласында, мысалы, былай дейді: «Бүгінгі сын маған бір орында тұрып жүгірген адамның кейпін елестетеді, қимыл, қозғалыс, өрекет бар, бірақ ілгерілеу жоқ. Қазақ өдебиеті сыны соңғы жылдардың ішінде күрт өзгеріске, жаңа, батыл ізденістерге бет бұра алмай келеді. Ол бір дәрежеде, үлкен өзгеріссіз, өзінің байырғы кемшіліктерін бойына сақтап өмір сүруде». («Шығарма және шеберлік». «Жазушы», А., 1983, 68-бет).

Қазақ сынының мұндай күйге душар болуының себебі неде? С. Қирабаевтың пікірінше негізгі себеп — сын методологиясын толық меңгеріп болмағанымызда, сынның теориялық өрісінің әлсіздігінде.

Социалистік реализм әдісін жете меңгере алмай жатырмыз, бар гөп — шеберліктің жетіспеуінде деп жалғыз Серік емес, бөріміз де үстемелеп айттық. Жетекші сыншы ғалымымыз Мұқаметжан Қаратаев «Социалистік реализмнің қазақ прозасында қалыптасуы» деген монографияны дүниеге келтірді. Тұрсынбек Көкішевтің «Оңаша отау» атты кітабы қазақ өдебиеті сынының тарихын зерттеуге арналды. «Замандас парасаты» деген кітабымда (1977) мен қазақ өдебиетінде социалистік реализм мәселелерінің шешілуі жолдарын қарастырған болдым т. т.

Социалистік реализмді көз тырмалап ашқаннан жаттап өсек те, оның методологиясын, теориясын жетік меңгере алмадық деп келдік. Социалистік реализмнің өзіне шаң жуытқанымыз жоқ. Сын теориясының ақсауын басқа себептерден іздемедік. Мен бұл жерде бар пәлені социалистік реализмге жабайын деп отырғаным жоқ. Меніңше, бұл әдіс түбегейлі жойылып

кетпейді. Қазір плюрализм заманы. Кім қалай жазам десе ерікті. Социалистік реализмнің өлеуметтік талдауларына жүгінетіндер болашақта да аз болмауы мүмкін.

Сын туралы ғылым — өдебиеттану ғылымының құрамды бөлегі. Ал сол ғылыми сала проблематикасын біз бір ғана методология тұрғысынан қарап келдік. Осынымыз дұрыс па еді? Сын туралы ғылымның іс жүзінде елеусіз қалып келгені қалайша? Соғысқа дейінгі қазақ өдеби сынының тарихын өңгімелейтін «Сынсонар» кітабында («Рауан», 1994) сыншы ғалым Дандай Ысқақұлы «сын өдебиеттің қамын ойлаймын деп жүріп, өзін ұмытып кетті» деген бір орыс ғалымының (Б. Бурсов) пікірін орынды келтіреді.

Бізде, айта берсек, сынтану деген тіпті түсінік жоқ. «Критиковедение» деген термин орыс өдебиеттану ғылымында да кездеспейді. Өйтеуір ондай сөзді өзім ұшыратқаным жоқ. Міне, мұның дұрыс-бұрыстығын ойласатын уақыт енді жеткен тәрізді. Сынтану негіздері арнайы ғылым ретінде өз алдына жеке отау құруы тиіс. Сынтану ғылымы қалайша жасалуға керек? Ол қандай «кірпіштерден» қаланбақ? Меніңше, бұл ғылым мына төмендегі пәндерден бас құрайды:

— Сынтану негіздері немесе жалпы сынтану. Мұнда осы ғылым методологиясы мәселелері қаралады.

— Сынтану теориясы. Ғылым объектісі, пәні, құрылым жүйесін теориялық жағынан негіздеу. Әдеби сын типологиясы принциптерін талдап шешу. Сын туралы ғылымның өдебиеттану және басқа ғылымдармен байланысын, арақатысын анықтау.

— Сынтану тарихы. Қазақ сыны тарихы. Сын туралы білім тарихы. Сынның тууы, дамуы, әдіс, формаларының өзгеру жолдары.

— Сынтану поэтикасы. Сын жанрлары мен түрлері. Тілі, стилистикасы.

Сынтану методологиясы бұл ғылымды тұтас жүйе есебінде қарастырады. Ғылым дегеніміз жүйелі білім. Аннан-мыннан терген мағлұмат, фактілерді көп білген кісі ғалым емес. Әр білімнің өз жүйесі бар. Соны табуға керек. Жүйе дегеніміз ғылымның ішкі құрылымы ғана емес. Әр ғылым өзінен жоғары тұратын басқа ғылым жүйесіне кіреді, басқа ғылым салаларымен тығыз байланысты. Бұл — бір.

Екінші, әр құбылыстың теориялық моделі оның ішкі

мәнін ашқанда, оның мазмұнының сыртқа тепкен тұрақты белгілерін яки типтілік сыйпаттарын тапқанда ғана ғылыми дұрыс түзілмек. Мұны типологиялық әдіс деп атайды.

Сын туралы ғылымды сөз еткенде міне, осы жүйелі-типологиялық әдіс қолданылуы тиіс.

Жүйелі-типологиялық әдіс талабы бойынша сынтану өзінен жоғары, кеңірек ғылым құрамына кіруі тиіс. Жоғарыда айтып өткеніміздей, сын туралы ғылым әдебиеттану жүйесіне кіреді. Өзінің жүйесі өлгінде ғана саралағанымыздай, сынтану методологиясы, теориясы мен тарихы және поэтикасынан қалыптасады.

Сын туралы ғылым оның зерттеу объектісін, пәнін, әдісін, поэтикасын анықтаудан түзіледі. Бұлар сынтанудың конструкциясы, қаңқасы есепті.

Сынтану ғылымының объектісі нақтылы сын материалдардың жинақталған, қорытылған теориялық моделі болып табылады. Бұл модель сыни құбылыстардың мәнін, сынның даму процесіндегі көріністерін жинақтайтын категориялар, ұғымдар, анықтама, тұжырымдар жүйесінен тұрады. Сын атаулының көп-көп белгілері басқа да ғылымдардың құрамынан табылуы табиғи нәрсе. Сынсыз ғылым болмайды. Ол барша ғылым атаулыға төн қасиеттердің бірі. Сынтану ғылымы әдеби-көркем сын құбылыстарын зерттейді.

Сынтану объектісі бұл ғылымның нені зерттейтіндігін көрсетсе, оның ғылыми мазмұнын, өзгешеліктерін, ғылыми жүйедегі орнын оның зерттеу пәні анықтайды. «Под предметом исследования понимается обычно та сторона объекта, которая рассматривается в данном исследовании», — дейді «Философская энциклопедия». (М., 1967. Т.4. С. 357.) Сынтану пәні объектіні не себепті зерттеу керектігіне жауап беріп, соның заңдылықтарын ашатын тәсілдерді белгілейді.

Сынтанудың жанрлық поэтикасы бір-біріне тығыз байланысты жүйеден тұрады. (Әдеби портрет, шолу, сын мақала, рецензия т. б.)

Сынтану ғылымының ең басты міндеттерінің бірі өзінің негізгі зерттеу объектісі — сын туралы түбегейлі, сындарлы ғылыми анықтама жасау. Сын дегеніміз не? Серік Қирабаев жазушылар съездерінде, Одақ басқармасы пленумдарында сын жайында баяндамалар жасауға, сөз сөйлеуге әзірлік үстінде бұл жөнінде аз ойланбаған болуға керек. Ол В.Белинский, Н. Чер-

нышевский т. б. пікірлеріне сүйене отырып, «Сын табиғаты ғылымға жақын,— деген қорытындыға келеді... «Сын қоғамдық-философиялық мәселелерді күн тәртібіне қоя, оны терең талдауға қатыса отырып,— дейді одан әрі мақала авторы,— өзінің методологиясын жетілдіреді, пікір тереңдігіне үйренеді. А. С. Пушкиннің «Сын — ол ғылым»,— деуі де осыдан... Добролюбов «Сын — ең алдымен дүниеге азаматтық көзқарастың қазіргі кездегі өмір құбылыстары мен өдебиеттегі көрінісін ашып, оны жүйелі түрде іске асыру»,— дейді. Ал Писарев: «Өмірдегі, ғылым мен өдебиеттегі басты құбылыстарды бағалап, осыдан туатын белгілі бір көзқарасты үнемі жүйелі түрде тарату — біздің сын деп атайтынымыз осы»,—деп жазады...

Орыстың классикалық сыны сонымен қатар теориялық әрі практикалық жағынан да шын мағынасындағы сын болды. Белинский оны «жылжымалы эстетика» деп атады.... Бір жағынан «дәуірдің философиялық санасы», екінші жағынан, «жылжымалы эстетика», міне, Белинскийдің айтуынша, сыншының қос қанаты осы болуға керек» (69—70-беттер).

Сын және ол туралы ғылым жөнінде ойланатын мәселе көп. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде қазақ әдеби сыны тарихынан дәріс оқылып келеді. Болашақта осы курс жалғасын тауып, сынтанудың өзге салаларынан, теориялық және методологиялық негіздері жөнінен сабақ өткізуге толық негіз бар. сонда «Сынтану негіздері» деген толық жаңа курс туады.

Сын және сынтануды біз жоғарыда өдебиеттану құрамындағы маңызды салаға баладық. Жуықта жарық көрген тұңғыш «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде»(1996): «Әдеби сын — көркем шығармаларды талдап баға беріп, олардың идеялық-көркемдік мөнін, әдеби процестегі алатын орнын анықтайтын ғылымының негізгі бір саласы»,— делінген.

Сөз жоқ, дұрыс анықтама. Алайда қандай дефиниция болсын белгілі құбылыс мән-мағынасын толық қамти алмақ емес. Сын туралы сөздік анықтамасы жөнінде де осыны айтуға керек. Жанрының табиғаты жағынан сын қоспа, құйма құбылыс екендігімен ерекшеленеді. Әдеби-көркем сында силлогизм, публицистика, бейнелі, көркем сөз қатар жүреді, бірге өріледі. Сондықтан оның толық аты-жөні — әдеби-көркем сын. Ендеше, сын — көркем өдебиеттің де бір бұтағы.

Сын — әдебиет айнасы және оның өмір сүретін ортасы. Көркем туындының қай дәуірдің, заманның болсын әдеби процесінде біте қайнасуы көп жағдайда сынның аузына алыну-алынбауына байланысты. Сонымен бірге әдеби-көркем сын қоғамды өзін өзіне танытатын құралдардың бірі. Сол себепті ол философия, политология, психология, этика, эстетика т. б. гуманитарлық ғылымдардың жетістіктерін кеңінен пайдаланады және оларға өзі де сондай қызмет атқарады. Аталған қасиеттер сын туралы ғылымға да тән.

Қорыта айтқанда, сын көркем әдебиет пен әдебиеттану ғылымының саласы және сынтанудың зерттеу объектісі. Сынның осы үшбірлік қасиеті бұл жанрды зерттеу барысында мейлінше ескерілуі тиіс.

* * *

Әдеби-көркем сынның өз методологиясына келсек, мұнда да шешуін күтіп тұрған мәселелер жетерлік. Біз Кеңес дәуіріндегі сын әдісі туралы сөз еткенде оның партиялық, халықтық, таптық принциптерін алға тартатынбыз. Уақыт өзгертпейтін дүние жоқ. Қазіргі кезде жаңағы принциптердің бірсыпырасы аттан түсіп, орындарын өзге концепцияларға беруде. Мысалы, бүгінгі күндер әдебиет пен сынның ұлттық принципінің алға шығатын сыңайы байқалады. Бұрын көп уақыт бойы ол ауызға алынбай келді.

— Кеңес әдебиеті қандай принципті басшылыққа алуға керек, таптық принципті ме, жоқ ұлттық принципті ме?

Жиырмансыншы жылдары ҚазАПП пен оған оппозиция арасындағы әдеби айтыс көбінесе осы мәселе төңірегінде ұйтқыды. Ұлттық принцип Мағжан ақын творчествосында кең өріс алды. Тіпті кеңестік жаңа заман рухында жазылды дейтін «Қызыл жалау» атты өлеңінде Мағжан Жұмабаев ұлттық принципін дәйекті түрде ұстанды. Ақын көзқарасында езілген де, қанға боялып, аяққа тапталған да қазақ.

— «Қанды жас жалау кімдікі?»

— «Кімнің ұлы құл болса,

Тұлымдысы тұл болса,

Қанды жас жалау соныкі,

Ендеше, қазақ, сенікі!»

Ол «байларды қойдай қу қамшымен» деп, бір қа-

зақты екіншісіне қарсы айдап салмайды. Таптық қан-төгіске шақырмайды. Қызыл жалау езілгендердің жалауы болса, қазақтан өткен езілген ұлт жоқ. Ендеше, барша, қазақ соған иелен дейді. Кедей, сен ғана қызыл жалауға жармас, демейді. Сол үшін Мағжан Жұмабаевқа «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген қалжуыр байланды. Оның арты немен тынғаны белгілі. Әдебиет сарайының ішін үрей алды. Ол сарайда өрі-беріден соң «ұлт», «ұлтым» деген сөздің өзін айту айып болды. Соған сөйкес әдебиетіміздегі ұлттық тақырып аясы тарыла-тарыла келе, бұл мәселеден жазатының «ұлттық түр», «халықтар достығы» және «ұлы орыс халқының бауырмалдық, қалтқысыз көмегі» дейтін тезистерден артылмай қалды.

Осы айтылғанның өзінен-ақ социалистік реализм өдісінің халықтық, таптық, партиялық принциптері қатарынан ұлттық принциптің не себепті орын таппағаны түсінікті болуға керек. Өйткені ұлттық ұғым халықтық ұғымнан әлде қайда кең. В.Г. Белинскийдің «халық дегеніміз мемлекет аумағында өмір сүретін барша адамдардың басым бөлегі, оның төменгі қабаты, ал «ұлт» деген ұғымға бүкіл халық атаулы, мемлекет тұлғасын құрайтын жоғарыдан төменге дейінгі барлық жан түгел кіреді» (Соб., соч., М., 1948. т. 3. с. 398) деген пікірін еске алсақ, «ұлт» деген ұғымға байың да, кедейің де, орташаң да, зиялы қауымың, ұлығыңа дейін бөр-бөрі тұяғына дейін қалмай түгел кіретіні даусыз нәрсе. Пролетарлық әдебиет — таптық әдебиет. Ол езілушілердің, қаналушылардың жағында. Солардың сөзін сөйлейді, мұңын мұңдайды. Байларға, қанаушыларға, олардың сойылын соғатындарға қарсы. Сол себепті ұлттық әдебиетке наразы, елді тап-тапқа бөлмейді, қанаушыларға қарсы бітіспес күрес ашпайды деп, ұлтжандыларды «байшыл», «буржуазияшыл», «ұлтшыл» атайды.

Ең өділ үкім уақыткіі. Ел ішін қан сасытудан қазақ опа тапқан жоқ.

Ұлттық принципті жақтаушылар бай, кедейді ажыратпады деген ұғым тумасқа керек. «Күшсіздер, сорлыларға атар таң жоқ!» деп кеменгер ұлттық ақынымыз Мағжан да айтқан. Бірақ бұл шындықты ол біреуге біреу зорлық жасасын, қиянат етсін, тонаушылар тоналсын деген тұрғыдан айтпайды. Мағжан: «Күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!» — деген үндеу

тастайды. Байларды сынағанда ол қайырымсыздықты, мейірімсіздікті сынады, бірақ оларға қарсы пышақ ала жүгір деген жоқ. Молдаларды да аяусыз өшкерелегенде ол надандықты, пасықтықты түйреді, дін атаулының көзін жоғалтп демеді. Ол елінің өткенін көксегенде артта қалушылығын емес, бір кездердегі жарастық, бірлігін көкседі. Ел берекесін алған тоталитаризмге шын жүректен наразылық білдірді.

Жарасқан бай мен биі, батыр, бақсы,
Алыста елестейсің заман қайран!
Айрылдық балпаң басқан батырлардан,
Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.
Құдай-ау, албастының ойнағанындай,
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?—

деп аяқтайды Мағжан «Қойлыбайдың Қобызы» поэмасын.

Ол кер заманды құл қылатын Қойлыбайдың қобызындай қуаты бар күш іздеді. Тағы бір поэмасын, «Оқжетпестің қиясын» ол соған ұқсас тілекпен төмемдады. «Кенедей енді неге ер тумайды?!»— деп, елінің ұлттық намысын оятуға тырысты.

«Ұлттық ақын атану — ұлы іс!»

Виссарион Белинскийдің аузынан шыққан бұл сөзді енді Мағжанға бағыштауымызға өбден болады. Енді біз қазақ ақынның сол ұлы істі дәйектілікпен, қасықтай қаны қалғанша ақтарғанын мақтаныш етеміз.

Мағжан азаматтық жөнінен ақталғаннан кейін де, осы ұлттық ақын поэзиясының еліне, әдебиетіне қарай оралуына отыз жылдай шамасында көрінеу бөгет жасап бақты. Мұның себебін енді түсініп жеткендейміз. Әдебиеттегі өсіресе қызыл белсенділер өбден татымы кеткен таптық тақырып орнын ұлттық тақырып қайта басатындығынан хауіптенеді. Мағжан оралса, бұрынғы құрметтен айырылып қалатындығын сезінді.

Өмірдің аты өмір. Сталин культінің өшкереленуі қызыл солақайларды бұрынғы күшінен айырды. Соның бір көрінісі — ұлттық тақырып өркендері тоталитарлық жүйенің қатып сірескен тоңын бұзып, әдебиетіміздің өр тұсынан қылтиып шығып белгі бере бастады. Алпысыншы жылдардағы сілкініс, серпіліс дегенде, біз осы құбылысты алдымен ауызға аламыз.

Ұлттық тақырыптың жаңғыруы дегенде мен үш шығарманы бөліп айтар едім. Атап айтқанда, Жұбан Мол-

дағалиевтің «Мен — қазақпын» поэмасын (1964), Ілияс Есенберлиннің «Қатерлі өткел» (1967), «Қаһар» (1969) және Қабдеш Жұмаділовтың «Көкейкесті» (1969) романдары.

Мен — қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жергегімде таныстым мұң тілімен,
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен күн түрілген.

Үйреншікті сөз көрінгенімен, ол жылдары «мен — қазақпын» деп әдебиет мінберінен жар салу тосын естілгенін айтуға керек. Ол кездің менталитетінде «орыс қысы», «совет адамы», «туысқан партия» дейтін сөздер жүрекке майдай жағатын да, айталық, Владимир Сосюраның «Украинаны сүйемін» деген сияқты өлеңдері құлаққа түрпідей тиетін. Әбділда Төжібаевтың: «Жұбан «Мен — қазақпын» деп абырой алды, ал, мен болсам, «Біз де қазақпыз» деп айтам деп шатаққа ұрындым.» — деп жақсы көретін інісіне өзілдегенін осы жолдардың авторы өз құлағымен естіген еді. Әбекеңнің олай деуінің жөні бар. БКП/б/ Орталық Комитетінің 1946 жылғы 26 тамызда қабылдаған «Драма театрларының репертуары және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулысында Әбділда Төжібаев «Біз де қазақпыз» деген пьесасы үшін қатаң сыналды. Сталин культі жалаурап өртеніп жатқан сол кезде Мәскеу тарапынан сынға ұшыраудан жақсылық күтуге болмайтын. «Правда» газеті В. Сосюраны туған Украинасын сүйемін деп жерден алып, жерден салғанын оқығанда арқамызды мұзға төсегендей сезгенбіз.

Енді қазақ сыны Жұбан ақын поэмасын қалай қарсы алды, соған көшейік. Сын, сыншылардың бірі Серік Қирабаев бұл поэманы тек ақынның ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының соңғы жылдардағы көрнекті табысына жататындығын айырықша атап өтті.

Жаңаны жазбай тану қиын шаруа. Бұл поэманың ұлттық тақырыпты бұрынғыдан кеңейтіп толғайтынын дер кезінде дөп басып айта алмадық. «Азамат үні» атты мақаласында Серік Қирабаев бұл поэма мазмұнын былай деп тарқатты:

«Қазақ халқының ерте замандардан бері басынан кешкен өмір жолы — біздің ақындарымызға көп материал беріп келе жатқан тарихи тақырыптың бірі. Мұның өзі халқымыздың өміріндегі соңғы өзгерісті

айтуға, оның бүгінгі тағдыры туралы ойлануға мүмкіндік береді... Жұбанның ақындық табысы поэманың сюжеттік жинақылығы мен тапқырлығында ғана емес, сонымен бірге бүкіл образдық жүйесі мен ойлылығында, ұшқыр сезімталдығы мен шұрайлы тілінде. Ақын аз айтып, көп мағына беруге, жарқын суреттер жасауға жеткен. Қысқа суреттердің өзінен үлкен тарихтың сырын ұғасың.» (Революция және өдебиет. Екі томдық. А., «Жазушы», 1977. 2-том, 324—325-беттер).

Сыншы поэманың ұлттық тақырыпты қозғайтынын аңғарған. Ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресте қазақ характері ашылды деген қорытындыға келеді. Бірақ бұл тақырыпты одан өрі кеулемейді, үйреншікті әлеуметтік талдауға оралады. Бұлай етуге поэманың ұлттық тақырыптан бірте-бірте әлеуметтік тақырыпқа ауысып, бастапқы қарқынынан пәс тартуы да себепші болды дер едік. Поэмадағы қазақ характері дейтініміз ертегі қарнамына ұқсап талай қиыншылық, қатерді бастан өткізіп, мұратына жеткендей көрінеді. Шынында солай ма еді? Желтоқсан оқиғасы кезінде қазақ қыздарын шапынан сүйретіп, тепкілеп жүрген шовинизм туралы Жұба-аған: мұндайды көргенше, майданнан қайтып оралмауым керек еді ғой!— демеп пе еді? Сөйтіп көркем шындық пен өмір шындығы алшақтай берді. Қазақ халқының Кеңес дәуіріндегі «шат өмірі, шадыман тұрмысы» поэманың соңында дала толған салтанатты күй фонында суреттелмесе де болатынын ақын түсінді деп ойлайсың. Желтоқсанның артынан көп ұзамай Жұба-аған көз жұмды ғой.

Мағжаннан соң көп жылдарды араға салып, ұлттық тақырыпқа шын мәнінде тәуекелге бел байлап, батыл кіріскен жазушылардың бірі Ілияс Есенберлин.

Келді деп көктем гүл шашып,
Қуанба, халқым, құр тасып,
Көрмейсің бе шаттықтың
Көктемі сенен түр қашық!..
Төксе де сөуле күн көзі,
Жайнамас өмір күндізгі!

Бұл жолдарды біз І. Есенберлиннің «Қатерлі өткел» романынан алып отырмыз. Романның ірі кейіпкерлерінің бірі, «қазақтың ертедегі белгілі ақыны», алаш зиялысы Ақан. Жазушы кейіптеген портретіне қара-

ғанда прототипі Мағжан болар ма дейсің. «Қуанба, халқым, құр тасып» деп тұрған сол. 1 майды тойлауға лек-лек болып көшеге шыққан, жүздері қуанышқа толы, даурыға сөйлеп, шаттыға күлген қазақтарға айтқаны. Жаңағы жолдар не себепті жүрегін жарып шыққанын қасындағы шөкірттері Бүркіт пен Әкпарға түсіндіргендей, сөйлей жөнеледі:

— Қазақ деген жас бала төрізді бір ақ көңіл, сенімпаз ел. Кім басына жұмақ орнатам десе, соның қолындағы ноқталанған құлын. Большевиктер оның сол қасиетін мол пайдалана білгені көміл.

«Мен — қазақтың» поэмасындағы лирикалық кейіпкермен роман қаһарманы Ақан ақын өлдебір айттысқа түскендей.

Осы тұста ішімде көптен бері бүгулі сыр жүруші еді, соны айтайын.

Ілекең, Ілияс Есенберлинді айтамын, ұлттық тақырыпты жазуда өзінше бір айла-амал тарты. Алпысыншы жылдардың әдебиет пен сынға өкелген және ресми түрде мойындалған бір жаңалығы — жазушы шығармасын жариялағанда тек өзінің авторлық позициясы үшін ғана жауап береді деген қағида еді. Шығарманың идеялық-саяси бағытын қаһармандарының қайсыбір теріс сөздеріне қарап баға беру өбестік деп танылды. Бұл жағдай Ілекең назарынан тыс қалмағанын байқаймыз. Сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Нұрмашұлы Имашев:

— Есенберлин шын сырын жағымсыз геройларының аузына салады,— деп отырушы еді.

«Қатерлі өткелде» Ақан өзін өзі өлтіреді, басқа жағымсыз кейіпкерлер жер боп жеңіледі. Бас қаһарман Бүркіт ақын ОГПУ қапасынан жаңарып шығады.

Бұл романның сол кезде бұрқырап шығып жатқан романдардан өзгешелігі — тас-талқан боп жеңіліске ұшырап жатқан жағымсыз кейіпкерлердің сөздері неліктен екенін қайдам, жағымды естілетін. Пікірлерінің мынау қалай дейтіні, шындыққа жанаспайтыны жоқ. Әсіресе Ақан ақынның кесек, көшелі сөздері романтикалық лебімен, болашақтың өңгімесі болып естілетін. Сол Ақанды енді тыңдап көрелікші:

— Біз төрізді қазақтың оқыған азаматтарының ең қадырлы міндеті — халқын ұлт тәуелсіздігіне шақыру, жеке болуды көксеу деп ұққан едім, ал бүгін...

— Ең зор бақыт — халқың, елің, тілің болғаны. Абай аға үйрен десе, (орысты айтады — Ш. Е.) мен үйренбеймін деп тұрмын ба. Бірақ үйрену бар да, илену бар... Мен иленуге қарсымын. Егер халқыңды жақсы көретін болсаң, оның тәуелсіздігін, бірлігін алтын жамбыдай сақта.

— Ескендір Зұлхарнайн Индия жеріне дейін билігін жүргізді... Ұлы Рим мен атақты Византия мемлекеттері қайда? Ақсақ Темір Көрегеннің алдында жүзге таяу ұлт тізе бүкті... Жок, Бүркіт, көп ұлтты мемлекеттер ешуақытта да ұзаққа барған емес. Австро-Венгрия монархиясы менің көз алдымда быт-шыт болды.

— Өзінің жұрты, жеке Отаны жоқ ұл, қанша данышпан болса да, шөлге қамалған аққумен тең көрінетін, жан-жағында құлазыған даласы көп, бірақ қанат қағар айдын шалқары жоқ секілденетін...

Көні, осы айтылғандарды бір ауық құлақ тосып тыңдап көрелікші. Егер бұл ойтолғау бұдан отыз жылдан аса бұрын жазылған романның алынды деп алдын ала ескертілмесе, оны бүгінгі мінбеден айтылған пікір деп ойлап қалуың өбден мүмкін. Шынында да, еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі, Кеңес империясының ыдырауы, отаршылдық езгісі, баспасөз бостандығы, творчество еркіндігі т. б. тақырыптар бүгінгі күннің толғақты мәселелері бола тұра, қызыл насихаттың жетпіс жыл бойы санамыздан өшіріп тастағысы келген тақырыптары емес пе? Ақан толғауларының Мағжан поэзиясы аманатынан аумамайтындығы сондай, біз оның прототипі — Мағжан ақын деп тағы да қайталасақ, еш артықтығы жоқ. Мағжан ел-жұртын сағынып, халқының ортасына баруды аңсағаны оның рухына да тән бе деп қаласың. Толық ақталмай тұрып-ақ, ол әдебиет қаһарманы Ақан кейпінде еліне оралып: ау, жұртым, қазағым, алашым, көп ұзамай күміс қанатты бостандық періштесі ғарыштан ұлы даламызға қайта түседі, деп, Ақан арқылы бізге паш еткен ғой жарықтық, дегің келеді.

Мағжанды Ілекеңнің жақсы білмеуі мүмкін емес. Қазақтың кемеңгер ұлттық ақыны Итжеккеннен оралып оққа байланғанда Ілияс Есенберлин оң-солын анық айыра білетін жиырманың үстіндегі студент. Кейіпкер прототипінің бүге-шігесіне қанықтығы соншалық, тіпті Ақанның білім алу жолын Мағжанның медреседен соң Омбыда орыс оқуын тауысқанына дейін ұқсатады. «Қатерлі өткелден» соң оның Кенесары туралы роман жазуға отыруы да кездейсоқ нәрсе демейсің.

Хан Кене — Мағжанның ең сүйікті қаһарманы. Қаһармандықтың қайталанбастай идеалы. Аңсаған ері. Жазушы Есенберлин Кенесарының патшалық және сталиндік империялық сана мансұқтаған тарихи тұлға екенін біле тұра, не байраққа, не батпаққа деп, белін буып роман жазуға кірісті. «Оқжетпес қиясында» атты поэмадағы кейіпкерге романдағы Кене ұқсайды да, ұқсамайды да. Елі үшін басын байлаған көзсіз ерлігі ұқсайды. Ұқсамайтыны — Кене ханды өлсін-өлі сынауы (меніңше, сырт көз үшін). Жүйесін тауып, отаршылдыққа қарсы жаңа күшпен жорық жариялағандай өсер қалдырды.

Ол кездегі ұлттық тақырыптың ең жетекші тезистері: «Қазақстанның Ресейге еркімен қосылуы, орыс халқының қазақ халқына бауырмалдық, қалтқысыз көмегі» деп келетін. Ал, «Қаһар» романы Ресей патшасының Сібір қазақтарын басқару жөніндегі 1822 жылғы ережесінің Қазақстанды не күйге ұшыратқанын бірден суреттей жөнелді де, еркінмен бодан болу және жаулап алу арасына теңдік белгісін қойып шыға келеді. Олай дейтіні қазақ жерінен айырылды. Жерінен айрылғаның бөрінен айрылғаның. Бір ғана Арқа жерінде сегіз өкіріктің құрылуын роман былай деп бағалайды:

«Он жылдың ішінде Талды өзенінің сағасында Қарқаралы өкірігі, Қызылжар бекінісінің жанында Көкшетау өкірігі, Семей бекінісінің тұсында Аякөз өкірігі, Омбы қаласынан төмендеу Ақмола өкірігі, Жөміш бекінісінің қасынан Баянауыл өкірігі, Аман Қарағайдан жоғары Құсмұрын өкірігі, Омбының оңтүстік саласында Үшбұлақ өкірігі құрылды. Бүкіл Арқа жеріне темір тор жабылды, енді тырп етіп көрші! Қарамағыңдағы елің түгіл, туған ініңнің баласын арашалауға күшің жетпей қалады».

Мен және жазушы Әбілмәжін Жұмабаев екеуміз «Қаһар» романымен ол басылмай тұрған қолжазба күйінде танысқанымыз бар. Сонда Ілияс Есенберлиннің жаңағы өкіріктерді яки қазақ жеріне орнап жатқан бекіністер мен тас қалаларды салушыларды қойлы ауылдардың іргесінен апандарын қазып жатқан қорқауларға теңеуін оқып, автордың империялық сананы талмау тұсынан соққан тапқыштығына өрі жүрек жұтқан ерлігіне қайран қалғанымыз бар.

Жуықта сыншы Серік Қирабаевпен телефон арқылы хабарластым.

— Секе, өнеу бір жылдар Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары жөнінде Сіз қандай пікірде болдыңыз? Ол жайында жазғандарыңыз бар ма? Мендегі кітаптарыңыздан ұшыраспады.

— Ұшыраспауы ғажап емес. Мен Ілекең жөнінде өлдебір себептермен жазбадым. Тек «Маңғыстау майданы» романын сынағаным есімде.

Менің есімде қалғаны, І. Есенберлиннің бірінен соң бірі жарияланған «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1971), «Жанталас» (1973) романдары соңынан біріктіріліп «Көшпенділер» трилогиясы болып қайта шыққаны және ол трилогия жөніндегі сыни пікірдің екіге жарылғаны. Сыншы Зейнолла Серікқалиев «Социалистік Қазақстан» газетінде үлкен мақала жариялап, жазушы трилогиясын таптық принцип тұрғысынан қатаң сынға алды. Тағы да бір сыншылар, Есенберлиннің тарихи романдарын негізінен қолдай отырып, социалистік реализм ұлттық тақырыпты кеңейте және шынайы етіп жазуға мүмкіндік береді деген бағытта ой тербетті.

Ол кезде мен өзімді социалистік реализмді берік ұстанушылардың бірінен санайтынмын. Өзге бірқатар зерттеушілер сияқты ұлттық проблемамызды осы әдіс тұрғысынан шешуге ұмтылатынбыз. Қазақ қоғамы өзге жұрттан неге артта қалып қойды?— деген сұрақтарға жауап іздегенде әсіресе шүйілетініміз патриархалдық-рулық тәртіптердің соншалық қанымызға сіңіп алған кеселдері болатын. Бірақ пәлендей жарытып ештеңе айтпаған да болуымыз мүмкін.

«Дружба народов» журналында жарияланған «Рост национального самосознания и исторический роман» деген және сол тұстарда қазақ баспасөзінде шыққан мақалаларымда ұлттық тақырыптың көп жылдарды араға салып барып қайта жаңғыруының объективтік себептерді ашуға тырыстым. Қазақтар социализм тұсына шын мәніндегі тарихи творчествоға жұмылып, бұған дейін озық ұлттардың ғана қолынан келетін көптеген міндеттерді енді бүгін өздері көміл атқарып кете алатындықтарына сенімі артты. Тарихи — ро-

мандар «Біздің де өзге жұртпен тереземіз тең, бұған куә — тарихымыз» дегісі келеді. Ілияс Есенберлин трилогиясының айтпағы осы,— деп өзімше батыл қорытынды жасаған болдым.

Өкінішке орай, ұлттық тақырыпты өрі қарай жалғастырып өкете алмадық. Оның жандануы, дамуы, ел тәуелсіздігі идеясымен ұласуы ұлттық ақынымыз Мағжан Жұмабаев өдебиетімізге қайта оралғанда ғана басталды.

Осы тұста арнайы ескертіп өту парыз: ұлттық дегенді өзге жұрттан іргені аулақ салу, томағатұйықтану деп түсінбеуге керек. Мұны «таза қазақ» (С. Қирабаев) Мағжан арнайы ескертіп отырған. Серік Қирабаев «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері» (1995) атты еңбегінде: Мағжан ақын «жалпы адамзатқа, қалса түркі тектес ұлттарға ортақ ойлар айтады»,— деп дұрыс қорытынды жасаған.

* * *

Сынның қырғидай іліп түсетін, шұғыл кірісетін мәселелерінен ұлттық ынтымақ мәселесінің өдебиеттегі көріністерін саралауды бөліп айтар едім. Өткендегі «литературная склока» дейтінді бүгінгі зиялы қауым арасына іріткі салуға жол бермеуіміз керек дегім келеді. Ал байсалды түрде, тереңірек толғап зерттейтін проблемалар өз алдына бір төбе. Мысалы, творчество еркіндігі, сөз бостандығы жөйі қазір елімізде қандай хал-ахуалда? Бүгінгі күн сыншы мерейтойы болған соң төл жанрымыздың проблемалары өстіп тілге үйіріле береді. Мен айтар едім: творчество еркіндігін сөз еткенде кешегі дәстүрдің озығының да, тозығының да бүгінгі көріністеріне барынша көңіл бөлуге керек деп. Біз үшін, айталық, конфоризм ежелден өдебиетіміздің қыр соңынан қалмай келе жатқан кеселді, кер дәстүр.

Ескі бише отырман бос мақалдап,

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап,—

деп Абай түзеген сол сөз түзелген қалпында тұр деп ешкім де айта алмас.

Әдебиет шындықты айтуымен өдебиет. Мал үшін тілін безеп, жанын жалдаған Орымбайды Мағжан ақын емес деп кесіп айтады. «Сын шын болсын, шын сын болсын». Бұл Мұханнан қалған сөз. Деуін дегенмен,

сөз бен істің арасы мың шақырым. Пендешілігінің үстіне, замана күштілерінен, шынжыр балақ, шұбар төстерінен ығу және бар. Қымс етсең аузыңды желкеңнен шығарып қоятын Сталин культі кезінде өскендер жөйі тіпті аянышты. Оның бер жағында шындық жүзіне перде түсіріп және шатастырды.

Біздің студенттік жалынды жастық шағымыздың кумирі, жан әлеміміздің өміршісі Қасым Аманжолов болды. Оның «өртке тиген дауылдай» өлеңдерін жаттап өскен жандармыз. Сыншылар арасында жүздеген ақындардың текстерін жатқа соғудан өсіресе Серағаң алдына жан салмайды. Қасым өлеңдерін ол да жаттап өсті. Міне, сол Қасымға қиянат сөз айттым деп Серік Қирабаев күні бүгінге дейін өкінеді. Сыншы бұл жағдайды былай деп түсіндіреді:

«Қасым — менің жасымнан сүйіп оқыған, көп өлең, поэмаларын жаттап өскен (осы күнге шейін «Құпия қыз», «Жамбыл тойында» поэмалары мен «Дауыл» жинағынан көп өлеңдерді жатқа айтам), менің әдеби сауатымды ашқан ақындардың бірі еді. Соған қарамастан, елуінші жылдардың науқаны мені де Қасымға қарсы жұмсағаны бар. Жоғарыдан болған нұсқаумен сынға араласа бастаған кезімде мен де ақын туралы шала жансар бір мақала жаздым. («Әдебиет және искусство», №10, 1950). Алайда артынша-ақ жалтарып, Қасым туралы адал сөзді оның партиялылығын қараған жиналыста (1950 ж. Желтоқсан) айтуға тырыстым... Кейін «Шыншыл да сыршыл» (1973) деген мақала жазып, ақын шығармасы туралы өз түсінігімді толығырақ айттым. Бұл бір жағынан Қасым аруағының алдында кешірім өтіну сияқты еді». («Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері», 199—200-беттер).

Қызыл науқанға араласпаған сыншы кемде-кем. Ондай күнөмізді өлі де жуып-шая алмай жатырмыз. Өткен іс өтті, кетті. Ендігері қатемізді қайталамасқа ант-су ішкендейміз. Ендігері... дедік. Алда не күтіп тұрғанын кім біліпті. Мысалы, конформизмді алыңыз. Ол пөлең жөпшенді уақытта құри қояр ма екен? Кезіне Ленин творчество еркіндігіне тұсау — «ақша қапшығы» десе, бүгін сол қапшықтың күні қайта туғандай. Демеуші, спонсор деп сыпайылағанымызбен, бұл күнгі нарықтың сүйретіп келген «ақша қапшығының» иесі болмаса, кім? Қаламыңды бір қисайтса, енді жаңа орыс, жаңа қазақ дейтіндер қисайтады. Бұған не шара?

Сұрақ көп, көптігінен шақшадай басыңды шарадай қылады. Билік басындағылармен әмпәй-жөмпайлықты не дейміз? Қазір әдеби-көркем сын не себепті бой тасалап кетті? Бұрынғы айбынынан неге айырылды? Сауал қоя отырып, сынның былайғы тағдыры хақында өңгімені соза беруге болар еді. Бірақ осымен бұл кеңесімізді тоқтатамын. Ынсап сайын береке,— деп бұрынғылар тегін айтпаған.

Әйтеуір тілек біреу: сын семсері мұқалмасын!

31-наурыз, 1997 жыл.

ЕЛ ТАҒДЫРЫН ОЙЛАСҚАНДА

ТӨТТІ АРМАН КЕРМЕК ТАТЫМАСЫН ДЕСЕК...

Олжас Сүлейменовтың «Ашық хатқа жауабын» мен өз басым қазіргі Қазақстанның кешегі және бүгінгі ахуалына жанашырлық талдау, өзінің болашақ жолына қамқор жарығын түсіру, електен өткізген ізгі ойларын ортаға салу деп түсіндім. Тәуелсіздікті біз көп мадақтаймыз, ал сол тәуелсіздікте қалай тұруға керектігі тарс есімізден шығып кеткен. Бәріміз қу тірліктің қамында қызыл кезеңнен не асарымызды уайымдап, бұрынғы көтерген ұрандардың ескіргенін, жаңа менталитет дейміз ғой, қазақ елінің бүткіл салт-санасын, тұрмысын, рухани өмірін өзімізге оңтайлы етіп, өрі дос күліп, дұшпан табаламайтындай етіп қайта ұйымдастыру, жаңаша құру мәселелерін қарастыруда бойкүйездік көрсетіп келеміз. Шыншыл да сыншыл Олжас сол керектерді біздің есімізге салып отыр. Көкейімізде жүрген көп мәселені шер ғып ақтарады. Әсіресе Олжас хатындағы үш түрлі сала, үш түрлі проблема алаңдатады. Бұларды жекелеп бөлгенде былай келеді:

1/. Қазақстан ұлы империялардың босағасында телмірмей, іргелі ел болып кете ала ма? Оның шарттары қандай?

2/. Тәуелсіздіктен қазақ ұлтының өзі не күтеді.

3/. Көркем сөздің қазақ қауымының өміріндегі бұдан былайғы орны.

Олжас Сүлейменов Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде дамуының бірден-бір шарты Россиямен конфедерация құрғанда деп біледі. Абылай — Абай дәстүрлерінен айнымауға шақырады. Орыспен қату болмайық, тату болайық дейді. Дұрысты дұрыс деуіміз керек. Біз, қазақ, орысқа ежелден жақын халықпыз. Тіпті етене жақын екенімізді, Олжас, сен аты шулы кітабыңда дәлелдеп бергенсің. Бір көрші ел: «Орыс болғың келсе, алдымен қазақ бол» дейтін көрінеді. Орыс Айсаға табынса, біз орысқа табынғандаймыз. Басқа кемістігіміз көп шығар, дәл ұлы көршімізге адалдық жағынан бізден кемістік таба алмайсың. Өйткені орыспен жарастық тәуелсіздігіміздің, жалпы жан сақтауымыздың шарты. Экономика мен мәдениетіміз Россияға телінген. Өнеркәсібіміздің үштен екі бөлегі орыс желінін тартқыламаса, өмір сүре алмайды. Мәдениет, ғылым саласындағы ділгерлік өз алдына. Бір ғана мысал. Дүние жүзінде екі мыңнан астам тіл бар. Осының екі-үшеуі ғана әлем өркениеті жетістіктерінен толық қор жинаған. Демек, ғылым мен мәдениет жемістерін термекке ұмтылған жұрт осы тілдер арқылы ғана рухани һәм басқа да байлыққа қол созбақ. Қалыптасқан тарихи дәстүр бойынша, Абай сөзін сөл өзгертіп айтқанда, дүниеге көзімізді ашатын тіл — орыс тілі.

Ия, орыссыз күніміз жоқ. Мұны мойындамасаң да мойындайсың. Қашып құтыламыз, іргені бөлек саламыз дегендердің өзі Россия қолтығына қайта кіруге мәжбүр. Сірә, Олжастың «конфедерациясы» қазақ мемлекетінің тыныштығын, хауіпсіздігін ойлаған үлкен тілектен туған болуға керек. Артымызда қалып қойған бекет демесең, санаға салғанда, қайтып оралсақ, тыныш ұйықтайтын сияқтымыз.

Бірақ бұл санаға салғанда... Сезіміңе құлақ түрсең, ол басқа күй күйлейді. «Қайта шапқан жау жаман, қайтып келген қыз жаман». Біз Россияның өз еркі бойынша жеке үй тіктік емес пе. Сонда еншімізді ақырына дейін бөліске қимай рубль аймағында қалып қойғымыз келіп еді, Россияның өзі ғой торпағынан жеріген сиырдай, тепкілеп емшегіне жолатпай қойған. Бүгінгі Россия сенің конфедерацияңа місе тұтпайды. Кірсең алтыныңды-күмісінді, бар қорыңды менің

қоймама беріп кіресің дейді. Өзіңнің ұстайтын ақшаң болмаса, үнемі қожайынға кіріптар болсаң, жеке үй тігіп өуреленіп керегі не?

Олжас патша империясы мен Кеңес өкіметін шатыстыруға болмайды дейді. Әділ сөз. Патша өкіметі біздің жерімізді губернияларға бөліп, бар шұрайлы жерімізден қуып, казак-орысқа малай етіп қойды. Кеңес басымызды қосып, республика атады. Сол үшін біз Ленинге мәңгі қарыздармыз. Отауымыздың жасауы да келісті болды. Оны несін жасырамыз?

Солай бола тұра, қайта айналып соғуға жүрек құрғыр дауаламайды. Бұл неліктен? Одақтың күнгейінде күйленгенімізді айттық. Теріскейінде теперіш көргенімізді де жасырмайық. Кеңес Одағының құруына орыс шовинистері кінәлі. Олар Кеңесті нағыз орыс империясына айналдырып жіберді. Мұның зардабын да аз тартқанымыз жоқ. Сансыз нәубеттер хақында сөз қозғамай-ақ қояйын. Белгілі жәйт. Мен былайғы жұрт көзіне түсе бермейтін, уақ-түйек сияқты көрінетін фактілерге тоқталғым келеді. Ол фактілердің зәрі сондай, сен бұратана ел екенінді ұмытпауға тиістісің. Сен тек Мәскеудің аузына қарауың керек. Тоты құс төрізді олардың айтқанын қайталай бер. Миың ми емес, локатор болуға керек. Олжас, өзің білетін жайлардан бір-екі факті келтіргім келеді.

Димекен, Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюро мүшелерін «қочқар» дейтін («қошқар» демей). Бір күні қабылдауында отырғанымда маған сұрақ қойды. Мен ол кезде Баспа комитетінің төрағасымын. Сұрақ сол саланың қызметіне байланысты қойылды.

— Сенің гонорарлық қорың қанша осы?— деді Димекен, өзінің сабырлы, кішіпейіл қалпынан сәл шығыңқырап. Өлде неге алаң төрізді.

— Алты миллион сом, Димеке... Газет, журналды қоса есептегенде.

— Бұл көп пе, аз ба?

— Аз деуге аузым бармайды. Өзбектер қазіргі уақытта он баспатабақтан есептегенде жылына елу миллион кітап шығарады. Біз қазақ мектептері аздығынан, олардан бес миллион кітап кем шығарамыз. Соған қарамастан, біздің баспалардың гонорар қоры өзбек баспаларыныкінен екі еседей көп.

— Политбюроның соңғы отырысында екі қочқар

бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, қазақ жазушыларына гонорарда шамадан тыс көп бересіңдер,— деді.

— М-м-м,— деп ернімді тістедім.

Бұл «енді түсіндім» дегендік еді. Есің де ме, Олжас, Камалиденовтың екінші хатшы жақтағы залда баяндама жасап, отыз екі жазушы бір миллион сом гонорар алды» деп күңренгені? Және мұны біздің финанс тәртібін сорақы бұзғандығымыз деп көрсеткені?

Димекең қабағын түйіп:

— Неге қапаланып отырсың?— деді.

— Әділетсіздікке, Димеке! Біздің гонорарды ең көп алады дейтін Мүсіреповымыз одақтық орыс жазушыларының алатынының жұлығына да келмейді. Олар Мәскеуде ғана емес, барлық одақтық, автономиялық республикаларда кітаптарын шығарады. Мысалы, 1987 жылғы жоспар бойынша орталықтағы бірқыдыру орыс жазушылары әрқайсысы бес кітаптан тоғыз кітапқа дейін шығартпақ. Ал біздің Фабеңнің бір жылда бір кітабы шықса сол. Димеке, Марков қанша қаламақы алатынын сұрамадыңыз ба? Ондай миллионерлер орыс жазушыларында жетерлік. Ал біздің Фабеңнің жинақ кассасындағы сомасы ары кетсе мұның ширегіне де жетпеуі мүмкін.

— Марков қанша алады?— деп іле мен де сұрадым. Бірақ өлгі қочқардың біреуі де жағын ашпады.

Сол кездегі шовинистердің бір мінезі қатты таң қалдыратын. Өздері шалқып отырып, Қазақстанның титтей бір жетістігіне іш тарлық жасайтын. Ресми мақтағанмен, аталық қамқорлық жасап отырмыз деп, іс жүзінде қызғанатын. Ондай фактілер жетерлік. Кейін тағы бір оралармыз. Бір ғана «Аз и Я» кітабының тарихы не тұрады?

«Аз и Я» жарыққа шығысымен Мәскеудің көріне ұшырап, қазақ баспагерлерінің жаны мұрнының ұшына келгенін айтпай-ақ қояйық. Бұл сергелдеңнің біраз жайлары Олжастың қаламына да ілікті. Оған Олжас кітабының тауқыметін бірге тартысқан менің де қосарым бар. Осы жолы айтпағым кітаптың не себепті қуғынға ұшырауына байланысты. Әрине, өз топшылауым. Әу дегенде кітапқа ұлтшылдық айыбы тағылды. Ол кездегі жоғарыда тұрған жарықтықтар ұлтшылдық ұғымына сыйғызам деген нәрсесінің бәрін сыйғыза беретін. Бү жолғысы тіпті өрескелдік еді. Біз Қазақстан

басшыларын бұған қарсы әрекет жасау керектігін түсіндіруге тырыстық. Д. А. Қонаев «Аз и Я» кітабын қорғауда айырықша батылдық және көрегендік көрсеткенін алғыс сезіммен еске алуымыз керек. Ол кісінің өтініші бойынша «Аз и Я» кітабын оқып шыққан генсек Леонид Брежнев «Мұнда ұлтшылдықтың ныспысы да жоқ» деген. («Ни хрена национализма там нет»). Мұның пайдасы — бізді бастапқы қарқын бойынша партиядан шығарып, орнымыздан босатпайтын болды. Бірақ жағдайымыз жеңілдейді десек те, баспагерлер жазалаудан да, артынан көп жыл бойы қудалаудан да құтыла алмады. «Аз и Я» бәрібір зиянды шығарма деп бағаланды. Неге? Меніңше, Олжас кітабының сол кездегі ортақ әлеулайға қосылмағандығы үшін.

«Аз и Я» ғылыми зерттеу іспетіндегі еңбек. Сыншы есебінде менің бір байқағаным, ақын жазғандықтан ба, мұнда сезім, эмоцияға, субъективтік көзқарасқа ерік берілуі үстіне көдімгі әдеби қаһарман бейнесі де бой көрсетеді. Және қандай қаһарман десеңізші! Тұтас, мықты характер. Автор лирикалық тұлға болып көрінеді. Және ең бастысы — жәй бір қатардағы кейіпкер емес, жаңа типті бейне. Тұралау аталған кезеңге қайшы келеді. Ерекшелігі — бодандық сезімнен құлан таза. Сол кездегі идеологиялық стандарттарға ернін шүйіре қарайтынын қайтерсің. Үрей, қорқу дегенді білмейді. Беделдің алдында мәймөңкелеу атымен жоқ. Пьедесталда ұзақ тұрып самарқауланған беделдің жағасынан алып: айтқаның өтірік, кімді алдамақсың дейді. Ойлаймын, Михаил Сусловтың, одақтық ресми ғылымның шымбайына батқан жері — осы тәуелсіздік рух, тәуелсіз характер. Мәскеудің аузынан шыққанды аңдитын локатор емес. Мұндай авторға орталық сойылын ала жүгірмегенде ше?

Олжас кітабының кереметтігі сол, ондағы өткір, өр характерге бүгінгі азат Қазақстан да зәру. Саяси партияның жетекшісі болып үлгірмеген бұл алмас характер, өй білмеймін, қазіргі елін конфедерацияға қияр ма еді, қимас па еді? Сау басыңа сақина тілеме, ТМД мүмкіншіліктерін толық пайдалансаң, еліңнің қарызы өтеліп жатыр дер ме еді?

Шынында да ойланып көрелікші. Олжас халқына: «Абылай — Абай тағылымын ұмытпа» дейді. Қазіргі өзгерген жағдайға бұл ұран да толық сәйкес келуіне

күмөнім бар. Абылай—Абай стратегиясына елеулі өзгеріс енгізбесең, қазіргі жағдаймен санаспағаның. Абылай, Абай кездеріндегіден қазір жағдай өзгеше. Қазір дүниеде бір ғана супердержава қалды. Ол — Америка Құрама Штаттары. Экономикасы, әскери қуаты енді қай мемлекетіңнен де басым түседі. Ресей онымен тек қарулы күш жағынан теңесуі мүмкін. Ал экономика саласында тайталаса алмайды. АҚШ мәдениет, идеология тармағынан, бәрін қосып есептегенде саяси тізгін ұстау жағынан тең түсуге қиын күшке айналып отыр. Міне, осындай супердержава жас қазақ мемлекетін бауырына тартып, қанаттығы қақтырмаймын, түмсықтыға шоқыттырмаймын деп жатса, бұдан неге бас тартуымыз керек? Сондықтан Ресей һәм Қытаймен төзімді де сабырлы саясат жүргізу керек дейтін тезиске, қағидаға АҚШ-ты енгізу керек. Ал мұның өзі — жаңа стратегия деген сөз. Авторы белгілі — тұңғыш Президент. Демек, бұдан былай Қазақстанның жаңа стратегиясы — Абылай—Абай—Назарбай (Назарбаев) деп анықталып, қайта түзілуі тиіс.

2

Жаңа қазақ елі қалай тұруы керек?

Олжас мақаласындағы ойдың бір ұшығы осы мәселенің мораль, құлықтылық тармағына тіреледі.

Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,
Қазекен таң қаларлық кепте жатыр.

Мағжан Жұмабаевтың «Жатыр...» атты тырнақалды өлеңінен алынған бұл жолдар ХХ ғасырдың басында туса, енді сол ғасыр аяғында қазекен қандай кепте?

Бірден жауап таба қою қиын. Олжас бүгін бетке ұстап жүргендерімізге риза емес. Ауанын жақтырмайды. Теледидардың өйнегін ашып қалсаң, «орыс-с-с» деп ысылдап отырған шен-шекпенді дейтініміздің бірі айналып келгенде адамдығын пендешілікке жеңдіріпті. Өзі болып, өзі толғандай өлде бір пысықай жұрт жаққа шымылдық құрып, тарысы өлдеқашан піскен алқаптың жалған иесі бола кетеді. Үй сыртында кісі бар-ау деген ой көперіне кірмейді. Және бір жандайшап түрмеден босаңғанына риза болуға тиіс паракорды қазақ ұлтының қаһарманы дәрежесіне ұялмай-қызармай кө-

тергісі бар. Қысқасы, Мәскеудің тезінен құтылғанын пайдаланып, етігін қонышынан басқан, жүгенсіздікке салынған жауапсыздық етек алып отыр.

«Біздің шенеуніктеріміз Мәскеудің шенеуніктеріне тәуелді емес. Ал осыдан Қазақстанның тұрмыс халі жақсарып кетті ме?» — деген сұрақ қояды ақын хатында.

Мәселе нарықтың жұртты қарық қылмай отырғандығында ғана емес шығар. Зайыры бодан чиновник пен тәуелсіз чиновник арасындағы айырма жойылмаған болуға керек. Бұлар барған жұмысыңды шеберлікпен шешпей қою жағынан ғана туыс десек, шындықты толық айтпағандығымыз. Ең қызығы — дүниеге көзқарасы жағынан бұл екеуі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай. Сырт қарағанда, бодан чиновник коммунистік идеологияны, тәуелсіз чиновник мемлекеттік идеология дейтінді көксейді, дөріптейді. Ал, сайып келгенде, екеуінің де сайрайтыны бір идея: бәр-бәрінен мемлекет мүддесі биік. Мемлекет жеке адам үшін емес, жеке адам мемлекет үшін қызмет етуі тиіс. Ойланып көріңізші: мұндай көзқарас жүйесінен адам хұқы туралы негізгі талапқа орын қала қояр ма екен?

Сондықтан көзінен жасы парлаған зейнеткерге нарық чиновнигінің қайырымы жоқ. Күл болмасаң бұл бол дейді. Большевиктер экспроприаторы экспроприацияласа яки талаушыны таласа, бұлар зейнеткердің жаназасына жинап сақтаған азын-аулақ тиын-тебенін құртқанда міз бақпайды. Сөйте тұрып, «біз — демократтармыз» деп кеуделерін ұрғылайды.

Нарқыңа қарсылығымыз жоқ. Тек нарқыңды елді титықтату, жүдету жолымен жүргізбе дейміз. Мұны заңға айналдыруға тырысушылықтың өзі заңсыздық.

3

Олжас Сүлейменов мақаласында қазіргі Жазушылар одағы жұмысының қарын ашыратындығы туралы қатаң сын айтылыпты.

Студент кезімізде одақ маған парасат ордасындай көрінетін. Құдды тісі сарғайған одақ мүшесі сияқты, жазушылар пленумдарына бірін құрғатпай қатысып жүріппіз-ау. Сондағы дөметіп баратынымыз — сөз. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов, Ғабиден Мұстафин — тым құрыса біреуі сөйлеп берсе, бұл біз үшін оқиға. Жазушылар Одағы беделінің күш-

тілігі сондай, Қазақстанның сол тұстардағы орысы, қазағы бар ұлық атаулысы жазушылар алдында шығып сөйлеуді өздеріне мәртебе санап, бұл жақтың есігін ашуға зор дайындықпен, сақтана, абайлай келетін.

Бұрынғыны көксесек, мұнымыз бос өүрешілдік. Біздікі: өткеннің пайдалысын сақтап қалмас па дегендік қой.

Қазіргі одақ коммерциямен шұғылдана бастапты дейді. Жазушыға пайдасы тисе, еш сөкеттігі жоқ. Тек мейер-сейерлердің жемсауына түсіп кетпесек жарады. Әдеби қор (литфонд) дейтін мекеме творчество үшін жылпындардың қолынан жұлып алып, қаражат табумен өздері айналысуы керек. Жазушылар бизнеспен шұғылданса, ұшынып кетпейді. Ертедегі зиялылар бұдан қашпаған. Әйгілі философ Платон Египетте маймен сауда жасаған. Ескендір Зұлқарнайынның ұстазы, ғұламалардың ғұламасы Аристотель Афины қаласында сауда дүкенін ұстап, түрлі-түсті бояу, желім сияқты көкүр-шүкірді сатуды мін санамаған. Ұлы Бальзак бизнеспен шұғылданып, талай сөтсіздікке ұшыраса да, бұл кәсібін өле-өлгенше тастамаған.

Тағы да бір даусыз анық нәрсе — қазақ әдебиетінің дүние жүзілік әдеби қауыммен, бұрынғы одақтас республикалар әдебиеттерімен байланысын үзбеуі қажет. Мұның бір шарты — аударма өрісін тарылтпау керек. Баспа ісінің қираландап, ұзақ қаңтарылып қалғаны жаныңды ауыртады. Ау, дәл мұндай ойсырап құлдырау соғыс кезінде де болған жоқ қой. Өйтпесе соғыстың ең қиын-қыстау кезеңі — 1942 жылы атақты «Абай» романы жарық көрер ме еді?

* * *

Тәуелсіз ел атану төтті арман еді, аяқ астынан жүзеге асты. Қазір екі ұдай сезімдеміз: ерікті ел атанғанға мәзбіз де, сол ерікті елде еркін өмір сүре алмай отырғанымызға алаңбыз. Еркін тұрмыс құруыңа мына жоқшылық құрғыр қолбайлау. Еркін тыныс алуыңа бөгет — қысым да бір басымызға жетерлік. Орыс ағайынның қыңқылы көбейіп барады. Әлі де республика көлеміндегі көп-көп жиналыс, Жоғарғы Кеңес сессияларына дейін қазақ тілінде өтпейді. Ресми құжаттардың бәрі алдымен орыс тілінде даярланады. Қазақша сөйлей қалса, орысша текстен аударылғанды талшық

ету — дағдылы жөйт. Сонда да Докучаева секілділер тілден теңдік сұрайды. Теңдікті қазақ сұраудың орнына.

Тәуелсіздік буына елтіп, бүгін істелер істердің паркына бірде жетсек, бірде жете алмай жүрміз бе деп қорқамын. Орыс тілінде қазақ атынан шығатын газет жоқтықтан, шовинистердің жаласына жауап беретін талай сөз ішімізде өліп, есеміз кетіп жатыр. Әлбетте, мұндай газет түбінде ашыла қалса (үлкен қазақ газетіне қосымша ретінде), мақсаты біреу ғана болуға керек. Орыс пен қазақ арасын жақындата түсуі керек. Әсіресе этностық оқшаулануға жол бермеудің шараларын қатты қарастыруымыз қажет. Мағжанның 100 жылдығы қарсаңында ақын Валерий Антонов екеуіміз Петропавлға арнайы сапар шегіп, орыс аудиториясын тауып беріңіздер, біз Мағжан Жұмабаев сынды жерлестеріңіздің қандай керемет талант иесі екендігін жеткізуге тырысамыз деп өтініш жасадық жергілікті басшыларға. Нәтижесінде теледидар арқылы ғана сөйлеп, Алматыға қайтуға мәжбүр болдық. Орыс ағайынмен жүзбе-жүз кездесуге мүмкіндік жасалмады.

Көңілдегі алаңды айтып тауысу қиын. Тұманбай Молдағалиев бір өлеңінде кездейсоқ ұшырасқан қайыршыдан өзінің болашақ кейпін көргендей қорланғанын жазады. Ғажап — дәл осындай өуен Мәскеу жақтан естіле бастады. Эльдар Рязановтың «Жер ұйық» атты жаңа фильмінде үйсіз-күйсіз қаңғыбастардың арасында жүрген алба-жұлба киімді кісіні бір қылжақбас: бұл — халық артисі. Горькийдің «Шыңырауда» пьесасындағы жалаңаяқтардың бірін ойнаған қалпында жүр деп кекетеді. Салыстырып байқаңыз. Қырағы қазақ ақыны рухани жүдеу-жадау құбылыстарын көзімен бұрын шалған. Мұны осы өлеңі үшін берілген бөйгені Тұманбайға көпсініп жүргендердің құлағына да айтып отырмыз. «Нет пророка в своем отечестве» деген көне сөз, апырмау, ескірсеңші...

Жоқ, Тұманбай өлеңін романтика ғой, шындыққа жанаспайды дей алмайсың. «Қазақ әдебиеті» газетінде бір аритисіміз «Мен театрдан кетемін...» деп, өнер қадірінің түсіп бара жатқанына өкініп, жыларманға келіп, хат жазды. Хатсыз да белгілі көңілсіз жөйлар.

Тоқ етерін айтсақ: орындалған төтті арман осындай кеселдерден кермек татып жүрмесін.

7 наурыз 1994жыл.

КОНФЕДЕРАЦИЯ ДЕГЕНГЕ КӨНЕМІЗ БЕ?

Қожанасырдың маңдайына біткен бір қара, бір сары екі ешкісі болыпты. Қыс түсе өлгі ешкілерін тоңбасын деп ауыз үйіне әкеп байлап ұстайды. Күндердің бір күні ертемен тұрса, екі ешкінің екеуі де иіс тиіп сеспей қатыпты. Сонда шоғы сөнбеген қазандық тұрбасын ерте жауып қойғаны есінде жоқ әпенді: «Қара ешкінікі қара ешкі, сары ешкі, саған не болды?!» деп өкіріп отыра кетіпті.

Бұл әңгімені неге қозғадыңыз десеңіз, оның себебі жуықта «Свобода» радиосынан естіген бір сұхбатқа байланысты еді. Журналист-диктор: бұл жолы белгілі мемлекет һәм қоғам қайраткері Аман Төлеевпен сұхбат құрмақшымыз дегенде, құлағым елең етті. Ия, ия, сол атағы жер жарған азамат, Кемерев сияқты Ресейдің аса ірі облысы басшыларының бірі, бөріміз мақтан ететін қазақ. Көптен бері Ресей президенті Борис Ельциннің өзімен тіресіп жүрген сабаз, Ресей Коммунистік партиясы бастаған қозғалыста Зюганов, Горячевадан кейінгі үшінші тұлға есептелетін Амангелдінің саяси көзқарасына қосыла бермесек те, өйтеуір сыртынан амандығын тілеп жүретінбіз. Ал енді сөйтіп елеуреген бауырмалдық көңіл су сепкендей басылса қайтерсің...

Қазір Ресей Мемлекеттік Думаға депутат сайлауға өзірлік үстінде. Амангелді өзінің шешен, алғыр да өткір тілімен өздері ұстанған саясаттың дұрыстығын барынша дәлелдейді. Әрине, сайлау — Ресейдің ішкі ісі. Онда біздің шаруамыз жоқ. Бірақ осы жігіт Скоков, генерал Лебедь бастаған орыс қоғамдастығымен тіл табысқымыз келеді деп бір желдірттіп өткенде, ішім қылп ете қалып еді, соным тегін болмай шықты.

Білеміз орыс ұлтшыл патриоттарының жатса-тұрса не ойлайтынын — сол баяғы жерге тоймай қомағайлану, басқа елдің жеріне көз аларту. Бұны, турасын айтқанда қарақшылықты орыс зиялылары талай рет өжуе етіп сынаған. Данышпан Лев Толстой «Адамға көп жер керек пе» деген әңгіме жазып, бар жерін ұқсатудың орнына, ашқарақтығынан зорығып мерт болған Пахом шаруа секілді, адамға түбінде үш аршын жер бұйырмай ма, — деп империялық басқыншылықты өлтіре шенеген. Осы сарындас ойды ұлы украин ақыны Тарас Шевченко «Кавказ» атты поэмасында айтқаны белгілі.

Біреулер құрылыс салады, өзгесі салынғанды қиратады, ал өне біреуі тойымсыз көзімен жер түпкірлеріне көз сұғындырып, өзімен бірге о дүниеге алып кететін басқа бір ел жоқ па екен деп аласұрады,— деген сөздерден, ашулы мысқыл өлең жолдарынан басталады «Кавказ» поэмасы. Сол үшін патша өкіметі Шевченконы Қазақстан шөл даласына он жыл айдауға жіберді.

«Айтып айтпай не керек, құлағын мақтамен бұрап тыққанға» дегендейін ұғыныс кем, өйтпесе ұлы адамдардан сөз қалған ба? Тағы бір кемеңгер жазушы Салтыков-Щедрин Глупов яки ақымақтар қаласын суреттегенде қылышынан қан тамған орыс шовинизмін сатиралық қаламымен аяусыз түйреді. Мысалы, Жириновскийдің, не болмаса соның өніне басатын, демократ жамылғысын жамылып, шын мәнінде фашистік уағаз соғатын, біраз мақталып алған соң Солтүстік Қазақстанды Ресейге қосамыз дейтін орыс қоғамдастығы басшыларының бірі Рагозиннің Салтыков-Щедрин шенейтін Глупов қаласының дуанбасы Василиск Семенович Бородавкиннен қандай айырмашылығы бар? Бородавкин Византияны, Стамбулды жаулап алған соң Драва, Морава, алыстағы Саваға жорық жасап, тымық та көк Дунайдан бір-ақ шықсақ, деп қиялдайды екен.

Орыс шовинистеріне бөрі оп-оңай. Сонау XVIII ғасырдың басынан бүгінге дейін орыс солдаттының Үнді мұхитында етігін жуып жатқанын көздеріне өпсөтте елестетеді. Кешегі ауған авантюрасы сол қиялдың құсығы.

Мұның бәрін біздің арқа тұтып жүрген Төлеевіміз естімей, білмей жүрген жоқ. Сонда ол жұмған аузын ашпайды. Ол ол ма. Солтүстік Қазақстанды Ресейге қосып аламыз деп аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жынданатын Солженицын, Жириновскийлерге, орыс қоғамдастығына қарсы ләм демеуі былай тұрсын, Төлеевің бұл күндері Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстаннан конфедерация құру керек, одан кейін бұл одақты нығайта түсеміз деп, іс жүзінде жаңағы шовинистердің отына май құйып жүр. «Қара ешкінікі қара ешкі, сары ешкім, саған не болды?»— деп сан соқпасыңа, бас пайқамауыңа амалың бар ма?!

Әлбетте, Қазақ елі Ресеймен бауырмалдық, достық қатынасқа өрқашан зөру. Күндіз-түні бір Алладан тілейтініміз сол. Тіпті евразиялық Одаққұруға қарсы емеспіз. Ал конфедерация дегеніңнің мәнісі басқа ғой,

жаным. Ресей мен Қазақстан конфедерациясын жасау керек дегенге байланысты сонау ертедегі «Кәлилә мен Димнаға» ұқсас көне мысал еске оралады.

Сені бір мәші (ұрғашы) есек күтіп тұр деген түлкі сөзіне алданған есек, арыстанға жем бола жаздап өзер деп қашып құтылады. Бірақ залым түлкі оны тағы да көпе-көрнеу алдап, саған қарсы ұмтылған, тұра шапқан мәші есек еді, ол құштарлық қуаты бойын билеп шыдамады, сен бір минут кідіргенде ол мәңгі қосағың болатын еді деп сылап сыйпайды. Екінші рет алданған есек түлкі соңынан еріп үңгірге кіре бергенде бұл жолы қапы соқпаған арыстан есек байғұсты жайратып салады. Қызылды апыл-құпыл асап жатқан аш арыстанға байқатпай, түлкі есектің миын жеп қояды. Арыстан есектің миын іздегенде, түлкі:

— Сіз бекер іздейсіз, есекте ми болған емес. Бір рет тырнағыңнан құтылып кетіп, қайта арандаған есекте ми қайдан болсын— депті.

Меніңше, Қазақстанның Ресейге қосылуы бастапқы кезде конфедерациялық сипат алған сияқты. Әбілхайыр, Семеке хандар өз биліктерін жүргізе берді. Ресейге адалмын деп ант бергенде олар хандық тәртіпті яғни қазақ мемлекеттігін жоямын деген, қайта орыс қаруының көмегімен өз биліктерін нығайтуға тырысты. Патша өкіметі алдап сулап үңгіріне енгізіп алған арыстан сияқты, қолайы келгенде алқымыңа бір-ақ жармасты. Патша өкіметі 1867—68 жылдары далалық облыстарды басқару туралы «уақытша ереже» шығарып, қазақты елдігінен айырды, ақыры отаршыл сойқандар өз жерімізден өзімізді аластай бастады. Сөйтіп Ресейге еркімізбен кіреміз деп, еркімізден айырылып, бодандық халге душар болдық.

Енді міне ойламаған жерден тәуелсіздікке қолымыз жетті. Соған қуанудың орнына, арамыздан қайсыбіреулер шығып тарих доңғалағын кері айналдырғысы келеді. Біздің тәуелсіз Қазақстанға құр-қалай конфедерация жүгенін кигізуге тырысатындармен ат салысады. Конфедерация дегеніміз тәуелсіз мемлекеттердің тұрақты одағы, оған мүше мемлекеттер өкілдерінен ортақ өкімет құрылады, қабылдайтын шешім конфедерация мүше мемлекеттермен келісіп отырады, деп алдарқатады. Іс жүзінде солай ма. Мәселен, Швейцария конфедерациясы іс жүзінде федерация. Ал Ресей секілді алып мемлекетпен конфедерацияда терезем тең болады деу құр дөме. Тізеге басып, өз дегенін істет-

пейтініне қандай кепілдік бар? Империя шеңгеліне бір іліксең, одан қайтып босай аласың ба?— бұл жерін кей жаңғалақ ой ойластырмайды. Манағы түлкі сияқты, бір түскен қақпанға қайта түсуге азғырады.

Ресейдің ғылымын, мәдениетін игеруге Абайдан артық үгіттеген ешкім жоқ. Бірақ сол Абай «Ескендір» атты поэмасында жерге тоймайтын отаршылдарды «жеміт көз» атамап па еді.

Көпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де өлген күні,
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Лев Толстой, Салтыков-Щедрин, Тарас Шевченколар бұл жолдарға рахаттана қосылар еді. Отаршылдықты данышпандықпен өшкерелеуде Абай еш классиктен кем соғып тұрған жоқ. Осы тұста ескерте кетсек артығы жоқ— біз Абайдың «Ескендір» поэмасының мәнін өлі толық ашып бере алмай келеміз. Әсіресе бүгінгі заман зәруліктерімен үндестігін. Мысалға поэмадағы «көпір» деген атауға ой жүгіртіңіз. «Көпір көздің дүниеде араны үлкен» дейді. Тарихи шындық. Бірақ дәл «көпір» деген сөз Александр Македонский тұсында айтылды деуге қисын жоқ. Мұсылман дінінен басқа діндегілердің бәрі көпір аталатыны белгілі. Ал исламның пайғамбары Мұхаммед Ескендір Зұлқарнайыннан тоғыз ғасыр кейін дүниеге келгені мәлім. Абай мұны білмейді емес, бірақ барған сайын араны ашылған орыс империализмінің қазақ даласында салған орайын айыптау үшін және түбінде мұндай қомағайлықтың неге өкеп соғатынын болжау үшін ақын осы көне материалға жүгінді деуімізге толық негіз бар. Ашқарақтығың Александр патшадан кем емес шығар, бірақ оның да өлгенде көзіне күм құйылып тойған дегісі келгендей.

Бүгіндер Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов сынды қазақтың қасиетті перзенттерінің кіндік қаны тамған Қызылжарды, Ыбырай, Шоқан, Абай жерін иемденуге құштар жеміт көздерге, олардың сойылын қазақтың кей иіс алмастарына Абай сөзі мірдің оғындай тиетіні сөзсіз. Шіркіндер тым күрса бойына қарап өлшеп сөйлесе ғой. Қазақстан секілді сүйекті жұтпаққа ниеттенсе, шығар жерін ойлауға керек қой.

САҚТАНДЫРАР СӨЗ БІЗГЕ КЕРЕК ПЕ?

Станислав Говорухиннің «Ұрылар елі...» атты кітабын оқығанда

Публицистика жанрын қазір көсемсөз атап жүр. Ахаңның кезінде, Ахмет Байтұрсыновты Айтамын, бұл балама дұрыс көрінгенімен, қазір жанрдың мәнін толық жеткізе алмайтын секілді. Ахандай кемеңгердің дуалы аузынан шықса бір сөрі, әр публицистің айтқаны саған бойтұмар емес қой. Меніңше, бұл ұшқыр жанрды ойтолғау десе сыйымды.

Ойтолғар қаламгер қазақта өлі қат. Әсіресе өз ана тілімізде жазатындары. Ал оған біз қатты зәруміз. Неге?

Таңертең ояна салысымен терезе жаққа қарайсың. Ауа райын білгің келеді. Тағы бір шартың — баспахана бояуы өлі аңқып тұрған газетті рахаттана қолға ұстау. Ол да — терезе. Көз салып, өлемнің саяси ауасын бағдарлайсың. Бұл күнгі газеттер әрқилы жазады. Әр көлледе бір қиял. Оның үстіне мынау аумалы-төкпелі заманды ұғынып жетпейсің. Бір проблеманы бақайшағына дейін шағып зерттеп, өткір де өрнекті тілмен миыңа құйып берсе, бір жасап қалар едің. Ондай публицистика мақала түрінде ме, жоқ кітап кейпінде ме бізде өлі сирек. Сонда үйреншікті Мәскеу не деп жатыр екен деп, Ресейге көз тастайсың. Атап айтқанда, Станислав Говорухиннің «Ұрылар елі жарқын болашақ жолында»¹ деген кітабын Мәскеу қолдан қолға тигізбей жапатармағай оқып жатыр дегенді естіп, емешегіміз үзілердей боп жүр еді,— жуықта сол кітапты мың болғыр бір көршім тауып берді.

Қазір ұрлық туралы материал таңсық емес. Газеттер ұрлық-қарлықтың неше түрлі көкесін жазып жатады. Говорухин не істеген? Ол қоғам денесіне жабысқан, бүкіл елді меңдетіп бара жатқан бұл мерезді нешеме қырынан көрсетіп қана қоймайды. Атақты кино-режиссер ой толғауы түптеп келгенде қылмыс һәм қоғам тағдыры деген проблемаға саяды. Біріншіден, қылмыс прогреске бой бермейді. Екіншіден, ел-жұрттың құлқын (мораль) бұзады.

Өзіміздің Қазақстанды алайық. Алматы көшесінде

¹ Станислав Говорухин. Страна воров на дороге в светлое будущее. Нарва. Фирма. «Шанс». 1994.

жаяу өтетін жолыңа дейін жауып қойып, «Мерседестерінде» шөніп отыратын «жаңа қазақ», «жаңа орыс» дейтін сабаздарың шет елге белшесінен қарыздар екенін кім білген. Терещенко үкіметтің маубастығын пайдаланып, шетелдік бизнесмендерден қарыз ала берген, ала берген. Сөйтіп екі жарым миллиард долларға борыштанған. Алуын алғанмен қайтаруға қауқарсыз. Бұл борыш қалай өтелмек? Қарыздың өтелуіне кезінде кепілдік берген үкімет бұл қыруар қаржыны қай көзден таппақ? Елдің онсыз да қақтап тастаған шандыр емшегін тартқыламаса.

Біздің эрамызға дейінгі жарты мың жыл бұрын Грецияда қарызын дер уақытында өтей алмағандардың мойнына құлдық қамытын кигізеді екен. Пөленбай миллион доллардың қару-жарағын кімге сатып жібергенін де білмей отырған Қорғаныс министрлігіндегі ашықауыздарға, демеушілерден түскен өжептөуір ақшасын алаяқтардың қалтасына салып алданған кей қорлар мен ұйымдардағы алаңғасарларға өйте алмайсың ғой.

Бұл қаржы басыңа тартсаң аяғыңа, аяғыңа тартсаң басыңа жетпейтін көрпедей бюджетіміздің бір өжетіне жарамас па еді? Говорухиннің пікірі дұрыс, реформаға ең үлкен қолбайлау — ұрлық-қарлық.

Ел-жұрттың құлық-пейілінің бұзылуы осы кесепат кесірі. Сол жаңағы Грецияда қарызын өтей алмағандар көбейіп, оның есебінен құлдар саны артып, олар көбінесе шет елдерге сатылып, мемлекетте бас көтерер азамат күрт азаяды. Осы себепті гректің жеті ойшылының бірі саналатын Солон деген афиндік ұлық (архонт) (б. э. д. 640—559 жылдар) бір күні жолдастарын шақырып ақылдасады. Қарызын өтемегендігі үшін құлдыққа айналдыру тәртібін жойсақ қайтеді дейді. Олар бұған құба-құп деседі. Солон жарлық жазып, ескірген тәртіпті жояды. Ертеңіне жарлықтың шығатынын бұрын білген жолдастарының арам қылығын естіп бармағын шайнайды. Сөйтсе жаңағы жан-жолдастары дереу алатын жерінің бөрінен қарыз алып, жарлық шыққан соң байлыққа белшелерінен батыпты.

Говорухин кітабында мұндай жолмұрттықтың нешеме алуан сортын ұшыратамыз. Әшейінде жүрек қалтыратар, құйқа шымырлатар фактілер, өз Қазақстанымызда одан да өткен өрескелдіктер кездесетіндіктен бе, өлде не, түйені түгімен жұтып жатқандар ту-

ралы оқығанда, құданың құдыреті, селт етпейсің. Әрине, жеке өз басың қыспаққа түссе, басқаша өндетесің.

Бір өйел Говорухинге хат жазыпты. Сонда айтатыны: ертеңді ойласаң жүрек суылдайды. Болашағынан үміті кесілгендер үрей үстінде өліп кетуіміз де мүмкін.

Автор өлгі хат жазған өйелдің хаупін растап, айтқанында қате жоқ, өліп те жатыр. Баяғыда, социализм тұсында «жедел қарқынмен даму» дегенді жиі ауызға алушы едік. Енді кісе киімге, ішсе тамаққа жарымай отырған елу-алпыс миллион Ресей қарттары бейітке қарай жедел қадам басуда дейді. Іле сұрақ қояды:

— Осыны да демократия дейміз бе?

Кездейсоқ қойылып отырған сұрақ емес. Өйткені Говорухин кітабының аясы қойған тақырыбынан әлде қайда кең. «Ұрылар елі...» — кітаптың лақап аты төрізді. Шын аты — Ресей, қайда барасың? Автор талай төмен түскен елдің ендігі тағдырын уайым етеді. Осы тұстарда өзінің «Бұлай өмір сүруге болмайды» деген атышулы фильмнің мазмұнын баяндап өтеді. «Біз жоғалтқан Ресей» атты тарау Кеңеске дейінгі және революциядан кейінгі дәуірлерді қамтиды. Мақтайтын қайраткерлері шамалы — Александр II патша, Столыпин. Көбінесе айыптайды. Айыптайтындары — Николай II патша, Лениннен бастап Горбачев, Ельциндер. Мірдің оғындай шолақ, кесімді қайырылатын тілін көбіне-көп нысанаға дөп тигізіп отырады.

Соны ақпарымен де қызықты, бас алмай, шапшаң, жеңіл оқылатын Говорухин ойтолғаулары үкім стилімен орайлас. Бөріні кесіп, пішіп тастайды. Осыдан барып автор кей-кейде сыңаржақтылыққа ұрынады. Үй артында кісі бар демейді. Кешегі Ресейді өңгіме еткенде, бұл империяның құрамында өзге халықтар бар екендігі ескерілмейді. Содан барып басқа ұлттардың намысына тиеді.

Мәселен, мына нәсілдік теорияға қалай қарар едіңіз. «Ленинде орыс қаны болған жоқ. Оның тамырларын россиялық қан қуалайды. Орыстікі емес, нағыз россиялық қан. Россиялық қанының ұлттық құрамы қандай болса, Ленин де сондай.

Атасы Николай Ульянов — жартылай орыс, жартылай чуваш. Әжесі Анна Смирнова — қалмақ қызы. Нағашы әжесі Анна Гросшопф — аздап швед қаны араласқан неміс (Россияда немістер көп болған, екі миллионға жуық). Нағашы атасы Александр Бланк — еврей» (121 бет).

Басқа сөзбен айтқанда, автор таза орыс қаны барды басқа ұлттардан жоғары қояды. Ленин таза орыс болғанда, тарих доңғалағы басқаша айналатын төрізді. Басқаша айналмайтындығын Говорухин де мойындаған болады. Бірақ мұнысы оң қолының істегені сол қолы білмейдіге саяды.

Говорухин халқына біраз сақтандырар сөз айтқан. Оның бірсыпырасы бізге де пайдалы. Ал қайсыбіріне еліктеуіміз керек. Адамның қасиетін оның ұлттық қанына байланыстырудан бойды аулақ салуымыз керек. Соңғы кездері «қандас» деген сөзді жиі қолданамыз. Оның орнына «туыс», «бауыр» десек әлдеқайда тиімді емес пе? Абай: «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны. Адамның баласы — бауырың» деп не себепті толғанды?

Сөз соңында Говорухин кітабының әсіресе өзім қатты ұнатқан, көңілге қонымды бір пікірін құлаққағыс еткім келеді. Көрнекті режиссер былай депті: «Біздің көз алдымызда найза күшімен тұрған соңғы империя құлады. Қайсыбіреулер бұл жөнінде опынып жүр. Өйтудің керегі жоқ. Тарихи тәжірибеге бақсақ, бұл айырықша оқиға россиялық халықтардың һәм россиялық мемлекеттің былайғы тағдырына ерте ме, кеш пе игі әсер етеді деп білуіміз керек.

Бұл екінші Орыс Революциясы болып табылатын Бетбұрыстың барысында қол жеткен ең маңызды жөне ең оңды нәтиже» (127-бет).

Лев Толстойдың: жерге тойымсыздықты қоюға тиістіміз, бар жерімізді оқсатып алсақ та жеткілікті дейтін дана ақылын, бұл пікірге қарағанда, кей құлақ ести бастаған ба дерсің. Ылайым солай болғай да. Бейбітшіл Ресейге құшағымыз әрқашан ашық.

12 қараша 1995 жыл.

ТАРАЗ АҚЫН ТУРАЛЫ СӨЗ

Маңғыстау өңіріне ат ізін салған адам ол жақты мәңгі ұмытпайды. Аңызак дала төсіндегі көне қала, бір замандардағы сақтар киетін қалпақтар сияқты шошайған мұнаралар, жер астын үңгі салынған мешіттер, иірқиыр өткел-жолдар, әр түрлі өрнектер, соғысты,

аңшылық кәсіпті бейнелейтін суреттер бір көрген адамның өзін ғажайып ертегілер дүниесіне сүңгітіп жібергендей әсер қалдырады. Өз-өзіңнен ойға қалып, алыс тартқан көне замандарды аңсағандай боласың. Мәселен, форт Шевченко қаласы сондай. Ол бір кез Ресей салдырған қорғандардың бірі болған және Новопетровск деп аталған. Міне, осы өңірге Тарас Григорьевич 1850 жылы 17-қазанда келген. Ол көпті көрген отыз алтты жасар көне солдат еді. Арал теңізі бойында жүргізілген екі жылдық экспедициядан кейін, ол мұнда ұлы мәртебелінің өлең жазуға, сурет салуға тыйым салғанын бұзғандығы үшін жер аударылып келген-ді. Содан бері бір жарым ғасыр өтіпті. Уақыт көп нәрсені көмескілеп, өшірген. Алайда Тарас, қазақтар оны Тараз ақын деп атап кеткен, жат жердегі ауыр тұрмысты жеңе отырып, өзін өзі қалай сақтаған, ақындық, суретшілік өнеріне деген құштарлығын қалай жоғалтпаған деген сұрақ әр кез ойдан кетпейді. Тараздың табаны тиген жерлерді аралай жүріп, жапандағы жалғыз ағашқа тап боласыз. Оның сирек тартқан ұсақ жапырақтары желмен бірге сыбдырлап, сенің сұрақтарыңа жауап бергендей болады.

Қазақ ақындары бұл ағашты талай-талай жырға қосты. Ол жөнінде Ғабит Мүсрепов айтқан салмақты ойлар да бар. Жергілікті халық ол ағашты «Әулие ағаш» деп атайды. Шевченко да «Жалғыз ағаш» деген сурет салған. Кейін өзі Маңғыстауға келгенде, сондай бір ағаш отырғызған. Оны жұрт «Шевченко ағашы» деп атап кеткен. Ғабит Мүсрепов мақаласын осындай салыстырмалармен бастап, достық туралы ой өрбіткен. Шевченко да өзінің «егіздер» повесінде осындай емеурін танытады. Әулие ағаш Тараз жүрегін тебіrentпей қоймаған. Ол өзінің «Алланың есігі алдындағы ақ балта» деген өлеңінде:

Шапқанмен балта өтпеген,
Құдайдың өлі жетпеген,
Жапанда жалғыз Әулие,
Бұрылмай еш жан кетпеген,
Замана сырын шертеді,
Бұрындар ешкім шертпеген.
Үсітіп, біліп сыртынан,
Көруге мен де жеткен ем.
Қайсақтар мұны пір тұтып,
Тағзым етпей өтпеген.

Жаптырағы сыбдырлап,
Көгілдір нұры көшпеген.
Бұл өлкеге мен де бір,
Із қалдырсам деп келем,—

деп толғанса, онысы өзінің нақтылы ісімен өзектестік тапқанын, кейін ол өзі сондай ағаш отырғызып, Маңғыстау түбегінен құдық қазғанын тарих ұмыта қоймайды. Жалғыз ағаш уақыт сынына төтеп берген қайрат пен қайсарлық бейнесіндей екенін және ол ақынның өз өмірінен де елес беретінін уақыт көрсетіп келеді.

Көне шығыстың ағаш отырғызып, құдық қазған адам ғана өмір сүруге лайық деген даналығы бар. Қазақ жеріне келген Шевченко осының екеуін де жүзеге асырған адам. Сонымен қатар ол ыстық күннің аптабынан қорғалайтын жер үй де қазған екен. Жергілікті халық оны бұзбай сақтап, алғашқы қалпына келтіріп ұстап отырғанын біз өз көзімізбен көрдік. Ақын мұнда тынығып қана қоймай, шабыт сөйгүлігіне де мінген сияқты. Табиғат күйін шерткен жолдар да жазған, өз өмірі, туған халқы, айналадағы далалықтар туралы ойға да шомған. Еліне оралғаннан кейін, 1860 жылы Санкт-Петербургте, өзінің көзі тірісінде шыққан, соңғы «Кобзарь» атты өлең жинағында:

Ойым менің, ойларым,
Сендер менің қанатым.
Ой ойлаудан тоймадым,
Тұлпарымсың шабатын,
Даланы ойлап,
Кездерім көп жанатын,—

деп толғауы соған дәлел. Оның ойлары жеңіл қанатты желпілдек емес, салмақты, берік сенім мен арман қоспасындай шындалған. Қазақ жерінде жүріп ол көптеген өлең, повесть жазған және 450 сурет салған, мұның 250-і қазақ халқының тұрмысын бейнелейтін шығармалар. Петербург саны мол, сапасы асқан мұншама жұмысқа таңдана қарасқан. Ақынның сол тұста өдеби кештерде сөйлеген сөздері табысты болып жатса, суретшілер оны славян халқының Рембранды деп бағалаған. Сондықтан Ресей көркемсурет академиясы оны академик етіп сайлаған.

Шевченконың суретшілік өнері ерекше еді. Қазақ халқы оны өз суретшіміз деп санаған. Ол елдің өмір-

тірлігін, қарапайым халық басындағы ауыр халді шынайы бейнелеген, адамның жан-дүниесі мен табиғатты шебер астастыра білген. Сондықтан да болар, оның «Терезе алдындағы байғұстар (қайыршылар)» деген суреті бүкіл әлеуметтік дәуір сипатындай елестейді. Себебі, орыс отаршылары империялық үстемдігін қазақ даласы сияқты, Кавказда да жүргізіп жатқан шақ еді ол кез. Ақынның 1847 жылы қазақ жерінде жүргенде жазған «Кавказ», «Түс» поэмалары соның айғағы.

Әркімнің өз еншісі бар,
Бұл өмірден алатын.
Зұлымдар бар шабатын,
Кеңге жайған қанатын,
Итше барып қабатын.
Жерін, малын тартып ап,
Кедей сорлап қалатын.
Зорлықпенен, күшпенен,
Үстем жұрт мал табатын...

Қазақ даласына келген ақын Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың (1837—1847 ж.) күшпен басылғанын, ханның басын алып, Петербургке апарып, музейге қойғанын естігенде, жаны түршігіп, ашу-ыза құшағында болған, кейіннен өз шығармаларында сол зұлымдықтарды көркемдік шындыққа айналдырады. Шевченконың «Адасқан ұлт туралы аңыз», «Шалапайдың жазалануы» тағы да басқа туындыларында І Николай тұсындағы өскер өмірінің шындығы, адамдықтан ада оқиғалар бейнесі көрсетіледі.

Кейбір суреттерінде ақын өз суретін қоса салып қойып отырады. Онысы заңсыздық пен өктемдік орын алған оқиғаларға өзім де куә дегенді аңғартқандай өсер береді. Мәселен, «Мысықпен ойнаған қазақ баласы» деген суреттің арғы жағында суретшінің өз бейнесі көрінеді. Ол бейне баланы бақылап, арғы өмірі, болашақ тағдыры не болар екен дегенді ойлап, терең толғаныс үстінде отырғандай өсер береді. Шығарма көркем, ойлы. Тараз ақынның қазақ елінің өмір шындығын шебер көрсете білуі оған деген алғыс сезімін туындатып келе жатқаны белгілі. Қазақ әдебиетшілерінің әр буыны оған деген алғысын, борыш сезімін әр кезде-ақ білдіріп отырған. Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар аз емес. Солар-

дың бірі — 1982 жылы шыққан «Жаны дарқан жан» деген көркем түсті альбом. Мұнда қазақтар туралы сыр шертетін 350 сурет бар. Басқа ешбір халық өкілі Қазақстанға мұндай сый ұсынған емес. Тек Шевченконың дарқан жаны ғана бізге ХІХ ғасырдағы қазақ өмірін көріп-білуге мүмкіндік беріп отыр. Шоқан Уәлиханов салған кейбір жекелеген суреттер болмаса, Шевченкодан басқа ешбір жан бізге мұншама көп көркем мұрағат қалдырған емес.

Қазақ халқы, қазақстандықтар Шевченконы батылдығы мен ақындығы жөнінен Махамбетпен, лирикалық жүрек байлығы жөнінен Абаймен қатар қояды. Бұл — өбден орынды теңеулер. Ақындар өз шығармаларын Шевченкомен үндестіруге тырысады. Ақынның «Аманат» атты көлемді жинағын қазақтың үлкен ақыны Әбділде Тәжібаев тамаша аударғанын Украиндық достар да, қазақстандықтар да жақсы біледі, өрқашан алғыс сезіммен айтып отырады.

Тарас Шевченко бейнесі бізге қашан да қымбат, ыстық. Оның өлеңдерін еліміздің барлық халықтары Украин тілінде де, өз тілінде де айтады, үлгі тұтады, мақтаныш етеді. Достық жыршысы деп біледі. Тараз ақын кедей шаруа отбасынан шыққан, табиғат дарқан дарын сыйлаған, бірақ ол тағдыр тауқыметін, қиыншылықты көп көрген. Соған қарамастан ол өмірде ешбір иілмеген, қара емендей қасқайып қарсы тұрған, империялық билік өктемдігін жеңе білген, рухы биік, өлеңге, өнерге, шығармашылық атаулыға деген бостандық сүйгіш жан. Сол үшін де оны тек Украиндықтар емес, бұрынғы кеңес еліндегі барша халық, бүкіл адамзат мақтаныш тұтады. Шевченкодан басқа өрі жыршы, өрі суретші орыс Рембрандты болған ешкім жоқ. Оның туындылары шебер мүсінделген, терең мағналы, барлық ұлтқа ортақ олжа. Сондықтан да Украин халқының ұлы перзенті Тарас Григорьевич Шевченко қазақ халқы үшін де, бірлігі берік, жаны жайсаң басқа халықтар үшін де көркемдік нәр, биік өнеге.

МАЗМҰНЫ

Автордан	3
----------	---

ІЛЕСІП ҰЛЫ АБАЙҒА ІЛГЕРІЛЕП

Хақім мен ақын	5
Ілесіп ұлы Абайға ілгерілеп	28
Өлең сөздің даңғылы Жамбыл ата	44
Мағжан, Мұхтар: ұлттық тақырыпты дамытудағы ізденістер	58
Толық адам.	37
Арғымықтар аламан бөйгіде алқынбайды.	102
Он екі бет роман.	110
Тұлға	123
Ерлікке жаралған ұрпақ жазушысы.	131
Сыршыл жүрек	145
Алаш азаматы	158
Құстай ұштым мен саған	187
Қарымды қаламгер	192

ӘДЕБИЕТ, ЕНДІГІ ЖӨНІҢ ҚАЙСЫ?

Кешегі және бүгінгі роман	209
Социалистік реализмнен бас тартамыз ба?	231
Қазақ поэмасы және ұлт тағдыры	248
Мағжан ақын стилі	260
Той тарқардағы сөз	309
Сын және сыншы	324

ЕЛ ТАҒДЫРЫН ОЙЛАСҚАНДА

Төтті арман кермек татымасын десек	345
Конфедерация дегенге көнеміз бе?	354
Сақтандырар сөз бізге керек пе?	358
Тараз ақын туралы сөз	361

Шерназдан Елеукенов

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Сарапшысы — *О. Асқар*

Суретшісі — *А. Пленниев*

Техникалық сарапшысы — *Р. Винокурова*

Компьютермен теріп, беттеген — *М. Асылғазы*

ХҮ №5042

Теруге 10.09.97 жіберілді. Басуға 28.09.97 қол қойылды.
Пішімі 84×108¹/₂ мм. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі Таймс. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 19.32. Шартты бояу көлемі 20.58. Есептік басылу табағы 20.79. Ұзын саны 1000 дана. Тапсырыс № **1101**. Келісімді баға.

Жауапкершілігі шектеулі «Жалын баспасы» серіктестігі.
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі,
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.